

АЛМАС ҚЫЛЫШ
(КӨШПЕНДІЛЕР – 1)

Kitapkhana.uscoz.com

АШЫҚ
Кітапхана

Оқырмандарға сөз

Қымбатты достар! Сіздер Ілияс Есенберлиннің атақты «Көшпенділер» трилогиясын қолға алып отырсыздар. Кітап жалпы таралымы үш миллион данамен елу реттен аса шығарылып, қазірдің өзінде отыз тілге аударылса да, бұл жолғы басылымның тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде алғаш рет жүзеге асырылуы назар аударарлық оқиға болып отыр. Осы арқылы аса көрнекті жазушының шығармашылығын қастерлеушілер мен бағалаушыларға, біздің тарихымызды қымбат көретін барша жұртшылыққа бұл шығармаға жаңаша — ежелден азаттыққа ұмтылып, ұлттық тәуелсіздік үшін ерлікпен күрескен қазақ халқының жүзеге асқан арманы тұрғысынан қарауға мүмкіндік беріледі.

Бүгінгі таңда трилогияны қайта оқи отырып, егемендік алу ісіне біздің бабаларымыз — Әбілқайыр, Абылай, Кенесары хандар, Наурызбай, Қобланды, Бөгенбай батырлар, Төле би, Асанқайғы, Бұқар жырау сынды даналар қаншалықты зор үлес қосқанын ерекше түйсініп, пайымдайсың... Олар, олардың серіктері мен ізбасарлары өз отанын шексіз сүйді, оның болашағына сенді, осынау көкейкесті мұратқа жету үшін аянбай күш-қайрат жұмсады. Трилогияның тағдырында да оны жаратушы, бірнеше мәрте жала мен жазалауға душар етілген адамның тағдырына ұқсастық бар. Идеологиялық және цензуралық талай кедергілерден өткен соң, тек тәуелсіздік жылдарында ғана, бұл кітап шын мәнінде қалың оқырман қауымның қолы жететін игілікке айналды. Атап айтқанда, ол мектептердің оқу бағдарламасына енгізілді, ендігі жерде жастар одан рухани мықтылықтың, адамгершілік пен отаншылдықтың үлгісі мен тағылымына мөлдір бұлақтан су ішкендей қана алады.

Ал енді аға ұрпаққа келетін болсақ, кітапты қайталап оқып шыққаннан кейін олар өздері осыдан біраз ғана бұрын байыбына бара алмастай көрінген көкейтесті сұрақтардың көпшілігіне жауап таба алады. Олардың ең бастысы, менің ойымша, жеке және ортақ мүдделері Үйлесім тауып біріккен халық, өзін түлетіп өсірген жерге адал берілген халық тауды қопарып тастауға, ең қиын проблемаларды шешуге қабілетті екендігін түйсінуде болса керек. Кітап шығару ең қиын кезеңін бастан кешіріп отырған қазіргі күнде, Ілияс Есенберлиннің шебер қатталып, талғампаздықпен безендірілген трилогиясы жарық көруінің өзі тәнті етеді. Бұл көп ретте «Қазақойл» ұлттық мұнай компаниясында, қазақтың


«Астана-моторс» компаниясында, «Эксон» компаниясының Қазақстан өкілдігінде жұмыс істейтін адамдардың өнер мен тарихқа немқұрайды қарай алмай, оған іңкәрлік білдіруінің арқасында мүмкін болды.

Мен оларға шын жүректен ризалығымды айтамын.

Ал қымбатты оқырмандар, сіздерге болса, «Көшпенділердің» беттерімен қызықты әрі пайдалы саяхат жасауға тілектестік білдіремін.

Қазақстан Республикасының Президенті

Нұрсұлтан Назарбаев

Handwritten signature of N. Nazarbayev in black ink.

Ажал — үстемдігіңді жүргізудің ең берік құралы емес пе?

Бабасы Шыңғысхан бүкіл әлемді осы ажал арқылы бағындырмақ болған жоқ па еді?

Қара бұқараны өліммен әлдилеуден Шыңғыс ұрпағынан шыққан қай хан тартынған?»

Әбілқайыр ірбіз¹ терісінің үстінде аунап түсті.

«Иә, өлім себу — Шыңғыс бабаның ұлы саясаты. Ол өзінің бүкіл әлемді жаулап алам деп жинаған жау жүрек ератын² да осы өліммен қорқытып ұстаған жоқ па?.. Иә, иә, сөйткен еді ғой. Қалай делінген еді сол бір тәртіп Ясысында?»

Әбілқайыр көзін жұмды. Жақында ғана фарсы тіліне аударылған. Шыңғыс бабасының әмірі жүріп тұрған кезінде Қарақұрымда болған италиялық бір жиһанкез жолаушының жазған кітабының әрбір әрпі бақандай боп көз алдында тұра қалды. Әбілқайыр ернін жыбырлатып оқи бастады: «Монғол әскері жайында. Шыңғысхан он адам бір адамға бағынсын деп бұйырған (біздіңше оны онбасы дейді), ал ол онбасы бір жүзбасыға бас иген. Он жүзбасының үстінен бір адам қараған. Оны мыңбасы деген. Бар әскерінің басына үш ноян қойған. Бұл үш ноян барып бір қолбасшыға тізе бүккен». Әбілқайыр сәл көзін ашты. Ең қызығы ар жағы... Ол қайтадан оқи түсті:

«Егер ұрыс кезінде осы он адамның біреуі, не екеуі, үшеуі, тіпті одан көбі кейін қашар болса, олар өлтіріледі, ал жүздіктің өзгелері қозғалмай, әлгі он адам бәрі бірдей кейін шегінсе бәрі де жойылады: қысқасын айтқанда, бәрі бірге шегінбесе, өз бетімен шегінгеннің бәрі тегіс өлтіріледі. Осы айтқандай, он адамның бір-екеуі жауға қарсы ұмтылып, өзгелері тұрып қалса, тұрып қалғандар тегіс құртылады. Ал, осы онның біреуі, не одан көбі тұтқынға түсіп, өзге жолдастары, оларды құтқармаса, құтқармағандардың бәрі де өлтіріледі». Әбілқайыр қайтадан ойға кетті. «Шыңғыстың қай ұрпағын ойлаған мақсатынан басқаның тағдыры тоқтатқаны бар? Тоқтатып көрген емес. Ондай оқиға панднамада да³ келтірілмейді. Тақтағы хан да, алтын табақтағы жылан да бір. Тием дегенді шағып алуға тиісті. Бабамыз салған қанды-жосықты жол бар. Сол жолдың сүреңі емес пе біз келе жатқан? Қара қазақ түгіл, әлем қожасы Шыңғысханның ұрпағы бірін-бірі аяп көрмеген. Мөңке ханның бір өзінің істегені неге тұрады?».

Шыңғысханның төрт ұлы болған. Жошы, Жағатай, Үгедей, Төле. Төртеуі әлем қожасы Шыңғысхан жаулап алған жерді төрт ұлысқа бөліп, әрқайсысы бір-бір ұлыстан басқарған.

Шыңғысхан өлісімен әлем қожасының төрт ұлының арасында жанжал басталған. Жанжал Шыңғыс ордасы — Қарақұрым Ұлы тағын кім иеленедіден шығды да, аяғы ұлыс арасындағы жер, атақ, бақ тартысына айналады. Жошы мен Төле ұрпағы бір жақ, Үгедей мен Жағатай ұрпағы екінші жақ. Шыңғысхан өлгеннен кейін Қарақұрым тағына Үгедей отырады. Үгедейден кейін ұлы хан оның баласы Күйік болады. Күйіктен кейін Жошының екінші ұлы — Алтын Орданың алғашқы ханы, атақты Батудың арқасында қазақтар Мөңке деп атап кеткен, Төленің үлкен баласы Меңғу Қарақұрымға хан сайланады. Мөңкені хан сайларда, өздерінің күшінің жетпейтінін білген Үгедей мен Жағатайдың балалары толып жатқан сылтау тауып, ұлы құрылтайға келмей қалады.

Тек бір жыл өткеннен кейін, Мөңкенің ызбарынан сескеніп, Үгедей, Жағатайдан тараған бір топ сұлтандар хан тағына құтты болсын айтқалы келеді. Хан оларды үлкен қошаметпен қарсы алады, атағат көрсетеді, бірақ түбінде менің ұрпақтарыммен хан тағына таласатын осылар болар деп, барлығын бір түнде қырғызып тастайды.

Бір мың үш жүз қырық екінші жылы Батудың ұрпағы Алтын Орданы ісләм дініне бағындырған Өзбек хан өлді. Содан кейін Дәшті Қыпшақ жеріндегі осы ханның атымен атала бастаған Өзбек ордасының тағына бір мың төрт жүз жиырма жетінші жылы Әбілқайыр ие болды. Бұл Жошының бесінші ұлы Сайбаннан тараған Дәулет-Шайхы сұлтанның баласы. Қазір оның Мөңке жолы деп отырғаны жоғарғы айтылған Мөңке ханның қанды оқиғасы. Расында да бұл қанды оқиға Шыңғыс ұрпақтарына белгілі сара жолға айналған.

¹ І р б і з — ескі түркі тілі — леопард.

² Е р а т — ескі түркі тілі — әскер деген мағынада.

³ П а н д н а м а — хандарға, ел басқаратын сұлтандарға арналған насихат кітабы (ескі түркі тілі).

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Әбілқайыр теріс бұрылып түсті. «Мөңкеден кейін де бұл қанды жанжал өршелене түскен жоқ па еді? Иә, сөйтті ғой».

Мөңке өлгеннен кейін Шыңғыстан туған төрт ұл ұрпағы төрт дара болып кетеді. «Талас тек Шыңғыстан туған төрт ұл ұрпақтарының арасында болып қойды ма? Жошыдан туған балаларының арасының өзі де сан алуан қанды оқиғаларға айналған жоқ па?» Әбілқайыр ауыр күрсінді. «Иә, Шыңғысханнан кейін бүкіл әлемге аты шыққан Жошының ұлы Батухан мен Төленің балалары Құбылай мен Құлағу болды...

Батухан мен Құлағу бірігіп, Үгедей мен Жағатайдың ұрпақтарына қарсы шықты. Бірақ өздерінің арасы немен бітті? Екі қошқардың басы бір қазанға сыя ма? Егер әлем тоқты болса, бұл екеуі көкжал қасқырлар еді ғой, таласпай-тартыспай қос арлан қалай қисын орталарындағы жылы-жұмсақ бағланды? Түбі екеуінің жолы екі бөлінуге тура келді емес пе...»

Әбілқайыр тағы күрсінді. Кенет оның көз алдында, дәл бүгінгідей, сонау бір бабалар жыр қылған қанды оқиғалар елестей жөнелді.

Бір мың екі жүз отыз бесінші жылы, яғни Мешін жылы, Қарақұрымға бағынышты елге жар салып Үгедей бүкіл Шыңғыс ұрпағын жиды. Осы құрылтайда бүкіл Батысты жаулап алу мәселесі шешілді.

Міне, Батысқа қарай лек-лек боп монғол әскері аттанып бара жатыр. Бұны елу жылдық жаугершілік өмірінде жеңілуді білмеген Сүбітай баһадур мен жиырма сегіз жасар Батухан басқарып келеді... Бұлардың мінгендері кәкір-шүкір тай-тұяқ емес, он күн желіске шыдай алар аласа бойлы, тоқпақ жалды, құшақ құйрықты, кілең сайгүлік шабысты жылқы. Үстерінде сауытты, жалпақ бет, сығыр көз ноян, баһадурлар. Аттарына да тізелеріне дейін сауыт жабылған. Екі жағында жебеге толған екі-үш қорамса, белдерінде қисық жүзді қылыш пен ұзын сапты айбалта, қамал бұзатын тас атқыштарды сүйреу үшін ер қасына байлап алған жуандығы білектей қыл арқан. Әрқайсысында кем дегенде екі садақтан. Кейбір көрікті киінгендердің тақымдарында бір жақ ұшы пышақтай өткір найза. Жеберлерінің ұшы екі жүзді қанжардай өткір, сүйір. Ысылдап келіп қадалса, егер тәнің тастан жаралмаса, ар жағынан бір-ақ өтері хақ. Белге байланған қорамсалар, қазақ батырларыныңкіндей емес, талдан иіп тоқылған. Жауынгерлерінің басына киген темір, қола дулығалары анадайдан күнге шағылысып жарқ-жұрқ етеді.

Лек-лек боп, борт-борт желген қалың қосынның будақтатқан шаңы алыстан жер бетінен көтерілген бұлт тәрізді.

Батысты алуға бұл жолы аттанған әскер үш жүз мың! Үш лек қол! Айбарлы да, сұсты да! Кім, оған шыдай алар! Иә, шыдай алған жоқ.

Сол бір жыл күн тұтылған бір мың екі жүз отыз алтыншы жылы еді ғой. Батухан бастаған қалың қол жаздың аяқ кезінде Еділ бойындағы бұлғарлардың астанасын алды. Үш жылдың ішінде Бату әскері Рязань, Владимир, Суздаль, Киевті шауып Батысқа жол ашылды. Қан судай ақты. Жанған қала, жылаған бала. «Шыңғысхан!», «Батухан!», «Сүбітай баһадур!» аттары әлемді түршіктірді. Бату әскерінің алдында Европа мемлекеттерінің бай өлкелері қалды. Монғолдың ақтангер тапал жылқысының тұяғы енді Польша, чехтар мен мадиярлардың жерін басты. Алдарынан Адриат теңізінің жағасын жайлаған тағы славян елдері көрінді.

Батухан ол араларға да жетер ме еді, қайтер еді, дәл осы кезде яғни бір мың екі жүз қырық бірінші, Доңыз жылы ұлы хан Үгедей өлді деген хабар келді. Бату кейін қайтты. Бөтен елдерді алу қуанышынан Қарақұрымдағы Шыңғыс тағына кімнің отыру қаупі күшті болды.

Ұлы таққа Күйік отырды. Енді біріне-бірі қас қос бөрінің арасы алыстай берді. Бірі «Ұлы Орданың ханымын» деп көкірек көрсеткісі келсе, екіншісі туы аспанда желбіреген Алтын Орданың айбынын алдынан кес-кестей тартты. Батухан Күйіктің бұйрықтарын жалпы тыңдағанмен, кейде сылтау тауып орындамай қоюды да шығарған.

Бұндай жағдайда үш жыл шыдаған Күйік төртінші жылы қалың қосынмен Тарбағатай тауынан түсіп, Алтын Ордаға қарай бет алған. Осындай жанжалды күтіп отырған Бату да су жүректік көрсетпеген.

Еділ өзенінің сағасындағы Алтын Орда астанасы Сарай қаласынан «Сары-арқадағы елімді көремін» деген сылтаумен он түмен қолмен Күйікке қарсы жүрген.

Қалың қол екі жақтан таяй берді. Күйік пен Бату алыстан айбат көрсетіп, аяқтарымен жер қопарып сүзісуге келе жатқан екі бұқа тәрізді. «Қайсысының мүйізі сынбақ? Ал сынбаса қайсысының мүйізі мұқалып, намысқа шыдай алмай қан қақсап сырқырамақ?».

Бүкіл Шыңғыс әулеті болып демін ішіне тарта күтті. Бірақ заңғар мүйіздер сарт-сұрт ұрысқан жоқ. Күтпеген жерден жол-жөнекей Күйік екі күн ауырып қаза тапты...

Әбілқайыр езу тартып күлімсіреді. «Иә, Күйік жоқ жерден о дүниеге сапар салды. Бірақ қандай аурудан кеткенін әлі күнге дейін тірі жан айта алмайды. Әлде... О да ғажап емес. Егерде жауынды жеңер найзаның ұшынан басқа да жол таба алсаң, несі айып? Жоқ, жоқ, Шыңғыс бөрілері кісі өлімінен сескеніп көрген емес. Ал сонда өзінікі не? Бір қара қазақты өлім жазасына қия салуға неге осыншама қиналады? Бұл не, қорқақтығы ма, әлде кәріліктің алды боп, табанының бүрі кете бастағаны ма? Жоқ, жоқ, екеуі де емес, бұл жағдайды оңай шешуге болмайды. Мұнда ойланатын кәп көп...»

«Өлім! Керек жерінде, Жошы тұқымы да екі қолын қанға бояп шыға келері хақ. Оған сонау Бату ұрпағының істері куә».

«Иә, иә, Күйік өлгеннен төрт жылдан кейін, Батуханның өзі де дүние салды. Бірақ Ұлы Орда ханы етіп Төленің үлкен ұлы, өзінің үзеңгілес серігі Мөңкені отырғызып кетті. Ал Бату өлгеннің ертеңіне-ақ Алтын Орда тағына талас басталған жоқ па еді... Бұл талас та қандай қанды оқиғаларға апарып соқпады! Ақыры қайынды құртқан түнгі ағаш жегі көбелектей Батудың бар ұрпағын жойып тынды».

Шыңғысхан заңы бойынша хан өлсе оның орнын үлкен ұлы басуы керек. Батудың төрт ұлы болған-ды. Сартақ, Тұхухан, Аюхан, Ұлақшы. Алтын Ордаға Сартақ ие болуға тиісті еді. Насрани¹ дініне кіргені болмаса, өткір, от жүректі жас екен. Және оны Мөңке хан да ұнатқан көрінеді. Бірақ Алтын Орданы оған Жошының үшінші баласы Берке қиғысы келмейді. Берке Батудың тірі күнінде көзге түскен хан ұрпағы. Мұсылман дініне кіріп, Бағдаттағы Аббасид халифатының осы кездегі халифы Мұстасимнан шапан киіп, тартуға құран алған адам. Мөңкеден Алтын Орда тағына отыруға рұқсат алуға Сартақ Қарақұрымға жүріп кеткенде, осы Берке мойнына бұршақ салып «Уә, алла, бар болсаң Сартақты Қарақұрымға жеткізбей ал!» деп көзінен жасы сорғалап, нәр татпай, екі күн бойы құдайдан тілейді. Сартақ сұлтан жол үстінде іш ауруға ұшырап, қаза табады. Сартаққа келген құдай жіберген ажал ма, әлде Беркенің тапсыруымен сұлтанды күзетіп бара жатқан кісілердің біреуінің берген уы ма, бұны да осы күнге дейін білген жан жоқ...

Әбілқайыр миығынан күлді. Жайшылықта шыбын өлімі құрлы көрмейтін әлгі бір қара қазаққа айтылмақ өлім үкімі миынан шықпай қойғанына күлді. «Жошы ұрпағына адам тағдыры қашан хан шеше алмас жұмбақ болған? Жоқ, бір ғана Жошы ұрпағы емес, бір әке, бір шешеден туған сұлтандар да бірін-бірі бауыздап жатпайтын ба еді?»

Иә, Берке хан болды... Ал бір мың екі жүз алпыс алтыншы жылы Берке дүние салысыменен Алтын Орда тағы қайтадан Батуханның ұрпағына қайтқан. Бірақ Бату ұрпағы Алтын Ордаға жеті атасынан асып хан бола алмады. Бір мың екі жүз тоқсан бесінші жылдан бір мың үш жүз он екінші жылға дейін тақта отырған Тоқтағудан кейін Батудың немересі, Аюханнан туған Өзбек хан өлгеннен соң Алтын Орда тағына Өзбектің баласы Жәнібек отырды. Осы өз Жәнібек ханды қараңғы түнде туған баласы Бердібек өз қолынан бауыздап, хан тағына жетті. Бірақ Бердібек құр әкесін өлтіріп қана қоймады. Алтын Орда тағынан дөметер деп, бір жазда ат жалын тартып мінер аға-інісін тегіс өлтірді. Абат елді ала айран етті. Әйтсе де меншіктенген алтын тақ оған да құтты болмады. Таққа отырғанына екі жыл өтер-өтпестен, қастасқан туыстары оның өзін бауыздап өлтірді. Халық арасына тарап кеткен «Нар мойны кесілген, Бердібек хан өлген кез» деген мәтелдің аңысы содан. Міне, осы Бердібек ханның өлуімен бірге Бату ұрпағының Алтын Ордаға хан болуы да біткен

Әбілқайыр осы оқиғаларды біраз ойлап отырды да, орнынан түрегеліп терезе алдына барды. Бірақ бірінен соң бірі тізбектелген ауыр ойлар, соңынан ерген жетім күшіктей, қалмай қойды.

«Алтын Орда хандығына талас Батухан ұрпақтарының арасында біткенмен, Жошының өзге балаларының үрім-бұтақтарының ішінде бітті ме?» Дәшті Қыпшақ ханы тағы да ауыр күрсінді.

«Жошыдан қырық ұл, он жеті қыз туған екен. Әрқайсысы бір ұлыс, әттең ауыз бірліктері болмады. Алтын Орда ханы боламыз деп қырық пышақ боп қырылысты ғой бәрі. Соның ішінде тек Бату ұрпағы ғана үстем болып келді. Егерде Жошының үлкен баласы Орда Батудай азулы жаратылғанда көкек әні басқа түрде айтылар еді. Әйткенмен Орда ұрпағының бозөкпе болғаны теріс тимеді. Міне енді, Бердібек сұмның қанды қолы арқылы Бату ұрпағынан бақ құсы ұшып еді, Алтын Орда өзгемізге қалған жоқ па?»

¹ Насрани діні — несториан діні.

Рас, Алтын Ордадағы Сайбан ұрпағы кешірек хан бола бастады. Ал, Жошының он үшінші баласы Тоқай Темір ұрпағы бесінші буынында, Ақсақ Темір көрегенмен алысып өткен Орыс ханның кезінен-ақ бауыр басты.

Игіліктің ерте-кеші жоқ, тек арты қайырлы болсын.

Әбілқайыр қабағы қарс жабылып кетті. Оның сұлу мұртты ағайраң түрінде бір орасан қобалжу сезілді. Ханның бүйтіп жан-жағына үрке қарап, көңіл күйінің өзгере қалуының аужайы көп еді.

Қос қолы қызыл қанға боялғанына қарамай, он жеті жасар Әбілқайырды азулы тілектестері Дәшті Қыпшаққа хан етіп ақ кигізге көтерді. Бақ құсы басына қонып, ақ түйенің қарны жарылды. Бірақ адамның бағы көтерілген сайын, жауы да көбейеді. Бұған Жошының өзге ұрпақтарының арасындағы көкіректерін ежелден жегідей жеп келе жатқан бақ күндестік, ел билеуліктен туған талас кеселдерінен басқа бөтен де себептер қосылған.

Біз әңгіме етіп отырған бір мың төрт жүз елу алтыншы жылы осы талас жарға тіреліп тасығалы тұрған өзендей шеңберіне әбден жеткен кезі еді. Әбілқайырдың сескенетін жауы екеу: бірі — Орыс ханнан туған Құйыршық ханның баласы Барақ ұлы Жәнібек пен оның үш аталас туысы Керей. Екіншісі өзінің аталасы Мақмүдек ханнан туған Ходжа Мұхамед ханның баласы Абақ. Бұл да құр сұлтан емес, Алтын Орда мен Ақ Ордаға ие болған хан тұқымдары. Әсіресе Орыс ханның ұрпақтары қауіпті. Жәнібек пен Керейдің құр өздері ғана емес, арттарында әрқайсысы бір түменге қолбасшы бола алар қасқырдың бөлтірігіндей сегізден ұлдары тұр. Әсіресе жас болса да Жәнібектің ұлы Қасымның, Керейдің баласы Бұрындықтың аяқ алыстары бөлек. Бұлары да ештеңе емес, Жәнібек пен Керейден сескенер басқа да қауіп бар. Көк Орда тірегі, Әбілқайырдың оң қолы Қыпшақ болса, Жәнібек пен Керейдің сүйенері Арғын. Арғын жүрген жерде Қоңырат, Найман, Керей, Уақ, Тарақты да үзеңгілесе кетеді.

Ал, ақиқатына келсек жанжал түбі әріде жатыр. Бұл мезгіл сонау Соғды жері мен Еділ өзенінің жағасына дейін Ұлы Дәшті Қыпшақ даласын жайлаған түркі тұқымдас елдердің екіге бөліне бастаған шағы еді. Шаруашылығына қарай, Мауреннахр деп аталатын Жейхұн¹ мен Сейхұн² дарияларының ортасында тұратын түркі руларының көбі Күншығыс — Оңтүстігіндегі, түбі көшпелі ирандықтар, өзі тәрізді егіншілікпен шұғылданған отырықшы Соғды елімен қауымдасып, өзбек халқының іргесін қалай бастаған. Ал Сейхұн дарияның орта шенінен төмен қарай сонау Еділ, Жайықтың арғы бетіне дейін көшіп жүрген түркі тұқымдас рулар өзі тәрізді мал бағатын, Жетісу бойындағы көне заманнан келе жатқан Үйсін, Дулат, Жалайыр, Қаңлы тәрізді көптеген салты мен дәстүрі бір рулармен бірігіп, қазақ деген ел болсақ деп талпынған-ды. Осы кездегі бүкіл Дәшті Қыпшақтың ханы Әбілқайыр өз ордасын қазақ даласына тіксе де, жаулап алған жерлері сол Мауреннахр, Соғды, Қорасан жағы болғандықтан көңілін көбіне осы тұсқа аударған. Солардан қыз алып, Орда салтын да көбіне Мауреннахр елінің әдет-ғұрпына қарай көшіре бастаған.

Қарамағындағы көшпелі елдерге алым-салықты көп салып, оны тек бөтен жұртты шабатын әскерге жұмсап, халықтың күйін нашарлатып жіберген. Және өзі Дәшті Қыпшақтың даласынан көрі Мауреннахр шаһарларының бірін хан Ордасы етуді дұрыс көрген. Бұның бәрі көшпелі Дәшті Қыпшақтың асау жылқы тәрізді, арда руларын ханнан шошытуға айналған. Өзінің шаруашылығын, дәстүрін, салт-ғұрпын, бәрін түбі Мауреннахр тұрғын елінің дегеніне қарай айналдырғысы келетінін сезген Дәшті Қыпшақ тайпалары енді Әбілқайырдан іргесін әрі салуды ойлаған. Осы тілектің туын көтерген басты адам — Жәнібек сұлтан. Әрине, Жәнібектің бұл қылығы Әбілқайырға ұнамайтын. Орыс ханның ұрпақтарының ел арасын былай қобалжыта бастауы тек өздері хан болғылары келуден деп қана түсінетін Дәшті Қыпшақ әміршісі алдымен Жәнібекті құртуды көксеген. Ал бұл көкейкесті арманның түбі халықта жатқанын ол аңғармаған. Халыққа тек импрам³ деп қарайтын Әбілқайыр, сонау апай төс, жүнді балақ батырлардың артында рулары барын, ал ел деген мағына осы руларда екенін есепке алмайтын. Ханның ұғымы бойынша бұл импрамдарды сұлтандар басқарады. Тек сол сұлтандармен тіл тапса болғаны. Сондықтан Әбілқайыр Орда маңына қазақтың Қаптағай, Бөрібай, Қарақожа секілді ерлігі үшін әр ру аттарын ұран ғып көтерген аңғал батырлардан көрі, өзі тәрізді, дәулеті шалқыған сұлтан, әмір, хакімдерді жинайтын.

¹ Жейхұн — Амудария.

² Сейхұн — Сырдария.

³ Импрам — көне түркі тілі, тобыр.

Әбілқайырдың ойынша осылармен тіл тапса, болғаны. Ал, тіл табу үшін хан қандай тәсіл қолданса да, Жәнібек пен Керей көнбей-ақ қойған. Бұл сұлтандар күннен-күнге араларын ханнан алыстатып бара жатқан. Арғын мен Қыпшақтың да қазір екі бөлінуінің түп себебі де осы екеуінің хан Ордасына деген ала көздігінен туған.

Ел билеу! Бұл — мансапқор жанның ұлы тілегі. Кенет Әбілқайырдың есіне Шыңғыстың ел билеу жөнінде балаларына айтыпты-мыс деген қағидасы түсті. Ұлы хан жаулап алған жерін төрт ұлысқа бөліп, төрт баласына беріпті. Сол мәжілісте әкесінен өсиет естігісі келген үлкен ұлы Жошы: «Ұлы мәртебелі, әлем әміршісі, хан қандай болу керек?» — деп сұрапты. Шыңғыс: «Хан халқының көңілін табу үшін ақылды, ал халқы оның көңілін табу үшін тақымды болуы керек», — деп жауап беріпті.

Шыңғыстың екінші баласы Жағатай: «Ханды қайткенде халқы сыйлайды?» — деп сұрапты. Шыңғысхан: «Халқың сыйласын десең тағыңнан түспе», — деп жауап беріпті.

Шыңғысханның үшінші баласы Үгедей: «Хан қайткенде тағынан түспейді?» — деп сұрапты. Шыңғысхан: «Маңына өзінен ақылы төмен, бірақ құлқы өзіндей адамдарды жинай білсе, сол хан тағында ұзақ отырады», — деп жауап беріпті.

Шыңғыстың төртінші баласы Төле: «Қандай хан абыройлы болады?» — деп сұрапты. Шыңғысхан: «Ойынан шықпаған туған баласын да бауыздай алар хан әрқашанда абыройлы болады», — деп жауап береді.

Шыңғысханның осы төрт ақылын алған төрт баласы өле-өлгенше абыройлы хан болып өтіпті-міс.

Әбілқайыр да осы төрт өсиетке бас иген адам. Сондықтан да ол маңайына тек Сайбан ұрпағы емес, Шыңғысханның өзге балаларының да, Жошының өзге бұтағын да жинаған. Тек бұлардың бірде-бірі өзінен ақылды болуға тиісті емес және үнемі оның ойынан шығып отыруы керек. Солай болып та келген. Тек соңғы кезде ғана Орда маңындағы сұлтандар арасындағы дау-жанжал күшейе түскен. Әсіресе, бұл алауыздыққа дем беріп жүрген — ақыл-айлалы Жәнібек сұлтан. Серіксіз жау болмайды, оған шөбере ағасы Керей қосылған. Бұлардың бергі өкпесі Әбілқайырдың қазақ пен өзбек арасындағы саясаты болғанмен, хан ойынша түпкі армандары бақ күндестік. Көк Орданы екіге бөліп, қазақ хандығын құрмақ. Өздері соны билемек. Ал Әбілқайыр бауыр басып қалған Дәшті Қыпшаққа, ешкімді ортақ етпек емес. Ортақ етпек түгіл, осынау қарамағындағы Мауреннахр, Дәшті Қыпшақ, Қорасан жеріне шектес елдерді, әсіресе Моғолстан хандығын түгелдей қосып алмақ.

Барлық елді жеке өз басыңа табындыру қасіреті — о да бір іштен жеген жегі құрт. Мұндай кеселге душар болған адам тек өз мерейім өсе берсін дейді. Ол мұндай арманның, әр нәрсеге дұрыс баға беріп, дұрыс қарайтын ақылын іштей жеп жатқан жегі құрт екенін аңғармайды. Кесел бүкіл денесін қаулай алып болып, бір күні тек қауқиған сыртының өзінен өзі опырылып түсетінін күні бұрын байқатпайды. Бұл кеселдің күші де, қауіптілігі де осында.

Көк Орда ел-жұртын жеке билеп келген Әбілқайыр мен қазақ Ордасын бөліп алам деген Жәнібек сұлтанның таласы әлдеқашан-ақ басталған. Бұлар бір-бірін жан алқымнан ала түсер көкжал қасқыр мен арлан тазы теңдес. Араларында бітім болуға тиісті емес. Бірақ әлі қарсы шабар күн туған жоқ, тек қазір сол күнді күтіп жүрген жағдайлары бар.

Әбілқайыр бір рет Жәнібекті мүлдем құртып жібере де жаздады. Өттең, өттең, ойлаған жеріне жете алмай қалды. Хан сол бір сәтті кез есіне түссе-ақ әлі күнге дейін бармағын шайнайды. Шыңғысханның «ойынан шықпаған туған баласын да аямаған хан — хан бола алады» деген қағидасын жақсы ұққан Әбілқайыр, әрине Жәнібекті аяйын деген жоқ, бірақ бұл жалғанда жазмыштан күшті не бар? Ажалсыз — аждаһаның аузынан құтылады.

Оқиға былай болған еді. Әбілқайырдың Маңғыт руынан алған бәйбішесінен туған он жеті жасар, аппақ жұмыртқадай, жастық желікті ерте бастаған жеңіл мінезді, ерке қызы Ғайып-Жамал-Сұлтан-Бегімнің сұлу жүзді, арыс тұлғалы Жәнібекке көңілі кеткен. Хан қызына қолы жете алмай өліп жүрген өзге батыр, сұлтандарға көзі түспей, төрт әйелі бар Жәнібекке неге сонша

құмар

бол-

ғанын кім білсін, әйтеуір қыздың өзі ортаға жеңгелерін салып, ұзатылғанша сұлтанмен көңіл қосуға тілек білдірген. Бұл кезде Әбілқайырмен арасы іштей әбден суып болған Жәнібек: «әкесінің кеудесіне міне алмасам да, қызын тоят етсем, о да ханнан бір өшімді қайтарғаным емес пе» деп, алдымен хан қызымен жақындасады да, артынан қыздың оңашадағы сан түрлі назды қылықтары ұнап, оған үйленбекші болады. Ханға қызын берсін деп, шөбере ағасы Керейді салады. Жайшылықта қастарымен татуласу үшін қыз алып, қыз беруге оңай баратын Шыңғыс тұқымы, бұл жолы қасара қалады. Жәнібекпен, түбі бірге от жағып, түтін түтете алмайтынын сезген хан, қызын беруден үзілді-кесілді бас тартты. Бірақ жауабын

тікелей айтуға, Тоқай Темір ұрпағын біржолата шамдандырып алармын деп ойлайды да, «Жақсы, ойланып көрелік, шешімін күз қыстауға қайтқанда естірсіңдер» дейді Керейге. Ханның бергісі келмей отырғанын түсінген Керей намысқа шауып, Ғайып-Жамал-Сұлтан-Бегімнің бетінің ашылып қалғанын алыстан тұспалдап сездіреді. Енді қызының абыройы үшін Жәнібекке бергенің дұрыс деген сыңай білдіреді. Қызының мұндай күйге ұшырағанына намыстанып қалған хан, сырттай сыр бермей:

— Жақсы, жауабын күз қыстауға барған соң аларсыңдар, — дейді жаңағы сөзін қайталап, сазарған қалпында, Керей кеткеннен кейін, дәйекші Инелікті жіберіп, шымшып алар еті жоқ, қан-сөлсіз сұп-сұр боп қатып қалған Құрыбай жан алғышты шақыртып алады.

— Менің қызым Ғайып-Жамал-Сұлтан-Бегім бабалары заңы бойынша «қан төгілмей» өлуге тиісті! — деді оған.

«Қан төкпей» өлтіру — ақ кигізге орап, екі жағынан бұрап тұншықтырып, не аяғы мен басын артына қайырып, бел омыртқасын сындырып өлтіру. Көне монғол ғұрпында бұл жеңіл өлім.

Ертеңіне Ғайып-Жамал-Сұлтан-Бегімді бабасы Жошы ажал тапқан көне монғол әдісімен емес, басқа тәсілмен: жүрегіне қанжар салып өлтіріп кетеді. Бұлай өлтіру кімнің ісі екенін білсе де жұрт үндемейді. Хан жарлығы екенін сезіп, жұмған ауыздарын ашпайды.

Қызын құрметтеп қойып, жетісін бергеннен кейін, хан тағы Құрыбайды шақыртып алып:

— Ертең аңға шығамыз. Жаныңа екі-үш сенімді адамыңды ерт. Жәнібек сұлтан да Ғайып-Жамал-Сұлтан-Бегім ажалымен өлуге тиісті, — деп бұйы-рады.

Бұл жолы Құрыбай жан алғыш жалт береді. Жәнібекті өлтірсе жауапсыз кетпейтінінен қорқады.

— Менің қай уақытта аңға шығатынымды білетін сұлтандар сезіктеніп қалулары мүмкін, — деген ол, — бұл жолы аңға шықпауға, хан ием рұқсат етіңіз... Менің орныма туған інім Сарыбай барсын...

Өз басын пәледен аман алып қалғысы кеп, туған інісін қауіпке қиып тұрған қасқыр мінездес Құрыбайдың қылығына Әбілқайыр хан езу тартып күлген. Иә, хан маңайына өзіне керек адамдарды тарта білген. Бабасы Шыңғысханның Жағатайға айтқан ақылын құрандай бекер жаттап алмаған екен. Хан тағының амандығы, міне, осындай құлқы өзі тектес жандармен сақталады. Бұлар барда, Әбілқайыр да бар.

— Болсын, — деген ол, — тек не істейтінін Сарыбайға дұрыстап түсіндір.

Ал Жәнібек ханның мезгілсіз кезде, қызының мынандай жан түршігерлік айуандық әдіспен қаза тапқан шағында, аңға шығуының болашақ бір қанды оқиғамен байланысты екенін айтпай-ақ түсінген. Оның үстіне Әбілқайыр Жәнібек пен Керей сұлтанға «Менімен бірге аңға шықпай ма екен?» — деп арнаулы кісі салған.

Хан аңға шығарда Орда маңындағы сұлтан, әмір, батыр, билерге хабар беру ежелгі салт. Жәнібек бұдан күдіктенген жоқ. Оның күдіктенгені ханның аңға мезгілсіз уақытта шығуы мен басқа бір себеп еді. Сұлтан астыртын тіл алып көрсе, соңғы кезде Әбілқайырға қырғи қабақтана бастаған бекзадалардан ешкім хабарландырылмапты. Бұл жолғы шақырылғандар кілең Әбілқайырдың өзіне дос адамдары және Жәнібек пен Керей ғана екен.

Хандардың аңға шығуы ежелден бір үлкен мереке. Жұрттың жақсы ат, қыран құс, салтанатты қару-жарақ, ер-тұрмандарын көрсететіні осы жер. Ердің ерлігі, ептілігі, мергендігі де байқалатын осы жер... Жайшылықта мардамсып жүретін өр көңіл батырсымақтардың күтпеген жерден, қамыс арасынан өзіне қарсы атылған ірбіз, барыс, арыстандардан үрейі ұшып кетіп, қолындағы алдаспанын көтеруге де жарамай, жайрап қалатыны да осы ара. Той-думан, жарыста жамбыны бір атқаннан жарқ еткізіп жерге түсіретін мергендердің, аяқ астынан зу етіп тұра қашқан қыр қоянынан сасып қалып, қолындағы садақ жебесін құла жонға жіберіп күлкі болатыны да осы ара... Бұрынды-соңды жұрт көзіне түспеген жас жігіттің, қанжардай қос азу тісін жалақтатып, қылшық жалын тікірейтіп, тайшадай қара доңыз қарсы ұмтылғанда, үзеңгісіне шірене тұрып сауыт бұзар жебесін қақ маңдайдан қарыс сүйем кіргізіп, омақата құлатып, атаққа ілінетіні де, тағы сол саят базарында.

Жәнібек Керей сұлтанмен іштей жер танысып, ақылдасып алғаннан кейін, ханмен бірге аңға шықпақ болды. «Тағдырдың жазғанын көріп алармын, — деді ол, — егер ажалың келсе, алтын сандық ішінде тығылып жатсаң да табады. Ал ажалың жоқ болса, жаңбырдай жауған оқтан да адам тірі қалады». Керей де бұны мақұлдады, тек «сақ болайық және қасымызға сенімді жігіттерді көбірек ертелік, — деді ол, — егер біз аңға шықпай қалсақ,

Әбілқайыр хан ойын сезгенімізді бірден ұғады. Ондай жағдайда тастай түйініп алған хан, шешінген судан тайынбас дегендей, ойлаған мақсатына жету үшін басқа шара қолданады. Ажал қашан да болса ерте, егер дәміміз сол күні бітер болса, оған да тәуекел!»

Жәнібек енді аңға шығуға қамдана бастады. Сұлтанның жалғанда жақсы көрері жүйрік ат, қыран құс. Ол Дәшті Қыпшақтағы атақты құсбегінің бірі болатын. Ақ Ордасының жанында бүркіт, қаршыға, лашын, тұйғын, ителгілерге арнап тігілген қараша үйлері іргелес тұратын. Өзге құсбегідей бүркітті ол балапан күнінен емес, әбден қанды балақ болған кезінде торға түсіретін. Сосын үйрететін. Далада өскен қыран алғыр келеді дейтін. Тағы бүркіт көпке дейін көндікпейтін, сөйтсе де әбден жыртқыш құсты баулуға машық болған сұлтан еркіне қоймайтын. Кереге қанат қыранға томаға кигізіп, алтыбақанда әткеншек тепкізіп, ат үстіндегі қимылға үйрететін. Содан кейін суға салып, ақ жем ғып ет беретін. Алғашқы кезде көндіге алмаса да, ашыққан қыран бірте-бірте бұл ақ жемге де үйренетін. Осылай бірте-бірте асау бүркіт жуасып, иесіне мойынсұна бастайтын. Содан кейін барып, бүркіттің томағасын алып, қызыл жегізеді. Қанды көз жыртқыш қызыл етті көргенде, жанын қоярға жер таба алмай асығады. Ием қашан жем береді деп шыдамсыздана күтеді. Қыранын мұндай жағдайға жеткізген Жәнібек енді құсын қолға қондырып, атқа мініп, ұшырып байқайтын. Алыстап бара жатса кейін шақырады. Иесінің даусына әбден үйренген құс, жаны сүйер қызылға қарайлап қайта оралады. Осылай тұз қыранын бірте-бірте сыннан өткізіп қолға мейлінше үйретіп болғаннан кейін, бір күні оны алып шығып, қызыл түлкіге салатын. Қыран құс тұтқында боп, қанша қолға үйренсе де, кенет өзінің ата салтына бағып сол баяғы тағы қалпына тез көшетін. Көктен шүйіле түсіп қызыл түлкіні іледі. Ыстық етке тұмсығы тиіп дәнiккен бүркіт, ием тағы түлкіге салса екен деп шабыттана түседі.

Жәнібектің осылай үйреткен бірнеше кереге қанат, ақ иық қыраны болушы еді. Бірақ қыс бойы аңға салған бүркіттерін ол жаз шыға түлетуге кіріскен. Күз таяп келе жатқан соң, кеше ғана ақ жем беріп, қырандарын баптай бастаған. Бүркіт салуға ерте болған соң, Жәнібек бұ жолы бүкіл Дәшті Қыпшаққа аты шыққан Сомбалақ атты қаршығасын алып шығуды жөн көрді. Хан шақыруынан қатты сезіктенген Жәнібек, бешпетінің ішінен қорасан болатынан жұқа етіп тоқыған шағын сауыт киді. Алдаспанын қамсыз қайрап, садақ жебесіне жаңадан сұңқардың қауырсынын қадады.

Ханның аңға аттанатын күні жеткенде адыр басына керней-зурнайшылары шығып, бүкіл даланы басына көтере, барылдата тартып, аңшыларға «жиналыңдар» деп белгі берді. Оқшау төбелі мидай дала. Ат құлағы мен бұйра қымыздығы аралас біткен жасыл шалғын. Әлжуаз сабақтары толығып ылдидағы қызғалдақ, сарғалдақтар көк майсадан жоғары көтеріліп, өрекіп жеткен... Тұс-тұстан төбе басына сұлтан, әмір, бектер ағыла бастады. Кенет хан ордасы жағынан бір топ адам көрінді. Өзгеден сәл үздіктеу келе жатқан, жал-құйрығын түйіп тастаған күрең қасқа жүйрік ат мінген, үстінде аң аулауға деп арнап тіккен шолақ сауыт, зерлі күміс дулығасы бар Әбілқайыр ханның өзі. Соңынан ергендері үзеңгілес батыр нөкерлері. Кілең жеңіл сауыт, ықшам киім киген. Аттарының бәрі жал-құйрығын түйіп тастаған, ауыздығымен алысқан жүйріктер. Үстеріндегі сауыттары, асынған қару-жарақтары күнмен шағылысқан осынау топтың ішінен үш-төрт әйел көзге түседі. Әсіресе, ортада келе жатқан, бүкіл Дәшті Қыпшақ жеріне әйгілі, «Ортеке» деп ат қойылған күлсары сәйгүлік мінген жас әйел таңғажайып салтанатымен анадайдан-ақ көздің жауын алады. Астындағы сайгүлік жүйрігінің ат-әбзелі, жүген-құйысқаны, өмілдірігі — бәрі сары алтынмен апталған. Әйелдің үстінде алтын жіппен зерлеген сарғылт, дүрия қысқа шапан, басында сүйір ұшты құндыз бөрік. Шалбарының етегі де алтын оқамен әдіптелген. Кеудесіндегі ғарһар таспен безелген алқасы көзді шағылыстырып күн сәулесімен ойнайды. Алыстан-ақ бұл әйел қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай, көзді тартады. Өзі де мейлінше сұлу, жаңа туған ай секілді жіңішке қасын сүрмелеп тастаған. Ұзын шаштарын жиырма-отыз сала етіп, ұп-ұсақ етіп өрген. Бір өзінің түр-келбеті бүкіл әлемге сән бергендей осынау салтанатты әйелді көрген адам «бұ жалғанда мұндай жан жаратылмас» деп ойларлық. Бұл — Әбілқайыр ханның төртінші әйелі, атақты ғалым — Самарқант ханы Ұлықбек мырзаның қызы Рабиу-Сұлтан-Бегім сұлу еді. Бұлар төбеге жеткен кезде солтүстіктегі ақ ордалардан тағы бір топ салт атты көрінді. Алдарында қос қара көк жүйрік мінген Жәнібек пен Керей. Екеуі де аңға шыққандарын әдейі аңғартқандай иықтарына қаршыға қондырған. Ерлеріне атпа найза ілген. Киімдері де ықшамды. Құндыз жағалы, қысқа лұқпан шапан, бастарында қазақы қимаш бөрік, сырттарынан қимылымызға жеңіл болсын деп кереге көз торлы сауыт киген. Ерлерінің басына ешкі терісінен жасаған дабыл іліп алған. Бұл топтың арасында да үш-төрт әйел. Бұл әйелдердің ішінен біреуі ерекше көзге түседі. Бұл Жәнібек сұлтанның екінші

әйелі. Алтын хан еліндегі монғолдармен аралас отырған көшпелі Керей руының қызы Жаған бикем. Бұның астында аты шулы «Киік-аяқ» атанған ақбоз жүйрік, Рабиу-Сұлтан-Бегімнің ер-тоқымындай ат-әбзелін алтын жаппаған, жүген-құйысқаны, ат кеудесіне түсіре салған өмілдірігіне дейін бәрі қақтаған ақ күміс... Рабиу-Сұлтан-Бегімдей ерекше салтанатымен емес, Жаған өз келбетімен, жасынан ат құлағында ойнап өскен көшпелі елдің қызы екенін көрсетіп тұрған ерекше отырысымен, қамшыны сипай тартқан болмысымен көздің жауын алады. Әсіресе Рабиу-Сұлтан-Бегімдей емес, қолына ұстаған найзасы, басына киген меруертпен торлаған қызыл барқыт сәукелесі, астындағы ақ боз аттың кекіліне таққан үкісі, бұның жауынгер елден шыққан әйел екенін көрсетеді. Дене келбеті де, астындағы атының бітімі де Рабиу-Сұлтан-Бегім көркі мен мінген жүйрігінен анағұрлым асып түскендей. Жұрт оған сүйсіне қарауда. Әбілқайыр да көз астымен Жағанды бір шолып өтті. Кенет оған бір күпірлік ой келе қалды. «Сұлу-ақ екен. Хан әйелі болуға әдейі жаратылғандай. Егер Жәнібек сұлтан осы жолы жазым болса, алтыншы әйелім етіп алармын-ақ!».

Хан бетінен көзін алмай тұрған Жәнібек, Әбілқайырдың зұлым ойын көз қарасынан түсінгендей, теріс бұрылып кетті. Енді ол адыр басы мен етегіне жиналған бекзадаларға бажайлап қарай бастады. «Қайсысы екен маған ажал әкелер!» Кенет көзі топтан сәл оқшаулау тұрған үш қоңыр киімді жат адамға түсті. Бұрын аңға шығып жүргенде, бұл үш қоңыр пішін болмайтын. «Осылар екен. Тек сақ болу керек» деді Жәнібек ішінен.

Аңшылар азығы деп түйеге саба-саба қымыз артқан, жеңіл шатырлар тиеген, алдарына он бестей қой айдаған бір топ жігіт ауылдан шыққан кезде, хан жасағы да солтүстікке қарай бет алды. Бұлар арада бір қонып, келесі күні Ұлытаудың солтүстігіндегі, Кішітаумен жалғасып жатқан, Арғынаты құз-асуларына келіп, қостарын тікті.

Бұл ескі қиссада:

Ұрпақтан ұрпақ қуып бізге жеткен,
Ежелден Арғын атам қоныс еткен.
Көк шалғын, күміс бұлақ Арғынатым...
Шықпайтын арманымсың көкіректен, —

деп жыр еткен қазақтың көне мәдениет ошағы — Арғынаты тауларының кең өңірі еді. Солтүстіктен оңтүстікке қарай үзіле созылған жықпыл тасты құздар, түкті қабақты қайғылы жартастар. Үстін қарақат, мойыл, көк шалғын басқан ұры сайлар, тағы қойнаулар. Жағасын айбалдырған мен ақшуағы аралас белден келер көгал шөп көмген, жұлындай боп жер астынан шығып жатқан, сылдыр қаққан жіңішке бұлақтар. Қуаңшылық жылдардан басқа кезде, қаптаған малын суаратын Барақ көлден бөтен мол сулы айдыны болмағандықтан бұл араға жаз ел сирек қонатын. Сондықтан да Арғынаты төңірегінде қырғауыл, дала қазы секілді суы аз жерде үйреншікті құстар мен арқар, бөкен, киік көп кездесетін. Хан тобы үш күн бірдей аң аулады. Дабыл қағылып, қаршығалар жерден жаңа көтерілген кездерінде кекілік пен ұларды топырлатып ілді. Мерген жігіттер киіктерді садақпен қиядан қағып қырып салды. Бірақ Сарыбай бастаған үш жігіт қанша аңдыса да, көз қиығын бұлардан аудармаған Жәнібекті қолдарына оңаша түсіре алмады. Ажал алайын деп қанша құлшынғанмен, жауыздықтың реті келмеді. Әбден ызаланған жігіттер не істерін білмей, хан ертең елге қайтады деп тұрғандарында, Жәнібекті мерт етер бір жағдай кездейсоқ тап болды. Аң аулау қызығына кіріп кетіп, әбден елеуреген Жәнібек бір мезет аужайын байқай алмай қалды. Қастарынан жанай қашқан ақ бөкенді көре сала, атын борбайлап тұра қуды. Күнімен аң соңынан шапқан серіктерінің аттары әбден болдырған-тын. Тек түске дейін ұдайы шапса тері ғана шығатын Жәнібектің көкбуырылы ғана әлі тың еді. Атбегі әбден жаратқан екен, қабақ қаққанша жолдастарынан ұзап кетті. Ол ақ бөкенді қуып келе жатып, төтеден қосылған хан тобы мен әлгі үш қоңырды көрді. Хан атын жаңа ғана ауыстырған. Ал Сарыбай тек Жәнібекті аңдумен ғана жүріп астындағы жүйрігін тың ұстаған. Әрі-беріден соң Жәнібек, хан, Сарыбай үшеуі өзгелерден қарасын үзіп, үздік кеткен. Бие сауымдай жер шапқанда ғана бұл үшеуі қалжырауға айналған бөкенге бірдей таянған. Әбден дымы құрып етпетінен құлаған дала еркесінің үстіне аңшылар бірдей жеткен. Аң құмар Жәнібек сойылын лақтырып жіберіп, бөкенді бірінші боп бауыздайын деп, қынабынан кездігін ала атынан секіріп түскен. Дәл осы сәтте: «Жоқ, олжа менікі!» деп Сарыбай да сойылын ыңғайлап бөкенді бауыздауға еңкейген Жәнібектің ту сыртынан ұрмақ боп таяй берген. Бірақ Жәнібек барыстай атылып, Сарыбайды ат үстінен жұлып алған, Жәнібектің тізесінің астына түсіп қалғанын бір-ақ білген Сарыбай ханға:

— Ау, ұрсаңызшы көк желкеден! — деген, ханның қолындағы сойылға көзі түсіп.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Кобыпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Неге екені белгісіз, ханның бойы дірілдеп кетіп, Жәнібекті сойылмен ұруға қолы көтерілмеген.

Дәл осы кезде шапқан ат дүбірі кенет естіліп, бір бүйірден Керей сұлтан шыға келген. Тізесімен Сарыбайды бір-екі нығарлап жіберіп Жәнібек: «Бір жолға қастығыңды кештім, екінші мәртебе қолыма түссең өзіңнен көр» деп түрегелген де, жатқан аңға қараған. Өкпесі өшіп әбден орнынан тұра алмай қалған бейшара, сол мойнын созып етпетінен құлаған қалпында әлі жатыр екен. Жәнібек оны аяп кеткен. «Жазықты жауыма тіршілігін қиғанда, жазығың жоқ, ақбөкен, сені несіне өлтірем», деп анандай жерде жатқан сойылын алып атына мінген. Осы сәтте Керей де жеткен. Болған оқиғаны айтпаса да түсінген Керей сұлтан, інісін қасына ертіп, ханға бұрылып та қарамастан, шауып келе жатқан топқа қарсы ақырын аяңдап жүре берген.

Бұл кезде тәлтіректеп орнынан Сарыбай да түрегелген. Атының үзеңгісіне аяғын салып жатып:

— Бекер сойылмен ұрмадыңыз, хан ием, — деген алқына сөйлеп, егер де жығылғанда мойын омыртқасын бұрап үзіп алатын едім де, атынан құлап өлді дейтін едім. Қалай өлгенін көзімен көрген ешкім жоқ... — деп келе жатты да, — тақсыр хан, кешіріңіз... — деп басын қолымен қорғай берген.

Бірақ құлаштай сілтеген көк құрыш алдаспан оның мойнын қиғаштай кесіп, зәресі ұшып көзі адырайған басын анадай жерге ұшырып түсірген.

Қайтып оралған Жәнібек пен Керей Сарыбайдың әлі де болса жаны шыға қоймай, анадай жерде ақырын қимылдап жатқан басы мен қан-қан болып діріл қаққан денесін көрген. Бұйрығын орындай алмаған құлы енді тірі куәге айналмас үшін, ханның әдейі өлтіргенін екеуі бірдей ұққан. Бірақ Әбілқайыр:

— Жәнібек сұлтанға қастық ойлағаны үшін басын алдым! — деген.

Ана екеуі оған жауап қайтармаған, үн-түнсіз аттарының басын бұрып, келе жатқан адамдарға қарсы аяңдаған.

Хан қазір өзінің сол күнгі қылығын ойлауда. «Он алты жасымда Едігенің немересі Қазы биді өз қолыммен бауыздағанда, он жеті жасымда аталас туысым Дәшті Қыпшақ ханы Жұмадүкті туған баласындай боп қолында өскеніме қарамастан, жекпе-жекте шоқпармен ұрып өлтіргенде шімірікпеген басым, қастасқан жауым Жәнібекті қара құстан сойылмен бір салып өтуге қалай жарамадым? Кезі келгенде қандай құрбандыққа да болса бара алатын жүрегім, сол жолы қалай дауаламады?»

Иә, өзгелер айқай-сүрең салып жеткенше, сойылмен бір-ақ періп өлтіруім керек-ақ еді, ар жағында аттан құлап ажал тапты деп көрсету — Сарыбайдың шаруасы. Ал мен... Міне, сондағы сәл бөгеліп қалғанымның күнәсін енді тартып жүрмін... Жауыңа деген сойылды дер кезінде соқпау — үлкен қылмыс! Енді міне Жәнібектің басын қалай алудың жолын таба алмай, аңыс-аужайым азаптануда... Ашық кетуге болмайды, қазір олар жағындағы ел аз емес. Өттең, өттең, сол бір сәт қайта оралар ма еді! Апырай, сол жолы қолымдағы сойылымды бір сілтеуге жүрегім қалай дауаламады екен. Дауалатуым керек-ақ еді».

Әбілқайыр ойына өлім жазасына бұйырмақ жігіті қайтадан түсті. «Иә, бұл жолы тағы мен үкім айтуым керек. Айтпасақ амалым жоқ. Орда маңына топталған Арғын, Қыпшақ арасындағы дау-жанжал бүгінгі күні осы жігіт арқылы шешілмек. Егер бұл жігітті өлім жазасына бұйырсам, Қыпшақ қуанады. Босатсам Арғын мәз болады... Қандай шешім алу керек? Орда бүтіндігі осы бір жігіттің тағдырымен байланысты. Қастасқан Жәнібек, Керей, Абақтардың да күтіп отырғандары менің шешімім, қандай үкім айту абзал?» Әбілқайыр терлеп кетті. Бір қара қазақтың тағдырының өзіне осыншама салмақ салғанына таң қалды. Ал өткен заман болса... «Иә, иә, Шыңғысхан бабамыз кезінде, бір адамның өмірі түгіл мың адамның тіршілігі де ұлы ханның бір қабақ қаққанынан шешіліп жатпас па еді? Иә, сөйтер еді-ау! Жоқ, Шыңғыс бабамды қойып, бертініректегі Мөңке ханның тұсында да, бір кісінің тағдыры ешкімнің ойына ойран салмас еді!».

Оның есіне Мөңке ханды жерлеу жайындағы аңыз түсті.

Өзге жұртқа қарағанда монғол халқының өздерінің бекзадаларын жерлеуде екі айрықша дәстүрі болған.

Бірі — қабірге өлген сұлтанымен бірге бекзаданың құлын салу дәстүрі. Терең зираттың бір бүйірінен қуыс қазады. Оған өлікті түсіреді. Өліктің астына бекзаданың тірі кезінде ең жақсы көрген құлын жатқызады. Құл бірнеше сағат өліктің астында жатып тұншыға бастағанында оны бейіттен алып шығады. Есін жиғаннан кейін, құлды өліктің астына қайта жатқызады. Осылай үш рет істейді. Егер құл тірі қалса, оның сұрағанын беріп, құлдықтан

біржолата босатады. Монғолдардың түсінігі бойынша құл бекзадаға шын берілген адам болып шығады. Қожасы өліп, құлы тірі қалғанда ол өмір-бақи қожасының бар күнәсін арқалап өтеді-міс. Сондықтан оны тірі қалдырады. Астоданға салынған өліктің денесін қуысқа тығады. Зираттың ішіне қазан толы ет, құмыра толы сүт қояды. Садақа етіп көптеген күміс, алтын білезік, сақина, алқа тәрізді қымбат заттар қалдырады. Бұндайда егер бекзада бай адам болса, алтын, гауһарлар зиратқа аянбай салынады. Бекзаданың жанын қинауға келген періштелер алтынды алып, өлікке тимей кетеді деп ойлайды монғолдар.

Екіншісі — қойылған бекзаданың зиратын тірі жан білмеуі керек. Бекзада қойылғаннан кейін оның көрін білетін адамдар тегіс өлтіріледі, қабір үстінен үйірлі жылқылар өткізіліп жер бетін теп-тегіс етеді.

Мұндағы ойлары — қабірге салынған асыл мүлікке қызығып бекзаданың моласын қазып, өлік сүйегін қорлаудан сақтау ғана емес, монғолдардың басқа да себептері бар. Римнің бір императоры «тарих менен басталады» деп өзінен бұрын өткен, capitoлияның астында саркофагта жатқан жиырма тоғыз императордың бальзамдалған денелерін алып өртеп жіберген. Тірі кездерінде өшіккен патшаларының сүйектерін өлгеннен кейін қазып алып қорлау, бөтен елдерде де сан мәртебе кездескен. Мұндай сорақылық өткен замандарда жиі болып келген. Ескі монғол заңы бұндайға орын бермеген. Тірі — өлі жаннан өшін алуға тиісті емес. Сондықтан оның зиратының қай жерде екенін тірі жауы білмеуі керек. Білетін құл өлтіріледі, зират үстінен жылқы айдалып қабір беті жермен-жексен етіледі.

Бір мың екі жүз елу тоғызыншы жылы Қарақұрымдағы Шыңғыстың ұлы тағында отырған Мөңке хан өлгенде, оның інілері Арық Бұғы, Құбылай Құлағулардың әмірі бойынша осы ханды жерлеуге қатысқан он мың адам тегіс бауыздалған. Ондағы ойлары — тірісінде қатігез болған ханның өлігінен Шыңғыстың өзге балаларының ұрпағы өшін алып жүрмесін деген және монғол халқының отқа табынатын кездегі діни түсінігі бойынша бекзаданың жаны о дүниеде тыныш серуен құруға тиісті-міс.

Інілерінің Мөңке ханды аталары Шыңғыстан да артық етіп былайша дәріптеулерінде бұл екі салттан да басқа бір мақсат бар-ды. Ол мақсат — бүкіл әлемге, қала берді өздерімен бақ күндес жауларына, он мың адам қаза тапқан қанды қырғынмен сес көрсету болатын.

Сөйткен Шыңғысхан ұрпағынан шыққан Әбілқайыр хан болса, енді мынау, бір жігіттің тағдырын шеше алмай жаураған торғайдай құты қашып тұр. «Бір Шыңғыстан тараған екі ұрпақтың біреуі он мың адамды бауыздағанын мақтан етеді, ал екіншісі бір адамды ажалға бере алмай, күні бойы әуре-сарсаң ойға берілуде. Бұл қалай? Расымен-ақ бір кезде бүкіл дүниені тітіреткен айбынды «әлем иесі» тұқымдарының уақтап кеткені ме? Солай тәрізді.

Әбілқайыр тағы да ауыр күрсінді. Расында да бұл оған Төле балаларының он мың адамды құрбанға шалғанынан шешуі қиын кесік еді. Пышақ кесті үкімін шығара алмай қиналуы да содан туған.

Қара қазақ жерін жаулап алған Шыңғыс балаларының арасы қым-қиғаш бір тарих. Әбілқайырдың дағдаруының өзі де осыдан еді.

Үгедей балалары монғолдың өз жеріне Ұлы Ордаға ие болып қалғанда, Жағатай балалары мен Төленің кіші ұлы Арық Бұғы осы күнгі Орта Азия өлкесі — Жейхұн мен Сейхұн өзендерінің арасын — Мауреннахрдың бай алқабына ие болған-ды. Ал Төленің екінші баласы Құбылай Қытай жерінің Солтүстігі мен Батыс жағын жаулап алып, енді дені Дәшті Қыпшақ пен алан¹ әскерлерінің күштерімен сол Қытайдың Оңтүстік жағын жаулауға кіріскен. Үшінші баласы Құлағу осы күнгі Кавказ жерінің бүкіл Оңтүстік тұсын шауып, Иранды алып, енді сонау Египетке қол соза бастаған-ды. Құлағуды жергілікті ел ықпалына түсіп кетпес үшін, будда монахтары — ұйғырлардан, тібіттіктерден, қытайлықтардан құрылған кілең сенімді адамдармен қоршаған. Бұлардың бәрі ұлы хан Мөңкенің қарамағында болатын.

Үгедей, Жағатай, Төле балаларының басшылық саясаты қан төгіспен, бағынған елді қыру, талаумен аяқталатын-ды. Қорқыту, қорғансыз елді тек найзаның ұшымен, айбалтаның күшімен бағындыру — бұлардың негізгі саясаты еді. Өртенген, қираған қала, құлазып бос қалған егін даласы, тау-тау болып үйілген адам сүйегі, қашқан, босқан жұрт — міне, монғол қанды балақтарының бір кездерде гүл-гүл жайнаған өлкелерге алып келген үлесі осы болатын...

¹ Орыс пен Дәшті Қыпшақ жауынгерлерінен құрылған «әлен асы» атты әскер құрамасы.

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Ал қазақ жеріне келген Жошы да осы саясаттан танбаған. Тек ойын орындау тәсілі өзгеше еді.

Қият руының батыры Есугейден туған Шыңғысхан Қоңырат Дай-нояанның қызы Бөртеден бес қыз, төрт ұл көрген. Солардың бір қыздан кейінгі ең үлкені Жошы. Монғол ғұрпы бойынша өз руынан әйел алуға болмайды. Жігіт қалыңдықты басқа рулардан, әсіресе нағашы жұртынан іздеуі керек. Осы дәстүрге қарап, Жошы да өзінің заңды төрт қатынының үшеуін Қоңырат руынан алған. Үлкен бәйбішесі Жүке-бегімнен үлкен баласы Орда, екінші әйелі Үкі-бегімнен Бату туған. Бұлар да нағашы жұртынан бір-бір әйелден алған. Осылай атадан әкеге, әкеден балаға ауысқан ғұрып бойынша Жошы ұрпағы Қоңырат руына күйеу жұрт боп кеткен. Ал бір кезде Керулен, Онон, Орхон өзендерінің бойымен көшіп жүрген Найман, Керей, Уақ рулары тәрізді монғол жеріндегі Қоңырат руы, енді бірінші боп Жошы ұлысына кіреді. Бұның үстіне «Шыңғыс монғолда хандыққа таласып жүргенде, Бөрте Керейдің бір батыр жігітімен көңілдес болған екен. Жошы содан туыпты» деген де қауесет бар. Бұл қауесет қисынға да келетіндей. Оған дәлел: Шыңғысхан енді өлетініне көзі жетіп, орнына Жошыны қоймақ боп бір мың екі жүз жиырма алтыншы жылы Ұлы құрылтайды шақырғанында, монғол жыраулары хан алдында «Жошыны қойма, ол сенің нәсілің емес», деп жыр айтады.

Осындай себептерімен Жошы Қоңырат, Керей руларын іштей қанап жатса да, сырттай жақын ұстаған болып көрінеді...

Жоқ, қарамағындағы жұртты Жошы қандас болдым деп аяған емес. Оған басқаратын, әмірін жүргізетін ел керек. Ал Дәшті Қыпшақ Жошы хандығының туын тігетін негізгі жері болуға тиісті еді.

Демек, қазақ шежірелері Жошыны Шыңғыстың өзге балаларындай қанішер атамайды. Жыр, аңыздарда кейде қаһарымен бірге сөзге тоқтайтын, ашуын ақылға жеңгізе білетін адам етіп көрсетеді. Бұған «Ақсақ құлан — Жошы хан» аңызы куә.

Қайткенмен де осы Жошы Жағатайдай басып алған елін құртып жіберуге құштар болмаған. Оның бүйтпеске амалы да жоқ еді. Қазақ жерінде қалған монғол басқыншылары сан жағынан жүздің біреуіндей-ақ аз-тұн. Шыңғысхан жаулап алған жерінде төрт басына төрт ұлыс етіп бөлгенінде монғол әскерінен әрқайсысына он санадан ¹ бар бергені төрт мың әскер деген ақпар бар. Монғол нояндары да, бір шелек суға салынған бір уыс тұздай қалың қазақтың арасына кіріп біржолата оның тілін, дінін алып өздері де қазақ болып кетеді. Тек Шыңғыс ұрпағымыз, төре тұқымымыз дегенді өздерінің үстемдігін қорғауға ғана пайдаланады.

Тағы бір еске алатын жағдай: қазақ жерінде, Хорезм, Киев тәрізді үлкен қалалар болмағандықтан, Жошы тұқымы қан жоса етіп алатын бекіністер де аз еді. Дәшті Қыпшақ рулары да монғол тәрізді көшпелі жұрт, қашып жүріп, босып жүріп соғысып өз теңдігін оңайға бермеді. Жошы ұрпағына бұнымен де санасуға тура келді. Тиімді болса қазақтан қыз алып, қыз беріп кетуден де тайынбайды. Осындай жағдайда Бату өзінің бір қызын Маңғыт жігітіне береді. Одан Ноғай деген инал ² туады. Ноғай асқан батыр, ақылды кісі болады. Хан тағына отыруға хақы жоқ, әке жағынан Шыңғыс тұқымынан емес, бірақ Батухан өлген кезде оның әскерін басқарады. Осы Ноғай қырық жылдай бүкіл Жошы тұқымына айтқанын істеді. Алтын Орда хандарын өз қолымен отырғызып, өз қолымен алып тастай алатын әмірші болады. Ақырында Алтын Ордаға Мөңке ханның бесінші баласы Тоқтағу (қазақтар оны Тоқтайхан деп атаған) хан болады. Бұл кезде Ноғай батырдың қартайған шағы. Жас ханмен кәрі тарлан айқаса кетеді. Дәшті Қыпшақ елінің ру-руға бөлінген алауыздығын пайдаланып, Тоқтағу әскері Ноғайды жеңеді. Ноғай он жеті нөкерімен Башқұрт жеріне қашады. Жолай оны Алтын Орда қызметіндегі бір князьдің жауынгері ұстап алып өлтіреді. Басын Тоқтағуға әкеп береді. Бірақ жауынгер қылығынан шошынған Тоқтағу «Қарапайым адам хан тұқымына қол көтермес болар» деп өзінің басын алдыртады.

Хан атын алмағанмен, Ноғай Ұлы би аталған. Дәшті Қыпшақ жерінің батыс бөлегі Ноғайлының хандығына айналады. Бұл хандықтың негізін қалаған Маңғыт руы.

Әбілқайырдың да өзінің қол астындағы Арғын, Қыпшақ руларының белді адамдарынан сескенуінің де бір себебі осында. Ноғай батыр секілді Ақжол бидің де (бұл ел қойған аты, шын аты Дайырқожа) артында тұрған қалың Арғын елі бар. Ал Майсара Қобыланды

¹ Бір санада — жүз адам.

² Инал — көне түркі тілі, шешесі хан тұқымынан, әкесі қара қазақтан шыққан кісі. Бұның да хан тұқымынан шыққан ақсүйек адам екенін білдіріп, арнаулы «инал» деген ат берген.

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

батырдың соңынан ерген Қызыл бас елін шауып, қисса жырына айналған арғы бабасы Қара Қыпшақ Қобыландыдан қалған жау жүрек бықыған айбарлы Қыпшақ жұрты тұр... Қайсысының сөзін жақтау керек. Бұдан қиын хан басына сын бар ма?

«Жалғанда не қиын, қазақтың ру таласын шешу қиын. Бірақ оны шешудің қандай қажеті бар? — Әбілқайыр хан мырс-мырс күлді. — Шыңғыс тұқымының хан тағына осыншама ұзақ отыруының себебі де осында емес пе? Егер ру-ру боп бөлінген бар қазақ бірігіп кетсе не болар еді? Жоқ-жоқ, бұл жұрт — абайлап ұстамасаң қолыңды алып түсер қылшылдаған ұстара. Абайлап ұстаудың жалғыз жолы — біріне-бірін бақтырып қою. Сонда ғана бұл өткір ұстара қауіпсіз».

Бұл — Әбілқайырдың ойы. Ал Жәнібек болса, осынау ру таласына өзгеше қарайды. «Қазір Әбілқайыр қиын халде, — деп болжайды ол, — Ордасының да айбары бұрынғыдай емес, жан-жағы түгел аш қасқырдай талауға әзір жаулары. Оңтүстік-күнбатыс жағынан Қорасан қайтадан бас көтере бастады. Мауреннахр бұқарасының да өшпендігі күшеюде. Ақсақ Темір ұрпақтары іштен тынып, сәтті күнін күтіп отыр. Солтүстік-батыс тұсы да жауар күндей түнеріп тұр. Ал Еділ өзенінің арғы бетіндегі Ноғай Ордасы күннен-күнге іргесін әрі салып бара жатыр, достықтан қастық тілеуі басым. Ежелден бәсекелес жаулары Қазан мен Қырым хандықтары да бел алып кеткендей. Астрахань сұлтандары Әбілқайырдан көрі, соларға қарай иек артпақ... Бұның бәрі құр доңайбат емес, бір хандықты жүн етер қаһар. Ал Алтын Орданың өзінің іші қалай? Жиди бастаған теріге ұқсас. Хан салған алым-салықтың зардабына шыдай алмай әбден ауаланып алған. Күні бүгін Әбілқайырдан бөлінгелі тұрған қазақ рулары аз емес... Тек солардың санын көбейте түсу керек».

Жәнібек, қырға шыққан сайын, ел тауқыметін көріп, ордасына үнемі ренжіп қайтатын. Әсіресе, өткен жылғы, бір оқиға сұлтанның көз алдынан кетпей-ақ қойған. Ол аңнан келе жатып Әбілқайыр лашкерлері шауып кеткен бір ауылдың үстінен шыққан. Шаңырағы күйрей жерге түскен үйлер... Ұлдары сойылға жығылып, ботасы өлген інгендей боздаған аналар...

Жәнібекті таныған ақсақал:

— Шырағым, Жәнібек, — деген, — бөтен елдерді шабуға жігіттеріңді бермедіңдер, мерзімінде алым-салықты төлемедіңдер деп ханның аш бөрілері аулымызды шауып кетті. Еділ бойында да көрген күніміз осындай болатын. Құтқара көр енді бізді бұл қорлықтан!

— Қалай құтқарам?! — деген Жәнібек.

— Әбілқайырдан бізді бөліп ал, — деп жауап қайырған қарт. — Өзгенің жер-суына қызықпайтын, өз елінен жат жұрттай ауыр алым-салық салмайтын жеке шаңырақ көтер.

Қытай мен Жоңғар жеріндегі рулар да осындай ой білдірген. Осының бәрінен Жәнібек жеке хандық құрудың көптің арманы екенін және өз басының қамы мен ел-жұрттың тілегінің сабақтаса бастағанын көптеп түсінген. Бұл — мұратқа жетудің даңғыл жолы. Бүгін болмаса ертең шаруашылығы, жер-суы, әдет-ғұрпы, тілі, тілегі бір Дәшті Қыпшақ даласының көп руының бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бір ел болып құралып, бір халыққа айналатынына шек келтірмеген.

Осы себептен де Әбілқайыр хандығы — Алтын Ордаға бағынышты екі белді ру — Арғын мен Қыпшақтың арасындағы дау, таластың өрши түсуінен қатты үміттенген. Әбілқайырдың ойы, бұл рулардың бастарын біріктіртпей билеу болса, Жәнібектің ойы Әбілқайырдың Ордасын құлату үшін сол рулардың арасындағы Алтын Ордаға деген өшпенділік өрши түсуі керек. Ескі Орда таластан әлсіресе, жаңа Орда тігудің жеңілге түсетініне ол күмән келтірмеген. «Қазақтың көшпелі рулары алмас қылыш, — деп ойлаған сұлтан Жәнібек, — егер жұмсай білсең — ол жауыңа айбар, жер-суыңа қорған. Қара халық өз бетімен бірімен бірі соғыспайды, тыныштықты, достықты тілейді. Бар пәле бізде, хан, сұлтандарда. Қолыңдағы осындай күшті аужайлап пайдалана алсаң, ойыңдағыдай хандықты құруға болады. Ноғай, Қазан, Қырым, Астрахань хандары мен сұлтандары таламасын десең, арғы жағындағы ұлы жұрт — орыс елімен тіл тауып, одақтасқан жөн. Бірақ ондай күнге жету үшін ең алдымен Әбілқайыр Ордасынан бөліну қажет».

Ал Әбілқайыр Дәшті Қыпшақ хандығын күшейтудегі алғашқы күрестерінде өзіне сенімді құрал еткен көшпелі рулардың қазір теріс қарай бастағанын тек сұлтандардың қастандығынан көретін. Орынсыз соғыс-жорықтан, басқа елдерді шабудан кешегі алмас қылыштың жүзі қайтып, іске алғысыз боп мұқалатынын ұққысы келмейтін. «Жыланның үш кессе де кесірткелік қауқары бар, — деп ойлайтын ол, — егер де сұлтандардың өшпенділігін жойсам, Алтын Орда әлі де талай елді бағындыра алады. Тек соңыңнан ерген тобырды өткір қайрап жауыңа сала біл! Аужарлық етпе!».

Әбілқайыр тағы ауыр күрсінді. «Тобыр! Бірақ сол тобырға ерік берсең, ол қожасының да басын алатын қаһарлы күшке айналады... Ерік беріліп еді, Мысырға құлдыққа сатылған Бейбарыс не істемеді? Атақты Құлағудың өзін Египет жерінен қуды...».

Шыңғыс шапқыншылығы тегеурінді екпінімен қазақ руларының быж-тыжын шығарды. Көпшілігі өз жерінде қалғанменен, бірталайлары басқа елдерге қашып, жан сақтауға мәжбүр болды. Бір мың екі жүз қырық бірінші жылы Қыпшақтың біраз ауылы бастығы Қотан хан болып мадиярлар жеріне ауып кетті. Бұларды мадиярлардың королі қоныс беріп, алдарына мал салып жақсы қарсы алды. Бұған ашуланған Бату венгер короліне хат жазды. Ол хатында: «Оның үстіне менің Қыпшақ құлдарыма сен қорған болатын көрінесің. Мені өзіңе қарсы қоймайын десең, бұдан былай қарай қарамағыңа Қыпшақтарды ұстама. Қыпшақтарға менен қашу жеңіл, — олардың үйі-күйі жоқ, шатырда тұрады, ал сенің үйің бар, жерің бар, қалаларың бар. Менен қалай қашып құтыласың» деп қорқытқан Бату.

Бір мың екі жүз жиырма тоғызыншы жылғы Лаврентьев шежіресінен қыпшақ-қазақтардың монғолдардан ығып, өзі жау тепкісіне түскен Еділдегі бұлғарлар жеріне, Россияға, Польша, Литваға барғандарын көреміз. Бір кездегі көшпелі жауынгер елді Құждай мықты бекзада, ел билеген батырлары енді жат жерде бетегеден аласа, қойдан жуас күйге ұшырайды.

Қазақтардың біразы Қиыр күншығысқа, Монғолия, Қытайға да апарылады. Шыңғысхан мен Жошы кезінде қазақтардың бірнеше бекзада, батырлары Монғол императорының Ұлы Ордасында қызметке әкетілген. Қысқасы бір кездегі айбынды елді дұшпандары талан-таражын шығарып, ұлын ұрымға, қызын қырымға шұбыртады. Қазақтың батыр жігіттерін топтап құлдыққа, мүсінді қыз-келіншектерін үйіріп күндікке сата бастайды.

Көп кешікпей монғолдар мен мұсылман саудагерлері Европа мен Сирия, Солтүстік-батыс Африканы, әсіресе Египетті Дәшті Қыпшақ жерінен әкелінген құлдарға толтырады.

Осындай жағдайда Египеттің халифаттық гвардиясы он үшінші ғасырда дені Қыпшақ жігіттерінен жиналған болатын. Ал Египетке ер жүрек, мықты әскер өте керек еді. Мұндай әскерді мамлюктер¹ құра білді.

Бұл кезде Египетке Шығысынан монғол шапқыншылары төнсе, он екінші ғасырда ұрыста жеңілгеніне қарамай, батыс жағынан Таяу Шығысты әлі де болса өзіне бағындырмақ боп, Кресшілер шабуылға шыққан-ды. Енді бүкіл мұсылман қауымының кіндігі, оның мәдениет, көркем өнер, ғылым-білім орталығы Египет пен Сирия басына шын қауіп-қатерлі қара бұлт түнерген-ді.

Дәл осы сәтте бала кезінде Қыпшақ жерінен құлдыққа сатылып әкелінген Сирия әскерінің қолбасшысы Бейбарыс баһадур соңынан мамлюктерден құрылған гвардиясын ертіп, Бағдатты алып, енді сарқырамадай Сирияға құлаған Иран шахы Құлағу әскеріне қарсы шықты. Құр ғана қарсы шыққан жоқ, Құлағуды жеңіп, екі жылдан кейін оны бүкіл Египет жерінен қуды. Ал бір мың екі жүз тоқсан бірінші жылы Қыпшақ мамлюктері әбжіл қимылдап Сириядан Крест ұстаушыларды бір жолата қуып, рыцарлардың Шығыстағы ең ақырғы қорғаны Аққа қаласын алды.

Сөйтіп, өз жерінен қуылған, құлдыққа сатылған мамлюктер араб жауынгерлерімен бірігіп, Египет пен Сирияны монғол басқыншыларының күйретуінен құтқарды. Әлемге әйгілі өнер-ғылым ошақтары болған Отырар, Самарқанд, Киевтердің халіне жеткізбей, Каир, Алжир, Кордаваларды күл-талқан етуден аман сақтап қалды.

Енді қыпшақ бекзадаларының, әскер басшыларының қаны араб қанымен араласты. Біріне-бірі қыз беріп, қыз алысты. Осы құл сату арқылы құр ғана Египетте емес, Солтүстік теңіз бен Жерорта теңізінің жағасындағы Европа халықтарының қанына орыс, татар, черкес, түрік, африка ұлдарының қаны қосылды.

Жошын мамлюк сұлтандары басқарған Египет жерінде Қыпшақтар Алтын Орда мен қазақ жерінің әдет-ғұрпын, тәртіп-дәстүрін енгізуге тырысты. Ата-бабасы Қыпшақтан шыққан мамлюк сұлтандарының енді серуенге барар жолдарына күні бұрын сырнай, керней тартқан жүздеген, қыпшақша киінген сәнді-салтанатты нөкерлерін шығарып Бағдат, Мысыр, Мекке, Каир шаһарларының көшелерін басына көтерді. Қыпшақтың бай, манаптары өздерінің жас кезінде бабалары мінген пәуескемен Ніл өзенінің жағасында серуендеуді шығарды.

Мамлюктер тіпті шарифатты былай қойып, сот ісін де Дәшті Қыпшақ жобасымен жүргізуге тырысты.

¹ Мамлюк мемлекет құлы деген сөз. Шығыс адамдары мемлекет сатып алып гвардия құрғандықтан солай аталған. Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Кобышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы кӊор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Бұның бәрін істеген қара құлдардан шыққан батыр, әскер қолбасшылары. Осыдан кейін қара қазаққа, құлдарға ерік беруге бола ма? Жоқ, болмайды. Әбілқайыр тағы қабағын қарс жапты. «Қыпшақ жерінен сатылып барған құл Бейбарыс Құлағуды жеңді. Жоқ, қара халықпен ойнауға болмайды». Оның есіне енді Ақсақ Темір көреген түсті. Әбілқайырдың бойы суынып кетті. «Алтын Орданың түбіне жалғыз ғана орыс патшалары жетті ме? Хан Мамай жеңілген бір мың үш жүз сексенінші жылғы Куликов қырғынынан кейін Тоқтамыс пен Едіге Мәскеу түбіне қайтадан сан барған жоқ па еді? Рас, басы біріге бастаған орыс князьдары да ай қарап отырмаған-ды, тозуға айналған Алтын Орданы, түбі, құл-талқанын шығаратыны ақиқат еді ғой... Құл-талқаны шыға да бастаған еді-ау. Жұт жеті ағайынды, айыр ағашпен сегіз. Жауынан сан опық жеген көне Дәшті Қыпшақтың күншығысына сонау алабұртқан заманда тағы бір қабылан көрінді. Бұл Маңғыт руынан таралатын Барластан шыққан Ақсақ Темір еді ғой. Сойқанның бір басы сонан өрбіді емес пе. Құжынаған лашкерін құмырс-

қадай қаптатып, қанды ауыз қабылан Алтын Орданы қаппақ болды. Ол бір мың үш жүз тоқсан екінші жылғы, Алаша ханның әмет пен Самет деген балаларын жолай өлтіретін аттанысында-ақ Алтын Орданың босағасын бірден сол-қылдатып кеткен жоқ па еді. Ал бір мың үш жүз тоқсан бесінші жылғы аттанысында Бату мен Берке Еділ өзенінің сағасына салған Алтын Орданың астанасы ғажайып сұлу Сарай шаһарын Кавказ жағынан, Дағыстан қойнауынан келіп басып алды ғой. Осы шабуыл біздің бірлігіміздің де біржолата түбіне жеткен-ді. Орыстардан Мамай күйреді. Темірланнан Тоқтамыс жеңілді. Осы екі жеңілу Алтын Орданы біржолата күйретті. Жоқ-жоқ, төре тұқымдарына жатпайтын батыр, билердің соңында импрамы бар. Қиын-қыстақта бұл тобыр заты Шыңғыс тұқымынан шыққан хандарды емес, өз көсемдерін қолдап кетеді. Мұны да ойлау керек. Өз тобыры соңынан ермесе Ақсақ Темір бүкіл Мауреннахрды өзіне бағындырып, Хорезм мен Алтын Орданы шауып, кейін Үндістанның астанасы Дели мен Түркияның кіндік қаласы Анкараны ала алар ма еді? Осының бәрі импрамымен құрған әскерін өзіне ерте білуінен. Жоқ-жоқ, соңында елі бар қолбасшы, билердің қашан да болса қолдарында күші бар. Олармен санаспақ болмады. Қобыланды мен Ақжол дауын тағы да ақыл таразысына салу керек. Бұл таластан қазір басым ауырып, балтырым сыздап жатқан жоқ қой. Мүлт кетсең — дұрыс жолдан адасқаның... Мұндай істе қашан да болса күдік пен үміт қатар тұрады.

Әбілқайыр шешетін тағдыр расында да қиын тағдыр еді. Қазақ даласына Шыңғыс ұрпағының үстемдігі жүргенменен де, айыпты жанды өлім жазасына кесу үнемі ежелгі ел дәстүрі бойынша халықтың өз билігінде қалған. Айыпты жанның күнәсін, әбестігін ақыл таразысына салып, жазықты мен айыптаушылар жағынан жиналған би, ақсақалдар мәжілісі аталы сөзге тоқтап, өзінің үкімін айтатын. Хан тек осы үкімді өз жөндеттері арқылы іске асыратын. Бұл жолы олай болмай шықты. Арғын, Қыпшақ би-ақсақалдары бір келісімге келе алмады. Сондықтан да бұл дауды хан шешсін деп ұйғарды. Күнәкар деп табылған Арғынның жиені Саян батырды Қыпшақ жағы өлім жазасына бұйырды. Жас батырды күнәсіз деп тапқан Арғынның игі жақсылары оны ақтады. Екі жақ бірдей тоқтайтын би шықпады. Дау аяғы қанды сойылды жанжалға айнала жаздап өзер басылды.

Расында бұл дауда хан тағына қауіп тудырардай астар бар-ды. Бату ханнан кейін, 1361 жылы Шыңғыс ұрпағы Болат Темір хан Еділ бұлғарларын екінші рет шапты. Бұлғар мемлекетін жермен жексен етті. Осы жерге он бесінші ғасырдың басында Әбілқайыр өлтірген Жұмадүк ханның әкесі Ұлығ Мұхамбет кеп Қазан қаласын салды. Өзін хан атады. Он сан Ноғайлының ең ақырғы Ұлы биі Алтын Ордадан мүлдем қуылып, Орда тағдыры Жошы ұрпақтарының қолына біржолата көшкен соң осы Қазан хандығының қол астына Орманбет бидің ұрпақтарының біразы келіп қосылған-ды. Және Алтын Ордаға деген қастығын тоқтатпаған-ды. Затымыз бір ел-жұртпыз деп кешегі үстемдігін зар еткен кей билері астыртын қазақ руларына кісі салып, Әбілқайырдан бөлін деп демігуде еді. Ал кей жау жүрек батыр ұлдары, қастарына саяқ жинап кейде хан тұқымының мыңдаған жылқысын барымталап әкететін.

Осындай бір шабуылдан кейін, ызасы кеудесіне сыймаған Әбілқайыр, Қазан ханының жеріндегі Орманбет бидің ұрпақтарының аулын шабуға үш түмен қосын мен бақан бойлы, шоқпар қолды Қыпшақ Қобыландыны аттандырған. Бұл атақты Қажымұқан балуанның он екінші атасы. Қазақ пен Ноғай бөлінгенде айтылған «жылау, жылау, жылау күй» жырындағы «қара орманынан айрылған», Торғай мен Ор бойына Қаратау маңынан, Арыс пен Бадам

өзендерінің тоғысқан жеріндегі Қараспан тауынан көшіп келген, қазақтың атан жілік, арқар мүйіз батырларының бірі.

Ол тыныш, ертелі-кеш күлкіні ермек етіп, қаннен-қаперсіз жатқан Ноғайлы ауылдарының күлін көкке ұшырып, бар малын алдына салып айдап, мүсінді деген қыз-келіншектерін олжа етіп, жақында ғана жорықтан қайтқан.

Ақ түтек борандай қаһарына жан шыдамаған Қобыланды батырдың бұл жеңісін бүкіл Әбілқайыр қол астындағы ел, ол бір Стамбул меинасын шауып қайтқандай, үш күн тойлаған. Той тарқар алдында, әкелінген қыз-келіншекті олжаға бөліп беру үшін, хан осы жорықта қай батырдың қандай асыра ерлік көрсеткенін сұраған.

Асат, әсет¹ айларының аяқ шеніндегі ыстығы басылған ала көбеңденуге таяу кіші бесін әлеті. Орда толы ала таяқты ақсақалдар, ат-жарақты батыр, сұлтандар... Қобыланды батыр алақандай көзінің қиығымен ханға қарап, ерлік көрсеткен кеуде соғар батырлардың атын атап келіп, кенет сәл кідірген. Аз уақыт үн-түнсіз тына қалып құлағына дейін жететін білектей қара мұртының ұшын шиыршықтай түсіп:

— Өзге батырларға олжа сұрасам, Арғынның жүз жігітін бастап барған жас бөрі, Қотандай абыз қарттың жиені Саян батырға өлім жазасын талап етемін, хан ием, — деген.

Ордада отырған жұрт дір ете қалған.

Саянның нағашысы ханның оң жағында отырған маймене, асқан күш иесі, әрі шешен, әрі әнші, екі иығына екі адам мінгендей, төртпақ келген қара сұр Қотан жыраудың баласы Ақжол би қанын ішіне тартып сұп-сұр боп кеткен. Бірақ жүрек толқынын әдеттегі орнықты мінезіне жеңгізіп ол:

— Неге? — деген, Қобыланды батырды қырағы көзімен бір шолып, даусын өзгертпей.

— Ұлы Шыңғысхан шартын бұзды. Орманбет бидің ұрпағы әділгерейдің қызы есірей² Қарашашты өз бетімен олжа етемін деп Керейдің Қарабатырымен таласты.

Олжаға таласқанға — өлім жазасын беру Шыңғысхан Ясысында жазылған. Шапқыншылық заманда әскер арасы бұзылмасын деп бұны хан ұрпақтары мықты ұстаған, қас батырға қойылған айып ауыр.

— Оған қандай дәлелің бар? Керей Қарабатырдың өзі айтты ма, әлде көрген жан бар ма? — деді Ақжол әлі де даусын өзгертпей.

— Қарабатыр сол таласта қаза тапты. Көрген куәні де қызба қанды Саянның алдаспаны алып түсіпті.

Әбілқайыр жұмсаған бір сұмның сөзіне аңғал Қобыланды күрт сеніп қалған. Осылай болуын тілеген көңіл, Саянға тағылған кінәнің ақ, қарасына көз жеткіздірмей, өзін де жаланың құрбаны етіп отыр.

— Олжаға қалай таласқанын онда батыр Саянның өзі айтар?

— Күнәсін мойынға алу үшін шын батыр болу керек.

— Арғынның ардақты жиенін қатын демексің бе?

— Олжа есірейге таласу қатын әрекеті.

Екі батыр алыса кететін қанды ауыз арлан төбеттердей алая қарады. Бірақ хан алдында төзім сақтау керек, ендігі сөзді Орда иесінен күтіп үн-түнсіз отыр.

Қобыланды батырдың бұл жанжалды неге бастап отырғаны Әбілқайырға аян. Күйе жаға айтылған сөздің астарында күйікті сыр жатқан. «әлде батыр Саянның қылығы рас па екен?» Әбілқайыр хан үйде отырғандарды көз астымен бір шолып өтті. Хан кеңесіне келетіндер қалай өзгеріп кеткен. Мешін жылы Дәшті Қыпшақ тағына отырғанында өзі он жеті жаста еді. Ол кездерде әскер басшылары да, Орда тірекері де басқалар болатын. Мынау Арғын, Қыпшақ жайсаңдары алған төрде Маңғыт, Дулат, Үйсін, Қоңырат, Найман, Тубай, Ұйғыр, Қытай³ руларының мықтылары отыратын. «Хиуаны шапқанында да сол топ қасымда еді. Тек қалмақтармен айқасқанымда ойымнан шықпады. Иә, ол менің ең қарабет жеңілісім болды. Әскерім Сырға дейін шегінді. Өзім Сығанаққа қаштым. Жауымнан көп құн төлеумен әзер құтылдым. Сосын ғой Дәшті Қыпшақтың басты рулары Арғын мен Қыпшаққа арқа сүйемек болғаным... Одан не шықты? Тікенектен шошып шоқ басты деген осы емес пе? әттең жас кезім қайта оралар ма еді? Онда бүйтіп жан-жағыма қобалжи қарап отырмас едім-ау! Шіркін жастық, дарияның алғашқы тасыған қарқынындай едің-ау, бұзбайтын бөгетің бар ма еді? Екі жыл өтпей, Дәшті Қыпшақ хандығына қол созған Сайбанның ортаншы қатыны

¹ Асат, әсет — июнь, июль айлары.

² Есірей — қолға түскен тұтқын деген мағынада (ескі қыпшақ термині).

³ Қытай руы ол кездегі Жетісу маңындағы қазақ руларының бірі.

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Үкілімайдан тараған Қанбайдың ұлы Елбектен туған Махмед-Қожа ханмен Тобыл өзенінің жағасында қалың әскерімен кездесіп жеңіп шығып едім ғой. Қандай қызық, қандай қайтып келмес, әселдей тәтті күндер! Сол жолы еді ғой, өзге батырларымның біреуіне де қимай он төртінде туған айдай толықсыған, адамзаттың сұлуы, Махмед-Қожаның жесірі, Арғынның қызы Ағанақ-Бикені өзім алып едім. Ағанақ-Бике десе Ағанақ-Бике еді ғой. Адамзат нәпсісі дегенді қойсайшы, жастай қосылған ерін өлтіріп, өзін қатындыққа алғанымда опа таптым ба? Құшағында жатқанда төсегің нағыз бір жылан інінің қасына салынғандай сезінесің. Іні ішінен бір улы жылан ысылдап шығып, жалаңаш денеңе айыр тілін сұғып алатындай! Мен қанша жақсы көрсем де, бір иілмей өтті-ау, бейшара. Қайтсын, мен құр ғана ерін өлтіріп қойдым ба, соңынан еріп келген үш жасар баласын да өлтірттім ғой. Өлтіртпеске болмайтын еді. Хан тағы деген періште де қызығатын бір сиқырлы арман ғой. Өгей бала түгіл, өз балаңа да сену қиын. Ал Махмед-Қожа баласы, жабылмаған ұстара тәрізді еді, абайламасаң қолыңды алып түсуі оп-оңай. Оны мен әрине дұрыс өлтірттім. Бірақ одан не таптым? Шешесі жылы шырайын бір көрсетпей кетті. Менен балалы болып қалмайын деп, сан мәртебе күшәлә ішіп іш тастады. Жалғыз-ақ бұл ажалдардан пайда көрген Сарғыт-Шиман Маңғыт болды ғой. Тапсырмамды адал орындадың деп мен оған қандай тартулар алғым бермедім, қандай дәрежеге көтермедім. Дәшті Қыпшаққа өзімнен кейінгі адам еттім. Әрине менің мұным өзгелерге ұнаған жоқ, әсіресе Баһрам, Алаш батырларға...

Хан Ордасындағы тартыс сол күннен бастап күшейе түсті. Содан бері отыз жылдай өмір өтті, ал тартыс әлі бір толастамай келеді. Қайран, дүние! Қандай қайсар едім! Отыз жыл! Отыз жылдың ішінде қандай жауымды жеңбедім! Демек адамның қасы — арам шөп тәрізді болады екен. Отаған сайын қаулай өсе түседі. Әйтсе де мен де аянып қалғаным жоқ. Қай шаһарды алмадым? Хиуа, Самарқант, Икра-түп, Бұқар, Сығанақ, қазақтың жеке ұлысы болып жүрген Махмед-Қожа хан, ағалы-інілі Ахмед-Махмұд, Мұстафа хандарды жеңіп, Есіл, Тобыл, Нұра бойын өзіме қараттым... Бірақ сонда шыққан қандай мүйізім бар? Алғашқы хан болған кезімде Найман, Маңғыт, Ұйғыр, Қоңырат руларынан қаймықсам, енді міне Арғын, Қыпшақтан сескеніп отырмын. Бұрын жауым өзіммен аталас Сайбан тұқымдары еді десем, енді міне, Жошының он үшінші баласы Тоқай Темірден тараған ұрпақтары болып отыр.

Әбілқайыр Арғынның би, батырларының алдыңғы жағында отырған сұлу мұртты Жәнібек пен жалаңаш қанжардай түсі суық Керейге көз қиығын ау-дарды.

«Иә... иә... Абақ сұлтаннан бұлар қауіпті. Шыңғысхан нояндары күйреткен, соңынан бабалары Орыс хан қайта жөндеген Ақ Орда астанасы Сығанақты жаулап алғанымды бұлар мәңгі-бақи кешірім емес. Және Ақсақ Темірдің баласы Шахрук сұлтаннан туған Ұлықбектің қызын алғанымда да қырғи-қабақ. Менің Бұқар, Самарқант бектеріне бүйрегімнің бұратынын көре алмайды. Шамалары келсе, тез-ақ жеке қазақ ханы болып оңаша отау тікпек. Тек бөлініп кетуге әзірге күштері жеткіліксіз. Бастары қосылмай жүрген рулары болмаса, соңынан тұтаса ерген елі жоқ. Ал ел деген не? Ойынан шықпасаң, сенен үркі жөнелуге бар. Мына Ақжол бидің айтып отырғанын ескермей көрші, бүкіл Арғын, Найман, Қоңырат болып ши шығаруға дайын. Барақ баласы Жәнібектің, Болат баласы Керейдің күткені де осы. Көптен бері Жәнібек пен Керей осы рулардың сөзін сөйлеп, сойылын соғып өздеріне баурап жүр. Азғантай мүлт кетсең, оқыралаған өгіздей мәңки тулап, жұртты бөліп әкеткелі тұр. Сонда не істеу керек? Арғыннан қорқып Қыпшақ батырының сөзін аяқсыз тастау керек пе? Жоқ, өйтуге болмайды. Қазіргі арқа сүйерім, бұрынғыдай Маңғыт емес, жошын Қыпшақ! Қыпшақ менің қазір қанды шоқпарым. Оны дұрыс сілтей білсем, әлі де болса талай Жәнібек, Керейлердің басын домалата алам. Демек, шешім қандай болуға тиісті? Екі жақ менен бірдей жауап күтуде ғой».

Әбілқайырдың іркіп отырған ойын кенет сықырлай ашылған есік үні бұзып кетті. Хан төмен түсіп кеткен басын көтеріп есік жаққа қарады. Жақында қайтыс болған Шах-Будақ сұлтаннан туған жеті жасар немересі Мұхамед-Шайбани екен. Атасы хан, нағашысы бүкіл Алтын ханның бас батыры Домбалық батыр болғандықтан, Әбілқайырдың бұл немересі өз балаларынан да анағұрлым ерке, тентек. Және хан да оны ерекше жақсы көретін. Бала есік алдында тұрған пасбандарға¹, үй іші толған бек, сұлтан, әмір, хакім, батырларға қарамастан үйге кірген бетімен өзгелерді баса-көктей алтын тақтың жанына бір-ақ жетті. Атасы Әбілқайырға еркелей:

— Тарланкөк тым асау екен, бие сауымдай мезгіл шаптым. Бірақ мені түсіріп кете алмады, — деді мақтана, — бәрібір мен оны үйретіп аламын!

¹ П а с б а н — (көне түркі тілі) күзетші деген сөз.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

— Кезің келгенде бұл дозақтың отына сен де күйерсің, әзірге ойнай бер. Бара ғой.

— Қайдағы дозақ? — Бала атасына еркелей қарады. — Мен хан болғанда ол дозақты жұмаққа айналдырам. Көр де тұр?

Хан күлімсіреді де қойды. Кенет оның көзі есікке таяу тұрған Керейдің он жеті жасар баласы Бұрындыққа түсіп кетті! Жүрегі дір ете қалды. Ананың бет құбылысында жеті жасар Мұхамед-Шайбаниға деген аязданған қар тәрізді бір алуан өшпендік ызғары байқалады. Шүңет көздері шоқтай қадалып тұр.

Елуге таяған Әбілқайырдың тікелей хан тағына отырар мұрагері ең тұңғышы марқұм Шах-Будақ сұлтан болатын. Одан кейінгі кезек екінші баласы Шайх-Хайдар мен осы Мұхамед-Шайбанидікі... Ақылды хан жау садағының оғы, өзі өлгеннен кейін, Шайх-Хайдар мен осы жеті жасар немересіне кезенетінін бірден ұқты. Хан тағына ие болудан туатын ұлы таластан әлі түсінігі жоқ жеті жасар немересін қорғағысы келгендей Әбілқайыр кенет Мұхамед-Шайбаниды аялай бауырына қысты. «Расымен-ақ біреу осы нәрестеге де қол көтерер ме екен? Кімнің бұл шаңырағын қиратып, түндігін тіліп еді?» — деді ол ішінен. Бірақ хан дәл бұл сәтте өзінің Махмед-Қожаның баласына істегенін есіне түсірмеді. Бәсе, үш жасар нәресте Махмед-Қожаның ұлы Әбілқайыр ханның несін бүлдіріп еді? Қай шырағына көлеңке болып еді!

Бірін-бірі қасқырша талаған, тек жеңгендері ғана өмір сүретін қатал заман. Әбілқайырдың кенет немересін бауырына неге қысқанын бір-ақ адам ғана түсінді. Ол — Жәнібек сұлтан еді. «Дұрыс ойлап отырсың, хан ием, — деді ол ішінен, — сенің ошағыңды маздататын ақырғы тобылғың осы Мұхамед-Шайбани немерең болар. Жеті жасар баладай емес тым ересек, ақылды... Егер осы немерең қыршынынан қиылса, сенің де отыңның мәңгі сөнгені».

Демек, бір мың төрт жүз алпыс сегізінші жылы Әбілқайыр хан өлгенде, он жетіде қалған Мұхамед-Шайбани мен он екі жасар інісі Махмұт-Сұлтанның ерлік әрекеттері арқасында Әбілқайыр ошағының көпке дейін сөнбейтінін дәл осы сәтте Жәнібек сұлтан білмеді. Ал қазір ол Әбілқайыр ханның жеті жасар жанғалы тұрған шамшырағы жайында тек көмескі қобалжу ойда ғана болды.

Хан әп-сәтте бойын жинап алды.

— Бар, қалқам, Тарланкөкті жіберген болсаң, басқа асауды үйрет, — деді.

Енді шешім өзінен өзі келді. «Хан ақылы — қарамағындағы елді айқастырмай ұстауда ғой. Айқаса қалған күнде де, хан бұл арада төреші болуы керек! Арғын, Қыпшақ бірін-бірі өзі өлімге қисын. Мен тек солардың жоюшысы болайын».

— Біздің атамыздың замандасы, Үйсін Майқы бидің кезінен келе жатқан «өлім жазасын шешетін халықтың өзі» деген дәстүр бар емес пе еді. Бұл дәстүрді әлемді билеген ұлы Шыңғысханның өзі де бұзған жоқ. Мен қалай бұзам? Арғын, Қыпшақ игі жақсылары мәжіліс құрып, батыр Саян тағдырын өздерің шешіңдер. Өздеріңнің ұйғаруларың хан үкімі болсын, — деді іші қатпар-қатпар Әбілқайыр, кенет асасымен жерді бір ұрып.

Хан сөзі — бұзуға жатпайтын шешім. Жайшылықта бұйда бермес екі жақ бірдей басын иді.

— Құп, хан ием, сөйлесіп көрелік.

Міне, осы дау Арғын, Қыпшақ арасында үш күн сөз болған. Талай ділмарлар, сөзуарлар суырылып шықты, талай қызыл өңеш, бұлбұл тілдер сайрады, бірақ еш шешімге келе алмаған. Ашу, ыза, кек қуысқа ұйлыққан қар секілді оңай жібімеген. Бұл долы талас кейде сойыл күшімен шешілуге де таяп қалған. Бірақ екі жақтың күші бірдей түскендіктен, жағаны босқа жыртуды екі ру мықтылары мақұл таппаған. Ақырында Майқы би мен Ұлы хан Шыңғыстың тастап кеткен дәстүрін бұзып, бұл таласты ханның өзі шешсін деп тарасқан. Хан не айтса екі жағы бірдей соған көнбек болған.

Ал бұл дауға шешім таба алмай, Әбілқайыр іштей алай-түлей. Арғын мен Қыпшақтың қазіргі таласы, ұйқы-тұйқы жұлысып жатқан арлан төбеттердің айқасына ұқсайды. Дәл қазір бұларды айыру екіталай. Не болса да қолындағы темір сүңгіні біреуіне жіберуі керек. Алысып-жұлысып жатқан қос арланның қайсысын қалайды? Арғынға деп сілтегенің Қыпшаққа тиіп жүрсе қайтесің? Қыпшаққа тиюі өзіне тиюімен бірдей. Хан саясаты кейде жазғытұрымғы желдей. Беталысы ел райына, хан Ордасының арманына қарай өзгеріп тұрады. Ал бүгінгі таңда Қыпшақ пен Әбілқайыр ханның алар демі бір төбеде соғып тұр.

Кенет хан бұл дауды екі ру арасындағы саясатпен емес, әділетіне қарай шешпек болды. «Әділетті шешсең — импрам риза болады. Ал импрам ризалығы — дәл бүгін Қобыланды

мен Ақжол бидің мүддесінен жоғары». Бұны отыз жыл хандық құрған тіршілігінде Әбілқайыр хан соңғы кезде жақсы ұға бастаған.

Ол ең алдымен оқиғаның қалай болғанын тұтқын жігіттің өзінен сұрауды жөн көрді. Тақ жанында тұрған күміс қоңырауды алып ақырын қақты. Таза күмістен сыңғырлай шыққан сұлу үн құлағына еркелей жетіп, қобалжыған көңілін сәл орнықтырғандай болды. Үйге ашаң жүзінде қан жоқ, сәл жоқ, ұзын бойлы арықтау келген дәйекші Оспан-Қожа кірді. Ол ләм-мим демей екі қолын кеудесіне ұстап, басын төмен түсіріп, әмір күтіп, қозғалмай тұра қалды.

— Тұтқын жігітті алып келсін.

— Қай тұтқын жігітті, хан ием?

«Бәсе, қай тұтқын жігітті? — Әбілқайыр мырс етіп күлді — Чинга Тұра ¹ қаласынан алғашқы хан тағына мінген күннен бастап, сонау Батудың әскерінің бас қосқан жері — Кеңгірдегі Орда Базарды өзінің астанасы етіп, артынан Бұқар, Самарқанд, Сығанақтарды алып, оларға өзінің ұрпақтарын не әйелдерінің жақындарын хакім ғып отырғызғанша қаншама адамды тұтқын етпеді? Нелер жайсаң жігіттерді шынжыр кісен кигізіп, зынданға тастамады. Қайсының аты есте? Ал бүгінгі тұтқын жігіттің аты кім еді?» Әбілқайыр ойлана қалды. «әйтсе де осы дау болып жатқан жігіттің есімі кім еді? Аян ба, Шаян ба, Баян ба?» Жігіттің аты кенет есіне түсті. «Иә, иә, Саян екен ғой. Бұл атты бұрын қайда естідім? Иә, иә, солай екен-ау, маған оның атын Рабиу-Сұлтан-Бегім айтқан еді ғой. Бәсе, не деп еді? Өзімнен туған екінші балам Сүйіншік сұлтанға көзінің тірісінде осы Саянды аталық ² етіп қой деп сұрады ғой? Неге олай өтініп еді? Жадымда жоқ. Бірақ мен: «әлі тірімін ғой» деп ханымның өтінішін жорта орындамай қойғам. «Неге орындамадым?» Ханның қабағы тағы түйіліп кетті. «Иә, иә, баяғы бір Орда өсегі себеп болған. Ханымның сүттен ақ, періштеден таза екенін білсем де, сол бір өсек маған да әсер ете жаздаған. Тек, әйтеуір, жалған болып шықты ғой... Бәсе, сол жігіттің де аты Саян еді... Со кез ол жорыққа аттанып, көре алмай қалғанмын. Артынан бұл әңгіме тіпті есімнен шығып кеткен-ді. Ханым да өзінің өтінішін қайталаған жоқ... Иә, ол әңгімеге де жеті жылдан асып кетті. Өтіп бара жатқан өмір!». Хан есік алдында тұрған дәйекшіге кілт бұрылды.

— әлгі Арғын, Қыпшақ арасында дау шығарған жігітті, — деді ол, атын атауға әлденеге аузы бармай.

— Құп, тақсыр, хан ием.

Әбілқайыр тағы да ойға шомды.

Он жеті жасында «Бату тағы», «Өзбек тағы» деп аталған Дәшті Қыпшақ тағына отырды. Ол кезде хан ордасы сонау шығыстағы Ертіс өзенінің қойнауындағы Чинга Тұра қаласына ту тіккен, майданды сол тұстан ашып, жеке-жеке ұлыс болып отырған қазақ хандарын жеңіп, бірте-бірте Есіл, Тобыл, Нұра өзендерінің бойын тегіс өзіне қаратты. Сол қарқынмен ол бір кезде, Жошының ордасы тігілген, Ұлытау бойына жетті. Енді өзінің астанасын Батуханның әскері екі жүз жиырма жыл бұрын бас қосқан Кеңгір бойындағы Орда-Базар деп аталатын қалаға көшірді. Ұлытау Дәшті Қыпшақ даласының кіндік ортасы. Батысы — Еділ, Жайық, солтүстігі — Есіл, Тобыл; шығысы — Ертіс, оңтүстігі — Сыр бойы. Осы Дәшті Қыпшақ жеріне тегіс ие болғаннан кейін, ол Мауреннахр жеріне көз сала бастады. Отыз жыл хандық құрған өмірінде Үргеніш пен Самарқандты да шапты. Мауреннахрдан Сығанақ, Созақ, Отырар, Ақрұқ, Ақ-Қорған тәрізді Дәшті Қыпшақ елінің көне шаһарларын қайтарып алды. Сөйте жүріп ол бір жағынан Ақсақ Темір ұрпақтарына қыз беріп, қыз алып, әбден қандасып кетті. Ақырында Әбілқайыр бұл кездерде түркі, иран елдері «Көк Орда» ал орыс шежірелерінде «Ақ Орда» деп аталған кешегі Алтын Орданың кең байтақ алып даласына толық ие болды.

Тоқтамыс хан жеңіліп, Сарайдағы хандар сарайы Гүлстанды Ақсақ Темір біржолата қиратқаннан бері бұрынғы күшті Алтын Орда мүлдем жойылған. Қазір Әбілқайыр өзін Сайын ханымын десе, тек онысы Бату ханның орнында отырмын деп өзге елге сес беруі. Бір кезде көне түркі елінен таралған, қазір өзбек, қазақ болып бөліне бастаған екі елдің, Әбілқайыр шынында Өзбек ханы болуға айналған. Бұл оның қазір әлсіреген кезі. Демек, Шахрук әмірдің ұлдары Қорасан, Иракқа көз тіксе, ал Әбілқайырдың әлі де болса, Дәшті Қыпшақ жеріне қоса, Моғолстанды алмақ ойы бар.

Моғолстан! Бұл бір Әбілқайырдың әзірге тісі бата алмай келген, көлденеңі мен ұзындығы жеті айлық кең алқап, күншығыс жағы қалмақ жерімен шектесіп, Барыс көл, Алтын Емел, Ертіс өзендерімен бітеді. Солтүстігінде Көкше теңіз (осы күнгі Балқаш көлі) бен

¹ Чинга Тұра — қазіргі Тюмень қаласы.

² Аталық, атеке — әке орнына әке болып, баланы тәрбиелейтін адам.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кӊор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Қаратал өзені жатыр. Күнбатысында Ташкент пен Түркістан, Оңтүстігі Қашқар, Ферғана, уәлиеті мен шығыс Түркістандағы, Тұрфан қаласы. Билеп тұрғандар Иса Бұғы, Шир Мұхамед, Уаис секілді Жағатай ұрпағынан шыққан хандар. Қарамағындағы елдердің көпшілігі Үйсін, Жалайыр, Дулат, Қаңлы, Ұйғыр, Найман, Қоңырат.

Әбілқайыр ханның ордасындағы Арғын билерінің де көз тіккені — осы Моғолстан! Жеке ел боламыз деп Орыс хан ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтанның да көше қалса, барар жері осы Моғолстан.

«Мұндай жағдайда, Иран ханы Смайылдың да бас көтеріп, Ақсақ Темір балаларының тізгінін үзіп кетпек боп тұрған кезде, ел билігін мықты ұстау қажет. Қыпшақтың дегенін істеймін деп өз ордамда бүлік шығарсам, өзгелердің ордасын қалай жаулап алам?..»

Дәл осы кезде дәйекші екі нөкермен тұтқын жігітті алып кірді.

— Хан ием, бұйрығыңыз мүлтіксіз орындалды.

Әбілқайыр әлі де терезеге қарап тұрған-ды. Енді ол ақырын бұрылды. Тұтқын жігітке көз қырын салар-салмастан сұп-сұр болып өзгеріп кетті. Батыр Саянды ол бұрын көрмеген-ді. Ал мынау қарсы алдындағы жиырма бес жасар батыр... Өзінің Ұлықбектің қызы Рабиу-Сұлтан-Бегім сұлудан туған үлкен баласы Сүйіншіктен аусайшы! Жоқ, Сүйіншік бұдан аумайды. Алғашқы көзі түскенде Сүйіншік екен деп те қалды. Қалың қабақ, қыр мұрын бозғыл түс, құмай көз... Өз баласындай еңселі. Қимылы да барыс тәрізді шапшаң, епті болуы керек. Тек Сүйіншіктен айырмасы — қою қара мұрты бар...

Әбілқайыр хан Рабиу-Сұлтан-Бегім ханымның қабырғасы қайысып мұны неге «аталық» етуін сұрағанын бірден түсінді. Бойын кенет орасан ашу билеп кетті. Шешім өзінен өзі келді. «Бұл жігіт, өлуі керек! Бүгін! Қазір! Дәл осы арада!».

Әбілқайыр құндыз жағалы, алтын зерлі көк мақпал шапанының ішінен байлап алған қорасан құрышынан жасалған болат қанжарының сабына қолының қалай барып қалғанын өзі де аңғармады.

Ханның құбылған түр келбетінен, оқыс қимылынан, оның қандай қатал әрекет жасамақ болғанын жас жігіт сезіп тұрса да, орнынан қозғалмады. Тіл қатып өтініш те айтпады. Тек екі қолы артына кісенделген қалпында арыс кеудесін сәл шалқайта, Әбілқайырдан өткір көзін аудармай тістене бекініп, қатты да қалды.

Хан түксие қарады. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» тұтқын жігітпен тіл қатысуды жөн көрді.

— Өзіңе қойылған айыпты мойныға аласың ба? — деді ол тамағына келіп тығылған ашуы мен күдік кірбеңін әзер басып, даусы дірілдеп кетіп.

Жігіт сол тұрған қалпынан титтей міз бақпады. Тек басын сәл иді.

— Жоқ, өзге айыбым болғанменен, Қобыланды батыр айтқандай күнәм жоқ, иланыңыз, хан ием...

«Өзге айыбым болғанменен» деген сөзден хан бұрынғысынан да бетер күйіп кетті. «Өзге айыбыңның қандай айып екенін білемін. Жасырмай менің бетіме айтуға қалай тілің барды? Сәл шыда, ол тіліңді де шоқ басылғандай күйдіргенімді көрерсің!..» Бірақ ханның «өзге айыбың қандай айып?» деп сұрауға дәті бармады. Бойын билей жөнелген ашу, нағыз бір аузы-мұрнын кигізбен қаптағандай тұншықтырып әкетіп барады. Ойды алып, жүректі өртеген ызаны ықтай берді. Хан даусы шағатын жыландай енді ысылдай шықты.

— Қара Қыпшақ Қобыланды жала жапқаны ма?

Жігіт қысталаң мінез көрсетпеді.

— Қара Қыпшақ Қобыланды неге былай дейтіні менен көрі сізге мәлімірек болар, хан ием.

Ол осы сөзімен бар жайды бір-ақ жайып салды.

«Бұл не дегені, ә?» Әбілқайыр, екі көзі қанталап сүзетін бұқадай, түйілген қабағының астынан қарады. «Жоқ, бұл жігіт осал жігіт емес. Өзіне жабылған жаланың неден туып тұрғанын біледі. Бұл білгенді бөтен Арғындар да біледі ғой. Бәленің бір ұшы өзімде жатқаны өзге жұртқа да аян болар. Арғынға ала көз қарайтындығымнан Қобыланды батыр бұл оқиғаны әдейі шығарғансыды. Әрине, содан соң бүкіл Арғын болып кеше мына жігітті өлімге бермей қалған екен. Сірә, төбелеске түсуге де бар тәрізді ғой өздері. Сол екен ғой Жәнібек пен Керейдің де миығынан күліп жүргендері. Жоқ, жоқ, ашу тасыған дария тәрізді, алғашқы екпінімен жар бұзады, ал уақыт өткен сайын қарқыны бәсеңдей түседі. Шешімді бірден алмау керек...»

Хан қолын қанжарынан босатты.

— Қай рудансың?

— Маңғыт, Барлас руынанмын.

Жігіт бетіне хан тағы да үңіле, байыздай қарады. Көзінде бір жан түсінбес ұшқын пайда болды. О да мүмкін... Рабиу-Сұлтан-Бегім «Сүйіншік сұлтан нағашыларына тартқан» деуші еді ғой... «Барлас руының жігіттерінің бәрі бірдей осындай қалың қабақ, арыс кеуде келеді. Сонда бұл батырдың қандай айыбы бар? Жазығы қалың қабақты болғаны ма? Нағашы жұртына жиенінің тартуы табиғи жүйе ғой. Мені де өзбек нағашыларына тартқан демей ме?» Әбілқайыр хан өзінің ойының жалған екенін біледі. «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды». Естіген өсегіне сонда-ақ сенген. Бірақ Сарғыт-Шиман Маңғыт уәзір: «Қуаныштың теңізі, адамгершіліктің күні, Фаридундай қасиетті Әбілқайыр ханның әйелі, Ақсақ Темір немересі Ұлықбек мырзаның қызы Рабиу-Сұлтан-Бегім ханым өсек-аяңнан тыс тұруы фатика. Бұлай ету екі жұртқа бірдей тәлім. Әсіресе үлкен балаңыз Шах-Хайдарды Самарқантқа хан еткелі тұрғаныңызда» дегеннен кейін ханымның қылығын қазбалай бермеген-ді.

«Сол өсекті қазір қайта шығарғанда не таппақ? Ондағы күннен қазір Ақсақ Темір немерелерімен арасы жақын тұр ма? Мен мұны өлім жазасына бұйырсам жұрт не дейді? Күнәсі ашылмаған батырды өлімге қиды... Бұны хан баяғы өсектің салдарынан істеп отыр демей ме? әрине, сөйдейді. Өсек те бір, күйе де бір. Көзіме айтпағанмен жұрт солай жориды. Одан да өз басыма кір келтір-мегенім жөн емес пе? Иә, сол жөн. Бірақ мына жігіттің күнәсін қалай кешем? Білмеген болып үндемей қалуым жөн бе? Қара қазаққа намысымды таптатып қойсам, жұрт мені батылы бармады дейді ғой! Жоқ, жоқ бұл жігіт өлуі керек!».

— Бұл жігіттің тағдырын Шах-Будақ сұлтанның асы өткен соң шешеміз, — деді дәйекші мен жігітті алып келген нөкерлеріне, — қайғылы ас алдында... қаһардан қайта тұралық. Әкетіңдер!

Жігіт сәл басын иді де кілт бұрылды. Жендеттер оны тысқа қарай айдай жөнелді. Ең соңынан шығып бара жатқан дәйекшіге естірте хан:

— Сақ болыңдар. Көздеріңнің қарашығындай күзетіңдер, — деді.

Дәйекші басын иді.

— Құп, тақсыр.

Ханның айтқаны шындық еді. Шығыс халқының әдеті бойынша «он бесте отау иесі». Әбілқайырдың Маңғыт әйелінен туған тұңғышы Шах-Будақ өткен жылы дүние салған. Хан осы сүйікті ұлының үш күннен кейін асын бермекші. Ас беру — жерлеу емес, Дәшті Қыпшақ елінің дәстүрі бойынша үлкен той. Асқа Дәшті Қыпшақ пен Мауреннахрдың игі жақсылары қатысады, сайысқа атақты батырлар түспек! Қыпшақтың от ауызды, орақ тісті, қарға бойлы Қазтуған жырауы мен Арғынның ақсандақ жүйрігі, сексеннен асып кеткен, Ақжол бидің әкесі Қотан жырау айтысады. Төрешіге Үйсін Майқы бидің алтыншы буыны ұлы сыншы, халық ардагері, жүзден асып кеткен Асан Қайғының өзі келмекші.

Хан саясаты тынып жатқан көл секілді, қай жері тұңғыық, қай жері тайыз білмейсің. Тағы да күміс қоңырау шылдырлады.

Ордаға әлгі қан-сөлсіз дәйекші кірді, үн-түнсіз басын иіп, тұра қалды.

Хан жайшылықтағы тапсырмаларының бірін бергендей жайбарақат сөйледі.

Ас біткен күннің ертеңіне әлгі жігітке үкім айтылады. Бірақ оған дейін...

Дәйекшінің жарғақтанған жұқа ерні ақырын ғана қимылдады.

— Құп, тақсыр.

II

Әбілқайыр Ордасы бұл кезде Кеңгір өзенінің жағасындағы Орда-Базар қаласында еді. Ұлы асқа бүкіл Дәшті Қыпшақ пен Мауреннахрдың бек, сұлтандары тегіс келетінін білген хан, асты кең жайлауда — Ұлытаудың күнбатыс жағындағы Ақкөл жағасында өткізбек болды. Шілденің бас кезі еді. Бір шеті мен бір шеті ат шаптырым күміс толқынды Ақкөлдің кең алқап жазира даласы ат бауырынан келген көк шалғынға бөленген. Қыратты бауырлай біткен хош иісті көде-көкпектің өзі тізеге жетеді. Алыстан мұнарлана Едіге батыр мен Тоқтамыс ханның сүйектері қойылған Ұлытау мен Кішітаудың сүйір бастары көрінеді. Көк шалғынның арасындағы бармақтай-бармақтай боп өскен бүлдірген мен жидектен көз тұнады. Аласа бұталарға сыңси біткен қарақаттың да піскен кезі... Көл үстінде күндіз-түні тынбаған құс қиқуы... Ортасындағы ақ айдында қанаттана бастаған көгілдірлерін ертіп бір топ аққу сыбызғы үніндей қоңырқай дауыстарымен сыңсып

ән салады. Сабағы сояуланып қалған, қызғалдақ, лала жаушымылдық, раушан гүлдерінен жұпар аңқиды. Осынау қызылды-жасылды өрнекпен безелген жасыл кілем ұшы-қиыры жоқ кең даланың ортасында төңкерілген күміс кеседей жарқырап, ақ айдын Ақкөл жатыр. Жан-жағы сонау көкжиекке дейін мидай дала. Ұшқан құстан, жүгірген аңнан бөтен тірі жан көрінбейді. Тек көлдің батыс жағында көгілдір белес бар. Белестің үстінде сұрғыт оба тас пен бірнеше балбала тұр. Оба тас мұрты салбыраған, оң қолына қымыз ішетін тостаған тәрізді ыдыс ұстаған келсаптай шомбал бір ғажайып бейне...

Бұл тастар жөнінде халық арасында екі аңыз бар. Бірі — көне Қыпшақтарда өлген адамды жаназалағанда, не жетісін, қырқын, асын бергенде оның бейнесіне сәйкестей ағаштан қуыршақ ойып, үстіне бұрынғы киімдерін кигізіп, өздерінің ортасына отырғызатын дәстүр болған. Өйткені көне Қыпшақтардың түсінігінше, адам жаны өлмейді, үнемі туыс-туғандарымен бірге жүреді. Жоқтауға жиналған кісілердің бәрінің де денесінде өз жаны болғандықтан, өліктің жаны өзінің қуыршақ бейнесіне барып орналасуға тиіс. Қуыршақ боп ол өзінің жерлеу тойына, жетісіне, асына қатынасуы керек. Ағайын-туыстарымен бірге отырып, өз ажалын өзі тойлайды. Ал жақындары оған керемет құрмет көрсетуге борышты. Қолына ыдыс беріп, қымыз құйып, алдына ас қойылу міндет. Өлген адамның дәрежесіне қарай ақсарбас қошқардан бастап, үш тоғызға дейін оның құрметіне құрбан шалынған. Араб жазушысы Абу әль-Фидің айтуынша, құрбандыққа Қыпшақтар кісі де бауыздаған. Мынау оба тас пен балбалалар сол дәстүрдің ескерткіші-міс. Қолына ыдыс ұстаған оба тас — ас ішуге ыңғайланған, сол өлген адамның өзі, ал қасындағы балбалалар жанында жерлеп отырған оның туыс-туғандары-мыс. Екінші аңыз бойынша, адамның тірісінде өлтірген жауы о дүниеде соның құлы болады екен. Мына тас мүсіндер осы аңызды бейнелейді делінеді. Мынау оба тас — қожасына ас дайындап тұрған сол өзі өлтірген бас жауы, ал балбалалар бас жаудың серіктері, ағайын-туыстары-мыс.

Осы тас бейнеден бөтен жасыл шалғынға оранған кең далада ешбір мола, зират, қорған, бекініс жоқ. Желмен ойнап шулаған қалың көгал, күміс толқынын тынбай тербеткен шалқар көл...

Көлдің солтүстік алқабына қонақтарға арнап ақ кигізден басылған он екі қанат үш жүз үй тігілген. Іштері Самарқант пен Бұқарадан тоғыз керуенмен тасылған қырмызы қызыл кілем, дүрия, торқа жібектен тысталған мамық жастық, түбіт көрпелермен безенген. Көлдің төрі батыс жағында, қырқа өңіріндегі оба тас, балбалалардан сәл төмендеу. Алыстан көгілдір тартып көрінген жасыл шалғында, көк теңіз үстінде ұшқан ақ шағаладай, сүттей аппақ кигіз үйлерді үштен-төрттен қосарлап тіккен хан ордасы. Көлдің оңтүстік алқабында хан ордасына жақын уәзір, Жошы ұрпақтарының ақ шатырлары мен ақбоз үйлері. Әсіресе солардың ішінде ортадағы он екі қанат ақ боз үйдің басына ақ жалау орнатқан, қатарлас тұрғызылған оюлы төрт кигіз үй — Жәнібек пен Керей сұлтандардың ордасы. Бұлар өзінің еңселі мүсіндерімен алыстан-ақ ерекше көзге түседі.

Көлдің күншығыс жағында Мауреннахрдан әкелінген аспазшыларға, Арғын, Қыпшақтан келген той дәйекшілеріне, қаршыға, сұңқар-лашынға арнап тігілген жүз қоңыр кигіз үй... Осы ауылдан қозы көшіндей жерде қонақтарға әдейілеп байланған үш мың биенің құлындарына тартқан жиырма қатар қыл арқанды желі. Күніне үйірленіп сойылған семіздіктен мамырлаған жылқы, құйрығын көтере алмай жатып қалған қотандаған қой... Хан ордасының ар жағында бес шақырымдай жердегі тулай аққан мөлдір сулы кішкентай Мойылды өзенінің жағасында Шах-Будақтың жесірі — Алтын хан батыры Домбалықтың Аққозы қызының келіп қонған ауылы.

Ас басталғалы жеті күн болған. Алғашқы күні осы арадан көшкен ел бір күн, бір түнде жетер Арғынаты тауының ең шетіндегі Шойынды көлден жіберілген үш жүз сайгүлік жүйріктен Әбілқайырдың Тарланкөгі озып келген. Атқа шапқан ханның жеті жасар немересі, Шах-Будақ сұлтанның баласы Мұхамед-Шайбанидің өзі еді. Хан немересінің жүлде алғанына арнап жеке той жасамақшы. Келесі күндері күрес, сайыс басталған. Күресте Найман Қаптағай батырдың немересі, кереге жаурын, жалаң төс Қаражал батыр бар балуандарды жығып, үстіне қырмызы фарсы кілемі жабылған араби қызыл аруананы бас етіп, үш тоғыз бас бәйгесін алған.

Сайыста Қара Қыпшақ Қобыланды жан шыдатпаған. Екі бие сауымындай мезгіл оған тек Арғын биі Ақжол ғана төтеп берген. Бірақ ошақ тұяқ Көксеңгірдің тегеурініне шыдай алмай бір сайыста астындағы құшақ құйрық Ақжамбасы тізерлеп шөгіп қалып, сайыс төрешілері бас бәйгіні Қобыландыға деп шешкен. Түйе жарыс, қатын күрес — бәрі аяқталып, бүгін астың ең қызығы, талай жан өкінер, талай бидің намысқа шауып қабырғасы сөгілер

жыраулар айтысы басталған. Айтыс төрешісі жүзден асқан ұлы жырау Асан Қайғы. Ол бұл жолы желмаясымен Көкше теңіз тұсын шолып келген-ді.

— Асан ата, Көкше теңіз маңы қандай жер екен? Сайын ордасын көшіруге жарар ма? — деген Әбілқайыр ханның сөзіне Асан Қайғы:

— Қақ үстін жайлау етем десе ханның еркі ғой. Ал мен көрген Көкше теңіз маңы:

«Тас табаны төрт елі
Атан жүрер жер екен,
Төсегінен түңілген
Адам жүрер жер екен».

деп жауап берген.

Осы Асан Қайғы айтыс төрешісі. Төреші боларында ол Әбілқайыр ханға:

— Атамыз Майқы биден бері бәйге хан ордасын кім асыра мақтай алса соған беріліп келетін-ді. Бұл жолы ата жолын бұзбақпын. Егер соған көнсең төреші боламын, — деген.

Бүкіл ел-жұртты ардақтаған Асан өтінішіне хан да қарсы келе алмаған.

— Құп, айтқаныңыз болсын, — деген Әбілқайыр.

Асан айтыс тәртібін өзінше құрған. Бас бәйге кім де кім жауға қарсы елдің ерлігін дұрыс айтып бере алса, соған беріледі. Орта бәйге өз руының жер-суын қорғаудағы істерін дұрыс суреттеп берген адамға тапсырылады. Ал аяқ бәйгеге Дәшті Қыпшақ елінің болашағын кім дұрыс болжай алса, сол ие.. Және жеңіс тәртібі де өзгеше. Бір жырау өз руының ерлігін паш етсе, қарсы жырау сол рудың айтылған ерлігінің кемшілігін, қатесін дат етеді. Қайсысының жыры жұрт көкейіне қонар болса, сол жеңді деп саналмақ. Шыңғыс ұрпақтарын мадақтайтын айтысқа да осы шарт. Бұл шарт үшінші айтыста да қолданылмақ: бір жыраудың болжауын екінші жырау сынауы керек. Егер сынап алмаса жеңілген болып саналады.

Бас бәйгеге Қыпшақтың ұлы жырауы Қазтуған мен Арғынның ақиығы Сыпыра жыраудың ұрпағы Қотан тайшы түспек болды.

Қазтуған тапал, тоқты жілігінің қорғасын құйған асығындай шымыр адам. Сондықтан да оны халық «қарға бойлы Қазтуған» деп атап кеткен. Бір тайпы елдің батыры және жырауы. Әбілқайыр тұсында қазақ, ноғай қауымдары (ноғайдың біразы Қазан жеріне ауып кетсе де) аралас-құралас көшіп жүрген. Хандар тұтатқан өшпенділікке қарамастан, тұтас бір рудың не бір тайпы елдің бүгін ноғай құрамында болып, ертеңіне қазақ жағына шығып кетуі әдеттегі жәйт саналған.

әйтседе, екі ел арасындағы жанжал кейде үлкен ұрысқа айналып, бір жағы ата мекен қонысын тастап кететін кезеңдері де болған. Осындай бір айқаста Қыпшақ жағы жеңіліп, Ноғайлы дәуірінің жырауы атанған Қазтуған:

«Салп-салпыншақ анау үш өзен
Салуалы менің ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер», —

деп басталатын атақты Еділмен қоштасу толғауын айтқан.

Осы Қазтуған Қыпшақ руының ерлігін мадақтап, байлығын мақтамақ...

Бұнымен айтысатын ақын: «Ер Тарғын» қиссасында «бұл — өз өмірінде толғау айтып тоғыз ханды түзеткен кісі» деп келетін бүкіл қазақтың қамын ойлап өткен Сыпыра жыраудың ұрпағы Арғынның ардагері сексеннен асқан қарт Қотан.

Ел қамын ойлаған, ұлы сыншы Асан Қайғының бұл жыраулардың қайсысынан болса да еңсесі биік жатыр. Оның жыры қайғы тәрізді түпсіз терең, ел мұраты тәрізді мәңгі өшпес арманды, ана жүрегіндей мейірімді келетін...

Хан ордасының алдына кілең би, батырлар алқа-қотан отырғаннан кейін Асан Қайғы айтысты бастады. Ол алдымен өзі іштегі күйігін сыртқа шығара ел-жұртының қамын сөз етіп біраз толғау айтты. Халыққа тарап кеткен:

«Таза мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады» —

деп басталатын ұлы толғауын да осы жолы айтқан-ды. Бір бунап, бір босатқан науқастай, бойын қысқан жырын бітіріп барып «уф» деп демін алды. Енді ол бида орамалымен күн сүйіп, жел үріп, қатпарланған күсті маңдайынан сорғалаған терін сыпыра сүртті. Содан кейін барып жыраулардың мына отырған қауымға өз руларының қайдан шыққанын, аттары неден алынғанын таныстырып өтуін бұйырды.

Қазтуған жырау безілдеген домбырасымен бірге орнында байыздай алмай, арқасын жыр қысып, астындағы тай терісінен шығып, жорғалақтап дөңгелей, ащы дауысын бір шырқатып алды да:

Алаңда алаң, алаң бар,
Бата алмай жау алаңдар.
Сақтан шыққан Кейсақ бар,
Кейсақ — Қайсақ, Қыпсақ — Қыпшақ боп
Он екі атаға таралар, —

деп Мұхаммет пайғамбар тумастан мың жыл бұрын, Ескендір Зұлхарнайынды Жиделібайсынның жеріне кіргізбей тоқтатқан Сақ елінің патшалары фарсы жұрты кей деп атап, одан патшаның таңдаулы әскерін — кейсақ (патша сағы деген мағынада) деп, одан Қыпсақ туып, Қыпсақтың Қыпшаққа айналғанын бір толғап өтті. Содан кейін Жиделібайсын жерін хұнулар¹ алғанда Қыпшақтардың солтүстік суық жаққа Ертіс, Есіл бойына шегінуге мәжбүр болғаны, одан бес ғасыр өткеннен кейін түркі тұқымдас түркі, карлуктар-қарақалпақтар жайлаған Еділ, Жайық бойына ауғанын шырқай толғады.

Сөзді Асан Қайғы енді Қотанға берді. Қарт жырау қара күйектеніп кеткен кәрі қобызын, ботасы өлген іңгендей боздатып, қарлыққан кәрі даусымен:

Жусанды деме қараған,
Жұлдызды жарық ай деме,
Қытайдан шығып тараған,
Хұнуға қарсы қол шықса,
Жорықта болған маймене
А-лунь² — Арғын руы,
Қыпшақпен қатар жаралған, —

деп көне заманда Солтүстік Қытайдан батысқа қарай хұнулар (гунндар) аттанғанда Арғындар түркі тұқымдас елдерімен бірігіп бас көтергенін, ақыры этиль күшіне шыдай алмай, сонау Ертістен әрі Жоңғар тауына қарай көшіп, хұнулар өтіп кеткеннен кейін, Жетісуға келгенін³ асқақтата жыр етіп өтті.

Төреші Асан ұйықтап кеткен адамдай көзін жұмып ойға шома түскен. Ұлы сыншы ойын ешкім бұзар емес, құлаққа ұрған танадай бәрі бірдей тына қалған. Өлден уақытта Асан Қайғы көзін ашты.

Сұмырай, сұрқия, сұм заман,
Шақалы тұрған сұр жылан.
Өткені емес халқымның
Болашағы шер-мұңым...

деп ел-жұртының келешегін ойлап сәл қайғырып отырды да, қос жырауға бұрылды. Халықтың айтысты күтіп отырғаны есіне түсіп:

— Қазтуған жырау, баста! — деді.

¹ Х ұ н у — гунндардың қазақша аты.

² А - л у н ь — Арғын деген сөздің қытай транскрипциясы.

³ Оңтүстік Венгрияда қазылып жатқан этильдің астанасы Полонния қаласынан табылған өрнек, ескі мұра үлгілері қазақ, әсіресе Арғын руының үлгілерімен іспеттес. Қайсысы қайсысынан алды — белгісіз. Тек екі елдің бір мезгілде өмір сүргенін дәлелдейді.

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Кобышпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Қыпшақ елі, Орта Азия хұнулары — чұмхуну ұрпақтарынан, біздің дәуірімізден бұрын келе жатқан Европа халқы түстес, дінілі тайпасының күнбатыс бөлегі, көне сақтар сарқындысы, Қыпсақ деп аталатын рудан және көне Қангуй елінің қалдығы — қаңғылардан құрылған, түркі тұқымдас, Ертіс пен Тобыл өзендерінің арасындағы ағашты өңірді жайлаған, жау жүрек қалың жұрт болатын. Оныншы ғасырдың бас кезінен бастап, гуздарды (осы күнгі түрікмендер) оңтүстікке, печенгтерді (көне кенгерес елі) күнбатысқа, карлуктарды (қазіргі қарақалпақтарды) оңтүстік-күншығысқа, углерді (карелофиндарды) солтүстіктегі қалың орман арасына қуып, көне Қангуй жеріне келіп орналасқан. Сол күннен бастап сонау Еділ мен Ертістің ортасын Дәшті Қыпшақ жері не Қыпшақ даласы деп атап кеткен. Қыпшақтар он бірінші ғасырдың орта шенінде Днепр өзеніне келіп жеткен. Өзінің шекарасына келген елді орыс жұрты шаштарының сарғылттығына қарап «Половцы» деп атаған (Полова — кесілген сабан), ал батыс Европа елі — коман деген ат қойған. Бұл жау баққан көшпелі ел көршілес жұрттарына қырғидай тиді. Жат соғыс әдістері бұларды өте қауіпті етті.

Ғасырлар бойы әдеттенген тәсілдері бойынша, жауына жоқ жерден тиіп, заматта ғайып болып, үнемі ат үстінен түспей үйренген көшпелі елдің жігіттері соғысқа әбден үйренген, ұзақ жорықтарға шыныққан жау жүрек жауынгерлер еді. Жасынан садақ атып, арқан тастап баулынған, Қыпшақ сыпайлары ұшып бара жатқан құсты жақпен көздемей бір-ақ тартып түсіретін шетінен мерген келетін. Бұлардың негізгі қаруы садақ, иықтарына ілгені жебеге толған қорамсақ, қисық алдаспан және жау мойнына лақтыратын қыл арқан. Көпшілігі найза ұстайтын. Үнемі ұшы-қиыры жоқ жазық далада көшіп жүретіндіктен, дала бүркіттеріндей қырағы жаралған. Жауға бұлардан жасырынып қалу тіпті мүмкін емес-ті. Қас жағының әскерін көрісімен-ақ бұлар жақтарынан жебені қардай боратып, ат қоятын. Қарсы жағы берік болса, қорқып кеткендей жорта кейін шаба жөнелетін. Қашқан Қыпшақтарды жауы оп-оңай қуып тастамақ боп тұра ұмтылса, бір жасырын қойнауда тығылып тұрған мергендері оларды оқтың астына алатын. Күтпеген жерден мұндай жағдайға ұшыраған жау әскері сасып қалып сәл кідірсе, жаңа ғана қашып келе жатқан Қыпшақтар кенет аттарының басын кейін бұрып, қайтадан атой салатын. Мұндай тәсілге үйренбеген жау әскері быж-тыж болып қаша жөнелетін. Оларды Қыпшақтар арттарынан қуып жүріп садақпен атып, не болмаса болат алдаспандарын құлаштай сермеп қырып салатын.

Ал екі жақтың күші бірдей түсіп жаумен бетпе-бет кездесер жағдай туса, Қыпшақтар сап-сап боп бірнеше қатарға бөлінетін. Әдет бойынша алдыңғы қатардағы атты жауынгерлер саптарын сүйір ұшты етіп құратын. Бұл оларға жұмсақ жерге кірген қазықтай, жау шебін оңай бұзуға керек-ті. Әр топтың ара-араларына және арт жағынан шабуылға шыққан жауды кідірту үшін арбалар қоятын. Осы арбалардың артында керек кезінде ұрысқа түсуге дайын тұрған тағы да әскері болатын. Ал егер жау жағының күші басым келіп, шабуылды олар бастайтынына Қыпшақтардың көздері жетсе, соғысу тәсілін басқаша жүргізетін. Үстіне өгіз, түйе терілерін жапқан арбалардан дөңгеленте бекініс жасайтын. Арбалардың шетінде жағалай тұрып алып, шабуылға шыққан жауына оқ жаудыратын. Жау қай жағынан келсе де дөңгелене құрылған бекіністегі Қыпшақтарды ала алмайды. Өздері оққа ұшады. Оның үстіне Қыпшақтар әлгі арбадан жасалған дөңгелек бекіністерінің ара-араларында қисық-қисық жол қалдырып, жау күшінің әлсірегенін білсе, өздеріне таныс қисық жолдарымен жау шебіне ат қояды. Ал шабуыл жасаған жау бұл жолдарды пайдалана алмайды. Шауып келіп кіремін деген жауынгер екпінімен кеп алдындағы арбаны соғып, быт-шыты шығады. Ал әлдеқайда кіре қалған етрат¹ бұрандап жатқан жолмен бекініс ортасындағы шепке жеткенше Қыпшақтың бірер жігітінің шірене тартқан садағының сауыт бұзар жебесіне душар болады. Тіпті таяп қалса найзағайдай жарқылдаған наркескенінен қаза табады. Ал арба арасындағы қисық жолдарды Қыпшақ жауынгерлері мейлінше еркін пайдаланатын. Жау күтпеген жерден, тал арасынан шыққан жолбарыстай, лып етіп пайда болып, садақ оғын жаудырып-жаудырып жіберіп, қайтадан кіріп жоқ болып кетеді. Басына жүген киіліп, үстіне ер түскенінен бұл әдіске машық болып үйренген Қыпшақ жылқылары еш уақытта әдет алған жолынан жаңылыспайды. Қамыс арасымен сусылдап өткен жыландай, арбалар арасынан қалай болса солай өте шығатын. Мұндай әдіске дағдыланбаған жау аттары екпінімен кеп, ең бірінші бұрылыста-ақ арбаға соғылып, арындап барып шалқасынан түседі. Соңынан келе жатқан жауынгерлер жолы бөгеліп тоқтап

¹ Е т р а т — көне түркі тілі, жауынгер деген мағынада.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Кобытенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

қалатын. Осы сәл аял Қыпшақ жігіттеріне жеткілікті. Құлаштап тартқан қайың садақтан ысылдай атылған ажал жебелері кімді болса да ат үстінен ұшырып түсіреді.

Қыпшақтар бұл бекіністерін өздеріне қолайлы жерге орнататын. Егер таңдаған жерлері алда-жалда қауіпті болса, бір қалтарыста, не ымырт үйіріле дағдыланған әдет бойынша арба жетегін үзеңгілеріне іліп алып заматта бөтен жаққа көшіп кетеді. Жау орнын сипап қалады.

Осындай жылжымалы бекініске орналасқан Қыпшақтарды жау ала қоям деп дәмепейтін. Өгіз, түйе терілерімен жабылған арба қорғанына Қыпшақтардың бекінгенін білсе, әдетте жау ұрыс ашпайтын, өз бетімен кейін шегінетін.

Бірақ Қыпшақтардың ашулы тасқыны орыс қалаларынан әрі аспады. Тек кейбір толқындары ғана Еділ бойлары мен Византияға жетті. Бірақ одан аса алмады. Ұлы Россия көшпелі елдің шабуылынан өз жерін кеудесімен қорғап, әдеті бойынша Европаны тағы бір апаттан сақтап қалды.

Қыпшақтар осы жүз елу жыл жүргізген шапқыншылығында Киевтен бастап Россияның көп қаласына қауіп туғызды. Ал орыс князьдарының бастары қосыла бастаған күндерден кейін, кешегі қабыландай қайратты, жансебіл жандар, кенет құдайдың қарғысы ұрғандай, бастарына сор нәсердей жауып, сан мәртебе мерт болды. Әсіресе бір мың елу үшінші жылдан бір мың бір жүз жиырма бесінші жылға дейін өмір сүрген Переяславль мен Киевтің ұлы князі Владимир Мономах бытырап жүрген өзге орыс князьдарының басын қосып, Қыпшақтарға қарсы шабуыл ұйымдастыра алды.

Одан Қыпшақтар бір мың он бесінші жылы оңбай жеңілді. Содан бері бұл қаһарлы тайпа орыс жеріне шын қауіп болудан қалған.

Міне, осы Қыпшақтарды қазір арқалы жырау қарға бойлы Қазтуған мақтауы керек. Бейбітшілік пен тыныштықты, сұлулық пен ойшылдықты сүйетін ұлы сыншы Асан Қайғы Қыпшақтардың тарихына қанық-ты. Қазір ол тыныш елдерге бүйідей тиген бұл шапқыншыл елді жүйрік жырау қай жағынан мақтар екен деп мүлги күтіп отыр. Оған Қотан қарт не айтпақ? Қыпшақтың ерлігіне қандай мін тақпақ? Шапқыншылықты, ерлікті мұрат көрген мына қу заманда жұрт оның ойына түсінер ме?

Қазтуған, Асан Қайғы күткендей әйгілі арғы бабасы Қара Қыпшақ Қобыландыға бір тоқтап, Қыпшақтың шапқыншыл ел екенінен бастады. Қарағай кәрі домбырасын лақтыра безілдетіп, арқасы ұстап, Қазтуған жырау домбыраның күйімен өзі бірге шалқып малдас құрған қалпында кенет ытқи алға бір ұмтылып, қайтадан отыра қап құйрығымен шыр көбелек айнала тепеңдей жылжыды. Ханның сол жағында отырған қазіргі Қобыланды батыр арғы бабасы Қара Қыпшақ Қобыландының атын естігенде, шоқтығы өзгелерден анағұрлым жоғары көтеріліп, бір масайрап қалды. Қыпшақ жағының адамдары Қазтуғанның жырынан делебелері қозып, нақ өздері жүз елу жыл ерлік еткендей у-шу жырауға қошемет көрсетті.

Асан Қайғы Қотан қартқа бетін бұрды.

— Сөйле, жырау, — деді.

Қалың ойға шомып кетіп басын төмен салып үн-түнсіз отырған қарт жырау, шапқан дүбірді естіп, тыпырши қалған кәрі тарландай, кенет басын көтеріп алды. Сол сәтте-ақ қыл қобыздан күй аңырап қоя берді. Ақтарыла сарнаған қобыз үнімен бірге, бір кезде құлаққа жағымды қоңырқай, қазір кәріліктен өңі бұзылған Қотан қарттың қарлыққан даусы да шықты. Ол: — Өлімнен қорықпау ерлік емес, ерлік өмірді қорғау, — деді. Жырау шын батырлық біреудің жерін шауып, елін тонауда емес, өз жерінді, өз елінді жаудан қорғаудан туады дей келіп, аз бола тұрып көпке шапқан, Қазтуған мақтаған Қыпшақтың көп бола тұрып аздан қашқан кездерінің болғанын айтты. Жырау таққан кінәні естігенде бастығы Қобыланды батыр болып елеуреп қопандай қалды.

— Қашан? Қай жерде? — деген де шу шықты. Қарт тайшы оларға аяй қарап, Қыпшақтар өздері ұмытқанмен өзге рулар сақтап қалған «Қыпшақ қашқан» хикаясын естеріне салды.

Қыпшақтар алты құлаш Шерухан бастаған бір аттанысында Чернигов қаласын алмақ болған. Чернигов әскері қарсы шыққан. Бір мың алпыс сегізінші жылдың алтыншы айында екі әскер Деснаның таралуы Синави өзенінің жағасында кездескен. Орыс әскерлері үлкен ерлік пен табандылық көрсетіп, үш мың адамнан Қыпшақтың жиырма мың әскері жеңіліп, кейін қашқан. Көбі әбден қатып болмаған өзеннің мұзы ойылып кетіп, ат-матымен суға кетіп, бықырт тигендей қырылған. Осы ұрыстан кейін іле-шала орыс жерінде ғажайып ақ түтек боран тұрып, қалған нөпір топ жолдан адасып, елдеріне жете алмай үсіп өлген. Бұны артынан қазақтың басқа рулары «Қыпшақ қашқан» ұрыс деп атаған.

Қыпшақ жағы енді басылып қалды. Арғын тобы, «Пәлі, кәрі тарланым, аяғын қалай-қалай тастайды!» деп Қотанды қошаметтеп көтеріле түсті. Бірақ әр мінезді, жалын жанды Қазтуған Қотан толғауынан мойымады. Қамшы тиіп, ырши түскен жүйріктей, енді тіпті долданып кетті. Қарағай домбырасын аспанға лақтырып, аруағы ұстап, жыр дабылын үсті-үстіне дақырата ұрды.

— Шерухан ханды жақсы қармадың, абыз жырау, — деп бастады ол жаңа толғау ырғағын. «Алып бойлы Шерухан» деп орыс елінің өзі қыса еткен Шерухан ханның ерлігіне, шапқыншылық ісіне бір қыдыру тоқтап өтті. Содан кейін қарға бойлы Қазтуған орыс қалаларын шапқан Бонақ, Тұғырхан, Қотан, Шерухан, Кончак, Сүрбөрі, Құнама, Сүңгір, Көбек, Торсық тағы басқа Қыпшақ хандарының әрқайсысының жауынгерлігін, ел аузында аңыз болып жайылған жорықтарын дәріптей келіп, «өз елдері түгіл бөтен елдерге өлмес аңыз қалдырған осындай хан мен батырлар тудырған Қыпшақты кім қор санар?» деп о жарлана жырын тоқтатты.

— Сөйле жырау, — деді Асан Қайғы Қотанға:

— Бөтен елге бұл хандар аңызымен бірге, жаман аты мен сүйектерін де қалдырды, — деп бастады бұл жолы толғауын Қотан қария ырық бермей. Жаңағы аты аталған хандардың көбінің шапқалы барған жерінің князьдерінің қолынан өлгендігін айта келіп, Қотан жырау «Өз жерінің топырағы тас болып па еді бұларға! Не жетпеді соншама бөтен елден ажал іздерлік?» деген сұрақ қойды. Жайшылықта салмақты қарт, бұл жолы біреу шабынан түртіп, мазасын ала бергендей, қабағын кәрлене түйді. Енді ол өз сұрағына өзі жауап берді. — Жоқ, зираттық екі құлаш жер оларға Қыпшақ даласынан да табылатын еді, — деді. Бірақ хандардың іздегені басқа. Адамның дүниеге өзі тойғанмен көзі тоймайды. Байыған Қыпшақ хандары байыған үстіне байи түсуді мақсұт етті. Тегін алтын, күмісті, асыл жиһаз дүниені, ғасырлап жинаған бөтен жұрт қалаларының қазынасын тонап алғысы келді. Алдарына салып айдаған мыңдаған малдан түсер пайда оларға аз көрінді. Ерлігі ішіне сыймағанынан емес, қанағатсыздығы мазасын алып, ажал түрткілеп, жорыққа шықты. Ақырында дүниеге тоймаған қос жанар, басқа елдің бір уыс қара топырағымен тойып тынышталды деп қарт ақын күңірене күрсініп, «жауынгер туған, Қыпшағым» зираттары жат жұрттың даласында қалған хандардың қылығын несіне дәріптейсің! — деп Қотан жырау жырын тоқтатты.

Қыпшақ жағында үн жоқ. Қобыландының екі беті түктеніп кеткен. Бірақ хан алдында ұстамды, үн-түнсіз. Сондықтан да, теңіз тулап, дауыл соқса да мызғымас, су жағасындағы жартастай, қозғалмай тұнып қалған. Тек Қазтуған жырау ғана сыр түйіп, бұрқ-сарқ тасығалы кезегін күтіп, тыпыршып әзер отыр. Ал төреші Асан Қайғыда да үн жоқ. Ол сонау Қыпшақ хандарының қанды жорықтарын ақыл таразысына салып ойға кеткен; әлден уақытта басын көтеріп, баяу ғана:

— Сөйле, жырау, — деді.

Қазтуған «Айт, шу!» деген бәйгі ұранын естіген қылаң құйрықтай, бірден аға жөнелді.

Бұл жолы ол домбырасын безектей ойнатып бір тізерлей отыра қап ащы айқайға салды. Күре тамыры білеудей боп, кең тамағы торғай жұтқан жыландай ісініп ап, толғауына кірісті.

— Ерлік — ежелгі салтым, — деді. — Алыс-жұлысқа жаратылған қанды балақ қыран құс, құр ұясын күзетіп отыра алмайды. Қыпшақ та сол қыран құс. Ол ерлік үшін жаратылған, — деп Қазтуған құлашын алысқа сермеді. Дәл осы сәтте қарсы алдында отырған жауы — қарт жырауға қона түсуге дайын, өзі де сол қыран құстың бірі тәрізді. Екі көзі қанталап, қалың қабағы жауар күндей түксиіп кеткен.

Даусын кеңнен алып, тағы да бір шырқап жіберді де «Осы ерлігінің арқасында Қыпшақ әлемге аян болды. Батыр жұрт Қоламан¹ патшаның кезінде Стамбулды да жау тырнағынан алып қалды» деп жырын бітірді.

Қотан мырс етіп езу тартты.

— Сөйле, жырау, — деді Асан Қайғы Қазтуғанның ағат кеткенін аңғарып, ұнатпай қалғанын жасырмай сәл қабағын түйіп.

Қотан қарттың күткен кезі осы мезгіл еді. Кәрі қыран енді Қазтуғанның құрыш денесіне сояу-сояу тырнақтарын қырш-қырш кіргізді.

— Орынсыз қан төккізгенді ерлікке кім санаған? — деп бастады ананы әжуа ете, қарт жырау. Қазтуған ақын паш еткен Қыпшақтар қатынасқан Стамбул оқиғасын Қотан қария жыр еткенде, қобыз үні құдды қан жылағандай аңырай шықты. Қарт жыраудың өзінің даусы

¹ Қ о л а м а н — Комнин — Византия патшасы.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кӊор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

да дәл бір өксігін баса алмай отырған қаралы адамның үніндей. Бұл хикаяны естіген жұрттың екі ұрты суалып, жақ жүндері үрпиісіп жүдеп кеткендей. Әбілқайыр хан көз қиығын Қобыланды батырға аударып еді, оның да басы төмен салбырай түскен екен. Қарт жыраудың сөзі жүректерін тырнап, көздерін жасқа толтыруға таяу тұрса да «Тоқтатыңыз!» деп бұйыруға бірде-бір адамның аузы барар емес. Ханның да, батырлардың да көмейіне құм құйылған.

Алтын күмбез мешіті, ақ мрамордан қаланған патша сарайларымен безенген, Босфор теңізінің жағасындағы Византия астанасы Стамбулға он бірінші ғасырда аса бір сойқан күн туды.

Еділ, Днепр бойларынан Қыпшақтар қуған торкі елі Дунай өзенінен өтіп Византияға жақындады. Византияның солтүстігін бұдан бұрын печенегтер басып алып, талан-таражын шығаруда еді. Ал Кіші Азияда Византияның қалаларын түрікмен сельджуктары мазалауда болатын. Стамбулдың сау қалуына екіталай күн туды. Бұл аздай, енді Стамбулға төртінші қас пайда болды. Ол қас — Дунай өзеніне жетіп қалған бөрте жылқы мінген Қыпшақтар еді.

Сасқан Византияның патшасы (императоры) Алексей Комнин Стамбулды қалай сақтап қалуды білмей өзінің ежелгі жауы Крестшілер мен Рим папасына «Константинополь» (Стамбул) торкілер мен печенегтердің қолына түскенше, сендер алыңдар» деп жәрдем сұрап хат жазды. Расында Византияға безбүйрек көшпелі тағы елдердің шапқыншылығы тым қорқынышты еді.

Византияның басына қан жауған осы бір қиын-қыстау кезеңде, печенегтер бірінші боп Стамбулдың іргесіне кеп тоқтады. Император Комнин «Қыпшақтар не дер екен? Егер олар печенегтерге қосылып кетсе, біржолата құрыдық» деп қан жұтып жүдеп жүргенінде, бір күні Стамбулдың солтүстік жағынан қаһарынан жан түршігетін Бонақ пен қанқұмар Тұғырхан қалың қолмен сау ете түсті. Олар «Жауды көрсет! Біз дайын!» деді. Алексей әлі де болса Қыпшақтардың күшін пайдаланғысы келмей, оларды кең сарайында күндіз-түні күтіп, ұрыс күнін айтпай кідірте берді.

Бірақ арақ-шараптан көрі, кісі қанын ішуді ұнататын Қыпшақ хандары императордың сән-салтанатты кең сарайында рақаттанып жатудан безіп, майданға шығып, қисық наркескендерін оңды-солды сермеуге асықты. Олар императорға: «Біздің енді күтер жағдайымыз жоқ. Ертең күн шыққаннан кейін, біз не қойдың етін, не қасқырдың етін жеуіміз керек» деді. «Бұлары біз ұрыссыз бос жата алмаймыз, ертең күн шыға сендермен қосылып печенегтермен соғысамыз» дегендері еді. Зәресі кеткен Алексей соғыс күнін айтты. Бұл қанды айқас бір мың тоқсан бірінші жылдың Көкек айының жиырма тоғызы күні болды. Қыпшақтар мен Стамбулдың әскері печенегтерді мықтап жеңді. Печенегтердің көп әскері тұтқынға түсті. Түнімен Қыпшақтар жеңісті тойлады. Ал, таңертең тұрғандарында... Кешегі тұтқынға түскен печенегтердің қырылып қалғанын көрді. Тұтқындар лагері қан сасиды. Нағыз қой бауыздағандай гректер оларды шетінен бауыздай беріпті. Талай қанды айқастарды бастарынан өткізген, қастасқан жауларын аяп көрмеген Қыпшақтардың да қолға түскен қарусыз тұтқындарға гректердің істеген айуандығынан төбе шаштары тік тұрады. Бөлісеміз деген олжаларына қарамастан, ертеңіне Қыпшақтар ат бетін кейін бұрған.

Қазтуғанның Стамбулды да Қыпшақтар аман алып қалды деп мақтаныш еткені осы оқиға еді.

Бұл оқиғаның қалай болғанын қарт Қотан айтып бергенде, отырған жұрттың үндей алмай қалуы да осыдан еді. Қанша қатыгез келсе де қолға түскен тұтқынды қыратын Қыпшақта дәстүр жоқ. Не болса да ұрыс үстінде, шабуыл үстінде болады. Ал мынау оқиға... Өздері істемегенмен, ата-бабаларының қарусыз жұрттың қырылуына себепкер болғандарын, айдалада жатқан Византия мен өздері жерін алып қуып жіберген түркі тұқымдас елдің таласына барып кірісіп, осыншама қан төккендерін, жырау сөзін тыңдап отырғандар рас қылмыс көрген. Қазтуған жырау да үндей алмай қалған. Тек Қобыланды батыр ғана Қотан ақынның жеңіп бара жатқанын сезіп намыстана, түнере түскен. Тыныштықты Асан Қайғының өзі бұзған. Ол аппақ ұзын сақалын баяу сипап, оңып кеткен көздерін сәл жұмып отырды да қайта ашты.

— Өз руыңның ерлігін енді, Қотан жырау, сен айт, — деді. — Қайсыңның жеңгенінді жұрт сосын естір...

Қотан қарт алдында тұрған сырлы аяқтан уыз сары қымызды бір жұтып орнына қайта қойды. Қобызын асықпай қолына алды. Мұздаған жанды жылытар, қобалжыған көңілді тыныштатар бір майда қоңыр күй тартты. Қарт жырау күйді ұзақ тартты. Жұрт ұйып тыңдай берді. Бір мезгілде барып қарт жырау қобыз даусына өзінің үнін қосты. Қария даусы бұ жолы

қарлығып қажымады, жаңағы жұтқан уыз қымыздың дуасы ма, әлде айтайын деген жырының қақ-соқтықсыздығынан ба, лебі биязы қоңырқай шықты.

— Арғын да алуан ел болған, келген жерге көнбеген, онда да талай ер туған, қазір қисса онда емес, — деді жырау ерекше, өзгеше сарынға салып, — қыран көкке қанатын қанша биік қақса да тізіліп бірге ұша алмас. Шаңқылдап айбат атса да, аққудай сыңсып ән сала алмас. Қыпшақ қыран болса, егер, Арғын — аққу көл көркі... Сойылдан гөрі қолына домбыра алуды паш санар. Ұран салып, жау іздегеннен ән шырқап жар сүйгенді ұнатар. Одан артық, әлеумет, айтшы қандай арман бар. Ел айырап ұрыстан, бейбітшілік, елдікті мұрат еткен бұл Арғын. Ән мен күйге орда боп қуантсам жұртты дейді бұл Арғын. Батыс түгіл, Қызылбас, Үндіге де Қыпшақ талай аттанған. Арғын одан аз емес, ерлігі бірақ өзгеше... Арғы бабам Басым елі¹ түркі тілдес жұртпенен тізе қосып, кептеле ту тігіп үш жүз жыл Танменен² алысқан. Анау асқар тауыңды, мынау шалқар көліңді сол қасыңа бермеген. Кілегей бұлттай жау төнсе, сонда ғана бұл Арғын алдаспанын сермеген. Асан Қайғы, аға ұлы, ендігісін өзің шеш. Ел болайық деген жұртымды адастың десең де айт. Кең болайық деген жұртыңды қателестің десең өзің айт.

Арғын³ тайпасы да, Үйсін руы тәрізді, Тянь-Шань сақтары мен аргиппейлер қалдығынан құрылған, көне түркі қауымына кірген. Соңынан Жоңғар тауынан Жетісуға ауып, «қырық ру» қатар көшіп, қытай династияларымен сан күрескен. Қытайлардың Арғынды хұнумен шатастырулары да содан.

Қотан жырау осылай толғап, талықсып кеткен адамдай қобыз күйін бәсеңдете барып бітірді.

Жұрт тағы да үн-түнсіз тына қалды.

— Мың жаса, атажан, — деді кенет қайратты бір жас дауыс, — Дария тоқтаған бөгетті бұзып, суды тасыту бір адамның қолынан келеді. Мүлгіп тұрған орманға шақпақ тастан от беріп, телегей-теңіз өрт шығару о да бір адамның атқара алар ісі. Сол тасыған суды тоқтату жүз адамның да қолынан келмейді. Тоғайды алған қалың өртті мың адам да сөндіре алмайды. Ерлік көрсетіп ел-елдің арасын бүлдіру қай рудың қолынан болса да келеді.

Бүлінген жұрттың басын қосып, ел ету тек халқына жаны ашыған ұлдарының ғана қолынан келеді. Олардың қолынан әзірге елді біріктіру келмесе де, сол елді біріктіру — арманы. Сол арманды мына қауым алдында жайып салғаныңыз үшін, Арғынның ардақты ұлы, жырау Қотан ата, сізге жас болсам да өз есімімнен алғысымды білдіремін.

Жұрт осы сөздерді айтқан жігітке қарай қалды. Бұл жігіт Жәнібек сұлтанның баласы Қасым еді. Ұзын бойлы, қошқар мұрын, ақ сұр жігіт өзіне қадала қалған самсаған жандардан қайыспай, көзі шоқтай жайнаған қалпында, отырған орнынан қозғалмады. Үстіне бадана көз кіреуке киген, хан алдында суырыла сөйлеген осынау жас батыр кенет жұртқа ұнай қалды. Ал ұнатпағандар Шыңғыс ұрпағына «өзіңнен үлкендер отырғанда, сенің сөйлеуің ерсі» деп айта алмады.

Әбілқайыр оған бажайлай көз тастады. «Бұрын қалай назар аудармай келгенмін, — деді ол ішінен, — Жәнібек сұлтанның мына баласы болайын деп-ақ тұр екен! — Ол ақырын езу тартып жымыды. — әрине, оның дегеніне өзге сұлтандар жеткізсе».

Ойға шомып кеткен Асан Қайғы енді басын көтерді.

— Бейбітшілік әрқашан халықтың көкейкесті мұраты, сен сол халық мұратын көксеп отырсың, Қотан жырау, — деді. Бас бәйге сенікі, — енді ол Қазтуғанға қарады, — елдің елдігін, ердің ерлігін мадақтау о да бір паш өнеге, бірақ ерлік ел шабуға бағышталса езгілікке айналады. Демек, Жейхұн өзеніндей тасыған жырың үшін орта бәйгені саған ұсынар едік, от ауызды, орақ тілді Қазтуған жырау, бірақ ақылгөй Қотан қарт Қыпшақтың өзге елге еткен қиянатын бетіңе басып, тұсаған жылқыдай өрісіңді кеңіттірмеді. Сол себептен әлі де айтылмаған жырың қалған іспеттес. Қыпшақ құр ғана басқа елдерді шауып қойған жоқ қой, өз елін қорғағандағы ерлігін естісек дер едім...

Бас бәйгені алған Арғын жағы шат-шадыман боп тасыды. Аталы сөзге тоқтап үйренген жұрт Асан Қайғы шешіміне риза екенін білдірді. Асан шешімін Қазтуған да әділетті көрді. Жеңіліп қап пәрмене болдым демеді. Тек Ақжол бимен бақ күндес Қобыланды батыр ғана намыс оты күйдіріп тақат ете алмай, іштей алай-дүлей.

¹ Б а с ы м е л і — «қырық ру» Арғынның арғы атасы.

² Т а н — Қытайдың Тан династиясы (VI—VII—VIII ғ.ғ.)

³ А р ғ ы н (көне түркі тілінде Арғұн) — ұлы, көп санды деген сөз.

Ильяс Есенберлин. «Алмас Көбелі» (Көбіленділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кӛр», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Айтыс тізгінін қолына ұстаған Асан Қайғы әлі де қызу отырған Қазтуғанды тежегісі келмей:

— Сөйле, жырау, — деп домбырасын ұстаттырды.

әбден қызып алған Қазтуған күттірмеді. Әбілқайыр ханға қарап домбырасын қағып-қағып жіберіп:

— Қалған жырды тағы да тарих өзі жырласын, Қазтуған жырау аузынан әлеумет тек тыңдасын. Құлаққа жағымсыз жай болса, кешіре көрсін, хан ием, — деп жырау өзінің айтар сөзіне рұқсат сұрады ханнан.

Қарапайым ел қамын ойлаған, қызыл тілін қару еткен қазақ жыраулары әрқашанда өз ойларын ашық айтқан.

Бірақ... «аталы сөзге арсыз тоқтамас», дәуірінде ханға да шындықты тыңдау бір ғанибет іс еді. Сол салттан шыға алмай Әбілқайыр да:

— Ақын ел еркесі, айта бер қорғанбай жырыңды, — деді салғырт, Қазтуғанның айтар сөзінен күйінерін күн бұрын сезсе де кеңпейіл көрінбек боп.

Қазтуған жырау әсем кесілген жорғадай толғауын емін-еркін бастап кетті. Аздаған үзіліспен бір ғасырға жуық жүргізілген Шыңғысхан және оның ұрпақтарының шапқыншылығы бір мың екі жүз алтыншы жылы Монғол мемлекеті құрылысымен-ақ басталған. Осының алдында ғана өзін Шыңғысхан деп атаған, әкесі қияттан, шешесі та-та¹ елінен шыққан Темучин құр ғана монғолдардың өзара таласын басып қойған жоқ, ең алдымен монғол елімен аралас Керулен, Аргун, Онон, Орхон өзендерінің бойында көшіп жүрген Керей, Найман руларын жеңіп алды.

Бір мың екі жүз жетінші жылы монғолдар Енисей өзенінің жоғары жағы мен Селенгі өзенінің солтүстік тұсын жайлаған ұсақ елдерді жаулауға кірісті. Осы аттаныстарының арқасында Шыңғысхан әскерін қаруландыруға өте маңызы бар, темір өндіру өнеркәсібіне бай өлкеге ие болды. Сол жылы-ақ Шыңғысхан Орталық Азиядағы Си-Си деп аталатын бір кезде Қытайды тітіреткен тунгус мемлекетін өзіне қаратты. Жауынгер атты әскерін қосып өзінің шебін көбейтті. Содан кейін олар, жер мойны қашық Шығыс Түркістандағы ұйғырларды бағындырды. Осы кезде монғолдар қырғыз, бурят, ойрат секілді Оңтүстік және Орталық Сібірді жайлаған бірталай елдеріне дүрк тиді. Бір мың екі жүз он бірінші жылы Шыңғыс қалың қолмен Қытайға аттанды. Үш жыл соғысып ақырында Пекинді алды. Енді Шыңғысхан екі жүз мың әскермен Орта Азияға бет бұрды. Хорезм шахы Мұхаммед монғолдарға қарсы тұрарлықтай әскері болғанмен, бетпе-бет келіп айқасудан бас тартып, бар күшін жеке қалаларын қорғауға бөлшектеді. Соның салдарынан Шыңғыс әскері Хорезм, Самарқанд, Мерв, Бұқар — бәрін жеке-жеке шапты. Бұл оған Орта Азияның бар әскерімен қан майданда бетпе-бет кездесуден жеңіл түсті. Бір мың екі жүз он тоғызыншы жылдан бастап үш жылдың ішінде Шыңғысхан әскері бүкіл Орта Азияны өзіне бағындырды. Орта Азия халықтары басқыншыларға қарсы сан рет көтерілді, бірақ монғол хандары олардың көтерілісін қан-жоса етіп, басып тастап отырды.

Осы жылдары Жошы әскері қазақтың көп жерін алып, Ертіс, Есіл, Тобыл, Нұра өзендерінен өтіп Ұлытауға келіп туын тікті. Орта Азияны шауып болғаннан кейін, Шыңғысхан Қыпшақ елімен шекаралас Шығыс Европаны жаулап алуға кірісті.

Жебе мен Сүбітай баһадурлар басқарған отыз мың әскер бір мың екі жүз жиырма екінші жылы солтүстік Иран арқылы Азербайжанды қанға бояды. Енді кезек грузиндікі болды. Бес миллионға жуық Грузия халқының жан аямай қарсыласуына қарамай, Жебенің құрған айналасының арқасында бір күннің ішінде отыз мың әскерін қырып, монғолдар солтүстік жағынан Дербентке таяды. Бұл арадан өту оңай болмағандықтан монғолдар Ширван шахқа «Сендермен бейбітшілік бітім істеуге бірнеше адам ғана келдік» деп кісі салды. Ширван шах алдағанды білмей, басты он адамын жіберді. Монғолдар біреуін өлтіріп, қалған тоғызына: «Егер де сендердің өлгілерің келмесе жолды көрсетіңдер» деді. Олар қорыққанынан Дербенттің қиялы жартас, тұңғыық құзды, ыңғыл-жыңғылды ұры сайлары арасымен монғолдарды аман-есен солтүстік Кавказға жеткізді. Солтүстік Кавказда тұратын алан жұрты «монғолға бірігіп қарсы тұрайық» деп Қыпшақтарды болысуға шақырды. Қыпшақтың қалың атты әскері аландарға келіп қосылды. Монғолдармен үлкен айқас болды. Екі жағы тең түсті. Қайтадан ұрысқа дайындалды. Алан мен Қыпшақты жеңе алмайтынына көзі жеткен монғолдар Қыпшақтарға көп тартумен «сендер бізбен қандас елсіңдер, аландар

¹ Та-та (қытай тілі) — Монғолия мен Манчжурияның күншығыс жағындағы жауынгер ел. Нағашы жұрты болса да Шыңғысхан жаулап алған, әйгілі татар деген сөз осыдан шыққан.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «И. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

бөтен жұрт, біз сендермен бітімге келеміз, оларға болысушы болмаңдар» деп кісі салды. Монғолдың алтын-күмісіне қызыққан Қыпшақ батырлары аландарды тастап кейін шегінді. Жалғыз қалған аландарды монғолдар қан-жоса етіп қырды.

Ал Қыпшақтар «Бітімге келісетін болдық, бізге тимейді» екен деп әскерлерін үйді-үйіне таратып, жайбарақат жата берді. Сол уақытта алаңдарды жеңген монғолдар, сау етіп бұлардың еліне жетіп келді. Әскерін таратып жіберген Қыпшақтар монғолдарға төтеп бере алмады. Бірі Донға, бірі Қырымға қашты. Осы уақыттағы Қыпшақтардың ханы Қотан¹ орыстарға кеп «маған туған күн саған да туады, бірігіп монғолға қарсы шығайық» деп өтінді. Орыс князьдары уәдесін береді. Сол күннен бастап Қыпшақ елінің басқыншылармен ауыр айқасы басталды.

Бейбіт елдерді қан жылатқан Шыңғысханды суреттегенде, бір қара албасты құбыжық келе жатқандай қобалжи, алан жұртын сатып кеткен Қыпшақ хандарының опасыздығын жыр еткенде, қарабет болған жандай көзін жерден алмай қиналып зар шеккен Қазтуған жырау, толғауының Шыңғысханға тиер жеріне жеткенінде тіпті зәрленіп кетті. Бауыры қызған бәйге атындай серпіліп сала берді. Жауына қарсы шыққан орыс, Қыпшақ жауынгерлерінің дәл ортасында өзі келе жатқандай, қарағай домбырасын дүбірлетіп, көзінен жалын атып, қаһар төкті.

Орыс, Қыпшақ болып бірігіп, басып алғалы аттанған жауына қарсы шыққанын жырлағанда ер көңілді батыр жыраудың үнінен мақтанған, қуанышты, адамды қанды кекке шақырар бір құдіретті саз естілді. Осылай шалқи қалған Қазтуған Қалқа ұрысын айтқанда кенет «әттең, әттең!» деп күңірене күбірледі.

Бір мың екі жүз жиырма үшінші жылы мамыр айында Днепр өзенінің жағасындағы Олешья деген жерде орыс, Қыпшақ әскері жиналды. Бұған бар әскерімен Киев князі Мстислав Романович, Галич Мстислав Мстиславович, Чернигов князі Владимир Рюрикович, тағы басқа Чернигов князьдары мен Қыпшақ хандары тегіс келді. Бұдан басқа Смоленскіден, Курскіден, тағы бөтен орыс жерлерінен көптеген жауынгерлер қосылды. Мұндай нөпір әскер орыс жерінде бұрын бас қосып көрмеген-ді.

Калка ұрысы деп аталып кеткен монғол, орыс, Қыпшақ қырғынын тарихшы Рашид-ад-Дин былай деп жазады: «Орыс пен Қыпшақтар дайындалып көп әскер жинады. Жауының көп екенін көріп монғолдар кейін шегінді. Монғолдарды қорыққанынан шегінді деп ойлаған Қыпшақтар мен орыстар оларды жиырма күн соңынан қуды. Кенет монғолдар аттарының басын кейін бұрып алып, қуып келе жатқан әскерлердің қосылуына мүмкіндік бермей, біразын қырып салды. Бір апта бойы ұрысты, ақырында Қыпшақ пен орыстар шыдай алмай қашуға мәжбүр болды. Монғолдар соңдарынан қалмай өкшелеп, қалаларын қиратып, жұртын бастырып жіберді».

Калка өзенінде орыс пен Қыпшақ әскерінің жеңілуінде анығында екі себеп болған-ды. Днепрден өтіп сегіз күндей жауын қуған орыс пен Қыпшақ полктарының арасы тым алыстап кеткен-ді. Осы жағдайдан отыз бірінші мамыр күні Калка өзенінде тобын жазбай қарсы атой берген монғол әскеріне бұлар бас қосып қарсы шығатын мүмкіндіктері болмаған. Әйтсе де Галич князі Мстислав Мстиславович өзімен ала көз Киев князі Мстислав Романовичты хабарландырмай, Қыпшақтармен бірігіп қан төгіс айқас ашты. Монғолдардың алдыңғы шебін жеңіп, бас күшіне шабуыл жасады. Ұрыс өте қатты болды. Қан судай ақты. Бірақ бұл ғаламат айқасты ең алдымен Қыпшақтар бүлдірді, олар ежелгі тәсілі — қашқан болып жауды ертіп, арттарында күтіп тұрған әскерінің қолына түсіретін әдеттеріне салмақ боп кейін шегіне бастады. Бір тобы шегініп еді, оған өзгесі асыға қосылды. Бұны көрген орыс полктері де кейін тым-тырақай босты. Ақырында, соңынан түре тиген монғолдарға қарсылық істей алмай қалды. Бұл — орыс, Қыпшақ әскерінің жеңілуінің бір себебі. Екінші себебі орыс князьдарының өздерінің ала ауыздығы еді. Галич князі Мстислав Мстиславович Қыпшақтармен бірігіп қанды қақпаннан қалай құтыламыз деп монғолдармен қырылысып жатқанда, Киев князі Мстислав Романович өзен жағасындағы биіктікте «менсіз сендердің қалай соғысқандарыңды көрейін» дегендей, өзінің көп полкімен тұрып қалды. Ал жаулары Галич полктары мен Қыпшақтарды жекелеп жеңіп, енді Киев полктарына келіп тиіскенде, қаптаған монғолға Мстислав Романович төтеп бере алмады. Адырдың жан-жағынан қоршап алып, өзіне төнген монғолдармен үш күн айқасқаннан кейін, олардың «өмірлеріңді сақтап қаламыз» деген сөзіне сеніп екі баласымен жауына берілді. Әрине, монғолдар алдаған-ды, қолға түсісімен князьді балаларымен бірге ай балтамен шауып өлтірген. Қазтуған

¹ Қотан хан — орыс тарихында Котаян хан деп аталады.

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

жыраудың: «әттең, әттең!» деп өкінуіне құр ғана Қыпшақтардың қашқаны емес, монғол қандыбалақтыларының алдауына аңқау батырлардың талайының көніп, сан ұрыста ұтқызған өкініші де бар еді.

Монғол нояндарының соғыс жүргізу әдісі де, жауын алдап түсіру айласы да өздеріндей көшпелі ел Қыпшақтардікіне кейде ұқсағанмен, тегінде ерекше келетін. Монғол әскерінің оннан тоғызы бөтен ұлттардан, өздері жеңген елдердің жігіттерінен, сатылған бұзық, қарақшылардан құрылған. Бірақ бәрі бірдей темір тәртіпке бағынған. Темір тәртіп бұл жер сілкінткен қалың әскердің тек өзіне ғана тән ерекшелігі. Екінші ерекшелігі оның басқа елді шабу, бағындыру, айла-әдістерінде. Монғолдар бір елді шабар болса, ең алдымен ертөлелерін жібереді. Олар өрт салмайды, дүние-мүлік тонамайды, тек шабатын елдің адамдарын өлтіреді, ең болмаса қорқытып қашырады. Сөйтіп, қанқұмарлықтарымен тыныш жатқан елдің күні бұрын зәре-құтын алады. Содан кейін барып қалың қолмен шабады. Бұл жолы ештеңені де аямайды. Қолға түскен қаланы өртеп, қиратып, дүние-мүлкін талайды, тек құлдыққа сатуға, не мал бағуға, өйтпеген күнде өнер-өрнекке жарайтын шеберлері болмаса, қатын-балаға қарамай қырады. Кешегі салтанатты қаланың орнына күйреген кірпіш, тас-талқан болған құр сілімтірін қалдырады. Гүл-гүл жайнаған бау-бақша, жасыл егіні жайқалған ну даланы құлазыған қу тақырға айналдырады. Содан кейін барып өздері шауып кеткен жерлеріне жаршыларын жібереді. Олар тығылып қалған адамдар болса, жасырылған қазына болса, бәрін тауып нояндарына жеткізеді. Әскер басы баһадурлар осы жаулап алған қала, далаларына әкім етіп өздерінің адамдарын қалдырады.

Егер қала мықты қамалға айналып, өздігімен берілмесе, монғолдар бекініс алатын тас атқыш катапульттерін салады. Қамал қабырғалары берік боп тас атқыштар ештеңе істей алмаса, қалаға кіретін үңгір-ладыз қазады. Сөйтіп, күтпеген жерден түн ортасында, не таң ата шаһардың ішінен, не бекіністің арғы бетінен шығады. Аянбай соғысады. Ал, қала халқы тым сақ болып бұндай жағдайға жеткіздірмейтінін білсе, қаланың жанынан ағып жатқан өзен, дарияларға бөгет сап, су арнасын өзгертіп, халықты суға тұншықтырады.

Мединаны алғаннан кейін оның белгілі бек, хакім, би, батыр, оқыған адамдарына рақым етпейді. «Қарсыласпай өздерің берілсеңдер сендерге тимейміз» деп аналарды қарсылықсыз қолға түсіріп ала қалса да шетінен бауыздайды, тірі қалдырмайды. Бұл — шауып алған елге Шыңғыс ханның орнатқан жалпы тәртібі. Ұлы қанішерлер ойынша «басып алған жерде тыныштық болу үшін ол араның ең алдымен басты адамдарын құрту керек. Олар қорыққанынан «бағындым» десе де ыңғайы бола қалса халықты қарсы қойғысы келіп тұрады. Қоя алады да. Рушылық заманда қандай халық болмасын, өзінің басты адамдарының соңынан ереді. «Ал ол басты адамдарын құртып жіберсең, бассыз тобыр ештеңе істей алмайды, басы жоқ дене тірі дене емес, өлі дене».

Шыңғыстың бұл қатал заңын білмеген ел бастайтын хандар өз жандарын аман алып қаламыз деген үмітпен күресер жерінде күреспеді, халық соңдарынан еріп, «жауыңызға қарсы шығуға бармыз» дегенде, қорықты. Ақырында өздері қырылды, халықты да қырғызды.

Осылай алданғанның бірі Киев князі Мстислав Романович еді.

* * *

Монғолдар қарсы жақтың қаласын алу үшін ештеңеден де тартынбайтын. Өлтірген адамдарының майын шыжғырып алып жауы тығылған үйлерге құйып от салу (адам майы ұзақ жанады) не бекініс қабырғасы берік шаһарлардың үстінен грек отын — құм аралас мұнайдан істелген жанғыш затты лақтырып, адам көзі қимас ғажайып сұлу мешіт, шіркеу, патша сарайын өртеу, жан түршігерлік зұлымдық, айуандық қаныпезерлік, алдау дегендердің бәрі де қатар жүретін.

Шапқыншылар әскерлерінің тағы бір қасиеті жылдамдығы еді. Құлынынан бастап ұшы-қиыры жоқ монғолдың құмайт даласында босып өскен жылқы мінген Шыңғыс атты әскерінің бір тәулікте елу фарсат алуы тіпті таң қаларлық іс емес. Бар ұрыс саймандарын, қазан-ошақ, жататын үйлерін тиеген арбалары мен бекіністерді алатын катапульті ауыр көшінің өзі де күніне отыз-қырық фарсат жер жүретін. Бұның бәрі монғол жылқысының төзімділігі мен жауынгерлерінің салт атқа жасынан дағдыланғанынан еді. Осы қасиеттерінің арқасында монғол әскері күтпеген жерден жауының дәл қасынан пайда болып, не күндіз ұрысқан қолының бір түнде басқа жағынан шығып, керек болса қаша жөнеліп, қара үзіп кете беретін. Монғолдың бұл әдісіне тек Қыпшақ жігіттері ғана төтеп бере алатын. Бірақ олар аз, екі жүз

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Кобышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

мың монғол әскеріне қырық мыңға жетер-жетпес Қыпшақтың салт атты сыпайлары не істей алады?

әйтсе де сонысына қарамай, Қыпшақ, Керей, Найман тәрізді рулар монғолдарға оңайшылықпен көнбеді. Жерін, елін қорғап ұзақ күресті. Калка өзеніндегі айыбын сан мәртебе ыстық қанымен жуды, асыл ұл-қызының үзіліп кеткен жүректерімен ақтады.

Қазтуған жырау осы монғол шапқыншыларымен алысқан Қыпшақ әскерлерінің ерлігін толғағанда нағыз бір жүйрік атқа мінгендей, көңілі лепіріп, ұшып-қонып қансорпа боп бір орнында отыра алмады. Бір мезет Бошман жырына келгенде тіпті аруақтанып кетті. Бошман — Қыпшақ батыры еді. Иран тарихшысы Джувейни айтқандай: «Қисық қылыштан тірі қалғанның бәрі тағдырдың дегеніне көніп, мойынсұнғанда да» Бошман батыр монғолдардың ырқына көнбеді. Елінің тәуелсіздігін, жерін, суын қорғап шапқыншыларға қарсы шықты. Өзі секілді монғол қолына түспей құтылып кеткен бірнеше батырларды жинап, «Қанға қан! Кекке кек!» деп жауларының жеңіл-желпі жасақтарын құрта бастады. Басқыншылардан кек алуға болатынын ұққан Қыпшақ жігіттері жүздеп келіп Бошманға қосылды. Бұны көріп, Еділ бойындағы уақ ұлттар: башқұрт, алан, бұлғарлар да бас көтерді. Бошманның үлгісінің өте қауіпті екенін түсінген Бату әскерінің қолбасшысының бірі Мөңке Бошманды тез ұстауды бұйырды. Бірақ Бошман ұстатпады. Оның қатары күннен-күнге көбейе түсті. Бошман қатары көбейген сайын, монғолдардан да береке кете бастады, жоқ жерден шабылған көрен¹, бүлінген жасақтар саны молайды. Бошманды ұстаймын деп енді Мөңке қаһарына мінді, ал аяулы ер Еділ бойының қалың ағашының арасына кіріп ап, басқыншылар шебіне тиісумен болды. Ақырында Мөңке інісі Бөшек екеуі әр кемеге жүз қарулы жауынгер отырғызып, екі жүз желкенменен Еділ бойымен төмен ағып, өзеннің екі жағын бірдей қарап шықты. Бошман бұған да ұстатпады. Еділдің ортасындағы ат көрінбес анақурайлы бір аралға бекініп ап, жағасына жау желкендерін жуытпады. Мерген Қыпшақтар желкен үстіндегілердің басын көтертпеді. Қарсы жағы Бошманды ала алмайтындарына көздері жетіп, енді әрі қарай жүрмек боп тұрғандарында кенет адам айтқысыз қатты жел тұрып, аралдың бір жағындағы суды қуып, біраз жерін қарайтып тастады. Мөңке осы күтпеген қара қатқақ жол арқылы аралға бар әскерін төкті. Мың қаралы жауынгерлерімен Бошман батыр қолға түсті. Монғолдың бір нояны Мөңкенің жарлығы бойынша Бошманды балтамен қақ жарып өлтірді.

Елін шапқыншыларға көтере білген Бошман батыр өз ісін істеп кетті. Оның көтерілісі біткенмен іле-шала Баян мен Жықу атты бұқарадан шыққан кісілерінің бастауымен Қыпшақ жігіттері тағы күреске шықты.

Қазтуған жырау осы көтерілістің барлығын еміренте, бір жалынды үнмен жыр етіп мақтана толғай берді.

Әбілқайыр жыр басталғалы алтын тағынан қозғалмай, қара сұр жүзі сәл қуқылданып үн-түнсіз тыңдап отыр... Ашу қысып тына қалғанын хан сырын білетін дос-қасы тегіс түсінуде... Тек Қазтуған жырау ғана өзгеріп кеткен хан келбетін аңғарар емес. Ел шапқаннан гөрі, елін қорғаған Қыпшақтың ерлігін жыр еткенде дарыны енді шын ашылып, кісендеулі құлашы жаңа ғана жайылғандай, толғауын аңқылдап соғып отыр...

Кезекті енді Қотан жырау алды.

— Құс ұша түзеледі, бетің жаңа жөнделді, Қазтуғаным, — деді ол, — сен бастаған әуенді мен ұлғайта түсейін...

Ашына сарнаған қобыз үніне қосылып, қарт жырау енді бір алуан уақиғаларды бастап кетті...

Шыңғысхан тағына Күйік отырған кезде Батудың қарамағында монғолдың бар болғаны төрт мың ғана жауынгері қалған. Бүкіл Шығыс Европаны жаулап алған айбынды әскері өзіне бағынышты елдердің дені Дәшті Қыпшақ жігіттерінен құрылған-ды. Бұндай әскермен қарамағындағы жұртты билеу де қиын және бұның өлімін күтіп отырған, жүз мың қолы бар Күйікпен бетпе-бет келу де оңай емес. Сондықтан Бату сенімді одақтас іздеді. Бұл — Алтын Орда ханының сол кездегі көкейтесті арманының бірі еді. Міне, осы тұста Новгород князьдары Александр мен Андрейдің әкесі Ярослав, бұрыннан уәделесіп келген Күйіктің ордасына келісім сөзге барған жерінде монғолдардың қолынан қаза табады. Батудың көктен сұрағаны жерден табылады. Новгород князьдары Александр мен Андрей Күйіктен ат құйрығын шарт кесіп бөлінеді де, Батумен бітімге келеді. Новгород князы Александр Батуға алым-салық төлеп, оның баласы Сартақпен өле-өлгенше соғыспай өтуге ант береді. Осы

¹ К ө р е н — монғолша, бекінген әскер, лагерь.

күннен бастап Алтын Орда хандары мен Новгородтың ұлы князьдарының арасында ғасырға таяу созылған келісім басталады.

Ал он үшінші ғасырдың басынан бастап католик дініндегі Европа кресшілері православ дініндегі гректер мен орыстарға қарсы шабуылға шыққан. Бір мың екі жүз төртінші жылы олар Стамбулды алып, Византия патшалығын жойып, латын империясын құрған. Эсті мен латыштарды жеңіп, өздерінің құлдарына айналдырған. Осындай қара түнекті орыс жұртының басына да тудырмақ болған. Бірақ Шығыс жағынан жау күтпеген Александр Невский оларды 1240 жылы Нева өзенінің, 1242 жылы Чуд көлінің үстінде жеңген. Демек, соғыс әлі бітпеген-ді, әлі де орыс еліне әскери көмек керек еді. Бір мың екі жүз қырық бірінші жылы Лигницеде Польша мен неміс рыцарьларының бірлестігінің құл-талқанын шығарған Бату өзінің уәдесін бұзған жоқ. Бұл жағдай Алтын Орда хандары Бату, Сартақ өлгеннен кейін де, Берке тұсында да сақталып келген. Ал 1269 жылы неміс кресшілері өздеріне қарсы шығуға Новгородқа Алтын Орда қолының келгенін естіп, бұл кезде күшейіп алған орыс князьдарынан бітім сұрады. Сөйтіп орыс жері кресшілердің шабуылынан мүлде құтылған. Алтын Орда хандары Бату саясатынан хан Мамайға (1362 ж.) дейін айырылған жоқ. Оған себеп Сарай шаһарында отырған хандар бір кезде өздері бағындырған орыс, болгар, Дәшті Қыпшақ елдерінің қолдарына енді өздері қарап қалған-ды. Ал бұл ортада осыдан екі ғасыр бұрын алты-ақ мың болған орыс елі әбден әлденіп, кемеліне жетіп үлгірген! Өйткені оның бұл дәрежеге жетуіне Алтын Орда күншығысынан келетін жауына қалқан болды. Қотан жырау достықтың қандай ұлы күш екенін, көршілес елдер тату тұрып, жерлерін бірге қорғайтын болса қандай апаттан болса да құтыла алатынын білдірді.

Жырау сөзі Әбілқайырға ұнамағаны хақ, кезек енді Қазтуғанға беріліп, анау шырқай жөнелгенде хан кенет қолын көтерді. Жырауды қошаметтеп «Уай, пәле!» деп лепіре қызынған жұрт тына қалды. Қазтуған да шауып келе жатып аяң желіске түскен жүйріктей даусын төмендете түсіп, қарқынын әзер басып, сөзін кібірткізетіп барып тоқтады.

— Намаз мезгілі болып қалды, — деді хан, — Қазтуған жырау толғауын содан кейін тыңдалық.

Әбілқайыр мұсылман ханы болғанмен, Мұхаммет пайғамбардың жолын берік ұстамайтын. Өзі намазды кейде оқып, кейде оқымайтын. Онысына қарамай хан орнынан түрегелді. Ханмен бірге жұрт та апыр-топыр қозғалды. Осы кезде Найманның бас батыры Қаптаған шеткі топтан сытылып шыға берді. Ол асыға басып Найман руына арнап тіккен өртеңнің баурындағы ақ ордаға келді. Есік алдында тұрған, қолында найзасы бар, елтірі тымақты, үстіне шекпен киген, күзетші сары жігіттен:

— әлі келген жоқ па? — деп сұрады.

— Келген жоқ.

Қаптағай қобалжи қалды.

— Япырай, бірдеме болмаса игі еді. Келер уақыты асып кетті. Өлде өзің барып қайтасың ба?

— Құп. Барсам, барып қайтайын.

Найманның аты шулы бас батыры, атан жілік балуан, айдаһарға қарсы барар жүрек жұтқан Қаптағай қара қасқа кедей болатын. Қарамағындағы он бес қараша үйді, жаудан түскен олжа мен атып алған бұғы-маралымен асырайтын. Жау жоқ жылдары сауатын сауын, көшер көлігін ауқатты ағайындарынан алатын. Осыдан екі жыл бұрын Ұлытауға арқар атуға бара жатып жұтаң қыстың аяғы қатты боранға айналып, үш күн Тайкеткен өзенінің бойындағы Айыртаудың ық жағындағы Әбілқайыр ханға жататын қысырақтың үйірлерін бағып жатқан, маңайында тұлдыр жоқ қосқа аялдаған. Сонда, қос басы, он көкжал қасқырды бір күнде жалғыз өзі түсіретін әйгілі аңшы және атпал батыр жылқышы Орақпен кездескен. Айлас қатын мұңдас, хан мен биге бейнет етіп жүрген қос батыр біріне-бірі ұнаған. Қаптағай елуден асып кетсе де, ал, Орақ жиырма беске жаңа жетсе де, өмір үндері бір жерден шығып, екеуі достасып қалған. Осы Орақ мына болып жатқан асқа осыдан үш күн бұрын келуге тиісті еді. Маңдайына басқан жалғыз аты Ақбақайын бәйгеге қоспақ болатын.

Ақбақайдың қашқан қасқырды қалай қуып жететінін бір-екі рет көрген ат сыншысы Қаптағай:

— Жүйрігіңді сынап көр. Мен бірдеме білсем, Ақбақай ұятқа қалдырмайды, — деп Ораққа өзі ақыл берген.

Орақ атын бәйгеге қоспақ болған, бірақ әлденеге:

— Жақсы, асқа келейін, — деген, тек біреу-міреу қастық етіп жүрмесе...

Қаптағай бұл жолы жылқышының сөзіне көңіл аудармаған. Тек Орақ уәделескен уақытында асқа келмегеннен кейін ғана «со шіркінге біреу-міреу қастық етіп жүрмесе еді?» деп қобалжи бастаған. Сондықтан да шыдай алмай жылқыдағы Ораққа әдейі кісі жібергелі тұр.

Жылқышының келуін тағы бір адам шыдамай күтуде еді. О да Орақтың жалғыз атын бәйгеге салатынын білетін. Бұл күткен — бүкіл Дәшті Қыпшақтың әміршісі қатігез хан Әбілқайырдың келіні, басына қара жамылып сонау төбе басына шығып күншығыстан көзін алмай телміре қалған, Шах-Будақ сұлтанның жесірі — Аққозы-Бегім. Құса болған ажарына қарасаң, жүректегі жұлдызы өшкендей. Жоқ, Орақ пен бұның арасында құдай алдында күнәлі дер, не ауыл арасында өсекке ілігер ештеңе болған жоқ. Тек, біраздан бері бір-біріне құмартқан ыстық жүректер, көріскендерінше шыдай алмай алас ұруда. Осыдан төрт күн бұрын асқа мінетін атын алуға келген Аққозыға Орақ тағы өзінің өлердегі сөзін айтқан.

Елінен бала жасынан еріп келген Ораққа Аққозы:

— Құдай алдында күнәкар, жұрт алдында қарабет болғым келмейді. Ерімнің асы өтсін, — деген аққұба беті балбұл жанып, — содан кейін қайын атамнан рұқсат сұраймын, көнсе шарифат алдында қосылам.

— Көнбесе ше? — деген Орақ қобалжи. — Бар әлемнің тең жартысын билеп тұрған, аузынан жалын атқан Әбілқайыр хан келінін есігінің алдында жүрген құлына береді дегенге сену қиын...

— О да адам емес пе? — деген жас сұлу қабағын сәл шытып. Сол сәтте көзінен ұшқын атып жігітке қараған: — Көнбесе... Дүниеде екі тумақ жоқ. Бәрібір... Онда да қосыламын! — деген.

Кенет құрыш денесіне қанат бітіп, көкке ұшар құстай көңілі шалқи жөнелген Орақ:

— Қазір өліп кетсем арманым жоқ, — деген даусы қуанғанынан сыбырлай шығып. — Асқа мен де барамын, Ақбақайымды бәйгеге қосып көрмекпін. Сонда көрісерміз!

Бірақ Орақ асқа келмеді. Егер тірі болса келері күмәнсіз еді. Оны Аққозы жақсы білетін. Сол себептен өзге құрбы-құрдастары айтысқа кеткенде, ол шыдай алмай аулының сыртындағы мың жусанды, тырбақай бетегелі қырқаға шығып, күншығысқа қарап Орақты сарғая күтумен болған.

Хан жырау толғауын Қыпшақ руының Шыңғысханға қарсы шығып ерлік көрсеткені үшін тоқтатқан жоқ. Бұндай толғауға Сайбан ұрпақтары түгіл, бүкіл Жошы үрім-бұтақтарының құлақтары үйренген. Ал шыдай алмағандары кегін ішіне сақтап қалатын. Тікелей дау шығаруға халықтың қаһарынан сескенетін.

Хан қанын ішіне тартып отырса, ол жырау сөздеріне шамданғандықтан емес, бөтен жағдайдан Батуханның ұрпағы Бердібек ханды ағайын-туысы өлтіріп, Сайбан ұрпақтары Сайын тағына отырғанға дейін Дәшті Қыпшақ Ордасы әркімнің қолында келген. Бұл кезде болған ханның бәрі дұрысын айтқанда не Ноғай батырдың, не Ақсақ Темірдің дегенімен жүрген. Тек Орыс хан, Тоқтамыс пен Едіге ғана көнбеген.

Сайбан ұрпақтары Көк Ордаға ие болғаннан соң да осы жағдай жойыла қоймаған. Әбілқайыр хан тағында отырғанмен де оның қолынан халықтың басын қосып, Сайын Ордасының қызыл туын бүкіл Дәшті Қыпшақ үстіне желбіретсе алмаған. Оған себеп бәз-баяғы қазақ руларының өз батырларына, биіне ғана бағынуы. Рушыл халық хан үстемдігін тек ру басшылары би, батырлар қабылдаса, сонда ғана мойынсұнған.

Тек өзінің дұшпандарын жеңіп, Әбілқайыр Көк Ордаға билігі өктеп жүре бастағаннан кейін ғана бұл жағдай кілт өзгерді. Бірақ ол Орда төбесіне Сайын туын да емес, Ақ Орда туын да емес, Өзбек ханның туын тікті. Өлеріне он жыл қалғанда Қыпшақ, Мауреннахр, Қорасан жеріндегі «осыдан бір пәле келеді-ау» деген Жошының басқа ұрпақтарының басын қостырмай тізе көрсетіп, құмдай бытыратып, әрқайсысын әр жаққа қуды. Тек Жошының бір буыны Қасым сұлтанның Астрахань тағына отыруына жәрдемдесті. Онда да Әбілқайырдың өзі ғана білетін себебі бар еді.

Әбілқайыр Шығыстың көп жерін алғанменен, бұл жеңіс өзіне қауіпті қатер туғызуға айналды. Талан-тараж болған Жошының басқа ұрпақтары Әбілқайырды жеңу үшін жапа шеккен руларды біріктіре бастады. Әсіресе Моғолстанды басқарып отырған Жағатай ұрпақтарымен енді жаңа хандықты жанталаса көксеген Жәнібек пен Керей тіл табуға тырысты. Егер бұлар тіл тапса, оңай күш емес. Оны бұл жалғанның қыбыр-тықырына елеңдеп тұратын хан жақсы біледі.

Моғолстан мен қазақ руларының басын біріктірмей құрту керек! Ал құртудың екі жолы бар, бірі — Моғолстанды шабу. Екіншісі — Жәнібек пен Керейді көп кешіктірмей жою.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Үйелменді ел Моғолстанға аттануға әлі ертерек. Ол үшін Қорасанды өзіне тегіс бағындырып, әбден күшейіп алған абзал. Қазір осыншама жерге қанат жайып кеткен Жағатай ұрпақтары мен Моғол бекзадаларын аяқ астынан құрта алмайсың. Сонда екінші жол қалады. Әбілқайыр хан ордасында туғалы тұрған бүлікті білмей жүрген жоқ, біледі және сол бүліктің Барақ балаларынан шығатынына да шек келтірмейді. Сөйте тұрып, оларды бірден, тіпті бір түнде нөкерлерін жіберіп, жоқ қылып жіберуге жүрегі дауаламайды.

Ханның дәл өткір қанжардай алып түсетін кезінде де алып түсе алмауының да үлкен астарлары бар...

Шыңғысханның тұсынан-ақ ұрпақтарының көбі қарамағындағы қалалар мен қоныстанған елдерді тек талау үшін керек деп қараған. Тек осы жағынан келіп, олар шауып алған қалаларды, қоныстанған елді тонаумен болған.

Ал, қанды жорықтардың осынау тасқындары басыла бастағаннан кейін, Шыңғысхан ұрпақтары Қарақұрым хандығының әкімшілік ісін басқаратын, Үгедейдің оң қолы Елуй Чусайдың арқасында бұл істерінің дұрыс емес екенін ойлай бастаған. Елуй Чусай Үгедейге: «Ұлы хандық ат үстінен түспей жаулап алынды. Оны енді ат үстінде отырып басқаруға болмайды» деген. Ұлы қидам ақылшысының бұл сөзін көп ойлаған әсіресе Мөңке хан. Егер әскерлер бұлай аты-жөні жоқ бар қалаларды шауып, қоныстасқан елді құрта берсе, көп кешікпей тонайтын жердің де, елдің де қалмайтынына көзі жеткен. Сол себептен Қарақұрымның ордасына ие болғаннан кейін, өзіне бағынышты қалалар мен қоныстасқан елдің қанын сородың басқа жолын іздеген. Жолын тапқан да, Шыңғыс ұрпақтары шауып алынған қалалардың бәріне даруға (Орта Азияда) мен басқақтар (Иранда) белгіленген. Ең алыс тұрған Иран жеріне бас басқақ боп Аргун батыр жіберілген.

Бұл даруға, басқақтар тікелей Қарақұрымға бағынған. Бұлардың міндеті қарамағындағы жұртқа санақ жүргізіп, сауда жолдарын, ақша мәселелерін тексеріп, жұрттан дер кезінде салық жинап, Қарақұрымға тікелей жіберіп отыру.

Шыңғысхан заңы бойынша жаулап алынған көшпелі елдердің жері, суы хан ұрпақтарына ұлыс-ұлысқа бөлініп, басыбайлы берілген. Бұл елдердің тағдырын, көшіп-қонуын, шаңырақ, мал басынан жиналатын салығын осы хан ұрпақтары өздері шешетін. Ал отырықшы ел мен қалалар Ұлы Орданың астанасы Қарақұрымның өзі тікелей жіберген әкімдерге ғана бағынатын. Түскен пайда (егіншіліктен, өнеркәсіп, салықтан) Қарақұрымдағы Шыңғысханның қазынасы мен оның толып жатқан ұрпақтарына бөлінеді. Сөйтіп басқарып отырған жерінде қала, отырықшы жұрты бар хан, бұлардан түскен салықты өзі жеке пайдалана алмайды. Бұл салықтардың бәрі Қарақұрым қазынасына бір бағамен түсу үшін Мөңке хан бүкіл Алтын Орда, Жағатай, Иран жерінде салмағы бір алтын ақша — динарлар шығартқан. Бұл динарлардың құнды болып, бүкіл Монғолия патшалығында бірдей бағалануын, Мөңке хан саудагерлер арқылы жүргізіп келген. Бұқар, Самарқанд, Герат, Алмалық, Берке ханның кезіндегі Алтын Орда астанасы Сарай әрқайсысы өзінің алтын ақшасын құйған. Бірақ бәрінің де салмағы бірдей болып отырған.

Мөңке өліп, Шыңғыстың Ұлы Ордасын Қытайға көшіргеннен кейін, бұл Орданың күйреуімен бірге ақша саясаты да бүлінген. Алтын Орда хандары алтын ақшаны өз аттарынан құя бастаған. Бірақ Ақсақ Темір Сарайды шауып, Қыпшақ даласында бүліншілік бастағаннан кейін бұл жағдай мүлдем тоқталған. Негізгі шаруашылығы мал бағу болған қазақтың көп руы енді қала салудан біржолата бас тартып, өзінің кең байтақ даласында ру-ру боп көшкен. Бұлардың бар байлығы малы мен жері ғана. Ал осы уақыттағы Дәшті Қыпшақтың ханы Әбілқайыр бөтен саясатты ұстады. Ол Сейхұн мен Жейхұн дариялар бойындағы Шыңғыс шауып кеткен шаһарларды қайта тұрғызып, бұл араларға қоныстануға бейім елдерді орналастыра бастады. Әбілқайырдың бұл саясаты осы кездегі қазақтың мал бағатын руларының бастылары Арғын, Қыпшақ, Үйсін, Найман, Алшын, Керей, Қаңлы, Қоңыратқа ыңғайлы тимеген. Бұлардың араларындағы Маңғыт, Бүркіт, Барлас руларының көп елі Әбілқайырға қыз беріп, қыз алып хан жағына ауып кеткен. Осының арқасында Әбілқайырдың өзінде де қазақ руларына деген қырғи-қабақтық пайда болған. Ал, қазақтың Найман, Қоңырат, Дулат, Жалайыр секілді руларының кей ауылдары өздеріне жақсы қарайтын Моғолстан жеріне көшіп те үлгірген. Бұны да істеп жүрген сол баяғы Жәнібек пен Керей деп ойлайды хан. Ал қазақтың көп рулары оларды Ақ Орданы құрған Орыс ханның ұрпақтары деп, өз сұлтандары санайды. Мұндай жағдайда Жәнібек пен Керейге тура бас салуға бола ма? әрине, болмайды.

Әбілқайырдың ойы бағанадан бері осы өзіне өш қос сұлтанның тағдырын қалай шешсем деген дүрбелеңде еді. Және ұзаққа созбай осы ертең, күні бүгіннен қалмай шешу қажет. Өйтпесе күннен-күнге маңына ел үйірілуден қалып барады. Қасына берген бір күн, көшінің артыла түсуіне әдейі арнаған бір жылмен тең. «әріне осыншама жұрт жиналған, мына ұлы тойда Жәнібек пен Керей көп би, батырлармен тіл тапты. Қазақ батырлары Қаптағай, Бөрібай, Оңай, Бекет, Қарақожа босқа топтанып жүрген жоқ. Мен асықпағанмен олар асығады. Сондықтан күні бұрын қимылдау керек. Ертең ас бітеді... Ас бітісімен ақ...» Осындай ойда іштей, бұлқан-талқан болып отырған Әбілқайыр Қыпшақ ерлігін, тарихын тыңдаудан көрі, тезірек осы кездегі өзінің бас уәзірі Бақты-Қожа ұйғырмен ақылдасқысы келді.

Хан тағынан көтеріліп, нөкерлерін ертіп, өз Ордасының оң жағынан оқшаулау тігілген төртінші бәйбішесі Рабиу-Сұлтан-Бегімнің үйіне қарай жүре бергенде, Қыпшақ ерліктерінің ең қызық жерінде тыңдамай тұрып кеткен Әбілқайыр мінезі ұнамай қалған Асан Қайғы, отырған орнынан қозғалмастан:

«Көлге үйренген қоңыр қаз,
Шөл қадірін білмейді,
Шөлге үйренген дуадақ,

Көлге апарып қамасаң
Шөлін аңсап шөлдейді»,

— Хан ием, халық өз тарихын көптен бері естімей, сағынып қалған екен, өзің намазыңа асықсаң, өзгемізге айызымызды қандыруға рұқсат ет, — деді.

Азуы алты қарыс Бердібек ханға:

Қас-қабағыңнан таныдым,
Хан Бердібек боларсың,
Қауырт көштен таныдым.
Еділ барып қонарсың!
Қан жылатып халқыңды,
әлі-ақ сен де толарсың!
Өз әкеңді өлтіріп,
Қайда барып оңарсың? —

деген ел ардақтаған Асан Қайғы, Әбілқайырдың жырау толғауын тыңдамай кетуіне намаз емес, басқа себеп бар екенін бірден сезді. Сондықтан да ол ханға қадала сөйледі.

Әбілқайыр Асан сөзінің маңызын ұққысы кеп, кенет тоқтай қалды.

— Шабытына мінген жырау, ат сабылтып шауып келе жатқан аңшы тәрізді, бекер тоқтаттың, хан ием, — деді Асан қалың қабағын түйіп, сөйтті де ар жағынан келіп қалған ызасын ұстай алмай түксиген қабағынан қыраулы қыстай көрін төгіп, көптен бері айтайын деп жүрген өкпе-ашуын толғай кетті.

Сара жолдан жаңылған
Ханға зират қазылмас.
Сөгілгелі тұр қабырғам,
Кеселдімін жазылмас.
Тарқат, ханым, шерімді,
Намазыңа асықпа.
Құрыштан берік елімді
Ала ауыздықпен жасытпа!
Бітеу өскен қауынды
Тұрсың босқа жарғалы,
Досыңнан іздеп жауынды
Тұрсың жалғыз қалғалы!
Ұмыттың қазақ даласын,
Ұлғайттың жаным жарасын,
Бір атаның баласын
Екіге бөліп барасың!
Жолын, ханым, таппасаң,
Бүлінеді барлық жұрт!
Таң боп қайта атпасаң,
Басқалы тұр қара бұлт!

Көптің көкейінде жүрген тілекті Асан Қайғы айтты. Хан ақын толғауының ар жағында өзіне деген халықтың наразылығы жатқанын әбден ұқты.

Бұған қандай жауап беру керек? әділетке келсек, әрине жырау сұрағы жөн. Бірақ оған хан қандай жауап бере алады? Өзі шетінеткен бөгетті қайта жамай алар ма? Жоқ, енді кеш. Бөгеттің ернеуінде лықылдап асау толқын келіп тұр. Бүгін болмаса ертең ол бөгеттің бытшытын шығармақ. Ханның бар қолынан келері сол толқынның астында қалмау. Жолын тауып жағаның бір жағына шығу. Ал Асанға жауап бермей кетуге тағы болмайды. Оның сөзінің ар жағында қолында тобылғы сапты, бұзау тіс қамшы, күлге көміп солқылдатып алған қайың сойылы бар Дәшті Қыпшақ елінің әбден ұшталып қалған мүддесі тұр...

Әбілқайыр жауап бергенше, кенет әлдекімнің үрейленген даусы шықты.

— Бұл кім екен? — деді дауыс. — Орда аман болса жарар еді?

Жаугершілік заман, қандай мықты хан болса да өздері жоқта Орданы шабатын жау жүрек қастары табылатын шақ. Жұрт та жігіт көрсеткен жаққа үрейлене қарады.

Алыстан ызғытып келе жатқан, жанында қосары бар салт атты көрінді. Жаңа ғана сағым ойнап тыныш жатқан мидай жазық көгілдір дала да, маужырап тұрған көгілдір аспан да кенет қобалжи қалған тәрізді...

Хан үндемегеннен кейін тірі жан аузын ашқан жоқ, барлық жұрт құлаққа ұрған танадай үн-түнсіз.

Шапқыншы атын ұшқыртып кеп, Әбілқайыр тұрған топқа таяп беріп ер үстінен домалай жерге түсті. Аяғын жедел басып хан алдына таяп келіп етпетінен құлады.

Хан ием, кессең тіл, алсаң бас мінекей, — деді ол кенет басын көтеріп, — айып менде, көзімнен таса етіп алдым. Батыр Саян жанындағы екі пасбаныменен қашып кетті.

Бұл келген Әбілқайырдың өзі «Батыр Саянның той біткенше көзін құрт» деп тапсырма берген Оспан-Қожа деген дәйекшісі еді.

Хан алқымына келген ашу толқынын әзер басып, сәл аялдап тұрды да:

— Күзетшілері кімдер еді? — деді.

— Арғын жігіттері.

«Батыр Саян қашып кетті» дегенді естігеннен бері түксиіп қатып қалған Қобыланды бір иығын сәл сілкіп жіберіп, беліндегі наркескеніне қол салды да, ханның ар жағында жайбарақат тұрған Ақжол биге түйіле қарады.

Ақжол би айылын жиған жоқ, Қобыландыға кекете көз тастады да, сабырлы қимылдап, тек кейіндеу сырғып кеткен беліндегі қисық сап алдаспанын жөндеді де қойды.

Екі батырдың қимылдарын Әбілқайыр да, Асан Қайғы да, тұрған жұрт та аңғарып қалды.

Дәл осы кезде кенет жерді жара күн күркіреді. Жап-жаңа ғана айнадай ашық көгілдір аспанды қара бұлт торлап түнере қапты. Заматта аспан бетінде жіңішке найзағай қылыштар жарқ-жұрқ ойнай жөнелді. Дошы жел шығып, шөп бастары жерге жығыла шуылдай түсті. Әбілқайыр енді қап-қара боп кеткен аспанға қобалжи бір қарады да, Асан Қайғыға көз қиығын аудармастан нөкерлерін соңынан ерте, Рабиу-Сұлтан-Бегім ордасына қарай асыға жүре берді.

Хан кетісімен жұрт та тым-тырақай тарай бастады.

Кейбіреуі өредегі атына жүгірді, бағзы біреуі Ордаға қарай беттеді.

Тек екі жағынан екі адам қолтықтай тұрғызған Асан Қайғының ғана түнере қалған аспан мен шартылдай ойнаған найзағайларда шаруасы болған жоқ, жаңа ғана наркескендеріне қол жүгірткен Арғын, Қыпшақ қос батырының қимылдары есіне түсті ме, ол:

— Бүгінгі ас — қайғы асы еді, енді бүліншілік асына айналмаса нетсін, — деді ақырын күрсініп.

Көпті көрген сыншы адасқан жоқ еді, расында да бұл ас қазақ жеріндегі тағы бір бүліншіліктің басы болды.

Тек аяғы игілікпен бітсін де...

III

Сарыарқа деп аталатын Дәшті Қыпшақ жерінің дәл ортасында, Ұлытаудың күнгей жағында, Қаракеңгір өзенінің сол жақ жағасында Әбілқайыр ханның ордасы — Орда-Базар қаласы тұр. Жан-жағы құлазыған жазық, Ұлытау, Кішітау, Арғынаты тауларынан бөтен оңтүстігінде де, солтүстігінде де, күнбатыстағы сонау Мұғажар биіктіктеріне дейін, ал күншығысындағы Шет, Құдайменді, Ақшатауға дейін құлан менен киік жортқан ұшы-қиыры

жоқ алып дала. Оңтүстігіндегі ең жақын қала Түркістан (Яссы) солтүстігінде ең таяуы Чинга — Тұра шаһарлары, бірі Орда-Базардан жүргіш атқа он күндік, екіншісі он бес күндік жер...

Орда-Базар бір кездерде Бату ханның құмырсқадай бықыған әскерінің Шығыс Еуропаға аттанарда бас қосатын жері болған. Жүз мың жылқы жайылса да шөбі жапырылмайтын, жусанды, қаулы, жасыл шалғынды егіз өзен Қаракеңгір мен Сарыкеңгірдің ұшы-қиыры жоқ жазық даласы. Сол жазықтың ортасында Бату қорғаны.

Орда-Базар шағын қала. Әбілқайырдың негізгі басқаратыны көшпелі қазақ, өзбек елдері болғандықтан, ел салтын бұза алмай, хан Ордасы — бес ауылы жаз бойы Дәшті Қыпшақ жерінде көшіп жүретін. Тек күз келе Орда-Базарға қыстау ретінде тоқтайды. Әбілқайыр көші ерте кезде күнбатыстағы Жем, Ойыл өзендеріне дейін, солтүстігіндегі Тобыл, Есіл, Нұраға дейін барған. Кейде жазы қоңыржай болса Сыр бойы мен Көкше теңіздің жағасын да жайлайтын. Хан аулының жайлауға шығуы тек жаздың жақсы-жамандығынан, шөптің шығым-шығымсыздығымен ғана байланысты емес-ті. Жаз шыға Орда қай жаққа қарай бет бұруы толып жатқан хан саясатымен шиеленісіп жатар болар. Өзіндей мықтыменен құда болып қанатын жая түсу, ырқына көнбей жүрген кей руларына жақындай қонып, бір түнде быт-шытын шығарып шабу — бәрін де іші қатпалы ханның жаз шыға Ордасы көшпестен бұрын ойланар ісі.

Осы себептен де болар, Әбілқайырға көп жағдайда бағынышты Самарқанд, Бұқар, Герат секілді Орда-Базардың үлкен шаһарға айналмай, шағын қала қалпында қалғаны. Шығыс шеберлері күйген кірпіштен күмбездетіп салған бірнеше хан сарайларын санамасақ, қала шымнан құйған, тастан қаланған екі жүздей ғана үйден тұрады. Стамбул үлгісімен тұрғызылған алтын айлы, ақ тастан қаланған зәулім биік мешіті. Түркістанда Ахмет Яссауи шайхқа арнап салған Ақсақ Темірдің атақты мешітіне де, Феодосия қаласына жақын ескі Қырымға Өзбекхан салдырған мешітке де ұқсамайды. Қазір аты естен шыққан ұлы шебердің ақауы жоқ өнері, ұзақ тоқыған қолдан түлеткен өрнегі.

Қаланың тым өсіп кетпеуіне тағы бір себеп ол Әбілқайырдың алыстағы ойы. Хан өз астанасын түбі әбден жаулап алған соң Гератқа, не Самарқандқа аудармақ. Ал Орда-Базар уақытша мекені. Мауреннахрға біржолата көшіп кетуге, ұшы-қиыры жоқ кең далада тағы құландай кезген қалың қазақты билей алмай қаламын ба деп қауіптенген. Хан ойынша қазақ руларының арасындағы алауыздық түбі жойылуға тиісті. Оған дейін өрбіп, өсіп келе жатқан балаларының алды ел билейтін қабілетке жетіп қалады. Сол кезде бүкіл Дәшті Қыпшақ жерін бәйбішелерінен туған бір-екі ұлына билетіп, өзі Мауреннахрдың әшекейлі алтын сарайлы бір шаһарына Ордасын көшірмек...

Осындай ойдағы хан Орда-Базардың өркендеуіне бәлендей көңіл бөлмеген. Тек соңғы жылдары жайлауға алысқа бармайтын. Ұлытау маңындағы бір шұрайлы жерге бір-екі айдай бой жазып, үй тігіп серуендеп жататын да жаз аяғы болмай Орда-Базарға қайта оралатын. Биыл да хан осындай ойда еді.

әнеу күнгі сұрапыл дауылдың аяғы тынбай құйған бір жетілік ақ жауынға айналған. Асты аяқтай алмай хан Орда-Базарға қайтуға мәжбүр болған. Ханмен бірге тізе айырмай Қыпшақ, Арғынның игі жақсылары да, Шыңғыс ұрпағынан шыққан сұлтандар да Орда-Базарға таяу көшіп келген.

Әбілқайыр жауар бұлттай ашулы қайтты. Мұнда келгеннен кейін батыр Саянның қалай қашып кеткенін естіп бұрынғысынан бетер қара түнектей тұнжырай қалды.

Хан кезінде жұртқа сыр бермеген. Жұрт асқа жаңа дайындала бастаған шақта құлағына «Орақ жылқышы да асқа Ақбақайын қоспақ екен» деген хабар тиген. Әрине, асқа қазақ дәстүрі бойынша кім болса да қатысуға хақы бар. Бірақ хан баласының ұлы асына есікте жүрген құлы ат қоспақшы деген сыбыс Әбілқайырды қатты қорлаған. Оның үстіне егер осы құлдың Ақбақайы барлық ханзадалардың жүйрігінен озып келе қалса не болмақ? Бұдан артық масқарашылық мүмкін бе? Бүкіл қара халық онда Әбілқайырды күлкі етуі даусыз. Ханның бұлай ойлауға себебі де бар еді.

Осыдан екі жыл бұрын, Тарланкөгін жаратып жүрген кезінде, Әбілқайыр әлдеқалай жылқысына барған. Ол сол жолы бір таңданарлық оқиғаға кездескен... Орақ малшының былтыр жылқыға қосып жіберген Ақбақай деген бестісі үш күннен бері тірі жанға ұстатпай қойыпты. Ұстатпайды емес-ау, талай асау-

ды бастыртпай қуып жететін жүйріктер, бұған таямақ түгіл, тіпті шаңына ілесе алмай қалады екен. Хан қызып кетіп, ертең, бүгін қасқыр қуамын деп әбден жаратқан Тарланкөгімен Ақбақайды қууға бұйрық берген. Асау қуып үйренген бір жылқышы қолына құрығын ап,

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Тарланкөкке міне сап, шеттеу жайылып жүрген Ақбақайға лап қойған. Ат дүбірі шығысымен-ақ елең ете қап, Ақбақай басын көтеріп алып, өзіне ұмтылған құрықшыны көзі шалып, ор қояндай ата жөнелген. Бүкіл Дәшті Қыпшақта алдына жылқы салмаған Тарланкөктен сытылып шыға берген. Тарланкөк талай жеткен, Ақбақай бесті талай құтылып кеткен. Осы шабыс үш бие сауымындай мезгіл алған. Үш күн қуғында болған жас жылқыны қаншырдай боп әбден жараған Тарланкөк қойсын ба, ақыры Ақбақайдың мойнына құрық түскен.

Бұл оқиға осыдан екі жыл бұрын болған. Үнемі жорықта, талас-тартыста жүрген Әбілқайыр оны ұмытып та кеткен. Сөйткен Ақбақай қазір жетіде. Жылқы баласының жал-құйрығы төгіліп, тұяғы әбден бекіп, кемеліне жететін кезі. Әбілқайыр ұмытқанмен, Ақбақайдың Тарланкөкпен таласқа түсуге жарап қалғанын енді Орақ жылқышының өзі есіне салды. Хан іштей шамдана бастады. Осы кезде тағы бір суық хабар жетті. Бақты-Қожа уәзір өзінің толып жатқан көреген көз, сақ құлақ тыңшылары арқылы Орақ жылқышымен келіні Аққозының бірер рет кездесіп қалғанын естірткен. Онсыз да қаһарына мініп алған Әбілқайыр Орақтың тағдырын біржола шешкен.

Бақты-Қожа уәзір жіберген жеті қарақшы айсыз тастай қараңғы түнде кеп, бәйгеге жаратып жүрген Ақбақайын қосының жанына қаңтарып қойып, көзінің шырымын алғалы ұйықтап кеткен Орақтың дәл үстінен шыққан. Жатқан жерінен тұрғызбай қол-аяғын мықтап таңып, Ақбақайдың құйрығына ұзын арқанмен байлап, «шу!» деп қамшымен бір тартып қоя берген. Ақбақай қара түнді сілкіндіріп, құйрығына байланған құбыжықтан үркіп, бетінің ауған жағына тасырлата шаба жөнелген. Жеті қарақшы уәзір әмірін орындадық деп мәз болып күліп қала берген. Сол күні таңертең Орақтың қалай өлгенін Әбілқайыр естіген. «әлін білмеген әлек. Хан келінінен дәмеленетін сабазсың ғой. Саған со керек» деп хан миығынан күлген де қойған. Қара жер өлгенге де хабар береді, астан қайтқаннан кейін ұзынқұлақ бұл оқиғаны Аққозыға да жеткізген. Нәсілі берік жас әйел, іші оттай күйіп, кеудесіне қайғысы сыймай тұрса да сыртына еш сыр шығармаған. Бар ашуын жүрегіне түйіп сазара қалған.

Жасынан ерке-шора боп өскен келінінен «осы тағы бір сойқан шығарып жүрер» деп күдіктенген Әбілқайыр Аққозыға кісі салған.

— Құдай риза, біз риза, ұлымның атына шіркеу келтірмей жыл отырды, — деді, — жас жан еді, обалына қалмайын, ерге шықсын. Аға өлсе, ініге мұра, Шах-Будақ ұлым қаза болғанмен тірі әлі он ұлым бар, таңдағанының атын айтсын, қосамын.

«Жақсы, ойланып көрейін, ойымды үш күннен кейін қайын атам — хан иемнің өзінің алдында айтамын» деп Аққозы жауабын қайтарған.

Үш күннен кейін Әбілқайыр өзінің үзеңгілес серіктерін, батырлары мен билерін шақырып алып, солардың көзінше:

— Келін шырақ, ойланып болған шығарсың, қай қайыңды таңдадың, атын айт, — деді.

Жесір сұлудан дәмесі бар, ордада отырған ханның он ұлы бірдей Аққозыға көздерінің жанарын төге қарады. Аққозы да оларды жайбарақат бір шолып өтті. Ақырын жымиды.

— Он ұлыңыз да алмас кездіктей бірінен-бірі өткен асыл! Таңдау да қиын, — деді ол сол жымиған қалпында, — әйтсе де хан ата, сізден бір тілегім бар...

— Айт.

— Орындайтын болсаңыз... айтайын.

Хан ойлана сөйледі.

— Орындалмайтын тілекті Аққозы келіннің өзі де сұрамас деп жоримын. Егер Сайбан шаңырағына кір келтірмейтін болса...

— Жоқ, кір келтірмейді. Менің өтінішім абыройыңызға абырой қосады.

— Тыңдалық онда. Айт.

— Айтсам... — кенет Аққозы қойнынан қара құранды суырып алды. — Міне, құран, хан ата, — деді ол. — Осы құранды басыма көтеріп тұрып өмір-бақи ерсіз өтуге ант етемін. Сізден өтінемін, антымды бұздырып қарғысыма қалмаңыз.

Орақтың қалай өлгенін Аққозының естігенін хан бірден ұқты. Бір сәт он ұлын бір жылқышы құрлы көрмеген тәкаппар келінін антын бұзғызып, еріксіз аттастырып өшін де алмақшы болды. Әйткенменен, бұның бәрі хан үйіне кір келтіретінін ойлап Әбілқайыр:

— Бердім тілегіңді, — деді басын жерден көтермей.

Жұмақ күнді дозаққа айналдырған, о сәлекет дүние! Әттең, әттең, өмір-бақи ерсіз өтуді ант еткен Аққозы Орақтың тірі қалғанын білген жоқ. Бұл адам сенгісіз ғажайып оқиға еді. Тастай қараңғы түнде құйрығына байланған заттан үріккен Ақбақай тарсылдата жөңкіп шауып келе жатып, алдында жатқан қара суға күмп берген. Артындағы заты су жағасында өсіп тұрған жуан үйеңкі талдарға маталып, бөрте ат қорықты көл шетіндегі қалың шылға

шырмалып не әрі, не бері жүре алмай қалған. Таңертең жылқы суаруға келген жылқышылар ұзын арқанға байланған, бет-аузының тамтығы жоқ, тек кеудесінде шығар-шықпас жаны бар Орақты тауып алған. Болған оқиғаны айтпай түсінген серіктері көзден таса, Ұлытау маңындағы бір үңгірге апарып баққан.

Бұл жайды Әбілқайыр хан да білмеген. Тек бес жыл өткеннен кейін ғана, соңынан аламанын ертіп, әлсін-әлсін жылқысын шауып маза бермей жүрген жыртық бет, жалғыз көз батыр осы Орақ екенін естіген.

Ал, ол күндері хан Орақты ат құйрығына байлатып біржолата жоқ еттім деп ойлаған. Сондықтан да келіні құран алып ант еткенде, «Орақ болса да жоқ, мейлі» деп тілегін бере салған. Хан қабағының ашылмауына, әрине, Саян да себеп болды.

Әбілқайырдың Бүркіт руынан алған әйелінен Шах-Будақ сұлтан мен Қожа Мұхамед, Маңғыт бәйбішесінен Ахмет пен Мұхамет-сұлтан, Қоңырат руынан алған бәйбішесінен Шайх-Хайдар, Санжар, Шайх-Ибрагим, төртінші бәйбішесі Ұлықбектің қызы Рабиу-Сұлтан-Бегімнен Күшкінші мен Сүйіншік сұлтан туған-ды. Шабуылда тоқалдыққа Барлас руынан алған әйелінен Ақ-Бұрық пен Саид-баба дүниеге келген. Осы он бір баладан ең тұңғыш Шах-Будақ пен Рабиу-Сұлтан-Бегімнен туған Сүйіншік сұлтан бір төбе де, өзге балалары бір төбе болатын. Шах-Будақ о дүниеге аттанғаннан кейін, Әбілқайырдың үлкен баласына деген махаббаты одан қалған екі ұлға ауған.

әсіресе екі баланың үлкені Мұхамед-Шайбаниды өте жақсы көретін (бұл атты да оған өзі қойған). Ал балалық мінезінде де Шыңғыс ұрпағының қанына біткен қайсарлық, қагілездік бар-ды.

Келіні Аққозыға деген ашуын да хан осы екі немересін жетім қалдырып, өксітпейін деп өзер кешірген-ді.

Ал осы он бір бала, олардан туған толып жатқан немересінің ішінен Әбілқайыр келешекте Ордамның тірегі болады деп нағашысы Ақсақ Темірге тартқан, кесіп алса қан шықпас қатал, Сүйіншік сұлтан мен немересі Мұхамед-Шайбаниды ерекше көңіліне қуат ететін. Әке балаға сыншы, өмір Әбілқайырдың болжауын дұрысқа шығарды. Бірақ болжауы дұрыс болғанмен де, бұл екеуінен Сайын тағы әзірге тым алыс жатқан-ды. Шах-Будақтан кейінгі кезек Шайх-Хайдардікі еді.

Бұрындықтың атасының тағының жанына келген Мұхамед-Шайбаниға шүңет көздерімен аса бір өштене қарауынан, немересінің тағдыры жеңіл болмайтынын, басынан талай ауыртпалық, қанды тартыс өтетініне хан шек келтірмеді. «Соның бәріне осы албырт Мұхамед шыдай ала ма? Шыдай алса, жауына төтеп бере ала ма?» деген қобалжу сұрақ осы тойдан кейін оның ойынан кетпей қойды. Қыран құс балапанын басып шығарарда, ең алдымен өзінің ұясына жақын жерден туатын қауіпті ойлайды дейді. Егер ол қауіп жылан, не болмаса басқа бір қорқынышты жыртқыш аң болса, сол жауларын жойып, ұясына туар қатерден балапанын құтқармай, жем іздеп алысқа ұшпайтын көрінеді.

Мұхамед-Шайбаниге деген Бұрындықтың көзінде жарқ еткен өшпендік отты Әбілқайыр есінен шығара алмай қойды. «Немереме жақын жау, сыбдырын білдірмей шағар улы жылан осы Орыс ханның ұрпақтары, — деді ішінен Әбілқайыр, — егер ұрпағың қауіп-қатерсіз дүние қызығын көрсін десең ең алдымен осы Бұрындықтардың көзін құрт!».

Ал екінші жақсы көрері Сүйіншікке келгенде Әбілқайыр бір орнында отыра алмайды. Астынан сыз өткендей түрегеліп келіп, ерсілі-қарсылы ызалана жүре бастайды. Ханның бүйтуі тек Рабиу-Сұлтан-Бегімге деген қызғаныштан ғана тумаған-ды. Жан күйінер, намысына тиер басқа да бір қырсық пайда бола қалған.

Алдыңғы жылғы Қорасан жорығынан Әбілқайыр, жүзіктің көзінен өтердей үш текежаумыт күрең бесті әкелген. Хан ордасына тиісті олжаны бөлгенде, әлгі бестілерді сыйсияпат етіп сүйікті кіші бәйбішесі Рабиу-Сұлтан-Бегім сұлуға тартқан. «Аулың көшкенде, екі балаңмен үш күреңді мін. Ақсақ Темірдің немере қызына сөйтсе, жарасады» деген. Осы бір сөзімен бүкіл Азия мен Үндістанды тітіреткен ұлы әмірдің шаһарын шауып, немере қызын тартып алып, әйел етіп отырса да, қанды көз Көрегеннің аруағына бас иетінін білдірген. Бұл тарту, өзге бәйбішелерінің арасында кезінде күндестіктен туған жанжал да шығара жаздаған. Сол бестілер биыл ауыздарымен құс тістейтін жеті жасар ат болған. Биылғы тойда Әбілқайыр оларды да бәйгеге қосып көрмек боп, Рабиу-Сұлтан-Бегімге:

— Ханым, үш күреңді тойға мінбей апарыңдар. Тарланкөкпен бірге бәйгеге салмақпын, — деген.

Сүрме қасты, аққудай аппақ, отыз беске, келіп қалса да, әлі де шаңқай түстей жарқыраған сұлу Рабиу-Сұлтан-Бегім:

— Үш күрең бәйгеден келсе бірге келеді, қалса бірге қалады, — деген, қарақаттай мөлдіреген үлкен бота көздерін найзадай ұзын кірпіктерінің астынан хан тағындағы еріне жаудырата қадай, — тізбектеліп ұшқан қоңыр қаздай үшеуінің қатар келгені жарасымды. Бірақ бұ жолы бәйгеге салудың реті қалай болар екен, ортаншысының аяғына жем түсіп, ақсап жүр. Қабылбай сынықшы кеше қарап кетті.

— Олай болса, бұл жолы қоя тұрайық, — дей салған хан.

Батыр Саян жанындағы екі күзетшімен Сығанақ жаққа, дәл сол күні қораға әкелінген осы үш күреңмен қашқан. «Бақытты жігіт жалғыз ғана ханның жас бәйбішесін құшып қоймапты, әрқайсысы бір рудың жылқысына татитын үш сәйгүлік жүйрігін мініп кетіпті! Қандай қорлық, ханның намысын аяққа таптар қылық!» Сыбырлағанды құдай естімей ме, құдай құлағына жетер сөзді, жұрт қалай сақтанып сыбырласа да хан құлағына да жеткен. Әбілқайыр жұрт өсегін ойына алса болғаны, шиырқап шабатын бурадай қаһарлана түседі. «Рабиу сұлу мен батыр Саян арасындағы баяғы жел сөз бен үш күреңнің ауылда қалуы... Үш күреңді үш кісінің мініп кетуі — бәрі бір түйін» дейді хан ішінен және бас уәзірі Бақты-Қожа арқылы үш күреңді той алдында Қабылбай дәруіштің көрмегені анықталған. Сірә, ханым берген сыйлыққа қызыққан болуы керек, Қабылбайдың өзі үш күреңді қарағам депті, ал оның бірге еріп жүрген шәкірттері сынықшының бұл күндерде тіпті Орда-Базарда болмағанын айтыпты. Ханда «Бақты-Қожа уәзірі бір жаман оймен шындықты бұрмалап жүр ме, әлде сынықшы шәкірттерінің арасында күншілдік боп, Қабылбай қарттың сөзін әдейі бұрған жоқ па екен» деген ой болмаған-ды.

Онсыз да жүрегіне тұнып жүрген бұл сөздер ханды өзінің тұңғыығына батыра берген. Әбілқайырдың көкірегі Рабиу-Сұлтан-Бегімге деген өшпенділік уы жайлаған. Көзіне шөп салған, арын, намысын қорлаған жігітпен арасындағы қаңқу сөзді былай қойғанда, бүкіл елге әйгілі үш жүйрігіне мінгізіп, оны ажалдан құтқарып жіберген ерке бәйбішесінен енді хан Ақсақ Темір тұқымына дақ салардай өш алууды ойлаған. Өш алуға келгенде Әбілқайыр, қайын атасының кеше бүкіл әлемді тітіреткен аруағынан да, оның ұрпақтары билеп отырған елдердің қаһарынан да қорықпаған. Рабиу-Сұлтан-Бегім Ақсақ Темір немересі болса, мен ұлы Шыңғысханның әулетімін деген. Бұл ашудың үстіне Рабиу-Сұлтан-Бегімнің тағы бір қылмысты қылығы жамалған-ды. Тағы сол Бақты-Қожа уәзірдің айтуы бойынша, батыр Саянның жанына күзетке Арғын жігіттерін қойдырған ханның сүйікті кіші бәйбішесі Рабиу-Сұлтан-Бегімнің өзі болып шықты. «Күзет бастығын да сатып алған секілді. Және жоғарғы мәртебелі ханымның Арғын билерімен де байланысы бар тәрізді» деген сол баяғы Бақты-Қожа уәзір. Арғын билерімен байланысы бар деген сөз — ата жауы, бақ күндестері өздерін Арғын сұлтандары санап жүрген Жәнібек, Керейлермен тілегі бір деген сөз. «Бұдан артық ханымда қандай күнә болуы керек? Мұндай күнә опасыз әйелі түгіл, пейіштегі қор қызын да дарға асуға жеткілікті емес пе! Бірақ дарға асу аз жаза! Оған бүкіл төркінін, атақты Ақсақ Темірдің ұрпағын бар әлем алдында қарабет ететін жаза қолдану мың да бір сауап!» Хан қабағын қарс жауып алтын мен күміске бөленген кең сарайын тағы кезе бастады.

Бірақ Ұлы ғалым Ұлықбектің қызы Рабиу-Сұлтан-Бегім Әбілқайыр мен оның уәзірі ойлаған қылмыстардан мүлдем ада еді. Мұндай күнәға қасиетті ата-анасынан алған үлгі-ілім, тәрбиесі де, өзінің мөлдір бұлақтай кірсіз таза жан сезімі де оны еш уақытта да жуытпас болар. Батыр Саянды Сүйіншікке аталық етуге тырысқаны да, басына ажал қылышы төнген сәтте жігіттің құтылып кетуіне жәрдем бергені де рас. Бірақ бұлардың бәрі де басқа мүдделерден туған-ды.

Хан кенет тоқтай қалды. «Рабиу-Сұлтан-Бегім сұлудың қаны дәл осылай төгілсе, бұдан сауапты жаза бар ма? Атасы Ақсақ Темірдің әділетті заңы енді өзінің немере қызының басын алсын. Кек сөйтсе ғана қайтады!» Әбілқайыр бүгінге алғашқы рет езу тартты.

Қазақ жеріне келген шапқыншылардың Шыңғысхан мен Батудан кейінгі «қылмыстыларға деген заң-ережесі» қанқұйлы қатты болғаны Ақсақ Темірдікі еді.

Солардың ішінде әсіресе «Ана алдында қылмысты балаға, бала алдында күнәлі анаға» деген жаза тәртібі ерекше сойқан болатын.

Бала алдындағы күнәлі ананың жазасын баласы айтуы керек. Іштен жарып шыққан, ақ сүтін емізген, бауыр етіндей тәтті баласы айтқан жазадан ауыр, одан артық жанына батар үкім бар ма? әсіресе, егер ана бала алдында жазықсыз боп, тек оны қанішер жаулары ұйымдастырса бұдан асқан қиянат табылар ма?

Аяулы анаға, тіпті күнәсі болған күнде де, сол баланы өмірге әкелген, «құлыным» деп түн ұйқысын төрт бөліп аялай сүйген сорлы анаға, дәл мұндай сұмдық жазаны Ақсақ Темір қалай шығарған? Көреген¹ деген атақты оған неге берген?

Әбілқайыр дәл бұл сәтте қатал әмір-Темірдің шығарған жазасының қиянаттық жағын ойлаған жоқ, ол тек кегінің қайтуын ғана көздеді. «Анасының күнәсіне көзі жеткен баласы Сүйіншік өзі айтады Рабиу-Сұлтан-Бегімге өлім жазасын. Өзі болып бірінші тас атады... Содан кейін діншіл, қанішер мұрит, мүзәйімдер қарабет ханымды «лағнет» тасымен шөкелеп өлтіреді. Сонда ғана Рабиу-Сұлтан-Бегімнен қату боп байланған кегім қайтады. Жоқ, жалғыз ғана Рабиу сұлудан емес, сондай қыз тәрбиелеген бүкіл Ақсақ Темір әулеті қара жүз болады. Ақсақ Темір әулеті! Сол әулетке жиендік жағынан менің сүйікті ұлым Сүйіншіктің өзі де жатпай ма?

Жатса мейлі! Шайбани тұқымы таза болу үшін, бұл арада таспейілдік жөн. Бастан құлақ садаға! Иә Рабиу-Сұлтан-Бегім осылай өлуге тиісті! Бұлай өлу тек әмір-Темірдің заңына ғана емес Мұхаммед пайғамбардың да шарифатына дәлме-дәл... Туған анасын Сүйіншік сұлтан осылай жазаласа, осылай өлтірсе, түбі Сүйіншік сұлтан Көк Ордаға ие бола қалса, мәңгі-бақи нағашы жұртының ықпалынан кетеді. Алдағы уақытта олардан мүлдем алыстайды. Шайбани әулетінің Өзбек ордасындағы өмірі осылай таза сақталуы керек. Ал туған анасына мұндай жаза айтуға Сүйіншік көнбесе? Онда Күшкінші сұлтан бар емес пе? Жоқ, Сүйіншіктің үкімімен өлуі керек! Сүйіншік жалғыз менің ғана емес, Рабиу-Сұлтан-Бегімнің де ең жақсы көрер кенжесі! Жақсы көрер адамның сілтеген таяғы жау таяғынан анағұрлым ауыр тиеді».

Әбілқайыр күміс қоңырауды қақты. Батыр Саяннан айрылып қалғаны үшін хан үкімін күтіп Оспан-Қожа дәйекші зынданында жатқан. Үйге Бақты-Қожа уәзірдің өзі кірді.

Хан есік алдында әмір күтіп тұрған уәзірді жоғары жақтағы кілемнің үстіне апарып отырғызды. Әбілқайыр енді бүкіл Дәшті Қыпшақтың әміршісі емес, түнде үй тонауға шыққан ұрыдай сыбырлай сөйледі. Бақты-Қожа уәзір хан сөзін кейде естіп, кейде естімесе де, оның жұқа ернінің қимылдауынан, көзінде кенет жарқ ете қалған рақымсыз оттан Әбілқайыр ойының бәрін түсінгені көрініп тұр. «Дұрыс, хан ием, дұрыс!» деп кеудесінде тулай жөнелген қуаныш толқынын баса алмай, кенет дауыстап жібере жаздайды да, дер кезінде өзін-өзі әзер ұстап қалады. Жан-жағынан діншіл, есуас топтың таспен шөкелеп жатқан Рабиу сұлудың қан-қан болған суретін бір мезет ол көз алдына елестетеді де, ішінен «Сол керек саған Темірлан қаншығы. Мені уәзір еткізбеймін деп бекер жанталаспаған екенсің, енді айыбыңның есесін өзім қайтарамын» дейді.

— Анасының күнәкар екеніне баласының көзін жеткізу керек. Сөйткен күнде ғана өлім жазасын Сүйіншік сұлтанға айтқызған лауазым, — деп Әбілқайыр хан сыбырлауын тоқтатты.

— Құп, тақсыр, әміріңіз орындалады, — деп уәзір басын иді. Сөйдеді де бұ да сыбырлады. — Рабиу ханым жазасын айттыңыз, ал Ақжол биді қайтеміз? Батыр Саянды қашыруда оның да күнәсі бар...

Күні-түні ақыл-ойын кіші бәйбішесіне деген өшпендік билеп кеткен хан, уәзір сөзін бірден түсінбеді. Ұғып еді, көңілінде үнсіз жатқан күдік кенет шағатын жыландай жиырыла қалды.

Бақты-Қожа бұл сұрақты бекер бергенін артынан ұқты. Көңілге кірген түйткіл, қылаң берген жаумен тең. Ақжол би де бұның бас уәзір болмауына көп ой салған. Бақты-Қожа: «Ақжолға өш екені ханның өзіне аян, содан сескеніп Рабиу-Сұлтан-Бегім ханымға деген ойымның беті ашылып қалмаса нетсін? Рабиу-Сұлтан-Бегімнің де мені бас уәзір еткіздіргісі келмегені өзіне мәлім...» деді ішінен.

Әбілқайырдың сезіктеніп қалғаны да рас еді. Рабиу-Сұлтан-Бегім мен Ақжолды осы уәзірге бекер тапсырдым ба, қалай? Өш аламын деп тым асығыс кетер ме екен? Бірақ әлгіде ғана жыландай, ой түкпірінде шумақтала қалған күдік бұдан әрі жазылып енді қимылдамады, сол жиырылған қалпында қала берді. Рабиу-Бикеге деген көптен көкірегінде ұялаған сенімсіздік бұрынғысынан да күшейе түсті. Енді ол: «Бәсе, Ақжолдың тағдырын қалай шешу керек?» деп бір ашуға бір ашуды қосты. «Батыр Саянды құтқарушының бірі Ақжол би екені сөзсіз. Және Рабиу-Сұлтан-Бегім бәйбішеммен байланысуларына қарағанда, Арғынның бұл жүйрігі дүбірді алыстан қозғаған секілді. Маған деген көрлерін тереңнен қазайын деген бе, қалай? Иә, солай тәрізді. Мұндай жағдайда Ақжолды аяудың

¹ К ө р е г е н — Күрен деген сөзден алынған Шыңғыс титулы, қазақ бөтен мағына берген.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Кобыпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

қажеті бар ма? Ақжолды аямау деген сөз, Жәнібек пен Керейдің шаңырағын ортасына түсірумен бірдей. Арғын биінен алынған өш, Керей мен Жәнібектен алынған өш!».

Орыс хан ұрпақтарының есімі аузына түсіп еді, Мұхамед-Шайбаниға қараған Бұрындықтың кейпі қайтадан көз алдында елестей қалды. «Біз Жошы тұқымының сұлтандары бәріміз де осындаймыз. Дәшті Қыпшақ тағына ие болу үшін мен Жошыдан шыққан қай адамды аядым? Қолына күш тисе Бұрындық та соны істейді. Ал күш тиіп қалуы да мүмкін. Қалың қазақ руларына олар текке иек сүйеп отырған жоқ. Рас, бұл руларды Арғын бастағысы келгенмен өзгелерінің басы қосылмай жүр. Үйсін, Наймандар әлі де ауа жайылуда. Алдағы бір айла бұлармен Жәнібек пен Керейді, қала берді олардың балалары Қасым мен Бұрындықты біріктірмеу керек. Ал біріктірмеудің жалғыз жолы баяғы бір кәрі амал — ажал... Түбірімен жұлынған шөп қана қайта өспейді. Құр үстін шабудың қажеті жоқ. Өзбек ордасы Ақ Ордаға айналмасын десең, Жәнібек пен Керейді түп-тамырымен құрту шарт, бірақ Арғындармен ымдас руларға сөзін өткізе алатын Дайырқожа — Ақжол би тұрғанда ол мақсатқа жету қиын. Ақжол би Жәнібек пен Керей үшін отқа күйіп, суға батуға бар. Иә, ең алдымен Ақжол бидің өзін...

Әбілқайыр хан Ақжол биді жоқ ету — жатқан жыланның құйрығын басу екенін дәл осы сәтте есепке алған жоқ. Баяғы көкіректі жайлаған өшпендік уы, баяғы хан тағын қорғау қаупі тағы жеңді. Бірақ уәзірге ол:

— Ең алдымен Рабиу-Сұлтан-Бегім жайында айтылған әмірді орында, — деді, — Ақжол бидің тағдырын сосын шешеміз.

Бақты-Қожа уәзір:

— Құп, тақсыр, — деп орынсыз күмәнданғанына көзі жетіп, тәжім етіп үйден шығып кетті. Бірақ ізін ала қайта кірді.

— Қара Қыпшақ Қобыланды сіздің алдыңызда бас имекші, — деді шығыс ғұрпымен орағыта сөйлеп.

— Жақсы, кірсін, — деді Әбілқайыр, үре түрегелген иттердей өзіне тарпа бас салған қалың ойды қуа беріп.

Иә, хан ойланатын іс қазір мол еді. «Өз әкесі Ұлықбекті өлтіріп, Самарқант әмірі болған әбдуәли-Латиф мырзадан кейінгі әміршісі Ақсақ Темірдің екінші баласы Шахрух мырза өзінің Әбілқайыр ханға бағынышты екеніне қарай, Үндістан мен Иракқа жорыққа шығыпты. Бұл қай саясаты? Үндістан мен Иракты өзіне қаратса күшейемін дегені ме? Иә, солай болар. Шахрух мырза күшейсе ең алдымен Әбілқайырдың құрығын үзуге тырысады. Жоқ, ол болмас. Шахрух мырзаны біржолата құрту үшін Самарқант билігін өз ұлдарымның біреуіне беру керек. Шахрухтың басын жоятын мезгіл жетті. Моғолстанның да қазір өрісі кеңіп алды... Исан Бұғы хан Жәнібек пен Керей сұлтандарға көңілдес. Бізбен кереғар. Бұл ханды да жөнге салар бір қайың құрық керек-ақ! Түбі Моғолстанмен бір айқасуым кәміл. Мүмкін қазір айқасқан жөн бе? Бүкіл Дәшті Қыпшақ, Хорезм, Моғолстанның солтүстік-шығыс жағының әжептәуір жері қолымда тұрғанда, ала ауыз Жағатай ұрпақтарына күшім жетуі ғажап іс емес. Бірақ сондай байтақ елге жорыққа аттануға денсаушылығым көтере алар ма екен? Ақсақ Темір Мауреннахрға бабаларын Кавказдан құл етіп айдап әкелген, қазір ұрпақтары мұсылман болып кеткен, атақты балгер-дәруіш әбдіразақ Нахичевани кешке «хан ием, буындарыңызға тұз ұялай бастапты. Сары ауруға шалдығып кетер қаупі бар. Бір-екі жыл жорықты қоя тұрып, Мауреннахрға барып, ыстық бұлақ суларымен емделгеніңіз жөн болар» деді ғой. Бұл ақылды еске алмасқа бола ма? Жаулап алған бүкіл әлемнен түбі саған тиері екі құлаш қара жер ғана ғой, дүние жүзін билеймін деп жанталаса берудің қандай қызығы бар? Ханның бұл өлімнен қорыққаны емес. Адамның өзіне тимей кетпейтін бір үлесі бар. Ол бақыт та емес, тек өлім! Әбілқайыр бұны жақсы біледі, енді өз ойына өзі күлді. «Дүние шіркін қандай тәтті! Оның өлімнен күштілігінің өзі сонда ғой, қара жерге кіргеніңше сол үшін алысып өтесің! Үрім-бұтағым деп алысасың» кенет есіне Шыңғысханның ескі өсиеті түсті. Шыңғысханның жер-жиһанға аты жаңа тарап, қырықтан асып бара жатқан кезі екен, жанында бір топ нояны бар аң аулап келе жатыпты. Кенет жас ноян Сүбітай баһадур: «Тақсыр хан, қараңызшы!» деп оң жақтарындағы биік жартастың етегін көрсетіпті. Биік құз, етегі қалың көгал шөп, ортасында селдір құрақты бұрала сылдырап аққан күміс бұлақ. Осы бұлақтан су ішіп бір топ киік тұр. Жел қарсы жақтан болғандықтан киіктер Шыңғысхан тобының сыбдырын естір емес. Ханның оң жағында келе жатқан ноян иығынан садағын жұлып алып, киіктің шеткі марқа қошқарын іліп түспекші болып, көздей бастады. Бірақ Шыңғысхан «тұра тұр!» деп қолын көтеріп, садағын тартқызбай қойды. Ханның қырағы көзі дәл осы сәтте басқа бір кереметті шалып қалған. Ол алдыңғы жағына ентелей қарады.

Сөйткенше болған жоқ, нояндар киіктердің ар жағындағы көлден шығып, шың түбімен өрмелей келе жатқан ұзындығы бес құлаштай қара шұбар жыланды көрді. Әлгі ноян енді садағын киіктерге қарай ақырын жылжи таяған әп жыланға көздей бастап еді, Шыңғысхан қолын көтеріп тағы атқызбай қойды. Киіктер өздеріне жақын қалған ажалды сезді ме, кенет құлақтарын едірейтіп жан-жақтарына елеңдей қарады да, айдаһарды көріп ата жөнелді. Бірақ олар тым кеш қимылдады, әп жылан лақтырған бүйендей кенет жуан шұбар денесін сопаң еткізіп бір ытқытты. Сол сәтте шеткі жас киік «бақ» ете қалды. Жыланның орала түскен балуан денесінің бір сығуынан киік қалмады. Екінші рет бақыруға да жарамады, жас сүйегі сытыр-сытыр сынып, заматта жан берді. Енді жылан жазылған арқандай бес құлаш денесін созып жіберді де арандай аузын ашып, киікті жұтпақ болып ыңғайлана берді. Жаңағы ноян үшінші рет садағын кезенді. Шыңғысхан бұ жолы да оны тоқтатты. Жылан киіктің бас жағынан шығып енді жұта берем деген кезде, кенет «шаңқ» еткен дауыс шықты. Қайдан келгені белгісіз, кереге қанат ақ иық қыран көктен түскен тастай жарқ етіп айдаһардың үстіне құлады. Екі алып алай-түлей жұлысты да қалды. Қайсысының қыран, қайсысының жылан екенін білу қиын, бірі қара шұбар, бірі тарғыл жүнді таудың ақ иығы. Тек бірін-бірі құшақтай жұлқыласқан, жанталасқан, жартас етегінде шыр-көбелек айналып домалаған, будақталған түйін ғана көрінеді. Көктен түскен қыран, сірә, қанжардай тырнақтарын жыланның ең жанды жерлерінен салған болуы керек, анау оны қанша орап алып сығып құртам десе де болмады. Сүт пісердей алысқаннан кейін айдаһар иірілген денесін дірілдей созып, кенет сылқ етіп құлап түсті. Бүркіт айдаһардың шу дегеннен-ақ бір аяғымен көк желкесінен ап, екінші аяғын омыртқа тұсынан сап, артына қайырып өлтіргенін нояндар енді көрді. Адамның басы мен аяғын ұстап артына қайырып, омыртқасын сындырып өлтіретін нағыз Шыңғыс жаналғышы дерсің! Қыран жыланның басын денесіне дарытпапты. Ананың тек ирелеңдеген бөксе жағы ғана қыранға жабыса беріпті. Қанжардай өткір сояу тырнақтар қойсын ба, көк желкеден түсіп, тамағына дейін бүріп, айдаһарды әрі тұншықтырып, әрі арқа сүйегін күйретіп жіберіпті.

Ақ иық айдаһарды өлтіргеннен кейін, нояндар енді оны жас бағлан киіктің етімен тояттанар деп ойлады. Жоқ, олай болмады. Бүркіт киік етіне көз де салмады. Әлі жаны шығып бітпей, ақырын ғана діріл қағып жатқан әп жыланның денесіне қанжардай сояу тырнақтарын салып жіберіп, әп-сәтте күлпаршасын шығарды да бөлшектенген етімен қомағайлана тояттана бастады. Әбден тойып алғаннан кейін ғана барып, анандай жерде жатқан киікті көтеріп алды да кереге қанаттарын жая, шаттана шың басындағы ұясына қарай шырқай жөнелді.

әп жыланның бес құлаш ұзындыққа жетуі үшін ең аз дегенде жүз жыл өмір сүруі керек екенін білетін бір нояны Шыңғысханнан:

— Ұлы хан, әлгі қыран жас бағлан киіктің етімен емес, кәрі әп жыланның сіңір етімен неге тояттанады? Сол жас бағлан еті үшін өзі әп жыланға түскен жоқ па еді? — деп сұрады.

Сонда Шыңғысхан:

— Досыңнан қасыңның еті тәтті. Ал қасыңнан өзіңмен алысқан жауыңның еті тәтті, — депті.

еңгіме бұнымен бітпеген. Шыңғысхан қартайып келе жатқан кезінде тағы да аңға шығады. Баяғы өздері көрген шыңның жанынан өтіп бара жатқандарында қазір егде тартып қалған Сүбітай баһадур тағы да:

— Ұлы хан, қараңызшы! — деп шың жақты көрсетеді.

Нояндар жалт бұрылады. Бір жағын пышақпен кескендей баяғы қап-қара биік құз... Осы құздың тұсынан ұзындығы үш құлаштай қара шұбар әп жылан жоғары өрмелеп бара жатыр. Жартастың орта шеніне таяп қалған. Қырағы көздер көріп тұр, жартас түстес шұбар жылан жоғары қарай ақырын қозғалады. Құлар болса өзінің де тамтығы қалар емес. Бұны осыншама қауіпке салар қандай күш? Күш — біреу. Ол ата кегі, мынау шұбар аждаһа баяғы қыран өлтірген аждаһаның ұрпағы екені сөзсіз. Сондағы жартас, сондағы ұя, атадан әкеге, әкеден балаға қалған өшпенділік. Әр жылжығаны ажал, осынау қауіпті сапарға бұл жас аждаһаны да аттандырған сол ежелгі өштік. Нояндар шың басына қарады. Ернеуіндегі қуысқа жабыстыра салған қыран ұясы. Жаз ортасы, қыран балапандарының қанаттанып ұшып кете қоймаған кезі. Өздеріне жылжып келе жатқан ажалды сезгендіктен бе, олардың үрейлене шыққан шаңқылы еміс-еміс естіледі. Нояндар жылан сырын енді түсінді. Мынау әп жылан ата кегін енді қарт қыранның балапандарынан алмақ!

Шыңғысханның оң жағындағы, қазір қартаң тартқан баяғы мерген бас ноян садағын қолына тағы алды. Шыңғысхан осыдан жиырма бес жыл өткен әдетіне сай оны тағы тоқтатты.

Жас жылан, келе жатқанымды көріп балапандардың күні бұрын зәресі ұшып өлсін дегендей асықпай жылжиды. Ұяға міне, үш құлаш жер қалды. Тағы да жылан өрмелей түсті, енді екі құлаштай ғана салды. Жылан енді бір өрмелесе ұяға да жетеді. Қарт қыранның балапандарының жас қанын ішіп, ол ата кегін қайтарады. Жылан енді ақырғы рет өрмелеп ұя аузына да жетті. Қыран балапандарының шырылдаған дауыстары енді анық шықты. Мерген ноян тағы да садағын қолына алды, Шыңғысхан тағы да тоқтатты. Жыланның басы қыран ұясы салынған қуысқа кіре берді. Дәл осы кезде кереге қанаттары суылдап қыран да жетті. Бұл сөзсіз баяғы қыран. Бірақ қанат серпісі баяғыдай дауыл тұрғызар екпінді емес, қартайған... Әйтсе де жаратылысынан жасқануды білмеген жау жүрек қыран, қартайдым, алысар қуатым жоқ деп жас жыланнан сескеніп шегінген жоқ, алыс жолдан талып келген қанатын ең ақырғы рет пәрменінше сілтеп, жартастың дәл төбесінен бауырлай түсіп, бір аяғымен жыланның құйрығынан іліп төмен қарай лақтырған тасша құлады. Жыланның басы сопаң етіп шығып, шұбар денесі бір мезет жазыла көрінді де, әп-сәтте қайтадан жиырылды. Енді оның лақа балық басындай жалпақ басы жоғары қарай көтеріле берді. Бірақ жылан басы қыран денесіне тиіп үлгермеді. Сын айқаста тәжірибе алған қарт қыранның бос аяғының мұқала бастаған, бірақ әлі де сояудай тарбиған тырнақтары жыланның тасырайған қос көзіне барып қадалды. Екі алып осылай айқасқан қалпында жерге келіп құлады. Тағы да баяғы жан аяспас жұлыс, орала жұмарланған денелер. Жастың аты жас, бұл жолы әп жылан қыранды ортан белінен орап алған-ды. Күші қайтқан қыранның мұқалған тырнақтары аждаһаның құйрық жағын босатып жіберді. Бұл жолы алыс ұзаққа созылған жоқ. Қыран бір мезетте жылан құшағынан босап шыға берді. Ол енді бір қанатымен жерді сабалай, ілби шоршып жанындағы кісі бойлы жартасқа шықты. Бұл кезде қыранды қоя берген әп жылан құйрығымен жер сабап, иіріле дөңбекши, өзімен-өзі әуре боп жатты. Қыран қырындау жағынан шығып тастың басына барып отырды да жерде тулап жатқан жыланнан көзін алмай қатты да қалды. Шыңғысхан тобынан да сескенбеді. Өз денесін өзі тауға да, тасқа да ұрып тулап жатқан жылан әрі-беріден кейін әлсіреуге айналды. Қыран әлі қозғалған жоқ. Жылан өрім-өрім болған денесін, ақырғы рет бір мәрте жиырды да кенет жазыла бастады. Тас басында тапжылмай отырған қыран осы сәтте қуана шаңқ етті. Кереге қанаттарын жайып жіберіп көкке қарай талпынды, бірақ түбінен опырылған бір қанаты екінші рет қағуына жарамай ол төмен қарай жантая құлап, жаңа ғана өзі көтерілген жартастың сүйір ұшына кеп кеудесімен ұрды да, шалқасынан түсті. Екінші рет көтерілуге жарамады. Ақырғы рет қанталаған көздерімен көк аспанға қарады да, бір-екі рет сау қанатымен дірілдей жерді соғып, тына қалды. Шыңғыс тобы шың етегіне таяды. Қыран бір аяғының тырнағымен жыланның қос көзін ойып түсіріп, екінші аяғының тырнақтарымен кеңсірігін ет-метімен жұлып алыпты. Жылан әлсіреп барып жан тапсырыпты. Бірақ бұл да өз есесін жібермепті, алып денесімен орап қыранның бір қанатын топшысынан сындырыпты...

Жыланның өлгенін көргенде шаңқ етіп қуана шыққан қыран даусы әлі құлағында тұрған Шыңғысхан:

— Мына қыранның арманы жоқ, — деді. — Ол алғашқы жолы өзінің қайратты кезінде тайталасқан жауын алысып жеңді. Бұл жолы өзі өлсе де балапандарын ажалдан құтқарып өлді. Мына аждаһаның балалары өсіп, өшін алғанша, анау шың басындағы ұядағы балапандар да қыран болады. Олардың өз тартыстары басталады. Ал қарт қыран өз борышын атқарып ажал тапты. Өзі барда ұрпағына қауіп тудырар жауын құртып кетті. Осылай ажал тапқан ақиық ақырғы рет көк аспанға қанат жайып, өлер алдында қуана шаңқ етті. Сендер де осы қырандай болыңдар. Ажал сағаты келгенше монғолдың ұлы тағына қауіп-қатер туғызатын жауларыңды құрта беріңдер. Сөйтсеңдер бұл жалғаннан әлгі қырандай армансыз өтесіңдер, — деп сөзін бітірген.

Осы аңыз қазір Әбілқайырдың құлағында шыңылдап тұр. Оның ойынша дүние-жалған маңызы арғы бабасы Шыңғысхан өсиетіндей ұрпақтарының мәңгі құлпыра беруінде. «Ерте ме, кеш пе, бәрібір ажалдан құтыла алмайсың, ал сенің атыңның ұзақ не қысқа тұруы тек ұрпақтарыңның өмірімен байланысты. Сол ұрпақтарыңның өмірін ұзартуға сен өз борышыңды, әлгі қырандай, өтеп кетуге міндеттісің. Аурусың ба, ауру емессің бе, егер сенің алтын тағыңа ие болар немере-шөберелеріңе Моғолстан, Самарқандтардан қауіп туар болса сол қауіпті сен көзіңнің тірісінде құртып кет! Иә, солай»...

Хан сарайына кірісімен-ақ, Әбілқайырдың қалай ойға шомып кеткенін Қобыланды айтпай-ақ білді. Амал жоқ, үн-түнсіз ұзақ күтуге тура келді. Жасы егде тарта бастағанмен де ол әлі қызба, шыдамсыз мінезінен айырыла қоймаған-ды.

— Хан ием, — деді ызбарлы жуан даусын шамасынша ақырын шығарып. Терезеге қарап тұрған Әбілқайыр селк етіп жалт бұрылды. Дағдыланған оң қолы болат қанжарының алтын сабына барып та қалды.

— Мен сіздің қасыңыз емеспін...

«Иә, иә, бұл менің қасым емес. Ақжолдың қасы...» Әбілқайыр лып етпе сезімін батырына оңай аңартып алғанына жаман өкінді... «Осыншама жұртты өзіме қаратсам да, осылай болмашы бірдемелерден елегізіп қаламын. Шіркін жаны құрғыр неткен тәтті едің...»

— Жай ма, батырым?

— Жай емес, хан ием, баяғы бір Ақжол би жайы да... Қобыланды мен Ақжол жанжалы ең алдыменен Әбілқайыр ханға қайсымыз ықпалымызды көбірек жүргіземіз деген бақталастықтан басталған. Иә, әрқайсысы өзін Яссауи мешітінің күмбезіндей зор санайтын екі рудың екі батыры жанжалдасса, оның артында тұрған екі ру ел де қырғи-қабақ болады. Араларына қылау түседі. Мұндай жанжалдар тек хандардың мүдделерінен шығуы керек-ті...

Әбілқайыр Ақжол мен Қобыланды арасын астыртын шоқ тастап шиеленістіре түскен. Бірақ бұдан екі батырдың өшпенділігі екі рудың өшпенділігіне айнала қоймады. Демек, Қобыланды мен Ақжол өшпенділігі күннен күнге өрши бергенмен де, жеке бастың өшпенділігінен аса алмады. Бұрын мұндай батырлар таласы бірден ойран-асыр рулар таласына айналып кететін-ді, бұ жолы ондай өрт шықпады. Тіпті айтыс, бәйге таластары да екі топтың уақытша қызбаланғаны болмаса, кектесіп, қан төгісер күйге жетпей қойды. Бұның себебі Арғын, Қыпшақтың басын қосып, өзіме қарсы салғылары келіп жүрген Жәнібек пен Керей сұлтандарда-ау деп жорамалдады хан. Ал шын себебі басқа еді. Кең байтақ далада бар күн көрісі мал бағу ғана болған қазақ рулары бірігіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарудың өте қажет екенін ұға бастаған. Жерінің шалғайлығы да, сол жердің шалғай болуын тілеп отырған мал шаруашылығы да, бірлесіп бір жерде отыруға мүмкіндік бермейтіні рас. Бірақ қазақ руларының түсіне бастаған тағы бір жағдайы бар. Ол жағдай бастары қосылмағандықтан көрінгеннің жеңіл олжасына айналып кете беруі еді. Осыдан барып бытыраған қазақ Жошы ұлдарынан да, Ақсақ Темір қосындарынан да жеңілген. Шапқыншылық заманда тағы бөтен жақтан келген бір басқыншының жеміне айналып кетпес үшін, бүкіл қазақ рулары бір жерде бас қоспағанмен де, әдет-ғұрпы, жайлау-қыстауына қарай одақтас жұрт болу керек екенін ұққан. Оларда енді Үш жүзге бөлініп қауымдассaq қайтер еді деген үміт туған. Үш жүз деп атқа бөлінбегенмен де үш сапқа ыңғайланып бастарын біріктіруге кіріскен. Дәл осы кезде Арқада көшіп жүрген Арғын мен Қыпшақ арасында да осындай одақтың лебі сезіліп қалған. Бұны жөн көрген осы екі рудың атақты биі, ақылгөй ақсақалдары Қобыланды мен Ақжол арасындағы кикілжіңді рулар жанжалын өршітпеуге тырысқан. Халық тұрғысынан дәстүрге айналған, әркім өз байлығын, ерлігін, шешендігін дәріптейтін айтыстарға қатынасқанмен де, бұл бірігудің абзал екенін Асан Қайғы, Қазтуған, Қотан секілді бүкіл қазақ қауымы ардақтаған жыршылар да қолдаған. Сол себептен екі батырдың дауы өз араларының дауынан аспай қала берген.

Ал осы дауды түбі Жәнібек пен Керейдің дауына аударсам деген Әбілқайыр әлі де болса Қобыланды мен Ақжолдың арасын оқта-текте бүлдіріп отыратын.

— Ақжол жайында дейсің бе? Оның жайын маған несіне айтасың, — деді хан баяу сөйлеп.

Қобыланды мен Ақжолдың арасындағы өшпенділіктің өзі білетін жайдан бөтен, біріне-бірі кешпес жау боларлықтай тағы да бір сырдың барын Әбілқайыр білмейтін. Сондықтан екі батырдың арасын тек өз тұрғысынан өршіте түскен. Түбін күтіп, өз басына тиер өсек-аяң сөздерге де шыдаған.

— Батыр Саянды Ақжол қашырып отыр ғой.

— Білемін...

— Білсеңіз... Кінәсі қолыңызда тұрғанда...

Әбілқайыр ақырын күлімсірегендей болды.

— Өйтуге болмайды. Ақжол жақтағылардың күші мол...

Қобыланды кенет ашулана қалды.

— Қандай күш?! ән мен сөз баққан Арғынның көп жігітін айтасыз ба? Рұқсат етіңіз, он сойылмен Ақжол бидің аулын тал түсте шауып берейін.

— Ақжол бидің аулы Жәнібек пен Керей сұлтанның ордаларымен қотандас отырған жоқ па? Ақжолды шауып жатқанда олар үндемей қалар ма?

Қобыланды бұрынғысынан бетер күреңденіп:

— Үндемей қалмаса тағы мейлі! Онда мен оларды Ақжолмен бірге шабамын.

Хан тұнжырап кетті. «Жоқ, жоқ, өйткізуге болмайды. Бүгін қара халық сұлтандардың ауылын шауып дағдыланса, ертең ханның Ордасына да лап беруден тайынбайды. Қардың басын қар алар, ханның басын хан алар. Қара халықты басқарудан туған таласымызды Шыңғыс ұрпағы өзіміз шешуіміз керек. Мейлі бірімізді біріміз қан жоса етсек, о да біздің ғана шаруамыз. Ал сұлтандар тағдырын бүгін қара халыққа шешкізсек, дағды алған бассыз кеткен ноқай тобыр ертең ереуілдеп Орда тағдырын өзі сойылымен шешеді. Иә, сонда Қобыландыға қандай жауап беру керек? әйтсе де, оның елу батпан¹ шоқпарын сілтетіп қалған жөн-ақ».

— Ақжол батырдың көзі жойылса, Жәнібек пен Керей ең жанашыр адамынан айрылады.

— Олай болса, тек Ақжол бидің жалғыз өзін жоюға рұқсат етіңіз, хан ием!

— Бір адамды өлтіру үшін, он адам боп ауылды шабудың қажеті бар ма? әлде жекпе-жекке күшің жетпей ме?

Бұл сөз Қобыланды батырдың намысына тиді, бірақ ол хан алдында тұрғанын ұмытпай, қинала жауап қайырды.

— Жекпе-жекке Ақжол би шықпаса қайтемін, хан ием?..

— Онда... Жекпе-жек жүз кездесер жолын торлау керек.

Қобыландының онсыз да күрең беті енді тіпті күреңденіп кетті. Хан сөзін ол дұрыс түсінді. «Ақжолды қарақшыдай аңдып жүріп жалғыз жүрген кезінде өлтіруі керек. Жоқ, Қобыланды батыр ондай қарақшы емес. Өлсе де, өлтірсе де қан майданда жаумен бетпекте келеді».

Қара Қыпшақ жолбарысының намыстанып қалғанын хан да сезді. Енді ол бұйыра сөйледі.

— Ашық айқас ел арасын бүлдіреді. Арғын, Қыпшақтың тату болғаны жөн. Екі батырдың оңаша айқасында кімнің дауы бар? Жүзбе-жүз айқаста күші жетпей қаза болған ердің құнын ешкім жоқтамайды. Бұл ата-бабамыздың ескі салты.

Хан сөзінің жаны бар екенін Қобыланды батыр енді аңғарды. Әрине, ол Ақжолды оңашада кездесе салған жерден өлтіреді. Жүректі жегідей жеп бара жатқан күйік тек соны ғана арман етеді.

Қобыланды батыр басын төмен иді де:

— Құп, тақсыр, ендігісін ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы шешсін! — деп хан сарайынан шығып кетті.

Әбілқайыр тағы да ойға шомды. «Әрине, Жәнібек пен Керей Ақжолдың құнын сұрап хан ордасына төнеді. Міне, сол кезде жекпе-жекте өлген батырдың дауы арқылы елге бүлік салайын деп жүрсіндер деп, біржолата көздерін құртып жіберу керек. Сөйтсем мен тобыр көзінде Дәшті Қыпшақ бірлігін ойлаған хан боп қалам. Ал тобыр солай түсінсе қос сұлтанның өлімдері де елеусіз өтеді». Сол күні ол өзінің Орда күзет әскерінің баһадұры Найман Қара Оспанды шақырып алды. Оған ертеңнен бастап Орда-Базардағы хан әскерін ұрысқа дайын ұстауын бұйырды. Соңғы кезде Жәнібек пен Керей жағына іш тарта бастаған Найман баһадұры хан бұйрығын Жәнібек сұлтанға жеткізді. Кенет секем алған сұлтан өз жігіттеріне аттарын белдеуде, найзаларын босағада ұстауды ескертті.

Дәл осы кезде Ақжол би жанында үш аңшы серігі бар, қаршыға салмақ боп қазақтың көне мәдениетінің кіндігі болған қарт Арғынаты тауларының бөктеріндегі бір кезде Барақ хан Ордасы тұрған Барақкөл маңына саяхатқа шыққан. Жаз бойы құсбектері той-думанда жүріп, тұғырларында ұзақ отырып қалған қанды балақ, қызыл көз қаршығалар аңшылардың әбден айызын қандырған. Қырдың шоқтай қызыл түлкілері мен қара қылшықты қарсақтарын қиядан іліп, Ақжол би мен серіктерінің көңілін көл-көсір ашқан. Қаршыға салу қызығына мүлдем батқан саятшылардың ауылдан шыққандарына бір аптадан асып кеткен. Осы кезде оларға Жәнібек сұлтанның «Хан Ордасы қазір ұйқы-тұйқы қобалжуда. Аз адаммен аңда жүріп ұқыпсыз боп бір қырсыққа ұшырап қалмасын, тезірек Ордаға қайтсын» деген шабарман келген. Заты сабырлы Жәнібек сұлтанның босқа мазасызданбағанын Ақжол би бірден сезіп, сол сәтте-ақ ауылдарына бет бұрған. Бірақ бұлар ойлаған кездерінде Орда-

¹ Б а т п а н — салмақ өлшемі. Бір батпанда 200—300 грамм ауырлық бар.

Илияс Есенберлин. «Алмас Кылыш» (Көшпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кӛр», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Базарға жете алмаған. Ұлытаудан бері асып, күнгей беттегі тал түбекті құла су Жанғабыл өзенінің бойындағы «Орда тіккен» деп аталатын, бір кезде Жошы ауылы қонған жерде ат шалдырып жатқандарында, қасында он жасауылы бар, Көксеңгірін ойнақтатып Қобыланды батыр үстеріне сау ете қалған. Түсі суық, кигені кереге көз сауыт. Күн сәулесімен шағылысады. Жуандығы білектей, түбіріне жұмырықтай қорғасын құйған, үлкендігі баланың басындай, зілдей қайың шоқпарын үйіріп, көк орай шалғында бір жамбастап жатқан Ақжол биді көргеннен-ақ ақырған:

— Қатын болмасаң шық қазір, өлер жерің осы! — деген.

— Батыр-ау құба жонда бұныңыз не? Жекпе-жекке шығар болсаңыз қалың ел бар емес пе? — деген Ақжол бидің қара мұртты жас серігіне:

— әй, мына қара шоқпарым ең алдымен өзіңе тимесін десең, былай тұр! — деп зекіген.

Қобыланды батырдың өшпенділігі тым тереңде екенін білетін Ақжол би онымен сөз таластырып әуре болмаған. «Құдайдың жазғаны осы болса оны да көрейін» деп шідерімен оттап жүрген Ақжанбасын алдырған. Шарт киініп, бөтен қарулары болмағандықтан түлкі, қасқыр соғуға деген қайың сойылын ұстап атына мінген. Сол-ақ екен долы мінезді Қобыланды Көксеңгірге қамшыны басып жіберіп қарсы шапқан. Ақжол атын тебініп үлгіргенше сала құлаш кеуделі Көксеңгір арқырап жетіп келген. Ақжол сойылын да жөндеп сілтей алмай қалды. Нардай биік тұлпардың үстіне қарай соққан сойылы сауыт киген Қобыландының тек бүйір тұсынан барып тиді. Қара Қыпшақ батыры тұлпарының қарқынын тоқтатпастан Ақжанбасты кеудесімен қақтыра ырғытып бұзау бас қара шоқпармен өзінен сәл төмендеу Ақжол биді дәл төбесінен қос қолдап ұрды. Ақжол биі түбінен кескен теректей дізерлей қалған Ақжанбасының үстінен күрс етіп құлап түсті. Дулығасыз түлкі тымақ киген, мылжа-мылжа болған төртбақ денесі анандай жерге дейін домалап кетті.

Қобыланды батыр бұрылып артына қараған жоқ, нөкерлерін соңынан ертіп, Көксеңгірді ойнақтатқан бойы, іп-лезде көзден ғайып болды.

Ойламаған оқиғадан шошып кеткен Ақжол серіктері дереу қалың Арғынға ат шаптырды. Бас сүйегі күл-талқан боп, миы әр жерге шашырап жатқан аяулы бидің нардай денесін алдарына өңгеріп Орда-Базарға қарай беттеді.

Әбілқайыр бұл кезде хан сарайында Бақты-Қожа уәзірмен оңаша отырған.

Уәзір хан тапсырмасының орындалып қалғаны жайында әңгіме шертуде.

Сүйіншік сұлтан туған шешесінің қылығын алғашқы естігенде сенбеген-мыс... Сен менің анама қара жауып отырсың, жарып өлтірем деп қанжарын ала ұмтылған-мыс. Бірақ бұл оқиғаны «хан әкең де біледі. Сен айтпаған үкімді әкең айтады» дегеннен кейін барып тоқтаған-мыс.

Шыңғысханның тас жүрек тұқымы емес пе, ақыры күнәлі анасын өлім жазасына кесуге көнген...

Зұлым уәзір бұл жерде, біраз жағдайды жасырып қалған. Ол Сүйіншік сұлтанмен әңгімесін бөтен түрде бастаған. Ханның өзге балаларындай емес, бұл сұлтан Бақты-Қожа уәзірге жақын жүретін. Уәзір оны оңаша шақырып ойындағысын айта алмай ұзақ отырған.

Хан уәзірінің көмейінде бір өте күрделі сөздің тығылып тұрғанын сезген бала жігіт:

— Сөйле, Бақты-Қожа уәзір, — деген. — Байқауымша айта алмай отырған бір құпия сырың бар секілді.

— Оның рас еді.

— Егер құпия сыр маған арналған болса, екі құлағым сенде.

— Тек өзіңе ғана арналған. Тек сенің болашағыңа керекті сыр...

Тумай жатып Хан Ордасының өзара қанды таластарына әбден қанық Сүйіншік: «Менің басыма қауіп туып қалған екен» деп шошып кетті. Сұлтанның бұл жағдайын сезген қу уәзір:

— Бүркіт балапаны жаратылғанда қыран болам деп жаратылады. Хан баласы туғанда хан болу үшін туады. Сенің әкең Әбілқайыр он жетісінде бүкіл Дәшті Қыпшақты биледі. Ал одан туған сен, әлі жорға мініп алтыбақан тебуден аса алмай жүрсің. Дер кезінде қабыршағын жарып жарық дүние көрмеген балапан тұншығып өледі, дер кезінде алтын таққа отыра алмаған хан ұлы, хан тағын арман етер кеселге айналады. О да өлгенмен тең...

«Хан тағы» деген сөзді естігеннен-ақ Сүйіншіктің екі көзі оттай жайнап сала берді. Уәзір бала жігіттің ең осал жерінен ұстағанын сезді, енді ол бір терең ойға шомып кеткендей ұзақ уақыт үндемей қалды. Уәзір сөзі жанына жаға бастаған Сүйіншік шыдай алмай:

— Хан тағынан дәмәтер менен де бөтен аға-інілерім бар ғой, — деді бірден өзінің қаупін ашып, — олар да хан баласы.

— Қара қазақ баласы — әкесінің баласы. Хан тағының баласы — әкесінің ажалы. Өйткені тақ біреу, отырамын деушілер көп.

— Хан әкеміз әлі елуге жеткен жоқ қой...

— Хан жасы — баласының жасымен байланысты. Баласы өзін нәресте санаса — хан жас болады. Баласы ер жеттім десе — хан қартқа айналады.

Сүйіншік түксіе қалған.

— Сонда сен...

Уәзір ақырын жымиып күлген.

— Шыдай тұр, ел билегің келсе, алдымен өзіңді өзің билей біл, — деген ол. — Мен сені әкеңе қарсы салғалы отырғам жоқ. Қылшылдаған жас айғыр кезі келгенде кәрі-құртанды үйірінен өзі қуады. Хан иемізге қаншалық жаның аштитынын кезінде көрсетерсің. Ал қазір айтарым: мұбаракті Әбілқайыр хан ауру жан. Бүгін болмаса ертең, ертең болмаса бүрсігүні, оның төсек тартып жатып қалуы ғажап емес. Құдай өзі бергенін өзі алады. Бұған тірі пенде араша түсе алмайды. Әбілқайыр ханның тек сырты ғана сау, іші күйе түскен кигіздей шұрық-шұрық. Құдай тағала қымбатты хан иеме мың жыл тіршілік берсін. Ал алда-жалда... — уәзір қиналғандай төмен қарады, — жаман айтпай жақсы жоқ, егер хан ием олай-былай бола қалса, бір таққа он ие бар, қайсың отырасың мен соны айтайын деп едім.

Сүйіншік адуынды хан әкесінің көзі тірі екенін тіпті ұмытып кетті. Әлі өзі отырып көрмеген алтын тақтың буы күні бұрын жүрегін тулата бастады. Ол енді қобалжи, толқи сөйледі.

— Сонда өзіңіз қайсымызды лайық дейсіз?

Уәзірдің де күткені осы сұрақ еді. Енді ол асықпай, әңгімені тереңнен қозғады.

— Хан иемнің өзге балалары бір төбе, сен де бір төбесің. Топ қарғаның ішінде қоңыр қазымсың. Бірақ ханның ақылды баласының бас жауы өзінің әкесі деген. Ал сенің әкең емес, анаң бас жауың...

Сүйіншік шошып кетті.

— Ол мүмкін емес, — деді даусы дірілдей, — бір ана баласын жақсы көрсе, ол менің анам!

— Болар жігітке дүниеде анасының жақсы көруінен қиын бөгет жоқ, Рабиу-Сұлтан-Бегім ханым сенен аналық махаббатын аямайды, сені көзінің қарашығындай сақтағысы келеді. Сол үшін алтын таққа Күшкінші сұлтанды отырғызуға бар.

Сүйіншік сұлтанның екі көзі шатынап, ерні кезеріп кетті.

— Алтын тақты қимаған ананың махаббаты маған неге керек? Жақсы көремін дегені бос сөз екен ғой, түсіндім, шын жақсы көрері Күшкіншік болды!

Осы сәтте Бақты-Қожа уәзір шын сырын ашты.

— Хан тағына жетем деген адамда туыс та, туған да болмайды. Кейде ата-ананың, бір туған бауырларының өлігінің үстінен аттап, хан тағына жетуге тура келеді. Өйтпесең сенің өлігіңнің үстінен көп бауырларыңның біреуі аттап өтеді. Хан тағы тек тастай берік, жан аямас мықтының орны. Қажырсыз адамның ел билегені, өгізге мініп жылқы баққанмен бірдей. Егер осы жолда қажырлы бола аламын десең мен сенімен бірмін, — деп бір тоқтаған уәзір.

«Бола аламын!» деп уәдесін берген Сүйіншік. Осы сөзден кейін жатса-тұрса да хан тағы оның көз алдынан кетпей қойған. Мансапқор, ақылға бай емес бала жігітті зәр ішкендей жағдайға жеткізіп ап, зұлымдығына найза бойламас уәзір, хан тапсырмасын орындауға кіріскен. «Саған алтын тақты қиғысы келмейтін анаңның мынандай да күнәсі бар, егер хан тағына жеткің келсе осы күнәсін дақ етіп, ең алдымен Рабиу-Сұлтан-Бегімнен құтыл» деген.

Бақты-Қожа уәзір қателеспеді. Қасқырдың қаншығы тек күшігі қасқыр болғанша ғана ана, ал күшігі қасқыр болғаннан кейін, анасы да оған қасқыр. Ақылды уәзір Сүйіншікке «Ханға әке де, шеше де, аға-іні де — тек алтын тақ» деп бекер айтпаған еді.

Уәзір ханға Сүйіншіктің тілін осылайша тапқанын ашпады. «Ханға бәрі бір емес пе, баласы анасының басын қалай алғаны. Тек бұйрығы орындалса болғаны ғой».

— Жақсы, Бақты-Қожа уәзір, — деді хан, анау басын төмен иді.

Осы сәтте Ақжол бидің өлгенін естіруге шабарман келді.

Әбілқайыр Тарланкөкке мініп, қалың нөкерлері мен «хан қорғаны» жауынгерлерін ертіп, қазақтың көне дәстүрін сақтап, Ақжол аулына көңіл айтуға аттанды. Орда-Базарды қоршай қонған қазақ ауылдарын аралай, Қаракөңгірдің етек жағына қаза болған Ақжол биге арнап тіккен үйлерге беттеп келе жатты. Хан атының басын тежей тартып, әлсін-әлсін өзен, көл бойларын жағалай жайлаған қалың елге қарап қояды. Қараған сайын сұрлана түседі. Арғын,

Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ ауылдарының маңайында өреде ерттеулі ат, белдікте шошайған найза сойыл. Жайшылықтағы тыныш жататын бейбіт елде жауға шығар, не жау күтер алдында осындай бір сұсты түр пайда болатын. Мынау жорыққа дайындалған, дүрліккен ауылдар. Тек Маңғыт, Бүркіт, Барлас, Қарашын, Қосшы рулары мен төлеңгіт ауылдары жайбарақат. Әбілқайыр қазақ руларының түрін көріп сескенейін деді. Қобыландыға Ақжолды өлтір деп бекер ақыл бердім бе, қалай деп ойлайды ол бір мезет. Жаздың жарқыраған әдемі күнінде жауар бұлттай қаһарлана қалған, мынау, қалың елдің осыншама көр көрсетуіне себеп болғанына, Әбілқайыр енді өкінді. Ақжолдың құнын жоқтап Жәнібек пен Керей құр қол келе қалады деген жорамалының да бұрысқа шыққанын ұқты. «Ақжол ажалын Жәнібек пен Керей өз мұраттарына пайдалана білген екен. Енді тек айқастың күндерін күтіп отыр-ау деді ол ішінен. Ханның қайсарлығы ұстап кетті. — Айқасса Әбілқайыр дайын. Қазірдің өзінде биылғы жылдай бейбітшілік жылдың өзінде, тек осы Орда-Базардың төңірегінде жиырма мың салт атты әскері бар. Әбілқайыр тағы да осынау қару-жарағын сайлап, қаптаған Арғын, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ, Тарақты ауылдарына көз тастады. Бірақ сол жиырма шыңның тең жартысы қазақтың осы руларынан емес пе? әрине солай. Қалғаны ғана Согдиялық — Мауреннахрлықтар, ұйғыр, кірме монғол, шағатай, моғол, қалмақ, қырғыз елдерінен. Егер айқас туа қалса, қазақ рулары әскерінің менің шебімде болмайтыны хақ. Мынау, дайындық соны көрсетеді ғой. Қобыланды батырды қорғап, Қыпшақ жауынгерлерінің де Арғынды шабуы екіталай. Күш тең түсіп қалған екен. Жәнібек пен Керейдің де соңғы кезде тым суырыла шығып жүргені да осыдан... Мауреннахр мен Қорасаннан әскер алдыруға уақыт тығыз... Не істеу керек».

Бұлар Ақжол бидің қазасына арнап тіккен ауылға таяп қалды. Кеңгірдің жазғытұрым тасығанынан пайда болатын қара қамысты Қарасуды жағалай, қарабастырық пен ат құйрығын найзаға байлап босағаға іліп қойған бұл ауылдың қаралы жағдайын көрсеткен жүзге таяу ақбоз үй тұр. Сол ақ боз үйлердің төрінде, топ аққудың ортасына ұшып келген қара бүркіттей он алты қанат, шымқай қара қой жүнінен бастырған сұсты қара орда ерекше көзге түседі. Шаңырағына байланған Арғын руының көз таңбасы салынған сала құлаш құйрықты қара жалау... Қара орданың түрі тым сұсты, бүкіл Арғын руының айбары тәрізді. Әрине, Ақжол өліміне бүкіл елдің осыншама көңілін аударған Жәнібек пен Керей сұлтандар. Қолының қанжар сабына қалай барғанын Әбілқайыр білмей қалды. Бірақ сол сәтте-ақ қолын кейін тартып алды. «Менің өзімнен өзім қобалжып келе жатқанымды ешкім байқай қоймады ма екен?» — деп енді ол түріне жайбарақат пішін беріп жан-жағына көз тастады. Жоқ ешкім көрмеген екен, жұрттың бәрінің көзі қаһарлы қаралы үйде... дегенмен, не істеу керек? Бұндай айқаста қандай тәсіл, қандай дұрыс жол бар? Баяғы бір күпті сұрақ оның ойына қайта келді. Хан ойына жауап іздеп тұнжырай берген кезде кенет, «Ой бауырымдап!» ауылға қарай ат қойған топ жігіттің даусы селк еткізіп, ойын бөліп жіберді.

Қазалы ауылға таяғанда «Ой, бауырымдап!» ат қою қазақ руларының сан заманнан келе жатқан көне дәстүрі. Бұл дәстүрді тек Шыңғыс тұқымы ғана қолданбайтын. Сонау Монғол жерінен келген Шыңғыстың бар ұрпағын, нөкер, нояндарын өзі тіліне, өз ғұрпына көшіріп алған қазақ елі сұлтан тұқымының бұл әдеттен бас тартуын дұрыс-бұрыс деп көңіл қоймайтын. Ал, Шыңғыс тұқымы хан басымен, жай қазақтай өлік шыққан үйге «ой, бауырымдап!» далбақтай шаба жөнелуді өздеріне лайық көрмеген. Осы себептен де Әбілқайыр тобы қаралы ауылға үрдіс аяңмен таяп келе жатқан. Кенет «Ой, бауырымдаған!» дауыс шықты, хан соңындағы жауынгерлер мен нөкерлерінің бір қанаты опырыла шапты. Бұлар Арғын, Найман тәрізді қазақ руларының жігіттері еді. Хан оларға «кейін қайт!» деп ақырмағанмен, тобының рұқсатсыз бұлай бөлінуін жақсы ырымға санаған жоқ. Түйілген қабағы түйіле түсті. «Хан Ордасына бір қауіп жақындап келе жатқан тәрізді. Өзіңді безенген садақтай дайын ұстаған жөн». Әбілқайыр тобы қара орданың сыртына келіп түсті. Сұлтандарға арнап тартылған кермеге аттарын байлады.

Басында қошқар мүйіз етіп ойған алтын тәжі, тор көз жеңіл қорасан сауыт сыртынан киген алтын зерлі, Герат шеберлері тоқыған қызғылт торқа шапаны күн сәулесіне малынып, Әбілқайыр қара орданың есігін ашты. Төр алдында басына қара құндыз бөрік, үстіне жағасын қара құндызбен көмкерген қара мақпал қаралы шапан киген, алтын белбеулі Керей мен Жәнібек сұлтан отыр. Қастарында қазақ руларының он бестей атақты би, батыр, жыраулары. Орданың сол жағында өлік. Өліктің бас жағында баласы қаза болғаннан бері ша-

былған қурай тәрізді кеуіп, қаусап қалған Қотан жырау, қобызын күңіренге көзінен жасы

парлап, даусы шығар-шықпас боп сарнайды. Үйге кірген ханды көріп, қайғылы қабақтарын ашпай, Жәнібек пен Керей баяу жылжып орталарынан орын берді. Хан нөкерлері де үйдегілермен үнсіз амандасты да, дәрежелеріне қарай тиісті орындарына отырды. Хан келді деп жалғзынан айрылып тұл қалған Қотан жырау толғауын тоқтатқан жоқ. Көрші үйлерден әйелдердің зарлы жоқтаулары да адамның жүрегін тырнап естіліп жатты.

Хан жайласып отырғаннан кейін ғана қара орданың ішіне көз сала бастады. Орданың сырты қандай қара болса, іші де сондай қан жылаған қара екен. Алтын, күміспен зерлеген қара сырлы уық, кереге, бақан. Абажадай қара шаңырақтан жерге салбыраған қара шуда жіптен өрген шашақты тұжырма. Үй іші адамның зәресін алып, құтын қашырғандай... Әбілқайыр енді сол жақта, қара мақпалдан оюлап өрнек салынған ақ кигіздің үстінде жатқан өлікке қарады. Ақжолдың денесіне көзі түсер-түспестен селк етіп шошып кетті. Табытта қопарылған түйе тастай боп дөңкиіп Ақжолдың денесі жатыр, басы жоқ. Алып денеден қан ұйып қара күреңденіп кеткен, тек мойын омыртқасы көрінеді. Тас жүрек мызғымас ер болсаң да мына суреттен жан түршігерлік? Мына жырда басы болған, ал мына тұсы тымақ киетін жері еді дегендей, өліктің мойынынан бір жарым қарыс-тай жоғары Ақжолдың көк тысты құндыз тымағын қойыпты. Бүкіл қара бояулы үй ішінде тек түсі өзгеше осы тымақ қана. Жайшылықта жігіттің көркі болар әдемі қымбат тымақ, мойынмен екеуінің арасында бұрын бас болғанын әдейі көрсетіп, адам құтын бұрынғысынан да ала түскен. Әбілқайырдың бойы дірілдеп кетті. Хан әбігерін Жәнібек пен Керей бірдей сезді, бірақ оны басып тіс жармады. Әбілқайыр көзін өліктен аударып кереге тұсына қарады. Өліктің бас жағында керегеде ілулі, өлер күні кимеген, Ақжолдың болат сауыты мен іші қалың кигізбен әдіптенген кіші-гірім қара қазандай көк құрыш дулығасы ілінген. Кеуде тұсына бидің той-думанға деген қара камшат ішігі мен қайқы бас саптама үргеніш етігі. Аяқ жағында өлер күні тағы үйде қалған батпан қара шоқпары мен бидің өзінен басқа тірі жан алмайтын қайың садағы. «Осы заттары сол күні Ақжол бимен бірге болса, Қобыланды батыр бұны өлтіре алмас еді» деп ескертіп өлік басына әдейі қойғандай.

Жырау сыбырлай зарлайды:

«Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!
Сексен асып таяғанда тоқсанға
Тұра алмастай үзілді ме жұлының!
Адақсанын жолға салдың бұл ноғайлы ұлының!
Аққан бұлақ, жанған шырақ жалғыз күнде құрыдың,
Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!»

Жалғыз ұлынан айрылған қарт жырау ұзақ сарнады. Біресе өзі тоқтап, кәрі қобызын аңыратты. Өлден уақытта қарт жырау «Аһ» ұрып әзер тоқтады.

Сол уақытта барып сыбызғыдан шыққан, құлаққа жағымды қоңыр күйдей қоңырқай дауыспен әбдіразақ Нахичевани-дәруіш құран оқи жөнелді. Аятын бұ да ұзақ оқыды.

Құран оқылып біткеннен кейін, Әбілқайыр талғамды сөзбен көңіл айтты.

Хан сөзі бітісімен, Қыпшақтың сүбе биінің бірі, топ жарған шешен Құба би:

— Қара бетпін, ағайын, — деді. — Ат үстінде аяулы ұлыңды өлтіріп, елге қарар емес, жерге қарар жайым бар. Кессең бас, алсаң жан мінекей, құнын беруге дайынмын. Құн алынғанмен Дайырқожа би қайтып келер ме? — деді Керей күрсініп.

— Ардақтымызды ақ орап қоялық, сөз сосын болсын! — деді байсалды дауыспен Жәнібек.

Әбілқайыр хан бұлардың үнінен бір ауыр зіл сезді.

Осымен хан тобы қаралы ордадан шықты. Орда-Базарға қайтып келе жатып, Әбілқайыр екі жағдайды есіне алды. Бірі — Қара Қыпшақ Қобыланды Ақжол биді өлтірсе де, оның қадірін құрта алмауы еді. Бұл жазықсыз ажал Ақжол бидің атын тірідегісінен де ұлғайта түскендей. Кейде тарих адам атымен осылай ойнайды. Тірісінде жоқ даңқты өлгеннен кейін береді. Ақжол би де осындай даңққа ие бола бастаған-ды. Қара Қыпшақ Қобыланды бидің басын алғанмен, оның ұрпақтарға кететін даңқын жоя алмаған. Әбілқайыр хан бұны анық түсінді. Екіншісі — осы Ақжол бидің өлімі өзі ойлағандай Жәнібек пен Керейді құртатын жол болмай шықты. Хан өз қатесін өзі мойындады, бұл өлімнің аяғы үлкен насырға, ел бүлінер дау-жанжалға шабатынына шек келтірмеді. Хан мұны есіне ұстауға тиісті екенін мықтап түйді.

Ақжол бидің жетісін бергеннен кейін Жәнібек пен Керей қазақ руларының сойыл ұстар жігіттерін, Орда-Базар сыртына сапқа тұрғызып қойып, хан сарайына келді. Қазалы ерінің

құнын сұрады. Әбілқайыр: «Қыпшақтың үш жігітінің басын ал, бір бидің жоқтауы осы үш адамның қанымен бітсін» деді.

Жайшылықта ақ жарқын Жәнібек қараңғы түндей түнере:

— Бізге жазықсыз жандардың қаны керек емес. Жазықты Қобыландының басы керек, — деді.

Хан көнбеді. Бұл айқас тек Қобыландының басымен тынбайтынын білетін-ді. Қобыландыдан айрылса бар Қыпшақтан мүлдем қол үзетінін есепке алды. Сондықтан «жоқ, Қобыландыны бермеймін» деді.

Жәнібек пен Керей орындарынан түрегелді.

— Олай болса, біз кеттік, — деді қос сұлтан.

Бұлар келместен бұрын Әбілқайыр хан сарайының мұнарасынан Кеңгірді бойлай, Орда-Базардың күнгей бетінде құмырсқадай қаптаған әскерді көрген Жәнібек пен Керей қоштаспай, өктемдей адымдап есікке таянғанда «ұстандар мыналарды!» дей алмады нөкерлеріне. Жер шұқыған қалпымен үн-түнсіз қала берді.

Күн бата Арғын, Тарақты, Керей, Найман, Қоңырат, Уақ руларының біраз ауылы Жәнібек пен Керейге еріп, Моғолстанға қарай көтерілді.

Қалың әскері қорғаған қазақ рулары түні бойы көшті.

Таң атып, күн шыққанда кешегі ақшағала қалың ел сыңсып отырған шалғын шөпті жазық даланың біраз жері құлазып бос қалғанын Орда-Базар халқы тегіс көрді. Осылай боларын білген Әбілқайыр, хан сарайынан шықпай жатып алды.

Қыпшақ батыры Қобыланды да хан ордасының қасында қала алмады. Қыпшақтың қарамағындағы бес мың үйін ертіп, Торғай бойына кетуге бел буды. Қайсар батырдың бұлай көшуіне бір жағдай үлкен себеп болды. Жәнібек пен Керейге еріп қазақ рулары Моғолстан жеріне көтерілуден үш күн бұрын, қазақтың сол кездегі ардақты санайтын бір топ батыры мен билері Қобыланды батырдың аулына келген. Бұлар келсе Қобыланды он екі қанат ақ ордасының ішінде бүк түсіп теріс қарап жатыр екен. Сары қарын болып қалған бәйбішесі: «үйге қадірлі кісілер келді, тұрсайшы, батырым», — десе де Қобыланды тұрмады. «Ах» ұрып, өзге жұрт білмейтін, тек өзіне ғана аян жан азабына өртеніп жата берді.

Сонда батырларды бастап келген Арғын би:

— Уа, жарқыным, Әбілқайырға ердің — жол бермедің, ұлымды өлтірдің — құн бермедің. Бар жынымызды қоссақ біздің де бір Қобыландылық бақсылығымыз бар. Ел қамын ойлап келіп отырмыз. Келін-кепшігіне өкпелеген қариядай, теріс айналып, тоңқайып жатып алғаның не қылғаның? Тұр, сөйлеселік! — деген даусын көтеріп.

Арғын бидің өктем сөйлеуінен, бұл келгендер, ел аузындағы өзімен үзеңгілес батырлар екенін біліп, Қобыланды басын көтеріп, сәлем беріп, түрегеліп отырған.

Сырттағы жалшыларына қонақтарға арнап ту бие сойдырған Торғынай бәйбішесі үйге кіріп, бес тайдың терісінен тіккен сабаны қара піспекпен күрпілдете пісіп, тегенедей-тегенедей ағаш аяқтарға қымыз құя бастаған.

Ұзақ жүріп шөлдеп қалған Арғын сапты аяқты орталай бір сіміріп алған да, сөзіне кіріскен.

— Күнбатысында Еділді, күншығысында Орхон, Ертісті, солтүстігінде Тобыл, Есілді, оңтүстігінде сонау Қытай Шым қабырғасына дейін жалпақ даланы ежелден ен жайлаған ел едік. Көне заманнан тіліміз де, ойымыз да, шаруашылығымыз, салтымыз да бір еді. Қыпшақ, Алшын батысымды, Найман, Керей шығысымды, Үйсін, Дулат, Қоңырат оңтүстігімді қорғап келдің. Атам заманнан орталарыда мен бар едім. Сендерден күші асып, жер ортама жау жеткенде, аянып қалған кезім жоқ. Қандай өкпең бар, ағайын? Ерлігім кімнен кем еді? Долданған теңізге желкен қайық не істей алады, хұнуға да қарсы шаптым, Қытайға да қарсы шықтым, бірақ күшім жетпеді. Ағайын деп Керей, Найман, Қоңырат жеріне ығыстым. Қоныс берді бұл ағайын. Арғын деп өзеніне ат қойдым. Соққан құйындай боп жерімді, елімді талап хұну өтті батысқа. Ата қонысыма қайта келдім. Қайтадан Арғынаты тауына қазық қақтым. Жауласар еліммен шекаралас Қыпшақ, Керей, Найман, Алшын, Үйсін, Дулат, Жалайыр, сендер болдыңдар. Ортаңда көз оймақтай мен қалдым. Сонау бір арғы заманда хан көтеріп ел болмасақ та, көшкен жерімізді жаудан сақтадыңдар, құрымадық. Ал бүгін не болғалы тұрмыз? Ойладың ба осыны, ағайын, өзара? Ойламасаң ойлайық, — Қобыланды сөйлемек боп тамағын қырынып ыңғайлана беріп еді, Арғын би оны тоқтатып тастады. — Шаңырақ өзіндікі, кезегің келер, айтарсың. Алдыменен ағайынның сөзін ұғып ал. Сөйле Қарақожа батыр! — деді жолы үлкен болмағанмен осы отырғандардың жасы үлкені Керей Қарақожа батырға сөз тастап.

— Дұрыс айтты Арғын би, — деді, ел арасында «бес құлаш» деп аталатын еңгезердей, қошқыл өңді Қарақожа батыр, — анадан ер болып жалғыз Қыпшақ туған жоқ, батырлыққа, ерлікке бәріміз де ортақпыз. Ежелден біздің қонысымыз Орхон, Онон өзендерінің бойы мен қарт Алтай, Тарбағатай таулары екені бәріңе аян. Арғы аталарымыз кәпір дінінде болыпты деседі. О заманда қазақ қандай дін ұстағанын кім білген. Мүмкін кәпір де болған шығар. Бірақ Керей Керей болғалы, Ертіске көшіп қонғалы Үйсін, Дулат, Арғын, Қыпшақ, Найман, Уақ сендермен бір шығысып келеді бұл Керей. Рас, ерте кезде монғол елімен де біз дос болғанбыз. Қыз алысып, қыз беріскенбіз. Бірақ Темучин Шыңғысхан аталысымен-ақ, өзімен көршілес Керейдің ел болып отырғанын көргісі келмеді. Татар қауымынан кейін, ауызды бізге салды. Қылышынан қан тамған Шыңғысханмен он жыл айқастық. Керейдің ардагерлері Марғыз Бұйрық хан, Қожатұр хан, Уан хан — бәрі Шыңғыс қолынан қаза тапты. Осыншама біз не үшін алыстық, неге ардақты ұлдарымызды құрбан етіп қан-жоса болдық? Көк Орданың ханы Әбілқайырдың құлы болуға ма?

— Сөйле, Қаптағай батыр, — деді Қарақожадан жасы сәл кіші, Найманның ақ иығы Қаптағайға сөз беріп, Арғын би.

— Мен сөзімді мына Қарақожа батыр тоқтаған жерден бастайын, — деді Қаптағай батыр Қобыландыға бір қарап қойып. — Керейді жеңген Шыңғыс, әбден тояттанып алған соң, бар әскерін бізге жапты емес пе? Ежелден дініміз де бір, тіліміз де бір, қатар көшіп жүрген Керейді енді бізге айдап салды. Найман оңай көнді ме? өттең одақтас Хорезм-шах Мұхамед, Жажират тайпасының ханы Жамуха шешеннің опасыздығының салдарынан Даян хан бастаған Найман жеңілді. Ханның өзі қан майданда қаза тапты. Бірақ Найман бұдан кейін де мойын ұсынбаған. Даян ханның баласын атақты Құшлық батыр Шыңғысханға қарсы жиырма жыл алысты. Шыңғысханның әйгілі баһадурлары Жебе-ноян мен Құбылайдың бізге істемегені бар ма? Тек көршілес қарлұқтардың әлсіздігінен ғана олардың бізге қуаты жетті. Шыңғыс нояндары Найманның бас көтерер бір адамын қалдырмай қырды. Ұлын құл етті, әйелін күң етті. Бірақ бостандықты көксеген Найман қандай ауыртпалық болса да жеңізбеді, тасқын суда сең үстінде қалған адамдай қайтадан қарманып жағаға шықты. Қазақтың өзге руларымен қосылып ел болуды ойлады. Сонау біз үшін қанын төккен, қырылған ата-бабаның аруағын сыйлап, өз жерін, өз елін өле-өлгенше қорғады. Шыңғысхан ұрпағы қанша қанқұйлы болғанымен, олар бізді емес, біз оларды жеңдік. Монғол тілі емес, монғол дәстүрі емес, қазақ тілі, қазақ дәстүрі қалды. Осының бәрі неліктен болды? Қазақ атын Еділ, Жайықта, Қыпшақ, Алшын, сендер қорғасандар, Тарбағатай, Алтайда Керей, Найман біз қорғадық. Бас қоссаң тірі пенде жеңе алмайтын ел болдық. Бірақ басымыз қосылмады. Тағы бізді Барлас Ақсақ Темір жеңді. Бұл да бірімізді бірімізге айдап салып, бірімізден соң бірімізді бағындырып қойдай қырды. Тарамыстай жаны сірі халық бұдан да аман қалдық. Аман қалдық, бірақ одан не пайда? Быт-шыт болып әр ханның қолында жүрміз. Бізге Көк Орда қожа, Астрахань сұлтандары да қожа, Қырым мен Ноғайлы хандарының қарамағында жүрген ел де аз емес. Бүгін біз бірігіп ел болмасақ, ертең жерімізге күші басым жау келсе, не өзара бүліншілік күн туса, көрінгеннің тепкісінде кетеміз. Бүгін бірігіп өз хандығымызды, өз Ордамызды тұрғызуға әл-қуатымыз бар. Ал осы мүмкіншілікті пайдаланбасақ, қазақ деген ел болудан қаламыз. Осыны неге ойламайсың, уа, Қыпшақ Қобыланды?

— Сөйле, Жалайыр Бөрібай, — деді Арғын би Жалайыр батыры атан жілік, жалаң төс, орта жастан асып бара жатқан Бөрібайға жол беріп:

— Осы отырған рулардың Үйсіннен кейін жасы үлкені Жалайыр болар. Біз көргенді сендердің көбің көрген жоқсындар. Қытаймен де, қалмақпен де, грекпен де бетпе-бет алысқанбыз. Сол айқастың бәрінен де аман қалып, бауырым қазақ деп құшағымды жайып келгенімде, Қыпшақ, сен бүйректен сирақ шығарып отырсың. Бізді тастап Әбілқайырға қосылып, қандай ел болмақсың? Одан да есің барда жөніңді тап!

Енді сөзді осы келген батырлардың ең кішісі, Тамадан шыққан Қарабура батыр алған.

— Қырық бір жақ, қыңыр бір жақ, Қобыланды батыр. Сен қазір қыңырсың. Бірақ қырықтың аты қырық. Қандай қыңыр болса да түзетеді. Бұны ұмытпа, басымыз бірігуге айналғанда іріткі салма! Бұл саған ағайындық сөзіміз.

Қобыланды батыр шарт жүгініп алды.

— Бұларың не қорқыту ма? Қыпшақтың арысы Қобыланды батыр талай қоқан-лоқыны көрген, бірақ тірі жаннан қорқып көрмеген.

— Көрмесең көресің! — деді Арғын би даусын көтермей, — байқа, батыр, сен Арғын ұлы Ақжолды өлтірдім деп тым саңғи берме. Ат қазығынан кетпейді, саған да өз үйіріңнен кетпе

дейміз. Кетеді екенсің, өз обалың өзіңе! Біз көппіз, бүкіл қазақ жиналып, Көк Ордаға әлі жетпесе де, Қобыландыға әлі жетеді. Мұны да жадында ұста. Бұларың не, қорқытпақсыңдар ма дейсің. Қорқыту жалғыз сенің ғана қолыңнан келеді деп ойлайсың ба? Жоқ, батырым, сен туған анадан біз де туғанбыз. Сен басып жүрген жерді, біз де басып жүрміз. Ақжолға сен сілтеген шоқпарды, Қыпшақтан шыққан Қобыланды, саған да біз де сілтей аламыз. Бұны да жадыға тұт. Бұрын Жәнібек пен Керей ғана Ақжолдың құнын жоқтаса, енді бүкіл қазақ жоқтап жүрмесін. Егер бар қазақ Ақжолдың құнын сенен сұрар болса, өзің түгіл бүкіл Көк Орданың мал-мүлкі жетпес. Бұны да ұмытпа. Қорытып айтарымыз, — Арғын би сәл саябырлады, — айыптысың, бізге ер демейміз. Ал ел бірлігін ойласаң ертең біз көшкен күні, сонау Торғайдағы ата мекен қонысыңа сен де көшесің. Басымыз жаңа бірігіп келе жатқанда, сөкет үлгі көрсетпе өзге елге. Алда-жалда осы айтқанымызды орындамасаң, кінә тақпа. Бар қазақтан бес мың сойыл табылар. Онда жауымыз Әбілқайыр емес, өзің боласың.

— Дұрыс айтасың, Арғын би, — деді отырғандар.

— Айтарымызды айттық, ендігісін қабырғаға кеңесіп өзің шеш! — деп Арғын би мен топ батыр дәмге қарамай үйден шығып кеткен.

Ызадан жанып-күйген Қобыланды бір мезет әлгілердің соңынан қуып жетіп, жалғыз өзі айқаспақ болған. Бірақ бірте-бірте сабасына түскен. Бүкіл қазақ біріккелі жатқанда, үйірден бөлінген саяқ секілді, Қыпшақ руын, Әбілқайырдың қасында алып қалуды өзі де жөн көрмеген.

Халқы ардақтаған аңғал батыр, Әбілқайырдың сөзіне еріп, ашу сезімін билей алмай, жұртына қара бет бола бастағанын кеш аңғарған. Өткен ісіне күңірене өкініп, енді ел-жұртынан алыс кетпеске бел буған. Бірақ бірден бұл арманын орындауға көңілі дауаламаған. Қазақ рулары Моғолстанға бет алғанда, бұның Торғай өзенінің бойына қарай көшу себебі осыдан еді.

Ал, көшкен елдің ең ақырғы қарасы үзілген кезде, Орда-Базардың күнгей жағындағы ойпаттан Көксеңгірін сабылтып терлеткен Қобыланды батыр көрінді. Хан ақылын алып, өзі жасаған дүрбелеңінің аяғына дейін шыдай алмай, біраз ел Әбілқайырдан бөлініп кетіпті дегенді естіп, кеше кешке хан Ордасына қарай шапқан. Сол шапқан күйі жеткен беті. Өзен бойында бұрын сыңсып отыратын ауылдардың сиреп қалғанынан бұл маңдағы рулардың көшіп кеткенін түсінген. Күйік үстінде өзінің не істегенін енді ғана ұққан. Бірақ өкінішін сыртқа шығармады. Бір мінезді, қайсар батыр әлденеге үміттене жан-жағына қарады. Төбе басында тұрған жалғыз салт аттыны көрді. Түйілген қабағы ашылып, талмаусыраған көзінде бір ұшқын пайда болды. Енді ол Көксеңгірін тебініп қап, төбе басында тұрған салт аттыға беттеді. Таяу келіп аттан түсті. Одан артық жақындауға батылы бармады. Төбе басында тұрған салт атты арт жағында таяп қалған ат дүбірін естіп, бетін сәл бұрды. Бұл он бес-он алты жасар қыз еді. Аққұба бетін күн сәулесіне шомылдырған, үлкен жаудыраған бота көздері қарақаттай қап-қара, оймақ ауыз, бүлдіршін еріндері тек ләззатқа ғана жаралғандай сүйкімді, қор қызынан кем емес бір сұлу...

Қыз жүзінде кенет бір қайғылы саз пайда болды.

— Не айтасыз, батыр? — деді ол қайтадан теріс бұрылып кетіп.

— Мен айтарымды айтып болдым ғой, бикеш, — деді Қобыланды! — Ақжол биді де сен үшін өлтірдім, батыр Саянды да сен үшін өлтіртпек болдым. Бір сен үшін жолымда жалғыз көз дәу кездессе де күресуге бар едім. Ал қазір... Арыстанның жүрегіндей жүрегім қоянның жүрегіндей болғанда, алпауыттай көңілім алақандай болғанда, қорлама енді сен мені, тағдырымды өзің шеш.

Қыз бетін қайта бұрды.

— Ақжол биге тоқалдыққа анамның бермек ойы болғаны рас. Бірақ Ақжол бидің қандай жазығы бар еді? Батыр Саянды менің сүйгенім рас. Бірақ батыр Саянның қандай жазығы бар еді? Жоқ, Қыпшақ жолбарысы Қобыланды, қара жерге кірмей мен саған қатын болмаймын.

Намысқой батыр ызалана қалды.

— әкең берсе қайтесің?

— Онда менің қызығымды сен емес, мына алмас кездік көреді, — деді алтын белбеуінің қынынан кішкентай қылшылдаған кездікті суырып.

Сөйтті де жас сұлу «Осы ақырғы кездесуіміз болсын!» деп, атын бұрып алып, Орда-Базарға қарай шаба жөнелді.

Қыз қалаға кіріп жоқ болғанша, Қобыланды батыр соңынан көз алмай қарап тұрды. Оның сонау шүңірейген отты көзінде кенет бір қасірет тұманы пайда болды.

— Иә, жанымды жалынға салған бар арманым күйреді, — деді Қобыланды жанының қатты ауырып тұрғанын жасыра алмай. Айдалада жараланып жалғыз қалған жолбарыстай ыңыраңа күрсінді.

Қобыланды батыр бұл қызды күшпен көндіріп, не ата-анасын батырлығымен қызықтырып сатып ала алмайтынын бұрын да білетін. Қыздың бұған жоқ екенін естуімен, енді бар арманының күйрегеніне көзі жетті. Өйткені бұл қыз Гүлбаһрам-Патшайым атты, Өбілқайыр ханның Маңғыт әйелінен туған кіші қызы еді.

IV

Жасы ұлғайған сайын бұл дүниенің қызығы түспен тең екеніне Өбілқайыр ханның көзі жетуге айналған. Тағы бір он жыл өмір сүрсе оның ар жағында бүкіл Дәшті Қыпшақ, Мауреннахр, Қорасан бас иген мынау алтын тақ, бір күнгідей болмай, адыра қалатынына шек келтірмеген. Қызық дәурен, сән-салтанат бәрі де өткіншек жалған емес. Өткіншек емес, тек ажал. Бір күні бұ да сол опасыз дүниемен қоштасып, мәңгі мекені қара жердің құшағына кіреді... Әйтсе де, тірінің тіршілігі бар, бұл жалғанда орындай алсам деген тілегі, арманы болады. Армансыз адам ескексіз қайықпен тең, тағдыр — толқын, қалай қарай ұрса, солай қарай ағады. Ал Өбілқайыр сол толқынды өз ықпалымен ағызам деген адам.

әйтседе Өбілқайыр күні өтіп өлімге таяған сайын, өзінің әлі көп арманының аяқсыз қалып бара жатқанына көзі жетті. Сол армандарының бірі: көзінің тірісінде он баласын, ер жете бастаған немерелерін, хандығының жер-жерлеріне, шаһарларына әмір, сұлтан, даруға етіп таратып, бүкіл өз хандығын сенімді қолдарға тапсырып кету еді. Ал бұл тілегі әлі бөлендей түлектеніп жатқан жоқ, балаларының алды отызға келіп қалса да, көбі жорықтарға қатынасып, ерлік көрсетіп жүрсе де, әлі жеке ел билеп, не ел жаулап алып әкесінің атағын ұлғайта түскен бірде-бірі жоқ.

әке балаға сыншы, бұ жағынан Өбілқайыр Маңғыт руынан алған бәйбішесінен туған Шах-Будақтың балалары Мұхамед-Шайбани, Махмуд-Сұлтан мен Рабиу-Сұлтан-Бегімнен туған Сүйіншік оғыланнан зор үмітті. Түбі Көк Ордаға осылар ие болар деп қатты сенеді. Үшеуі де болайын деп тұр, құр қол ұстай алмайсың, жыланның баласы тәрізді әлден-ақ ысқырына қалған. Үшеуінің жастары шамалас, тек Сүйіншік қана ана екеуінен төрт жас үлкен.

Өттең жас-тықтары ғана ханға бөгет, әйтпесе ауыр да, қызғылықты да хан істеріне қатынастыра бастар еді, амал жоқ, тағы бір жеті-сегіз жыл күтуге тура келеді.

Асылдан асыл туады. Әсіресе нағашысы Ақсақ Темір тұқымы Сүйіншіктен көп жақсылық күткен. Бақты-Қожа уәзірі келіп, «Сүйіншік сұлтанда жастығына қарамай хан ұлына керек қасиет бар екен, айтқан сөзді ұға қойды. Рабиу-Сұлтан-Бегім анасы болса да, істеген күнәсі үшін өлім жазасына қиятыны даусыз» дегеннен бері бұл баласына мерейін көбірек аудара түсті. «Тамырында Шыңғысхан мен нағашысы Ақсақ Темірдің қаны бар екен, Көк Ордаға осы ие болуы мүмкін» деп ойлады.

Бірақ кеше әбдіразақ дәруіш келіп:

— Тақсыр хан, Сүйіншік оғылан кеселге шалдыққан, тезірек емдету керек, — деген.

— Қандай кеселге ұшырапты? — деп Өбілқайыр дәруішке сезіктене қараған.

— Бұл ауруды өзі таппаған, біреу жұқтырған. Он үш жасар баланың мұндай кеселге шалдығуы қауіпті іс. Кеше сөйлесіп көріп едім, есі-дерті Сайын тағы... «Шешем менің күнәкар, оны таспен шөкелетіп өлтіртем, мені құр жақсы көрген болады, ал бар ойы әкем тағын Күшкінші ағама алып беру» дейді.

Хан Сүйіншіктің шешесін неге таспен шөкелетіп өлтіртем деуінің себебінің қайда жатқанын біле тұрса да, кенет арманы әке тағы бола қалғанына таң қалды...

Дәруіш: «Алтын тақты үлкен баласына алып бермек болғаны үшін, бүгін шешесін өлтіртем десе, ертең он үш жасар Сүйіншік, ер жеткен күні «тағынды маған бер» деп өзіңе бас салудан тайынбайды. Жоқ, Сүйіншік науқас, әлі ақыл кірмеген жасты мұндай ауруға біреу шалдықтырып жүр, тезірек емдету керек», деген.

Бұл сөзден кейін хан ойланып қалған. Бақты-Қожа уәзірдің айтуынша екі-үш күннің ішінде Рабиу-Сұлтан-Бегімге хан соты болуға тиісті. Сол сотта Бақты-Қожа уәзір ханымның қылмысын ашып, халық атынан үкім шығартпақ. Сол үкім бойынша Рабиу-Сұлтан-Бегім жұрт көзінше таспен шөкеленіп өлтірілу керек. Бұл үкімді іске асыруға туған баласы Сүйіншіктің тек «дұрыс» деп басын изеуі ғана қажет. Бақты-Қожа уәзір айтуынша Сүйіншіктің бұны істейтініне күмән келтіруге болмайды. Бұндай қанды оқиға хан Ордасына

таңсық емес. Оған хан қинала қоймаған-ды. Ал әбдіразақ дәруіштің мына айтып тұрғандары басқа бір қауіпті аңғартады. «Иә, солай. Демек, ең алдымен Сүйіншік қолымен Рабиу-Сұлтан-Бегімнен өш алу жөн. Ал содан кейін барып, егер менің көзім тірі тұрғанда әке тағынан үміткер ойы болса онда...».

Хан ойын әбдіразақ бөліп жіберген:

— Егер Сүйіншік сұлтан өз анасына күнәкар деп пәле тағатын жағдайға жетсе, мен араша түсем. Ауру баланың сөзіне сенуге болмайды. Ал оның науқас екені даусыз.

Ақылды дәруіш бұрын анасын жанындай жақсы көретін сұлтанның кенет «менің анам күнәкар, ол алтын таққа Күшкінші отырсын дейді» дегенінен хан Ордасына бір суық жылан — бүліншіліктің бас сұққанын аңғарған. Шығыс тарихында мұндай жағдай бәлендей таң қаларлық оқиға емес. Әбдіразақ осыны ойлап, «қылмысқа жол берме» деп ханға әдейі ашық айтқан. Хан дәруіш ойын ұққан. Ал «сен менің шешкен ісімді бұзғалы тұрсың, Рабиу-Сұлтан-Бегімді өлтірту менің бұйрығым, жайыңа жүр» дей алмаған. Деуге осы бір әділетті сүйгіш, бір беткей адал дәрігер ханға өте керекті адам еді. Онсыз Әбілқайыр бір күн өмір сүре алмасы даусыз.

Әбілқайыр хан көптен тұншықпа¹ ауру болатын. Осы аурудан құтылам деп қарамағындағы талай білгіш емшілерге қаралған. Тіпті Тибеттен, Қытайдан, Қорасаннан, Мысырдан да бақсы-балгер алдырып көрінген. Бірақ бұлардың бірінің қолынан ханды жазу келмеген. Дерт ұлғаю үстіне ұлғая түскен. Ақырында отыздан асар-аспасында әлсін-әлсін төсек тартып жатып қалатынды шығарды. Өзгенің өмірі өзіне шыбын құрлы көрінбейтін қатігез хан, енді ұзақ ұстайтын осынау көкжөтелдің бірінде тұншығып өліп кетеді екем деп зәресі қалмаған. Адам неғұрлым дәрежесі жоғарылаған сайын, соғұрлым жаны тәтті бола түседі. Бір шеті Қорасан, екінші шеті Жайық өзенінен асып далиып жатқан алып хандығының түкпір-түкпіріне «білгір дәрігер» іздетіп ат шаптырған. Осы кезде нөкерлері Мерв қаласынан әбдіразақты алып келген. Оған міне, он жылдан асып барады. Әбдіразақ келгелі көзі ашылды. Тұншықтырғыш дерттен мүлдем жазып жібермесе де, «кенет өліп қалады екенмін» деген қауіптен құтқарды. Оның үстіне адамның жасы үлкейген сайын жабыса кететін дерттерден ханды кәдімгі үшкіріп жазғандай жазады. Денсаулығы жаратылысынан нашар Әбілқайыр енді ұзақ жыл өмір сүреді екенмін деп үміттеніп қалды. Ал үміт өмір серігі, енді ол кейде, көңілі қош кездерде, «әбдіразақ өлмей мен өлмеймін» деп жымыңдауды шығарды. Осындай бар өмірі қолында тұрған әбдіразақпен хан санаспаса амалы жоқ-ты. Сол себептен де ол дәруіштің аузынан қақпады. Әбдіразақ кеткеннен кейін Бақты-Қожа уәзірді шақыртып алып Рабиу сұлуды айыптауды әзірге тоқтата тұруын бұйырды. Ол кенет Сүйіншік баласының хан тағына құмар бола қалуынан бұл арада тағы да бір суық ойдың салқыны соға бастағанын аңғарған. Бұл суық ой кімнен шықты? Бақты-Қожадан ба, басқадан ба — хан білгісі келген.

«Жауыз ханнан құтылғың келсе, оның жауыз баласына сені хан етем де!» дейді монғолдың көне қағидасы. Ал расына келсек әбдіразақ Нахичеванидың айтқаны шындық еді.

Сонымен айлакер уәзір он үш жасар баланың ішінде бұйығып тыныш жатқан мансапқорлық жыланын оятты. Ол жылан енді жас баланың бар сезімін бұлқан-талқан еткен, ақыл-ойын арбаған, еркін алған кеселге айналдырды. Бейбақ бүлдіршіннің басынан «хан болсам» деген бір қияли ой шықпай қойды. Осылай ойлаған сайын, көзінде ағайын-туысына, бауырларына деген бір қорқыныш суық ызғар пайда болды. Түрі де өзгеріп, бұрын қаны тамып тұратын ақшыл беті, енді жаққа ұрғандай құп-қу боп кетті. Кеше ғана анасының жанынан шықпайтын ерке кенжесінің кенет былай құбылуынан, кейде тіпті өзіне рақымсыз ишаратпен қарауынан шошыған Рабиу-Сұлтан-Бегім ханым дәруіш әбдіразаққа өз ойын айтты. Баласына қандай пәленің келгенін біліп беруін өтінді. Он жылдан астам хан сарайында өткен өмірінде әбдіразақ дәруіш мұндай сырдың талайына қанық еді. Сүйіншікпен үш-төрт кездескеннен-ақ оның қандай кеселге душар болғанын ұққан. Және бұл кеселдің асқынуына Әбілқайыр мен Бақты-Қожаның да үлесі барын түсінген. Бірақ ханға бұ жағынан емес, пұшайман ғарып баланың қасіреті жағынан келген. Көзін қулық-сұмдықпен ашқан Әбілқайыр, бұл істе өзінің де қатынасы бар екенін әбдіразақ дәруіш аңғарып қалды ма деп сезіктенген. Әйтсе де «хан сырын білгеннің қаны төгілсін» дейтін ежелгі әдетке баспаған. Өмірінен көрі жақындаған

¹ Тұншықпа — астма.

сайын, хан жаны үшін әбдіразақты көзінің қарашығындай сақтауға бар. Сол себептен дәруішін «айтқаныңның бәрі ақылға салынады» деп қоя берген.

Бұл кеше еді. Ал бүгін ше? Бүгін Әбілқайыр кешегісінен де қатты толқуда отырған. Батыр Саян қашқаннан бері ол Оспан-Қожаны зынданға салып қойған. Ұзақ жылғы сенімді дәйекшісінің тағдырын өзі шешкен-ді. Бірақ бер жағында Қобыланды батырдың Ақжол биді өлтіруінен туған Жәнібек пен Керейдің ел бөлген әлегі ортаға түсіп кетіп, Оспан-Қожа ғарып ісін тіпті естен шығарған. Сол Оспан-Қожа ретін тауып, үлкен бәйбішесі Айбаһарам-Сүнейден Әбілқайырға «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Өзім де көп кешікпей зынданда шіріп өлермін. Бірақ өлер алдында хан ием бірер ауыз сөзімді тыңдасын» деп өтініш еткен.

Зынданға өзі салдырып қойса да, Әбілқайыр Оспан-Қожаның сөзін тыңдамаймын дей алмады. Өйткені бұл кісі оған тым жақын, тым берілген адам еді.

Оспан-Қожаның Әбілқайыр сан достығын, өзіне деген өмір-бақи ұмыта алмас талай жақсылығын көрген. Соның бірі Самарқантты алатын жолы болған.

Оспан-Қожа тұқымымен сонау ескі заманнан Сайбан ұрпағына қызмет істеп келе жатқан жан еді. Атасы әбілтас Ақсақ Темір шабуылында Барластардың қолына түскен. Ежелден хан Ордасына берілген тұқымнан болғандықтан әмір-Темір оны өзінің сарайына дәйекшілік қызметке алған. Осы атасынан бастап Оспан-Қожа өзімен үшінші буын болып, бүкіл дүниені тітіренткен сайыпқыран Көреханның Самарқант сарайындағы дәйекші қызметін атқарып келген. Бірақ жетім баланы қанша асырасаң да, өз әке-шешесін жоқтайды. Самарқант Ордасында қаншама жақсы атты боп жүрсе де, атасын құл етіп әкелген Ақсақ Темір немерелеріне Оспан-Қожаның жүрегі жібімеді. Мауреннахрға еліне қас жер, жау жер деп қарады. Есі-дерті сонау Арқадағы хан Ордасы болды да тұрды. Осындай ісігі қайтып, сынығы бітпеген Оспан-Қожа Күнбатыс пен Солтүстік жағына әлсін-әлсін қарай берді. Дәйекшінің мұндай күйін пайдаланып, Әбілқайыр жігіттері онымен байланыс жасай қалды да, екі жақты шешімге келді. Оспан-Қожа Әбілқайырдың Самарқанттағы сыбыршысы болуға қолма-қол көнді.

Әбілқайыр Есіл, Нұра бойын өзіне қаратып, Орда-Базарда ат шаптырып, балуан күрестіріп, батырларына олжаны бөліп, ұлан-асыр той жасап жатқанында, осы дәйекші Оспан-Қожадан арнаулы кісі келген. Онымен бие сауымындай сөйлескеннен кейін Әбілқайыр, бар қолбасшыларын жинап алып: «Самарқант қазір бос тұр. Ұлықбек мырза Қорасан мен Иракқа сапар шеккен шағында, алла-тағала өзі сақтап тұрған Самарқантқа тәуекелдің тізгінін бұрғым келеді» деді.

«Хан борышы — жорыққа ту көтерту,

Құл борышы — туға еріп, жанын беру» — деп ескі шежіреде айтқандай, хан айтса — қарамағындағы батыр, нөкерлері қоштайтын дәуір, қалың қолмен Әбілқайыр Самарқантты басып алуға шыққан. Өзбек Ордасының абыройын ойлаған хан, Шираз деген қалада: «Бірде-бір әскер егінші жұрт пен көшпелі елге өз бетімен тимесін. Егілген егін, салынған бау-бақша сол қалпында сақталсын. Кімде-кім бұл жарлықты бұзса дарға асылады» деп әскеріне бұйрық берген.

Ханның бұл қамқорлығына риза болған диқандар, көшпелі шаруалар, тарту-таралғысын, сыйлығын, хан әскерінің азық-түлігін өздері әкеп беріп, бағыныштылығын білдірген.

Самарқантты қоршап алғаннан кейін, қаланың хакімі Джалалитдин Баязит өзі шығып тізе бүгіп, қол қусырған. «Тірі жанға қиянат көрсетуді білмеген Ұлықбек мырза, сіз секілді ұлы ханға, яки сіздің ел басқарып отырған адамдарыңызға еш уақыт қастық ойлап көрген жоқ. Егер шаһарымызды шауып бүліншілік етпей, Ордаңызға қайтсаңыз, біз сіздің айтқаныңызға көніп, айдауыңызға шыдар едік» деген. Сөйтіп Әбілқайыр хан Самарқант әмірлігін бөлендей қан жоса етіп бүлдірмей, көп олжамен ұлы қаланы оп-оңай өзіне қаратып, Ордасына қайтқан. Осының бәрі Оспан-Қожа дәйекшінің дер кезінде хабарландыруынан еді.

Осы күннен бастап Әбілқайыр Самарқант, Бұқар әмірліктерінің ісіне жиі кірісіп тұратын болған. Өзіне ұнамаған әмір, сұлтандардың билігін тартып алып, басқаға беру Әбілқайырға үйреншікті әдетке айналған. Бұл істерде Оспан-Қожаның қолқабысы аз тимеген. Жалғыз жақсылығы бұл ғана ма?

Бір мың төрт жүз қырық тоғызыншы жылы, Хаджри есебі ойынша сегіз жүз елу бесінші жылы Самарқанттың әмірі, өз әкесі ұлы дана Ұлықбекті өлтірген әбді Латиф мырзаның өзі де алты ай өтпей қастарынан қаза тапқан. Бұл кезде Ақсақ Темірдің екінші ұлы Махамедтен туған Мираншах мырзаның баласы әбусейіт қуғында жүрген. Осындай жағдайда Бұқар,

Мерв, Үргеніш әмірі Шахрухтың баласы Ирбагимнен туған әбділлах мырза Самарқантқа ие болған.

әбусейіт осы мезгілде бүлік шығарып Бұқарды алды. Бірақ Бұқар уәлиеті оған аз көрініп, Самарқантты да өзіне бағындырмақ болды. Әбілқайырға Оспан-Қожа мұндағы жағдайды тағы хабарлады. Әбділлахтан көрі, Көк Ордаға әбусейіттің тиімді екенін айтты.

Көп кешікпей әбусейіт әбділлахқа қарсы соғыс ашты. Бірақ жеңіліп қалды. Мүйіз сұраймын деп, құлағынан айрылған тоқал ешкідей Самарқантты жаулап аламын деп жүріп, Бұқарынан айрылды. Енді ол қалған қолымен Түркістанға қашады. Мұнда да тыныш жүрмей Ақсақ Темірдің тұқымы екенін пайдаланып, Түркістанға әмір болады. Содан кейін барып, әбділлахқа өзінің күшінің жетпейтініне көзі жетіп, көп сыйлықпен Әбілқайырға келіп бас иеді. Самар-

қантты әбділлахтан тартып әперсең, өле-өлгенше құлыңыз болып өтемін деп ант етеді. Әбілқайыр бұған өзінің бір қызын береді. Көп қолмен Самарқантқа Бақтияр сұлтанды аттандырады. Әскер соңынан көп кешікпей өзі де жолға шығады. Хаджридың сегіз жүз елу бесінші жылы, яғни жаңаша бір мың төрт жүз қырық тоғызыншы жылы Самарқанттың күнбатыс жағында екі әскер кездеседі. Қырғын соғыс болады, таққа таласқан екі оғлан үшін көп адам қырылады, қан судай ағады. Ақырында әбділлах жеңіліп қашады. Оны қуып жетіп ұстап алып, Әбілқайырдың әмірі бойынша бауыздап өлтіреді. Самарқантқа әбусейіт әмір етіледі. Әбділлах әскеріндегі Жағатайдың көп батырлары мен пахлевандары (сыпайлары) есірей боп қолға түсіп, Әбілқайырға қосылады. Жоғары айтқан уақиғаның бәрі бір жылдың ішінде, яғни бір мың төрт жүз қырық тоғызыншы жылы болады. Міне, осы сергелдең жылдары Оспан-Қожаның Әбілқайырға тағы пайдасы тиген. Ол Самарқанттағы Ақсақ Темір тағының маңайында болып жатқан оқиғаның бәрін Әбілқайырға дер кезінде жеткізіп тұрған. Одан кейін Әбілқайыр мен әбусейіт Самарқантты алғаннан соң да, тағы бір мейіршапқат ақыл берген.

Ұлықбектің Жошының тұқымынан алған Шахарбек атты бәйбішесінен өзі өлгенде Рабиу-Сұлтан-Бегім есімді он бес жасар қызы қалған. Адамзаттан емес, көктегі періштеден туғандай, гүлін жарған қызғалдақтай жадыраған сұлу және Шығыстың әйелге деген қыспағына қарамай әкесі Ұлықбек жеті жасынан медресеге беріп, парсы, түрік, араб тілін үйреттірген. Рабиу-Сұлтан-Бегім әйелден шыққан өз заманының ақылдысы да, бір мінезді, табандысы да болған. Оспан-Қожа дәйекші Әбілқайырға «Егер Самарқанттан еліңе алтын әкететін болсаң, алтынның шынайы қызылы және ең тазасы осы Рабиу-Сұлтан-Бегімді әкет» деген. Қырыққа таяп қалған, жас иіс құмар хан қызды бір көргеннен ұйқы-күлкісінен айырылған. Есіл-дерті Рабиу-Сұлтан-Бегім болған да тұрған. Ақыры төртінші әйелі етіп алып, көңілі тынған. Самарқант бекзадалары қызды ырғалтып-жырғалтып, үстіне дүрия мен қамқадан тартылған балдахин орнатылған ақ пілді бас етіп, асыл қазына жасаумен қырық құл, қырық күң беріп ұзатқан. Бұл қырық күң мен қырық құлдың тең жартысы, жас ағашта өсіп тұрған әлі құрт түспеген өріктей, кілең балбыраған албырт жастар еді. Рабиу-Сұлтан-Бегіммен бірге Оспан-Қожа дәйекшінің өзі де ере жүрген.

Осы кездегі астанасы Сығанаққа келгеннен кейін, Әбілқайыр оны өзіне дәйекші етіп алған.

Міне, содан бері он төрт жыл өтті. Сол он төрт жылдың ішінде Оспан-Қожа пақыр ханды бір рет алдап, не тілегін теріс орындап көрген жоқ. Хан басына туар қауіпті ол өзгеден бұрын сезетін, хан көңілі қалар істі де ол алдын ала болжайтын. Хан абыройын төгер жамандықты сезсе оны ханның құлағына тезірек жеткізетін. Әбілқайырдың оң иығында отырған Жәбірайыл періштедей, бұрыс жолдан әрдайым сақтап қалатын. Ал Рабиу-Сұлтан-Бегім болса ханға арыстай екі ұл тауып берген. Өзінің ақылымен, парасаттылығымен, көркіменен Әбілқайырдың ең сүйікті әйелі болып алған. Сөйткен Оспан-Қожа мен Рабиу-Сұлтан-Бегім ханды көк мұзға отырғызып кетті. Бірі ханның көзіне шөп салды-мыс, екіншісі сол көзіне шөп салған ханның қас жауын аңқаулық істеп қашырып жіберді. Расыменен-ақ Оспан-Қожа аңдамай қалды ма? Оспан-Қожа тәрізді өмір-бақи хан қызметінде жүрген адамның мұндай өз басына қауіп туғызар істе салақтық етуі мүмкін бе? Мүмкін емес. Ұрыны аңдыған алады, не аналар Оспан-Қожадан қулықтарын шын асырып алдап соқты. Не сақ құлақ дәйекшінің өзі солармен бірге... Бірақ неге бірге болады? әлде бір жағдайда маған ренжіп қалды ма? әлде ақшаға сатылды ма? Жоқ, сатылуы мүмкін емес. Оспан-Қожаның алтынға қызыққанын көрген жоқ. Сан рет көңілім түсіп кетіп, көп олжадан үлесін молырақ етіп бергенімде өзіне тиістісінен артығын алмайтын. «Хан қызметінде жүрген кісі дүние шіркінге құмар болмауы керек. «Адам болғалы опасыздықтың бәрі де осы

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

дүниеқоңыздықтан туған» дейтін. Сөйткен Оспан-Қожа... Демек, мұнда бір гәп бар... Сол үшін де оны зынданға салғызарымда күнәсін өзім тексерем деп едім ғой, қалай ұмытып кеткенмін?... Ұмытпасқа мұрша болды ма... Жәнібек пен Керей ойраны басқа іске көңіл бөлдірді ме?»

Үйге Бақты-Қожа уәзір кірді.

— Хан ием, Оспан-Қожа жүзіқараны алып келдік.

Әбілқайыр сәл ойланып қалды. «Жүзіқара! Оның жүзінің қара екенін бұл қайдан біледі? Хан солай қараған соң, бұл да солай қарап тұр ғой... Әйтсе де осы менің шешімім дұрыс па? Тұтқыннан абайсызда айрылып қалғаны үшін кешегі серігіме бүгін мұндай қарғы тағуым жөн бе? Опасыз дүние! Опасыз адам баласы! Қолыңда күшің болса сені ардақтайды, мадақтайды. Күшің кетсінші... Бүгін ханым десе, ертең харам дейді... Бірақ бұған өкпелеуге болмайды. Адам баласы осылай жаратылған, осылай өледі» Әбілқайыр басын иді.

— Кіргізіңдер.

Үйге екі адам екі жағынан қолтықтап Оспан-Қожаны алып кірді. Дәйекші бұрын да шыр бітпеген арық болатын. Сол себептен кейде оны жұрт Инелік деп атайтын. Он жылдан бері тарамыс денелі Инелікке хан көзі қанша үйренгенмен, мына алдында тұрған селеуіттен шошып кетті. Иә, бұл адам емес, адамның селеуіті еді. Арса-арса сүйегіне құр терісі жабысқан, көзін біреу ойып алғандай шүңірейіп кеткен. Құдық түбінде жылтыраған су тәрізді, сонау көз түбіндегі тереңде бірдеме жылтырайды. Екі ұрты ұзақ аурудан қайтыс болған адамның ұртындай қушиып біткен. Жағы жағына тиіп жатыр... Тозығы жетіп, бүрісе қалған кәрі беті тиіп кетсең жыртылғалы тұр. Ал бұдан көп жыл бұрын... жоқ, жоқ. Әбілқайыр хан өткен күндерде өзіне жақсылық істеген адамдардың қызметін есіне түсіргісі келмейді. Әр нәрсе өз кезінде. Өткеннің бәрін есіңе түсіре берсең... бүгінгіге не қалады? Кеше жақсылық істесе, бүгін жамандыққа барып отыр. Әр іс өзінің мезгілінде деп бағалануы керек. Өткен жақсылықпен қазіргі жамандықты жапсам хан бола алар ма едім? Иә, он жеті жасар Әбілқайыр Орда-Базарда хандық құрып отырған Жұмадүктің қолында тәлім-тәрбие алып, әскер басқаруды, ел билеуді үйренді ғой. Он алты жасқа келгенде сол кездегі бүкіл Дәшті Қыпшақ руларын басқарып, Жұмадүк ханның оң қолы болған, Маңғыт руынан шыққан атақты Едіге батырдың баласы, Ақсақ Темір ұрпақтарына бүйідей тиген Қазы биді өлтірді. Әрине оны бұл жалғыз өзі өлтірген жоқ, Қазыға қарсы әмірлер мен сұлтандарды жинап, солармен бірге бауыздады. Жұмадүк ханның қаһарынан қорқып соңынан ерген Дәшті Қыпшақтың біраз әскерімен өзінің туған шаһары Тараға қашты. Артынан жетпіс мың әскермен қуып шыққан Жұмадүк ханмен қан майданда бетпе-бет кездесіп, оның басын алды. Содан бері Әбілқайыр өзіне жақсылық істеген, талай қиын-қыстау қатерлі өткелдерден алып шыққан, бірақ артынан сәл мүлт басқан талай серіктерін оп-оңай су түбіне жіберді емес пе? Осындай қанқұйлы болмасаң, хан тағында отыра алмайсың. Өзгеге аяушылық еткен Ұлықбек не болды? Ақырында өз баласының қолынан ажал тапты. Жоқ, алтын таққа ие болғың келсе, жолыңды кесіп өтерін білсең, туған балаң болса да аяма. Айдаладағы бір дәйекші сөз бе екен? Алтын тақ пен аяушылықтың бірі бар жерде, екіншісі өмір сүре алмайды.

Оспан-Қожаның бір жақсылығы ұмытылған тарих. «Ал, қазір сенің білетінің оның жаңа тарихы — істеген қастығы. Жақсылығы үшін дер кезінде сен де оған жақсы қарағансың, ал жамандығы үшін сен енді оған жаман қарауға тиістісің! Бұл өмір заңы!»

Өзімен-өзі болып кеткен ханның ойын кенет Оспан-Қожа бөліп жіберді.

— Хан ием, — деді ол тұншыға қырылдай сөйлеп, — егер сен қазір мені босатсаң, бәрібір мен саған рақметімді айтпаймын. Енді менің күнім біткен. Алла-тағаланың жазғанын ешбір хан бұза алмайды, ал менің көп болса бір жұмалық тіршілігім қалды. Сенен сол бір апталық тіршілікті сұрап алғым келмейді, сен хан болсаң да... қалған күнімді одан артық ұзарта алмайсың... Қысқартам десең — еркің... Бірақ сенен сұрарым басқа...

— Не сұрамақсың?

— Сұрарым — менің сөзімді тыңдап шық.

— Жақсы.

— Алдымен саған неге адал қызмет істеп келдім, соны біл. Есі дұрыс адам Ұлықбек мырза тәрізді әділетті жанды өзің тәрізді қатыгез ханға айырбастамас болар. Мен айырбастадым. Соның себебін есті.

— Жарайды, естиін.

— Жошының бесінші баласы Сайбаннан Бәниел баһадур туады, одан Иіс-Бұғы, Иіс-Бұғы ұрпағы Абдол оғлан, одан Мөңке Темір хан, одан Фулат оғлан, Фулат оғланнан

Ибрагим оғлан, одан Дәулет-Шайхы оғлан, Дәулет-Шайхы оғланынан өзің — Әбілқайыр хан тудың... Сенің он атаңдай менің де он атам болған... Бірақ олардың аттарын ешкім білмейді. Білудің де қажеті жоқ. Сендер хансыңдар да, біз құлмыз. Мен ата таластырып тұрғаным жоқ, айтарым басқа. Ұлы Шыңғыс хан тұқымымыз десендер де, сендердің де іштерінде құлдарды да адам санағандары болған. Соның бірі сенің жетінші атаң Иіс-Бұғы сұлтан. О кісі хан тағына жеткен жоқ, бірақ жауынгер адам екен. Осы Иіс-Бұғының құлы менің жетінші атам Қара Нар деседі. Шамасына қарамай көжеге де қаймақ тұрады. Құл екенін місе тұтпай бұ кісі де орасан батыр болыпты. Бір қанды айқаста өзінің төресін — Иіс-Бұғыны жау қоршауынан құтқарам деп жүріп, қолға түсіпті. Бұл ұрыста жалғыз менің бабам Қара Нар ғана емес, одан нәсілі де атақ-бағы да жоғары талай бекзадалар тұтқын бопты. Ұрыс бітіп, екі жақ бітімге келіпті. Жеңген жау қолға түскендерді бөлен қара төлеуін беріп, сатып аласыңдар дейді. Кей сыпайылардың құны он жылқы болса, бір сұлтанның бағасы жүз жылқыға бағаланыпты. Ал сол айқаста аса ерлік көрсеткен үш батырдың әрқайсысының құны үш сұлтанның құны депті. Соның бірі менің жетінші атам Қара Нар екен. Қазақтың белгілі руларынан шыққан ана екі батырды, жау жағының сұрағанын беріп елдері тез-ақ босатып алыпты. Ал менің жетінші атам құлды кім үш жүз жылқы төлеп қайтарсын? Руы жоқ сорлы, қатын-баласын қия алмай қан жылайды. Бірақ шабыншылыққа іліккен ел орталарынан мал шығарып құнын төлей алмайды. Құлдардың аяқтарына кісен салып, жаулары Қытайға апарып сатпақ боп ыңғайланады. Дәл осы сәтте Иіс-Бұғы сұлтан келеді. Сөз айтпай үш жүз мақпал қара асыл жылқысын айдап беріп, өзін ажалдан алып қалған құлды босатып алады. Қатын-баласына қосылып көзайым боған Қара Нар Иіс-Бұғының аяғына жығылады. Жеті атаңның жеті ұрпағым құлы болып өтсін дейді. Жеті атаң үрім-бұтағымды қойдай бауыздап жатса, қыңқ етіп үн шығармауын, өзімнің ұрпағыма өсиет етіп кетем деп ант береді. Міне, сол Қара Нардың жетінші ұрпағы мен боламын. Менімен сенің атаңа берген Қара Нардың ұрпағының анты бітеді. Құлдың намысы хандікінен кем емес. Атамның антына кір келтірмейін деп, бар қиянатыңа көне бергем.

Әбілқайыр мырс-мырс күлді.

— Сенің үкіміңді Қара Нар бабаң атам заманда айтқан болса, менің үкімім тек сол үкімді орындау болып шығады екен ғой.

— Ол солай. Мені өз қолыңмен бауыздасаң да, құдай алдында сұрауым жоқ. Оның үстіне күнәм бар.

— Қандай күнәң бар?

— Батыр Саянды қашырып жіберген менмін.

— Сенсің бе? — Әбілқайыр кенет түксие қалды. — Онда өміріңді жүз аптаға ұзарттырам. Өлтіртпеймін. Күніне нәр беріп, кәріліктен өлгенше зынданда ұстаймын.

— Қанша күн өмірің болса, сонша мәртебе өл дейсің ғой? Мейлің. Егер хан әмірі алла-тағаланың жазғанынан күшті келер болса, оған да көндік. Ал менің айтам дегенім бұ да емес.

— Енді не?

— Хан, мен батыр Саянды неге қашырып жібердім, соны неге сұрамайсың?

— Алтын көрсе періште жолдан таяды.

— Жоқ, алтын періштеге де, құлға да керек емес. Алтын хандарға керек. Мен оны босатқан себебім басқа. Батыр Саян Ұлықбек мырзаның Арғын күңінен туған ең кенже баласы. Рабиу-Сұлтан-Бегім бәйбішеңнің бір әкеден туған інісі. Бұны тек Рабиу-Сұлтан-Бегім мен мен ғана білетінмін. Өзіне тиген қырық құлдың бірі етіп ханым батыр Саянды да алып келген. Ұлықбек мырзаның күңінен туған ұлы бар екенін әбді Латиф, әбусейіт, әбділлах сұлтандар да, Шахарбек ханым да білмейтін... Олар біле қалса хан тағына тағы бір таласкердің пайда болғанын ұната ма? әрине ұнатпайды. Көзін жас күнінде-ақ құртқан болар еді. Ұлықбек мырза өз басына ауыртпалық туа бастағанын сезіп, өлер жылы, ақылы, ойы ерте жетіккен Рабиу-Сұлтан-Бегім қызы мен осы жеті жасар ұлын көзінің қарашығындай сақтауымды тапсырған. Ал мен ұлы данышпан әміршіге өле-өлгенше жас Саянды жауларынан қорғап өтуге ант бергенмін. Міне, сол үшін оны қашырдым. Үш күреңді де Рабиу-Сұлтан-Бегім менің ақылыммен алып қалды. Менің ақылыммен Жәнібек сұлтан да күзетші Арғын жігіттеріне батыр Саянмен қашуға бұйырды. Ендігісін өзің біл, қазір өліп кетсем өкінбеймін, Қара Нар бабамның өсиетін де, өзімнің Ұлықбек мырзаның алдындағы антымды да адал орындадым.

Әбілқайыр соңғы кезде тек Рабиу-Сұлтан-Бегімге ғана емес, бүкіл Ақсақ Темір ұрпағына ашулы еді. Самарқант әміршісі, өзінің күйеу баласы әбусейіт әбділлахтан майданда жеңіліп,

Илияс Есенберлин. «Алмас Кылыш» (Көбіпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы кӊор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Әбілқайырға кеп паналап, хан күшімен әбділлахты өлтіріп, Самарқантты тартып алғаннан кейінгі қылығы кешегі күндегідей емес, басқаша еді. Ол кезде Әбілқайырды хан тұтып, Гератта оған арнап сарай салдырған. Халықтан жинаған қаржы-қаражаты мен зекетінің тең жартысын уәделескен уақытында Орда-Базарға жіберіп, өзінің рухани бағынышты екенін әрдайым білдіріп тұрған. Сол әбусейіт соңғы кезде кілт өзгерді. Бұқар, Самарқант уәлиеттеріне Қорасан мен Иранның біраз жерін қосып алып, өз әмірлігін күшейткеннен бері Әбілқайырға қырын қарауды шығарған. Әбусейіттің бұл қылығын Әбілқайырдың туған қызы Кұнайжамал да қолдайды-мыс деп естіген хан. Жәнібек пен Керей қарамағындағы елін бөліп әкетіп, сәл әлсіреп қалған Әбілқайыр, бір ыңғайсыз кезде әбусейіттің өзіне жұдырығын түйе бастағанын көрген. Хан іштей қатты ызаланған. «Егер қарамағындағы сұлтан, әмір, көрехандар бүйте берсе айбарлы Дәшті Қыпшақ хандығында не қалады? Жығылған Орданың біреу шаңырағын, біреу уық, бақанын, біреу керегесін бөліп-бөліп әкететініне сөз бар ма! Жоқ, өйткізіп қоюға болмайды. Сайыпқыран Әбілқайыр хан да сояудай қанды тырнақтарын көрсетуі керек! Ал әбусейітпен майданда кездесуге әлі мезгіл туған жоқ. Қазір Самарқантты шабар әл-қуат жеткіліксіз. Әттең Жәнібек, Керей, әбусейіт күннен күнге күшейіп бара жатыр. Амал жоқ, шыдаған жөн. Жағатай ұрпақтары, әңгіме сендермен сосын болсын!» Осындай күйініп жүрген шағында Рабиу-Сұлтан-Бегім оқиғасы оған дәтке қуат болған. Ақсақ Темір ұрпақтарына аз да болса қара жағылып, өшім қайта берсін — деген.

Ал Инеліктің мына сөзі тағы бұны кенет сескендіріп тастады. «Сонда қалай?.. Саянның кіші інісі екенін маған Рабиу-Сұлтан-Бегім неге айтпайды? Мұнда қандай гәп бар? Арғындар өзіне Саянның жиен екенін біледі. Бұ да әрине Рабиу-Сұлтан-Бегім арқылы... Мен ештеңе де білмеймін... Әрине бәйбішем мен Арғындар арасында да бір құпия сыр бар... Кім біледі, олар маған қарсы одақ құрып жүрген шығар?»

Әбілқайырдың қабағы кенет қайтадан түксие қалды. Бұл жалғанда адам баласының жан тыныштығын бұзуға бостан-бос сезіктенуден, өзгенің бәрін өзіңе жау көруден қауіпті күш жоқ. Әбілқайыр жас кезінен-ақ қарадай жел сөзге майысқақ, орынсыз сақ құлақ жан еді. Жасы ұлғайған сайын бұл ауруы да күшейе түскен. Бұл жолы да солай болды. Көңілінде кішкентай ғана күдік туып еді, ол күдік кенет басын алғалы келе жатқан қорқынышқа айналды. «Жоқ, жоқ бұлар бәрі бірігіп мені құртқалы жүр. Алдымен Рабиу-Сұлтан-Бегімнің көзін жою керек».

Хан ойын болжап білгендей Оспан-Қожа:

— Арғындар батыр Саянның өздеріне жиен екенін мен арқылы білді. Осыдан бес жыл бұрын оларға мен айтқам.

— Неге?

— Жетім бала теңізге шыққан жалғыз қайық секілді. Оған мықты рулардың бірі қорған болсын дедім.

— Арғынсыз қорғаны осал ма еді. Саянды Сүйіншікке атеке етем деп Рабиу-Сұлтан-Бегім осында жанталасқан жоқ па еді?

— Оған өзің көнбей қойдың ғой.

«Бекер көнбеген екенмін. Көнсем ғой, өсек сөзден өзім де, Рабиу-Сұлтан-Бегім де ада болады екен-ау! Және Ұлықбектің туған баласы жиеніне атеке болып менің қолымда тұрса, қандай күш! Темірлан алтын тағы Орда-Базарға қауіптен қарай жүрер еді ғой. Әбусейіт тәрізді бұра тартарларды ауыздықтағаным, тобыр алдында кінәсіз көрінер еді. Қалай жаулап алсаң да, тобырдың көкейіне қонбаған үстемдігің, тысырайып тұрған тар киім тәрізді, бір жерінен болмаса бір жерінен сөгіліп кетеді». Әбілқайыр хан бұл қағиданы ұзақ жылғы ел билеген тәжірибесінен біледі.

Хан ойын Оспан-Қожа тағы бөліп жіберді.

— Батыр Саянды өлтірсеңіз ерке-шора Гүлбаһрам-Патшайымды да өлтірген болар едіңіз...

— Неге?

Гүлбаһрам-Патшайым қызыңыз батыр Саянға ғашық...

— Оны сенен басқа кім біледі?!

Ханның бұл сұрақты текке бермегенін Оспан-Қожа бірден ұқты. Ол сәл ойланып қалды да:

— Рабиу-Сұлтан-Бегім ханым, — деді қырылдай сөйлеп. — Ол екі жастың түбі қосылуына жан-тәнімен тілектес...

«Жоқ, Рабиу-Сұлтан-Бегім батыр Саяннан адал екен, әйтпесе жиырма тоғыздағы жас сұлу оны күндесінің қызына қимас болар... бірақ бұны тағы менен неге жасырды? Мұнда

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

қандай сыр бар? Саянның Ұлықбек мырзаның баласы екенін білсем, мүмкін мен оны Сүйіншікке атеке етер едім ғой. Мұндай аңырақай, соқпақты, қиын жағдайларда ең бөктер жол сол болатын еді-ау!».

— Рабиу-Сұлтан-Бегім алдымен сізден Саянды Сүйіншікке көкілташ¹ етуді өтінбек болған. Бірақ жастайынан біріне-бірі ұнаған Гүлбаһрам-Патшайым мен Саяндай екі жасты аяды. Егер Саян Сүйіншікке көкілташ болғанда Гүлбаһрам-Патшайымнан мәңгі күдер үзер еді. Өз қарындасын өзі алуға Мұхаммет пайғамбардың діні рұқсат етпес еді. Сол себептен сізден ханым оны атеке етуіңізді өтінді. Сен көнбедің ғой. Ал батыр Саянның кім екенін сізге айтуға қорықтық. Өйткені Қыпшақ батыры Қобыланды да сенің қызыңа ғашық... Бәрібір Қобыланды тұрғанда қайдағы бір келімсекке Гүлбаһрам-Патшайымды бермейтінің айдан анық қой.

Тоғыз торап жол бір жерге келіп түйіседі. Сондай-ақ сан адамның тағдыры кейде осындай бір тұстан табысады. Хан өз Ордасында тарам-тарам қан тамырларындай түйісіп, қайтадан тарасып жатқан құпия сырларға таң қалды. Қан тамырының бәрі келіп бір жүрекке құйып, қайта тарайды. Ордадағы сол жүрек Әбілқайырдың өзі ғой. Бірақ сол Орда тынысын, қан тамырларының қалай соғып жатқанын неге сезбей келген? «Халықты билеместен бұрын, ең алдымен Ордаңды билей біл. Ордаңды жұмған жұдырықтай берік ұстай алсаң, халықты да берік ұстай аласың» деп әлем құдіретшісі ұлы Шыңғысхан бабамыз бекер айтпаған екен, «өз Ордамда не болып жатқанын сезбегенде де Жәнібек пен Керейдің халқымды қалай бүлдіріп жүргенін қайдан білейін. Жоқ, жоқ, мен алдыменен маңымды берік ұстауым керек».

Хан енді басын көтеріп алды, қоңырау орнына алақанын шапалақтады. Үйге Бақты-Қожа уәзір кірді.

— Қазір менің қызым Гүлбаһрам-Патшайым мен Қобыланды батырды алып келіңдер.

«әрине, Гүлбаһрам-Патшайымды Қобыландыға қосамын. Жазықты ма, жазықсыз ба — бәрібір батыр Саян кінәлі. Тыныш жатқан арыстан — хан ашуын өзі оятты... Демек, Рабиу-Сұлтан-Бегім күнәсіз... Оның кесімін кейінге қалдырғаным жөн болған...»

— Хан ием, тағы да айтатын бір ақылым бар.

— Ол қандай ақыл?

— Уәзіріне сырын білдіріп алған хан қақпанға түскен аңмен бірдей. Тағдырың уәзіріңнің қолында. Достық ойласа қақпанынан құтқарып жібереді, қастық ойласа ұрып алады. Өйтеуір қақпанынан оңай босатпайды.

— Бұны сен маған неге айтып тұрсың?

— Бақты-Қожа уәзірден сақтан. Жұрт сенен емес одан қорқа бастапты. Мұндай айбар тек ханды өз уысында ұстаған уәзірдің қолынан ғана келеді.

«Мына сөзінде де жан бар секілді. Иә, Бақты-Қожа бір сырымды біледі. Және сыр болғанда қандай сыр! әрине сол сырымды өзіме қарсы пайдалануға тырысады. Кім біледі пайдаланып та жүрген шығар?.. Тұра тұр!» Әбілқайыр тағы да өзінің сезіктенгіш қылығына ауды. Оның көз алдында, кенет, құпия сыбырласып отырған Рабиу-Сұлтан-Бегім мен Бақты-Қожа уәзір елестеп кетті. Одан кейін бәйбішесінің кешегі бір өзіне деген жылы шырайы есіне түсті. Әдетінше түс мезгілінде хан Рабиу-Сұлтан-Бегім үйіне барған. Жас сұлу бәйбішесі ақ тотыдай таранып отырған. Әбілқайыр үйреншікті әдеті бойынша шымылдықтың қасына келіп шешіне бастағанында, Рабиу-Сұлтан-Бегім ақ мамықтың үстінен еркелеп түрегеліп, аяғын ырғала басып алтын кесеге шербет құйып әкелген.

— Гераттан жіберіпті. Бұғы мүйізінің нәрі қоса қайнатылған, аяғына дейін ішіңіз, хан ием, — деген.

Хан ішкен. Және денесі аппақ қардай, қарақат көз сұлу бәйбішесінің жанында әдеттегісінен анағұрлым ұзақ жатқан. Сол бір шатты сәтте әлі де он жеті жасар уылжыған қызға бергісіз осы бір періштедей сүйкімді әйелін Бақты-Қожа уәзірге өлтір деп тапсырғаны ойынан шығып кеткен. Бар ынтасы сол бір тамаша мезеттің қуанышын мейлінше соза түсуде болған. Өткіншек дүниенің қызығы да оған дәл осы сәтте марал мүйізінің сөлі қосылған шербеттің тәтті уытындай көрінген. Тек осы қызық тез өтіп кетпегей деп тілеген.

Ал сол сурет оның көз алдына басқаша елестеп кетті. Шербет құйылған алтын кесені қолына алды. Жанындағы Рабиу-Сұлтан-Бегім мөлдір көзіне қарай тұрып кесені түбіне дейін жұтып салды. Сөйтті де жүрегі өртеніп домалай барып құлады... «Марал мүйізі сөлінің

¹ К ө к і л т а ш — бірге туыспаса да, хан шешімі бойынша жас балаға аға болып саналу. Кей көкілташтар өзіне іні еткен хан баласына туған ағасындай болып кеткен.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

орнына кішкентай ғана күшеланың уы қосылса не істеймін?! Жоқ, жоқ бұдан былай қарай тым сақ болған жөн. Япырмай, бір ажалдан аман қалған екем. Өзім де сезімге берілгішпін. Шербетті алдыменен Рабиу-Сұлтан-Бегімнің өзіне неге іштіріп алмадым? Екіншідей бұл естен шықпасын. Жалғыз Рабиу-Сұлтан-Бегім ғана емес, қай қатыным болса да берер асын, ішкізер сусынын ең алдыменен өздеріне таттырып көруім керек-ақ!»

— Хан сырын көп білетін уәзір тірі қалуға тиісті емес...

Ойда тұрған Әбілқайырға дәйекші сөзі алыстан талмаусырап жетті. «Иә, хан сарайларында бар өмірі өткен қарт дәйекші дұрыс айтады. Бақты-Қожа уәзір менің ең қылмысты сырымды біледі. Сондықтан...»

Үйге кірген шабарман кенет хан ойын бөліп жіберді.

— Тақсыр хан, үлкен бәйбішеңіз сізге айтуға бата алмай отыр екен. Гүлбаһрам-Патшайым ханша кешеден жоқ... Бір жетіден бері төмендегі елдің бәйгесіне екі қылаңды мініп кеткен секілді.

Мұндай хабарға еті үйреніп кеткен хан, қабағын да шытқан жоқ.

— Қобыланды батыр қайда екен?

— Тақсыр, Қобыланды батыр бар Қыпшағын соңынан ертіп ата мекен ескі қонысы Торғай өзенінің бойына көшіп бара жатыр.

— Неге?

Онысын білмеймін. Қас-қабағы жабыңқы. Жігіттері де қалың қол боп тастай түйініп алған. Қайт деуге бата алмадық. Жәнібек пен Керей ауылдары ауған Жағатай жұртына қарай қашқан Гүлбаһрам-Патшайым ханшаның соңынан қуып жете алмай қалыпты деседі жұрт. Ұзын-құлақ. Мүмкін бұл өсек болар.

«әрине бұл өсек емес. Қыпшақ батыр Қобыландының шынымен-ақ менің қызымда үміті болған екен. Қыз көнбей қашып кеткен соң, ызадан көшкен екен. Маған қолқа салуға қаймыққан ғой. Ажалға бермей, алып қалғанымды тағлым тұтқан да. Шіркін, ләззат, сен көріні де, жасты да отқа саласың-ау. Оспан дұрыс айтады. Қобыландының Ақжол мен Саянға өшігуі де осыдан. Бірақ бір қатын қолыма түспеді деп, осыншама бүлінетін не бар еді, ақымақ! Осының ызасына әлде соңынан бар әскерімді жұмсап, қан жоса етейін бе? Жоқ, өйтудің керегі болмас. Торғай өзенінің бойы да менің қарамағымда ғой. Кетсе өз жеріне кетті, Жәнібек пен Керей тәрізді жеке хандықты көксеп, жат жаққа қаша жөнелген жоқ қой. Өлі-ақ сабасына түсер, қайта оралар...»

Әбілқайыр ақыл-сезімін астаң-кестең еткен бұл ойларын ешкімге сездірген жоқ. Тек:

— Қырық күншілік жерді бір күнде алатын Көксеңгірмен Гүлбаһрам-Патшайымға жете алмай қалса, шын таусылған екен! — дей салды теріс бұрылып кетіп.

— Иә, солай, тақсыр.

Хан сол теріс бұрылған қалпында «бәрің де кетіндер!» деген ишарат білдіріп қолын сілтей салды. Уәзір, шабарман тұтқынды ала жөнелді.

— Қош бол, хан ием...

Әбілқайыр кешегі өзінің жақсы көретін ақылшысының бірі Оспан-Қожаға бұрылып та қараған жоқ. Ол дәл осы сәтте Оспан-Қожаны да, оның тағдырын да, бағанадан бері айтып тұрған су астында жатқан інжу-маржандай сырларын да есінен шығарған. Иә, ол өзгенің қастығы болмаса, жақсылығын тез ұмытатын. Бүкіл Дәшті Қыпшақ, Қорасанды билеп тұрған Әбілқайырға Оспан-Қожа деген құл кім? Жақын етсе өзі етті. Өлтірсе өзі өлтіреді. Ал дәйекші сорлы қайтадан зынданында ажалы жеткенше, іріп-шіріп жата бермек боп кете барды. Ханды енді басқа ой мазалай жөнелді.

«Жәнібек пен Керей Жағатай ұрпақтарының қол астына ауды. Қыпшақ Қобыланды көшті өз жайына. Самарқанттағы әбусейіттің теріс бұрылып бара жатқаны анау... Еділ бойындағы өзіне тән Қыпшақтарын ертіп қарға бойлы Қазтуған да Жәнібек пен Керейге қосылғалы қонысынан көтеріліпті деген сөзді кеше естідім. Және Қазтуған жырау:

Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас,
Сөйткен менің Еділім,
Сен салмадың, мен салдым.
Қайырлы болсын сендерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт, —

деп Еділ бойында қалған Алшын, Ноғайлы руларына батасын беріп көтеріліпті дейді. Өзге рулар да Жәнібек пен Керейдің соңынан ерді деген сөздерді жиі ести бастадым. Бұның бәрі неліктен? Отыз жылдай ат үстінен түспей көтерген Көк Ордам қайтадан құлағалы тұр ма? Егер менің көзімнің тірісінде мықтап шетінесе, он ұлым, он бес қызым, елуге тарта немерелерім, әрқайсысы ол Орданы өзіне қарай тартып пара-парасын шығармасына кім кепіл? Иә, сөйтулері мүмкін. Жоқ, ондай жағдайға жеткізуге болмайды. Ел тізгінін қайтадан қатты тартуым ақыл. Ең алдымен Мауреннахр мен Қорасанның биліктері қолындағы өзіммен тілектес хакім, сұлтандармен одақтасып алып, Жәнібек пен Керейдің қолтығына су бүркіп, жеке хандық етеміз деп отырған Моғолстанға ойранды салуым борыш...»

Әбілқайыр енді Ордасының ішіндегі жағдайға көз жіберді. «Алғашқы келісімді Ақсақ Темірдің ұрпақтары меңгеріп отырған Самарқанд пен Бұқардан бастайтын болсам, Ұлықбек мырзаның қызы Рабиу-Сұлтан-Бегім жайындағы ой-пікірімді тез өзгертуім қажет. Заты әйел болғанмен Рабиу-Сұлтан-Бегім Ақсақ Темір ұрпақтары мен Мауреннахрдың бек, әмірлерінің алдында қадірлі. Тартыс-

та бұл қасиетін де есте тұтқан жөн. Әскер басқа елді басып алуға керек, ал жауыңның ақылды адамдары, бек-сұлтандары сол елді билеуіңе құрал». Әбілқайыр езу тартып күлді. Оспан-Қожа: «хан сырын білетін уәзір өмір сүруге тиісті емес» дейді. Дұрыс айтады. Бұл данышпан ақылыңды Бақты-Қожаны құрту үшін ғана емес, өзіңнің көзіңді де тезірек құрту үшін жұмсармын... Сен жеті қабат жер астындағы зынданда жатсаң да, білетін сырың жер астында жатпайды, бәрібір сыртқа шығады... Мұндайда қара жерге де тіл бітеді...»

Ертеңіне Оспан-Қожаға ас түсірілу тоқтатылды. Ал сол күні төрт нөкерімен хан Ордасына келе жатқан Бақты-Қожа уәзір үшті-күйлі жоқ болды да кетті... Хан шабармандары іздеп жан-жаққа қанша шапқыласа да оны таба алмай-ақ қойды, хан Ордасының маңайындағы Үйсіннің атышулы батыр, билері «бұл қалай?» деп күңкіл шығара бастады. Дәл осы кезде «Бақты-Қожа нөкерлерімен Моғолстанға өтіп кетіпті» деген лақап дүңк ете қалды. Өзі шығарған бұл лақапты ең алдымен Әбілқайыр пайдаланды, «Мені сатып кеткен әкесінің айыбы» деп, хан көптен бері көзін тігіп жүрген, ерніне әлі тірі жанның ерні тиіп көрмеген, кеудесіндегі қос алмасы тығыршықтай, дала киігіндей тағы, қамшының таспасындай тастай етіп өрілген қолаң шашы жерге түскен Бақты-Қожаның он төрт жасар сұлу қызы — Тоқтар-Бикені тоқалдыққа алды. Қандас уәзірдің кесірі тие ме деп, хан қаһарынан қорқып қалған Үйсін батырларының сыбырлары су сепкендей басылды.

Әбілқайыр жас тоқал алып ашуын басып, енді жорыққа дайындалуға кірісті.

Демек, Рабиу-Сұлтан-Бегім атақты Ақсақ Темірдің данышпан немересі Ұлықбектің қызы. Ол өзінің ақыл-парасатымен жұрт алдында ерекше көзге түскен. Сүлеймен пайғамбардың кезіндегі әйел патша Балқыз замандастарына қандай құрметті болса, бұған да өз замандастары біздің уақытымыздың Балқызы деген ат берген.

Жас иіс сұлу тоқалы Тоқтар-Бике Әбілқайырға тек өзінің сұлулығы мен жастығын берді. Өзгесін хан Рабиу-Сұлтан-Бегімнен тапты. Рабиу-Сұлтан-Бегім де өзіне хан ықыласының қайта түскенін көріп, жас иіске аз күн ауғанын кек тұтпай, енді бұрынғыдай емес, хан істеріне біртіндеп араласа бастады. Осы кезде Орда-Базарға әбду-Латифтың туған баласы Мұқамет-Жөкі келе жатыр деген хабар жетті.

Рабиу-Сұлтан-Бегім оны алдынан ат шаптыртып қарсы алды. Үстінде көк құрыш шынжыр сауыт, ер-тоқым, жүген-құйысқандарын алтынмен аптатқан он шақты жігіт Орда тұсына кеп түсе қалды. Хан Ордасына қарай жаяу жүрді. Қару-жарақтарын сыртқа қалдырып, бұлар иіліп сәлем беріп үйге кіріп келгендерінде, Әбілқайыр елең етіп шошып кетті. Ордада ханмен бірге тұрған Рабиу-Сұлтан-Бегім езу тартып күлімсиреді.

— Хан ием, бұл кіші балдызыңыз, әбду-Латиф мырзаның туған баласы Мұқамет-Жөкі, — деп басын иді.

Ал Жөкіге:

— Жалғыз бауырым Мұқамет-Жөкі, сау-саламат келдің бе? Мына кісі ұлы мәртебелі Сүлеймен пайғамбардай ақылды, Ескендір Зұлхарнайын патшадай айбарлы, бүкіл Дәшті Қыпшақ ханы Мауреннахр мен Қорасанның сырттай әміршісі Әбілқайыр жездең, — деді. Өзі барып, бірінші боп құшаққа құшақ тигізіп амандасып, бауырын қолтықтап ханға таяды.

Хан созылған қолды аларда тағы дір ете қалды. Сәл кейін шегініп те кетті. Бірақ құшаққа құшақ, кеудеге кеуде тигізіп амандасуға батылы бармады, тек қол алысып амандасты да қойды.

Әбілқайырдың расында сескенетін де реті бар еді. Мұқамет-Жөкі алғашқы үйге кіріп келгенде, оны батыр Саян екен деп қалған еді хан. Бірінен бірі аусайшы! Бір шыны аяқтағы екі тамшы судай ұқсас. Сол қалың қабақ, өткір көз, сопақтау келген сұрша бет. Бойлары да, дене құрылыстары да дәлме-дәл. Сұңғақ бой, арыс кеуде, жіңішке бел. Жас жолбарыстың аяқтарындай, аяқ-қолдары сомдала біткен. Жалпы қимылында, дене бітімінде секіруге дайындалған жолбарыс тәрізді бір қауіпті сұс бар...

Әбілқайыр қол алысып амандасып, Мұқамет-Жөкіден ел жайын, Мауреннахрдың күйін сұрап отырғанында да іштей сезіктенумен болды. Ханның мұндай жағдайын байқаған Рабиу-Сұлтан-Бегім енді Әбілқайырдан қонағын өз Ордасына алып баруға рұқсат сұрады. Бойын билеп алған әбігерден айырыла алмай отырған Әбілқайыр бірден көнді.

Рабиу-Сұлтан-Бегім сескенуден де, «әкең әкемді өлтірген» деп Мұқамет-Жөкіге кек тұтудан да аулақ еді. Әбду-Латиф Ұлықбек мырзаны, менің және өзінің әкесін өлтірді, ал өзі басқалардан ажал тапты. Ақырында екеуінің қастары әкесі мен баласынан бірдей құтылды. Бұған қарап Ұлықбектің қызы мен әбду-Латифтың ұлы қырық пышақ болуға тиістіміз бе? Жоқ, тиісті емеспіз. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Ұлықбек тұқымынан тірі қалғандардың ішіндегі ең жақыны біз екеуміз. Егер біз екеуміз жау болсақ, бұдан тек қастарымыздың бағы жанады.

Рабиу-Сұлтан-Бегімнің Мұқамет-Жөкіні өзіне жақын тартуының тағы да бір себебі екеуінің Ұлықбек сарайында тетелес өсуі еді. Мұқамет-Жөкі Рабиу-Сұлтан-Бегімнен үш жас кіші. Сондықтан Рабиу-Сұлтан-Бегім одан өзін үлкен санап, кішкентайынан оған апалық қамқорлық көрсетіп келген.

Сұлтан тұқымдарына тән аяусыз қатты мінездеріне қарамай, екеуіне де жастайынан жат емес, осы бауырмалдық сезім, қазіргі тілектерінің жақындай түсуіне жол ашты.

Рабиу-Сұлтан-Бегім Мұқамет-Жөкінің келуіне арнай қыз-келіншек, бозбалалар жинап, ұлан-асыр той істеді. Ат шаптырылды, балуан күрестірілді. Жігіттер жамбы атып, сайысқа түсті. Шырқалған ән, тербелген алтыбақан... Айлы түндерде, бетегелі құрақты сай ішінде хан қонағы талай сұлуды құшып, күндіз сұңқар, қаршыға салып, Арқаның қызыл түлкісі мен кіші-гірім лақтай қыр қоянын алдырды.

Осылай бір апта ойын-сауық құрғаннан кейін, Мұқамет-Жөкі хан алдына келді. Алыс жерден сапар шеккен мұң-мұқтажын айтты. Жігіттің сауытсыз, қару-жарақсыз екенін көріп, хан көңілі күптенбеді. Ол енді Мұқамет-Жөкімен ақжарқын, шын көңілмен ұзақ әңгімелесті. Бұл әңгімеге тек Рабиу-Сұлтан-Бегім ғана қатынасты.

Самарқант, Бұқар, Герат, Мервте қазір қанша әскер барын, халықтың әбусейітпен өш екенін баяндай келіп, Мұқамет-Жөкі сөзінің аяғында:

— Әбілқайыр хан, Ақсақ Темір тағына менің атам Ұлықбек, одан кейін оның баласы, менің әкем әбду-Латиф отырған, ендігі кезек менікі, — деді, — әбусейіт қазір Қорасан мен Иракты тегіс жаулап алам деп жорықта жүргенінде, Самарқант билігін қолыма түсіруге жәрдем беріңіз. Мұндай ыңғайлы сәт екінші мәртебе кездесе ме, онысын білмеймін. Ал қазір ең қолайлы шақ...

Әбілқайыр баяу езу тартты.

— әбусейіт те әбділлахтан әмірлікті алар жолы, дәл сен тәрізді ішке кіре келген...

— Ақсақ Темір ұрпағының бәрі әбусейіттей опасыз бола бермес. Егер Самарқант әмірінің тағына отырғызсаңыз, өмір-бақи сізді әке етіп, айтқаныңызды екі етпей өтуге қолыма құран алып ант етуге бармын.

— әке еткеніңнің маған керегі жоқ. Әкесі болар балаларым жетеді. Алда-жалда Самарқант тағына отыра қалсаң әмірімді екі етпеймін деп серт берсең құба-құп.

— әміріңізді екі етпеске міне құран, міне нан.

Әбілқайыр үндемей қалды. Ол ұзақ уақыт тілсіз отырды да, бір мезетте:

— Самарқант уәлиетінің жерінде ұрысқа жарайтын қанша жауынгер пілдер қалды? — деп қарсы отырған жігітке тесіле қарады.

Бұрын Дәшті Қыпшақ, Мауреннахр жерлерінде соғыста піл қолданылмайтын. Ақсақ Темір Иран мен Үндістанның шетін алғаннан кейін барып, пілді кей жағдайларда Орта Азия хандары жауын қорқытуға аздап пайдалана бастаған. Бір кезде Самарқант, Бұқар уәлиеттерінде піл әжептәуір қоқан-лоққы күшке айналған. Ал Әбілқайыр үнемі Мауреннахр жеріне шабуылға шыққанда, қойға шапқан қасқырдай, ол әдетте хандарының бөтен елге жорыққа кеткен кезін аңдып тұратын. Қалаларын жау алған соң, пілдер де ештеңе істей алмайтын. Демек, Самарқант, Бұқарда дәл біз айтып тұрған шақта жауынгер пілдер бітуге айналған-ды. Бірақ әзірге өлмеген азғантай пілдердің өзінен де, бұрын мұндай ашулы алып

хайуандармен айқасып көрмеген көшпелі ел сыпайларының зәре-құты қалмайтын. Самарқантты бағындырам деп аттанған баяғы алғашқы ұрысында өздеріне қарай дүрсе қоя берген үш пілден бүкіл Қыпшақ жігіттері жөңки қашқан. Әскердің арт жағында келе жатқан Әбілқайыр, ұзын тұмсығын оңды-солды сілтеп, кіші-гірім үйдей боп өзіне қарай тап берген алып пілді көргенде, не істерін білмей, қолындағы найзасын жерге түсіріп алған. Тек ажалдан астындағы жүйрік ақ боз аты құтқарған. Содан бері Ақсақ Темір әміратына жататын қаланы шаппақ болса, ең алдымен «жауынгер пілдері жоқ па екен?» деп сұрайтын. Жылан шаққан адам ала жіпті аттауға қорқады. Бір рет өлердей боп шошып қалған Әбілқайыр бұл жолы да сол дағдысына салып, піл жайын тәптіштеп сұрап отырған-ды.

— Бүкіл Самарқант, Бұқар, Гератта үш-ақ піл бар, — деді Мұқамет-Жөкі, — о да жорыққа шыққанда Көреханның шатыры мен гаремін алып жүреді.

— Өзге пілдері қайда?

— Пілді соғысқа пайдалану үшін оларды жұмсай алатын адамдар керек... Бұрын бұл қызметті Иран мен Үндістаннан алып келген есірейлер атқаратын. Олардың өлгені өлді, өлмегені ебін тауып өз жеріне қашып кетті. Иесіз қалған пілдерді әбділлах қастары у беріп өлтірді.

— Бұлары дұрыс болған екен! — Әбілқайыр Ордасының әшекейлеп сырланған қабырғасына қарады. «Қан төкпей істейтін ісіңді қан төкпей істе. Қан төгіп істер ісің болса алла-тағала өзі жәрдем берсін» деген қабырғаның жоғарғы ернеуіне оюлап жазылған хадистің төменгі жағына көз жіберді. Қабырғада самсаған қару-жарақ ілулі тұр. Болат наркескен, қисық алдаспан, көк құрыш сүйір ұшты найза, шойын басты шоқпар, жақтың бірнеше түрі... Өне, анау Исфаған қылышымен Жұмадық ханның басын алған. Өне, анау болат сүйір найзаны Әбілқайыр өз қолымен Мұстафа ханның жүрегіне қадаған... Хан езу тартып күлді. Хадис «әділеттік үшін қан төгіп істер ісің болса, алла-тағала өзі жәрдем берсін» дейді. Қандай жәрдем? Қан төгуге жаралған осы қаруларды қолыма ұстатқанының өзі алла-тағаланың берген жәрдемі емес пе? Иә, солай, жәрдемі. Самарқант әмірінің бар пілін улатып өлтірткені — о да жәрдем! Алла-тағала менен жәрдемін аяп көрген бе, тек сол жәрдемдерді дұрыс пайдалана білсем болғаны ғой. Пайғамбар аузынан шыққан мына хадис та соны айтып тұрған жоқ па? Дәл солай. Берген сертін бұзған әбусейіттің өз обалы өзіне. «Қан төкпей істейтін ісіңді қан төкпей істе» дейді. Мұхаммед пайғамбарым. Мен қан төгейін деген жоқ едім, әбусейіттің өзі қанымды төк деп тілеп тұр ғой. Сұрағаны болсын!»

Әбілқайыр Мұқамет-Жөкіге тесіле қарады.

— Жақыныңа жәрдем ет дейді құран, мен саған жәрдем беруге дайынмын. Бірақ, қояр екі шартым бар.

Мұқамет-Жөкі басын иді.

— Бірінші шартым — Әбілқайыр бұл шарттың Мұқамет-Жөкіден гөрі Рабиу-Сұлтан-Бегімге қатынасы бар екенін әдейі білдіргісі келгендей, кіші бәйбішесіне қарады, — әбусейіт менің қызымды алған, бірақ антында тұрмады. Антын бұзғаны үшін мен одан кегімді қалай қайтаруым керек?

Рабиу-Сұлтан-Бегім жымия күлді.

— әрине, кегің қызыңды қайтарып алумен бітпейді.

Қызың орнына әбусейіттің бірінші әйелінен туған, он үш жасар сұлу Ғибадат-Сұлтан-Бегімін тоқалдыққа алуың керек.

Әбілқайыр қайтадан Мұқамет-Жөкіге бұрылды.

— Бірінші шартым — Ғибадат-Сұлтан-Бегім сұлуды сол қауыздай жарылмаған, шыныдай сынбаған күйінде менің қойныма саласың.

— Уәде, тақсыр жезде.

— Екінші шартым — әбусейіт бұзған антты сен орындайтын боласың.

Бұнысы әбусейіттей емес, сен мені алдамайсың, өле-өлгенше бағынышты боп өтесің дегені еді.

— Құп, тақсыр.

Сол күні Әбілқайыр Мұқамет-Жөкіге ертіп, Самарқантқа Бүреке-Сұлтан мен Бішкенді оғланның басқаруымен он мың санды қол аттандырды. Атышулы батырларының да біразын жіберді.

Хан әбусейіттің Қорасанда жүргенде Самарқантты басып қалудың бәлендей қиындыққа түспейтінін жорамалдады.

Екі апта өткеннен кейін жиырма мың қолымен Әбілқайыр өзі Мауреннахр жеріне қарай беттеді.

Көк Орда ханы отыз жылдан астам хандық өмірінде астанасын бірнеше жерге көшірген... Сығанаққа да ту байлаған. Қай өлкені бағындырса, сол өлкеге Ордасын алып барған. Асан Қайғының Дәшті Қыпшақтың жеріне, не Ұлытауда, не Еділ, Жайық жағасының бірінде хан Ордасын тікпедің деп ренжуі де осыдан еді. Демек, ол қай жерге хан Ордасын көшірсе де, өзінің алғашқы туын тіккен Орда-Базарға қайтып орала беретін. Орда-Базар оның түпкілікті астанасына айналған. Әйтсе де көптен бері осы астанасын мүлдем тастамақ ойға бекіген.

Орда-Базар, еш теңізге құймайтын, суы мол болғанымен өрісі тар Қаракеңгір өзенінің бойында тұр. Батысындағы кеме жүретін Еділ өзені екі мың шақырымнан астам жерде. Солтүстігіндегі ұлы өзен Ертіс пен Есіл олар да сондай жырақта... Оңтүстігіндегі қос алып Жейхун мен Сейхун да тым қашықта жатыр... Шығысындағы Көкше теңіз сәл таяуырақ, бірақ жол ортасы аңырақай, шөлейт... Әбілқайыр астанасын көп уақыт Сығанақта ұстаған. Кейін Қырымдағы Әзбекхан мешіті мен гаремі тұрған Қара теңіз жағасындағы Қара-Даг тауынан отыз шақырымдай жердегі Ескі Қырымға да көшірмек болған. Бертін келе Еділ жағасындағы Ақсақ Темір бұзған Алтын Орда астанасы Сарай шаһарына апаруды да ойлаған. Солтүстік тұсына да, тіпті Жем, Ойыл, Ақ Жайық өзендерінің бойына да орнатсам деген. Бірақ мұның біріне де тұрақтай алмаған. Әйткені неғұрлым Дәшті Қыпшақтың батыс шекарасына қарай беттеген сайын соғұрлым Мауреннахр шаһарларынан алыстап кететін болған. Бұлай істеудің жөн емес екенін Әбілқайыр жақсы түсінетін. Батыс мемлекеттері бұл уақытта әжептәуір күшейіп алған. Оларға түбі күшінің келмейтініне Әбілқайырдың көзі жете бастаған. Көк Орданың бел алуы енді тек Шығыс шаһарларына ықпалын жүргізуде деп білген... Сондықтан оның көзі Батысқа емес, Шығысқа тігулі болатын-ды. Сол себептен де Шығысқа жақын Орда-Базарға әлсін-әлсін қайта орала беретін. Ал соңғы кезде бұл Орда-Базардың өзі де Әбілқайырға қуат бола алмайтындай күйге жеткен. Ол заманда көмір, мұнай, құрыш, темір өнеркәсіптері тіпті өркендеген кезі, ал қалалардың үлкейіп, гүлденіп кетуіне екі түрлі жағдай керек-ті. Бірі — қала дегенің үлкен сауда жолының үстінде тұруы қажетті. Әйтпесе кеме жүретін, бір ел мен бір ел қатынасатын, суы мол өзен, не теңіз жағасына салынуы керек. Ал Орда-Базарда бұл қасиеттің бірі де жоқ. Міне, осы жағдай Әбілқайырды бөтен астана іздеуге мәжбүр етті. Жаңа астана іздемеске болмайтын тағы бір себебі бар. Қазақ руларының біразы Моғолстанға көшіп кеткеннен бері Ұлытау маңы хан Ордасына жайсыз тие бастады. Қойға шабатын бөрі де, малын айдай қашатын ұры да көбейді. Әсіресе «Жалғыз көз» деген батыр пайда болып, хан қостарына маза бермейтін бір қырсыққа айналды. Астында желдей жүйрік ат, жанында өзіндей кілең батыр жігіт. Хан әскері бірнеше рет сондарынан түссе де, Қарақұмға сіңіп кетіп ұстатпай қойды.

Ал бұл «Жалғыз көз» батыр — баяғы жылқышы Орақ еді. Үңгірде бір жыл жатып, балгердің емдеуімен төсектен тұрған. Бір көзден айырылып, беті адам көргісіз тыртық боп біткен. Аққозыға қайта жолығуға өзінің мына мүсәпір түрінен қорланып, одан біржолата күдер үзген. Өзі тәрізді кедейлердің өшін Әбілқайырдан алмақ боп атқа мінген. Бірақ әзірге соңынан ерген халқы аз болғандықтан, бар қолынан келері аш қасқырдай хан малына тию болған. Әрине, хан бұның Орақ екенін білген жоқ. Демек, бұл арадан көшіп, көбейіп кеткен өзіне қас адамдардан да құтылуды жөн тапқан. Ойлап-ойлап ақырында астанасын Үргеніш шаһарына көшіруді ұйғарды. «Жейхун дариясының жағасында, Сұлтан-Уайз-Даг қамалынан жетпіс шақырымдай төмен тұратын Үзбой арнасы арқылы жүзіп отырып Хивас¹ теңізіне жетуге болады. Бұл теңізге шығуымыз — Түркімен, Дәшті Қыпшақ, Хива өлкелерін уысымызға қысып ұстауымыз ғой. Ортада бір кезде Еділ, Дон, Днепр бойынан көшіп келген қарақалпақтар бар. Қай жағыма қарасам да көз алдымда өзіме бағынышты елдер тұрады.

Ал тілі де, діні де бір қарақалпақтарды өз Ордама қоса салу қиынға түспейді. Күншығыс пен оңды-солды жағың — Мауреннахр жері, солтүстік батысың — Моғолстан, онымен шектесіп жатқан тағы Дәшті Қыпшақ... Тек Моғолстан өлкесін өзіңе бағындырсаң, болғаны. Көк Орда хандығы батысы — Еділ, Қара теңіз, оңтүстігі — Хивас, Иран, Ауған, солтүстігі — Тара, Орал ойпаты, шығысы — Үндістан, Қытай мемлекетіне дейін созылған ұлы хандыққа айналады. Мұндай жерді Ескендір Зұлхарнайын әтиль, Шыңғысхан, Ақсақ Темірден бөтен ешкім билеп көрген жоқ. Бесінші ұлы хан боп мен билеймін, жалғанда бұдан артық жетер арман бар ма? Бұл опасыз дүниеде бөрі де бір күнгідей болмайды, байлығың да, бақытың

¹ Хивас теңізі — Каспий теңізінің аты.

да өтеді де кетеді... Тек атағың ғана өшпейді. Ал осыншама жерді, елді билесең сенің атағың ұрпақтан ұрпаққа кетеді. Бүкіл әлемді топан су қаптар күн туса, Нұқ пайғамбардай адамзатқа өлмес атың қалады. Өзің өлсең де, тарихта есімің өлмесе, одан артық қандай мәңгі тіршілік бар? Бұдан асып тірі пенде не істей алады?»

Бұл ханның орындалмас қиялы. Демек, Үргенішті алуды арман еткен Әбілқайыр Дәшті Қыпшақтың оңтүстік құмайты жағын қиғаштай жүріп, бір аптадан кейін Отырардың солтүстік тұсынан өтетін Сейхун дарияның қамыс, жиде, қарағашты жағасына келіп жетті. Құмырсқадай быжынаған қалың қол, белдері босаңсыған аттарын тынықтырмақ боп, бір жетіге қостарын тікті. Хан ойынша бұлар тынығып болғанша әскерге азық-түлікке он мыңдаған қойды айдап, соңдарынан көше қонып келе жатқан көп қараша ауылдары да жетпек-ті. Ал қосын келіп қостарын тіккен Сейхун дарияның тұсы өркеш-өркеш асау сұрғылт толқындары жұдырықтай тастарды жаңқа құрлы көрмей жұлып ала жөнелетін долы еді. Екі жағы бірдей түйелі адам көрінбейтін қалың қамыс, анақурай. Бұлардан әрі кигіздей боп тұтасып кеткен тапал бойлы тораңғыл мен жиде ағашы. Іші толған сан түрлі аң, құс. Анда-санда бүкіл Дария бойын тітіреткен жолбарыстың ақырған ашулы үні естіледі. Сөйткенше «бақ» ете қалған ақбөкеннің даусы шығады.

Әбілқайыр әскері осы арада бір жеті болмақ. Аттың белін көтергеннен кейін арғы бетке өтпек. Сейхун секілді долы тасқыннан өту оңай шаруа емес.

Шыңғысхан заманында мұндай өзеннен өтудің басқа жолы болған. Әрбір монғол жауынгері ерінің басына байлап алған өгіз терісін дастарқан секілді дөңгелетіп ойып, шетінен қыл шылбыр өткізетін тесік істейтін. Бар киім-кешегін, кейде тіпті қару-жарағын да, осы терінің ортасына салып, шетіндегі тесіктерден өткізілген шылбырмен аузын бүріп байлайтын. Осылай қолдан жасалған, суда батпайтын тері қапшықты ат құйрығына байлайтын. Өзі атының жалынан ұстап қатарласа жүзеді. Не атты бос қоя беріп әлгі қапшықтың үстіне отырады. Орхон, Онон, Керулен, Енисей, Ертіс секілді ағысы қатты мол судың жағасында өскен монғол жылқылары, толқыны екпінді қандай өзендер болса да арғы бетке алып шығады. Дәл осылай олар бір кезде Жейхун, Сейхун, Жайық, Еділдерден де өткен. Ал Қыпшақтардың тәсілі бөтен-ді. Олар жылқыларын өзеннен бос жүзгізетін. Ағыс жағына күштілерін салатын да, олардың ық жағымен тай-құлындарын тоғытатын. Өздері қамыстан, не талдан сал тоқып, сонымен өтетін. Тек кейбір өжет жігіттері ғана үрген қос қарынды байлаған жіптерді қолтықтарының астынан өткізіп, арқасына киімі мен қару-жарағын таңып, жүзіп арғы бетке шығады. Ал, Сейхун, Жейхун жағасының жауынгерлері көбіне кепкен асқабақтарды байлап жүзіп өтеді.

Жігіттері бір күн дем алғаннан кейін, Әбілқайыр қамыс шауып сал дайындауға бұйырды. Өзі нөкерлерімен әскері қос тіккен жерден әрірек барып аң ауламақ болды. Хан аңға шыққан жер Сейхунның ойпаттау сағасы болатын. Дария жазғытұрымғы тасыған кезде осы арадағы кең алқапты алып, қайтадан есесіне түскен шағында ойдым-ойдым қарасулар қалдыратын. Тым қуаңшылық жылдары бұл араға сонау Қазықұрт тауынан жайлауға көшіп келген ауылдар, тартылып қалған қарасулардың балшықтарынан құлаш-құлаш мекре, лақа балықтарды қазып алатын.

Ауылдар жайлауға келмеген жылдары бұл араны бұғы мен марал жайлайды. Көл аралары жазық дала, көк шалғын. Сейхун жағасы қалың қамыс, тұтасқан жиде ағашы. Бұғы мен маралға бұдан артық қандай қоныс керек?

Әбілқайыр осы араға шатырларын тікті де, қасына кернейші-дабылшы екі-үш жігіті мен ежелгі серігі Бахтияр-баһадурды ертіп жан-жақтарын шолып келуге шықты. Астында жол-жөнекей ер салынбай, тың, жетекте келген Тарланкөк. Ауыздығымен алысады. Өзгелердің де мінгендері қосаяқтай жүйріктер. Әйтсе де олардың аттары қамыс құлақтарын қиғаштап, жіті басқанмен де, Тарланкөктей емес, ауыздығымен алысып келе жатқан жоқ. Сірә, Сейхунның лайлы суы мен шігір араласқан сұрғылт бетегелері жер-су талғайтын сәйгүліктерге тақа жәйлі тимеген тәрізді.

Хан тобы әңгімелесе жүріп, бір жазық далаға шықты. Кенет Тарланкөк оскырына, танауы делдиіп, құлағын тіге қалды. Бұлар «не болды» деп жан-жақтарына қарап та үлгерген жоқ, дәл алдарынан шаңырақ мүйіздерін арқаларына сұлата жатқызып, көгал шөптің үстімен бауырлай ұшқан құстар тәрізді, ұзын аяқтарын көсілте жазып, теңбіл жүнді бір топ арқар зуылдай өте берді... Үлкен-кішісі аралас. Шабыстарына көз ілеспейді, нағыз бір селдірлей аққан сағым-сынды, «Бұлар бізден үрікті ме?» деп хан ойланып та үлгермеді, кенет арқардың соңынан шұбалана қуған бір ұя қасқырды көрді. Қамысты жердің нағыз қара қылшықтары, құлынжал арландары. Топтанбай созыла шапқанмен аралары жиі кетіп

барады. Хан тобы бұларды шөптің қалыңдығынан бірден көре алмаған екен, арқарларды өкшелеп жетуге жақын. Сірә, қасқырлар өздерінің ежелгі әдеттеріне салып, кезектесіп қуған болуы керек, қарқындарына қарағанда мына көкжалдар төтеден қосылған тәрізді, әйтпесе жазық жердің жел ере алмас құдіретті жүйріктері — арқарлары бұларға шаңдарын да көрсетпесе керек-ті.

Хан тобы шыдап тұра алмады, елегізген жүйріктерінің тізгінін босатып жіберіп, сойылдарын ыңғайлап, айқай сап қасқырлардың соңынан тұра шапты. Тарланкөк өзге аттардан бірден суырылып сала берді. Көп кешікпей хан серіктерінен озғындай шығып қарасын үзді. Әбілқайыр жас кезінде ұрыстарға тікелей қатысып келсе де, алтын тақтың қызығын көрген сайын ажалдан қорқа түскен. Жиырма бестен асысымен-ақ хан ұрысқа қатысуды қойған. Таластың тағдыры шешілетін қан майданға ол өзінің батырлары мен әскерін айдап салатын. Тек жау жеңілген кезде ғана жеңіс қуанышын қарсы алуға жұрт алдына шығатын. Өзі тікелей ұрысқа қатыспайтындығынан хан көптен бері сойыл, найзаны жұмсауды ұмытқан. Бірақ өзін аңдыған жаудың көптігінен сескеніп, Ордада жүргенінде наркескенін, атқа қонғанда садағын тастамайтын. Бұл екі қаруды жұмсауда аса шеберленіп алған. Әсіресе жақ тартуға келгенде, жебесін құралайдың көзіне дәл қадайтын мерген. Міне, осы қасиеті қазір де өзіне үлкен жәрдем берді.

Тобылғылы, қурайлы, бозаңы белден келетін жазық дала... Алдарында көгілдір тоғайлы Сейхун дария... Оңды-солды қамысты шалшық көлдер... Аспан айнадай ашық, шаңқай түс. Алыста, көгілдір белестердің үстінде тек буалдыр сағым ойнайды. Сағым-сынды ағып келе жатқан арқарлар. Оларға енді-енді жетеміз деп ауыздарын ырсыта ашып, секіре самғаған кілең қара қылшық арлан қасқырлар.

Тарланкөк әне-міне дегенше қасқырлар тобына жетіп қалды. Әбілқайыр енді олармен жанаса шауып келеді. Есіл-дерттері алдарындағы арқарлар боп, әбден көздері қанталап қызып алған қасқырлар, ық жақтарымен жанаса жүз қадамдай жерде шауып келе жатқан салт аттыны аңғарар емес. Тек ат дүбірі құлағына анық жеткенде ғана соңғы көкжал Әбілқайыр жаққа жалт бұрылды. Бірақ дәл осы сәтте ат үстінен тартып қалған хан жебесінің болат ұшы дәл жүрек тұсынан кеп қадалды. Қасқыр қыңсылай барып, сылқ етіп бір бүйіріне қарай құлай кетті. Әбілқайыр оған бұрылып та қараған жоқ, енді екінші қасқырдың тұсына жете беріп, оны да омақата құлатты. Осылай заматта үш қасқырды сұлатты. Алдында әлі де екі-үш көкжал бар. Бірақ ханның қорамсағында жалғыз жебе қалды. Ол енді соңғы арқарға таяу келе жатқан, биіктігі тайыншадай, көкжал арланды түсірмек болды. Бойы бусанып, қызып алған Тарланкөк ой-қастай таяй бергенде, үзеңгісіне шіреніп, ерінен көтеріле түсіп, кейін қарай сәл қисая, «иә, сәт!» деп қайың садағын тартып қалды. Өкпе тұсынан жарым қарыс кірген жебе өз қайратын көрсетті, қасқыр ышқынып бір секірді де, домалап-домалап барып сұлап түсті. Алдыңғысының қалай құлағанын көрген соңғы екеуі ық жақтарында кенет пайда болған қауіпті салт аттыны аңғарып, жалт бұрылып желге қарай салды. Әбілқайыр оларға бұрылған жоқ, шаңырақ мүйіз арқарлардың ең болмаса біреуін алып қалайын деп, ат қарқынын бәсеңдетпей садағын иығына іліп жіберіп, беліндегі жарты құлаш көк құрыш алдаспанын суырып алды. Бірақ дәл осы кезде жануарлар жұбын жазбаған қалпында жардай болып тұтасып тұрған қамысты жапыра қиратып арасына кіріп жоқ болды. Хан қамысты жанай шауып, Тарланкөгін әзер дегенде барып тоқтатты. Бірақ дәл осы сәтте Тарланкөк үрейлене шыңғырып жіберіп, көкке шапшиды. Атының үстінен жерге құлай жаздап, жалына жабыса қалған Әбілқайырдың көргені қарсы алдында, он бес қадамдай жерде, қан-жоса етіп күл-талқанын шығарған бұғының етінің жанында өзіне қарай шөге түсіп жатқан есік пен төрдей тарғыл жүнді жолбарыс болды. Көзі тасырайып, мұрты жыбырлап, шабар алдындағы әдетіне салып, ұзын құйрығымен жерді бұлаңдата ұрады. Тарланкөк арындап кеп, алдыңғы аяғын жерге тигізе бергенде, жолбарыс та атылды. Әбілқайырдың бар қолынан келгені жалаңаш алдаспанымен басын қорғай берді. Бірақ аппақ үлпе бауырын жаза атылған жолбарыс Әбілқайырға қанжар тістерін сала алмады, кенет гүрс етіп жерге құлады. Көзін ашып алған ханның көргені, бағанағы көкжал қасқырдың өкпесіне өзі қадаған жақ оғындай алып жолбарыстың дәл жүрек тұсынан кірген садақ жебесі болды. Жолбарыстың құр дір-дір етіп қозғала алмай жатқанына қарағанда жебе ар жағынан бір-ақ шыққан тәрізді. Бұны садақ оғының бер жағында шошайған екі қарыстай сабы көрсетіп тұр. Алып жолбарысты жалғыз оқпен жайрату үшін алып күш керек. Бұл кімнің қолынан келеді?

Әбілқайыр енді садақ атылған жаққа қарады. Жақында «осы Сейхун бойында Саян батыр бастаған бір топ аламан жігіттер пайда бопты, істейтіндері бекзадалардың малын талау, әсіресе, Көк Ордаға өшігулі деп естіген. Әбілқайыр жиде қойнауынан шыққан көк сауытты, мұздай боп қару-жарақ асынған жүзге тарта кілең жас жігіттерді көрді. Алдарында үш күреңнің біреуіне мінген батыр Саян, жанында екінші күреңге мінген өзінің туған қызы Гүлбаһрам-Патшайым... Хан жолбарыс көргеннен бетер, не істерін білмей сасып қалды. Саянның қолындағы садақтың жебесіз екенін көріп, өзін құтқарған қас батыр осы екенін білді. Енді біржолата абыржыды. «Ханды ажалдан алып қалған жас батырға алғыс айтып басын ию керек пе, әлде өзі өлім жазасына бұйырған, рұқсатсыз қызын қатын қылған қас жауына жалаңаш қылышын жарқылдата қарсы шабуы керек пе?»

Хан осылай шешім таба алмай абыржып тұрғанында, қызы Гүлбаһрам садағын алып, қорамсақтан қозы жаурын жебені әкесіне қарай кезей бастады. Әбілқайырдың жүрегі дір ете қалды. Өзіне шапқалы жатқан жолбарысқа ең болмаса бетін қорғай жалаңаш алдаспанын қарсы көтеруге жараса, бұ жолы өйтуге де күші жетпеді. Бүкіл денесіне қорғасын құйғандай қозғала алмады. Жанының тәттілігі де, дүниенің қымбаттылығы да, аңға сауыт киіп шықпағаны да — бәрі осы көзді ашып-жұмғандай мезетте, жүрегін удай ашытып өкіндіре санасында жарқ етті де, кенет сөне қалды. Шыңғыс тұқымының мейірімсіз келетіні өзіне мәлім, көзін жұма берді. Бірақ жүрегіне көк құрыш сүйір ұшты жебе қадалмады. Аздан кейін жанынан өтіп бара жатқан ат дүбірі мен Гүлбаһрамның даусын естіді.

— Бекер қолымды ұстап қалдың, — деді қызы әкесінің тұсынан өтіп бара жатып. — Егер, біз қолына түссек, бірден басымызды алар еді.

Оған қоңырқай дауыс жауап берді.

— Өз әкесін өзі өлтірген әйелмен, қанша жақсы көрсем де, бір төсекте жата алмас едім.

— Онда өзің өлтіруің керек еді.

— әкесін өлтірген адамды қандай әйел шын көңілімен ерім дейді?

— әрине ғой, — қызы күрсінді, — садағымды тартуға менің де дәтім бармас еді... Тек ыза... — сөздің ар жағы естілмеді.

Әбілқайыр аздан кейін көзін ашып жан-жағына қарады. Бірақ ешкімді көрмеді. Аламандар оң жақтағы қалың қарағаш арасына кіріп кетіпті. Кенет Әбілқайырға хабар берген керней үні шықты. Жорық дабылына үйренген Тарланкөк арқырай кісінеп қоя берді. Көп кешікпей серіктері де жетті. Өліп жатқан жолбарыс пен жолай жайрап қалған қасқырларды көрген Бахтияр-баһадур мен нөкерлері хан ерлігін мадақтай жөнелді. Бірақ оған Әбілқайыр ләм-мим деп тіл қатпады, қабағы түксіп сазарды да қалды. Ол қазір алай-түлей өкініште еді. «Отыз жыл хан болсам да, осы мезгілге дейін өзіме керек адамды таңдай білмеймін. Өлгі жігітпен ғой тіл тапсам әскеріме қандай қолбасшы болар еді. Сондай адамдармен ғана әлемді бағындыра аласың! Қап! Қап!

Хан батырлығының куәсі етіп нөкерлері жолбарыс пен арлан қасқырлардың терісін сойып алып, алдарына бөктеріп, кейін қайтты. Әбілқайырда әлі үн жоқ, сол қабағын қарс жапқан қалпында. Тек нөкерлері ханның жеңісті екенін күні бұрын бар әлемге дабырлата білдіріп, сырнай-кернейлерін барылдата тартып келеді. Шатырларына таяғандарында ғана Әбілқайыр қасындағы Бахтияр-баһадурға:

— Егер мен жоқ жерде батыр Саян мен менің қызым Гүлбаһрам-Патшайым қолдарыңа түсе қалса, — деді өзгелерге естіртпей, — менің қызымның басын алыңдар. Ал батыр Саянды сый-құрмет көрсетіп босатып жіберіңдер.

— Құп, тақсыр!

Бахтияр, баһадур осы бір болмашы сөзден ханның неге үндемей келе жатқанын ұқты. Жолбарысты батыр Саян өлтірді-ау деп жорамалдады. «Бәсе, жолбарыс жүрегінен суырылған жебе хан жебесіне ұқсамайтын еді-ау». Батыр жігіттің тек жолбарысты ғана өлтірмей, ханды да ажалдан алып қалғанына шек келтірмеді. «әйтпесе кекшіл Әбілқайыр оны қолға түссе босатып жібер демесе керек еді». Осының бәрін сезсе де Бахтияр-баһадур тіс жарып ештеңе демеді. Ханның көңілін көтерейін дегендей ол, құйрығы мен бас терісі жерге сүйретіліп бір нөкердің ерінің алдына бөктеріліп келе жатқан жолбарыс терісін көрсетіп:

— Қандай үлкен жолбарыс, — деді сәл езу тартып күлімсіреп, — егер қарсы шапқан кезінде қолыңыз дірілдеп кетіп садақты тарта алмай қалсаңыз ғой, жарып тастауы кәміл еді. Бір ажалдан батырлығыңыз құтқарды. Бұл ажалдан аман қалғаныңызға зор қуаныштымын. Сіз көрінбей кеткеннен-ақ «Ақсарбас!» садақаны айтумен болдым.

Қарсы шапқан жолбарысқа оқ кеудесінен, не басынан, әйтеуір қарсы жағынан тиер еді, ал өлген жолбарыстың жебе өкпе тұсынан қадалған-ды. «Қарсы шапқан жолбарыстың» деген сөзінен Бахтияр-баһадурдың жолбарысты мұның өзі өлтірмегенін сезіп қалғанын хан бірден ұқты. Бірақ мыңдаған жауынгерлердің жеңісін өз жеңісі санап әдеттенген хан, «жолбарысты батыр Саян өлтірді» деуге аузы бармады. Әйтсе де баһадурдың сөзін түсінгендігін білдіре, ол қай-тадан:

— Егер батыр Саян қолға түссе босатып жіберіңдер, — деді.

— Құп тақсыр. Ал екінші мәртебе қолға түссе ше?

— Онда басын алыңдар.

Бахтияр-баһадур езу тартты да қойды. Батыр Саянның ханды жолбарыстан құтқарғанына енді ол тіпті күмәнданбады. «Ажалдан аман алып қалғаны үшін, хан да оны бір рет өлімнен құтқаруын борыш санайды. Ал екінші рет қолға түссе. Істеген жақсылығы үшін қастық. Жақсылық та, жамандық та саудаға түскен, шіркін, қу заман!» Дегенмен, аламан жігіттерден сескенген Әбілқайыр бұдан былай қарай бұл маңға аңға шықпады. Бір апта өткеннен кейін, мыңдаған салмен сау-саламат Сейхун дариясының оңтүстік жағасына жүзіп шықты. Су киімдерін кептіріп тынығып жатқандарында, үш күн бұрын осы арадан Жәнібек пен Керейге қосыламыз деп Андижан маңайындағы қазақ руларының өтіп кеткенін естіді. Хан қашқан елдің соңынан түре қуып, қырып тастауға әскеріне атқа қонуға бұйрық берді. Әскері әбігерленіп, дайындалып жатқанда Самарқантты алған Мұқамет-Жөкінің сыйлыққа жіберген көші жетті. (өттең не керек, әбусейіт Қорасаннан қайтқан соң, бөтен әмірлердің күшімен өз тағын қайтадан Жөкіден тартып алды). Жүз қызыл нарға Самарқанттың бар қазынасын арттырып жібергендей Мұқамет-Жөкі. Ал бұл керуенде жүз нарға тиелген алтын ыдыс, парша, манат, шағи, дүрия, қамқа. Самарқант кілемдерінен де қымбат Әбілқайырға арналған ерекше қазына бар болып шықты. Ол әбусейіттің үлкен бәйбішесінен туған Ғибадат-Сұлтан-Бегім еді. Қос анары жаңа пісіп келе жатқан алмадай қап-қатты, үлкен қарақат көздері қолға түскен құралайдың көзіндей жаудыраған, жаңа қыз болып қалыптасып келе жатқан сұңғақ бойлы жас сұлудың мысы жеңді. Әбілқайыр қашқан елдің көшін шабуды ертеңге қалдырды. Сол күні түнде күміс бағаналы көк жібек шатырдың ішінде әлі тұғырынан тая қоймаған кәрі көкжал он үш жасар уылжыған ақ тотының аппақ төсінен шөлі қана тояттанды. Кешеден бері Ғибадат-Сұлтан-Бегімді көргеннен бүкіл денесін билеп кеткен қызуын баса алмаған Әбілқайыр, енді көңілі бір саябырлап қалың қолына көтерілуге бұйырды. Бірақ жіберілген ертөлелерден қашқан көш түнде Сейхун дариядан кейін, Қараталға қарай өтіп кеткенін естіді. Кешегі салдарды суға ағызып жіберген хан, қайтадан бір жеті сал тоқытып, кейін шегінгенше қыруар ел мекендеріне жетіп, бекініп алатынын түсінді. «Үргенішке туымды тігіп, әбден күшейіп алып Моғолстанды шапсам, әр жерге бір көшіп жүрген қазақтың қаңғыған рулары қайда кетер дейсің!» деп ойлап Әбілқайыр бетін қайтадан Жейхун дариясының жағасына бұрды. Бір түннің қызығына хан Ордасының болашағын айырбастаған қатесін ол бұ жолы аңғармады. Тек жиырма жыл өткеннен кейін бұл қатенің ауыртпалығын балалары көтерді. Өйткені осы қалың көшті Көкше теңізге құятын Қаратал өзеніне бастап бара жатқан — қазақ елінің болашақ ұлы ханы, Жәнібектің баласы Қасым сұлтан еді. Әбілқайырға бір түнде түсетін жеңіс, артынан барып оның балаларына отыз жылдық күйреуге айналды.

Хан қалың қолымен құмайтты, сорлы сұрғылт даланы басып үш күннен кейін, Жейхун дарияның сол жақ жағасына жетті. Енді осы дарияның бойымен жоғары қарай жүріп отырып, Үргеніштің тұсынан шықты. Бұрын, отызға толмай тұрған шағында ол қан-жоса қырғыннан кейін екі аптаның ішінде Үргенішті алған-ды. Шаһарға көк Орданың көкшіл жібек туын тіккен. Орда-Базардан хан Ордасын мүлдем көшіруді ол кезде ойлаған жоқ еді. Сол күннен бастап Әбілқайыр тағы шығыс патшаларының ең күштілерінің біріне айналды. Үргеніштің жазық даласында алтын айлы, көк күмбезді мешіт салдырды. Стамбул, Пекин, Рум, Мәскеуден шеберлер алдырып, ақ тастардан, күйдірген қызыл кірпіштерден хан сарайларын тұрғызған. Әйтсе де жат жерді ұзақ қоныс ете алмаған. Ал қазір Үргенішті қапелімде қолға түсіріп, мүлдем басып қалуға күші жетпеді. Енді, амал жоқ, атының басын кейін бұруға тура келді. Бұ жолы Әбілқайырдың көздеген ескі қонысы — Сығанақ болды...

Әбілқайырдың сырты бүтін, іші түтін еді. Бет келбеті де қара күреңденіп кеткен. Жәнібек пен Керейдің және оларға ерген рулардың ішіне қан қатқанына, ашу, араздықтың оңайшылықпен тарқай қоймайтынына анық көзі жеткенімен, олар өзінен бүйтіп ат құйрығын кесісіп, мүлде бөлініп кетер деп ойламаған. Бөлінген күнде де адымы кең болмас, қайта

оралар деген. Бүйтіп атадан балаға мирас қалар жаулыққа шыдамас, өйтуге батылдары бармас деп көңілін жұбатқан. Енді міне... Олар біржолата оралмай келмеске кеткен екен...

Жорық кезінде аздап басылған ыза, Сығанаққа келгеннен кейін қайта өршіді. Туын тігісімен Әбілқайыр шыдай алмады.

— Бас әскербасы қайда? — деді Әбілқайыр үй тола отырған батыр, сұлтандарға сүзіле қарап.

Қол қусырып сырттан кірген жасауыл сол еңкейген бетте шегіншектеп шығып кетті. Сыртта бір құлтекінің аузынан екінші құлтекінің аузына көшкен «әскербасы Бахтияр сұлтанды алдияр тақсыр шақырып жатыр» деген дауыс бірте-бірте әлсіреп, әлдеқайда көше қуалай ұзап барып мүлде өшті.

Көп ұзамай-ақ хан сарайына қыран қабақ, нар денелі, апай төс, орта жастан асқан бас әскербасы Бахтияр сұлтан келіп кірді. Жақсылық хабармен шақырылмағанын біліп еді, бірақ әміршісінің қанын ішіне тарта, сұрланып алған түрін көргенде көп сұмдықты басынан кешкен жүрегі зырқ ете түсті. Дегенмен сыр бермеді, ханның оң жағынан кеп орын алды.

— Бахтияр баһадур! — деді Әбілқайыр. — Күн нұрынан жаратылған қасиетті бабам сайыпқыран Шыңғысханды ауызға алмай-ақ қояйын. Бүкіл Дәшті Қыпшақты билеген Жошының тұсында елдің бір бөлігі ханнан безіп, түп көтеріле көшу деген болушы ма еді.

— Жоқ, алдияр, — деді әскербасы.

— Ал, сол Жошының атының тұяғы тиген жерге мен де тегіс билік жүргіздім. Жошы әкесі Шыңғыстың арқасында жетіп еді ғой ол билікке. Дәшті Қыпшақты дүрілдетіп қайтадан ел қатарына қосқанда мен тек күшіме, өз ақылыма ғана сүйенгем...

— Иә, алдияр, қияға тек қыран бүркіт қана жете алады, — деді әккі әскербасы, мұндай сәтте хан иесінің мақтан сүйетінін есіне алып.

— Бірақ қыранға да серік керек, — деді Әбілқайыр. — Жошы бабамыз жанына кімді ертерін білген... — Сол себептен де жеңілмей келген... Ал мен... — хан айтайын деген сөзін бүгіп қалды, — соның арқасы болуы керек, қарамағымдағы елімнің тең жартысынан айрылдым...

Әбілқайыр ашуға булығып, демігіп, сөйлей алмай қалды. Бахтияр сұлтанда да үн жоқ, орданың ішінде шыбынның ызыңы естілердей ауыр тыныштық орнады. Ақыры үнсіздікті Әбілқайырдың өзі бұзды.

— Ханның әмірінен бас тартып, Моғолстанға қашқан қарашылардың жазасы қандай болмақ?

— Өлім... — деді Бахтияр даусын қатты шығаруға қорыққандай күбір етіп.

Сол-ақ екен. Ордада тұрған жұрт бірауыздан ду ете түсті.

— Өлім, алдияр.

— Өлімнен басқа кесім болмауға тиіс.

— Өлім.

Айтарын айтып қалғанмен, бәрі де өз сөздерінен өздері қорыққандай жамырай барып қалт тынды.

— Үкімдеріңе разымын, игі жақсылар — деді Әбілқайыр зорлана жымыып. — Оны орындау өздеріңе жүктеледі. Қолда бар әскер түгел ертең таңнан қалмай осы Орданың түбінен табылсын. Жаудың қорғанын қырып, қалғанын құлақ кесті құл етіп өз деңгейіме бас ұрғызбасам, Әбілқайыр атым құрысын!

Қанша ашуланса да, дауыс көтермейтін Әбілқайырдың мұншама ерен сөйлеуінің себебі ызадан екенін жұрт бірден ұқты. Қарсыласып ешкім тіл қатпады.

Бұйрықты беру оңай да, оның орындалуы қиын. Мұны Әбілқайыр жақсы білетін. Әсіресе бұ жолы. Сөйтсе де тәуекел деп ойлаған. Егер қарауында қалған елдің бас көтерер, қару ұстар ер-азаматтары түбімен қопарыла аттанса, әлі орналасып болмаған Керей мен Жәнібек көшін талқан етіп шауып, ел-жұртын шулатып, алдына сап малша айдап қайту оған мүмкін-ақ көрінген.

Бектер мен батырлар, «игі жақсылар» Ордадан шығысымен-ақ әрқайсысы өз қарауындағы руларына шапқан. Елдің елеңдеп отырған уағы, бір күннің ішінде әскер жиып алу әбден мүмкін іс еді. Басқаны былай қойғанда, хан Ордасының төңірегінде отырған, Әбілқайырға әбден берілген, сенімді деген сарбаздың өзі қаншама.

Бас әскербасы Бахтияр хабаршы, шапқыншыларды аттандырып болысымен, осы өз қарауындағы сарбаздарды жорыққа қамдауға кіріспек болды.

— Үргеніштен қайтқалы жамбастарың сарғайып аз жатқан жоқсыңдар, — деді ол Ордаға өңшең «жақсылардың» тегіннен-тегін жиналмағанын аңдап, әлдебір сұмдықты күтіп топ-топ

боп, үдірейісіп тұрған сарбаздарға келген бойда. — Қылыштарың да қынабында жатып қалып, тот басуға айналған шығар. Құдай тілеулеріңді берді. Олжаға да қарық боларсыңдар.

— Уә, пәлі! — деді бір жас сарбаз ыржалақтап. Қынабынан қылышын суыра түсіп, жеткірініп қойды. Әйткенмен, қалған жұрт бұл құсап алақайлап кеткен жоқ. Сөздің артын тосып тұр.

— Бұл жолғы жау — басы шоқты қалмақ та, жылмағай жүзді шүршіт те емес. Алынуы оңай жау. Ел болып басын қоса алмай жатқан әлгі Керей мен Жәнібектің қашқындары. Ал қашқан жауға қатын ер...

— Ой-дой!

әскербасы көп ішінен күңк ете түскен дауысты құлағы шалып қалса да, құр доңайбат жасаумен болды.

— Қашқан жауға қатын ер, — деді ол сөзін қайталап, жан-жағына көз тастап. Көне, батыр болсаң шығып көрші дегендей, әскеріне түксие қарап біраз тұрды. Бірақ бұл жолы тірі жан қыбыр етпеген соң, сөзін қайта жалғастырды. — Ал сендер сайыпқыран ерлер емессіңдер ме?! Тентек Жәнібек пен ақылынан адаса бастаған Керейді ат құйрығына байлап, ал оларға еріп, ханымыздың қасиетті Ордасынан безген жалаңаяқтарды қойдай маңыратып, қозыдай шулатып айдап келу — сендер үшін түк емес.

— Сайыпқырандық қолдан келсе! — Бұл — мана алғаш үн шығарған кісі еді. Жасы отыз бес-қырықтардағы көк көз сары жігіт Орысбай болатын. — Шаруадан босай алсам жақсы ғой...

— Менде сылтауратар ешқандай шаруа жоқ, бірақ... бұл сапарға қинамасаңыз... — Бұл сөзді айтқан бетінде қылыш таңбасы бар, елулер шамасындағы кәрі жауынгер Қоқыш деген еді. Бар өмірін Әбілқайыр есігінде өткізген кедей төлеңгіт...

Сол-ақ екен, күңкіл-сүңкіл көбейіп кетті.

Шаруа жайы қиын ғой, жорықтан қажып қайттық...

— Мал бар, бала-шаға бар...

— Уақыттың өзінің тар боп тұрғанын көрмеймісіз...

— Тоқтат, өңшең шуылдақ! әскербасы ақырып жіберді. — Бұрын соғыс көрмеп пе едіңдер? Жорық көрмеп пе едіңдер? Сонда үйде шаруам қалды, қатыным қалды деп қайсың айтушы едің?! әлде ел шетінде шұбырып көшіп жүрген аз ғана тобырдан қорқамысыңдар? Атаға тартпай туған өңшең су жүрек!

— Тақсыр, — деді Орысбай иығын қомданып, алға шығыңқырап. — әрине, біліп, сезіп отырсыз, шаруа дегеніміз тілге тиек қана. Шынымды айтсам, мен жазықсыздан-жазықсыз өз бауырларыма қарсы қылыш көтеріп, адам алдында бір, құдай алдында екі күнәкар болғым келмейді. Онсыз да төгілген қан аз емес. Дәрежең кем демесең, мен де ата мен анадан туған ұлмын. Ешкімнің де басыбайлы құлы емеспін. Өз еркім өзімде. Бұл жорыққа бара алмаймын.

— Қинамаңыз, мырза.

— Тақсыр-ау, ел бетіне қалай қараймыз...

— Хан мен сұлтандар жанжалдасты деп екі ортада шаруа неге қырылуы керек...

— Өзара жауласудың қанша қажеті бар...

Жұрт дабырласып, дүрлігісіп кетті.

— әй, Қоқыш, әй, Такежан, әй, Күйгенбай, — деді әскербасы қарашы халықтың мына райын аңдаған соң, Әбілқайырдың басыбайлы төлеңгіттерінің атын арнайы атап. — Хан иемнің бауырында өскен күшік емес пе едіңдер, дәмін ақтамай, құдайды ұмытқандарың қалай?!

Топ ішінен біреудің кеңкілдеп күлген даусы естілді. Бірақ төлеңгіттердің көбі не айтарын білмей тосылып қалған еді, көп атынан Қоқыш сөз алды.

— Дәм ақтайтындай, ешкімнің хақысын жеген жан емен, — деді ол әскербасыға тура қарауға қаймыққандай, көзімен жер шұқып. — Бірақ хан бұйырса қай жорыққа болмасын барам. Әйткенмен, тақсыр, сүйреп қосқан тазы түлкі алмайды деуші еді, құр қара көбейтсін демесеңіз, қан төгуге ар-ожданым шыдамас.

— Өңшең ез! Сендер жау түсірмек түгіл, өздерің олжаға кетерсіңдер! — деді күйіп кеткен әскербасы булығы.

Бұдан әрі күш көрсетуге Бахтияр сұлтан бара алмады. Әскер дені көшкен елмен тілектес екенін сезгендіктен не айтарын білмей тұрып қалды.

Кешке қарай әр тараптан хабаршылар да жете бастады. Елегізіп отырған ел хан жарлығын қуанышпен қарсы алмапты. Тіпті, кейбір рулар хан ием біздің Жәнібекке ермей, өз қарауында қалғанымызға неге шүкіршілік айтпайды десіпті. Ал енді бірталайы игілікті іс үшін хан өлімге жұмсаса да барар едік, бірақ бұ жолғысы қиянат, өз бауырларымызбен соғысуға аталарымыздың аруағынан қорқамыз деген көрінеді. Жарлыққа мойын ұсынғандар аз еді. Осының нәтижесінде Әбілқайыр жасағы ханның өз ойлағанынан екі-үш есе кем боп шықты. Бұл жиналған жұрттың өзінің қаншалық сенімді екені күмәнды.

Ақыры хан, үстіне жан адамды кіргізбей, көз шырымын алмай, дәм татпай ақ орданың ішінде бір күн, бір түн бойы ерсілі-қарсылы сенделіп жүрген де қойған. Әбілқайыр бұ жолы, шынтуайтқа келгенде ел тағдырын хан мен сұлтандар емес, халықтың өзі шешетінін ұқты. Қазір Дәшті Қыпшақтың қалың бұқарасы өзінен опа шегіп, қазақтың жеке хандығын құрамыз деген рулар жағына мүлдем шығып кеткеніне шек келтірмеді. Енді ол Жәнібек пен Керейлерді хандық құрмай тұрғанында басып алу үшін жорыққа аттану жайлы ойынан бас тартты. Өйтпеске шарасы да жоқ-ты. Жаралы арыстан сияқты ызалы хан іші қазандай қайнағанмен күресуге дәрмені жоқ, істің ақырын күтіп, аңысын аңдуға көшті.

Ұлы Шыңғысханның екінші баласы Жағатайдың бесінші буыны Мұхамед ханның шөбересі, атақты Уайс ханнан туған, Моғолстанның қазіргі ханы Исан-Бұғы бүгін өте қапалы еді.

Жайшылықта бір қарағаннан көңілін көтеріп жіберетін Алмалықтың жасыл төккен бау-бақшасы да, Алатаудың бұлт қонған қаһарлы биіктері де, көшеде қыз күлкісіндей үнемі сыңғырлап ағып жатқан арықтардың күміс сылдыры да, бүгін жүдеу жанын жұбата алмаған.

Ол кездегі мол сулы Алтын Емел өзенінен Жалайыр жігіттері жаз бойы құм жуып, ханға тарту етіп алып келген жарты қапшық ұсақ алтын да, тіпті бұның көңілін ашпаған. Жігіттердің ықыласын аяқсыз тастағысы келмей, бесеуіне бірдей сол Алтын Емел бойынан әрқайсысына бір тепе ¹ басыбайлы жер берілсін деп бұйрық алған да өз қолымен иықтарына зерлі шапан жауып, қайтадан төргі бөлмесіне кіріп кеткен. Әрқайсысы бір тепе алтын жуатын жерге ие болып, кенет байып қалған жігіттердің қуанышты кетіп бара жатқанын терезеден көріп, сәл езу тартып, күлген. Бірақ кенет қайтадан қабағы түйіле қалған. Кешегі естіген хабары қайтадан қойнына біреу суық жылан салып жібергендей бойын тітіркенте түскен.

Хан кеңесі жиылғанша жанын қоярға жер таппаған. Сосын екі жүз елу жыл бұрын Жағатай бабасы мекен еткен, бір кезде Үйсін, Жалайыр, Ұйғыр диқандары салған, бірақ қазір құлап біткен көне Алмалықтың ескі жұртына барған. Бұл ескі жұрт Исан-Бұғыға қымбат дүние еді. Осы ескі жұртта ол алғашқы рет махаббаттың не екенін білді, осы ескі жұртта ол әкесі Уайс ханның қалай қан төккенін көрді.

әкесі Уайс сұлтанның алғашқы жігіт кезінде бұлардың ұлысы Жейхун дариясының оң жағында болатын. Дарияның сол жағында ат шаптырымдай жерде Ақсақ Темір уақытында салынған Қаңғыт руының дихасы — Маңғыт, одан әрі бір күндік жерде Үргеніш шаһары жатқан. Ал Жейхунның оң жағы — сұрғыл төбелі, тек жусан мен баялыш қана өсетін, түйіршік тасты ұшы-қиыры жоқ дала, Қарақалпақ тұсы — Сұлтан Уайстың ұлысы еді. Көк Орда мен осы Жағатай ұрпағының меншікті жерін екіге бөліп, екпіні Сейхуннан екі есе күшті, сұрғылт толқынын үйірілте бұлқынған, адамның бір қарағаннан қарадай зәресі ұшатын, мол сулы Жейхун ағатын. Осы Жейхун дарияның күнбатыс жағасында биіктігі қырық, қалыңдығы он құлаштай сұрғылт топырақты шымнан құйған бекініс бар. Бекіністің ішінде сұрғылт кірпіштен қалаған бірнеше кең сарайлар салынған. Міне, осы бекініс, соңынан Сұлтан-Уайс-Даг деп аталған жер, Уайс сұлтанның атамекен қонысы болатын.

Исан-Бұғының балалық шағы осы жерде өтті. Әкесі ұзақ жыл Моғолстан әскерін басқарып, басынан сан жорықты өткізіп ақырында өзінің қастарын жеңіп, ақ кигізге көтеріліп хан болған. Содан кейін барып Исан-Бұғы Моғолстанның астанасы, бау-бақшалы Алмалық шаһарын көрді. Жейхунның жағасындағы жан-жағын биік бекініспен қоршаған, айдалада жападан-жалғыз тұрған сұлтан Ордасында өскен жас балаға, бұл шаһар бір керемет салтанатты боп елестеді. Қаланың жасыл бағында сыңсыған алма, өрік, жүзім, алмұрт... Көшесіне шықса, диқан аспаптарын, жауынгер қару-жарағын, қыз-келіншектер алқа-жүзік, білезіктерін соғып жатқан шеберлердің көк құрыш төсті құлаштай кеп ұрған балғаларының шаңқылынан құлақ тұнады. Алғашқы рет ол осы қалада намаз оқуға көк күмбезді мешітке кірді. Осы қалада ол алғашқы рет кәпірлер шоқынатын насрани дініндегі келімсектер салған шіркеуді көрді. Сол бір ғажайып балалық шағындағы көріністер әлі күнге дейін көз алдынан кетпейтін. Әкесі Уайс хан өте діншіл еді. Бір күні ол таңғы намазын оқып болды да әлі шырт ұйқыда жатқан ер жете бастаған балалары — Жұныс пен Исан-Бұғыны оятты. Өзімен бірге ертіп жүрді. Соңдарында нөкерлері. Көп кешікпей бұлар көне Алмалыққа келді. Тісі түсіп опырайған кәрі адамның аузы тәрізді, келісімсіз кілең құлап жатқан шым үйлер, зәулім үлкен кірпіш қоралар... Осы жан шошырлық күйреген қаланың ортасында тек басында сары жезден крес орнатқан жасыл күмбезді мәнерлеп салған ағаш үй көрінеді. Үйдің жанында бау-бақша. Бақша толы кілең ишан, қожа, ақ сәлделі, көк сәлделі молда, мәзін, кәри, мүриттер. Хан келісімен ортада тұрған мінбеге ақ сәлделі молда шықты. Таңертеңгі

¹ Көне жер өлшеу мөлшері — бір тепеде екі шаршы шақырымдай.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

салқыннан әбден мұздап қалған екі бала енді әлгі мінбенің жанындағы дарды көрді. Дар қасында екі қолы артына байланған, шашы өсіп кеткен, ақ сақалы бүкіл кеудесін жапқан, үстінде тізесіне түсетін ақ кенеп көйлегі бар келісті біреу тұр. Сырт пішіні, түр келбеті мұсылманға ұқсамайды. Ат жақты, көк көзді, ақ сары адам.

Мінбеге шыққан әлгі молда екі қолын жоғары көтеріп, Уайс ханға қарап:

— Ісләм дінінің қорғаны, ұлы мәртебелі Уайс хан сіздің мүбәрәк қолыңыз қойылып, алтын мөріңіз басылған әділетті жарлығыңызды орындауға рұқсат етіңіз! — деген.

Хан басын изеген:

— Рұқсат!..

Қызыл шырайлы молда енді қолы байлаулы кісіге қараған:

— Мұхаммед пайғамбардың үмбеті, ұлы Моғолстанның ұл-қызын өз дініне өткізіп, дозаққа түсірмек әрекетімен шіркеу ұстап, күнәкар болғаның үшін Сүлеймен пайғамбардай әділетті, Ғазірет Ғалидай айбарлы, ұлы мәртебелі Уайс хан, аллатағаланың көпір пендесі Дәниел, сені дарға асып өлтіру жазасына бұйырды. Ажал алдында қандай өтінішің бар?

Ұзын сақалды, дудар шашты адам басын шайқаған.

— Діні басқа пұсырмандардан еш өтінішім жоқ. Дінім үшін құрбан болуға бармын! Тезірек дарларыңа тарта беріңдер!

Молда ханға қараған. Хан басын тағы изеген. Қолы байлаулы адамның жанындағы екі жендетке молда:

— Аллатағаланың жазмышы осылай. Құдайдың шоқынды құлы Дәниелді дарға асыңдар! — деген.

Екі жендет қолы байлаулы адамның мойнына қыл арқанды ілмешектеп түйіп, екінші ұшын өздеріне қарай тарта бастаған. Сақалды адам серейе, жоғары көтеріле берген. Тек дары белағашының тұсына таяғанда ғана бір рет жұлқына түсіп, екі қолын салбырата, басын бір жағына қисайтып тына қалған. Екі жендет арқанның қолдағы басын жердегі қазыққа апарып байлаған.

әлгі молда қайтадан Уайс ханға қараған:

— Ұлы мәртебелі тақсыр хан ғибаратты жерімізде тоқсан жыл бойы әзәзілдің ошағы боп келген мына шіркеудің күл-талқанын шығаруға рұқсат етіңіз! — деді.

Хан тағы да басын изеп, «рұқсат» деген ишарат көрсеткен.

Білектерін сыбанған қожа, молда, мәзін, кәри, мүриттер «тфа, тфа, пәлекет!» деп қыл арқанды шіркеудің биік басындағы кресіне байлап, бәрі жабыла тартып жерге жұлып түсірген. Содан кейін үлкендігі тай қазандай мыс қоңырауын жерге құлатқан. Екі бие сауымдай уақытқа жеткізбей, бір шеге шашпай, Алатаудың аршасынан қиыстырып, жонып салған шағын, салтанатты шіркеуді күл-талқан еткен. Сүниет дінін берік ұстаған, Арабстаннан, Ираннан келген қожа, муфти, ишандардың кеу-кеуімен, кілең қызба әфенді, мүрит, шейхтер шіркеуді біржолата жермен-жексен етіп жоқ қылған.

Исан-Бұғыға бұның бәрі ойыншық боп көрінген. Тек бертін келе, өзі хан тағының ісіне араласа бастағанда ғана Византия епископы Джавани Мариньолли, Флоренциядан Жетісу мен Гоби құмы арқылы Ханбалыққа¹ бара жатып, бұл шіркеуді Алмалықта 1340 жылы салдырғанын білген. Уайс ханнан бұрынғы Алмалықтың хандары мен хакімдері, бұзыла бастаған шаһардағы ешкімге керегі жоқ шіркеудің бар-жоғына көңіл бөлмеген. Рим папасының мұсылман жеріне жіберген тыңшы-діни адамдары шіркеудің мұндай жағдайын астыртын пайдаланып жүрген. Талай мұсылмандарды насрани дініне кіргізіп алған. Тек өте діншіл Уайс хан ғана Жағатай тағына отырғаннан кейін, бұл шіркеуді мұсылман дініндегі адамдарды ақ жолынан адастырмасын деп біржолата құртуға жарлық берген.

Исан-Бұғы бұл күнгі көрген көрінісінен жас жанын деміктіріп күйзелмеген. Қарт адам Дәниелдің ажалы да, жасыл күмбезді әдемі шіркеудің қирауы да көңілінде бәлендей із тастамаған. Бірақ бұл жалғанда ұмытпас әсерді оған басқа жағдай қалдырған. Ер жетіп келе жатқан хан балалары, қираған шіркеу тұрған жердегі тамаша бау-бақшаға келіп, сан түрлі ойынға берілетін. Бір күні осындай жағдайда Исан-Бұғы жасыл емен түбіне сүйегі жерленген Дәниелдің төмпешік зиратының басында булығы жылап отырған қыз баланы көрді. Үстіне қара киген, қолында бір шоқ гүлі бар, шамасы он екі-он үш жасар. «Бұл не қылған қыз? Қайдан келді?» Исан-Бұғы таяй түсті. Дәл осы кезде қыз бала да орнынан түрегелді. Исан-Бұғы беліндегі қанжарын шап беріп, ұстай алды.

¹ Ханбалық — осы күнгі Пекин.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

«Жоқ, бұл адам емес, перінің қызы! Мұндай адам баласы жаратылуы мүмкін емес!» Расында да қыз хан баласының жайшылықта көріп жүрген қыздарына тіпті ұқсамайтын еді. Үлкен көгілдір көзі тұнып жатқан Көкше теңіз суындай көкпенбек, ақсары жүзді, қыр мұрын, сұңғақ бойлы. Исан-Бұғыны таң қалдырған әсіресе шашы болды. Ол мұндай шашты жаратылғалы көрген емес. Жерге шұбатылып жатқан қос бұрымы, нағыз бір төбесінен етегіне дейін толқыңдала төгілген қызыл алтын тәрізді... Жоқ, Исан-Бұғы мұндай қызғылт шашты еш уақытта да көрген жоқ. Мұндай шаш адамзатқа бітуі мүмкін емес. Мұндай шаш тек су перілерінде болады деп еститін. «Өзі де су перісіндей сұлу екен. Сірә, мені, сиқырлап алуға су астынан шыққан ғой». Пісмилла! Пісмилла! Мен бұнымен тіл қатысуға тиісті емеспін. Егер тілдесем біткенім... Жоқ, жоқ егер маған таяйтын болса, қанжарымды жіберуім керек... Бұл су перісінің қызын өзіме жуытпауым керек... Астапыралла, астапыралла!..»

Бірақ қыздың өзі де таямады. Ол Исан-Бұғының бетіне азапты пішінмен жасқана қарады. Көзі күздің бұлыңғыр күніндей тұманды жасқа толы.

— Ғапу етіңіз, хан оғлы, жолыңыздан кездесіп қалғаныма! — деді ол басын иіп, — бұл ара сіздің ойнайтын жеріңіз емес еді...

«Бәсе айттым ғой, бұл перінің қызы деп, әйтпесе менің хан баласы екенімді қайдан біледі? Пісмилла! Пісмилла!..» әйтсе де қызға жауап бермеу мүмкін емес еді. Егер адам айдалада келе жатып, жол үстінде жайнап жатқан ғауһар тасты көрсе бір бұрылмай кете алар ма, қыз да осы ғажайып ғауһар тастың дәл өзі болатын. Исан-Бұғы оған тіл қатпай қала алмады.

— Таяма! — деді ол даусы дірілдеп. — Өзің кімсің? Адамсың ба? Жынсың ба?

Қыз Исан-Бұғының шошып қалғанын енді сезді. Ол мұңая езу тартты.

— Қорықпа, адаммын, — деді ол. Сөйдеді де ананың қанжарынан қолын алмай тұрғанын аңғарып, тағы да мұңая езу тартты. — әкең әкемді өлтіріп еді, енді сен мені өлтірмексің бе? Жазығым не? — Қыз ақырын күрсінді. — Бұл күні жазыққа қарайтын заман ба? Мейлі өлтіргің келсе, өлтіре бер...

«Бәсе, былтырғы дарға асылған кәпір де осы қыз секілді көк көз, ақсары еді ғой. Көп болса қызы шығар... Бірақ әлі сенбей тұрған Исан-Бұғы:

— Расымен адамсың ба? — деді әлі де қанжарынан қолын алмай. — Онда «оллаги, биллаги, Мұхаммедтің үмбетімін, жалған айтсам құдайтағала кәрі соқсын» деші.

Қыз сәл жымиды.

— Рас айтам, адам баласымын. Егер өтірік айтсам құдайтағала кәрі соқсын. Ал Мұхаммед пайғамбардың үмбетімін дей алмаймын, мен насрани дінінің үмбетімін.

— Ол не? Кәпірсің бе?

— Сендерше кәпір... Біздерше ең әділетті діннің құлымыз...

«Жын-пері болмағаныңа мың да бір шүкір. Ал кәпірлігіңді тастап, мұсылман дініне ауысуың тақа қиын болмас... Оны соңынан көрерміз...»

Исан-Бұғы қыз сөзіне сенді. Сенбеске амалы жоқ еді. Өйткені қыздың кәпірлік күнәсын сұлулығы жеңіп кеткен. Оның жын-пері еместігін біліп қуанған бала жігіт дәл қазір өзін осы кәпір қызы үшін дозақ отына күйге дайын тәрізді сезінді. Исан-Бұғы тек бар болғаны пісмилла, пісмилла деп қызға таяй берді...

Қыз шынында да былтырғы дарға асылған шалдың қызы болып шықты. Әкесі өлген кезде Мұхаммед пайғамбардың дінін тастап, Иса пайғамбардың дініне көшкен бір ұйғыр диқаны бұны үйіне жасырып тірі алып қалыпты. Қазір сол ұйғыр үйінде тұрады екен. Флоренцияға баратын керуенді күтіп жүрген көрінеді. Әкесінің зиратына гүл қоюға келгенінде Исан-Бұғыға кездесіп қалыпты.

Екі жас бірін-бірі, шу деп кездескенінен ұнатты. Балалық мөлдір сезім бірте-бірте лаулаған жалындай, жүректерін балқытқан алғашқы махаббатқа айналды. Бірін-бірі көре алмаса тұра алмайтындай күйге жетті. Бірақ кішкентайынан күндес өскен туған ағасы Жұныс, інісінің ойынды тастап, тез өзгерген мінезінен сезіктеніп, аңдып жүріп бұлардың құпиясын ашты. Ашып та қоймады, әкесіне барып: «Балаң кәпірдің қызын алайын деп жүр» деп шағыстырды. Өзі өлсе тағына Қыпшақ әйелінен туған үлкен баласы Жұныстан гөрі, шешесі Моғол хандарының қызы, Исан-Бұғының отыратынын тілейтін Уайс хан шошып кетті. «Егер Исан-Бұғы кәпірден қатын алар болса, түбі насрани дініне бір бүйірінің

тартпасын кім біледі? Мұсылман дініндегі адамдарға да қиянат етуі мүмкін ғой. Жағатай¹ тағының құруы да осындайдан басталуы ықтимал. Әйел жүрген жерде — қашан да болса қауіп жүреді. Шыңғыс бабамыздың төртінші ұлы Төленің үш баласы бірдей — Қытайды басқарған Құбылай, Иран мен Египетті алған Құлағу, ақырында Қарақұрымдағы үлкен Орданың ханы Мөңке — Арғын руынан әйел алғанынан не шықты? Көп істерді жасырын осы әйелдері басқарды. Құбылай Арғын қызы Жауһар ханымның айтқанын екі етпеді, тіпті Қытай мемлекетінің көп істеріне де Арғындар қатынасты. Құлағу Арғын әйелінің айтқанын орындап, қарамағындағы бүкіл Қара теңіз маңындағы елге бас басқақ етіп Арғұн батырды отырғызды. Ал сол Арғұн басқақ бір кездегі Жағатай ұлысына Жетісу арқылы жүргізілген Батыс пен Шығыстың ұлы жолын өзінше бұрмақ болды. Қара теңіз бен Азов теңізінің жағасындағы қалалардың Күншығысқа баратын сауда керуендерін ол енді Дәшті Қыпшақ жерін қақ жарып, Арал теңіз даласы арқылы өткізуге кірісті. Жолдың бұлай өзгеруі Шығыс пен Батыстың керуен сарайы боп тұрған Алмалыққа қанша зиян келтірді. Ал, Мөңке хан өзі Қарақұрымда отырса да, қытай мен ұйғыр қызына үйленді. Ақылгөйлерінің көбін қытай, ұйғырлардан алды. Осының бәрі ұлы Шыңғысхан ұрпақтарының өз тілін, өз хандығын жоғалтуға аз себеп болған жоқ. Жоқ, жоқ ақымақ балаңның сүйері — өз тілегіндегі қатын болмаса, оның зияны аз тимейді. Сондықтан да Исан-Бұғы жақсы көрген насрани қызы тірі қалуға тиісті емес. Ол өлуі керек».

Хан уәдесінде тұрған. Жазығы жоқ, уылжыған жас сұлуды Орданың екі нөкері Исан-Бұғының көз алдында бауыздаған. Бұл оқиға Исан-Бұғының жүрегіне бітпес жара салған. Ол өзінің сүйген адамының көз алдында қалай ажал тапқанын көргеннен кейін, жас жаны енді аяушылықты мүлдем ұмытып, тірі пендеге рақымсыз, тасбауыр болып алған. Соңынан алғашқы махаббатының өшін талай қас-жауынан қайтарған. Осы өштің ең алғашқы құрбаны әкесі бір, шешесі басқа, өзінің ағасы Жұныс еді. Исан-Бұғы әлгі оқиғадан жеті жыл кейін әкесі Уайстың орнына Моғолстан тағына отырған күні, ағасы Жұнысты ұстауға әмір берді. Ондағы ойы тек «түбі осы менімен хандыққа таласады» деген қауіп қана емес, баяғы кәпір қыздан айыртқан өшін алуы да еді. «Таста тамыр, ханда бауыр жоқ» деген міне, осылай келетін. Бірақ Жұныс қолға түспей қашып кетеді.

Исан-Бұғы өзі хан болғаннан кейін, осы кәпір қыздың өлген жеріне құлпытас орнатқызып, ескерткіш қойдырған. Әлдеқалай қайғырса, не жол таба алмай қиналса, хан үнемі осы араға келетін. Сүйген адамының сол күнгі көз алдында бауыздалған суретін елестетіп, сөйтіп босай бастаған көңілін қайтадан қатуландыратын. Хан жолының мейрімсіз жол екенін есіне түсіріп, толқуын тоқтататын.

Соңғы кезде Моғолстан шекараларының тыныштығы тым бұзыла бастаған-ды. Осыдан бір апта бұрын жеткен хабарға қарағанда, Қашқар, Құлжа қалаларына Қытайдың көп әскері шабуыл жасамақ тәрізді. Үйсін Арқалық батырдың жіберген шапқыншысының жеткізуі бойынша, шабуылға шықпақ Қытай әскері тым көп көрінеді. Егер хан тағынан жәрдем келмесе, Қашқар, Қырғыз сыпайлары ұзақ ұрысқа төтеп бере алмайды депті жиені, Қашқар ханы Сетәлі. Сондай-ақ Қара Ертіс бойындағы Найман, Керейлерден де арғы жақтарындағы ойраттар қазақ жеріне аттанбақ болып жатыр деген хабар жеткен. Ойраттар жеңіл жау емес, оның үстіне қолтығына су бүркіп, оларды құтыртып отырған тағы да сол Қытай богдахандары. Қытай Қытай болғалы, осыдан мың жарым жыл бұрын өткен Қошан патшалығы кезінде де Орта Азияға, қала берді осы күнгі Моғолстан жеріне көз тігумен келген. Бірақ осы күнгі Орта Азия, Ауғанстан, Күншығыс Дәшті Қыпшақ және Иранның шығыс жағын жайлаған Жүзші, Үйсін, Сақ, Қыпшақ, Басмалы, Ұйғыр тәрізді көшпелі елдердің бірігуінен, соңынан Үнді, Ауған, Иран халықтарының бас қосуынан туған ұлы қауым қытайдың ықпалына түспек түгіл, өз ықпалын жүргізген. Будда діні осы жердегі Қошан патшалығынан Қытай, Жапон, Кореяға тараған. Бірақ құмырсқадай қаптап өскен Қытай халқы сол кездің өзінде-ақ өз жеріне сыймай бара жатқан соң, богдахандары көне Қытай қабырғасынан шығып, әлсін-әлсін жан-жақтағы елге ауыз сала берген. Әсіресе, олардың көздегені Көкше теңізге дейін осы күнгі Жетісу болған. Жерін қорғаған Үйсін, Дулат, Жалайыр, Басмалы², Ұйғыр жұрты мен Қытай богдахандары арасында сан түрлі ұрыс, қан төгіс айқастар өткен Қара Ертіс, Құлжа, Қашқар бойларында Қытай әскері талай жеңілген... Демек, бұдан олар сабақ алмаған, қарапайым халқының өлімін шыбын өлімі құрлы көрмейтін Қытай богдахандары кей кезде өз шекарасынан өтіп, Көкше теңізге дейін жеткен.

¹ Жағатайды қазақтар Шағатай деп те атайды.

² Б а с м а л ы — кейде Басым елі деп аталады.

Бірақ айбынды, Сақ, Қыпшақ атты әскерлері оларды өздерінің «Қытай қабырғасына» қайта қуып тыққан. Соған қарамай міне, тағы Моғолстан жеріне шабуыл жасамақ. Әрине Қытай шабуылы үйреншікті ауру. Ол басынан ұрылып, таяқ жеп, әбден әккі болған жылқы тәрізді, қанша көптігін мес тұтып, қоқан-лоқы көрсеткенмен де, Жоңғар қақпасынан бері өтуге батылы бармайды. Жоңғар қақпасына келіп, шүлдірлеп азан-қазан болып жатқандарында, бер жағынан біз де жетеміз... Кілең атты қазақ, сойылға қарсы келе алмайтын өңшең жаяу қытай әскерін қайтадан өз жеріне қуып тығады. Бұл оларға да, бізге де үйреншікті әдет. Сондықтан да бөлен ғасырдан бері Қытай богдахандары біздің жерімізге ең болмаса бір қаласын тұрғыза алмай келе жатқан жоқ па? әрине бұның бәрі күші жетпегендіктен. Әйтпесе қазақты аяйын деп отырған Қытай богдахандары жоқ. Қасқырға бата алмаған бұралқы, үреген, сабалақ майлыаяқтар тәрізді, құр байбаламымен қорқытпақ. «Құлжа, Қашқарға аттанамыз деп күні бұрын дабыл қағып мазаны алмақ...»

«Расымен бұ жолы да олардікі құр байбалам ба? Жоқ, бұ жолы құр қорқыту емес тәрізді... Моғолстанның бір күшсіз, қамсыз кезін дәл басып отыр. Моғолстанның шығыс жағын билейтін Моғол хандары мен солтүстік жағын басқаратын Жағатай ұрпақтарының арасындағы өзара алауыздықтың аса бір қатты шиеленіскен уақытында бас салмақ. Ел басқаратын хандар арасында бірлік жоқ кезде, сырттағы жау әдеттегісінен анағұрлым қауіпті...»

әйтсе де Исан-Бұғының құтын қашырып тұрған бұл жәйт емес. Басқа.

Ақсақ Темір ұрпағы мен Жағатай ұлысының хандары бабалары өлгеннен бері жан аяспас қас. Бұл қастық әсіресе Самарқанд тағына әбусейіт отырғаннан кейін күшейе түскен. Көк Орда ханының жәрдемімен таққа отырғанын әбусейіт тез ұмытқан. Енді ол өзін-өзі бір ұлы сайыпқыран патша санап, жан-жағына алабұртып қарай бастаған. Моғолстан жеріне де көз жіберіп, бір-екі рет Түркістан өлкесінің оңтүстік жағына да бас сұғып көрген, бірақ соғыс ісіне шебер, Уайс пен Исан-Бұғы хан оның дегеніне бола қоймаған. Бұл жағдай Самарқанд өміршісін Жағатай ұрпағына тіпті өшіктіре түскен.

Жағатай, Моғол хандарымен күресетін бөтен жолын таба алмаған әбусейіт, ақырында Уайс хан балаларын бірін-біріне айдап салмақ болған. Ол Иранда жүрген Жұныс сұлтанды шақырған. Кеше осы әбусейіт Ордасынан Исан-Бұғыға жасырын кісі келген. Осы құпия адамның айтуына қарағанда, әбусейіт Жұныс сұлтанға көп қол беріпті-міс. Жұныс сұлтан көп кешікпей Яссы, Сауран, Сығанақ қалаларынан бері қарай Шу, Талас өзендерін қуалай отырып. Алмалыққа аттанбақшы-мыс.

Жайшылықта «ел шетіне жау тигелі жатыр» дейтін хабарлардан айылын да жимайтын Исан-Бұғы бұ жолы шошып қалған. Әйтпеске амалы жоқ. Еліне сырттан келер жаудың қаупі бір бөлек те, өз ішінен шыққан жаудың қаупі басқаша. Сырттан келер жауға жұртыңды қарсы қоюға, ұран сап халқыңды біріктіруге болады. Ал өз ішіңнен шыққан жау, ол халқыңның жауы емес, тағыңның жауы. Мұндайда «отаным, елім!» деп ұран салу да қиын. Жұныс сұлтанның әбусейіт әскерімен Исан-Бұғыға қарсы шығуы, әкесінің тағы үшін күресуі Жағатай ұрпақтарын екіге бөлу еді. Ал жалғанда үйіңнен өрт шыққаннан асар жамандық жоқ. Өрт шығатыны тағы белгілі.

Исан-Бұғының мазасын алған осы ойлар еді. Ол бүгін құмсағаттың үшінші аударылуына хан кеңесін шақырған. Сол хан кеңесі жиналғанша жанын қоярға жер таппады. Нөкерлерін ертіп көне Алмалыққа барды. Алтын Емелден әкелінген құм алтынды уыстап біраз отырды. Бірақ көңіл тұманы бірде-бір селт етпеген. Тұнған желімдей жан сезіміне жабысып алып тұрған да қойған. Жайшылықта алтын көрсе рақаттанып қалатын көңілі бұ жолы Исан-Бұғыны шошыта берген. Бұдан өз басына төнген қатердің қаншалық қауіпті екенін түсінген.

Бату ұрпақтары Алтын Орда тағынан айырылғаннан бері қазақ рулары Жағатай хандарына достық ілтифат көрсетіп баққан. Бұл екі жағдайдан туған. Бірі Жағатай, Моғол хандарына қазақтың Үйсін, Жалайыр, Найман, Керей, Қаңлы секілді басты руларымен тізе қосып үнемі Қытай, Ойрат секілді көршілерін тонауды мақсат еткен сырт жаумен көбірек алысуға тура келген. Бұл қазақ пен Жағатай, Моғол хандарының бір ойдан шығуына себеп болған. Екіншісі — Жағатай, Моғол хандары да қазақ рулары тәрізді көбінесе көшпелі өмір сүрген. Мал қамы кейде жер қамына айналып, амалсыз бірлесулеріне мәжбүр еткен.

Ал Ақсақ Темір мен Көк Орда хандарының басқа жұртқа үстемдіктерін жүргізу әрекеттері, өздеріне қорқыныш тудыратын елдерден емес, өздері қорқыта алатын елдерді жаулап алудан басталған. Осы екі жақтың ортақ құрбаны ең алдымен Дәшті Қыпшақ болған. Ақсақ Темір де өзінің Алтын Ордаға қарсы жорығында, ең алдымен жолай қазақтың алғашқы ханы Алашаның балалары Мәмет пен Сәметтің ұлыстарын

шапқан, өздерін өлтірген. Бертін келе қыз алып, қыз берісіп кеткен Ақсақ Темір ұрпақтары мен Дәшті Қыпшақ ханы Әбілқайырдың саясаты екеуара бірігіп қатар тұрған Моғолстанды шабу болған. Қасыңның досы — о да қасың. Қазақтың көп рулары Моғол, Жағатай ұлыстары жағына шығып кеткендіктен, бұл рулар Әбілқайыр хандығы мен Самарқант әмірлігіне қас саналатын. Реті келсе оларды ел етіп біріктірмей, бағынышты жағдайда ұстау үшін, әлсін-әлсін шабуды саясат еткен.

Осы саясат әсіресе соңғы кезде Әбілқайыр мен оның күйеу баласы — Самарқанттың әмірі әбусейіттің кезінде өрши түскен. Бұл мезгілде Моғолстан мен Дәшті Қыпшақтың ортасындағы бүкіл Түркістан өлкесі Әбілқайырдың қолында тұрған. Моғолстанға жаны қас әбусейіт Әбілқайырдың арқасында осы өлкенің Яссы, Сауран, Сайрам, Сығанақ секілді мединелеріне арқа сүйеуге толық мүмкіншілік алған-ды. Оның үстіне әбусейіт Жағатай Ордасының ішіне суық қолын бөтен жолмен де кіргізуді ойлаған. Жұныс сұлтанның фарсы әйелінен туған қызы Сұлтан-Нигар-Бегімді баласы Омар-Шейх мырзаға алып бермек-тін. Мұнда тағы саясат бар. Исан-Бұғының орнына өзінің туған құдасы Жұныс сұлтанды отырғызу үшін, әрине әбусейіт әскерін аямайды. Жұныстың күшеюі және оның әбусейіт жағында болуы — Самарқант әмірінің айбарының ұлғая түсуіне көп жәрдем. Соңғы кездері әбусейіттің Әбілқайырдан алыстауы Ақсақ Темір ұрпағы мен Жағатай тұқымдарының тізе қоса бастауынан шыққан. Семіздікті тек қой көтереді. Атасы Ақсақ Темірдің ауыр тәжінің салмағын ұрпағы әбусейіт көтере алмай жүр.

Жоқ, олай емес. Әбілқайырға Самарқант әмірлігі құлақ сала берсе, түбі Ақсақ Темір хандығынан дым да қалмайды. Бұны әбусейіт жақсы біледі. Осыдан барып ол жанталасады. Уайс ханның баласы Жұныспен бірігіп Моғолстанды алып, түбі Әбілқайырға қарсы Темурлан хандығын күшейтпек. Ал өзге сұлтандарға не керек? Олар тек «Ұр-рит соқ, соқ!, Ұр-рит соқ, соқ!» Әбілқайыр мен әбусейіт секілді екі азбан қошқар сүзіссе екен дейді. Тек сонда ғана Моғолстанды алып күшеймек түгіл, өз хандықтарын сақтап қалулары да бұлардың екіталай болар еді деп ойлайды мықты біткеннің бәрі-бәрі.

Моғолстан! Бір кезде қандай күшті тайпа еді! Батысындағы Тоқай-Темір ұрпағы Астрахань хандарына, күншығысындағы — Қытай богдахандарына, солтүстігіндегі — Ойрат қонтайшыларына, оңтүстігіндегі — Ақсақ Темір мен Сайбанның қанды балақ әмір, сұлтандарына бой бермей келген. Ал қазір ше? Қазір де жаралы жолбарыстай бір шабатын күші бар. Бірақ сол күші ұзаққа жетер ме? Ай, жетуі екіталай. Оны жаралаған сыртқы жаулары емес, ішкі жаулары. Жете ¹ мен Қарбанас ² хандарының өмір-бақи бітпес өзара таласы. Моғолстанды ішінен жегі құрттай жеп, әлсіретіп келе жатқан осы бірікпестік.

Исан-Бұғы тағы ойға шомды.

Мұндай жағдайда өзінің Моғолстанға хан болуы оңайға түсті ме? Екі көз бірін-бірі шұқымас үшін, алла-тағала ортасына мұрын жаратыпты. Ал бұдан отыз жыл бұрын, бір мың төрт жүз жиырма сегізінші жылы әкелері атақты Уайс хан өліп, артында қалған ағайынды екі жігіт Жұныс пен Исан-Бұғы Моғолстан тағына таласар күн туа жаздағанында кім араша тұрды? Ешкім де тұрған жоқ. Қайта ағалы-інілі сұлтандарды өшіктірумен болды. Әсіресе бұны бұрын Уайс ханға бағынып келген Моғол әмірлері істеді. Осы әмірлердің арқасында Исан-Бұғы Жұныстан Жағатай хандығын тартып алды. Бірақ артынан жастығы ма, мастығы ма, хан болғаннан кейін өзін хан тағына жеткізген осы әмірлерге қиянат істей бастады. Ең алдымен бас наип ³ етіп Тұрфан қаласынан шыққан Темір деген ұйғырды белгіледі. Бұл ұйғыр ханға жаға білді де, өзгелердің қаққанда қанын, соққанда сөлін шығарды. Өзі қарадан туа әсіресе Моғол әмірлеріне жайсыз тиді. Қарадан наип еткен хан ісіне наразы Моғол әмірлері, Темірдің қорлығы әбден асқан кезде, бір күні түнде жиналып кеп оның басын шауып, бүкіл денесін кескілеп өлтірді. Өздері де енді хан қарамағынан шығып жан-жаққа тарап кетті. Дулат руынан шыққан әмір Мір Кәрімберді Моғолстан мен Ферғана, Андижан шекарасына бекініс салып, маңындағы Мауреннахр диқандарын шабуға кірісті. Қоншы руынан шыққан Мір Хақберді бек Ыссықкөл жағасындағы Қой Сойды деген аралға бекініс тұрғызып, жүздеген қарақшы жігіттерімен Түркістан мен Сайрамды тонауға аттанды. Моғолдың Шорас пен Барын руларының әмірлері түбі бір елден шыққандары есіне түсіп, Уайс хан мен әкесі Исан-Тайшы сан айқасқан ойраттардың қонтайшысы Амансанджи жағына ауып кетті. Қалушы, Бұлғашы руларының әмірлері Әбілқайыр қарамағына, Дәшті

¹ Жете, яғни шете — қарақшы деген мағынада. Моғолдарды шағатайлықтар осылай атаған.

² Қарбанас — қырық рудан жаратылған деген мағынада, моғолдықтар шағатайлықты осылай атаған.

³ Ескі шағатай тілі — уәзір деген мағынада.

Илияс Есенберлин. «Алмас Кылыш» (Көшпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кӛр», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Қыпшаққа көшті. Ал, моғолдардың ең негізгі көп руы Қоңшының бек, әмірлері еш жаққа кетпегенмен де Моғолстанның кең даласында бүліншілік ұйымдастырумен болды. Темір наиптың өлімінен шошып қалған Исан-Бұғының өзі де Алмалықтан қашты. Бірақ бұны бір кезде Исан-Бұғының әкесі Уайс ханның күшімен Қашқарды қолына алған Сейтәлі әмір Іле өзенінің жағасындағы Аққұйын деген жерден тауып алып, Ақсу қаласына әкеп хан етті. Осы бүлінуден бастап Моғолстан бір ханға бағынудан қалды. Толып жатқан әмірлер, бектер, хакімдер бір тайпы мемлекетті быт-шыт қып бөліп алды. Тек ел шетіне жау келсе ғана бас қосатын күйге жетті.

Исан-Бұғы Ақсуда әбден орнығып алғаннан кейін, көп қол жинап хаджири есебі бойынша сегіз жүз елу бесінші, жаңа есеппен бір мың төрт жүз елу бірінші жылы Ташкент, Яссы, Сайрам шаһарларын шапты. Аямай тонап, қайтадан Ақсуға қайтты. Алдыңғы жылы екінші рет Исан-Бұғы тағы Мауреннахр жеріне аттанды. Бірақ бұ жолы жауды өз жерінде күтіп алған әбусейіт жеңістік бермеді. Исан-Бұғы әскерін бетпе-бет келіп, ұрыста тойтарып, Талас өзенінің бойындағы Тараз-Жаңғы қаласына дейін қуып салды. Исан-Бұғы дәл осы жолы астанасын қайтадан Алмалыққа көшірді. Ондағысы Қытай мен Жоңғар қаупінен мединасі алыстау болсын дегені еді. Сөйтіп жүргенінде қауіп енді кенет оңтүстік өкпе тұсынан туды. Сырт естуіне қарағанда, Мір Кәрімберді, Мір Хақберді әмірлер Жұныс сұлтанға барып қосылған тәрізді. Бұ да Исан-Бұғының қобалжуын күшейте түсті. Өз жағында табжылмай жиені — Мір Сейтәлі мен Мір Мұхамед-Шейх әмірлер ғана қалды. Қысқасын айтқанда, Исан-Бұғы енді өз үйінде өрт шыққанын анық ұқты. Бұл қиындықтан құтылатын қандай жол бар? Мединасын қайтадан Ақсуға көшіру керек пе? Одан не табады? Алмалыққа жетер Жұныс пен әбусейіт мырза Ақсуға жете алмай ма? әрине жете алады. Бірақ Ақсуда Мір Мұхамед-Шейх пен ар жағындағы Қашқардағы жиені Мір Сейтәлі әмірлер бар емес пе, Исан-Бұғының басына шын қауіп туса, бұлардың үндемей қалмайтыны кімге болса да аян. Содан сескеніп Жұныс атының басын кейін тартар? О да мүмкін. Бірақ бір әкеден туса да, бір анадан тумаған, өзі Жұныспен қан майданда бетпе-бет бір кездеспей, күні бұрын қашқаны қалай болады? Жұныс осы Моғолстаннан кеткелі жиырма жылдың ішінде Исан-Бұғыға қарсы екі рет қол жиып майданға шыққан. Бірақ екеуінде де жеңіліп кейін шегінген. Бұл жолы да сөйтер? әй, оған сену қиын. Бұ жолы күш Жұныс жағында. Жұныс жағында емей немене, оны жақтап Дәшті Қыпшақтың айбынды ханы Әбілқайырдың туған күйеу баласы, Жұнысқа ең жақын бел құда болып Ақсақ Темірдің алтын тағындағы әбусейіт отыр. Жоқ, іштей ірі бастаған Моғолстан оған дәл қазір қарсы тұра алмайды. Сонда не істеу керек? әлде торғауыттың қонтайшысы Амансанджидың өзінен жәрдем сұраса ма екен?

Исан-Бұғы екі қолын артына ұстап гүлі төгілген, түгі екі елі жібек фарсының қырмызы қызыл кілемін көк шалғынды басқандай аяғымен жайпай аттап, ерсілі-қарсылы жүре бастады. Оның қалмақ қонтайшысынан жәрдем сұрасам қайтер еді деген үмітінің де сыры бар еді.

Жағатайдың бесінші буыны, Мұхамедтің шөбересі Уайс сұлтан ер жеткен кезде, Моғолстан тағында әкесі Мірәлі оғыланның інісі Мір Мұхамед отырған-ды.

Мір Мұхамед хан мен Уайс сұлтанның арасы өте нашар болды. Уайс сұлтан өзі секілді кілең от жүрек жігіттерді жинап алып, Моғолстанның шетінде, Қашқарияда біраз уақыт аламандық құрып жүрді де, Түркістанға келген. Бұл кезде Түркістанның хакімі Ақсақ Темірдің атақты серігінің бірі Қыпшақтан шыққан Сар-Бұғы әмірдің баласы, Шайх-Нұридин болатын. Ол Мір Мұхамед ханмен өте араз еді. Шайх-Нұридин әмір Уайс сұлтанды құшағын жайып қарсы алды. Өзінің қызы Дәулет-Сұлтан-Сақынажды қосты. Одан Уайстың тұңғышы Жұныс сұлтан туды. Шайх-Нұридин әмір Уайсқа әскери жәрдем беріп, сан мәртебелі Мір Мұхамед ханға қарсы салды. Бірақ қандай айқас болса да күші мол Мір Мұхамед жеңе берді. Тек осы хан өз ажалынан өлгеннен кейін барып, Уайс бір мың төрт жүз жиырма бесінші жылы ғана Моғолстан тағына отырды. Бірақ оның хандық өмірі өте аз болды. Моғолстан тағын бар болғаны үш-ақ жыл биледі. Қашқар ханы Қарахан ұрпағы Сатуқ-Бограның қолынан майданда қаза тапты. Бірақ осы аз өмірінде Уайс хан көп іс істеді. Ең алдымен ол мұсылман дініндегі елдермен жауласуды тоқтатты. Бар күшін Қытай мен Ойрат қонтайшыларымен күреске жұмсады. Осы кездегі Ойрат қонтайшысы Исан-Тайшымен майданда сан мәртебе кездесті. Қытай богдаханынан үнемі әскери жәрдем алып отырған Исан-Тайшы оған жеңгізбеді. Бір-екі рет тұтқын да етті. Бірақ Шыңғысханның ұрпағы деп босатып жібере берді. Уайс сұлтан ең ақырғы мәртебе Тұрфан қаласының жанындағы ұрыста тағы Исан-Тайшаның қолына түсті. Бұл жолы торғауыт әміршісі оны текке босатқысы

келмеді. «Егер қарындасың Мақтұм ханымды маған әйелдікке берсең босатам» деді. Амал жоқ, Мақтұм ханымды Исан-Тайшыға беруге тура келді. Одан ойраттың осы күнгі қонтайшысы Амансандж туды. Қасқырдың бөлтірігі өсе келе енесіне шабады. Амансандж Исан-Тайшы секілді көкжалдан туған арлан бөрі еді. Ол шешесінің ақ сүтінен әкесінің алтын тағын артық көрді. Сол тақты күшейту жолында «Моғолстанды нағашы жұртым» демеді. Кере қарыс аузын қазақ руларының қанына толтыра ұрттады. Көршілес Найман, Керей ауылдарына маза беруді қойды. Тек бұл руларды ойраттың қисық қылышынан қазақтың қара сойылы мен қайыспас ерлігі, табан тіреп қарсы тұрар қайсарлығы ғана құтқарып жүрді.

Исан-Бұғының Амансанджидан жәрдем сұрасам қайтеді дегені — сасқан ханның «түбі жиенім ғой» деген құр далбасасы еді. Бірақ сасқан ханға жәрдем басқа жақтан келді.

Хан осылай ерсілі-қарсылы қалың ойда жүргенінде үйге бас найыбы Үйсін Қастек кірді.

— Ұлы мәртебелі тақсыр хан, хан кеңесі тегіс жиналды.

— Мір Сейтәлі әмір де келді ме?

— Иә, тақсыр хан, кеше оған ат шаптырылған.

— Мір Мұхамед хан ше?

— О да.

Хан сүреде тұрған гауһар тас орнатылған алтын тәжін киді де, қолына асыл тастардан безелген күміс асасын ұстап кеңес сарайына қарай беттеді. Бас найп Қастек би мен ауыз үйде күтіп тұрған басқа паруалар¹ үн-түнсіз соңынан ере берді.

Хан кеңес сарайына кіріп келгенде, үйдегі әмір, сұлтан, бек, хакімдер тегіс түрегеліп, иіліп сәлем берді.

— Арсыңдар ма, бек-задалар? — деп хан есік алдында сәл кідірді.

— Барсыз ба, хан иеміз? — деп үйдегілер басын бұрынғыдан да ие түсті.

— Құп келіпсіздер, асыл бауырлар, — деді хан төрдегі өз орнына бара жатып, — отырыңыздар.

Хан алтын зерлі барқытпен безенген кеңес сарайының төргі жағындағы күміс сәкіге барып отырды. Хан отырғаннан кейін, өзге жұрт та дәрежесіне қарай орналаса бастады. Үй іші толған ақ сәлделі, көк шапанды, көк сәлделі, ақ шапанды софы, хакім, әмір, даруғалар мен күміс, алтын кіселі, кең қоныш етікті, бұлғын тымақты, сусар бөрікті Дулат, Үйсін, Жалайыр, Найман билерімен лық толы. Жағатай ордасында Маймене, Майсары дәстүрі жоқ. Хан жеке отырады. Одан төмендеу тек бас найп қана орналасады. Өзге жұрт өзінің шен-шекпеніне қарай орын алады. Алдыңғы жағында ханға жақын, Қашқар, Ақсу, Тұрфан, Жаңғы секілді үлкен әмірліктің хакімдері, олардан сәл кейініректеу Моғолстан хандығының тірегі Үйсін, Жалайыр, Дулат, Найман, Керей, Қаңлы тәрізді қазақ руларының белгілі ру бастықтары, билері, батырлары, бұлардан соң барып, Шолақ, Қорған, Жаркент тәрізді шет қалалардың әкімдері, діни адамдар, софы, ишан, мүриттер...

Исан-Бұғы бірден сөзге кірісті. Ол Моғолстанның солтүстігінен Ойрат, күншығысынан Қытай, оңтүстігінен әбусейіт пен Жұныс сұлтанның шабуылға шықпақ боп жатқанын айта келіп, хан кеңесінің шешіміне екі жарғы қойды.

— Бірінші айтарым, — деді ол, — бүкіл Моғолстан боп әскер жинап жауға қарсы шығамыз ба? әлде әр хакім, әр әмір өз қаласын, өз ұлысын қорғай ма? Осыны шешіңдер.

Екінші айтарым, қазіргі жағдайда Моғолстан мединесін бекінісі нашар Алмалыққа қалдырамыз ба, әлде жау қолы оңай жете алмас Ақсу шаһарына қайта көшіреміз бе, соны шешіңдер.

Түскелі тұрған ауыртпалық иықтарынан жаншып жібергендей, үйде отырғандар мықшия жерге қарай қалды. Бәрінде де үн жоқ. Уайс ханнан бері әрқайсысы өзіне жеке отау тігіп, бүкіл Моғолстанды талан-тараж етіп меншіктеніп алған Моғол әмірлері енді қалың ойға кетті. Бастарын біріктіріп жауға қарсы шығар болса қандай пайда-зиянға қаларларын есепке алды. Хан қойған сұрақтарға тікелей жауап беруге әрқайсысы өз жағдайын ойлап қиналды. Егер бастары қосылмаса, бүкіл хандықтарынан айрылатыны бұл сәтте ешқайсының жанын күйдірер емес. Қазаны басқаның жаны басқа, бәрінің де ойлағаны өз пайдасы, өз қамы. Бұлар түбі әскер жиналатын болса, қайтсем өз ұлысымды, өз қаламды күшті қалпында сақтаймын, қайтсем кісіні аз берем, әскерге керек қаржы-қаражатты аз төлеймін деп толғануда... «Ал өз қаламды, өз ұлысымды жеке қорғаймын десем, одан қандай зиян көремін? Жұныс пен әбусейітке қарсыласуға күшім жетпей-ақ қойсын, Уайстың қай баласына бағынсам да маған бәрібір емес пе? Мүмкін жауласпай-ақ Жұныс жағына

¹ Паруа — көне түркі тілі, хан соңындағы адамдар.

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Кобытенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кӊор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

шыға салғаным тиімді болар?» Қытай мен Ойраттан бөлендей қауіптің дәл бүгінгі күні жоқ екенін бұлар да жақсы біледі. Өйткені оларға қарсы қазақтың жауынгер рулары тұр. Осы себептен «ортақ өгізден, оңаша бұзау артық» деп әдеттеніп қалған Моғол әмірлері әлі үн-түнсіз... Ел қамын ойлап қиналып отырғандай құр жерді шұқи береді. Қайтсек хандығымызды жаудан аман алып қаламыз деп ешкім мүнәзараға¹ барар емес.

Исан-Бұғы түбі өздері оралар деп Моғол әмірлерін беттеріне қоя берген қатесін енді ұқты. Ел басқарам деген адамға ең алдымен ел бірлігін ұстай білу керек. Ел бірлігі деген ұғым сол елді басқаратын сұлтан, хакім, әмір, би, батырлар бірлігі деген ұғым. Бұны бабасы Шыңғысхан өзінің атақты Ясысында жақсы айтқан. Сол Шыңғыстың ақылын неге алмаған? Жиырма бес жыл хан асасы қолында тұрғанда, бірігуге көнбеген әмірлерді неге түйреп-түйреп тастамаған? Енді міне, қиын кезең туып еді, артына қарай жүзген шаян тәрізді, біреуі алға шығатын емес. Мұндай жұртпен Моғолстанды қалай жаудан қорғап қаларсың!

Жұрт үні жуырда шықпаған соң, Мір Сейтәлі әмір қабағын шытты.

— Хан ием, — деді ол сәл ашулы үнмен тыныштықты бұзып, — айтқан сөзіңіз мына пенделеріңізге әзірейілдің гүрзісіндей қатты тиіп отыр. Ақылға салуға аз уақыт мұршат беріңіз.

— Болсын.

Дәл осы сәтте үйге қияқ мұртты, шоқша сақалды, ұйғырша киінген дәйекші кірді.

— Хан ием, теріскей жақтан шабарман келіп тұр. Асығыспын дейді. Түнімен тұтқақ² бастығы сізге жібермепті.

— Айтары құпия ма екен?

— Жоқ, хабарым хан кеңесінің де құлағына жетсе екен дейді.

— Кірсін.

Үйге «ассалаумағалейком» деп басын иіп, тобылғы қамшысын кеудесіне ұстап, қоңыр жүзін жел сорған қаба сақалды, түйе жүн шекпенді, белінде күміс кіселі жалпақ белбеуі бар, кең қоныш етікті, орта бойлы адам енді. Ол сәлем беріп, есік алдында ханға кішіпейілдік ишарат көрсетіп, бір тізерлеп отыра қалды. Шаң шалған жүзінен алыстан келген жолаушы екені бірден көрініп тұр.

— Қай рудансың? — деді хан ананың сәлемін алып болғаннан кейін.

— Дулатпын. Жаңғы қаласының хакімі Сүйіндік мырзаның шабарманымын.

— Сөйле! Не айтайын деп едің?

— Сүйіндік хакім хабарымды ұлы мәртебелі Исан-Бұғы ханға тез жеткіз деді. Байтақ жеріңіздің теріскей шетіне Барақ хан мен Болат сұлтанның балалары Жәнібек пен Керей ерткен қалың ел келіп тұр. Дені Арғын, Уақ, Найман, Керей, аздаған Қоңырат, Алшын да бар. Әбілқайыр ханмен келісе алмай көшіпті. Қоныс сұрайды. Жәнібек пен Керей сұлтан өзге жұртын Талас өзенінің арғы бетіне қалдырып, өздері бес жүз сойылды салт атты нөкерлерімен төте жолмен сіздің мединеңізге келе жатыр. Мен күні бұрын хабар бергелі жеттім.

Хан көзінде кенет қуаныш ұшқыны жарқ етіп тұтанды да, сол сәтте ғайып болды.

— Жәнібек пен Керей сұлтан қай мезгілдерде жетер екен?

— әрі кетсе ертең күн шыға.

— Өздері қанша жұрт?

— Қыруар ел. Алды келіп өзеннің кең алқабында қазан көтеріп жатқанда, көштерінің соңы түйелерінің қомын алып та үлгерген жоқ. Оның үстіне жан-жақтағы қазақ жерінен, тіпті алыстағы ауылдардан соңдарынан іздеп келіп қосылып жатқан елде есеп жоқ. Сірә, Әбілқайыр хан шеңбері сорлы халықтың жан етін жұлып алуға айналған болуы керек...

Исан-Бұғының қабағы қарс жабыла қалды. Шабарман хан алдында хандардың халыққа істеген қиянатын тәптіштеудің үлкен қылмыс екенін тез ұқты. «Қарға қарғаның көзін шұқымас деген міне, осы екен», — деді ол ішінен. Қарапайым адамның тілі тым ұзын болса, хан әмірі қалай қысқарта қоятынын бұрыннан да білетін шабарман, тым қысылып қалды, бірақ сол сәтте жол тауып кетті.

— Кешіріңіз, хан ием, — деді ол тағы басын төмен иіп, екі қолын кеудесіне қойып. — Сүйіндік хакім, бүкіл Моғолстан халқының қамқоры әділетті Исан-Бұғы ханға Дәшті Қыпшақтың көп руларының көшу себебі Әбілқайыр ханның қиянатынан деген жайды айт деп еді.

¹ М ү н ә з а р а — көне түркі тілі, талас, өзара шешім табу.

² Т ұ т ғ а қ — көне түркі тілі, түнгі күзетші тобы.

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Шабарманның қулығын ұққан кей хакім, әмірлер кекете езу тартты. Бірақ өзін «ел қамқоры» деген сөз құлағына жылы тиген Исан-Бұғы қабағын қайта ашып:

— Жақсы. Қонақ үйге барып тынық. Хакім Сүйіндікке біздің айтарымызды ертең естисің...

Басын аман алып қалғанына қуанған шабарман «құп, тақсыр», деп үйден ата жөнелді. Далаға шығып «Уф» деп демін алды. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген міне, осы. Егер басыңды аман алып жүргің келсе, аузыңа ие бол. Тым ақылси берме».

Шабарманның Исан-Бұғыға: «Қыруар ел, оның үстіне жан-жақтарынан көшіп келіп қосылып жатқан жұрт та ығы-жығы» дегені бірде-бір жалған емес еді.

Жәнібек пен Керей Қаракеңгір мен Сарыкеңгірді кейін тастап, Қарақұмнан үш күнде жедел көшіп өткен соң, соңдарынан ерген елдердің ақсақал, батыр, билерін жинап кеңес құрған. Барар жеріміз алыс және жат жер. Ағайын жоқ болсаң бере алмайды, бар болсаң көре алмайды. Моғолстан елі бізді қалай қабылдайтыны белгісіз. Сондықтан түйенің қомын, аттың жалын алдырмай, ағайынға сорлылығымызды көрсетпей жетелік. Күшті екенімізді көрсе сыйлар, күшсіз екенімізді көрсе аяра, «кет кейін» дей қоймас, туыстығымызды қимас... деп шешкен.

Осы күннен бастап сыңсыған қалың ел, малдың күйіне қарай, асықпай көшіп отырған. Бір аптадай өткен шақта Жәнібек пен Керей өздерінің он бес ұл, жеті немере, көптеген, аға-інілерін жинаған. Жәнібек, жолай «Қызыл жыңғылдан» өтіп бара жатқанда жігіттеріне кестіріп алған жуандығы қамшы сабындай бір құшақ қызыл күрең тобылғыны алдына қойып, үлкен баласы әдік төре мен Керейдің тұңғышы Бұрындыққа:

— Алдарыңдағы тобылғыдан бір-бірден алыңдар, — деген.

Аналар алған.

— Енді сындырыңдар, — деген.

Аналар қолдарындағы тобылғыларын шытыр-шытыр сындырған.

— Енді үшеуден алып сындырыңдар, — деген Жәнібек.

Аналар үш тобылғыдан алып бәлендей күш жұмсамай бұ жолы да сындырған.

— Енді бесеуден алып сындырыңдар, — деген Жәнібек сұлтан.

Аналар бес-бестен тобылғыны алып, әжептәуір күш жұмсап сындырған.

— Енді сегізден алып сындырып көріңдер, — деген Жәнібек.

Әдік пен Бұрындық тобылғыны сегізден алған. Тізелеріне де салған, табандарына да салған, маңдайларынан сорғалап тер де аққан, әйтеуір қиналып барып, балуан тұлғалы қос арлан өзер дегенде сындырған.

— Енді оннан алып сындырып көріңдер, — деген Жәнібек сәл күлімсіреп.

Сындыра алмайтындарын білсе де, әдік пен Бұрындық тобылғыны оннан алған. Сындырмақ боп әрі-бері мықшындап көрген. Күштерінің жетпейтінін білген соң «құрып қалғыр, болатын емес» деп тобылғыларын лақтырып жіберген.

Жәнібек үндемей сәл ойланып отырған да:

— Міне, ел бірлігі деген осы, — деп сөзін бастаған, — жалғыз адамды жау алады. Ал көп біріксе ешкім де жеңе алмайды. Көп қорқытады. Терең батырады. Егер екі қолдың он саусағындай қазақтың бар рулары қос жұдырық боп түйілсе, қандай жауына болса да қауіпті күш...

Жәнібек пен Керейдің өзге балаларынан жасы үлкен және өзін өзгелеріне қарағанда еркіндеу ұстайтын, ұр да жық мінезі бар Бұрындық:

— Басқа рулар қайда қалады? — деген. — Мысалы, найзасының ұшы алтын Алшын...

— Алыстағы ағайын өзі шешсін өз тағдырын...

Еш уақытта да хан мен билердің бірігуімен ғана хандық құрылмаған. Орда шаңырағын халық көтерген. Қазақ елі егін еккен отырықшы жұрт емес. Бар шаруашылығы мал өсіру. Мұндай көшпелі елдің халқы — рулары. Олардың көсемдері — батыр, билері болғанменен, дені жай шаруа, кедейлер.

Жәнібектің ойы, ісін сәтті ету үшін, осы қара халықты өз жағына көбірек тарту. Қазір ол соның жолын іздеп отыр.

— Жақсы, — деді Бұрындық, — Алшынды қоя тұралық. Сонда борышымыз не болмақ?

Жәнібек Бұрындыққа ойлана қарады.

— Түсінсең борышыңды өзің айт. Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды.

— Білмеймін, — деді Бұрындық. — Бізге ергісі келмейтін руларды шабамыз ба, қайтеміз...

Тұңғышының ойланбай айтқан сөзінен намыстанып қалса да, оның тез шамданатын мінезін еске алып, сөзге сараң Керей:

— Ұлым, ел шабуға асықпа, — дей салды.

— Өзгелеріңде қандай ой бар? — деді Жәнібек.

Аға тұрғанда іні сөйлеу сөкет іс қазақ дәстүрінде. Тіл ұшына келіп тұрған айтары болса да осы дәстүрден шыға алмай, Жәнібектің ортаншы ұлы Қасым сұлтан төмен қарап тыпырши берді.

— Қасымжан, сен бірдеме демексің бе? — деді Жәнібек баласының сөйлегісі келіп отырғанын сезіп.

— Иә, көке, рұқсат етсеңіз, бірер ауыз кеңесімді мен де берейін деп едім.

— Айт, рұқсат...

— Өзіміз әне шабыламыз, міне шабыламыз деп келе жатып, біреуді шабамыз деуіміз ағаттық болар... Және көке, өзіңіз айттыңыз ғой, ағайын күшіңді көрсе сыйлайды деп...

— Сөйле, сөйле.

— Сөйлесем, біз Моғолстан мен Түркістан шекарасына қашқан ел тәрізді емес, көшкен ел тәрізді болып баруымыз керек. Жағатай ұрпақтары да, Сайбан, Ақсақ Темір ұрпақтары да ел екенімізді көрсін. Және қалай болса солай шұбыра көшкен ел екенімізді емес, дос болса дос бола алатын, қас болса қас бола алатын, қоныс бермесе күшпен тартып ала алатын жау жүрек қауым екенімізді байқасын. Қазір осы отырғандарымыздың ес білетіндеріміз, сойыл соғып сөз сөйлей алатындарымыз, қасымызға бес-алты қазақтың ер жігіттерін ертіп, ермей қалған, не еру-ермеуін білмей отырған жұртқа тарауымыз абзал. «Бізге еріңдер, бірігіп ел болып, қазақтың Ақ Ордасының туын қайта көтерелік» деуіміз орынды. Ерген жұрт ерер, ермеген жұрт ойға қалар. Қара халық соңымыздан неғұрлым көп ерсе, соғұрлым ісіміздің сәтті болары айқын.

Жәнібек жасөспірім ұлының сөзін бірден іліп әкетті.

— Дұрыс айтасың балам, — деді ол, іштей түбі Қасымнан ұлы адам шығар деген бұрынғы үмітінің бұ жолы бір дерек тастағанына қуанып, — біздің бүгінгі аттанысымыз құр Әбілқайырға өкпелеуден туған аттаныс емес, бұдан жүз жыл бұрын бабамыз Орысхан тіккен Ақ Орданы қайта тұрғызып, Қазақ деген жеке ел болу аттанысы. Ал Орысхан бабамыздың ақ туын тігетін бізде екі-ақ жер бар. Бірі — Алтын Орда жұрты, Еділ мен Жайықтың ортасы. Бірақ ол жақтың жері малға жайлы болса да, елі бізге жайлы емес. Түкпірінде Қазан хандығы мен Түркияға көз тіккен Қырым сұлтандары бар. Бұған Еділ мен Жайыққа бізді жолатқысы келмейтін Қасым сұлтанды, Темір биді қос. Олар кімді ел еткізеді?

әрине, ар жағындағы орыс жұртына арқа сүйеп көрер едік, бірақ ол жұрттың өзі де қазір әбден қанаттанып жетпеген қыран балапаны тәрізді. Екінші жер — ол Орысхан бабамыз кеше туын тіккен Сығанақ шаһарының маңайы. Бұл ара бізге қолайлы. Ар жағында Үйсін, Жалайыр, Дулат, Қоңырат, Қаңлы мен Найманның, Керейдің біраз елі жатыр. Бұ жақта да аздаған Арғын, Қыпшақ бар. Сығанақ бұл күнде Әбілқайырдың қолында. Түбін көрерміз. Ал әзірге барар жеріміз Жағатай ұрпағының Түркістанмен шектескен тұсы. Ағайын сыйласын десек, ол араға біз ел болып баруымыз керек. Қасым баһадур жөн айтады. Қазір әрқайсың қастарыңа бес-алты жігіттен ертіп алып, қозғалмай отырған ауылдарға аттаныңдар. Соңымыздан жұрт көп ерсе, халықтың тілегіне біздің тілегіміз сай келгені. Онда ісіміздің игілікті болуы хақ, — деген.

Жәнібек пен Керей балалары жан-жаққа тараған. Солардың айтуымен Әбілқайырға наразы біраз рулар Моғолстан жеріне көшіп бара жатқан қалың көшке келіп қосылған.

Әбілқайыр әскерінің Сейхун дарияның арғы бетіндегі көрген көш орны да, шабарманның айтқан Талас өзенінің бергі бетіндегі қонып жатқан қалың ел де бәрі бір осы Жәнібек пен Керейге келіп қосылып жатқан қазақ рулары болатын.

Шабарман шығысымен Исан-Бұғы хан кеңесін таратты да, Мір Мұхамед-Шайх, Мір Сейтәлі әмірлерімен, бас найыбы Үйсін Қастек бимен өзі оңаша қалды. Қазақ руларының Моғолстан шекарасына көшіп келуі, егер оларды Моғолстан жерінің шетіндегі Шу, Сарысу өзендерінің бойы мен Талас өзенінің арғы бетіне орналастырса, өздерін Әбілқайыр мен Ақсақ Темір хандықтарының шабуылынан қорғайтын қалқан жасайтындарын бұл төртеуі бірден ұғысты. Және қазақтардың күштерін Қытай мен Қалмаққа да қарсы пайдаланбақ болды. Исан-Бұғы Жәнібек пен Керейдің алдынан ат шаптырды. Ақ Орда хандарының ұрпақтарын, олармен бірге келген қазақтың басты руларының игі жақсыларын құшағын жайып қарсы алды.

Жәнібек пен Керей Моғолстан ханымен бір ай бірге болып, бір ыдыстан ас ішісіп, бір ауыздан сөз шығарысып, тату-тәтті бітімге келді. Исан-Бұғы көшіп келген қазақ руларына бүкіл Шу, Сарысу, Талас, Бадам өзендерінің бойы мен Қозыбас, Қаратаудың Моғолстанға қарайтын теріскей жағын тегіс қонысқа береді. Бұл қоныстың шеті Қаратал өзенімен, Әбілқайыр қарамағындағы Түркістан өлкесімен бітеді. Жақсылыққа жақсылық, осыншама қоныс алған қазақ рулары, екі елдің бірдей жауы, Моғолстанды шабуға дайындалып жатқан Қытай богдаханы мен Ойрат қонтайшысына қарсы бір мың жақсы жарақтанған салт атты жауынгер шығарады.

Жәнібек пен Керей Исан-Бұғының шартын қабыл етті. «Түпкі арманымыз қазақ хандығын құрып ел болу ғой, біздің қорған екенімізді Қытай, Ойратпен шекаралас қазақ рулары біле берсін. Күшіміздің мол екеніне көздері жетсе, өздерінің де бізге тез қосылуларына себеп болар» деп ойлады олар. Бұл ойларының дұрыс болғанына бес-алты жыл өтпей өздерінің де көздері жетті.

Жәнібек пен Керей нөкерлерін ертіп, күтіп отырған жұртына қайтты. Қос сұлтанның бұйрығы бойынша, көшіп келген ел ру-ру боп, адамының, малының санына қарай өздеріне берілген жерге орналаса бастады. Бір ай өткеннен кейін кілең майданға салар бөрте жүйрік мінген бес жүз Арқаның батыр жігіттерін басқарған әдікті Қытай шекарасына, Қашқар жеріне жүргізді. Тағы бір ай өткенде екінші ұлы, соңынан ерлігімен қазақ аузында аңызға айналған Қамбар батырды бес жүз кілең қайың сойыл ұстаған салт атты жауынгерімен Тарбағатай тауын жайлаған Керей, Найманды Ойрат қонтайшысы Амансанджидан қорғауға аттандырды. Қос сұлтан өздері енді Шу, Сарысу, Қаратал, Бадам, Талас өзендерінің бойына жайғасқан елдерін басқару әрекетіне кірісті.

Осы кезде Жұныстың аулына Күншығыс Қашқардың ханы, Жағатай ұрпағы Сант-Сұлтаннан туған әбдірашит сұлтан келді. Ол бір көргеннен Жұныстың кіші қызы ерке шора Нигер-Сұлтан-Бегімге ғашық болып, сұлу қызын тоқалдыққа сұрады. Самарқант әміршісі әбусейітпен жақындаспақ ойы бар Жұныс, Нигер-Сұлтан-Бегімнің өзі білсін деді. Әбдірашит қызға кісі салды. Ерке шора Нигер-Сұлтан-Бегім құда түспек жігітті өзі іздеп келді. Келбетті, бірақ тым семіз әбдірашит, хан ұлы болса да, қызға ұнамады. Нигер-Сұлтан-Бегім әкесіне: «Анаған күйеуге шықпақ түгіл жанынан жүруге адам жеркелер», — деп жауап берді. Қыз жауабын естіген әбдірашит енді Жұныспен сөйлеспеді. «Бәлем, осы сөзіңді ұмытпа, түбі бүкіл малымды саған төксем де, мес қарнымның астына бір салармын» деп ашуланып жүріп кетті.

әбдірашит сөзін естіген сұлу Нигер-Сұлтан-Бегім: «Сенің астыңа түскенше, өлгенім артық», — деп күліп қала береді. Өмірдің есігін әлі дұрыс ашып көрмеген жас сұлу, бұл жалғанда тек өлі жандар ғана кездеспейтінін, өмір деген сұрқияда адамның түсіне кірмейтін ғажайыптар болып жататынын қайдан білсін! Адамды қақпақыл етіп ойнайтын тағдырдың асау сырын жас сұлу еске ал-мады.

Қашқар ханының ұлы әбдірашит кеткеннен кейін, Жұнысты балаларымен Бұқарда саяхаттап жүрген Самарқанттың әміршісі әбусейіт қонаққа шақырды. Жұныс азамат ұлдарын ертіп, үлкен салтанатпен Бұқарға аттанды.

әдейі осы мезетті аңдып тұрғандай Жәнібек Ферғана өңірінде жатқан Жұныстың үш мың жылқысын айдап әкелуге бір топ жігіттерімен ортаншы баласы Қасымды аттандырды.

Қасым тайлы-таяғына дейін қалдырмай Ферғана өңірінде жайылып жатқан Жұныстың жылқысын тегіс айдап әкетеді. Бүкіл ауылдан жылқыны қуып барып алып қалар жан шықпады. Сонда атқа он бес жасар ерке-шора Нигер-Сұлтан-Бегімнің өзі мінеді. Бар жылқысынан айырылса әкесінің тақыр кедей болып қалатынын білетін саналы қыз, тәуекел деп еркекше киініп, қолына найза алып шапқыншыларды қуып береді. Жылқы Талас өзеніне таяған жерде, Нигер-Сұлтан-Бегім орағыта Қасымның алдынан шығады. Жылқыны айдап келе жатқан қол, алдарынан шыққан найза ұстаған жалғыз жігітті көріп, садақпен тартып қалып жайратып кетудің орнына, оны ұстап алып мазақ еткілері келеді. Жақындай келіп олар жігіт дегендері еркекше киінген қыз екенін аңғарды. Жау жылқысын алып, көңілдері судай тасыған кілең жас қыршындар енді «жігіттері тығылып қалып, қыздарын жауға аттандыратын бұл неткен батыр ауыл?» деп күлкі етеді. Сонда Қасым сұлтан қызды сықақтай бір ауыз өлең айтады:

Мен сұрасам жөніңді сен айтарсың,
Жөн айтпасаң ізіңмен тез қайтарсың.

Қай айғырдың үйірінен қашып шыққан,
Мен көрмеген бұл маңнан қай байталсың?

дейді.

Сонда қыз:

Сөз тұрғыңнан, сұлтаным, қалдым біліп,
Жан екенсің үйренген байтал мініп.
Құлынымын Жұныстың, өңім түгіл
Түсіме де көрмеген айғыр кіріп.
Туғандарым кезінде Бұқар кеткен.
Жай оғындай жарқ еттің түскен көктен.
Еркегі жоқ ауылды шабатұғын
Кәсібің бе, сұлтаным, әдет еткен?
Сол жылқымның соңынан келдім іздеп,
әке үшін бар қорлыққа қызы төзбек,
Табалатпай қасына малын қайтар.
Өз басымды кетсең де келемеждеп...

дейді.

Сонда Қасым сұлтан айдап келе жатқан жылқысын тоқтатып, су жағасына жібек шатыр тігіп, Нигер-Сұлтан-Бегімді көтеріп аттан түсіріп, аппақ айлы түнде ақ шатырға кіргізді. Аппақ айлы түнде ақ шатырға төселген ақ кигіздің үстінде әлі жан сипап көрмеген қыздың ақ төсінен Қасым сұлтан тоят алды. Таңертең ел басқаратын адам мал санын емес, ел санын арман етеді. «Ел өссе ер өседі. Ер өссе шер өшеді», деген әке сөзін өсиет тұтқан ер көңіл батыр жігіт қыздың үш мың жылқысын қайтарып берді. Бұдан өзінің даңқы өсетініне сұлтан күмәнданбайды. Қасымның қылығына риза болған Нигер-Сұлтан-Бегім ат үстінде тұрып, жарылған жұмыртқа тәрізді құны түсіп кететінін айтып, түндегі болған оқиғаны мақтан етіп бөтенге жарияламауын өтінді.

Қасым: «Бұ жалғанда, амал жоқ, көп нәрсені құпия ұстауға тура келеді» деп қыздың өтінішін орындауға уәдесін берді.

Осылай Қасым сұлтан, олжадан қағылған серіктерін ертіп еліне беттеді. Не қыз жоқ, не олжа мал жоқ, іштей күйінген жігіттер Қасымға өкпелерін айта алмай, қалжың-өзіл өлең шығарады.

Шақпақ тас о да мүлік от жаққанға,
Қоймен тең қотыр ешкі мал баққанға.
Төледі үш мың жылқы қалай ғана
Қасекең қыз қойнына бір жатқанға?
Дүние алдап кетер қызыл түлкі
Қызығы бұл жалғанның ойын-күлкі.
әйтсе де сол қыздікі алтын ба екен,
Төлейтін бір түніне үш мың жылқы?,

Бір қу жігіт ат шалдырып отырғандарында осы өлеңді сұлтанға айтып береді. Қасым күледі де қояды. Бірақ жолай ғажайып ерлік көрсетіп, Қаратау жайлауында жатқан Мұхамед-Сұлтан-Мазиттің бір топ жылқысын шауып алады. Жігіттеріне үлестіреді. Нигер сұлумен болған оқиғаны айтпауларын сұрайды. Жігіттер уәде береді. Бірақ өзіл сөз қолға тұрмайтын сынап қой, бертінде әлгі өлең жұрт арасына тарап кетеді.

Жыл өте, Жұныс қызын әбусейіт мырзаның баласы Андижанның әміршісі Шайх-Омарға берді. Әбілқайыр рұқсатымен Мауреннахрға төркіндеп келген Рабиу-Сұлтан-Бегім, Шайх-Омар сырқаттанып қалған соң, Нигер-Сұлтан-Бегімді алып кетуге бір топ нөкерімен Яссыға өзі керуен салды. Бұл жайды естіген Жәнібек Қасымның үш мың жылқыдан қалай айырылып қалғанынан хабардар бола тұрса да, баласын тағы шақырады. «Нигер-Сұлтан-Бегімді қалай босатып жібересің, онда менің шаруам жоқ, бірақ көшін аңдып тұрып Әбілқайырдың ерке бәйбішесі Рабиу-Сұлтан-Бегімді ұстап алып келесің» деді. Бұ да жау жағын мұқатудың бір жолы еді.

Қасым жігіттерімен жолда аңдып жатқанында әбдірашит сұлтанның да Нигер-Сұлтан-Бегім көшін өздеріндей күтуде екенін естіді. Жағатай ұрпағымен дос болғанмен де, Жұныс қызы мен көзі көрген, қолынан жас кезінде сан мәртебе дәм татқан Рабиу-Сұлтан-Бегімді оларға қимады. Аналар көшке шапқан кезде қарсы шығуға тура келді. Бір абырой болған жері, бұл айқаста әбдірашиттің өзі қатынаспады. Ол тек жігіттерін жіберген боп шықты.

Жағатайдың бейбастақ, нәпсіқұмар қарақшыларынан аман алып қалып, тағы да өзі Нигер-Сұлтан-Бегімнің құшағында бір күн түнеп, ертеңіне қос сұлуды елдеріне қоя берді. Жау олжасынан құтқарған Қасым сұлтанды Рабиу-Сұлтан-Бегім өле-өлгенше сыйлап өтті. Екі жақтың бір-бірімен татуласуына да сан мәртебе қызу кірісті. Бірақ ел намысына айналған жанжалды басу оның қолынан келмеді. Әйтсе де Қасым алдында борышты болып қалмады. Бертін келе Мұхамед-Шайбани әбден күшейіп, Яссы әміршісі — баласы Сүйіншік қаннен-қаперсіз күйдегі Қасым ханның әскерін түнде басып алмақ болып дайындалып жатқанда, арнаулы кісі жіберіп, Қасымды бір ажалдан құтқарды. Сөйтіп өзіне істелген жақсылықты ақтады. Ал, Нигер-Сұлтан-Бегім болса Қасым ханды он жыл аңсап күтті. Он жылдан кейін барып ең алғашқы ақ төсінен тоят алған қыран бүркіттің құшағына қайта кірді.

Бос қол қайтқан себебін сұраған әкесіне сұлтан: «Итаяқтағы жуындыдан бұралқы төбетті қуып жіберіп өзі жалай бастаған арлан тазыдай, біреудің бауыр баспақ аруын әбдірашит сұлтаннан тартып алып өзім иемденгім келмеді» деді.

— Ал, Рабиу-Сұлтан-Бегімді неге босаттың? — деді Жәнібек.

— Ұлықбек мырзаның аруағын сыйладым.

«Түсіп қалған мұзалимның¹ биігі жаман. Тоят ала алмай қалған әйелдің күйігі жаман» деп қарайтын сорақы заманның Жәнібек те бас иген перзенті. Бірақ баласының жауабы миына қона кетті.

— Дұрыс еткен екенсің, адам қартая бастағанда жауымнан кегім қайтпай қалады-ау деп көп ойлайды екен. Менікі де сол болар... — дей салды. Сөйтті де Қасымға тағы қарады. — Көзім тірісінде өмір деген өткелдің қыл көпірдей сынынан өте бер... Істеп жүргендерің теріс болса да өзің пішіп, өзің сөккенің ұнайды... Оқасы жоқ, құс ұша түзеледі.

— Құс дұрыс қанаттана алса, түзу ұша алады.

— Дұрыс айтасың, — Жәнібек баласына тағы тесіле қарады да қойды.

Осылай талас-тартыста тағы төрт жыл өтті. Қазақ елі Шу, Сарысу бойын әбден мекен етіп алды. Әдеттегідей жұрт жайлауға көшкелі жатқанда, бір күні Жәнібек Қасымды тағы шақырды.

— Мүмкін Мұхамед-әкім эль Таразидың тойына Бұрындық ағаңмен сен барарсың? — деді ол.

— Барсам барайын.

Мұхамед-әкім эль Тарази Жаңғы шаһарында тұратын аты-шулы саудагер. Түбі араб. Бір шеті Үнді, Қытай, Монғолия, Тибет, екінші шеті Византия, Түркия, Мәскеу, Киевке дейін жүздеген түйемен жылда екі-үш рет керуен жүргізетін, қытай жібегі, манат, шағиы, үнді шайы, жемісі, Киев кендірі, қызыл бидайы, Дәшті Қыпшақ малы, тері-терсек, жүн-жұрқасы, Стамбулдың қолөнершілері істеген білезік, жүзік, күміс ыдыс, алтын жалатқан құман, зер жүргізген жайнамазына дейін сатып, сауда арқылы күншығыс пен күнбатысты байланыстырып тұратын. Әр ханның өзіне бағынатын хандығы болса, бұның сол хандықтарды да өзіне бағындырар байлығы бар адам. Жеке сауда патшалығы бар. Алтын ақшаны сандықтап жинаған саудагер, Әбілқайыр ханнан кезінде ишік-ата атағын алған. Осы мал-мүлкі бықыған байдың бар тілегі жалғыз ғана бала болатын. Бірақ жаратылыс осыншама байлықты мұрагерсіз қалдырайын дегендей, оған бала бермей қойды. Сөйтіп жүргенінде отызыншы әйелі былтыр екі қабат болып, биыл бір ұл тапқан. Жиырма тоғыз әйелінің қағанағын қарық ете алмаған саудагер, отызыншысына келгенде ұрық берер қуатты қайдан тапқанын кім білсін, әйтеуір қайқы төс, саулық құйрық жас тоқалынан аппақ сазандай ұл көрген. Кейбіреулердің «япырмай, Мұхамед-әкім эль Таразидың мына баласы інісі Махмуд-Рақым эль Таразидан қалай аумаған. Туған әкесі өзі болса мұндай ұқсас тумас» деген күңкіл сөзіне қарамай, Мұхамед-әкім эль Тарази бүкіл Тибет, Қорасан, Мауреннахр, Дәшті Қыпшақ, Қырым, Қазан жерлеріне жар салып, ұлан-асыр той істемек болған. Мұндағысы оның атақты саудагер Көк Орда ишік-атасы — Мұхамед-әкім эль Таразидың мұрагері бар екен деп жер-жиһанға дәріптеп, айды аспанға шығарған той жасау. Тойға жүлде етіп, Стамбулда сом алтыннан құйылған үш алтын құс белгіледі. Әрқайсысы сегіз батпаннан. Жүлде тиген адам егер бұл алтын құсты алғысы келмесе, бағасы содан артық емес, тілеген затын беремін деп жариялады. Жүлде беретін шарты да таңғажайып. Бірінші жүлде — кімде-кім жаяу жарыста он фарсат жерден озып келсе, соған беріледі деді. Мұнысы жиһанкез саудагердің рум халқынан алған өнегесі. Екінші жүлде — кімде-кімнің түйесі жиырма фарсат жерден озып келсе соған беріледі деді... Мұнысы сонау Мысыр

¹ М ұ з а л и м — көне түркі тілі, қызмет дәрежесі деген мағынада.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «I. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

арабтарынан алған үлгісі. Үшінші жүлдені — кімде-кімнің аты отыз фарсат жерден озып келсе, сол алады деді. Бұл Дәшті Қыпшақтың ежелден келе жатқан көне салты.

Жәнібек сұлтанның айтып отырғаны осы той еді.

— Барар болсаң, жаяу жарыс сұлтандарға лайықсыз, ат жарысы мен түйе жарысына дайындалу жөн, — деді Жәнібек, — Қырым менен Қорасаннан да кісілер келуі ғажап емес.

Жәнібектің айтқаны оң келді. Той болар күні бір шеті Қорасаннан, екінші шеті Қырымнан қадірлі қонақтар, бұл жалғанның тетігін қолына ұстап тұрған сан алуан саудагерлер жиналды. Талас өзенінің жағасында тігілген жүз ақ боз үй кісіге лық толды.

Жаяу бәйгеден Египеттен қашып келген ғалым, жараған арғымақ аттай сидиған ұзын бойлы, күйген кірпіштей қара қошқыл отыз бес жасар араб жігіті эль Мүлік ибн Зархум келді.

Бұл бәйгеге сұлтан, бек, шынжыр балақ, шұбар төс қазақтың мырза жігіттері қорланып қатыспады.

Екінші бәйгені қарасына бірде-бір түйе ілестірмей, Бұрындықтың қара бурасы алды. Үшінші бәйге Әбілқайырдың Тарланкөгінің тұқымы, он бес жасар Мұхамед-Шайбанидың әзірге маңдайына басқан жүйрігі Ақтанкерге тиді.

Бірақ бұл үшеуі де салмағы сегіз батпан тартатын сом алтын самырұқ құсты жүлдеге алудан бас тартты.

Эль Мүлік ибн Зархум:

— Алтын құс тек мені ғана байытады — деді, — Мұхамед-әкім мырза, егер қарсы болмасаңыз, бұл алтын құстың орнына Мауреннахр диқандары мен Дәшті Қыпшақ малшыларының тұрмыстарына жәрдем беретін және екі елдің қарым-қатынасын жөндейтін Сейхун дарияның үстінен көпір салайын. Бұл көптен бері ойлап жүрген арманым. Ніл өзеніне осындай көпір саламын деп үлгісін істегенімде өздеріне пайдасы жоқ болған соң фараондар мені қуып жіберді. Ал Сейхун дарияға бұл өте қажет. Осыны салуға қаражат беріңіз.

Мұхамед-әкім эль Тарази сәл ойланды да:

— Жақсы, — деді, — бұл сұраған қаражатыңды берейін. Тек менің ғалым есепшілерім қанша пұл керек, соны санасын.

Бірақ сол күні түнде Мұхамед-әкім эль Таразидың жігіттері «сен халық қамын ойлап, Сейхун дарияға көпір салмақ сабазсың ғой, олай болса сол Дарияның қызығын алдымен өзің көр» деп қосында ұйықтап жатқан жерінен эль Мүлік ибн Зархум ғалымды ұстап алды да, түнімен жедел жүріп отырып, мойнына тас байлап, Сейхун дарияның сарғылт толқынды суына лақтырып жіберді.

— Байлығым өз басыма жетеді. Алтын құсты басыма қоямын ба, маған алтын құсындай қымбат ұл тауып берген тоқалыңның өзін бер, — деді Бұрындық өзінің қиқар мінезіне салып. Ондағы ойы «бәлем, бермесіңді сұрайын, қалай-қалай ыршыр екенсің!» деген қияңқылығы еді. Бірақ «Баласы інісі Мұхамед-Рақымға тым ұқсас екен» деген сөзді ішіне түйіп алған саудагер қуана-қуана Бұрындықтың тілегіне көне кетті.

— Айтқан сөзімді қайтып алмайын, қатын бүгіннен бастап сенікі, бірақ балам емшектен шыққанша менің үйімде тұра тұрсын, — деді.

Бұндай шешімді күтпеген Бұрындық сасып қалды. Бірақ бұ да сөзін қайтып алмады.

— Болсын, — деді.

Со күні ымырт үйіріле ол Мұхамед-әкімнің жас тоқалын өзінің шатырына алып келді. Отыз қатынның бірі болып, ебін тапқанда ғана бөтен еркек көріп, гаремде сары қазыдай сақталып, әбден жас денесі күйіп-піскен жас тоқал, кәрі Мұхамед-әкімнен құтылғанына өкінген жоқ. Жаңа қожасының көңілін табуға тырысты.

Ал үшінші жүлде тиісті Мұхамед-Шайбани тіпті басқа тілек етті.

— Алтын құсыңыз ханға лайық. Мен хан емеспін, тек хан тағындағы атама жәрдемші жауынгермін, — деді, — маған алтын құстың орнына бес жүз адамыма сауыт-сайман, қару-жарақ бер...

Мұхамед-әкім сұлтанның бетіне ұзақ үңіле қарады. Өлден уақытта барып:

— Сіз тілесеңіз, мың адамға да сауыт-сайман, қару-жарақ беруге бармын, — деп басын төмен иді...

Әбілқайыр Ордасының сайыпқыран ханды жоқтатпас бәлендей мұрагері жоқ деп ойлап жүрген қастары, бұл тойда атасының туын құлатпас артында ұрпағы бар екенін бірден көрді. Әбілқайыр ханға көкілташ болған, қазір Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанның атакесі Дарвиш-Хұсайын батыр күзеткен, ақылға бай, бой-тұрпаты бірден адамның ықыласын аударар Мұхамед-Шайбани осы күннен-ақ көзге түсті.

Сол күні қастар Ордасына Айбақ оғлан, Береке сұлтан, Аббас бек, Мұса бектер жиналып, Мұхамед-Шайбаниды ұйықтап жатқан жерінде түнде шауып өлтіруге кісі жібермек боп келісті. Бұл мәжіліске Бұрындық пен Қасым сұлтан да шақырылды. Бұрындық көнсе де, Қасым:

— Хан тағын сақтар жанды қан майданда өлтіру керек. Ұйықтап жатқан жерінде шауып тастау бұл ұры, қарақшылардың ісі. Біз хан тұқымымыз, мұндай қылмысқа баруымыз күнә! — деп көнбей қойды.

Оның көнбегеніне қараған жоқ. Әбілқайыр Ордасына өш сұлтан, бектер басына алтын орда тұрғызбақ боп, аты-шулы жан алғыш Құрыбайды жіберді.

Бірақ сұлтан жатқан үйге жыландай сыбыр шығармай кірген Құрыбайды, Қасым сұлтанның кісі жіберуімен күні бұрын хабардар болып, өтірік ұйықтап жатқан Мұхамед-Шайбани, алдаспанын жарқ еткізіп, құлаштай сермеп қақ бөлді.

Жазмыш деген қызық. Халық үшін көпір салам деп арман еткен эль Мүлік ибн Зархум, халықтың өз арасынан шыққан жендет жігіттердің қолынан қаза тапты. Ал, төрт жылдан кейін бұқара халықты қанға бояп, бүкіл Орта Азияны жаулап ала бастаған, атақты Мұхамед-Шайбани хан бір ғана сұлтанның ерлікті көксеген адал көңілінің арқасында аман қалды.

Еліне қайтып келіп, Қасым сұлтан әкесіне тойда болған оқиғаның, көрген-білгенін бөріні айтып болғанында Жәнібек ұзақ ойланып отырды да, ауыр күрсінді.

— Түбі біз Әбілқайырдың орнына отырар Шайх-Хайдарды емес, Мұхамед-Шайбани сұлтанды көзімізден таса етпеуіміз керек, — деді.

Бұл сөзімен Жәнібек егер Әбілқайыр тағына Мұхамед-Шайбаниға отырар күн туса, аса бір қиын күрес басталатынын білдірген еді.

Мұхамед-әкім эль Таразидың тойында тағы екі оқиға болған. Балаларының бұл тойға қатынасатынын білген соң, алтындатқан ер-тоқымды, жүген-құйысқанды қос күлсары жорға мініп Рабиу-Сұлтан-Бегім мен келіні Аққозы келген. Жаңғы саудагері бұларға арнап қос орда тіккен.

Бәйгеден Тарланкөктің баласы Ақтанкер озып келіп, Мұхамед-Шайбаниға жұрт көңілі ауа бастағаннан-ақ бақ құмар Сүйіншік сұлтан жанын қоярға жер таппаған. Бірақ баяғы он үш жасар күніндегі қылығы есте қалған Рабиу-Сұлтан-Бегім сол күні Сүйіншікті оңаша шығарып ап ұзақ сөйлескен. Ақылы да, ерлігі де Мұхамед-Шайбанидың өз теңдестерінен артық екенін бүкіл ел біліп қалған тәрізді және оны қостайтын Дарвиш-Хұсайын Қарашың батыр мен Бахтияр сұлтан тәрізді Көк Ордаға тірек болған, бүкіл Дәшті Қыпшаққа әйгілі адамдар бар, қандай бақытқа, таққа жетсең де Мұхамед-Шайбанимен бірге жетесің деген. Әкесін өлтірген нағашың әбді-Латиф әмірге ұқсама, қызғаншақтың жолы күнә жол, онымен адам мұратына жете алмайды, ағаң Шах-Будақтың балаларына кең пейіл келіп, солардың соңынан еруін сұраған. Өздері быт-шыт боп қырылысып жүрген нағашысы Темір тұқымының бұған әке тағына отыруға жәрдем бере алмайтынына көзі жете бастаған Сүйіншік, әлі де Самарқант әмірлігіне қадірі бар шешесінің ақылын алған, өн бойын қанша мансапқұмарлық билегенмен, аталы сөзден шыға тартпаған. Бұл Әбілқайыр балаларының әр жаққа бұрылмай, бір одақтас болуының басы еді.

Екінші оқиға тіпті адам күтпеген жерден кездесті. Түйе бәйгесі біткен күні іңірде Аққозы бике өз ордасында жалғыз отырған кезінде, үйге бет-аузын көшпелі елдің бұзауындай тұмшалап алған, жалғыз көз, еңгезердей қара жігіт кіріп келді.

Тойдан шаршап келіп қисайып жатқан Аққозы, осынау кірген адамның дене құрылысынан, қимылынан өзінің Орағын көргендей шошып кетіп, дауыстап жібере жаздады.

— Қорықпа, — деді кірген кісі, — мен Орақпын. Өлді дегендері бекер, тірімін. Бірақ өлген адамнан да қорқыныштымын. Егер менің бетімді көрсең, қазір талып құлар едің. — Ол асыға өзінің қалай тірі қалған оқиғасын айтып берді де — қолыңа құран алып, «өмір-бақи ерге шықпаймын» депсің, соныңды естіп келдім, — деді, — маған деген жүрегіңді адал сақтағаның үшін рақмет, бұл құрметіңді қара жерге кіргенше ұмытпаспын. Ал енді айтарым: өлген адам үшін өлмек жоқ. Мен патша, хандарға ғана тірі адаммын. Саған өлікпін. Ерге шық, қызық көр. Құран ұстап құдайға берген антыңды мен алдым. Ал енді қош бол. — Ол үйден шыға берген.

— Тоқтай тұр... — деді Аққозы.

Бірақ Орақ тоқтамады. Шығып кетті. Аққозы көзі қарауытып, жанындағы төсекке ақырын қисая беріп, жылап қоя берді.

Келесі күні түнде Орақ қырық жігітімен Мұхамед-әкім эль Таразидың Талас өзенінің етегінде жатқан көп жылқысын «өзің өлтірген эль Мүлік ибн Зархум шебердің құны» деп айдап әкетті. Оны Сырдың төменгі жағындағы кедей ауылдарға апарып бөліп берді. Осы күннен бастап «Жалғыз көз» батыр кедей жұрттың қорғаны» деген лақап бүкіл Дәшті Қыпшаққа тарады. Орақ кедей жұрттың қорғаны екенін сан айқаста көрсете алды.

Ал бұл кезде Исан-Бұғы мединасын қайтадан Ақсуға көшірген. «Сыртқы жауынан қазақтар қорғайды, ал олардың күші жетпей қалса, өз қалаларыңды, ұлыстарыңды өздерің қорғандар» деп хан кеңесін мүлдем таратқан. Осылай әмірлерінің ойынан шыққанына ол өте қуанышты еді. Өйткені айтқандарын істеп отырған ханға енді ешқайсысы қарсы бүлік шығармайды деп ойлаған. Қой да аман, қасқыр да тоқ. Бірақ Исан-Бұғы өз қолымен өзі Моғолстанның болашақ көрін қазып қойғанын білмеді. Моғолстан әмірлерінің өз ұлыстарын жеке-жеке қорғауы, ал қазақ руларының бірігіп сыртқы жауларына қарсы шығуы, бұл елдің мемлекет болуының алғашқы адымдарына айналатынын ол ойламады. Исан-Бұғы тағы екінші жағдайды аңғармады. Ол мединасын Ақсуға көшіргенде енді Әбілқайыр, әбусейіт, Жұныстың шабуылынан біржолата құтылдым, олар маған қылышын ала ұмтылса, жолында найзасын төсеп тұрған қазақ елі бар деп сенген. Жоқ жерден Түркістанның күнбатыс күнгей жағынан пайда болған жауынгер қазақ руларынан расында да әбусейіт пен Жұныс қатты сескеніп қалған. Енді бұл елдерді басып Моғолстанға өте алмайтындарын бірден ұққан. Сондықтан олар Исан-Бұғыға тікелей апаратын жол іздеген. Желісі алыс, қиын да болса сол жолды тапқан. Жұныс пен Омар-Шейх сұлтан Түркістан өлкесінің күншығыс жағымен құмайтты, шөлді, кісі түгіл керуен жүрмеген, тек сініш құсы¹ ғана ұшып өтетін сахараларды басып отырып, Іле өзеніне шыққан. Сол Іле өзенінің бойымен Алтын Емел тауларын бөктерлей отырып, Жаркент қаласына жеткен. Ал Жаркенттен төте жолмен Ақсуға әрі дегенде үш күнде барады. Жауының Жаркентке келіп қалғанын Исан-Бұғы білген де жоқ. Ол кенет төсек тартып ауырып қалып, дүние оған енді қайта оралмас түске айналған. Тілі күрмеліп бар әлем су қараңғы бола бастаған. Тек көз алдына жарық сәуле болып, баяғы бір су перісі тәрізді, көпір қыз елестей берген. Отыз жылдай екеуін бөлген арасындағы тамұқ өмірден енді құтылып, жаныңа барам деп көпір қызға төсегінен әлсін-әлсін қолын жая ұмтылып, тек аузына «Федосья» деген соның ғана аты түсе берген. Тілі күрмеліп, құр ерні ғана жыбырлап жатқан ханның қасында отырған наип, муфти, ишан, қожа-молдалар, хан даусын естімесе де кімнің атын атап жатқанын түсініп іштерінен «астапыралла, астапыралла, хан иеміздің «күнәсынан аулақ ет» деп құдайтағалаға жалбарынумен болған.

Алтын таққа отырып ел билегелі көрінген әмірден, хан, сұлтанның қауіптеніп құса тартқан Исан-Бұғының кәрі жүрегі, қас жауы Жұныстың келіп жетуіне шыдай алмады. Бір күндерде бүкіл Моғолстанға қожа болған Исан-Бұғы, төсегіне құлағанына бір апта өткен шақта жеті қатыны мен он бес ұл-қызының біреуінің де атын атай алмай, тек «Федосья» деп ерні жыбырлап дүние салды.

Ақсуды шабуға Жаркентте дайындалып жатқан Жұныс сұлтан бұл хабарды естісімен кейін шегінуге бел буды. Күйеу баласы Омар-Шейх мырзаның «келіп қалдық қой, қазір олар ұрысқа дайын емес, хан тағын алуыңызға бұдан артық мезгіл болмайды, шабайық» дегеніне көнбеді. Ханы өліп, қаралы болып жатқан елді шапса, түбі бар халық қарғыс айтып, хан сайламай қоюынан қорықты. Өмір бойы арман еткен тағын енді бөтен жолмен алу керек екенін ұқты. Ол атының басын кейін бұрды. Демек, бұнысы дұрыс болды. Моғол, Жағатай әмірлерінің шешуімен Исан-Бұғының қырқы өтпей, Жұныс сұлтан Моғолстан ханы тағына отырды.

Бүкіл Нарын, Қашқар, Құмнат, Қастек, Сары ұйғыр маңындағы Үйсін, Жалайыр, Ұйғыр, Албан елдерінен өзінің бес жүз атты әскеріне бес мың салт атты сойылгерлерін қосып, Қытайдың қалың жаяу әскерімен қан майданда үш мәртебе кездесіп, ақырында өздерінің шыққан жері — «Қытай қабырғасынан» әрі асыра қуып тастап, Шу бойынан әдік Моғолстан шекарасына екі рет барып қайтты. Сондай-ақ Ойрат қонтайшысы Амансанджиға «байқа, бұл араның Керей, Найманының қорғанышы бар» деп ығай мен сығайдан құрылған бес мың әскерімен қыр көрсетіп еріксіз бітімге көндіріп, Қамбар батыр да Ойрат жерінде екі рет болған. Осындай жағдайда тек Әбілқайыр жағына сескене қараған Жәнібек пен Керей, қазақ хандығының туын көтеріп, енді еркін қимылдай бастады.

¹ С і н і ш қ ұ с ы — шөл құсы.

Сырдарияның орта шенінде сол жағасындағы тар алқап пен оң жағасындағы өркештене созылған қарт Қаратауды, оңтүстік-күншығысындағы Бадам, Шыршық өзендерімен шектесіп жатқан сұрғылт өлкені көне заманнан Түркістан деп атаған. Бір жағында Моғолстан, екінші тұсында Мауреннахр, сыртында Дәшті Қыпшақ жері. Кейде арпаған, қияқ, қау шөпті, кейде тек сарған ғана өскен құмай, ал, кейде тіпті аппақ сор, тақыр дала болып келетін осы өлкені басар¹, қараған, тобылғы жапқан ат тағасындай иіріле созылып жатқан қылыш тасты нұра, қыз емшекті адыр, төбе, ұшы-қиыры жоқ белестер тілгілеп өткен. Бұл белестер негізінде Тарбағатай, Тянь-Шань, Памир, Алтай, Копет-Даг, Гиндукуш тауларынан басталды.

Осы құмды, құмайтты, қылыш тасты, түкті қабақ жартасты, қияқ шөпті, бозанды далада көне заманнан, тіпті Шыңғысхан шабуылынан бұрын көп жылдан бері келе жатқан Сығанақ, Сауран, Отырар, Яссы, Сайрам, Ақрұқ атты көне шаһарлар бар. Бұл мединелердің қасына бірнеше уақ қалалар салынған. Мысалы Яссы шаһарының қасына Мысырдан келген қожалар туған елдерінің үлгісімен Сунақ, Жүйнек, қазақ жерінде алғашқы қорғасын қорытылған, тай еті түгелімен сыятын қырық құлағы бар атақты Мысқазан құйылған, дін кіндігі Қарнақ тұрғызылған. Сондай-ақ Созақтың жанында Шолақ, Саудакент, Сүткент, Едіге мен Жиренше шешен туған Құмкент дихтары орын алған. Бұл қалалар шеті сонау Еділ, Жайық, Қара теңіз, Орал тауларына дейін созылған атам заманнан Дәшті Қыпшақ деп атаған алып қазақ даласының мәдениет, ғылым, дін ошағы және сауда-саттық кіндіктері болған.

Түркістан мен Дәшті Қыпшақ даласының түйіскен алқабын бауырлай, Мойынқұмның күншығыс жағын орап, басын Тянь-Шань тауының құшағындағы Ыстықкөл мен Соң көлден алған, мың шақырымдай құмайт шөлді, тақырлы, биік жартасты сайларды көктей өтіп, қазақтың атақты арналарының бірі — Шу өзені ағады. Оңтүстіктен келетін ең алғашқы тармақтары

Теріскей

Алатаудың

оңтүстік жақтағы мұзды қойнауынан шығатын Қарақожыр мен Түлін деген ағысы қатты кішкентай тау өзендері. Бұл екі өзен Долан асуынан аса Берік, Нарын ойпатының жоғарғы жағынан құятын. Оттық арнасымен қосылып, мылқау құз, пышақ кесті биік шыңдарды қақ жарып, Жуанарық деген атпенен Теріскей Алатаудан өтіп, солтүстікке қарай айбарлана гүрілдеп бет алады. Жуанарық тұсы бір ғажап жер, арасы тар, күңгірт биік жартастар. Ортасында ақ көбік атқан, қазандай-қазандай тастарды түйіршіктей домалатқан арқыраған долы өзен. Суық, ызғарлы сұлулығымен тек ертегілерде ғана кездесетіндей адам баласын таң қалдырарлық бір ғажайып сурет. Осы жал-жал құздар арасынан солтүстік-күншығысқа қарай беттеген Қошқар деген өзенді қосып, Шу Ыстықкөл мен Күтемалды өзені арқылы ұлғайып, етегін жая Күнгей Алатаудың қойнауынан бұрқырай өтіп, солтүстік-күнбатысқа бұрылады. Бұдан кейін Шу Алатауды бөктерлей отырып, қырғыз жерін баса жолай Үлкен Кебін, Кіші Кебін секілді бірнеше өзендерді өзіне қоса, ақырында Мойынқұмның күншығыс жағынан барып шығады. Шу құмға жетісімен күнбатысқа қарай бұрылады. Енді бұрынғыдай емес, ағысы саябырлана түседі. Бөлшектене бастайды. Жағасын қалың қамыс басып, кей жері сорға айналады.

Ақырында Сейхун дариядан бір көш жерде тұратын Саумалкөлге барып құяды. Бұл көлдің күнбатыс жағында бірімен-бірі ұсақ өзендер арқылы жалғасып жатқан бірнеше суы ащылы, тұщылы көлдер бар. Солардың ең үлкені Телікөл. Телікөлге қазақ даласын аралай кеп Сарысу құяды. Кей қарсыз жылдары Сарысу Телікөлге жете алмай, орта жолда Қызылжыңғыл маңайына барып құмға сіңіп жоқ болады.

Шу өзенінің Мойынқұмды көмкере күнбатысқа бұрылатын сағасынан ауыл бес күн көшерлік жерде Көкше теңіз — Балқаш көлі бар. Телікөл айналасы желген атқа бір күндік жер болса, Көкше теңіз аумағын, ұшқан құс екі-үш рет қонбай айналып шыға алмайды. Ұшы-қиыры жоқ дала... Балқаш көліне үлкен бес өзен құяды: Іле, Лепсі, Ақсу, Қаратал, Аякөз. Іле, Лепсі, Ақсу, Қаратал өзендері басын Жоңғар Алатауынан алады да, Аякөз Тарбағатай қойнауынан шығады.

Көне заманда, Қошан патшалығы кезінде, Шу өзені Сырдарияға құйған. Шуға сол жағынан Сарысу, оң жағынан Талас өзені келіп қосылған. Сол заманның өзінде Шудың Сырға құятын сағасында, Талас өзенінің бойында Сығанақ, Тараз; Яссен өзенінің жағасында Отырар қалалары болған.

¹ Б а с а р — көне түркі тілі, тау жуасы.

Исан-Бұғы хан Жәнібек пен Керейге қонысқа Моғолстан мен Түркістанның шекарасында жатқан Шу, Сарысу, Талас өзендерінің жағалауы мен Балқаш көліне келіп құятын Қаратал өзенінің бойын берді. Сөйтіп қазақ рулары бірден Моғолстанның солтүстік, солтүстік-батыс шеті мен Көкше теңіздің Шумен қатарлас тұсына ие болды.

Қарашаның суық желі тұрмай, Жәнібек пен Керейге еріп көшіп келген екі жүз мың жанды қалың ел осы Шу, Сарысу, Таластың Жуанарықтан төменгі солтүстік-батысына қарай созылған жағасына орналасты. Тек Жәнібек сұлтан мен оның балаларының ауылдары, қастарына мың шаңырақ төлеңгіттерін қосып, мұз қата Көкше теңіздің үстімен оңтүстік жағындағы Қаратал өзенінің бойына өтіп, сол тұсқа қыстау салды. Жәнібек сұлтанның бұнысы жер жетпегендіктен емес, әдейі көшу еді. Қаратал өзенінің ар жағында Аякөз өзені бойымен сонау Тарбағатай тауларының Қытай жеріне дейін созылған аймағын тегіс Найман, Керей, Уақ рулары жайлайтын. Қазақ руларының басын қосып жеке хан көтеріп, ел болуды арман еткен Жәнібек сұлтан Найман, Керей, Уақ руларымен іргелес отыруды жөн көрді. Бұнысы дұрыс та боп шықты. Ортаншы ұлы Қамбар батыр алғашқы аттанысында Тарбағатай тауының бойындағы қазақтарға барып қайтқанынан-ақ, Жәнібек сұлтанның қадірі бұл маңайға өсе түскен. Найман, Керей, Уақ рулары Жәнібекке өздерін бағынышты санай бастады. Сөйтіп ел боламыз деген қазақ рулары, осы алғашқы жылы-ақ, бір шеті Телікөлдің төменгі етегі болса, екінші шеті Тарбағатай тауының биік басына дейін құлаш созды. Қазақ елі осы жылы-ақ қанатын екі жаққа кере жайған алып қыранға ұқсай түсті. Жылқысы тебінге, түйесі қарағанға, сарығанға үйренген қазақ ауылдарына қыста қамысы қалың, қары жұқа Шу, Сарысу, Талас, Қаратал өзендері мен Балқаш Саумалкөл, Телікөлден артық қоныс керек емес-ті. Тек қамысында қаптаған қабаны, тым көп болмаса да ара-тұра кездесетін ала шұбар жолбарысы, тарғыл барысы ғана малға қауіпті еді. Бірақ көп кешікпей, аң тәсіліне еті үйренген қазақ жігіттері, бұл қауіптерді де жеңіп алды. Ақыра шапқан жолбарыс, сегіз қырлы сауыт бұзар жебенің көкірегінен барып қадалған қанжар ұшына шыдай алмай жер қаба құлады. Енді қамыстан адам емес аңның өзі қашты.

Бұл қамысты өлкенің тағы да бір ғажайып ерекшелігі болатын. Қазақ руларының ежелгі кәсібі мал шаруашылығы. Көшсе — көлігі, сойса — соғымы. Еті мен сүтін — ас, терісі мен жүнін киім етеді. Малы неғұрлым көп болса, соғұрлым тіршілігі жақсы. Сондықтан да қазақ «мал ашуы — жан ашуы» деп келеді. Ал малға керегі жер, жайылым. Қамысты Шу, Сарысу, Талас бойлары мен қар суынан жаратылған жүздеген тұнық, борықты тұщы көлдердің кең өңірлері қыстың күні жайлы болғанмен, малға жаз тым мазасыз, азабы тамұқтан кем тимейтін. Мал түгіл, адамға да қолайсыз. Көкек шыға бұл өлкені тұмандай қаптаған быжынаған сона, маса, бөгелек басады. Жан-жануарға жанын қоярға жер тапқызбайды. Осындай жағдай Қыркүйектің басына дейін созылады. Көне заманнан бастап бұл арада сонау Кіші Кебін өзенінің сағасынан төменгі Мойынқұмға дейін жаз бойы ешбір ел тұрмайды. «Қазақ қай бір сүтті қызын береді» дегендей, Исан-Бұғының да көшіп келген ағайынға бұл жерді бере салуының бір себебі осында еді. Бос жатқан жерді «жауың емес, досыңмын» деген қазақ руларынан аясын ба, мырзалық ете салған.

Жәнібек пен Керей үш-төрт жыл өтпей-ақ жазғы жайлауын ойлай бастады. Қыруар елді өсіп келе жатқан бықыған малымен қайда апармақ? Рас, біраз жұрт осы уақытқа дейін Шу мен Таластың жоғарғы бойын өрлей Қошқар, Жуанарық өңіріне көшіп келді. Кей ауылдар Көкше теңіздің маңына да барды. Енді бүйте беруге болмайды. Сонда жайлауды қайдан табады? Наурыз бітпей биыл Көкше теңіз үстімен солтүстікке шығып алған Жәнібек ауылдары, көп ұзамай Мойындықұм маңайында қалған қалың елге келіп қосылған. Бұл кезде Жәнібек пен Керейдің қарамағындағы ел үш жүз мың үйге жеткен. Әбілқайырдың құрығы бұрын да мойнына түсе қоймаған Көкше теңіз маңындағы ел Жәнібекке тегіс бағынған. Әулиеата, Мерке маңайындағы Дулат пен Қоңыраттар да қос сұлтанның жарлығына мойын ұсынған.

Міне, осы кезде жазғы қамын ойлаған елдің ақсақал, би, батырлары жиналып екі мәселені шешті. Бірі — жасының үлкендігін сыйлап Рабиуыл айының басында ақ кигізге көтеріп, Керейді қазақтың ханы сайлады. Екіншісі — жазғы жайлауы етіп Қара Кеңгір, Сары Кеңгір өзендерінен бастап Ұлытау, Арғынаты тауларының бойын қуалай, ортадағы Шойындықөл, Ақкөл, Барақ көлді ала отырып, сонау, Есіл, Нұра өзендеріне дейін көшпек болды. Малына жайылым, өзіне пана керек жұрт «Әбілқайыр берсе қолынан, бермесе жолынан аламыз» деп атқа қонды. Қазақ руларының бұнысы көк шалғынды, саумал көлді ежелгі қонысын ел болып қайтадан өзі билеп, өзі төстеудегі алғашқы адымы еді. Бұған Әбілқайыр қарсы тұра алмады. «Қазақ елін құмға қашырып, қырып тастандар» деп жіберген

он мың лашкарларының қолынан ханның бұйрығын орындау келмеді. Лашкарларды бастаған Бахтияр-баһадурдан кейінгі ханның ең сенімді адамы, қара аюдай алпақ-салпақ мол денесі мен бойына біткен алып күші үшін, руының атын өз атына айналдырып «Қарашың» деп аталған әскер қолбасшысы Дарвиш-Хұсайын батыр, көшкен елдің соңынан қуып жетсе де, ештеңе істей алмады. Отыз мың сойылды әскерімен көш соңынан қорған боп келе жатқан Жәнібек сұлтан да бұларға назар аударып кейін бұрылмады. Қыр бөктерлей жортқан көкжал қасқырға тап беруге бата алмаса да, кейін қалып қоюға намыстанған ауыл төбеттері тәрізді, Әбілқайыр ханның лашкарлары алыстан садақ атып құр мазасын алып, соңдарынан жүріп отырды. Қарашыңның бұл тәсіліне Жәнібек таң қалды. «Сірә, менің әскерімнің аттан түсіп, бір жайбарақат қалар кезін күте ме? Олай болса...» Жәнібек кенет отыз мың әскерінің атының басын кейін бұрдырып алды да, Қарашыңның лашкарларына лап қойды. Арқаның жазық даласында бауырын жаза шапқан кілең тоқпақ жал, қамыс құлақ, бөрте мінген қалың қол заматта жау жасақтарын жан-жағынан қоршап алды. Бұл Қыпшақ шабуылшыларының ежелгі тәсілі. Алдында жайбарақат келе жатқан қалың қолдан мұндай жылдамдықты күтпеген Қарашың баһадур кенет туған қауіпті көріп жаман састы. Отыз мың сыпай отыз мың садағын бір рет қана тартса орталарында қотандағы қойдай қоршалған он мың лашкардан не қалады? Бір адамға үш жебеден. Батырға да жан керек, Қарашың бітім сұрады. Бұл оқиға Даираяқтың тақыры, Шотшөт көлінің тұсында болған. Кешегі бауырлас рулардың қанын төгуді Жәнібек лайық көрмей бітімге келген. Бітім біреу-ақ; «бізге қосылғысы келген лашкарлар бізге қосылсын, ал бізге қосылғысы келмегендері екеу ара бір ат мініп, қалған аттарын тастап елдеріне қайтсын. Босаған аттардың бәрі бізге қалсын». Қарашың лашкарларының үштен бірі Жәнібек жағына шықты. Қалғандарының елдеріне қайтқысы келді. Бірақ екінің бірі аттарынан айырылды. Сөйтіп алты мыңдай адам екі-екіден атқа мінгесе мініп кейін жүрді. Телікөл-тата тасығанда барып құятын Сегізсай Сарыаланың жанындағы сол кезде «Атмінгескен» деп аталатын қия жол содан қалған. Әскерінің қалай жеңілгенін естіген Әбілқайыр, бір кезде бүкіл Дәшті Қыпшақты, Мауреннахр, Қорасанды бағындырған лашкарларының енді масқара боп, мінгесіп қайтқанына жаман қорланды. Ашудан бір орнында отыра алмады. «Тірі жүрсем, Жәнібек сұлтан, осы істегеніңді алдыңа келтірмесем, Әбілқайыр атым құрысын» деп ант берді. Бірақ антын орындай алмай өтті. Қарашыңның қолын жеңуі — жас арыстан қазақ елінің жауына айбарын алғашқы көрсетуі еді. Енді ол жылдан жылға есейе түсті. Тағы үш жылдан кейін Керей қайтыс болып, Жәнібекті хан етіп ақ кигізге көтергенде, қазақ рулары бастары бірігіп, Шу, Талас, Сарысу, бүкіл Көкше теңіз бойын, Дәшті Қыпшақтың солтүстігіндегі Есіл, Нұра, Тобыл өзендеріне дейін тегіс алып болған еді. Осы жердің оңтүстігін қыстауы, солтүстігін жайлауы етті. Елдің елдігін, ердің ерлігін көрсететін заман енді туды. Тек осы шағын жерде көшіп жүре берсе, бір күні өзінен күшті Әбілқайыр секілді бір ханның қалың қол шығарып, қайтадан басып алатынын Жәнібек жақсы ұқты. Өзің күшті болсаң, өзгемен көшің қатарлассын. Ал күшті болу үшін, енді қазақ біржолата руға бөлініп бытырап жүруді тыйып, айбынды мемлекетке айналуы керек. Ұшы-қиыры жоқ далада малының әуенімен әр руы өз алдына көшіп, тарап жүрген қазақтың, Иран, Үндістан, тіпті қала берді тұрғын ел Мауреннахрдай тастай берік мемлекет болуының қиын екенін Жәнібек бұрыннан да жақсы түсінетін. Әйтсе де кәсібі бір, нәсілі бір, тілі бір бүкіл қазақ руының басын бір жерге қоса алмаса да, сол өзінің мал шаруашылығына тән көшпелі тіршілігіне ыңғайлы хандық құруға болатынына ол сенетін. Бұл, қазақтың тарам-тарам боп әр ханның қолында құрып кетпеуі үшін керек еді. Тіршілік тартысы, халықтың өзін сақтап қалу күресі — бәрі де бір ел болмай мүмкін емес-ті. Бұл арман халықты алысуға мәжбүр етті. Ал жеке мемлекет болу үшін, ел бірлігінен басқа, жауың сескенетін әскерің мен халқыңның мұң-мұқтажын, керегін қамтамасыз ететін, өзге жұртпен байланыс жасайтын кәсіпорындары, сауда-саттық жүргізетін шаһарлар керек. Бұл шаһарлар Дәшті Қыпшақ жерімен шекаралас Түркістан өлкесінде. Ал Түркістан Әбілқайыр ханның қолында. Бір кезде бұл шаһарлар қазақтың алғашқы ханының бірі Орысханның қарамағында болған. Орысхан Ақ Орданың туын көтергенде, Шыңғысхан мүлдем құртып жіберген Сығанақ, Сайрам, Яссыны қайтадан тұрғызған. Сығанаққа астанасын көшірген. Қазақ руларына керек шай, қант, мата, ыдыс-аяқ, қазан-ошақ — бәрін Үндістан, Қытай, Иран саудагерлерінен алып, Шығыспен сауда жүргізе бастаған. Бұның бәрі Ақ Орданың құлауымен бірге біткен. Ал бұл жағдайға жету үшін, құлап қалған Ақ Орданы қайта тұрғызу керек. Әрине Ақ Орданы қайта тұрғызу деген сөз, бүкіл Дәшті Қыпшақ жерін, Түркістан уәлиетін өзіне қарату деген сөз. Бұнсыз қазақ күшті ел бола алмайды, бұнсыз қазақ өз басын сыртқы жауынан қорғай алмайды. Осы ойдың бәрін — ел

бірлігін күшейтіп, ру-ру боп жүрген ағайындас жұртты қазақ деген бір ел етті, сол елді, жан-жағындағы қанды көз жаулары бесігінде жатқанда қыршынынан қиып құртып кетпес үшін, айбарлы атты әскер құруды Жәнібек көп ойлады. Әрине, ондай басы біріккен, мол әскерлі елді мемлекетке айналдыру үшін, Ақ Орданы қайта тұрғызып, бүкіл Дәшті Қыпшақ жері мен Түркістанды өз қарамағына алу өте қажет. Алғашқы екеуі қазақ руларының берекесімен, ауыз бірлігімен байланысты болса, үшіншісі ұзақ тартыссыз, әсіресе Дәшті Қыпшақ ханы Әбілқайырмен қан майданда кездесіп, аянбай қан төгіспей шешілмейтін тілек еді.

Түркістан Әбілқайырға да, Ақсақ Темір әмірлеріне де керек. Ал бастары жаңа қосылып келе жатқан қазақ руларына Түркістан уәлиетіне жататын Сырдария жағасындағы кенттердің маңызы ерекше зор болатын.

Бұл ерекшелік ең алдымен Сырдария шаһарларының шаруашылық жағдайымен байланысты себептерден туған.

Дәшті Қыпшақтың көшпелі еліне қаланың өнеркәсіп заттары, отырықшы жұрттың егісінен өнетін азық-түлігі қандай қажет болса, отырықшы елдер де көшпелі жұрттың өсіріп отырған малының еті, жүні, терісіне сондай мұқтаж еді. Ал Сырдария шаһарлары Орта Азия мен Дәшті Қыпшақтың ортасындағы сауда-саттық бекеті ғана болып қалмады. Өздері де сол Дәшті Қыпшақ ауылдарына керек өнеркәсіп заттарын молынан өндіріп, екі жақтың сауда-саттық ісіне қызу араласты. Мұндай жағдай бұл шаһарлардың қаулап өркендеулеріне себеп болды. Әрине, бұл қалаларды қолына түсіру — Дәшті Қыпшақ хандарының да, Мауреннахр әмірлерінің де көкейтесті арманы екені даусыз еді. Қазақ хандарының Сырдария шаһарларына телміре қарауының екінші себебі қарамағындағы мал шаруашылығымен шұғылданатын елді жайылыммен қамтамасыз етуден туған. Қары аз, қысы жылы Сырдария жағасы көшпелі ауылдарға қысқы жағдайда таптырмайтын қоныс. Күннен күнге мал басы өсіп, өркендеп келе жатқан көшпелі жұртқа Шу, Сарысу, Талас өзендерінің бойы енді жеткіліксіз бола бастаған. Амал жоқ, қазақ еліне тағы жаңа қысқы қоныс іздеуге тура келді. Ал бұл жағынан құйқалы Сырдария қойнауларынан артық жер табу қиын-ды. Жаз малын Арқада бағып, қыс осы Сыр бойын жайлауды қазақ рулары көксей бастады. Осы арманы орындалса, бүкіл Дәшті Қыпшақ халқының алдында абыройы көтеріле түсетінін Жәнібек хан өте жақсы түсінді.

Үшінші жағынан бұл қалалар әскери бекініс ретінде де аса керекті еді. Моғолстан хандары Шу, Сарысу, Талас бойларын Мауреннахр әмірлерінен сақтайтын қалқан көрсе, Мауреннахр әмірлері Түркістан уәлиетін Мауреннахрды Дәшті Қыпшақтан қорғайтын бекініс санады. Ал Әбілқайыр осы Түркістан шаһарларына сүйене отырып, бүкіл Дәшті Қыпшақты уысымда ұстасам деді.

Әбілқайыр арманы да, Дәшті Қыпшақ елдерінің көкейкесті тілегі де осы Сыр бойына келіп түйісті. Ал Жәнібек хан ұшы-қиыр шеті жоқ Дәшті Қыпшақ жерін ұстап тұру үшін мықты бекініс осы Сырдария шаһарлары екенін өзгеден анағұрлым терең ұқты.

Сондықтан да оның қырағы көзі күндіз-түні Түркістан жағына тігулі. Ал Жәнібек ханның жатса да, тұрса да ойлайтыны, әсіресе, Дәшті Қыпшақ жеріне ең жақын тұрған, кешегі бабаларының, Ақ Орданың кіндігі — Сығанақ пен оған таяу Дәшті Қыпшақтың көне шаһарлары Сауран, Созақ, Яссы, Сайрам...

Бұл қалалар өздерінің ұзақ өмірлерінде не көрмеді? Түркістан өлкесін қандай хан билемесін, тек одан өз пайдасын көздеді. Жан-жағы егіндікке бай, Түркістан шаһарларының михнатын диқаны тартса, қызығына бірінен соң бірі басқарған хакімдері батты. Еңбекші бұқараларға салынған алым-салық, қаржы-қаражат тек қаланы билеген бекзадалардың ғана дәулетін молайтты. Бай-манаптың үстемдігін асырды, қайда барса да тек кедейлер ғана сорлады. Қала-мединелерді басқарып отырған хакім, даруғалар мемлекетке деген көзқарастарын өздерінің жеке мүддесіне қарай белгіледі. Сол себептен де бұл шаһарларды билеген мықтылар ойына келгенін істеді, қарамағындағы елді өзінің меншікті мүлкі санады. Мединелерді билеген бекзадалардың асқандығы соншалық, қалаға таласып жатқан екі жақтың қайсысының қарамағына көшкісі келсе, соған өз еркімен көше берді. Егер қала мықтылары өз бастарына пайдалы көрсе, кешегі жауына бүгін өзі апарып қала қақпасының кілтін ұстатты. Осындай жағдайларды ойлаған Түркістанды жаулап алған хандар, әрқашан да бұл шаһарларға хакім етіп өздерінің сенімді жақындарын ғана қоюға тырысты. Бұл әдетті Әбілқайыр хан да қатты қолданды. Түркістан уәлиетін өзіне қаратқаннан кейін, осы уәлиетті жаулап алуда көп қаһар көрсеткені үшін, Сығанақтың хакімі етіп Манедан-оғланды, Үзкентке — Маңғыт руының биі Оқасты белгілеп, Созақ бекінісін немере ағасы

Хызырханның баласы Бахтияр сұлтанға тартты. Яссы, Сауран, Сайрамдарды да осылар тәрізді Әбілқайырға өте сенімді не болмаса хан тұқымынан шыққан сұлтандар билеуде еді.

Ал бұл хакімдердің Жәнібек жағына шығуы үшін жалғыз-ақ жол бар. Ол жол: Жәнібек Әбілқайырдан күшті болуы керек. Күшті болудың жолы биіктігі қырық құлаш, қаланы қоршаған қорғандарды алу ғана емес. Тастай түйінген бұл шаһарларға шабуыл жасап, орынсыз қырылудан гөрі, алдыменен Дәшті Қыпшақтағы рулардың басын біріктіріп, мықты әскер құра білу шарт. Егер халықты өзіне бағындыра алса, мықты қол жинау да қиынға түспейді. Ал, азғантай ғана шұрайлы жайылым үшін бірінің малын бірі барымталап, жігіттерін сойылға жығуға дейін баратын қазақ руларын өзіне бағындыру оңайға түскен бе! әрқайсысы өзін-өзі дәй санайтын, өзім дегенде өгіз қара күші бар әр рудың би, батырларын бір ханға бағындыру оңай болып па? Тағы бір қиындығы Әбілқайырмен айырылысар кезде намысқа шауып, бір жұдырықтай жұмыла қалған қазақтың басты рулары тынысы кеңіген сайын, жұмылған жұдырығы жазылып, біріктік деп тартқан айылы босай түскен. Өзінің ежелгі дәстүріне салып, малының әуеніне қарай бытырай көше бастаған. Жәнібектің де ең қорыққаны халықтың жібі босап кететін осы кез еді. Әбілқайыр ханның да күткені осы. Бытыраған руларды біртіндеп жаулап алып, Түркістан қалаларын да босағасын берік ұстап, бүкіл Дәшті Қыпшақты қайтадан өзіне бағындырады. Ал Жәнібек Арғын, Қыпшақ қос шоқпарын қолына мықтап ұстап, жаңа ұйып келе жатқан ел бірлігіне іріткі салдырмайды. Көнгісі келген руларды ақылмен көндіреді, ал көнгісі келмегендерін қан-жоса етіп күшпен дегеніне бақыл еткізеді. Осылай шешкен Жәнібек аулы Қара Кеңгір жағасына келіп жайлауға қонған шақта, Тауық жылы, екінші айдың орта шенінде Арғынның ақсақалы Қотан тайшы мен Қыпшақтың әрі биі, әрі батыры, әрі сөзуар жөлауызды шешен-ақыны қарға бойлы Қазтуғанды кеңеске шақырды. Бұл кезде Арғын руының көсемі Арғын би еді. Ал Қыпшақтың билігі әлі тұғырынан түсе қоймаған Қара Қыпшақ Қобыланды батырда болатын. Қазақтың ең көп және батыр руларының көсемдерін шақырмай, ханның жырауларды шақыруында да көп мән бар. Жәнібек ел билеген жақсыдан, ел аралаған ақын сыншы екенін білетін. Ақын ел құлағы, ел көзі, ел жүрегі. Жұртының тамырының қалай соғатынын және оның көңіл күйін, мұң-мұқтажын бұлардан артық айтып беретін тірі пенде жоқ. Сан ақын-жыраулар халқының ауыр халін хандарына жыр етіп беремін деп, қуғынға ұшыраған, құрбан да болған.

Жәнібек Қотан мен қарға бойлы Қазтуғанды шақырғанда халқының көңілінің қандай күйде екенін білгісі келген-ді. Қос жырау бір күні жетті. Өздеріне арналып тігілген қос ақ боз үйге атқосшы жігіттерімен жайғасып жатқандарында: «Асан ата, кәдімгі ел құлағы, ел көзі Асан Қайғы келе жатыр» деген хабар дүңк ете қалды. Сөйткенше болған жоқ «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы бидің» алтыншы ұрпағы, ел кезген Асан ата ауыл сыртына кеп, Ақсирақ жүрдегінің үстінен түсті. Бұл шақ күн батып бара жатқан мезгіл еді. Хан аулы маңында мал болмағанмен, төменгі елдің қайтқан қойының маңырағаны, құрақтағы жылқысының кісінегені, аусыл аруаналардың боздағаны, зеңгі баба шаңырақ мүйіз сиырлардың мәңірегені алыстан естіліп жатты. Кәрі төбеттің балпылдай үрген дүңкілдек даусы, әлдекімнің «Қозыжан, Қозыжан!» деп баласын еркелете шақырған айқайы шығады. Күндізгі аңызақ жел де тоқтап, кешкі таманғы тына қалған таза ауада малы өрістен қайтып абыр-сабыр болған, төменде жатқан төлеңгіт ауылдарының у-шуы хан Ордасына анық естіліп тұрады. Қара Кеңгірдің көк балауса жасыл шалғынды арғы жағасында, сонау ойпаттағы қамысты көлге дейін быжынаған ел көрінеді. Сүт пісіруге, ас қамдауға кіріскен қатындардың жаққан оттарының көгілдір түтіні ауыл үстінен көкке көлбей ұшып барады. Қамысты көлден белеске қарай көтерілген көп жылқы күңгірттене бұлдырап көзге түседі. Бергі ауылдың қырқа жағындағы жазықта, қолында құрығы бар, ақ боз жүйрік мінген жігіт, асау қуып келеді.

Хан Ордасында қарт Қотан мен қарға бойлы Қазтуғанның келіп сәлем беруін күтіп отырған Жәнібек, «Асан Қайғы келіп ауыл сыртында түсіп жатыр» деген хабарды естісімен, бүкіл Дәшті Қыпшақ ардақтайтын, қазағы үшін қайғылы жырауды өзі шығып қарсы алмақ болды. Жәнібек нөкерлерін ертіп, Ордадан шығып есік алдында сәл кідірді. Өзеннің арғы бетіндегі ауылға қарады. Түйсік қабақты ханның сұрғылт сынық жүзінде кенет бір күлімсірегендей шырай елең берді. Шынында да ауылдың кешкі суреті адамның көңілін көтерерліктей орасан сұлу еді. Жәнібек енді осыншама жан тербетер сұлу суретке көз салып рахаттанбай, бағанадан бері Орда ішінде отыра бергеніне өкінді. «Дүние деген міне осы, мұның хан екенінде де, халқының қамын ойлап күні бойы Ордадан шықпағанымен де ісі жоқ, өз қызығымен, қуанышымен өте береді». Дәл осы кезде ақ боз жүйрік мінген бала

жігіт бағанадан бері ұстамақ асауын хан тұсындағы өзеннің жағасымен жанастыра қуып, алдындағы асау жалт бұрылып алдынан өте берем дегенде, қолындағы құрығын мойнына жып еткізіп сала қойды. Асау, бала жігітті атматымен сүйрей жөнелді. Бірақ жігіт жібермеді. Үзеңгісін шірене арт жағына қарай қисая, қолындағы құрығын қос қолдап бұрай тартып жанаса жабысып келеді. Күндікке шапқан жүйрік шаршады ма, әлде мойнына түскен құрықтың қыл арқаны батты ма, екі бүйірін солқылдата демін алып, үстінен тері көпсіп бұрқырап, қамыс құлағын қайшылай теңселе барып тоқтады. Құрықшының қимылына риза болған хан «Жігітім-ақ екенсің! Кімнің баласы екен өзі?» деді. Хан сұрағына жауап тапқалы бір нөкері ауыл сыртындағы сайдағы атына жөнелді. Жәнібек енді хан Ордасына қарай беттеген Асан Қайғы тобына қарсы жүрді. Ханнан бұрын, қайғылы жырауды қошеметпен қарт Қотан мен Қазтуған қарсы алған. Асанды екеуі екі жағынан қолтықтап, топ адамды соңдарынан ертіп келе жатыр екен. Жәнібек хан нөкерлерімен таяу келіп, қол қусырып иіліп сәлем берді.

— Арсың ба, Асан ата?

— Барсың ба, жарқыным?

Хан енді қазақ әдетімен алдымен құшағын айқастыра, кеудесіне кеудесін тигізіп, әуелі Асан Қайғымен сәлемдесті, содан соң барып Қотан жыраумен, Қазтуғанмен амандасты. Қазтуғанның орнына енді Жәнібек ханның өзі Асан Қайғының қолтығынан ұстады. Бәрі бірдей хан Ордасына беттеді. Ақ Ордаға тәжім етіп кіргеннен кейін үш жырау хан тағының оң жағындағы шайы көрпенің үстіне барып отырды. Асан Қайғы төрде. Одан сәл төмендеу Қотан қарт, сосын барып Қазтуған тайшы жайғасты. Хан нөкерлері аяқтарының ұшымен дыбыс шығармай жүріп, шынтақтарына үлпілдеген мамық жастық салды. Сөйтсе де Жәнібек ханды сыйлаған қарттар, аяқтарын көсіліп жастыққа жантаймады, сол малдастарын құрып отырған қалыптарынан қозғалмады.

— Жол болсын, қария, — деді Жәнібек, Асан Қайғыдан жөн сұрап, — алыстан келесіз бе?

— Ақсираққа жақын, ақсақалға алыс жерден келемін, жарқыным. Бабам Майқы би көш салған Алатаудың қойнауындағы, гүл-бақшасы жайнаған, бұлбұл құсы сайраған Алмалықтан шыққан бетім бар...

— Ә-ә... құтты қоныстан аттанған екенсіз ғой.

— Құтты дейсіз бе?... — Асан атаның қабағы қарс жабылып кетті. — Бізден де бұрын насрани діні шіркеуі салынған екен...

— Батыс қонысы тым алыс қой.

— Қызыл түлкіге қызыққан қыранға алты күндік атырап әудем жерден жақын.

— Рас, Жетісу өңірі жердің қызыл түлкісі.

— Айыбы — ажары. Сол себептен де Сойқын Сайдан Шығыстың әп жыланы әлсін-әлсін басын сумаңдай көрсетіп жатқан жоқ па?

— Тірі қалғың келсе елің күшті болсын.

— Елім қайтсе күшті болады?

— Арманына жеткен ел күшті болады.

— Қандай арманды айтасыз?

— Жерүйек деген халқыңның арманын айтамын. Бұ жалғанның жерүйегі Жетісу екен. Алтын Орданды сол Жетісудағы Алмалыққа тіккенінде қой үстінде боз торғай жұмыртқалар заман орнайды. Біз жетпегенмен оған біздің ұрпағымыз жетеді.

Жәнібек езу тартты.

— Бірақ оған шейін Әбілқайырдың көк бөрілері бізді талап қан етпек қой.

— Дұрыс айтасың, жарқыным, қазіргі заман әлі жеткеннің заманы. Жолай Ахмет қожаның мешітіне құран оқып шығайын деп Яссыға бұрылып едім, Әбілқайыр ханның өмірімен істелген бір қиянатты көрдім...

— Қандай қиянат?

— Хакім Мұхамед-Мазид тархан Яссыға керуен тартып келген қазақ саудагерлерінің малын тартып алып, өздерін құмға қуып салыпты.

— Бұнысы Әбілқайырдың Түркістан жеріне қазақ саудагерлері келмесін дегені ғой.

— Иә...

Бағанадан бері үндемей отырған қарға бойлы Қазтуған оқыс қимылдап ханға қарады.

— Сонда қара қазақ жейделік қарбас¹ пен кебіндік бөзді қайдан алады?

¹ Қарбас — көне түркі тілі, мата деген мағынада (сәтен).

Жайшылықта сырға тұйық Жәнібек, қазақ саудагерлеріне істеген Әбілқайыр қорлығы жанына батып кетті ме, өзін-өзі ұстай алмай қалды.

— Түркістаннан аламыз, — деді ол Қазтуғанға қарап, — алдымен Түркістанның өзін аламыз.

Асан Қайғы Жәнібекке ойлана көз тастады.

— Шырағым, Жәнібек, бабаң Орысханның ақылы саған қонды ма деп едім, адаспаған екенмін. Әбілқайырдан айырылғаныңа қарсы болмасам да, Шуға көшемін дегеніңді ұнатпағам. Енді қанып отырмын, ойың алыста жатыр екен... Әрине қазақ енді шаһарсыз күн көре алмайды. Бұқардың мейізі мен Ташкенттің науаты қазақ сорлының да аузының дәмін енгізгендей. Бірақ Әбілқайыр саған оп-оңай Түркістанды бере ме? Күшің жетіп тұрып қан төккеннен, күшің жетпей жатып қан төккеннің күнәсі ауыр.

— Мен қан төгейін деп отырмын ба? Түркістан ата қонысым. Түбі қан төкпей бітіспейтін болсақ, амалымыз не? Биыл күшім аз, ал келесі жылы...

Енді сөзге Қотан қарт кірісті.

— Оған көзің жете ме? әрі-бері көшіп жүдеген жұрт жаңа тойына бастады ғой. Ар жағына ел қонған адамды оңай орнынан тұрғыза алмайсың...

— Жау шапқалы тұрса да ма?

Қотан жырау ойлана жауап қайырды.

— Тоқ бала аш болам деп ойлай ма?

Халқының жайын ақындарымнан білермін, деген үмітінің ақталғанына Жәнібек іштей риза болды.

— Сендерді босқа шақырмаған екенмін, — деді ол, — жақсы бұл жайды жата-жастана кеңеселік...

Асан Қайғыға ақ үй тігіліп, үш жырауға арнап қазысы кере қарыс қысыр бие сойылды. Сапырылған уыздай сары қымыз судай ақты. Өздерінің ардақты жырауларын қолдан қолға түсірмей, бір үйден соң бір үй шақырып, ауыл қазақтары бір апта әңгіме-дүкен құрумен өтті. Дәл осы кезде қазақтың алғашқы өз ханы Жәнібекке сәлем беремін деп сонау Еділ бойынан Едігенің немересі Темір бидің жиені, көмекейінен бұлбұлша сайраған он бес жасар Шалкиіз жырау келді. Алыстан сапар шеккен аяулы қонақты хан ауылының қыз-бозбаласы ат үстінен жерге түсірмей көтеріп әкеп, арнап тігілген ақ боз үйге кіргізді. Шаттық үстіне шаттық ұласты.

Бір апта өткеннен кейін хан өзінің үлкен ұлдары әдік, Қамбар, Қасым, Керейдің баласы Бұрындықты шақырып, қазақтың сол замандағы ең атақты төрт жырауымен бас қосты. Ел болам деген жұртқа қазір ең ыңғайлы кез екенін, бұл кезді пайдалана алмай қалса, тағы да ұзақ жылдар бастарының бірікпейтінін, тіпті жан-жағынан талағалы тұрған жат елдердің хан, патшаларының қолында талан-тараж болып кетулерінің мүмкін екенін айтысты. Көп жайды таразыға салып, ақылмен салмақтады. Ақырында кеп биыл Күзтоқсанның басында бүкіл қазақ руларының игі жақсыларын Бетпақ пен Жетіқоңыр құмының арасындағы Нұраның Қаратұзы деп аталатын жерге жимақ болды. Бұл ара қазақ жерінің діңгек ортасы. Тарбағатайдан Найман мен Керейдің, Жетісудан Үйсін, Дулаттың, Еділ, Жайық бойынан Алшын, Ноғайлының, Есіл, Нұра, Торғай бойынан ең алыстағы Арғын, Қыпшақ билерінің де келуіне қолайлы. Және Күзтоқсанның басында бұл маңай майда қоңыр, жылы, жауын-шашынсыз болады. Қысы-жазы гүлдеп соғып тұратын азынаған ашулы желі де басылады, әсіресе хан аулына тиімді. Қара Кеңгірден Шу, Таласқа қарай көшкен кезінде де бұрыс емес. Осы мәжілісте Жәнібек алдын ала үш жарғы жәйтті қарамақ боп шешімге келді. Бірінші жарғы, қазақ рулары бұдан былай қарай бір ханға бағынып, келесі жылы адам санына қарай Түркістанды жаулап алатын сыпайлар бермек. Екінші жарғы, Дәшті Қыпшақ жерінің шалғайлығымен қазақтың көп руларының Моғолстан, Қытай, Жоңғар шекарасындағы тайпаларда тұратынын еске алып, әр рудың жайлаған жеріне, рулық тілектестігіне, шаруашылығына қарай үш жүзге бөліну сөз болмақ. Жеріне, әдет-ғұрпына, ескіден келе жатқан туысқандық белгілеріне қарай үш жүз болып аталу мәселесі өткен ғасырдан келе жатқан әңгіме еді. Соны тағы сөз етпек. Егер жұрт көнсе, әр жүздің өзінің басты биі, батыры, қала берсе ханы болмақ. Сол үш жүзді билеушілер, басқарушылар сайып келгенде, бүкіл қазаққа деген жалғыз ханға бағынуға тиісті. Сонда ғана хан Ордасы ұшы-қиыры жоқ далада көшіп жүрген қазақтың толып жатқан руларын, үш жүздің басты адамдары арқылы бағындырып отыра алады. Бұнысы Шыңғысханның жаулап алған әлемін төрт ұлысқа бөліп, төрт ұлы арқылы Қарақұрым Үлкен Ордасына бағындырғаны тәрізді еді. Қала берді, Ақсақ Темірдің қарамағындағы жерлерді бірнеше уәлиетке бөліп билегеніне де ұқсайтын-ды. Онда

тек жерді ғана бөлсе, мұнда жайлап отырған жалпы жеріне қарай, рулар үш жүзге бөлінбек! Үшінші жарғы, осы мәжілісте әр ру өзінің рулық белгісін — таңбасын белгілемек. Бұл осынау барымталы, бір ру мен бір ру күнде сойылдасып, қырқысып жатқан заманда өте керекті шара болатын. Болашақ халық кеңесінде осындай үш күрделі мәселе қарамақ боп, жыраулар мен хан мәжілісі жабылды. Енді хан бұйрығын жеткізуге жан-жаққа шабармандар шапты. Бұл жарғылардың халыққа керек екенін түсіндірмек боп, төрт жырау да аттарына қонды.

әне-міне дегенше жаз да өте шықты. Күзтоқсанға екі апта қалғанда хан аулы, қаптаған төлеңгіт, қарашасымен Саумалкөлдiң тұсына келіп үйлерін тікті. Осы арадан Нұраның Қаратұзы желісті атқа жарты күндік жер.

Жетіқоңыр құмы мен Бетпақ даланың арасында қатқыл атырап бар. Жел тұрса құм сырғақтап жаяу борасындай бастайды. Ал ашық күндерде жарқырап жатады. Бұл бабаларымыз ісләм дініне кірмей тұрған кезде отқа, суға табынған дәуірде, көк тәңірісіне, жер тәңірісіне арналып адамнан құрбан шалынатын жер. Ежелден сұсты, жұмбақ атырап. Жетіқоңырдың өркеш-өркеш құмынан өтіп, жазыққа шығысыменен, сонау қу заманның белгісі боп, тақыр дала шетіндегі екі адамның бас сүйегі сонадайдан көзге түседі. Бастардың қасында атам заманда қадалған жуан діңгек қада бар. Күн күйдіріп, жел сүйіп, әбден

қара-қошқыл тас болып қатып қалған. Ол қадаға әлеміштер байланған. Бұл белгілеріне қарағанда, сонау арғы дәуірде осы арадан көшіп жүрген елдер бұл атырапты әулиелі жер санаған тәрізді. Өлгі қаданың теріскей жағында құлынжалданып, ұзыннан созылған түйелі кісі бойындай жарнұра бар. Етек тұсынан жер астындағы көзден жылап шыққан, мөлдір сулы шағын өзен ағады. Бұл өзен қарлы жылдары қатты тасиды. Тасығанда бір кезде телі емген бұзаудай, қос өзен құйғандықтан Телікөл деп атанған Телікөл-татаға құйып, бұл арадағы басқа арадағы басқа уақ қарасуларды қосып жатады. Сөйтіп сары ала сегіз сайға барып қосылады. Ал егер қысы қалың қарлы, жазы жаңбырлы жылы Нұраның Қаратұзынан шығатын сай суы жіңішке Сарыөзен — Сары Кеңгір мен Қара Кеңгір барып құятын Боқтықарын көліне дейін жетіп қалады. Бұндай тасу он жылда, жиырма жылда бір болады. Өзге жылдары Нұраның Қаратұз сайы сәл көпіріне көтеріліп, жаз шықпай-ақ құмға сіңіп жоғалып кетеді.

Осы көпке беймәлім, жұмбақ атырапта Жетіқоңыр құмы мен Сарысудың ортасынан өтетін қоба жол бар. Қоба жолды көк қияқ басып жатады. Адам тек салт атпен ғана бара алады.

Жәнібек хан осы Нұраның Қаратұзына әдейі арнап керуен жүргізді. Жазтоқсан болмай, басына елу үй тіккізіп, құмнан құдық қаздырып көнекпен су тартқызды. Сай бойына желі кердіріп, бие байлатты. Келетін қонақтарға деп әдейі қысырақтардың үйірін айдатты. Өзі әдік, Қамбар, Қасым, Бұрындықты ертіп, алдын ала келіп хан шатырын тіктіртті. Көп ұзамай адам түгел аң білмейтін жолдарды тауып, құла дүзге көшіп үйренген ру басшылары — билері, батырлары Нұраның Қаратұзының жан-жағынан ағыла бастады. Үйсіннен — Әбілқайыр Үргенішке кетер алдында бөлінген Қылышбай, Қара Оспан батырлар, Жалайырдан — Бөрібай батыр, Дулаттан — Бахтияр би, Арғыннан — бір топ батырларын ерткен Арғын би мен Қотан жырау, Қыпшақтан — Қара Қыпшақ Қобыланды мен Қазтуған жырау, Найманнан — Қаптағай батыр мен Тұңғашық батыр, Хақұлы би, Керейден — Қарақожа батыр, Қоңыраттан — Бағалы қожа мен Орыс батыр, Алшыннан — Темір бидің өзі мен Шалкиіз, Уақ пен Тарақтыдан Жаубасар, Асылкерей батырлар мен Борық би келді. Бұлардың әрқайсысы ру басы, Қаптағайдан басқасы мыңды айдаған шонжарлар. Әр ру басының қасында, өзінің қарамағындағы кіші тарамдарының ондаған би, батырлары бар. Үйсін Қылышбай, Қара Оспан батырлардың жанында Албан, Суаннан шыққан бірнеше заржақ ділмар, шешен, көсемдер келген.

әр халықтың тарихында сан түрлі кезеңі болады: өсу, өркендеу, күйікке ұшырау, күйреу... Осының бәрін басынан өткізген, заманының жақсылығын да, жамандығын да көрген, келешегі үшін жан аямай күресе білген, ауыр күндерін, басына төнген қауіп-қатерді жеңе білген халықтар ғана тарихта қалады. Өзінен күшті шығып, Майя, Қошан секілді елдер құрып кетуге мәжбүр болса да, ондай елдер адамзаттың мәдени өркендеуіне үлесін қосып кетеді.

Он бесінші ғасыр қазақ рулары үшін ең ауыр ғасырлардың бірі еді. Осы ғасырда өзара қырылысып, сырт жауын кейде жеңіп, кейде жеңіліп, тайталас түсіп жүрген қазақ рулары ел болып бастарын қосу үшін күресуге бел буды. Бірақ үйірлі құландардай шексіз даласында

ру-ру боп көшіп жүрген елдің басы оңай қосылмады. Бұл жеңіс ұлы айқастар арқылы келді. Қазақ руларының басын біріктіріп, қазақ хандығын құруда, мейлі күрес бақталастықтан-ақ басталсын, қайткен күнде де, Жәнібек пен Керейдің алатын орны ерекше. Әрине, халық өзі қаламаса екі адамның қолынан не келеді? Тегі ел болудың негізі халықтың көкейкесті арманында жатыр. Бұл кезең халық рухының лаулаған кезеңі.

әліпті таяқ деп білмейтін асау елдің кенет ұлттық, жауынгерлік тілегінің бұлай өрби түскенін сезген кейбір ру бастықтары жұртты өз дегендеріне тарта алмай қалды. Бұрынғыдай халықты бөліп ұстауға шамалары жетпеді, енді көпшілік ерген Жәнібек ханның соңынан еруге мәжбүр болды. Тек Темір би ғана бүлік шығара жаздады.

Бірнеше жыл кейін Тіленші ұлы Шалкиіз жырау:

Алп-алп басқан, алп басқан
Арабы торым өзіңсің.
Жазылы, алтын, қол кескен
Алдаспаным өзіңсің!
Сен алтынсың — мен пұлмын,
Сен сұлтаның — мен құлмын, —

деп мадақтаған Темір би бұл. Еділ — Жайықты бауыр басып алған, Алшын руларының көбі бағынған, Астраханьды билеген Қасым сұлтанның оң қолы — эмир-эль-умра яғни әскери басы болған би бұл. Жәнібек секілді адуынды ханға біржолата мойын ұсынса, Алшын жерінде өз үстемдігінің төмендеп кететінін ол бірден ұққан. Көп қаздың арасында мәз болғанша, көп қарғаның арасында қаз болған дұрыс деп тауып, Кіші жүз болып қалыптасып келе жатқан Алшынның өркөкірек руларын жеке билегісі келді. Астраханьды өзіне қаратып тұрған Қасым сұлтан Еділ — Жайыққа шын әмірші емес. Шын әмірші қазақтан шыққан, Едіге батырдың шөбересі, Ноғайлы хандығы кезінен би дәрежесінде келе жатқан шынжыр балақ, шұбар төс Темір. Дәл қазір шығысы мен батысындағы елдің өз билігіне қол сұғады деп сескенетін дымы жоқ. Әбілқайыр алыста. Қасым сұлтан тек Астрахань маңын ғана қамтиды. Орыс князьдары болса өздері әлі әбден біріге алмай жатыр... Ал шынтуайтқа келсек Темір бидің ойы Жәнібекке бағыну емес, Түрік патшалығына иек тіреу... Алыстағы ел, ол сенің ішкі жұмысында ісі болмайды, қай румен жақсысың, қай румен жамансың, қарамағыңдағы елді қалай билеп-төстеп жатырсың, бұның бәріне де қол сұқпайды, сырттай бағынғаныңмен қанағаттанады, ал өзің айтқаныңды еліңе қалай істетіп жатырсың — онда шаруасы жоқ. Жәнібекке бағынсаң бұл еркіншіліктен бірден айрыласың. Ол ішкі ісіңе өзіңмен бірдей қатысады. Жоқ, діні бір, тілі бір, нәсілі бір ханға бағыну — халқыңның тіршілігі көңілін селт еткізбейтін басқа халықтың патшасына бағынудан әлдеқайда қорқынышты. Осындай ойдағы Темір Россия мен Түркияның бір шайқасуын күтіп іштей алысуда еді. Түрік патшалығының күшінің кеми бастағанын есепке жатқызбаған. Түбі ол осы ойынан шықпақ. Еділ — Жайыққа әбден әмірші болып алғаннан кейін, Қырымды шауып, Мәскеу князьдарын алдай тұрып, Түркияға иек тіремек. Осыдан барып Темір шу дегеннен-ақ Жәнібектен іргесін аулақ сала бастаған. Жәнібекке қосылғысы келмеген кей ру бастықтары өзара қыңқылдаса, бұл ойын ішіне сақтап қала алмаған.

Темірдің бұлай еркінсі қимылдауының да төркіні белгілі еді.

әке жағынан аты шулы Едігенің шөбересі. Атасының айбынынан қорықпайтын қазақ жоқ. Нағыз аш қасқыр. Өзі де осал емес. Қазан хандарынан қыз алып, қыз берген. Осы биыл ғана он бес жасар кенже қызы Нұр-Сұлтанды Қазан ханы Ибрагимге ұзатқан. Сүйенерлері де бар. Өзі де өзгеге сүйеніш бола алатын жау жүрек батыр. Бауыр басып қалған Еділ мен Ақ Жайық бойын ешкімге ортақ еткізгісі келер емес. Жиналған би, батырлардың көпшілігі бірігіп бір ханға бағынайық деп отырғанда, бұл өзгеше кетті. Алайда Темір би де нөқта үзіп, айдалаға лаққан жоқ. Тек қосылғысы келмегенін астарлап білдірді.

— Ел болып бірігіп, әскер жинап, Әбілқайырдан ата мекен Түркістан жерін қайтып аламыз дегендерің құба-құп, табылған ақыл. Оған Еділ, Жайық, Хиуас теңіз бойындағы Алшынға жататын бар ру қол қояды. Сұраған уақыттарында бес түмен қол беруге бар. Бірақ Сығанақтағы ханға біздің бағынуымыздың жобасы келер ме екен? Жер арасы шалғай...

Өзгелерден жасы үлкен Үйсін Қара Оспан кеңк-кеңк күлді.

— Темір бидің аты жеткен жерге, Жәнібек ханның аты жете алмайды деп қорқасың ба?

Бұнысы осы араға сенің атың жетіп келгенде, сенің жеріңе Жәнібектің де аты жетеді дегені еді.

Сөз астарын түсінген қызба мінезділеу Темір би сөз таластырғысы келіп кетіп, ежелгі дәстүр бойынша, айыр тісті, алтын сыммен оралған тобылғы сапты қамшысын алдына тастай салды.

— Ат тұяғы басқан жердің бәрі бірдей шөптей жапырылып жата қалмайды, — деді ол қара сұр беті күреңденіп, — Әбілқайыр ханның да мүйізі шаңырақтай кей батырлары Еділдің ар жағына өткен. Бірақ одан не ұтты? Мойындары ырғайдай, биттері торғайдай боп елдеріне әзер жеткен.

Қамшысын енді Қара Оспан алдына тастады.

— Атыңның жүйріктігіне тым сене берме. Талай жүйріктердің де мойнына бұғау салынған. Байқа, Темір би, Жәнібек ханның құрығы Әбілқайырдікінен ұзын болып жүрмесін! Әбілқайыр Дәшті Қыпшақты билегенмен, Еділ өзені бойындағы Алшынның көптеген ауылдарына өктемдігін еркін жүргізе алмаған. Жау жүрек бұл рулар бағындық деп кейде уәде бергенмен де, нақтылы дізе бүге қоймаған. Бұған ызаланған Әбілқайыр Дәшті Қыпшақтың осы рулар жайлап жатқан шетіне сан рет қол шығарған. Соның бірі осыдан он жыл бұрын жіберген он мың әскері еді. Бұ жолғы жауынгерлерді осы Қара Оспан батыр басқарып барған.

Ол күндерде Қазының баласы, Темірдің әкесі Теңізбай би тірі болатын. Атасы Едігедей, әкесі Қазыдай ел шулатқан ер болмағанмен, жатып атар қулығы, жаудан қашып құтылар ақылы бар кісі еді.

Көк Орда ханынан әскер шығыпты дегенді естігеннен-ақ, ел билігі ауып бара жатқан баласы Темірге ақыл айтқан. «Әбілқайырдың қалың әскерін соғыспен жеңе алмайсың, оны айламен алу керек. Және өшіктірмес үшін қарсы ниет көрсетпеген жөн» деген. Темір аталы сөзге тоқтаған. Осы сөзден кейін бүкіл Алшын жағы Қара теңіз жағасы Қырымға қарай көшкен. Темір бес мың атты әскермен, қаптаған қоспен жұртында қалған. Ұзақ жер жүріп, аттың арқасын алдырып келген Қара Оспан Еділдің ар жағында тұрып, Әбілқайырға бағынбай жүрген елді көрген. Ат жалдап, сал салып бір түнде бергі жағаға өткен. Бірақ бос жатқан жұртқа кездескен. Бұлар арғы бетке шыққандарында Алшын, Жағалбайлы ауылдарының бергі бетке өтіп кеткенін білген. Ызаланған Қара Оспан ат сауырын құрғатпай қайтадан Еділге салған. Бірақ бұлар бергі бетке шыққандарында көшкен ел Жайыққа қарай бет алғанын аңғарды. Жайықтан өтіп қашқындардың соңына тағы түсті. Тек осы арада ғана Қара Оспан батыр алдарында ел емес, әскер екенін білді. Өзінің алданғанын ұққан Әбілқайыр қолы енді бұрынғысынан да қызулана қуды. Бірақ Темір әскері жеткізбеді, ақырында олар Нарын құмына қарай бұрылды. Сонда ғана Қара Оспан бұл қуғаннан дым шықпайтынын түсінді. Амал жоқ кейін қайтуға мәжбүр болды. Жолдағы кедей ауылдардан азын-аулақ жәрдем алып, азып-тозып өз жерлеріне жетті.

Темірдің «мүйізі шаңырақтай Әбілқайыр ханның кей батырлары Еділ, Жайықты көрген. Одан не ұтты?» деп кекетіп жатқаны да Қара Оспанның осы сәтсіз жорығы еді. Қара Оспанның: «Атыңның жүйріктігіне тым сене берме! Байқа, Темір би, Жәнібек ханның құрығы Әбілқайырдікінен ұзын болып жүрмесін!» дегені Темір биге «Әбілқайырдан қашып құтылғаныңдай, Жәнібектен қашып құтыла алмайсың» деп күні бұрын сес көрсетуі еді.

Темір би бұл ызғарды жақсы сезінді. Сөйтсе де өркөкірек кер мінезге салып оп-оңай жеңіле қалғысы келмеді. «Талас әлі біткен жоқ» деген ишарат көрсетіп, алдындағы қамшыны бір қозғап қойды.

— Әбілқайыр ханның кезінде Үйсіннің аты қуғанына жете алмайтын арық еді, енді хан Жәнібектің тұсында жал бітейін дегені ғой.

Темір бидің удай ащы тілі Қара Оспанның өңменінен өтіп кетті. «Бұнысы Әбілқайырға қызмет істеп ештеңе өндіре алмап едің, Үйсін, енді Жәнібекке жағынып құтырып отырсың дегені ғой!»

Қара Оспан шарт жүгініп отыра қалды. Қамшысын қозғауды да ұмытып кетті.

— әй, сен не малтаңды езіп отырсың. Маңғыт! Елінің ойын айтар Алшыннан бір ұл тумағаны ма?

Мұнысы Темір биге «сенің бабаң Едіге Көк Ордадағы Маңғыт руынан шыққан, Алшынның жоғын жоқтайтын сенің құқың жоқ» дегені.

Жәнібек қабағын түйіп тұнжырай қалды. «Сөз жоқ, Темір би өз үстемдігінен айырылып, Жәнібекке Алшын руларын қосқысы келмейді. Күшің асып басып алмасаң, жуытпайды. Ел болып бір ханға бағынудан, өз қарамағындағы жұртты өзі билеп, ақ дегенін алғыс, қара дегенін қарғыс еткізіп отыру — Темір бидің арманы. Бұл біздің ең осал жеріміз. Әсіресе, алыста жатқан рулар ырқымызға оңай көнбейді, сондықтан да ананы, мынаны сылтау етіп

Темір би де бірігуге қарсы ірткі салып отыр. Біріккің келмесе «құдай алдыңнан жарылқасын!» деп қуып шықсам ба екен? Жоқ, өйтуге болмайды. Қайткен күнде де Алшынның бүгінгі күні ауа жайылғаны жөн емес. Бұлар көнбей қалса, сынықтан бөтеннің бәрі жұғады, өзге рулар да олардан үлгі алуы мүмкін. Дауды ақылға салып сабырлықпен шешкен абзал».

Кенет ол басын көтеріп алды. Темірге тесіле қарады.

— Бабаң Едіге бүкіл Алтын Орданың тағдырын ойлап еді. Сен бір Ноғайлықтан аса алмай отырсың. Алшын елін қарамағыңнан шығаруға жоқсың... Бірақ соныға Алшын көне қояр ма екен? Өз тағдырын өзі шешкісі келсе, жолын табар. Алшын қайда болады, оны болашақ көрсетер. Жә, менің айтайын дегенім бұл емес. Басқа. Біздің жауымыз сен емессің — Әбілқайыр! Атаң Қазыны бауыздаған сол Әбілқайырмен соғысуға келесі жаз бес сан жауынгер бересің бе?

— Беремін!

— Қалғанын кезінде көрерміз.

Темір би Жәнібектің бұл салмақты айтқан сөзінің ар жағында қандай зіл жатқанын жақсы ұқты.

Бойын кенет бір қауіп билеп кетті. «Иә, Жәнібек хан түбі дегеніне жетпей тоқтамайды. Сонда не болғаны, бар қазақты билемек те, біз бұның құлы болмақпыз ба? Жоқ, Жәнібек, ол ойыңның сәті келмес. Қарамағымыздағы елді біз де оп-оңай бере қоймаспыз. Саған үлкен хандық керек болса, бізге кіші хандық керек! әлі алдымызда талай шайқас та, айқас та болар!».

Дәл осы кезде күншығыс жақтан құйындата шапқан салт атты көрінді. Жұрт елегізе со жаққа қарады. Сөйткенше болған жоқ, қара терге малынған, сүліктей жаралған астындағы баран жүйрігін Нұра етегінде отырған Жәнібек тобына тікелей салған шапқыншы жігіттің «Аттан! Аттан! Жау келіп қалды!» — деген айқайы шықты. Отырғандар орындарынан үрпиісіп түрегелді.

— Қайдағы жау?!

— Кім келіп қалды?!

Шапқыншы — ұзын бойлы, мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан, қара торы бала жігіт, ентелей шауып келіп, астындағы атын әзер тоқтатты. Екі бүйірінен демін алып:

— Тақсыр хан, — деді, — Көк Жыңғыл тұсынан қалың әскер көрінді. Беті осы Нұраның Қаратұзы. Басқарып келе жатқан Әбілқайырдың үлкен ұлы Шайх-Хайдар мен Қарашың баһадур. Мінгендері кілең ақалтеке, текежаумыт. Бастарындағы сеңсең бөріктері қазандай, мойындарында кілең көк темір алдаспан, қолдарында көк темір найза. Мұздай қаруланған, түстері де суық, жүрістері де суыт. Бие сауымындай мезгілде бұл араға да жетіп қалар.

Жәнібектің түрі де, даусы да өзгерген жоқ, әдеттегі байсалды қалпымен:

— Шамасы қанша адам екен? — деді.

— Мың қаралы.

— Көк Жыңғылдың арғы қабағында Керей мен Найманның түйелі қолы бар емес пе еді, төтеп бере алмады ма екен? әлде аналар аңғармай қалды ма?

— Сөйткен тәрізді. Бұлар Көк Жыңғылдың теріскей жағындағы құм арасындағы қоба жолмен өтіп кеткендей. Найман мен Керейдің қалқаны күнгейлеу жатыр.

— Оларға хабар бердіңдер ме?

— Менің серігім соларға шапты.

Жәнібек Ордасындағы өзіне тән адамдарынан «Күзтоқсанның басында қазақ руларының басшылары жиналып, бас қосып, бір ханға бағынып, әскер жинап, Түркістанды басып алмақ болып жатыр» деген хабарды естіген Әбілқайыр хан. Қазақ рулары бас қосатын кезде, бір түнде тек өзіне ғана бағынатын, кілең шаш ал десе, бас алатын қырағы сұлжық Түрікмен, Барлас, Маңғыт руларынан құрылған он сан жігітін, бастығы үлкен баласы Шайх-Хайдар мен ең сенімді, ер жүрек батыры Дарвиш-Хусаин Қарашыңды Нұраның Қаратұзына аттандырған. Тек түрікмен ақалтекесі мен текежаумыт аттары ғана өте алатын құмды жолдармен дабырсыз барып «Жәнібек ханның күлін көкке ұшырып, кеңесін шап» деген.

Қазақ ру бастықтары хан кеңесіне жиналып жатқанын естісе, жауларының бос қалмайтынынан Жәнібек те күдіктенген. Сол себепті Нұра қатқылының төрт жағынан елу шақырымдай жерде мың жауынгерден шепқалған құрған. Шағын жауға бұл төтеп бере алатын күш.

Нұраның қатқылына Көкшіл теңіз жағынан келетін жолда құдықтардан бөтен мал суаратын жер болмаған соң Найман мен Керей жігіттерін әдейі шөлге шыдамды, ұрысқа

жарайтын қос өркешті желмаяларға мінгізген. Найман, Керей жігіттеріне о кезде түйеге мініп жауға шығу үйреншікті әдет.

Жәнібек бұл әскерлерін, кеңес болар жерден әдейі тысқары орналастырды. Алда-жалда жау келіп қалар болса, майданды алғашқы үлкен хан кеңесінің үстінен ашқысы келмеді. Жігіттерінің жауды жол-жөнекей, оңашада қарсы алғанын жөн көрді. Бірақ Әбілқайыр Шайх-Хайдар мен Қарашыңға: «шамаларың келсе жолдарыңды тосқауылдап жатқан әскерлерден (тосқауыл әскер болатынына ол шек келтірмеген) жансыз өтуге тырысыңдар. Содан кейін хан кеңесін ойламаған жерден барып шабыңдар. Бірде бір бас көтерер адамы қалмасын, бассыз ел қайда барар екен!» деген.

Осындай жарлық алған Шайх-Хайдар мен Қарашың қалың құм мен тақырдың арасынан басқа жол тауып, Найман мен Керей жігіттері күтіп жатқан тұсқа соқпай, Нұра Қаратұзына тікелей өтіп кеткен.

Хан кеңесіне төнген қатер өте зор еді. Әбілқайырдың бұл «хан әскері» шынында да тек кілең жанынан безген, дені Византия, Египетті талай шапқан атақты батыр тұқым сұлжық түрікмендерінің ұрпақтарынан құрылатын-ды. Қазандай-қазандай бастарындағы сең-сең бөріктерін селкілдете, қолдарындағы көк найзаларын күнге ойната, жау шебіне садақ оғы жетер жерге жеткенше жұбын бұзбай, кіші-гірім тайлақтай астарындағы текежаумыт, ақалтеке сәйгүліктерін желе шоқытып, жауар бұлттай тұтаса келе жатқанда қандай жау жүрек әскер болса да бір әбігерленіп қалатыны айдан анық. «Хан лашкерлері» тұтқын алуды білмейтін, жауласқан елін кәрі-жасына қарамай тып-типыл етіп қайтуға құмар. Әбілқайыр хан бұларды өзге әскерінен ерекше ұстайтын. Жорықта олжа еткен қыз-келіншектеріне, талаған мүлік-қазыналарына қол сұқпайтын. Ортақ олжа деп хан тұқымдарының бөлісіне салдырмайтын. Осындай еркіндіктің арқасында бұлардың көбінде жеті-сегіз қатыннан болатын және әбден байып та алған жауынгерлер. Өздеріне тиетін мұндай пайданы білген соң, әбден қанға құнығып кеткен бұл жан аларлар ұрыста шегінуді білмейтін, жан аямай соғысатын.

Хан кеңесін шабуға келе жатқан міне, осы әскер еді. Бұл хабарды естіген қазақтың Қобыланды, Қамбар, Қара Оспан секілді аты шулы батырлары үстеріне сауыттарын киіп, қамыс құлақ, бөкен сан, жал-құйрығы жерге төгілген тұлпарларын ойнатып, өзгелерден сытылып шыға берді.

әсіресе бұлардың көзге түсері батыр Қобыланды мен астында есік пен төрдей қара сирақ тұлпары бар Жәнібектің екінші баласы Қамбар болатын. Қобыланды бұл кезде алпысқа таяп қалса да, Қазанға аттанғандағы қара шоқпарын әлі де бір қолымен ұршықтай үйіреді. Ал Қамбар батыр құдыққа құлаған нар түйені қос өркешінен ұстап суырып алатын алып күш. Екі иығына екі кісі мінгендей құлаш жауырын, бура сан, тартылуға дайын тұрған садақтай, дене құрылысынан күш иесі екені бірден сезіледі. Бұл Жәнібек Ордасының жауына жібергелі қайраған болат жебесі, кеудесінде жүрек емес, қатып қалған мүйіз бар тәрізді, бала жастан қорқудың не екенін білмеген жалын жан. Он сегізге шыққанда арлан жолбарыспен жекпе-жек алысып, құр қолымен ұрып алған. Әке балаға сыншыл, Жәнібек бұл баласының батырларға біткен мінез-құлқын ертеден сезіп, үнемі оны соғыс ісіне үйретуде болатын. Өзге ұлдарына әдемі киім, салтанатты ертұрман істетсе, бұған арнап найза, жақ, алдаспан жасататын. Осындай батырлығына қарамай, Қамбар Жәнібектің басқа балаларынан гөрі анағұрлым кең пейіл, іздегені ерлік.

«Жау келе жатыр!» дегенді естісімен-ақ Қамбар сауытын кие салып, белдеуде тұрған қара қасқа тұлпарына мініп-ақ алды. Оң қолына қанжар ұшты, қайың безеулі найзасын ап, жау келетін күншығыс жақты қырындай берді. Бұл атақты үш батырдың жауды қарсы алуға шықпақ боп ыңғайланғанын көріп, өзге батырлар да атқа қонды. Тек сай табанында төселген ақ кигіздің үстінде жасы келіп қалған Арғын би, Қотан жырау секілді он шақты қарт адам қалды. Ұрыс батырлар ісі дегендей Жәнібек хан да орнынан қозғалмады.

— Жау келсе жауабын алар, қазақтың қазір ел-жұртын қорғайтын ұлдары бар ғой. — Ол саптай тізіліп жауға қарсы Нұраның Қаратұзының биігінде тұрған батырларға сүйсіне көз тастады да Қотан жырауға бұрылды. — Ана ер-азаматтар жауды қуып кейін қайтқанша уақыт босқа өтпесін, Қотан ата, көптен бері тыңдауға құмар боп жүр едім, сізді жақсы біледі дейді. Жошы өлімін естіртуді айтып беріңізші.

Болайын деп жатқан ұрыс бұларға еш қатынасы жоқтай, өзгелер де қарт жырауды қолқалай бастады.

— Иә, балалар қайтқанша ермек болсын, — деді Арғын би.

— Көңіл шіркін бір көтеріліп қалсын, — деді Үйсіннің қарт батыры Қылышбай.

Қотан жырау көп күттірмеді. Өмір-бақи жанында жүретін кәрі қара қобызын қолына алып, қарлыққан қарт даусын аңырата жөнелді.

Шыңғысхан өзге балаларынан тұңғышы Жошыны анағұрлым жақсы көрген. Сөйтсе де айтқанына көне қоймайтын Жошыны жоюға Ұлытау бойына әдейі арнап кісілер жіберген: Жошы аң аулап жүргенде қастары монғол әдісімен отыз жеті жасында омыртқасын үзіп өлтіреді. Бұл хабар Ұлы Ордаға жетеді. Шыңғыстың Жошыны жақсы көретінін білетін хан төңірегіндегі адамдар бұл хабарды естіруге бата алмайды. Және оның үстіне өзі арнап кісі жібергендіктен Жошының қаза табатынына шек келтірмеген әлем әміршісінің өзі де «кімде-кім Жошының қаза тапқанын естіртсе, соның басын аламын» дейді. Хан жақсы көретін баласының ажалына өзі себепкер болып отырса да, оның өлгенін естімей өткісі келеді. Мұндай жағдайда жұрт дағдарады. Ақырында бұл хабарды жыр арқылы естіртуді Ұлы Жыршыға тапсырады. Ханның салтанатты көңіл көтеретін кешінде «ал, Ұлы Жыршы, жыр баста!» деген әмірді естігенде, қарт жырау түркі жырын аңыратып қоя береді.

Ол:

«Теңіз башынан бұлғанды
Кім тұндыра, а ханым?
Терек түптен жығылды
Кім тұрғызар, а ханым?»

дейді. Сонда Шыңғысхан:

«Теңіз баштан бұлғанса,
Тұндырар олым Жошы дұр
Терек түптен жығылса,
Тұрғызар олым Жошы дұр».

дейді. Сонда Ұлы Жыршы алғашқы өлеңін тағы қайталайды, бірақ бұл жолы көзінен жасы парлап ағады. Ананың жылап отырғанын көрген Шыңғысхан:

«Көзің жасын төгілтер,
Көңілің шерлі болғай ма?
Жырың көңіл үркітер
Жошы өлген болғай ма?»

деп сұрайды. Сонда Ұлы Жыршы түркі жырымен:

«Сөйлемеске еркім жоқ,
Сен сөйледің, а ханым!»
Өз жарлығың өзіңе
Жөн ойладың, а ханым!»

деп Жошының өлгенін естіртеді. Сонда жаратылғалы көзінен жас шықпаған Шыңғысхан еңкілдеп жылап:

Құлын алған құландай
Құлынымнан айрылдым!
Айырылышқан аққудай
Ер ұлымнан айрылдым!»

деп теріс қарап, бүк түсіп жатып алады.

Қарт Қотан бұл жырды сонау Ұлы Жыршы мен әлем әміршісі Шыңғысханның дәл сол күндегі күйін отырғандардың көз алдына елестеттіргендей, кәрі қобызын боздата, кәрі даусын қарлықтыра шығарып, зар жылап отырып айтты. Жырау өнері жұрттың көңілін бөлгені соншалық, отырған адамдар ана жақта болғалы тұрған ұрысты ұмытып та кетті.

Қотан қарт енді жыр үстіне жырды тоғытты. Ол бір мезет Орақ толғауын бастады.

«Артуда арту тау келсе,
Атан да тартар бүгіліп.
Алыстан қара көрінсе,
Қарақұла жатар үңгіліп...»

Орақ толғауының адамның құйқа тамырын шымырлатып, өн бойыңды дірілдетіп алып кететін қасқырдың ұлығын тәрізді өзіне дербес бір ескі әуені бар. Осы әуенге сай Қотан жырау қобызын осып-осып аңыратып кенет жас күндегідей жігерлене толғады.

«... Уа, жігітләр, жігітләр,
Жалаңғаш жерде жауға шап.
Осынау жалған дүниеде
Ажал житмай өлмек жоқ».

Жырау даусы, шаба келе қызған жүйріктей, енді шарықтай түсті. Ұйып тыңдаған ақсақалдар қазір қан майданда шешілгелі тұрған қазақ хандығының тағдыры естерінен тіпті шығып кеткендей, бастарын жерден алмай, тапжылмай тыңдауда. Жоқ, бұлар жаңа ел болып келе жатқан халқының тағдырын ұмытқан жоқ. «Сонау айқас немен тынар екен?» деп іштері алай-түлей. Әрқайсысы бір тайпа елдің қалың қолын басқара алатын сонау қалың қабақты, түкті білекті батырларға сену өте орынды. Қыран балапандарын өмір арпалысына дайындағанда, ең алдымен қоянға емес, қасқырдың бөлтірігіне түсіріп үйретеді екен. Жәнібек те сол қыран. Қанатының астындағы батырларын бірден ең ауыр сынға шынықтырмақ. Ел болғылары келсе, өздерін-өздері қорғай білсін!.. Бүгін бастары бірігіп, жауына қарсы тұра алмай, ала ауыздық не қорқақтық көрсетсе, ертең быт-шыт боп, көрінгеннің табанының астында кетеді. Ал бүгін ел намысын — ер намысын қорғай алса, ертең тастан берік бірлескен жұрт болады. Құрыш отта асылданады, халық күресте шынығады.

Жәнібек қанша қобалжыса да сабыр тұтты. Ол ру бастықтары батыр, билердің хан әмірін орындау үшін емес, ауыз бірліктерін айғақ етіп, жауына өз беттерімен қарсы шыққанын көргісі келді. Хан ақылы емес, халық ақылы шешсін деді халқымыздың болашақ тағдырын.

Жәнібек қазақ хандығының тағдыры шешілетін мұндай қысылтаяң мезетте сап алдында болмай, кәрі-құртаң ақсақалдар қасында қалуын кейбіреулердің қылмыс санайтынын да, не қорқақтыққа балайтынын да біледі. Бірақ ертең қазақтың бытыраған руларының басын қосып, мықтап ұстар хан болу үшін, мызғымас беріктік те керек. Өзіңді шабуға жау келе жатқанда бір сайдың жағасында қарт жыраудың толғауын тыңдап отыру — көрінген ханның қолынан келмейтін қасиет. Халық алдында мұндай адам аңызға айналады. Өзінің абыржымас тастай мінезімен өзгелердің де үмітіне әл беру — қолына қылыш алып жауға шабудан анағұрлым артық ерлік. Хан әбігер болмаған жерде, халық та әбігер болмайды. Бұл — жеңістің ең бір керекті шарты. Ханның келе жатқан жаудан құты қашпай, жайбарақат отырғанынан өзгелері де үлгі алды. Олар да келе жатқан жауына берекелері кетпей, сабырлы салқын қанмен дайындала бастады.

Қотан жырау Орақ толғауын бітіріп әлдеқашан Едіге жырына көшкен. Жұрт сол ұйыған қалпында тыңдауда. Бұған Жәнібек іштей қуанышты. Өзінің де қобалжуы басылғандай. «Жоқ, мұндай жұртты жау жеңе алмайды. Мұндай мызғымас елмен түбі Ұлы хандық құруға болады. Қан-жоса етіп қырып-жоям деп жауы келе жатқанда, мынау қарт би, батырлардың осыншама сабырлылық көрсетуі — жақсы ырым. Бұ тәрізді жұрт болашақта басына қандай ауыр сын түссе де шыдайды, қандай жаумен болса да табан тіреп алысуға жарайды. Ал келе жатқан мына жауға анау Нұра үстіндегі кілең батыр жігіттер жауап бере алады. Мұндайда ер қимылын арман шешеді. Ал ер арманы — ел болу. Бұл арман үшін анау ерлердің аянбай айқасатынына күмән келтіру күнә болар еді...»

Жәнібек ханның құлағына қарт жыраудың даусы еміс-еміс келеді. Құлағы жырда, көңілі көп кешікпей басталатын қанды айқаста.

Қарт жыраудың даусы әлі болдырмаған жүйріктің шабысы тәрізді. Біркелкі дүбір, біркелкі ұйтқу...

Қарт ақын қарлыға толғайды. Ол қазір тоғыз батыр Едігені қуып келіп, Кен-Жанбайдың Едігеге арнап айтқан жырын толғап отыр:

«Әй, Едіге, сен енді қайт сана!
Қайтып Еділ өт сана!
Еңсесі биік боз Орда
Еңкейіп сәлем бер сана!
Ерні жұқа сар аяқ
Ер сарқытын іш сана.
Жауырындары жақталы,

Түйме бауы тартпалы
Ал қара киім үстіңе
Тон береді, ки сана.
Көк ала жорға ат мініп,
Көк дабылпаз байланып,
Тұтам бауы сом алтын
Ақ сұңқар құс береді,
Көл айналып шүй сана!»

Бұл кезде Нұра беткейіндегі батырлар қара шоғырланып топтанып қалған. Қос күзетудегі Қыпшақтың жүзге таяу жігіттерін ертіп Қобыландыға Қазтуған қосылған. Ел басына күн туғанда жеке қалудың лажын таба алмай, Шалкиіз жырауды бас етіп, екі жүздей қасындағы нөкер, сойылшы, малшы жігіттерімен Темір би де келген. Жәнібектің өзге балалары, бастығы Қасым мен Керейдің батыр ұлдары, ең үлкені Бұрындық боп, хан аулының маңайындағы төлеңгіт, сарбаздарын жинап, бұлар да төбе басына шыққан. Қысқасы, хан кеңесін қорғамақ боп Нұраның Қаратұзы беткейінде бес жүзге таяу заматта қол жиналды. Енді бұлар шеп құрып жауды қалай қарсы алуды кеңесті. Барлығы Қамбар батырдың айтқанына көнетін болды. Мұндайда батыр сөзіне бағыну ежелгі салт, Қамбар батыр Майсары¹ етіп Қыпшақ, Арғын жігіттерін, Маймене етіп Алшын, Дулат және өзге ру сойылшыларын тұрғызды. Өздері Шыңғыс ұрпақтары төлеңгіттерімен орта шепті алды. Келе жатқан жауға осылай үш мүйіз боп қарсы шабуды ұйғарды.

Дәл осы сәтте солтүстік пен шығыстың нақ орта шенінен аспанға бұрқылдай көтерілген шаң шықты. Тағы бір сүт пісірімдей кез өткенде шаң астынан қалың қол көрінді. Енді аздан кейін жау селеуті де анықтала бастады. Желкілдеген кілең ақ сең сең бөрік, күнге шағылысқан көк құрыш найза суыт келеді. Қарқындары тау бұзардай. Олар, таяған сайын қиғаштай шаба, әскердің қос қанатын екі жаққа жая түсті. Әбілқайырдың атты әскерінің ежелгі тәсілі. Құшағын жайып кеп, жауын ортаға ап жан-жағынан кенет ат қояды. Жау әскерін қоршауға алады. Бұл темір қышқаштан құтылу екіталай. Әскердің қолбасшысы бастаған бір тобы кейін қалады. Ол өзіне ыңтайлы жерде тұрып ұрыс болып жатқан майданнан көзін алмайды. Қай тұста әскері азая бастаса, не күші құлдырап жеңілуге айналса, сол тұсқа қасында тың тұрған әскерден көмек жібереді. Бұл жолы да сол әдістеріне салмақ тәрізді! Шайх-Хайдар әскері қазақ батырлары тұрған жерге тағалана қоршай таяп келеді. Дәл осы кезде, Нұра беткейінде тұрған батырлар, келе жатқан жау әскерінің күншығыс және солтүстік бүйірінен бұларға қиғаштай тиіспек боп құйындай шапқан екі қолды көрді. Батырлар бірден түсінді. Мынау астындағы қос өркеш желмаялары бастарын төмен түсіріп жіберіп, күншығыс жақтан тайрақтай шапқан қол — бұл жауын аңдамай өткізіп алған, қалқан етіп шығыс жақтағы жолға қойылған Керей, Найман жауынгерлері. Ал солтүстік тұстан шұбатыла жөңкіген — алдында әрқашанда ер жүрек батыры оқшау келетін — бұл солтүстіктегі қалқа — Арғын, Қыпшақ қолы. «Жау келе жатыр!» деген хабарды естігеннен-ақ Қасым: «Хан кеңесі болып жатқан жерге тез жетсін» деп ат шаптырған. Жау жүрек екі қолдың тез жеткеніне беткейде тұрған батырлар қуанып қалды. Өлдекімдер «Уа, сәт!», «Ақсарбас, ақсарбас!» деп өзінің көтерілген көңіл күйін жасырмай ашық айтып жатыр. Күтпеген жерінен, арттарын ала, екі бүйірлерінен екі қолды көрген Шайх-Хайдар әскері «өзіміз қоршауға түсіп қалмайық» деген қауіппен кенет екі жаққа жайыла түскен қанаттарын жия қойды. Енді олар шашау шығармай, тобын жазбай, садақ оғы жететін жерге кеп, аттарының қарқынын басып сәл аяңдай жүріп шоғырлана тоқтады. Бұл кезде Шайх-Хайдар әскерін, бүйірлей қоршап Найман, Керей мен Арғын, Қыпшақ қолдары да батырлар тұрған төбеге жетті. Екі жақ әудем жерге кеп қарама-қарсы тұрды. Енді қазақ батырларының тобы емес, Шайх-Хайдар әскері қоршауда қалатын тәрізді. Күш қазақ жағында басым. Бірақ бірде-бір рет жауынан беті қайтып, тауы шағылып көрмеген «Хан әскері» кейін шегінетін түрі жоқ. Көк найзаларын қазақ жігіттерінің кеуделеріне бір сұқпай мауқы басылар емес.

Кенет Шайх-Хайдар шебінен жал-құйрығы жерге төгілген, нардай ақал-теке арғымақ мінген, үстінде қара сауыты бар Қарашың батыр ойқастап ортаға шыға берді. Ол күндерде соғыс жүргізу тәсілі екі түрде болатын. Бірі жауын қапыда бас салу да, екіншісі қан майданда бетпе-бет кеп ашық ұрысу. Мұндай жағдайда ең алдымен жер белгіленіп, майдан

¹ М а й с а р ы, М а й м е н е — ханның оң жағында және сол жағында отыратын кеңесшілері. Ұрыс кезінде әскердің оң қолы, сол қолы.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Кобыленділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кӊор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

ортасына батырлар жекпе-жек шығып ұрысады. Екі жақтан жекпе-жекке шыққан батырларға ешкім болыспайды. Қайсысының күші басым болса, сол жеңеді. Кейде жекпе-жек айқас екі жақтан батырлар табылғанша созылады. Кейде жекпе-жекке шыдай алмай, жаудың бір жағы ат қойып, ұрыс ашып жібереді. Бұл үлкен айып болып саналады. Артынан бітімге келгенде бұл кінә еске алынады.

Қарашың батыр қара арғымағының үстіне анандайдан қара шыңдай боп майдан ортасына кеп, айбарлы үнмен айқай салды.

— Шық бері жекпе-жекке! Жаныңнан безген қайсың барсың!

— Мен бармын! — деді Қамбар батыр астындағы қара сирақ тұлпарын тебіне түсіп, алға қарай ұмтыла беріп.

— Тоқта! — деп ақырып жіберді дәл осы сәтте шудалары жерге түскен аппақ бураның үстінде отырған Бұрындық. — Жол менікі! Аға тұрғанда іні алға шықпас болар!

Аға бұйрығына іні көну — қазақтың көне салты. Қамбар батыр атын кенет тежеп тоқтай қалды.

Бұрындық көлденеңі мен ұзындығы бірдей төртпақ келген, қолдары кескен томардай, шойын денелі балуан жігіт. Басы шарадай, қара сұр, жуан қара мұртын Ғазірет Ғалидай екі құлағына апарып іліп қоятын. Түнде көрген адамның жүрегі жарылатындай түсі суық. Бала жасынан сотқар, соғыс құмар. Оның жауымен ұрысқанда ең жақсы көретіні — ақ бурасына мініп алып жеке шығу. Ақ бураны ол бота күнінен жауға салып үйреткен. Өзі де өзге буралардан анағұрлым биік. Шапқанда жылқы баласының ілуде біреуі ғана ілесе алады. Бұрындықтың көркі осы ақ бурамен. Әсіресе атты адамды көрсе жыны бар. Ат үстінен аузымен жұлып алып, табанының астына салып, тарпып тастауға мықтап төселген. Кейде жерге құлаған батырдың үстіне шөге қалады да астындағы адамның сүйегін бытырлата сындырып, мылжа-мылжасын шығармай үстінен тұрмайды. Жекпе-жек шыққан батырдың үстінен Бұрындық екі құлаш қайың шоқпарымен қос қолдап ұрса, бұл жерге құлаған батырды жаныштап тарпып өлтіреді. Мұндай астындағы бурасы мен үстіндегі батыры қатар қимылдайтын жаудан жекпе-жек шыққан адамның күні бұрын зәре-құты қалмайтын. Оның үстіне ақ бура Бұрындықтың жауына қандай тәсіл құратынын алдын ала ақылдасып қойғандай, жауға шапқаннан-ақ үстіндегі батыр ыңғайына қарай көшетін. Тарпитын жерінде тарпитын, тістейтін жерінде тістейтін. Ал Бұрындық егер жауын құр аттан түсіріп кететін ойы болса, ақ бура ашуға мінбейтін, тек үстіндегі батырдың әуеніне қарай қимылдап, дегеніне көне беретін. Бұрындық ақ бурасына мініп жауға қарсы шықса жұрт «Тентек қара жынына мінді, енді жолымыз болар» дейтін.

Бұрындық міне осы ақ бурасына мініп, Қарашыңға жекпе-жекке шықпақ! Ал Қарашыңның қандай батыр екені жұртқа аян. Оң қолымен өзіне қарсы сілтенген сойыл шоқпардан қорғана білсе, сол қолындағы жүзі ұстарадай сала құлаш алдаспанымен жауының астындағы тұлпардың мойнын қағып тастайтын әдеті. Бұған тек ұрысқанда дәл осындай тәсілі бар, қара сирақ атты Қамбар батыр ғана төтеп береді. Және қара сирақ тұлпардың мойын тұсы кереге көз шынжыр сауытпен торланған. Ал ақ бура қанша айбарлы болғанмен де, сауыт жабылған тұлпар емес, сілтегені мүлт кетпейтін Қарашың батыр оның сидиған мойнынан басын бір-ақ қағып түсіруі мүмкін. Жоқ, бұл жекпе-жек айқасқа Қамбар батыр жөн еді.

Бұрындықтың Қарашың батырға қарсы шықпасқа лажы жоқ-ты. Оған деген елінің кегінен де бөтен, өзінің де кешпес өшпендігі бар.

Қарашыңның Тоқтар-Бегім деген қарындасы болатын. Көгал шөптің арасында жалғыз өскен қызғалдақтай, басқа қыздармен келе жатса анандайдан көзге түсер көркем. Оның үстіне ағасы Қарашың Әбілқайырдың аса бір ардақты батыры болғандықтан, анау-мынау адамды менсінбейтін тәкаппар, өр мінезді де, Бұрындық осы қызға Әбілқайыр қол астында жүрген кезінде ғашық болған. Қыз онда он үш жасар-ды. Бұрындық оған көңіл қосайық деп жеңгетай салған. Қыз: «Кескен томар секілді Бұрындық менің теңім емес», — деп жауап берген. Намысқа шапқан Бұрындық әкесі Керей сұлтан арқылы «қарындасын маған тоқалдыққа берсін» деп Қарашыңға құдалар жіберген. Әбілқайыр хан мен Жәнібек, Керей сұлтандардың арасының нашар екенін білетін Қарашың: «Қарындасымды Ташкенттің бір бекзадасы айттырып қойған» деп бермеген. Артынан, Жәнібек пен Керей Әбілқайырдан бөлініп көшіп кеткеннен кейін, осы Тоқтар-Бегімді өзінің қарамағындағы қыз ұнатқан бір жас батырға қосқан.

Осыған өшіккен Бұрындық: «Қап, бәлем Қарашың, қан майданда бір кездесерсің!» деп жүргенінде мына айқас дөп келді. Бұрындықтың көктен сұрағаны жерден табылды. Кекшіл

Илияс Есенберлин. «Алмас Кылыш» (Көшпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кӛр», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

батыр мұндайда өш алмай бұғып қала алар ма! Қамбар батырды тоқтата сап, өзі ақ бураны тебініп қап «шу!» деді.

Сала құлаш мойнын төмен тастап жіберіп, шудалары желкілдеп, аузынан көбік атып ақ бура тайрандай шаба жөнелді. Өзіне қарсы түйелі Бұрындықтың шыққанын көріп Қарашың да ұмтылды. Бұл алыптардың айқасы еді. Бір жағында қара жартастай қара арғымақ мінген Қарашың. Екінші жағында көбік шашқан ақ бура мінген, айдалаға отырғызып қойған балбала тәрізді абажадай Бұрындық. Жұрт мұндай алып денелі батырлардың айқасының немен тынарын білмей, демдерін іштерінен алып жым-жырт тына қалған.

Астындағы қара арғымағын құйындата шауып келе жатқан Қарашың батыр оң қолындағы шоқпарын ыңғайлай үйіріп, жауына таяй беріп, шоқпарын сілтейтін Бұрындықтың қолынан еш қару көре алмай, сәл абыржи қалды. Ананың қолында әдеттегідей не шоқпар, не сойыл жоқ екен. «Бұ қалай?» деді ол ішінен, сөйтті де сол қолындағы ақ алмас алдаспанын көтере берді. Ақ бура қылыш сілтеу жерге таяса болғаны, ирелеңдеген мойнын ұшырып түсірмек! Бірақ бұл ойына жете алмады. Ақ бурасын еңкілдете шауып келе жатқан Бұрындық, он қадамдай жерге таянғанда, түйенің тасасында оң қолында ұстаған қыл арқанын сумаң еткізіп Қарашыңға қарай лақтырып жіберді де, сол шапқан бойы тоқталмастан орағыта бұрылып, өз тобына қарай ананы ат-матымен сүйрете жөнелді. Қарашың мойнына түскен қыл арқанды алдаспанмен шауып түсіруге де үлгермей қалды. Алдаспанын сілтегенше шауып келе жатқан екпінімен Қарашыңды кейін тартқан қыл арқан заматта тынысын тарылтып, аттың артына қарай аударып әкетті. Бірақ ер үстінен сырғып кетпес үшін, қарасанынан мықтап шырмаған қыл шылбыр жібермеді. Үзеңгіден аяғын суырып ала алмады. Кенет кейін қарай кілт тартқан күшке шыдай алмай барып жерге күрс етті. Қыл арқанды тақымынан өткізіп, ақ бураның алдыңғы өркешіне байлаған Бұрындық айнадай қарамай, орағыта, өз тобына көкпар алған адамдай «Аруақ! Аруақ!» деп айқайлай шапты. Басына киген тор дулығасының етегі алқымына түскен қыл арқанның мойнын жұлып әкетпеуіне себеп болған Қарашың батыр, екі қолымен жанталасып жерді сыйпай, ат-матымен сүйретіле жөнелді. Осының бәрі көзді ашып-жұмғандай уақытта өтті. Алып күш алыптығын көрсетті. Шапқан бойы Бұрындық өз шебіне жеткенде, үзіліп кеткен ер-мерімен шұбатыла сүйретіліп келе жатқан Қарашыңның жаны аузына келіп, енді шығуға таяу еді. Қарашың құлаған жерге таяу тұрған Қасым атынан секіріп түсіп, қыл арқанды наркескенімен орып жіберді.

Бұрыннан да қазақ жағының күші басым екенін байқап, жүрегі дауаламай тұрған Шайх-Хайдар, бас батыры Қарашыңның мұндай апатқа ұшырағанын көріп, енді шыдай алмады, атының басын бұрып алып кейін қарай шапты. Құбыжықтан машайық қашқан, қолбасшыларының өзі атын кейін бұрғасын, жауынгерлері де соңынан ерді. Қарашыңның әлегімен сәл көңілдері басқа жаққа ауған қазақ батырлары, жауының жапа-тармағай кейін шегініп бара жатқанын көріп, лап қойды. Бірақ ақ бөкенге екі ырғып жететін ақал-теке, теке жаумыттар бұларды қарасына да ілдірмеді. Қобыланды, Қамбар батыр секілді шапқанда аузымен құс ілетін тұлпарлары бар он шақты батырлар ғана соңдарынан қуып жетіп, жүзге таяу адамын сойылға жығып түсірді. Қалғаны ұзай берді. Бұдан әрі қуу қажет емес деп түсінген өзге батырлар атының басын тартқанмен, қызып алған алуан күштің иесі Қобыланды батыр тоқтай алмады. Жеткен жігіттерін тірсектен сойылмен бір ұрып, жерге құлатып, жау соңынан қуа түсті. Қобыландының жалғыз шауып келе жатқанын көрген сұлжық түрікменнің елу шақты сойылкер батыр жігіттері кенет аттарының басын кейін бұрып Қобыландыға қарай ат қойды. Жан-жағынан қоршап, ортаға ап қыса бастады. Көкжал қасқыр қанша арлан болғанменен, жан-жағынан жұлқылай түскен өзіндей кілең көк бөріге не істей алады? Қобыландының да халі осы көкжал қасқырдай еді. Қанша алысқанмен де көпке топырақ шаша ала ма, күші де баяғы жас кезіндегідей емес. Енді ажалдың таяу қалғанына көзі жетті. Дегенмен күші азая бастаса да, ол сойылын оңды-солды сілтеп, қасына жауын тақа жуытпай тұр. Бірақ бұл алыс ұзаққа бара ма? Ол анда-санда арт жағына қарап қояды. «Көп кешікпей өзі оралар» деп ойлаған серіктері мұны іздеп келе қоймады. Хал мүшкілге айналды. Қарашыңды жауына түсіртіп алған сұлжықтар, оның орнына Қобыландыны байлап әкетпек болды. Олар асау ұстаған жігіттердей, жан-жақтарынан қоршап, арқандарын Қобыландының мойнына лақтыруға ыңғайлана берді. Қалжырауға айналған Қобыланды енді өзінен дәрмен кетіп бара жатқанын түсінді. Намыстан да жан тәтті. Қобыланды батыр бір мезет атының басын кейін бұрып, қоршауды бұзып шығып, қашып құтылмақ болды. Көксеңгірдің ұрпағы Киікетпес тұлпарын тебініп қап, жау шебін үзбек боп кейін шапты. Қобыландының айбарынан сескенген жігіттер қақ айырылды.

Қобыланды орталарынан зырғытып өте берді. Бірақ өте алмады, екі жағынан лақтырған арқан мойнынан бірдей түсті. Ырғи жөнелген Киіккетпестің үстінен сыпырып жерге дүңк еткізді. Аспан-көк шыр айналып кетті. Құлап бара жатқанында құлағына жеткені ат дүбірлері мен «Ақжол! Ақжол!» деген айқай ғана еді. Ар жағында не болғанын өзі де білмеді. Тек көзін ашып, есін жиып, орнынан ақырын түрегелгенінде, алдында күлімсіреп қарап тұрған жас жігіт пен алтын зерлі жұмсақ сауыт киген, құралай көз сұлу келіншекті көрді. Арада сегіз жыл өтсе де, бұл екеуін Қобыланды бірден таныды. Шатыраштанып жасыл төккен мырза қарағай тәрізді сұңғақ бойлы сымбатты жігіт батыр Саян болатын. Ал қасындағы келіншек, оның жұбайы Әбілқайырдың туған қызы Гүлбаһрам-Сұлтан-Бегім еді.

Батыр Саян баяғы Сейхун дарияның жағасында Әбілқайырды жолбарыстан аман алып қалғаннан кейін, өзі секілді күштілерден қорлық көрген жүзге тарта батыр жігіттерді жинап, аламан болып кеткен. Сейхун мен Жейхунның арасында қасқырдай жортқан. Талай шонжарлардың малын шауып, Мауреннахр мен Түркістан арасында көшкен сан саудагерлердің керуенін тонаған. Ақырында Жетіқоңыр маңайында қазақ рулары бас қосып жатыр дегенді естіген. Енді аламандықты тастап, бір кезде өзін өлімнен құтқарған нағашы жұртына қосылмақ боп, қасындағы жүзге таяу серіктерімен, бес жасар баласын алдына отырғызып, Гүлбаһрам-Сұлтан-Бегім сұлуын ертіп жолға шыққан. Құмға өскен қалың сексеуіл арасында келе жатып, Қобыланды батырды қоршаған сұлжық түрікмендердің жігіттерін көрген. Қобыландыны аналар аттан құлатып, байлап жатқан кездерінде Арғынның ұраны «Ақжолдап!» айқайлап, шабуыл салған. Қазақтың көп сыпайлары жетіп қалған екен деп ойлаған сұлжықтар, қарсыласуға батылдары бармай, Қобыландыны тастап қашқан. Өздері жолаушылап алыстан талып келе жатқан батыр Саян жігіттері оларды құмаған.

Гүлбаһрамды көріп кәрі жүрек тағы толқып кетсе де, Қобыланды батыр өзін-өзі ақылмен тоқтатты. Бір кезде өзі өлімге қиған батыры, енді бұны ажалдан алып қалғанын түсініп, күрт өзгерді. «Қоянды — қамыс, ерді намыс өлтірер» болса, да батырдың аңғал бір ұрт мінезіне салып Қобыланды намысын жеңді.

— Қарағым, батыр Саян, ер шекіспей бекіспейді. Сен екеуміз шекістік. Айып менен, — деді. — Егер сен кешірсең, арамызда болған оқиғаны мен кешірдім.

— Мен де кешірдім, — деді батыр Саян күлімсіреп бірінші боп қол беріп.

Қобыланды батыр Саянның топ аламанын ертіп Хан Ордасына қайта келгеннен кейін Жәнібек ханның жарлығы бойынша, хан кеңесінің аз күнге мәжілісі тоқталып, жігіттердің жау қашырған құрметіне үш күн, үш түн той істеді. Дәл осы кезде Қырымды аралап Асан Қайғы жырау оралды. Бастығы Жәнібек боп бүкіл қазақтың ардақты батыр, биі қарт ақынды кілемге көтеріп қарсы алды. Өзіне арналып ақ орда тігіп, ту бие сойылды. Той үстіне той болды.

Осы тойдың нағыз қызып жатқан шағында, бір өліп тірілген, қараша күркеде сирағы сыртқа шығып шынжырлаулы жатқан Қарашың батырға Бұрындық келді.

— Қарашың батыр, — деді ол айтайын деген сөзіне бірден кірісіп. — Егер жаныңды сауға етіп, еліңе жіберсін десең менің шартымды орында.

— Қандай шарт?

— Тоқтар-Бегім сұлуыңды маған тоқалдыққа бересің. Сонда босатам.

— Ау, оның байы бар емес пе? Және былтыр бөпелі болған.

— Байынан айыр. Баласын байына қалдыр, не өзің асыра. Шешесін маған бер.

— Бұл мұсылманның сөзі емес.

— Сенің қарындасыңа мен мұсылман емеспін. Өзінің қылығына қарай кәпірмін.

— Жоқ, Мұқамет пайғамбардың дініне қарсы болар күнәға мен бара алмаймын. Одан да менің басымды ал.

— Маған сенің басың емес, қарындасың керек.

Бұрындық ертеңінде де, арғы күні де келді. Есіл-дерті кеше өзін менсінбеген Тоқтар-Бегімді қатын етіп, өшін алу болды. Қарашыңның «Тоқтар-Бегімнен де сұлу тағы бір қарындасым, екі қызым бар. Соның бірін ал» дегеніне көнбей қойды. «Не өзіңнің қаныңды ішем, не Тоқтар-Бегімді қатын қылам деді, қаныңды бірақ асықпай ішем, күніне бір қасықтан ғана ұрттаймын».

Түбі құтыла алмайтынын білген Қарашың ақырында еліне, аға-інілеріне кісі жіберді. Тоқтар-Бегімді Бұрындыққа тоқалдыққа беріп, өзін құтқаруды сұрады. «Құдыс батыр Тоқтар-Бегімнің сіңлісі Ажар бике мен өзімнің екі қызымның таңдағанын алсын», — деді.

Шайх-Хайдардың жорығы тек Бұрындық сұлтанның ғана мұратына жеткізіп қойған жоқ, бүкіл қазақ руларының мұратына жетуіне себепкер болды. Жи-налған батыр, билер енді қазақ руларының сөзсіз бірігуі керек екенін, егер бірікпесе Әбілқайыр хан, не басқа бір хан оп-оңай құл ететінін ұқты. Хан кеңесі қайтадан мәжіліске отырды. Барлығы келешекте үш жүзге бөлініп, бір ханға бағынуды мақұлдасты. Іштей наразы болғанмен де, Темір би де бұған сырттай қарсы болмады. Ұлы жүзге — аға рулар Үйсін, Дулат, Жалайыр, Орта жүзге жер ыңғайына, әдет-ғұрпы, салтына қарай Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ, Тарақты. Кіші жүзге Еділ мен Жайық бойын жайлаған Алшын, Байұлы, әлімұлы, Жетіру кірсін десті. Бірақ бұл үш жүзге бөліну мәселесі бұ жолы аяқталмады. Арада талай толқу болды. Тек осы мәжілістен алпыс жыл өткеннен кейін, Қасым ханның баласы Хақназар ханның кезінде ғана бүкіл қазақ рулары ақырғы бітімге келді. Үш жүз боп үш орда тікті. Ал, ол жолы күрделі басқа бір мәселе шешілді. Халық ақсақалы Асан Қайғы әр рудың белгісі етіп таңба үлестірді.

— Үйсіннен шыққан бабамыз Майқы би Шыңғысханның кезінде-ақ — деді саудыраған жағын жібек орамалмен таңып алған қарт жырау. — Қазақ деген атты ту етіп көтерген екен, Үйсін руының таңбасы жалау болсын.

Отырғандар бір ауыздан дұрыс деп мақұлдасты. Хан төлеңгітінің бір зергер жігіті қолына балға мен тескіш алып Қаратұздың күңгірт нұрасына жалау белгісін түсірді.

— Жер аймағының айналасы алты айлық, — деді Асан Қайғы сәл жұмылып кеткен көзін ашып. — От ортасында қалың Арғын елі... Арғынатаның белгісі көздесем көңілім көншігер.

Отырғандар бір дауыстан тағы да дұрыс деді. Шебер тағы да қолына балғасы мен тескішін алды.

Халқымызға жау тисе ең алдыменен атқа қонған жау жүрек Қыпшаққа айбалтаны таңба етелік — деді қарт жырау.

Осылай дәлелдермен Асан Қайғы қазақтың сол кездегі басты қырық руына таңба үлестірді. Бұл қырық таңба сол күні Нұраның Қаратұзының жарына түсірілді. Халық бұл жерді сол күннен бастап Нұраның таңбалығы деп атады. Асан Қайғы батасын беріп, ертеңіне Жәнібекті боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ кигізге көтеріп, қайтадан бар қазаққа хан сайлады. Содан кейін барып келесі жаз шыға, қалың қол жинап Орысханның кезінде Ақ Орданың астанасы болған Сығанақтан бастап бүкіл Түркістан жерін жаулап алмақ болып, уәделесіп, ру бастықтары тарасты. «Басымыз бірігіп ел болдық, хан көтердік» деген ру біткеннің игі жақсылары, қараша адамдары мәз-мейрам еді. Тек Алшын адамдарын басқарып келген Темір би ғана қабағын ашпады. Оның қабағы өле-өлгенше ашылмай кетті. Ол соңынан Жәнібектің үшінші баласы Қасым хан бүкіл Дәшті Қыпшақ жерін алып, Еділ, Жайық бойындағы Кіші жүздің бар руларын өзіне ақылмен бағындырғанын көзімен көре алмады. Бұл кезде Темір би дүние салған. Бірақ тірісінде де қарсы күресуге дәрмені жетпеді, өйткені бар қазақ ел болып бас қосуды тілеген.

Үш күннен кейін Хан Ордасы Шу, Сарысу бойындағы қыстауына қарай көшті. Бұрындық сұлтан Талас етегіндегі қыстауына келіп қонған күні, Тоқтар-Бегімді алып Қарашың батырдың аға-інілері келді.

Қарындасын баласы мен ерінен айырып Бұрындыққа тоқалдыққа беріп, өз басына еркіндік алып, Қарашың батыр еліне қайтты. Бірақ Бұрындыққа деген өле-өлгенше өшпейтін кегін жүрегінде ала кетті.

Сол күні кешке Бұрындық жас тоқалы Тоқтар-Бегімге арнап тігілген ақ отауға келді. Үй ішіне шұлғауының шуаш иісін мұңкіте, жуан қоныш саптама етігін шешіп жатып, түрулі шымылдықтың ішінде, ақ мамық құс төсектің үстінде отырған, сазды жердің сары ағашындай, нәзік денелі жас тоқалына көз қиығын аударды.

Оның сұп-сұр болып қатуланып кеткен жүзінен, өзін жек көретінін жасырмай жалын атқан ашулы көз қарасынан, сүйіп қосылған байы мен бауыр етінен де тәтті екі жасар баласынан айырған Бұрындықтың күнәсін еш уақытта кешірмейтінін білді. Сұлтан ләм-мим демей, қолын созып, күміс бақан жанында отырған үкідей тарғыл мысықты ұстай алды. Кенет мысықтың «шар» еткізіп мойнын бұрап үзіп жіберді де, заматта қолын қол, бұтын бұт етіп, жұлып-жұлып быт-шытын шығарып, түндіктен сыртқа лақтырып жіберді. «Егер айтқаным көнбесең, сені де өстем!» дегендей ол Тоқтар-Бегімге қайта қарады. Жаңа ғана шатынап отырған тоқалы «түсіндім» дегендей, Бұрындықтың бетіне көзін тоқтата алмай, төмен түсірді. Сұлтан езу тартып сәл күлімсіреді.

Сырт киімін шешіп тастап, бір төбе тастай боп ақ мамықтың үстіне барып отырды. Талдырмаш денесінің бір жерін ауыртып алармын деп қорықпай, добалдай қолдарымен жас

тоқалының үзіліп кетуге таяу тұрған аш белінен ай-қара құшақтап, бауырына алып қысып, сәл уақыт үнсіз тына қалды.

— Егер жақсы қатын бола алсаң, өткен күннің бәрін де кешірем, — деді ол, сөйтті де жас тоқалын құшақтаған қалпында ақ мамықтың үстіне жантая берді.

Бір жыл өткен соң осы тоқалынан, кейін Қасым ханнан қашып барғанында пана берген, Самарқант ханы Мұхамед-Шайбанидың кіші інісі Мұхамед-Темірханның әйелі болған Жауһар-Бике деген қыз туды.

III

Келесі жазда Жәнібек уәделескен әскерлердің келуін күтіп Арқаға көшпей қалды. Бірақ күткен әскері келмеді. Жайық, Еділ, Жем бойын жайлаған Кіші жүздің ойы жаңа құрылған қазақ хандығына өз үлесін қосу болса да, оның осы жазда ар жағындағы Ноғай Ордасы мен Қазан хандығының дүрбелеңі көбейіп кетіп, өз жер-суын қорғаудан қолы босамай, небары бес жүз жігіт жіберген. Бірақ бұл келгендер садақ таңбалы Адайдың батыр жігіттері еді. Торғай, Ор өзендерін жайлаған Қыпшақтар да жарытып жасақ жібере алмады. Қобыланды батыр қыс бойы төсек тартып науқастанып, қарамағындағы елді басқара алмады. Соның салдарынан жұрт өзі қызығын көрмеген хандықтың болашағына жөнді мән бермеді. Расында сонау дүниенің бір шетіндегі Еділ, Жайық, Торғай бойында жатқан қазақ руларын Шу мен Сарысуға келіп, Түркістанды жаулауға шық деу үстірт қараған адамға қиын тілек еді. Алайда таяу тұрған Қазан, Ноғай, Қырым хандарына бағынудан гөрі, Еділ, Жайық бойын жайлаған рулар, алыс болса да, ғасырлар бойы жауларына бірге аттанған, тілі, тағдыры, шаруашылығы бір қазақ хандығына қосылуды таңдаған.

Жалғыз алыстағы Кіші жүзден ғана емес, өзіне тән Арғын, Найман да бұл жолы мол әскер шығарған жоқ. Мұндай жағдай Арғын, Найман билерінің өзара ала ауыздығынан туған-ды. Сол жылы көктемде тоқсанға келіп отырған Арғын би дүние салған. Арғынның ардақты көсемін қоюға бұл рудың игі жақсылары жиналған. Қаралы қазаға көңіл айтуға, сонау Қорасаннан бірнеше күн жол шегіп, Хорезм уәлиетінің әмірі Сұлтан Хусаин мырза келген. Сұлтан Хусаин әмір ол күндегі Арғын руынан шыққан атақты адамның бірі болатын. Аталары Иранның шахы Құлағудың бас басқақтары болып бүкіл Шығысқа аты шықса, өзі Қаракөлдің әмірі тағына отырып, Хорезм уәлиетін басқарды. Сұлтан Хусаин әмір Арғын би еліне тарту-таралғысымен бірге, ел бірлігін бұзар арам ойын да ала келді. «Жәнібек хан үшін Арғын руының Түркістанды аламын деп қырылуының қажеті жоқ. Егер қысы-жазы малдарыңа жайылым болатын жер іздесеңдер, Қорасанға көшіндер, кең өріс, мол қоныс берем. Сауда-саттығыңа да қолайлы. Ар жағында Ирак, Иран, Ауғанстан да алыс емес» деді ол қыркын беруге жиналған Арғынның би, батырларына. Арғын руы Арғынаты тауынан асып көшпегенімен де ел басы — Арғын биінен айырылған жұрт судай толқып, сеңдей соғылысты. Осындай бөтуасыздықтың арқасында Есіл, Тобыл бойындағы түпкі Арғын руы жартымды бөлендей жасақ бере алмады. Ал, Найман, Керей болса, бұ жылы өзіне Амансанджи тайшының кезекті шабуылына қарсы шығудан қолы босамады. Бұл шабуылға қатыспайтын Мауреннахр жеріндегі Керей, Наймандар Әбілқайырдың сенімді адамдарының бірі Қожа-Уали бектің айтқанынан асып кетпеді.

Міне, осындай халге ұшыраған Найман мен Керейдің де Жәнібекке ойдағыдай көмек көрсету қолынан келмеді.

Ақырында Жәнібек хан өзіне еріп көшіп жүрген үш жүз мың шаңырақ Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Үйсін, Уақ және Бестаңбалы руларынан отыз мыңдай ғана әскер жинай алды. Мұндай әскермен кімді шабады? Бұл кезде бір Әбілқайырдың өзінде жүз мың атты әскер бар. Ал, елінің шетіне күнде тиіп отырған Қытайда, Торғауытта қанша күш бар екені кімге мәлім? Күншығысы мен оңтүстігі мұндай ауыр жағдайда болғанда, күнбатысы мен терістігі жетісіп тұр ма? Құбыласында Жошы ханның бір бұтағы Астрахань мен Ноғайлы хандарында қанша қол бар? Ар жағында Қырым ханы атақты Меңдігерей мен Қазан ханы Ибрагимның елі тұр. Бұлардың бәрі де Дәшті Қыпшаққа дос емес. Ал Жәнібек болса отыз мың әскермен аузынан жалыны атқан Әбілқайырдан Түркістанды тартып алмақ. Жоқ, Жәнібек, сен өзіңнен күшті

арыстанмен

алыс-

қың келсе, ең алдыменен бел омыртқаңның үзіліп мерт болмайтын жағыңды ойлауың ақыл. Ал мұратқа жетудің екі жолы бар. Бірі — күшің қазір шағын екен, онда өзің секілді Әбілқайырға қастардың басын қосып, майданға солармен бірге шық. Әрине бұл оңайға түспейді, бірақ қайткенмен де құм жиылып тас болуға тиісті. Ал екінші жолы —

Әбілқайырмен алыспастан бұрын әбден күшейіп алуың шарт. Мұның да жалғыз жолы бар. Ол бүкіл Дәшті Қыпшақты өзіңе бағындырып, жылқыдай жусатып, қойдай өргізуің керек. Бұл екеуіңсіз Көк Орда ханының жерін тартып алу қолыңнан келмейді.

Ал қас дегенде Әбілқайырға қас кім бар? әрине ең алдыменен өз тұқымы Сайбаннан тараған Қожа-Мұхамед ханның немересі, Махмудек ханның баласы Айбақ хан. Жатса-тұрса ойы Әбілқайырдың орнын басу. Содан кейін Әбілқайырға еріксіз көнген Маңғыт руынан шыққан Ақсақ Темір Ордасының әмірлері Аббас бек, Мұса бек, Жаңбыршы бек, Моғол Сұлтан-Махмуд хан, Жақия, Хайдар бектер.

әрине, осы күштің бәрі жиналса, оған Жағатай ұрпағы Сұлтан-Махмұд ханның інісі, Кішік Мұхамедтің баласы Ахмет ханның әскерін қосса бір Әбілқайырға күштерінің жететінінде сөз жоқ. Бірақ бұлардың бірде-біреуіне сенуге болмайды. Өз пайдасына қарай, оп-оңай сатып кетулері даусыз. Күшті болғың келсе баяғы бар Дәшті Қыпшақты тегіс қолыңа алуың мақсат. Өз іргең сөгілмей, берік отыра алатын күйге жетсең, қандай жаумен болса да алыса аласың.

Осындай шешімге келген Жәнібек енді бүкіл қазақ руларын өзіне бағындыру әрекетіне кіріскен.

Қарамағындағы қазақ руларын хан Ордасы шығыны мен әскер ұстау үшін алым-салық, қаржы-қаражат төлейтін етіп әбден бағындырғанша тағы жыл жарым өтті. Бірақ осы жыл-жарым қандай қиыншылыққа түсті! Дастарқанға төгілген бауырсақтай жайылып, жапан түзде біресе солтүстікке, біресе оңтүстікке бытырап көшіп жүрген қазақты ел етіп біріктіру үшін қаншама тәсіл, қаншама күш қолданылмады! Кейбір ауа жайылған, тек өз дегеніне болмаса ештеңеге көнбейтін кесір, тоң мойын ру бастықтарын ат құйрығына байлап құрбан етуге де барған жоқ па! Бері көш десе, әрі көшкен ауылдардың басына хан нөкерлері сырық ойнатып, сырмағын жүндей түтті емес пе? Қаншама мал барымталанып алынды! Қаншама ел ата мекен жерін тастап, жаңа қонысқа қонды!

Жәнібек осының бәрін неге істеді. Бұлай ету оған оңайға түсті ме? Сол үшін де Қотан қарт өлер алдында:

«Жәнібектің сырты ғана күлкі-өзілді паш еткен.
Мезгілі көп оңаша қап жас төккен» —

деп бекер айтқан ба? Ал сонда өз елін өзі қанға бояғаны жөн бе? Бұл Жәнібекке қатты батты. Кей күні құса боп, төсек тартып жатып та қалады. Өз бетімен тағы болып өскен руларды айтқанына көндіре алмай, кейде тарығатын да, тіпті бағзы бір жағдайда соңынан ерген аяулы адамдардың орынсыз қылығына жаны күйіп, оңашада қалың қайғыға беріледі. Бірақ хан Жәнібек бір хадисті жақсы түсінетін. Тоғай арасында өскен күйкі шөп малға ас болмайды. Ал қыршын, қопра арасындағы шытыр, көкпек малды тек апатқа ұшыратады. Сол себепті ел бірлігіне кесірі тиетін жанды Жәнібек өз аузынан үкім айтып, дарға астырса өкінбейді, мұндайда ол табансыздық көрсетпейді. Өйткені үлкен арман құрбандықсыз орындалмайды — бұл ханға да белгілі қағида. Осындай қатаң саясаттың арқасында Жәнібек далиып жатқан Дәшті Қыпшақ даласын тегіс өзіне қаратпақ болды. Содан кейін барып ол қазақ хандығына Түркістан өлкесі мен Еділ өзенінің бойындағы Кіші жүздің асау руларын бағындырса деп ізгі мұратына кірісуді ойлады.

Мұндай шешімге келген Жәнібек, ең алдымен өз ойын ағасы Керей балалары мен өз балаларының таразысына салмақ. «Бар ауыр қанды жорықты қай тұстан бастау керек? Күншығыстан ба, күнбатыстан ба?»

Жошы ұрпағы, Бадықтан туған Орыс ханның жеті ұлы болған; Тоқты-Қия, Құтлық-Бұғы, Тұғылық-Болат, Құйыршық, Тоқта-Болат, Сейдахмет, Сейтәлі.

Тоқты-Қиядан — Болат, Болаттан — Керей.

Құйыршықтан — Барақ хан, Барақ ханнан — Жәнібек.

Сөйтіп Жәнібек пен Керей бір атадан шөбере туыс.

Керейдің төрт баласы бар: Бұрындық, Шайхым, Санджор-Жақан, Жақан-Бахты.

Жәнібек ханнан тоғыз бала: Жиренше, Махмұт, Қасым, әдік, Жаныш, Қамбар, Тыныш, Ұснақ, Жәдік.

Шөбере туыс Керей мен Жәнібектен тараған осыншама баладан ата жолын қуып жауға шабар әке жолын қуып баққа таласары алтау. Керейден — Бұрындық, Жәнібектен — Махмұт, Қасым, Қамбар, әдік, Жәдік.

Қазақ ханының тағына ие болар деп Жәнібектің әсіресе үміттенері Қасым. Қасым қазір жиырма алтыда. Ұзын бойлы, кең жаурын, қара торы пішінді жігіт. Қалың қабағының

астынан үлкен қоңыр көзі адамға әрқашан да ойлана қарайды. Он бесінен көкпарға, күреске түскен. Өзірге жамбасы жерге тимеген балуан. Жау жүректігі мен ақылдылығына қарап, хан болуға лайық, әрқашанда сабырлы деп ойлайтын Жәнібек. Қасымды ханның өзге балаларынан артық көрер тағы бір себебі бар. Қасымның шешесі Жаған-бике Жәнібектің жеті қатынының ішінде ең жақсы көрер бәйбішесі. Одан туған бала да ханға ерекше ыстық. Жағанды Жәнібек құр ғана жақсы көрмейді, оныменен санасады, ерекше сыйлайды. Ал Әбілқайыр ханның келіні, Шах-Будақтың әйелі Аққозы-бике Жағанның туған апасы. Аққозы мен Жаған Алтын ханда ¹ көшпелі Керей руының белгілі батыры Домбалықтың апалы-сіңлілі қызы. Жағаннан Қасым туса, Аққозыдан Әбілқайыр ханның ең жақсы көрер немерелері, соңынан бүкіл Орта Азияны жаулап алған Мұхамед-Шайбани хан мен Махмуд-Сұлтан туған.

Әбілқайыр мен Жәнібектің арасындағы қанды ұрысты өшпендікке қарамай, кезінде бүкіл Шығысқа аттары шыққан қос сұлу Жаған мен Аққозы біріне-бірі тарту, таралғы, кісі жіберіп сыйласып тұрған. Аралары балдан тәтті тату. Оның үстіне Қасым да, Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтан да Шыңғыс әулетіне жатпайтын, шешелерінің айтқандарын екі етпейтін мінез көрсеткен. Бұл әрине балаларын жастайынан өздерін сыйлайтын етіп өсірген аналарының қасиеттерінен туған ерекшелік.

Қасымның осындай жағдайын білетін Жәнібек, баласымен әңгімелескенде әрқашанда бәйбішесі Жағанды ала отыратын. Ал Жәнібек соңғы кезде Қасыммен жиі кездесетін болды. Оған себеп — ханның өзге ақылгөй үзеңгілес би, батыр серіктерінен гөрі, Қасымның қиын мәселелерде әкесіне анағұрлым дұрыс кеңес беруінен еді.

Күндегі әдеті бойынша, шаңқай түс шамасында хан Ордадан шығып, бәйбішесі Жағанның оқшаулау тігілген, шағаладай аппақ екі кигіз үйден кіндіктесе көтерілген ақ ордасына беттеді. Бұл кез көктем бітіп, жаз жадырай бастаған мезгіл еді. Хан Ордасы Сарысудан Ұлытау етегіне көшіп келген. Әлем сандықтан күн көзіне алып шыққан жанат ішіктей құлпырады. Жаңа көтерілген көк балауса жасыл шалғын көкірегіңді жарғандай жұпар аңқиды. Тау қойнауынан төмен қарай сарылдай аққан мұздай бұлақтардың мөлдір суы күн сәулесімен шағылысып, жерге тастаған күміс белбеудей жалт-жұлт етеді. Бұлақ жағаларында бұйралана өскен құба талдың басына қонып алып, бұлбұл құстар не бір тәтті әуенге сап ән шырқайды. Жәнібек әлемнің осынау бір ғажайып суретіне сұстана қарап сәл кідірді де, ақ орданың есігін ашты. Ханның келетінін күтіп, үйдің ортасындағы қызғалдақтай кілем үстінде алтын шарадағы уыз қымызды сапырып отырған Жаған түрегеліп, иіліп сәлем етті.

— Арсың ба, Жаған бикем?

— Барсың ба, хан ием.

Есік алдына күмістенген кебісін тастап жатып, хан әйеліне сұқтана қарады. Жаған қараторының сұлуы еді. Сұңғақ бойлы, оймақ ауыз, көген көз. Екі бала тапса да қыпша белі әлі де жіп-жіңішке. Қақтаған алтыннан жасалған ауыр шолпысы жерге тартып тұрғандай, білектей етіп өрген қос бұрымының ұшы шұбатылып кілем үстінде жатыр. Меруертпен шытырмалап, гауһар таспен безеген қызыл мауыты сәукелесі, аш белін қынаған алтын оқалы қызыл барқыт камзолының түсін ашқандай жарасып тұр. Жаған иген басын әлі жоғары көтерген жоқ. Сонау бота көзін жауып тұрған ұзын кірпіктері найзадай Жәнібектің кеудесіне келіп қадалғандай. Жәнібектің қырықтан асқанға дейін сан айқаста мызғымаған тас жүрегі, кенет қолға түскен торғайдай тыпырши қалды. Хан көз алдында осы Жағанмен алғашқы кездескен шағы елестеп кетті.

Жәнібек жиырмадан жаңа асқан тұсында. Жазтоқсанның нағыз сарша тамыз ыстық кезінде Шах-Будақ сұлтанның серігі боп қырық жігіт құдаларды басқарып Алтын хан патшалығына барған. Әбілқайыр ханның баласының жанына ерген әнші, күйші, батыр, балуан, мерген, құсбегі — кілең өнерлері тасыған өрендер. Домбалық батыр сол маңда көшіп жүрген ең беделді рулар — Қытай, Найман, Керейдің бас батыры еді. Оныменен Цзинь богдаханы да, көршілес Ойрат қонтайшысы Исентайшы да мықтап санасады екен. Жәнібек бастаған Шах-Будақ тобы Теріскей Тарбағатайды жағалап Зайсан көлінен өтіп, Алтай тауының күнгей жағына шықты. Қалың Найман, Қытай, Керей тайпа елін көктей басып, үшінші тәулікте Домбалық аулына жетті. Бұл ауыл Қыдыркөл жағасына кеше ғана келіп қонған екен. Қамысты көлді жағалай кілең ақ шағаладай кигіз үй тігіліпті. Көк майса,

¹ Алтын хан деп көне заманда Қытайдың солтүстігіндегі негізгі көшпелі елдерден құрылған хандықты айтқан. Ильяс Есенберлин. «Алмас Кылыш» (Көшпенділер – I) © «И. Есенберлин атындағы кӊор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

жасыл шалғын белуардан келеді. Арғы қабағы қарауытып қана көрінген шалқар дария, көгілдір көлдің ақ айдынында сыңсыған қаз-үйрек, сыбызғыдай сызылған қоңырқай аққу әні алыстан талып естіледі. Көлдің қамысы аз күншығыс жағынан, сонау алыстағы белеске қарай өріп бара жатқан қарақұрым жылқы көрінеді. Шах-Будақ сұлтанның келе жатқанынан күні бұрын хабардар ауылдың қыз-келіншек, бозбалалары құдаларды көш жерден қарсы алды. Жәнібек Шах-Будақтың қалыңдығы Аққозыны бірден таныды. Қарсы алған ауыл қыз-келіншегін қырағы көзімен бір шолып өтіп еді, дәл осы ауылға бұл жалғанның бар сұлу қыз-келіншегін жинағандай екен. Ал Аққозы солардың ішінде топ қоңыр қаздың арасындағы аққу тәрізді. Сұңғақ бойлы, аққұба мөлдір көз бір керемет. Басындағы алтай құндызынан тіккен шоқ үкілі камшат бөркі де, үстіндегі дүрия шәйі қос етекті көйлегі де, белін қынай киген қамқа ішігі де, гауһармен безенген алқасы мен аяғын басқан сайын қоңыраудай сылдыр қаққан қақтаған алтын шолпысы да басқалардікінен анағұрлым қымбат, өзгеше. Қыздың сырт бейнесін көргеннен-ақ Жәнібек Домбалықтың атақты сұлуы Аққозы осы екеніне шек келтірмеді. Енді ол қалған қыз-келіншек арасынан Аққозының сіңлісі Жаған бикені іздей бастады. Былтыр Аққозыға құда түсе келген Әбілқайыр адамдарынан Жағанды Аққозыдан сұлу болмаса, кем емес деген лақапты естіген. Қарсы алдында тұрған қыз-келіншектің ішінде Аққозыға көркемдігімен пара-пар келетін ешкім көзіне түсе қоймаған соң, «Жаған мұнда жоқ екен!» деген. Неге екені белгісіз, Жаған Аққозыдан да асқан сұлу болуға тиісті деген ойдан ол арыла алмаған. Қайткенмен де Жағанды тезірек көруге құмарлана асыққан. Бірақ Жаған көзге түспеді. Тек қонақтарға ауыл кәдесін істеп, кешкі ойын-сауыққа кірісер алдында ғана Домбалық батырдың екінші қызының жылқы бағуға кеткенін білді. Қазақ руларының ғұрпы бойынша көне заманда жылқы бағу тек жылқышылардың ғана борышы емес, қыз-бозбаланың да шаруасы. Жасыл шалғынды ми далада, жаздың жылы айлы түнінде қыз-бозбала болып жылқы күзету — қазақтың ескі салтының бір қызық дәстүрі. Кең алқапта үйір-үйір боп бытырай жайылған қалың жылқы. Сол қара-құрым жылқыны екеу-екеуден серік боп, ән шырқап айнала жүрген қыз-бозбала. Қос жанында тай қазанда былқылдай қайнаған құлынның уыз еті. Үйірінен бөлініп кеткен саяқты іздеген боп сайға түсіп бара жатқан, сойылын сүйреткен бозбала. Арғы беттен астындағы жорғасын жанындағы серік қызына ұстатып, төмен қарай асыға аяңдаған үкілі бөрікті, былқ-сылқ басқан жас сұлу... Бұ да бір қызық заман! Жақсы көрсең де келмейтін, жек көрсең де оралмайтын, біржолата мәңгі өшкен алтын дәурен!

Жолдан шаршап келгендеріне қарамастан жігіттер түнімен алтыбақан теуіп, ән салып көңіл көтерісті. Өзіл-қалжың, айтыс, қазақтың көне заманындағы сауықтары «Түн қату», «Түйе жығу» секілді сан алуан ойындарын ойнап, таң шапақтап ата бастары жастыққа тиді. Ойын-сауық ертеңіне тағы басталады. Күрес, сайыс, көкпардан кейін кезек жамбы атуға келді. Міне, осы ойын кезінде Жәнібек сұлтан Жаған бикені көрді. Келген қонақтар мен ауыл жастары бәсекелесіп жамбы атып жатқан. Бақан басындағы қадаға ілген күміс жамбыны бір жүз қадам жерден екі жақтың бірде-бір мергені тигізе алмай-ақ қойған-ды. Жайшылықта құралайды көзінен ататын жігіттер бұ жолы қолдарын шайтан қағып тұрғандай, алыстан еміс-еміс ағараңдап көрінген жамбыға садақ оғын қанша көздесе де дөп қадай алмады. Біресе үстінен мүлт кетеді, біресе астындағы бақанға барып сарт етеді. Алақанның аумағындай күміс жамбының нағыз бір оқ қағары бардай, байлаған жерінен бірде-бір қозғалмай-ақ қойды.

Дәл осы кезде шоғырланған топ қыз-бозбала кенет шуылдап қоя берді:

— Жаған келе жатыр!

— Жол беріңдер! Жол беріңдер!

— Жаған жамбыны көздемей түсіреді.

— әй, Оқас, Жаған бикеге жамбы атып жатқанымызды айт!

Аққозы бикенің шабарманы «Бикем не бұйырады?» деп анадай жерде атын шідерлеп күтіп отырған қара торы бала жігіт, жанындағы көкбестіге міне сала, ән шырқатып қырқадан төмен түсіп келе жатқан бір топ қыз-бозбалаға қарсы шапты. Шабарман жетер-жетпестен аттан домалай түсіп, топ басында күміс ер-тоқымды ақ боз ат үстінде жантая отырған, басына нарттай қызыл түлкі бөрік киген қызға әлденені айтып жатыр. Түлкі бөрікті қыз жамбы жанында шоғырланған топқа қарап бірдемені сұрады да, қолындағы сойылын қасында тұрған жігітке ұстата беріп, оның садағын алды. Жігіт қорамсағынан екі-үш оқты суырып, таңдап біреуін берді. Қыз садақтың бауын, домбыраның шегін шерткендей, қолымен қатты тартып көрді де, сол қолымен жақты жоғары көтеріп, жебесін қойып кезенді. Сөйтті де, астындағы ақ боз жорғаны тебініп қалды. Жорға шоғырланған топқа қарай ырғала

жөнелді. Жұлдыздай ағып келеді. Жамбы атып тұрған қыз-бозбала: «Жол беріңдер! Жол беріңдер!» «Иә, аруақ, қолдай көр!», «Қарақожа!», «Ойшыбай!» деп Керей руының ұранын айтып кейін шегіне берді. Жәнібек сұлтан қыз абыройын құрбы-құрдасының осыншама тілеуінен Жағанның осал бике емес екенін аңғарып қалды. Сөйткенше болған жоқ, ақ боз жорғаны теңселте ағызып, қыз да бұлар тұрған жерге таяй түсті. Ұзын қос бұрымын беліне қыстырып алған, ат үстінен бір жағына қарай жантая, садағын кезене ыңғайланып келе жатқан ерке сұлу, Жәнібек сұлтанның қасынан өте беріп, садағын тартып жіберді. Сол сәтте жұрт шу ете түсті. Шуда жіппен қадаға іліп қойған күміс жамбының кенет көкке атылғанын Жәнібектің өзі де көрді.

Шулаған жұрт жорғасын әзер тоқтатып кейін оралған Жағанға қарсы ұмтылды.

— Мың жаса, Жаған мерген!

— Қыз емес, қыран ғой!

— Сені тапқан анаңнан айналып кетейін.

— Қарақожа атаңның аруағын бір көтеріп тастадың ғой!

— Ел намысын жібермеген ер қызым, мың жаса!

Дабырлаған топ қызды ат үстінен көтеріп ап, сұлтандарға қарай жүрді. Олар Жәнібектер тұрған маңға таянғанда ғана қызды қолдарынан түсірді. Өздерінің тобына жақындап келіп, иіліп сәлем берген Жаған адамзаттың баласы емес, көктен түскен қор қызы боп көрінді. Қос бұрымы жерге тиіп шұбалып, құралайдың көзіндей танадай қара көздері Жәнібекке жайбарақат, мөлдірей қарады. Осы бір күнәсіз көзқараста жігіттің асау жүрегін тайдай тулатқан

бірі ғажайып сиқырлы күш бар еді. Өн бойы қорғасындай балқып, Жәнібек өзін-өзі әзер ұстап қалды.

— Арсыздар ма, құда жігіттер? — деген Жаған сонда ұзын кірпіктерін Жәнібектің жүрегіне, дәл осы қазіргісіндей қадап.

— Барсыз ба, мерген құдаша? — деген жігіттер шулай жауап беріп.

Осыншама шудың ішінен тек Жәнібектің даусын естігендей Жаған сұлтанға тағы да бір мәністі көз тастады. Сұлтан енді бұрынғыдан да бетер өртеніп кете жаздады. Сол күні түні бойы көз ілінбей шықты. Ертеңіне Жәнібек Жаған қыздың қалай асау үйреткенін көрді. Бойды алған жалын, ойды өртеген арман бұрынғыдан да өрши түсті. Ұлытауға қайтып келісімен сұлтан сонау Алтын хан еліне құдалыққа кісі жіберді. Келесі Жазтоқсанның басында он төрт жасар Жаған сұлуды үшінші бәйбішесі етіп ақ отауға кіргізді. Баяғы алғашқы жолы кездескенде «Барсың ба, ару қарындас?» деп амандасқаннан кейін, ол Жағанмен бірінші мәртебе осы ақ мамық — жар төсегінің үстінде сөйлесті. Төсектің ірге жағында көйлекшең отырған Жағанның жерге шұбатылып жатқан қос бұрымын оң білегіне орап, сол қолымен тастай қатты сүйір ұшты қос анарын кезек-кезек сәл ауырта қысып, ұяттан күйіп-жанып не істерін білмей жанталасқан жас аруды бауырына тартты. Бетіне бетін таяп:

— Мен сені Жаған, жақсы көріп алдым, — деді.

әйел жынысын ол уақытта тек мүлік деп қарайтын еркектің бұлай дегеніне жас сұлу таң қалды. Сөйтсе де көңілдегі өкпесін айтты:

— Өткен жылы менімен ең болмаса бір мәртебе сөйлесуіңіз керек еді ғой. Мәжнүнді жақсы көрген Ләйлідей менің бөтен біреуді ұнатып қалмағанымды қайдан білдіңіз?

Қыз сөзі Жәнібектің еркектік намысына тиді. Ол кенет алқымына тығыла қалған ашуын әзер басып:

— Оны қазір көрерміз, — деді — ит тиген арам аста қадір бола ма? Келген жерінде ауылың бар...

Үй іші тастай қараңғы болса да, Жәнібек қыздың езу тартып күлгенін сезіп қалды.

— Егер анамның ақ сүтіндей адал болсам, — деді қыз кенет даусы қалтырап шығып, — бір тілегім бар, орындайсыз ба?

— Қандай тілек?

— Егер ұл тапсам, оған атеке етіп біздің ауылдың Хасен деген бір жас жігіті бар, соны алдыр. Маған садақ тартып, асауды жуасытуды сол үйретіп еді.

Жәнібек бойын өртеп бара жатқан жалынды күшпен басып енді отыра алмады, қыз өтінішіне жауап берудің орнына, оны аш белінен құшақтай өзіне тартты, жаңа піскен мәуедей әбден дер кезіне жеткен жас сұлу да, бауырын жазып жігіт әуеніне қарай икемделе берді.

Тірі жан қол тигізбеген сырлы тобатайды алғашқы сындырған Жәнібек қатты ұйықтап кетті. Тек таң бозарып атып келе жатқанында, бойын тағы бір күш билеп қайта оянды. Құшағында жатқан, таң алдында ғана маужырап ұйқыға шомған жас жарының бетіне қарады. Бозғыл таңмен қара торы жүзі сәл ақшыл тартып, шие ерні сәл ашылып, дем алған тынысы сәл естілер-естілмес боп білініп, тәтті ұйқыда жатыр екен. Жәнібек өзін-өзі ұстай алмай, аш белінен қысып, жас аруын өзіне қарай икемдей берді. Ақ білегін мойнына салып, ұзын кірпіктері астынан еріне еркелей қараған Жаған:

— Кешегі өтінішіме жауап бермедің ғой, сұлтаным, — деді.

Жағанның адалдығына риза болған Жәнібек, дәл осы сәтте бойын билеп кеткен қуанышын баса алмай:

— Жарайды, айтқаныңды орындайын, — деген, келіншегін белінен құшырлана қысып.

Сөйткен Жаған сұлу осы. Сондағы тілек еткен Хасен деген жігіті анау... Жәнібек қабағын түйіп есік алдында сәл кідірді. Өмірінің ең алғашқы қуаныш сағатында Жаған тумай жатқан баласына Хасенді атеке ет деп бекер өтінді ме? Расымен... Жоқ, жоқ, ол мүмкін емес. Жан сезімі қалай туласа да, Жаған оны баса алады. Былтыр өзі айтқан жоқ па еді, «мінез деген бір асау байтал ғой, талай асауды үйреткенде өз сезімімді өзім үйрете алмаймын ба» деп. Ол өз сезіміне өзі ие бола алады. «Ал ие бола алмай жүрсе қайтем? Ақылдан басқа жүрек бар ғой. Ал жүрек деген құрық көрмеген шын тағы жылқы тәрізді емес пе? Басына түскен құрықты үзіп кеткен жүйріктер аз ба? Онда... онда... жоқ, жоқ, қазір әңгіме бұл жайында емес. Әңгіме бір қатынның тағдырынан көрі үлкен іс хақында. Халқымның тағдыры туралы... Ең алдымен соны шешу керек».

Жәнібек қабағы қайта ашылды. Ол кебісін тастап, қызыл сафьян мәсісімен төрге шығып төрт қабат шәйі көрпенің үстіне, ақ мамық жастықты шынтақтай отырды.

Жаған қымыз құйылған күміс шара мен алтын кесені әкеп, төменірек тізе бүкті. Иісі аңқыған сары қымызды күміс ожаумен сапыруға кірісті.

— Хан ием, жақсы жатып жайлы тұрдыңыз ба? — деді ол көзінің қиығын күйеуіне аударып. Ханымның бұлай деп сұрауының әзіл астары бар еді. Өткен түн хан Ақжол бидің кіші қарындасы Жанбике арудың ордасына түнеп шыққан. Жанбикені Жәнібек былтыр алған. Оның жас иістігі есіне түсіп, хан кейде әйелдерінің кезегін бұзатын. Жас тоқалының ордасында өзге әйелдерінің үйінен гөрі жиірек болатын. Өткен түн кезегі Жағандікі еді. Жәнібек өзге әйелдеріне істеген тұрақсыздығын бұған әлі істеп көрмеген-ді. Намысқой Жаған күйеуінің сол қылығына қарай, бұл сөзді әдейі тигізіп айтып отыр. Ол қабағын да шытпай күлімсіреген қалпында сөзін жалғай түсті.

— Жанбике тоқал өзгемізден гөрі төсекті жұмсақ төсей біледі дейді ғой.

Бүкіл Дәшті Қыпшақтың жиырма сегіз басты руының басын қосамын деп талпынған Жәнібек хан, ешуақытта да жеті қатынын тату-тәтті ұстаймын деп ойлаған емес. Жиырма сегіз руға әлі жеткенмен, жеті қатынына әлі жетпейтінін ол жақсы білетін. Өйткені әр қатынының дауы бір тайпы елдің дауынан кем түспейтін. Солардың ішінде мұндай ошақ басы жанжалға араласа қоймайтыны осы Жаған еді. «Бұ да кірісе бастаған екен» деді ол ішінен. Қазір оған қандай жауап берсе де, қыңыр сөзге душар болады. Бәрібір жеңе алмайсың. Қатынның аты қатын, басы алтын, арты күміс болса да, өз дегенінен шыға алмайды. Ал қатынның кішкентай өзімдік жан дүниесі бүкіл әлемге бергісіз. Одан да үндемей құтылайын деді Жәнібек. Осындай ойдағы хан Жағанның көңілін бөтен сөзге аударғысы келгендей, бәйбішесі ұсынған алтын кесені алып жатып:

— Қасымды шақыртшы, — деді сөйлесетін сөз бар...

Жаған көзін ойнақшыта қарады.

— Хасан атекесін де шақыртайын ба, үнемі бірге жүреді?

Жағанның бұнысы да әлгі қыңыр сөздің жалғасы.

Жәнібектің жүрегін мысық тырнап алғандай ашып кетті, сөйтсе де сыр бермей:

— Шақырт, — деді.

Жаған түрегеліп, талдырмаш мықынын ырғалта, сұлу денесін ойната, аяғын былқ-сылқ басып барып есікті ашты.

— әбен! — деді сырттағы нөкеріне дауыстап. — Қасымжан мен атекесі Хасенді шақыртшы! Хан әкесі сөйлесем дейді.

«әйелдің аты әйел, — деді тағы да Жәнібек ішінен ойлап, Жағанның есікті қалай барып ашқанына сүйсіне, — қашан да болса еркектің көзіне ұнамды жерін түсіргісі келіп тұрады».

Жаған орнына келіп отырғаннан кейін Жәнібек босаған алтын кесесін ұсынды.

— Қымызың балдан тәтті екен, тағы да құйшы.

Жаған жадырап сала берді.

— Сабасын Керейлерше ыстатқам. Әдейі өзіңе арнап...

Жәнібек риза боп күлімсіреді.

— Менің баымды өзің ғана табасың...

Осымен арадағы кірбің бітті. Енді олар бір-біріне жадырай қарасты. Осы уақытта үйге Қасым кірді. Сәлем беріп, әкесінің оң жағына барып отырды. Жәнібек баласына көз қиығын аударды да, Жағанға қарады. «Айнымаған шешесі тәрізді. Тек мұрны мен иегі, қоюланып өсіп қалған мұрты да өзімдікі».

— әкең атекеңмен бірге келсін деп еді ғой, — деді Жаған баласына алтын кесеге қымыз құйып беріп жатып, — Хасен қайда?

— Екі аптадай болып қалды-ау деймін, қайын-жұртына кеткен.

— ә-ә!

Жәнібек мырс етіп күліп жіберді. «Жаңа Қасымды атекесімен жұбын жазбайды» деп, Хасенді де шақыртқанда, әдейі менің жаныма тисін дегені екен ғой. Өткен түннің өшін менен осылай алмағанда қалай алсын, бейшара... Намысына тиген ерін шымшыған түрі де... Жоқ, жоқ, Хасеннің қайда жүргенін де білмейді. Демек, бұның онымен еш байланысы болмаса керек-ті...

— Көке, мені жай шақырттыңыз ба? — деді Қасым әкесінің ойын бөліп.

— Жай емес, Қасым жігіт, — Жәнібек қолындағы кесесін жерге қойды, — үйді дауыл кезінде емес, бұрын тігеді, ақылдасатын жай бар...

— Дұрыс айтасың, көке. Кигіз жамылған су болмас, ақылдасқан жөн...

— Өзің де байқап жүрген шығарсың, бір қияпат айқас таяп келеді. Бұны қазір қайта күшейе түскен Көк Орда, Моғолстан дайындығынан аңғаруға болады. Бүгінгі күні біз де осал емеспіз. Осының бәрі арамыздағы көптен бері келе жатқан жанжалдың үлкен жанжалсыз бітпейтінін көрсетеді.

— Дұрыс айтасыз, хан ием. Күз келері көктемнен мәлім, Көк Ордадан іргенді бөлек салғаннан-ақ, түбі бір ұлы айқастың болары хақ ғой.

— Бірақ бұл айқас тек Көк Орда жағынан ғана көрініп тұрған жоқ тәрізді. Батысың да, шығысың да қауіпті. Батысыңнан сенің жеріңе көзін тіккен Қазан, Астрахань, Қырым, Ноғайлы хандары бар. Олардың ар жағында, алыстан тулап жатқан дариядан — Түрік пен Стамбул сүлесі көрінеді. Екі жағың да жетісіп тұрған жоқ. Бірі болмаса бірі бас салатыны аян. Ал, ондай халге жетпес үшін, біз өзіміз ерте қимылдауымыз керек.

— Дұрыс айтасыз, хан ием. Кім садақты алдымен тартса, сол жауын бұрын жаралайды.

— Міне осы жай еді менің сенімен ақылдасайын дегенім, Қасым сұлтан. Не айтасың?

Қасым көп ойланған жоқ.

— Ақылмен арыстанды да ұстауға болады, — деді ол. — Ақылға салған іс қашанда жеңісті келеді. Дұрыс істегенсің, көке, жалғыз менімен ғана емес, Бұрындықпен де, Қамбармен де ақылдасқан жөн...

— Олардың да кезегі келер, өзің не шертесің?

— Менің дерім бір-ақ ой. Жатсам-тұрсам көз алдымнан Әбілқайырдың сұрғылт жүзі кетпейді. Ол текке жатпаса керек.

— әрине ғой. Қауіп Көк Орда жағынан. Диірменде туған тышқан дүрсілден қорықпас. Бізбен алысып үйреніп қалған жау қаймығуды білмейді, бүгін болмаса ертең Әбілқайыр хан Ақ Ордаға қарсы жорыққа шығады.

— Дұрыс айтасың. Қазір ол Моғолстанға қарсы қол жинап жатыр деген сыбыс бар.

— Моғолстанға аттанғаны — бізге аттанғаны. Андыз барда ат өлмес, қолымызда күш тұрғанда бізге бос жатуға болмайды. Әбілқайыр Үргеніш жақта Моғолстанға қарсы қол жинап жатқанында, біз Түркістан уәлиетін басып алуымыз керек. Сығанақ, Сайрам, Яссы, Созақ, Отырар тәрізді мықты бекіністері бар қалаларды қолға түсірсең, Әбілқайырдың көк желкесіне мінеміз. Оны Дәшті Қыпшақ жеріне жібермек түгіл, бүкіл Мауреннахрдың өзіне қауіп туғызамыз.

— Өзім де солай топшылап едім, болжауымыз бір жерден шықты.

— Түркістан уәлиетін қайтару — Дәшті Қыпшақ елінің сауда-саттық жолын ашу ғана емес, әділеттік үшін күресу. Өз жерімізді, өз қалаларымызды өзімізге алу — тілектес Моғолстанды қанды көз Әбілқайырдан қорғау.

Бағанадан бері әкесі мен баласының сөзін құр тыңдап отырған Жаған сөзге кірісті.

— Сонда сендер Көк Ордаға қарсы соғыс ашпақсыңдар ма.

әкесі үшін Қасым жауап берді.

— Жоқ, апа, біздің елімізге, жерімізге қарсы жүз жыл бұрын Ақсақ Темір ашқан соғысты аяқтамақпыз.

— Ақсақ Темірдің жерінің өзін Аққозының хан атасы жаулап алған жоқ па?

— Жаулап алды. Жаулап алды да, Ақсақ Темір әулетімен бірігіп кетті. Қазақ руларының байырғы қонысы Түркістан өлкесін кеше Ақсақ Темір билесе, бүгін Әбілқайыр билеуде. Өділеттік іздесе, ол жерді бүгін біз қайтарып алуымыз керек.

— Тағы да қырғын қан төгіс болады екен ғой?

— Иә, апа.

— Аққозының балалары саған қарсы, сен оған қарсы шығады екенсіңдер ғой.

— Иә, апа.

Жаған кенет қабағын шыта қалды.

— Жоқ, оларың болмайды!

— Неге, апа?

— Аққозы марқұм екеуіміз бір ана, бір әкеден тудық. Апалы-сіңлілі екі адамның балаларына бірін-бірі кескілердей не жетпейді? Атақ па, бақ па?

— Жоқ, апа, мен атақ, бақ үшін қан майданға шықпаймын. Мені ажалға айдап салар халқымның жағдайы, болашағы. Біздің заман қасқырлар заманы. Кімде-кім өзгеге үлесін жібермесе, тартып-жұлып өзінің тиесісін ала алса, соның қолында бұ жалғанның тірегі. Соның ғана сұм дүниеде тіршілік сүруге қақы бар. Егер біз өзімізді Әбілқайырға талауға берсек, ертең құл боламыз, жерімізден, елімізден айрылып, тарих бетінде мәңгі жоғалып кетеміз. Ал жаныңды құрбан етіп алыспасаң, болашақ ұлы айқастарда құрып кету оңай.

— Құрымаудың жалғыз жолы тек майдандасу ма? Жылы-жылы сөйлесе жылан інінен шығады. Сойыл ала жүгіргенше, жылы сөйлесіп, марқұм Аққозы бикенің атасымен де, балаларымен де тіл табуға болмай ма?

Анасы мен баласының сөзін үнсіз тыңдап отырған Жәнібек басын көтерді.

— Әбілқайырмен және оның ұрпақтарымен тіл табу — олардың айтқанына көну деген сөз. Айтқанына көнсең сол күні қаныңды ішеді.

— Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтан Қасымжанның қанын ішпейді. Былтыр аналары Аққозы қайтыс боларда екеуінің де берген анттары бар...

Былтыр Күзтоқсанның басында Жаған Аққозы хал үстінде жатыр деген хабар алып, Қараталға көшіп бара жатқан бетінде Яссыға бұрылған. О кезде қандай өшпенділік болмасын, мұндай қайғылы жағдайда ресми қатынасқа жол берілетін. Бірінің адамына бірі тимейтін. Аққозы ханым Мұхамед-әкім эль Таразидың тойынан кейін, екі баласының даңқына көз тимесін деп, пітір беріп құран оқытуға Яссы қаласындағы Қожа Ахмет Яссауидың мешітіне әдейі арнап келген-ді. Атақты қари ¹ Қожа Мүлкім Аққозы ханымның атынан екі бие сауымдай мезгіл құран оқып батасын берген. Ханым садақаға молда, мүрит, қари, бейшараларға он топ жібек, барқыт, екі арба өрік, мейіз үлестіріп, құрбандыққа қырық қой, бес ту бие сойғызып, өзінің жібек шатырына қайта оралған. Шатырға кіре қалпақтай түскен. Жиналған бақсы-балгерлер ханымның қандай кеселменен ауырғанын таба алмаған. Сасып қалған Яссының хакімі Мұхамед-Мазит тархан Аққозының атасы Әбілқайырға, Аққозының сіңлісін алып отырған Жәнібекке ат шаптырған. Өзі сырқаттанып жүргендіктен Әбілқайыр кіші бәйбішесі Рабиу-Сұлтан-Бегімді жіберген. Жаған өзі келген. Қасымды Жәнібек біреу болмаса біреу қастық істеп жүрер деп алып қалған. Жаған жеткенде сұлу Аққозы хал үстінде жатқан. Әлі де аққудың көгілдіріндей сұлу Аққозының бір аптаның ішінде табытқа айналғанын көріп Жаған солқылдай жылап, апасын құшақтап ағыл-тегіл болған. Осы кезде барып Аққозы ең ақырғы күшін жиып, Жағанға өзінің енді бұл дүниенікі емес екенін айтып:

— Бауырым, Жаған, — деген, — о дүниеге өз күнәмды арқалап кеткім келмейді. Тек өзіңе ғана айтатын құпия сырым бар. Егер бұл сырымды иманыңдай сақтайтын болсаң...

— Аққозы-ау, о не дегенің? Сенің сырың менің иманым емес пе? — деп Жаған солқылдап жылап қоя берген.

— Менің ажалыма ешкім де айыпты емес, өзім ғана күнәлімін...

— Қалайша?

— Өсек сөздің шеті өзіңе де жеткен шығар. Орақ өлді дегеннен кейін ерге шықпаймын деп құран ұстап ант еткенімді өзің де білесің. Сол Орақ тірі болып шықты. Махаббат

¹ Қ а р и — құранды жатқа білетін діни адам.

шариғаттан да күшті екен, сол Орақпен биыл екі рет кездестім... Екі ұлымның бетіне салық болмасын деп, іштегі күнәмды көрсетпеу үшін, бір балгерден іш тастатар дәрі алып іштім...

Аққозы сөйдеген де, Мұхамед пен Махмудты шақыртқан.

— Құлындарым, — деген жанына келген балаларының маңдайларынан иіскеп, — мен енді сендерге жоқпын... Сендердің алдарыңда күнәм бар еді, ол күнәмды өзіммен бірге әкетіп бара жатырмын, — деген қысыла сөйлеп. — Ал енді ажал алдында сендерге жалғыз ғана тілегім бар, орындайсыңдар ма?

Екі бала бірден:

— Орындаймыз, — деп тізелерін бүккен.

— Орындасаңдар... Менің тілегімді тыңдаңдар... Міне Жаған екеуіміз сонау жат жерге келін боп түсіп едік. Мүмкін сол жат жерде екеуден-екеу болғандығымыздан ба, өмір бақи тату-тәтті өттік. Әкелерің қандай қастасып жүрсін, біріміздің біріміз титтей де көңілімізді қалдырған жоқпыз. Сендерден де тілейтінім — сол. Мына нағашы апаларың Жағанның баласы Қасыммен тату-тәтті болыңдар... Адам баласын аяуды білмеген ұлы бабаларың Тыңболаттың¹ сендер де тұқымысыңдар, түбі нәсілдеріңе тартып кетулеріңе күмәнім жоқ, бірақ мені зиратында тыныш жатсын десеңдер, Қасымға қол көтермейсіңдер! Құран ұстап осыған ант беріңдер.

Аққозы келін боп түскеннен кейін сегіз жыл сарғайып барып тұңғышын көрген. Содан шығар, анасы мен балалары арасындағы махаббат орасан берік болатын.

— Міне, құран, міне, антымыз, — деп екі жігіт Қасымды қан етпеске ант берген. Жаған да Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанға Қасым жағынан қастық жасатпаймын деп апасы Аққозыны сендірген.

Сол күні Аққозы қайтыс болған. Ел болып, хан ұрпақтары оны құрметпен Ахмет Яссауи мешітінің іргесіне жерлеген. Шешесі Аққозы өлгенде ер жетіп қалған екі баласы бірдей жас нәрестелердей, жер бауырлап ағыл-тегіл боп жылаған. Сондықтан да оларға деген жүрегінде бір үлкен жылы сезім сақтап, Жаған еліне қайтқан. Қазіргі айтып тұрғаны осы жәйт.

— Жарайды, — деді Жәнібек, Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтан Қасым сұлтанмен тату-тәтті болсын. Түбі осы қос бөрінің бірі Әбілқайырдың тағына отыруы хақ. Ал Қасым менің тағымның түпкі иесі. Апалы-сіңлілі екі адамның хан тақтарында отырар балаларының жауласпауы керек-ақ тілек. Бірақ ол мүмкін бе? Хан тағындағы адам айдаһардың үстінде отырған адаммен бірдей. Өзін айдаһар жұтып жібермес үшін, ол сол айдаһарға туған әкесін, жалғыз баласын құрбан етуге бар. Хан тағын қорғау қашан да болса қымбатқа түскен. Екінші бірі бұл кеселден аман құтыла алмаған. Осы ауыртпалықтың бәріне шыдап Қасым сұлтан жерін, тағын аламын деп ұмтылған Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанға қарсы сойыл ұрмай отыра ала ма?

— Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтан Қасымжанның тағын аламын деп, сойыл соғып соғысқа шықпайды. Қолына құран алып аналарына берген серті бар.

Серт тек арманға жету үшін ғана керек. Жарайды, Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтан Қасым сұлтанға тимесін, ал егер сол қос бөрінің бірі Қасымның туған ағасы Қамбарға, не әдікке найза салса, Қасым сұлтан не істейді? Ал Әбілқайыр болса ауру... Түбі оның тағына Шах-Будақтың қос бөрісінен ыңғайлы Әбілқайырдың басқа ұрпағы жоқ.

Жаған ерінің өзіне қойған сұрағының қаншалық ауыр екенін енді ұқты. Жауап қайтара алмай сәл кідіріп қалды. Кенет басын көтеріп алды.

— Онда ма? Онда... — Жағанның даусынан нәсілі Керейге біткен қайсарлық естілді. — Онда кекке — кек! Қанға — қан! Қасым сұлтан әкесі мен ағасының өшін қайтарады. Әбілқайырдың өзін өлтіреді. Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанның толып жатқан ағаларының басын алады. Бірақ өздері антын бұзбай екеуіне де қылышын көтермейді. Егер мені ана дейтін болса, тұңғышым Қасымжаннан осыны тілеймін. Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанға бірінші боп шоқпар сілтемеймін, — деп екеуіміздің алдымызда ант беруін өтінем. Егер бұл арманымды орындамаса ақ сүтімді көкке сауып өтем.

Ана тілегі Қасымның жүрегіне қанжардай қадалды. Дәл осы мезетте шешесі Жағанның апасы Аққозыға берген уәдесінің қаншалық қымбат екенін түсінді. Кенет ол орнынан атып тұрып, бір тізерлеп шешесінің алдына отыра қалды да, беліндегі наркескенін қынабынан суырып ап, екі жағынан ұстап маңдайына тигізді де, қылшылдаған жүзінен сүйді.

¹ Шыңғысханды бергін келгенше, Шыңғыс ұрпақтарының қазақтан алған әйелдері, қазақ дәстүрі бойынша, Шыңғысхан деп атын атамай, Тыңболат деп келген.

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы къор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

— Асыл болат наркескен, қос бауырым Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанға сені бірінші боп қынабымнан суырмасқа ант етем, — деді ол. — Егер антымды бұзып қос бауырыма бірінші боп қастық етсем, мына тұрған асыл анам Жаған бикенің ақ сүті ұрсын!

Жаған бике орнынан түрегеліп баласының қолындағы жалаңаш ақ семсерді алды да ерніне тигізді.

— Асыл болат ақ семсер, егер қансырар болсаң, жалғыз ұлым Қасымға емес, ең алдымен менің жүрегіме қадал. Ана тілегін қабыл алғаны үшін, оның құрбаны болсам арманым жоқ деп күні бұрын ант етем!

Анасы мен баласының бұл қылықтарын өз көзімен көрген хан Жәнібек іштей екі сырды қатты түйді. Бірі — Қасымның анасы Жағанды аса жақсы көретінін. Екіншісі өткен түнде Жанбике тоқалдың үйіне кезексіз бардың деп әйелдік мінез көрсетіп, Жәнібекті өзіне дене сұлулығымен тартпақ боп отырған Жаған бикенің кенет шын ар-намысын қорғайтын іске келгенде, қандай табандылыққа болса да бара алатынын білді. «Сұлу әйел егер ақылды болса, еркекке тек өзінің сұлулығымен ғана емес, терең ойлылығымен де, табандылығымен де қымбатты болып көріне алады екен» деді ол ішінен. Ол осы сәтте үлкен жүректі әйелдің уақ әйелдік сезімінен де алыс тұрмайтынын қатеріне алды. Мұндай әйелдің намысымен ойнаудың қаншалық қауіпті екенін түсінді.

Ертеңіне Жәнібек жарлық беріп, хан кеңесін шақыртты. Бұл кеңеске Орда маңындағы сұлтан, батырлар, ерлік істерімен көзге көріне бастаған өз балалары мен Керейдің баласы Бұрындық сұлтан қатынасты. Екі күн кеңесіп, ақырында Күзтоқсанның басында Түркістан уәлиетіне шабуылға шықпақ боп ұйғарысты. Дәшті Қыпшақ әскерін екіге бөлмек болды. Жәнібек хан балаларымен өзі басқаратын топ Созаққа, Керей ханның баласы Бұрындық сұлтан мен Найман батыры Қаптағай, Қоңырат батыры Сарыбалақ, Керей батыры Ойшыбай, Уақ батыры Жаубасар, Жалайыр батыры Бөрібай бастаған қалың қол Сығанаққа шабуыл салсын делінді. Өзінің ежелгі салты бойынша Арғын, Қыпшақ, Тарақты жасақтары Жәнібек ханның — хан Ордасының қасында қалды. Бұған Жайықтың бергі беті, Атырау теңізі мен Сырдың төмегі саласын жайлаған Кіші жүзден келген Адай руынан Теген батыр, Табын руынан Серке би, Шөмекей руынан Ақтаңдақ батыр, Тама руынан Қарабура батырлар басқарып келген жасақтар мен Ұлы жүзден Қаңлы, Ысты руынан Бахтияр би, Шапырашты руынан Қарасай батыр, Жаныс руынан Жанатай батыр басқарған шағын қолдар келіп қосылсын делінді. Хан Ордасынан осы әскерлер жиналып жатқан Саумалкөл, Телікөл, Жуанарық, Көкше теңіз Атырау жағасына ат шаптырылды. Бар қол Күзтоқсанның басында Сейхун дарияның төменгі шеніндегі Қараөзек қойнауында шоғырланбақ болды. Бұнымен қатар бұл шаһарлардың хакім, бектеріне жасырын кісілер жіберілді. «Біздің күшіміз қазір Әбілқайыр ханның күшінен артық, қазақ еліне ежелден жататын шаһарларымызды қан төгіспей өзімізге қайтарыңдар. Егерде бұл тілегімізді орындамасаңдар өз обалдарың өздеріңе» деп хат жазды. Бірақ бұған Әбілқайыр хан «арзани дашті» ретінде басыбайлы Созақты берген өзінің немересі Қызыр ханнан туған Бахтияр сұлтан да, Сығанақ хакиматының белағасы Манеден-оғлан да кекете: «Әбілқайыр ханнан күшті болса, ең алдымен сайыпқыран ханды жеңіп алсын. Содан кейін қалаларымызды қан төкпей бостан-босқа береміз» деп жауап берді. Жәнібек пен Бұрындық Ордаларын Телікөл мен Боқтықарынның бойына тастап, желтоқсан түспей-ақ Қараөзекке келді.

Осы араға көп кешікпей жүз мыңға таяу қазақ сыпайлары жиналды. Ортада азғантай қолмен Жәнібектің өзі, ал Маймене жағын Бұрындық сұлтан, Майсары жағын Жәнібектің үлкен балалары Жиренше мен Махмұд басқарып (Қамбар мен Қасым екінші шепте болған), жыланның айырма тіліндей екі бұтақ боп, Түркістанға қарай аттанған. Осы күнгі Шиелі жеріне келгенде екі бөлінген. Бұрындық Сығанаққа, Жиренше мен Махмұд Созаққа беттеген. Жәнібек өзі Арғын, Қыпшақтың таңдамалы жігіттерінен қалқан құрып, Шиелі қамысы Сейхун дарияның жағасына бекінген.

Қазақтардың айтып жүргендері құр қоқан-лоқы қорқыту деп ойлаған Сығанақ қожасы Манеден-оғлан мен Созақ билеушісі Бахтияр сұлтан жауын көрген жыландай кенет жиырыла қалды. Басын көтеріп, ысқырынып айбат шақырды. Қаланы қоршаған қамалдың дарбазаларын дереу бекітіп, қала жатақтарын лашқарға алды. Бірақ бұл дайындықтың бәрі тығыз-таяң, асығыс болды. Қазақ әскерінің тым көп екенін естіген қала ақсақалдары, «жұртты босқа қырғызып, қан төгудің не қажеті бар, қаланы әзірге қазақтарға беру керек. Әбілқайыр ханнан көмек келгенде қайтып алу оңай ғой» деп күңкіл шығара бастады. Ел басы ақсақалдардың, керуенсарай ұстаған саудагерлердің көбі

Маңғыт, Қаңлы, Жалайыр, Дулат руларынан шыққан қазақ қанды адамдар еді. Қала басы сұлтандар болғанмен, бекіністердің шын тағдыры осылардың қолында тұрған. Ежелден келе жатқан дәстүр бойынша егер, қала билеушілері — ақсақал, саудагер, қожа-молдалар ұйғарса, қаланы көңілдеріне ұнаған адамға тапсырар әдет бар. Сығанақ қожасы Манеден-оғлан жұрттың мұндай жағдайын көріп, Самарқант, Ташкент, Яссыдан жуыр арада көмек келе қоймайтынына көзі жеткен соң, «есің барда еліңді тап» деп Бұрындықтың әскерінің қарасы көріне бастағаннан-ақ бүкіл үй ішін, өзіне деген нөкер-құлдарын алып, Самарқантқа қашқан. Сөйтіп Бұрындық сұлтан Сығанаққа бір садақ оғын жібермей, сырнайлатып-кернейлетіп тал түсте кірген.

Ал Созақтың билеушісі Бахтияр сұлтан бүйтпеді. Әбілқайырдың аты шулы батырларының бірі, Көк Орда ханына ұнай білген, бүкіл Созақ уәлиетін қойдай өргізген қажырлы сұлтан, «Қаланы қан төкпей беруді ойласаң қайтеді?» деп келген ақсақал, саудагерлер тобын нөкерлеріне қоршатып алып, «жұрт арасына іріткі салады» деп, қараңғы тас сарайға қаматып қойды. Созақ мидай жазық далаға салынған шаһар. Жан-жағындағы қамалы да Сайрам мен Саурандай биік емес. Түйелі кісінің ернеуіне қолы жетеді. Бүкіл уәлиетінен отыз мыңға таяу лашкер жинап, қалада тығылып жатпай ашық далада жауына қарсы бетпе-бет майданға шықты. Бірақ бала жасынан ат құлағында ойнап өскен, ал ер жете бастағаннан-ақ сойыл соғып, садақ атуды өнер көрген қазақтың жау жүрек жігіттері қойсын ба, құмырысқадай қаптап: «Ақжол!», «Уайс!», «Жауқашар!», «Бахтиярлап!» ат қойғанда, алғашқы қарқынында-ақ Бахтияр сұлтанның алдыңғы шебін күл-талқан етті. Қазақтан дәл мұндай өнер күтпеген Бахтияр сұлтан әбден састы. Халық күші жазғытұрымғы жүздеген, мыңдаған сай, жыралардан қосылып аққан сумен тең екенін, олар бір жерге жиналып, ернеуінен асып тасыса, алдында қандай қамал, бөгет болса да быт-шытын шығаратын алып күш екенін Бахтияр сұлтан сонда білді. Расында да қазақ елі көнтерілі, сан қорлыққа шыдаған қауым еді. Ашына келіп, ақырында ернеуінен асып төгілген дариядай, атқа мініп, қолына сойыл алуға мәжбүр болды. Жалғанда қиянатқа көнтерілі халықтың долданғанынан асатын ұлы күш жоқ. Көнтерілі халық жәй күнде, бөлтіріктері үстіне шығып ойнап маза бермеген арлан қасқыр тәрізді. Ал ызаланғанда ештеңеге қарамайды, бөлтірігім демейді, бөтенім демейді, үстіндегінің бірде-бірін қалдырмай, қанды ауызын салып қап, жан-жағына аямай лақтырып-лақтырып жібереді. Қазақ та дәл осы арлан қасқыр тәрізді шамасы келгенше шыдап бақты. Шыдамы таусылып еді, өлген-тірілгеніне қарамай, желке жүнін күдірейтіп, жауына ақыра тап берді. Қазақ жауынгерлерінің мұндай қаһарлы түрін көріп, Бахтияр сұлтан «жеңілдім!» деп алдына кеп қол қусырып Жиренше мен Қамбардан бітім сұрады. Бұлар қаланың кілтін алып, бітімге келісті.

Хан ордасын уақытша Сығанаққа көшірген Жәнібек, Созақ уәлиетін екінші баласы Махмұдқа, Сығанақ уәлиетінің билігін Керейдің баласы Бұрындық сұлтанға берді.

Сығанақ пен Созақты алып, көңілі көтеріліп қалған қазақ Ордасының ханы Жәнібек енді «өз еріктеріңмен беріліңдер» деп Яссы мен Отырар қаласының әміршісі Мұхамед-Мазид тарханға, Сауранды билеп отырған оның баласы Құлмұқамет тарханға, Үзкенттің хакімі Уақас биге, Сайрамның хакімі Мыржық төреге кісі жіберіп, хат жазды.

Дәл осы кезде яғни Хаджри есебі бойынша сегіз жүз жетпіс төртінші, Тышқан жылы, жаңаша бір мың төрт жүз алпыс сегізінші жылы, елу жеті жасар Әбілқайыр ханның өзі ақұрығын алып, жүз мың атты әскерімен Моғолстанды шаппақ болып Үргеніш тұсынан шығыпты деген хабар жетті. Жүз мың әскер! Бұл қолына құр сойыл мен садақ алған қазақтың әскері емес. Бұл Исфаған болатынан алдаспан, ұзын қылыш тағынған, Қорасан құрышынан сауыт-дулыға киген, мұздай боп қару-жарақ асынған, өз заманының әскери өнер-ғылымымен әбден суарылған, Әбілқайыр ханның бүкіл шығыс әлеміне белгілі атақты атты әскері! Хан әскерін ұрысқа өзі үйреткен! Жауын аямастай етіп өзі баулыған! Көк Орда Көк Орда болғалы ұлы ханның әскері жетпіс бес мыңнан асып көрген емес, ал бұл жолы... жүз мың! Бұл хабарды естігенде Жәнібектің де жүрегі дір ете қалды. Ол бүкіл Сығанақ, Созақ уәлиеттерінің ұста, шеберлерін жинатып, көрік қыздыртып, әскеріне хакім қоймаларынан табылған көк болат құрыштан қару-жарақ соқтыра бастады.

Бірақ Жәнібектің бұл қызу әрекеттері ұзаққа созылмады. Кенет тағы бір хабар жетті. Қырық жылдай бүкіл Дәшті Қыпшақ, Мауреннахр, Қорасанды тітіреткен Әбілқайыр хан о дүниеге сапар шегіпті! Бүкіл атақ, алтын тақ, Шығыс елінің тең жартысын жылатып жинаған дүние-қазына ұлы ханның өмірін ең болмаса бір күнге созуға жарамапты! Атақты дәруіші әбдіразақ Нахичеванидің өзі тапқан мың да бір кеселге шипа болар, ебелек тікенегінен

жасаған — сырыншан шурнәсі де қонбапты. Есіл ер Жейхун мен Сейхун дарияның ортасындағы етрақ¹ далада жеті күн кезікпен күйіп-жанып, ақыры қайтыс болыпты! Зірік талдай сарғая бастаған денесін ыстық күнге бұзылып кетпесін деп, Бахтияр баһадур мен Қарашың батыр, бал толтырған алты құлаш астауға сап, Созақ меинасына алып келіпті. Бұл шаһар қазақтардың қолында болса да, өлімге дауа бар ма, алтын сырмен атын жазып, арнаулы қара мәрмәр тасынан мазар ойып, құрметтеп жерлепті. Бұл хабарды естігенде қас жаулары, әсіресе, Әбілқайыр жерін алып, суын алып, қиянаты көп өткен кейбір қазақ ауылдары көкала жылқы құрбан шалып, қуанышқа кенелді. Тек Жәнібек хан ғана дүние шіркіннің өткіншектігіне қамығып, үш күн орнынан тұрмай жатып алды. Жоқ, Жәнібек Әбілқайыр ханда кеткен кегіне өкінген жоқ. О заманда хан кегі — қолға ұстаған алдаспан тәрізді, ыңғайы келсе жауына жұмсалады, ал өзіне тиімді болса қынабына қайта салынады. Кейбіреуі сол қынабында жатып тот басып, әбден шіриді. Ал енді біреуі анда-санда қынабынан суырылып жауының үстінен жарқ-жұрқ ойнап, сес көрсетіп, қайта орнына барып жатар болар. Тек зардабы асып кеткенде ғана сол кек-алдаспан қызыл қанға малынуға тиісті. Жәнібек пен Әбілқайырдың да кегі осындай кекке айналған. Екі жақтың халқы бірдей қызыл қанға малынғанымен, өздері бірін-бірі ажалға қиюдан аулақ еді. Тек хандығын тартып алып, жауын тақырға отырғызу ғана — армандары болатын. Жоқ, Жәнібек Әбілқайырда кегім кетті деп өкінбеді. Дүние шіркіннің жалған екеніне өкінді. Бар өмірін жиһангерлікпен, алыс, жұлыс, ұрыспен өткізген азуы алты қарыс, мүйізі шаңырақтай, атақты хан Әбілқайыр ақырында не тапты? Бар тапқаны Созақтың қасынан қазылған екі құлаш жер болды! Енді оған үстіне қойған мәрмәр тастан, басына жазылған алтын жазудан не пайда?

«Өлдің, Мамай, қор болдың!» деген міне, осы!.. Қайсымыздың болса да бұл жалған дүниеден ақырғы алар еншіміз — осы екі құлаш жер! Атақ, бақ ше? — Жәнібек ауыр күрсінді. — Атақ, бақ та қолға салған алтын сақина тәрізді, қанша асыл болғанмен түбі тозады. Әбілқайыр түгіл, кеше бүкіл Шығыс еліне үлгі болған Қошан патшалығының ұлы патшасы Қанышқаны кім біледі? Ал кезінде бұдан атақты, бұдан абыройлы қандай патша болып еді? Жоқ, атақ, бақ деген — қолға салған алтын сақина. Тек тірі кезімізде ғана өзгелер көрсін, қызықсын деп саусағымыздан алмауға тырысамыз. Ал өлгесін ше? Қай ұрпақты көрдің — бабамның мұрасы деп атам заманғы сақинаны көзінің қарашығындай сақтаған? Сақтаудың қажеті жоқ шығар. Әр заманның үлгісі өзіне қымбат қой. Атағың да сондай. Қара да тұр, Алтын Орданы тік тұрғызған Әбілқайырға бүкіл үрім-бұтағының орнатқан ескерткіші «Осы жерде Әбілқайыр хан жатыр» деп үстіне қойған сонау қара таспен бітеді. Жыл өтер, ғасыр өтер, Әбілқайырдың да даңқы, бүгінгі күнгі қадірі ұмытылар. Бұным не, Әбілқайырды табалап жатырмын ба? Жоқ, бұным табалағаным емес, ақиқатым. Әбілқайыр соңынан ерген жұрттың сенімін сақтай алмады. Елді ел ету қолынан келмеді. Ал біз ше? Біз оны көгерте аламыз ба? Көгерткен күнде келешек жұрт ісімізге қандай баға береді?

Япырмау, менің бұным не? Болашақ ұрпағымыз не айтады екен деп өз борышымызды атқармай өтпекпіз бе? Жоқ, келешектің бағасы үшін емес, солардың алдында өзіміздің ар-ұятымыз таза болу үшін, ел-жұртымызға деген өз борышымызды адал атқарып өтуіміз керек. Қорғай алмаса өз обалы өзіне, біз халқымыздың алғашқы мемлекеттік отауын тіктік! Тігу үшін қан майданда жан құрбан дедік!»

Жәнібек төсектен басын көтеріп алған. Сол күні Сауранды билеп тұрған хакім Құлмұқамет-тархан «Күшің жетсе — жеңіп ал» деп Жәнібектің хатына жауап берген. Ал Жәнібек те сол сағатта Сауран шаһарын шабуға әскеріне жарлық шығарған:

Бүкіл Сыр бойын алып жатқан қалың әскер қайтадан жасаққа бөлініп, шабуылға дайындала бастады. Хат жіберілген өзге шаһарлардан жауап келгенше екі аптадай уақыт өтті. Жәнібек бар уәлиеттен жауап алмай тұрып, Сығанаққа таяу Сауранды шабудан әзірге бас тартқан. Әбілқайырдың өлгенін естіген жұрт, хакімдеріне қан төгіспей қалалардың қақпаларын аштыртар деп үміттенген. Бірақ бұл ойы ақталмады. «Әбілқайыр хан өлгеннен кейін не болар екен?» деп күткен хакімдер тез жауап бере қоймады. Жұрт осындай дағдарыс халде жүрген шақта, тағы бір хабар келді. Әбілқайыр ханның тағына үлкен баласы Шайх-Хайдар отырыпты деген лақапты құс қанатты ұзынқұлақ бүкіл Дәшті Қыпшақ жеріне бір-ақ күнде таратты.

Жәнібек тағы ойға қалды. «Әбілқайыр жорыққа бастап шыққан жүз мың әскерді Шайх-Хайдар дәл қазір таратып жібермейді. Әрине, Шайх-Хайдар Көк Ордаға хан болып

¹ Е т р а қ — сары етрақ дала, сары дала деген мағынада. (Ескі түркі тілі).

Илияс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

жарытпайды. Бірақ оның нағашы жұрты — өзбек Қоңыраттары қазір бел алып тұр. Сондықтан да Шайх-Хайдарды хан көтерді. Ал, Шайх-Хайдар қанша табанының бүрі жоқ, осал болғанмен де, әкесі құрған мынау жүз мың әскерді пайдаланып, абырой алып қалуға тырысады. Бұны Әбілқайырдың серіктері — әскер қолбасшы батырлар да қолдайды. Қайткен күнде де тастай түйілген әскерді жорыққа жұмсайды. Тек қай елді шабу керек, соған қарай әскерінің бетін бұрады. Әрине, Көк Ордаға қазір Моғолстаннан қазақ елі қауіпті. Оның үстіне біз Сығанақ уәлиетін алып қойдық. Өз елінің де, өзге елдің де көз алдында қадірін түсірмес үшін, Шайх-Хайдар Сығанақ пен Созақты қайтаруға барын салады. Сөз жоқ, әскерінің бетін ол Түркістан өлкесіне бұрады. Ал Шайх-Хайдардың әкесі Әбілқайырдың бабына келтірген жүз мың әскеріне, бар қару-жарағы сойыл мен көне Қыпшақ кезінен келе жатқан қайың садақтарын саптаған қазақ жігіттері қарсы тұра алмайды. Бұндай соғыста жеңіп шығу үшін тек жазды күні жиналатын ер жүрек жігіттері ғана емес, қан майданда әбден шыныққан, соғыс тәсілін мейлінше үйреніп алған қару-жарағы мұздай, тұрғылықты әскер керек. Ол әскер қазір тек Шайх-Хайдарда ғана бар. Сонда қалай, Шайх-Хайдардың әскері күшті екен деп ұрыстан күні бұрын тайып кету керек пе? Жоқ, өйтуге болмайды. Шайх-Хайдардың мұздай қару-жарақтанған әскеріне қарсы бөтен күшті пайдалану керек. Ол күш — Көк Орда хандығына қарсы батырлардың басын біріктіру, солардың әскерін Шайх-Хайдардың жан-жағынан қаптату, бүйідей тигізу. Мүйізі қарағайдай алып өгізді жан-жағынан тиген он бүгелек қызыл танау етіп шапқылатып, жанын қоярға жер тапқызбайды. Бүкіл қастар жиналсақ бір Шайх-Хайдарға әліміз жетпей ме? әрине жетеді.

Осындай ойға келген Жәнібек, Моғол, Жағатай хандары Қажы-Мұхамед баласы Сайдан-Айбақ ханға, Керей-Арабидің баласы Бүреке сұлтанға, Маңғыт әмірлері Аббас бек, Мұса бек, Жаңбыршы бекке, «бәріміз бірігіп Шайх-Хайдарға қарсы шығайық» деп кісі салды.

Ежелден Әбілқайырға қарсы хан, сұлтан, бектер әскерімен тез-ақ жиналды. Киік лағын өргізген қара суықтың алдында Яссы мен Сауранның ортасындағы етрақ далада жүз мыңдаған қалың қол кездесті. Жәнібек әскерінің саны артық болғанымен, Қарашың батыр бастаған Көк Орда әскері алғызбады. Жәнібек, Айбақ, Мұса, Жаңбыршы бірнеше мәртебе қарсы шапты, бірақ сауыт бұзар болат ұшты жебе жаудырған Шайх-Хайдар әскері маңайына жолатпады. Бірнеше рет өздері қарсы шабуылға шықты. Нұраның Қаратұзындағы айқастан бері қазақ хандарына тісін қайрап жүрген Қарашың батыр, күйеу баласы екеніне қарамай, Бұрындық сұлтанның әскеріне өзгеден көбірек өшіге ұмтылды. Бұрындықтың баяғы өзіне істегенін алдына келтірмек боп, қолына арқанын алып қырғын ұрыстың ішінен талай аңдыды. Бірақ сұлтанды қоршаған кілең сайгүлік мінген қарулы ер жігіттер жуытпады. Кейде өздері қолға түсе жаздап өзер құтылды. Қарашың нұсқауымен сұлжық түрікмендерінің атақты жасағы Жәнібекке де сан ұмтылды. Бірақ баяғы Нұраның Қаратұзындағы оқиғадан кейін Жәнібек ханның өзін қорғайтын екі жүз алдаспанды арнаулы қосынын басқаратын батыр Саян, хан үстіне түйілген қылышты сан рет найзасымен қағып, ханды жәбірейілдей қорғап, майдан ортасынан аман алып шыға берді. Осылай екі аптадай салғыласқан қазақ әскері ақырында, күздің қара суығы келе Сығанаққа кейін шегінді. Жау жағының қайтқанын көрген Шайх-Хайдар хан енді өз әскерін тарата бастады.

Әбілқайыр Ордасы қастарының да күткені осы еді. Шайх-Хайдар хан жауынгерлерін таратып болып, қалған бес мың қолмен ертең Самарқантқа қайтқалы тұрғанында, кенет Әбілқайырдың ескі жауы сұлтан Ахмет ханның жиырма мың жақсы қару-жарақты әскерін ертіп, Айбақ хан бір бүйірден сау ете қалды. Шайх-Хайдар тарап кеткен қолына жиналсын деп бұйрық беріп, ат шаптырғанмен, жөнді әскер жиналып үлгермеді. Амал жоқ, жиырма мың әскерге бес мың қолмен қарсы шығуға тура келді. Шайх-Хайдар жайшылықтағы жүрексіздігін қойып, осы айқаста Қарашыңмен қатар тұрып, жан аямай ұрысты. Суға кетер бала дариядан шегінбейді, әлде ажалына көрінді ме, не баяғыдан бері қорқып келгенінің ызасын қайтарайын деді ме, ол астындағы құла қасқа текежаумыт тұлпарын ойнақтатып, жау шебінің ортасына қарсы шапты. Таяу жерден жіберген бірнеше жебе үстіндегі кереге көз шынжыр сауыттың быт-шытын шығарып, ақырында ат үстінен құлатты. Құлаған ханның денесін аламыз деп, екі жақ бірдей жан аяспай қырылысып жатқанда, сан жағынан жараланған Шайх-Хайдар хан қансырап, қиналып барып, ақырғы рет жарық дүниеге бір қарады да, көзін мәңгі жұмды. Бұл жолы да ұтылғанын білген Қарашың батыр, соғысқа ең алғашқы рет қатынаспақ боп Шайх-Хайдар қолына ерген он жеті жасар Мұхамед-Шайбани мен он бес жасар Махмуд-Сұлтанды қан сасыған қырғыннан аман-есен алып шығып, қалың ши арасына кіріп жоқ болды.

Шайх-Хайдар қаза болғаннан кейін, оған ерген әмір, сұлтандар елді-елдеріне тарап кетті. Көбі өздерінің қасқырға жеке шабатын арлан тазы емес, тек қора күзетуге жарайтын бұралқы төбеттер екендіктерін көрсетті. Бұрын топтанып арсылдап үріп, сырт адамға айбар шексе, онысы айтақтайтын, бастарын қосатын әміршілері болғандықтан екен. Әміршілері ажал тауып еді, енді олар өз қалаларының қақпасының алдында отырып алып, тек жат адамды жуытпай құр сырттай қыр көрсетіп абалауға ғана жарады.

Мұндай жағдай қазақ, моғол, Жағатай хандары мен Әбілқайыр ұрпағына қарсы Ақсақ Темір әмірлеріне жаман тиген жоқ, Көк Ордаға бағынатын қалаларды жеке-жеке жаулап, біртіндеп талан-тараж етіп ала бастады. Әбілқайырдың кезіндегі айбарлы Ордадан «әне-міне» дегенше құр бөлшектенген уәлиеттер ғана қалды. Бұл Ақсақ Темірден кейін, қайта лаулап көтерілген Өзбек хандығының тағы да бір құлдырап құлауы еді.

Жәнібек бас жауы Әбілқайыр ордасын жеңгеннен кейін көңілі азырақ сая тапты. Сөйткенше қыс та түсті. Қалың қол қасына ұстайтын ол кезде хан қоры бәлендей бай емес, сыпайлардың өзіне ас керек болса, аттарына шөп керек. Қазақ ол уақытта шөп шауып, қыстық қорын дайындап көрмеген. Дайындағанмен де соншама бықыған малды қамтамасыз ету тіпті мүмкін емес. Жаз болса бір сәрі, сыпай аттары да жайылымда болады. Осындай жағдаймен хан жылда, қыс бола бас әскерін елді-еліне тарататын.

Биыл да сөйтті. Және осы жылы Дәшті Қыпшақ хан Ордасын Сығанаққа көшірді. Тек осы Сығанақты қорғауға бес мың атты әскер алып қалды да, өзге сыпайларын ауылдарына қайтарды. «Қару-жарақтарың, жауға мінер аттарың ер-тұрмандарымен дайын тұрсын, керек болып қалсаңдар жаршы хабар береді» деді. Биыл жылдағысындай «жаз шыға бәлен жерге жиналыңдар» демеді. Жәнібектің ондағы ойы, бір жағынан әрқайсы өз бетіне қамалға айналған Түркістан уәлиетінің қалаларын бұрынғыдай жүз мыңдаған қол жинамай-ақ, қарамағындағы бар күшпен аламын деген үміті болса, екінші жағынан бұл қалалардың хакім, ақсақалдарымен тіл тауып, бейбіт келісімге келіп, соғыс ашпай-ақ өзіме бағындырармын деген сенімі бар еді.

Жәнібек осы ойын орындауға кірісті. Өзінің қоқан-лоқы күшін көрсете отырып, Түркістан уәлиетінің Сығанақ пен Созақтан бөтен қалаларына «қан төгіспей бағыныңдар» деп үшінші рет хат жазып, уәкілдер жіберді. Бұл жолы Жәнібек, сөзінің салмағы болатынына шек келтірмеген. Сөйтсе Яссы, Сайрам, Сауран, Отырар, Ақруқ, Үзгент секілді мықты бекініске айналған шаһарлардың оңай қолға түсе қоймайтынын да түсінетін. Әсіресе Яссы, Сауран қалаларын басқарып отырған Мұхамед-Мазит-тархан, Құлмұхамед-тархан секілді Әбілқайыр кезінде де биліктерін ешкімге ойыншық ете қоймаған хакімдері бар және қорғайтын әскері бар қалалардың тағдырын оңай шеше алмайтыны оған хақ еді. Жәнібек бұл мединелермен жеке алыспай тағы да өзіне серік іздеуге кірісті. Оған енді бұрынғы Абақ хан, Ахмет хан, Аббас, Мұса, Жаңбыршы бектерден күштірек серік керек болды. Мұндай адам Исан-Бұғы өлгеннен кейін, Моғолстан тағына отырған Жұныс хан еді.

Ежелден қазақ рулары жағатай, моғол хандарымен достасып келген. Моғолстанда бір тірегім болса, мұртымды балта кеспейді деп ойлады Жәнібек. Оның үстіне Жұныс хан Мауреннахрдағы Ақсақ Темір әмірлерімен байланысты. Самарқанд әміршісі әбусейіттің баласы Омар шайқы бұның қызын алып отыр. Түбі Түркістан уәлиетін қан төгіп жаулап алатындай күн туса Самарқанд, Бұқар күштерінің сырт қалғаны жөн. Қашан да болса топтанған қасыңнан, жекеленген жауыңды жеңу оңай. Ал қазір сондай әдіске жол бар. Әбілқайыр дүние салғаннан бері, Темірлан тағына қарайтын уәлиеттер жеке-жеке бөлініп кеткен. «Ортақ өгізден оңаша бұзау» деп қарайтын сұлтандарға, әмірлерге жалғыз әміршіге бағынғаннан гөрі, әр уәлиетті бөліп билеу тиімді көрінген. Жауың өзі осындай халде тұрғанда, неге оның осал жерін пайдаланбасқа? Жәнібек өз ойын іске асыруға осы кездің дәл екенін еске алып, қыз беріп, қыз алысайық деп Жұнысқа кісі салды.

Жаңа іргесін қалап келе жатқан қазақ хандығының Түркістан өлкесін қайтып алудан да бөтен толып жатқан істері бар. Әскер құру, хан тәртібін орнату, мемлекет заңын — жаңа «хан жарғысын» шығару, отырықшы аймақтар мен көшпелі тайпалардан хан қорына, әскер ұстауға, мешітке, мемлекет ісін жүргізетін адамдарға арналған салық, ғараж, ұшыр, зекет жинау. Сығанақ пен Созақты алғаннан бері Қыпшақ даласы мен Моғолстан, Алтын хан, Қара теңіз жағасындағы қалалармен сауда-саттық жұмысын күшейту — хан әсіресе көңіл бөлетін мәселелер еді. Бұрынды-соңды Дәшті Қыпшақта қалыпқа түспеген осындай тың істермен шұғылданып жүргенінде, Жәнібек қыс өтіп жаз шыққанын білмей қалды.

Жаз шыға Жәнібек өзінің көшпелі ел ұлы екенін есіне ұстап, қазақ елінің дәстүрі бойынша, хан Ордасын Сығанақтан Сырдарияның сағасына көшірді.

Бұл ара шым үйлі, күндіз-түні шулаған базарлы, көшесіне адамы сыймай жатқан қаладай емес, көк шалғын, ауасы да жеңіл, өрісі де кең, қамысты алқап.

Сырдария жағасына келіп қонғалы. Жәнібектің шаруасы бұрынғысынан да көбейіп кетті. Сайрам хакімі Қатта бектен, Моғолстан ханы Жұныстан хабар келген. Бұл екеуі де Жәнібектің ұсынысына бірден құлап түспегенмен де, тақа «кет әрі» еместігін білдірген. Сондай-ақ Сауран хакімі Құлмұхамед те кісі жіберген. Хан ұсынысына ол терісқақпай жауап берген.

Жәнібек осы мәселелерді Хан Кеңесіне салмақ болды. О кезде күрделі істің бәрін Хан Кеңесі шешеді. Хан ұсынысын егер Хан Кеңесі қабылдаса ғана іске асады. Абылай ханға дейін бүкіл қазақ тарихында осылай болып келген. Ал Жәнібек тұсында Хан Кеңесі екі түрге бөлінетін. Бірін «Тағанақ кеңесі» деп атайтын, екіншісін «Тұрымтай кеңесі» дейтін. Біріншісі үлкен Хан Кеңесі деген мағынада, екіншісі кіші Хан Кеңесі деген түсінікте. Біріншісіне елеулі рудың басты адамдары тегіс жиналады. Онда хан сайлау, соғыс ашу тәрізді күрделі істер ғана қаралуға тиісті. Сондықтан бұл кеңесті кейде үш жүзге бөлінерде бас қосқан жерінің атымен «Қаратұз кеңесі» деп те атаған. Ал Тұрымтай кеңесінде басқа жұртқа елші жіберу, қонысқа жер бөлу тәрізді жеңілдеу мәселелер шешілген. Бұл кеңеске Маймене мен Майсарыдан бөтен, Орда маңындағы әскери қолбасшылар, хан балалары қатынаса алады. Бірінші Кеңес жылына бір мәртебе, екінші Кеңес апта сайын бас қосқан.

Жәнібек өзінің дүдәмалданған ісін, Хан Кеңесіне қоймай тұрып, көбіне Қасым сұлтанмен ақылдасатын. Бұ жолы да осы әдетіне сап баласын, өзі отырған Жаған бәйбішесінің ордасына шақырттырды.

Күн жаңа батып, төменгі ауылдың малы келіп азан-қазан болып жатқанда, кешке таманғы аласапыран әлеті еді. Күндіз ыстық боп, күн бата ғана самал жел тұрған. Орда іші салқындай түссін деп хан есікті әдейі ашып қойған. Баласымен сөйлесер сөзін жат құлақ естімекке күзет жігіттерін де «әрірек барып күзетіңдер» деп, Орда маңынан алыстау жерге қуып жіберген.

— Ымырт үйіріле Қасым да келді. Әкесі оның сәлемін алып оң жағына отырғызды да:

— Пешпентіңді шешіп таста, денеңді жел аймаласын, — деді, сөйтті де қымыз құйып отырған бәйбішесіне, — шам жағасың ба, қайтесің, — деп көз қиығын аударды.

Сонау Жанбике оқиғасынан кейін үш жыл өтсе де, Жаған бөлендей өзгере қоймаған-ды. Сәл толығын деген тәрізді, әйтпесе сол баяғы көл жағасына шығып таранған аққу-қаздай сәнді қалпы. Жасы қырықтан асып кеткенін есіне тұтып, баласының көзінше орнынан ілтипатпен тұрып, жайшылықтағы еріне деген қылтың-сылтың мінез көрсетпей, әдеппен сәндене майыса, керегеге ілулі қытай шамын жағуға кірісті.

Жәнібек аспай-саспай, алдындағы алтын кеседен уыз қымызды бір ұрттап қойып әңгімесін бастады:

— Бүгін Алмалықтан Жұныс ханнан кісі келді, — деді ол. — Кеше Сауран хакімі Құлмұхамед-тархан мен Сайрам хакімі Қатта бектен жеткен хабарды естіген шығарсың?...

— Еміс-еміс қана...

— Құлмұхамед-тархан әлі өр көкіректігіне салып, — деп келе жатты да, кенет тоқтай қалды. Дәл осы сәтте есік жанындағы қоржыннан шақпақ тас алуға бара жатқан Жаған Қасымды әлденеден қорғай «алла» деп дауыстап жіберді де, жерге шалқалай келіп гүрс құлады. Жәнібектің көргені ашық есік алдында қараң етіп пайда болған қара далбағайлы жат кісінің кенет найзағайдай жарқ еткізіп лақтырған болат қанжары болды.

Жәнібек атып тұрып есік алдына барғанша, қоюланып келе жатқан түн қараңғысынан аруақтай пайда болған түсі суық адам, сып етіп үйді айнала беріп, сиқыршы жандай жоғалып кетті.

Жәнібек тек:

— Ұстандар! — деуге ғана шамасы келді.

Сірә есік алдында кенет елең еткен жат бейнені күзетшілердің де көзі шалып қалған тәрізді, енді олардың су жағасындағы қамысқа қарай жүгіріп бара жатқан дүбірлері естілді. Өлден уақытта: «Қап, әттеген-ай, ұстатпай кетті-ау!» деген әлдекімнің өкінішті даусы шықты.

әкесінің сөзін тыңдап бетіне қарап отырған Қасым, шешесінің даусы шыққан шақта ештеңе түсінбей қалды, тек Жаған шалқалай түсіп құлағанда бір-ақ ырғып қасына барды. Қара көлеңкеленіп кеткен бейуақта үн-түнсіз жатқан анасының дәл көкірегіне қадалған қанжардың сабын көрді. Жанталасып мүйіз сапты қанжарды кеудесінен жұлып алды.

Илияс Есенберлин. «Алмас Кылыш» (Көшпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кӊор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

Атылған ыстық қан бетіне шапшып жуып кетті. Анасы «құлыным» деп ышқына бір бұлқынды да тына қалды. Осы кезде үйге басқа адамдар да келіп, шам жағылды. Енді жұрт қызыл қанға батып өліп жатқан ханымды көрді.

Бүкіл хан аулы түнімен Жағанды өлтірген адамды іздеді. Таба алмады. Тек таң ата ғана оның Сейхун дарияның жағасында жатқан қара жүн далбағайы мен жеңіл пұшпақ ішігін, түйе терісінен илеген көн етігін тауып әкелді. Шамасы арғы бетке жүзіп өтіп кеткен тәрізді. Ағысы қатты, кімді болса да оп-оңай алып кететін бұл кездегі Сейхун дариядан әлгі адамның қалай жүзіп өткеніне жұрт жағасын ұстап таң қалды. «Адам емес, хан Ордасына арнап келген бұл бір албасты болар» деді ішінен ғаламатқа сенгіш кейбір кемпірлер. Ал тастап кеткен киімдерінен бұл келген жын да, албасты да емес, нағыз адам, адам болғанда Дәшті Қыпшақтың өзінен шыққан, тіпті сонау Жайықтың арғы бетінен келген жау екеніне ешкім де шек келтірмеді. Бұған киім үлгісі, көмкеруі, оюы куә еді.

Жағанды бүкіл ел-жұрт боп арулап қойып, жетісін бергеннен кейін, Жәнібек тағы Қасымды өз ордасына шақырды. Қасым келгеннен соң, оның беліндегі қанжарды алды да, қолына ұстап тұрған, Жағанның кеудесінен суырылған қанжармен екеуін баласының алдына қойды.

— Көрдің бе, екеуі бірдей, — деді Жәнібек, — саған осы екі қанжар қандай сыр айтып тұр?

— Бір шебердің жасағаны ма?

— Одан бөтен?

— Есіңізде ме, анам марқұмға Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанға тимеймін деп ант бергенімде менің қолымнан мынау қанжарды алып, «саған қадалар қанжар менің жүрегіме қадалсын» деп еді ғой? Анамның сол тілегі орындалған тәрізді.

— Рас, анаң адал жан еді. Адал жүрегінен тілеген тілегі орындалды. Топырағы торқа болсын. Ал бұдан басқа бұл қанжардың лақтырылуынан не ұқтың?

— Қанжар не сізге, не маған арналып лақтырылған.

— Дұрыс айтасың. Бұл қанжарларды Мекеге барған Ноғайлы хандығының бір биі Стамбулдан алып келген. Маған біреуін берген еді. Сен жеті жасқа толғаныңда әдейі бөліңе байлағам. Ал қалғандары сол Ноғайлы елінде болатын. Мына қанжарды лақтырған адам не саған, не маған арнап лақтырды. Және өзі со жақтан келді. Бұдан не ұқтың?

— Еділ бойындағы ағайындар да тек жатпайтын тәрізді ғой.

— Дұрыс айтасың. Дәшті Қыпшақ жері — түйенің терісі тәрізді мол дүние. Әркім-ақ одан бір ұлтандық жұлып алып қалуға құмар. Тегі Түркістанға тым көңіл бөліп кеткен тәріздіміз. Біз бұ жақта әуре болып жүргенде, Еділ бойындағы Ноғайлы Темір би мен Астрахань Ордасының әміршісі Қасым сұлтан да бос жатпағаны көрініп тұр... Қазан мен Қырым хандарымен тіл табысқандай ма, қалай. Төрт жұрттың төртеуі де бізге дос емес. Түркістанды аламыз деп жүргенде, олар Дәшті Қыпшақтың бүкіл батысын басып қалуға дайындалып жатпағанын кім білсін. Жоқ, артыңды бекітпей тұрып алдыңды қармай берудің жөні болмас... Қандай ақылың бар?

— Ақылым өзіңіз ойлағандай: жау екі жақтан. Астананы екі жағыңа бірдей қарай алатын жерге көшіру керек.

— Оның Ұлытау ма?

— Жоқ, Ұлытау екі жақтың дүбірінен де алыс. Бізге тегі қауіпті тұстан тақа алыс кетпеу жөн. Дәшті Қыпшақ хандығы бұл жақтағы шекарасын қазір әжептәуір бекітіп алды. Енді Сауранды жаулап алсаңыз өздері бүлініп жатқан Әбілқайыр мен Темірлан тақтарынан бөлендей қауіп әзірге туа қоймас... Қауіп дүмпуі Ноғайлы жақтан. Дәл Ноғайлы хандығы болмаған күнде де, ар жағында Түрік патшалығы бар. Біз о жақтан тым алыстап кеттік. Сығанақты — Бұрындық сұлтанға қалдырып, хан Ордасын Жайық бойындағы көне қала — Сарайшыққа көшірген жөн.

— Өзім де осылай болжап едім. Дәшті Қыпшақ хандығы болу үшін қарамағымызда Еділ, Жайық, Жем, Торғай өзендерін жайлаған туыстардың бір болғаны жақсы. Ал олар біздің құрығымыздың мойындарына түсуіне тым шалғай жатқанын місе тұтып, бөліне жайылып жүрген түрі бар... Оның үстіне ар жағында тағы қас жауларымыз тұр...

Күзтоқсанның бас кезінде хан «Тағанақ кеңесін» шақырды. Бұл кеңес хан ұсынысын дұрыс деп тапты және қыс түсе Сауранды қайтарып алуды мақұл деп шешті.

Жәнібек қыс түсе Сауранды басып алды да, келесі жылы жаз шыға Сығанақты — Бұрындыққа, Созақты — Махмұдқа, Сауранды үлкен баласы Жиреншеге тастап, өзі Жайық бойындағы Дәшті Қыпшақтың көне қаласы Сарайшыққа көшті.

Баласы Қасым жөн айтқан сынды, егер тағы бір бес жылдай бұ жаққа көңіл бөлмегенде, бүкіл Еділ, Жайық бойы Мұғажар тауына дейін Ноғайлы, Астрахань, Қазан, Башқұрт хандарының үлесіне кетуі мүмкін екен. Оның үстіне Жәнібекті «бар қазақтың ханы» деп құр атағаны болмаса, бұл арадағы рулар оның ықпалынан тым алыс жатқан-ды. Хан өзінің тегеурінді мінезіне басып, тағы қауіп-қатерлі, кейде қан төгіссіз бітпейтін жаңа айқастарға кірісіп те кетті. Енді ол өзіне арналған қанжардың неге батыстан лақтырылғанын ұқты. Оңаша отау, жеке хан болуды арман еткен басшыларының азғыруы салдарынан Еділ, Жайық, Елек, Жем, Торғай, Ор өзенінің бойындағы рулар Жәнібекке бағынудан айна бастаған. Жәнібек өзінің он мың атты әскерін ерсілі-қарсылы дүбірлетіп, көк құрыш алдаспанын найзағайдай жарқылдатып, енді оларды ойлануға мәжбүр етті. Осылай бұ жақтағы қазақ руларының басын біріктіріп, Дәшті Қыпшақ хандығына күшпен бағындырам деп жүргенінде балаларына тастап кеткен Дәшті Қыпшақтың күншығыс жағына Әбілқайыр ханның кезінен де зор қауіп туғанын білмей қалды.

Әбілқайыр өзі өлместен бұрын Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанды өзінің бұрынғы атекесі Бай-Шайх ұйғырға тапсырған. Және оларға атеке етіп бұрынғы күкілташы қосшы руынан шыққан Дәулет-Қожа бектің баласы Дарвиш-Хұсайын-Қарашыңды тағайындаған. Бұл екеуі де Әбілқайырмен бірге Көк Орданы тігіскен ер жүрек, сенімді адамдар болатын. Шайх-Хайдар өлгеннен кейін Әбілқайыр тағына отыру Мұхамед-Шайбанидың кезегі еді. Өйткені оның әкесі Шах-Будақ сұлтан Әбілқайырдың үлкен баласы. Ал өзі Шах-Будақтың Аққозыдан туған тұңғышы. Екі жылдан кейін, Махмуд-Сұлтан туған. Екеуі де түрге келбетті, алып күшті, жас жолбарыс тәрізді ер жүрек жандар. Оның үстіне екеуі де оқуға зирек, өнер-білімге жақын. Хан маңындағы адамдар түбі әлемге Сайбан тұқымының атын шығарар осы екеуінің бірі болар деп жоритын. Бар үміттерін олар Мұхамед-әкім эль Тарази тойында ақтағандай да еді. Осындай үміт күткен екі ханзаданы Әбілқайыр қайтыс болысымен, әмірлер кеңесі «көзіңнің қарашығындай сақта» деп Әбілқайырдың ең сенімді, ең ер жүрек батыры Қарашыңға тапсырған. Сол себептен бұл батыр өзін осы екі ханзаданың өміріне жауапты санайтын. Жалғыз жанын құрбан етіп оларды қауіп-қатерден сақтауға ант еткен.

Осы екі ханзаданы Шайх-Хайдар қаза болған ұрыстан алып шығысымен Қарашың батыр Хаджитархандағы, яғни Астраханьдағы Жошының үшінші ұлы Құтлық-Темірдің ұрпағы, Қасым ханға бірден тартқан. Мауреннахр жерінде жүрсе, тірі қалуларынан Қарашың батыр күдіктенген. Астрахань тағына отыруға кезінде Әбілқайыр үлкен жәрдем берген Қасым хан, қашып келген ханзадаларды құшағын жая қарсы алған. Қарашың батырмен ақылдасып, Қасым хан Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанды жаудан жасырып бағуды Маңғыт руынан шыққан Темірбекке жүктеген.

Темірбек ханзадаларға тамаша құрмет көрсетіп, қызмет істей бастаған. Бұл жағдай Әбілқайыр әулетіне жаны қас жауы, қай жерден қос бөрі шыға қалар екен деп құлағын түріп отырған Айбақ ханға, моғол Ахмед хан мен Аббас бекке жеткен. Бұлар көп әскермен Хаджитарханға қарай шыққан. Соғысуға күші жеткіліксіз Қасым хан Темірбек пен Қарашыңды шақырып алып, екі ханзаданы Хаджитарханнан Мауреннахрға қашырған.

Жолай бұларға Әбілқайыр тағына берілген бірнеше сұлтандар, батырлар қосылып, өздерін қоршап алған Айбақ ханның әскерімен соғысады. Осы айқаста Мұхамед-Шайбани, Махмуд-Сұлтан, Қарашың үшеуі ханның інісі мен бір баласын өлтіріп қоршаудан шығады. Соңынан қуып жеткен Ахмед ханның қолбасшыларының бірі Қоныш-Қыпшақ батыр басқарған мың адаммен айқасып, олардан тағы құтылып кетеді. Бұл айқаста әсіресе Мұхамед-Шайбанидің інісі Махмуд-Сұлтан, Бахтияр сұлтанның балалары әлік пен Хамзе, Әбілқайырдың баласы Сүйіншік аса ерлік көрсетеді.

Осы адамдармен ол Түркістан уәлиетіне келеді. Бұл мезгілдегі Түркістан уәлиетінің әміршісі Ұлықбектен туған Мираншоһ-мырзаның немересі, Сұлтан Ахмед, Яссы қаласының хакімі моғол Мұхамед-Мазит-тархан, Отырардың хакімі оның баласы Құлмұхамед-тархан, Ташкент уәлиетінің әміршісі Сұлтан Махмуд-тархан көптен көп Көк Ордаға мейлінше дос-жар адамдар. Бәрінен де қазақ хандары жеңіп, билігімізден айырылып қаламыз ба деп зәре жоқ. Бұларға хакімі әмір әбдуәли-тархан, қосшы әміршісі Ақсофы батыр қосылып, Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанды ту қылып көтеріп, құрып кеткен Көк Орданың шаңырағын қайта көтеруді ойлаған. Бұлар Мұхамед-Шайбаниды Дәшті Қыпшаққа хан етіп көтеріп,

өздерінің қастары қазақ пен Жағатай хандарына қарсы күш етіп пайдаланбақ болды. Осындай саясаттың арқасында осыдан екі-үш жыл бұрын қашқын боп жүрген ханзадалар Дәшті Қыпшаққа қауіпті күшке айналды. Оның үстінде Мұхамед-Шайбанидың өзінің жеке басының қасиетін, ер жүректігін, ақылдылығын, оқығандығын қоссақ, шынында да, Дәшті Қыпшаққа бүгін болмаса ертең нағыз қатерлі күн тууы сөзсіз еді. Осы қауіп іс жүзінде айқындала бастады. Бұрындық Сарайшық жағына серуендеп кеткенде, Мұхамед-Шайбани Сығанақты басып алды. Мұхамед-Шайбани жаққа шыққан қала ақсақалдары көмегімен, осының алдында ғана Яссыға жорық салып, ештеңе өндіре алмай келген Жиренше сұлтанға да Саураннан айрылу қаупі туды. Көп кешікпей ол да Саураннан айырылды.

Ақ Орданың — қазақ Ордасының екі бірдей бұрынғы астанасын жоғалтуы Жәнібек пен Бұрындыққа, Жәнібектің баласы Махмұд-Қамбар, Қасымдарға Дәшті Қыпшақтың күншығысында қандай қауіптің туғанын анық көрсетті.

Бұл әрекеттердің бәрі де, тоқ етерін айтқанда, күшейіп келе жатқан қазақ елін қайтадан басқа ұрып, кейін шегіндіру еді. Түркістан өлкесін кім алса, Дәшті Қыпшаққа сол үстемдігін жүргізеді. Осы себептен Түркістан қалаларының маңайында тағы төрт хандық түйісіп, қырғын басталуға жақын қалды.

Қазақтар Түркістан өлкесі арқылы өзінің ежелгі жері мен қалаларын қорғап, хандық дәрежесін жоғалтпағысы келсе, Моғолдар бұл өлкені өздері басып қалып, Жетісудан қазақ елін тайдыруды ойлады. Ал Темірдің быт-шыт бола бастаған әмірлері Түркістан арқылы өздерінің бұрынғы Ақсақ Темір кезіндегі патшалығын сақтап, Дәшті Қыпшақты қарамағында ұстап, сауда-саттығын өркендетуді арман етсе, Әбілқайыр тұқымдары бұл өлкені қолына алып, бүкіл Дәшті Қыпшақты қайтадан басқармақ болды. Осындай қарама-қарсы келген төрт ниеттің тағдыры осы Түркістан өлкесіне кеп тірелді. Мұндай жағдайда Жәнібек Жайық бойында қала алар ма? Кеше ғана өзі қожа бола бастаған Түркістаннан айрылғысы келмеді. Түркістаннан айырылуы қайтадан қазақ хандығын жоғалтуы еді. Сондықтан Жәнібек Сарайшықты тастап, қайтадан бұрынғы қонысына көшуді ойлады. Түркістанды жаулап алу үшін құр ғана әскер емес, ол жерді жайлайтын, бауыр басып қалатын ел керек. Сол себептен де ұлы жырау Асан Қайғының:

«Қырыңды киік жайлаған,
Суында балық ойнаған.
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын
Жемде кеңес қылмадың.
Жемнен де елді көшірдің
Ойыл деген ойыңды
Отын тапсаң тойыңды
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің»,

деп толғай ұрысуына қарамай, хандығының келешегін ойлаған Жәнібек бұл жолы да өз айтқанынан қайтпады.

Жәнібек жорық үшін қайтадан қоныс етпек болған Шу, Сарысу бойын Асан Қайғы жамандап: Мына шіркіннің екі жағы борбас екен; баланың іші қуырылмайтұғын, пышағы қынынан суырылмайтұғын, еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатын жер екен» деп, не болмаса Жәнібектің көп елі жайлай бастаған Қаратауды көріп: «Көкектен басқа құсы жоқ, көк шөптен басқа ісі жоқ, жер азғыны мұнда екен, қатыны семіз, ері арық ел азғыны мұнда екен, аты бестісінде қартаятұғын, жігіті жиырма бесінде қартаятұғын жер екен» деп Еділ мен Жайық бойын тастамауды айтса да, Жәнібек көнбеді. Түркістаннан айрылса, Дәшті Қыпшақтан айрылатынын, Ордасы жоқ, ошағы жоқ, азық-түлік, сауда-саттығы жоқ, бөтен жұртпен байланыс жасай алмайтын көшпелі елді күншығысындағы Әбілқайыр ұрпағы мен Темірлан тағы, күнбатысындағы Ноғайлы, Астрахань, Қазан хандықтары бөлшектеп жұтып жіберетініне көзі жеткендіктен өз дегенінен таймады. Ол енді ештеңеге қарамады. Өз жолының жөн екенін біліп тұрғандықтан, Асан Қайғының дегеніне көнбеді. Бүкіл жұртты шұбырта тағы көшті. Келе сала Сығанақ үшін Мұхамед-Шайбанимен соғысуға дайындалды. Бірақ бұл кезде Мұхамед-Шайбани әжептәуір күшейіп алған-ды.

Екі жақ Сауран мен Яссының ортасындағы кең жазық далада кездесті. Бұл жолы ешкім де жекпе-жекке шықпады. Жәнібек бастаған қалың әскер екінді кезінде Мұхамед-Шайбанидың шебіне ат қойды. Жау жағы да қарсы шапты. Бірақ Мұхамед-Шайбани қулығын асырды.

Қазақ әскерінің мақсаты қан майданда жауын жалпы жеңу болса, Әбілқайыр Ордасының ойлағаны хан Жәнібекті құрту еді. Бетпе-бет кеп тұра қашқан бір топ әскерді қуа түскен Жәнібек пен батыр Саян кенет өздерінің Мұхамед-Шайбани мен Ақсофы батыр басқарған қосшы омағының ер жүрек он сан жауынгерлерінің ортасына қалай түскендерін білмей қалды. Алпыстан асқан Жәнібек қанша айбын көрсеткенімен, Мұхамед-Шайбанидың қасындағы алып күшті жас батырға қарсы тұра алмады. Бетпе-бет келіп қалғанда, ананың қос қолдап ұрған шоқпарының салмағымен омыртқасы үзіліп ат-матымен жер құша омақата құлады. Осы кезде сәл соңынан келе жатқан батыр Саянның да жігіттері жолындағы жау шебін қамыстай бытырлатып жетіп үлгерді. Жолбарыстай ақырып бір тобы Мұхамед-Шайбаниға ұмтылды. Бірақ бір арманына жеткенін көзімен көрген хан баласы ұпайым түгел дегендей, бұларға бұрылып та қарамастан астындағы жел жетпес күрең атына қамшыны үсті-үстіне басып, өз тобына қарай құйындата жөнелді. Ал батыр Саян жерде жатқан хан денесін алдына өңгеріп алып, екінші жағынан келіп қалған жау тобынан сытылып шыға берді. Сөйткенше түн болып қараңғылық түсті. Ұрыс тоқталды. Ай туа әскері ойсырап қалған Мұхамед-Шайбани, таңертеңгі ұрысқа төтеп бере аламайтынына көзі жетіп, Яссы қаласына барып бекінбекші боп кейін шегінді.

Ханы өлген қазақ әскері жауының соңынан кумады. Жәнібектің денесін ақ кигізге орап, ақ түйеге артып, екінші баласы Махмұт билеп тұрған Созаққа беттеді. Қайғылы ел күңірене күрсініп, алғашқы ханның бірі Жәнібекті ардақтап ақырғы сапарына шығарып салды. Әбілқайыр жатқан Жуантөбедегі көк күмбезді мазардың жанында тағы бір салтанатты алтын айлы мазар пайда болды. Тірі жүргендерінде бүкіл Дәшті Қыпшақтың кең даласына сыймаған қос тарлан, енді он шаршы құлаш жерге қатарласа көмілді. Өмір татуластыра алмаған екі ханды, енді өлім татуластырды.

Жәнібектің қырқын берісімен ел жиылып, кезегіне қарай Керейдің өзге ұлдарынан батыр туған Бұрындықты ақ кигізге көтеріп хан сайлады. Бұрындық хан болысымен Әбілқайырға еліктеп жұртты отырықшылыққа бейімдей бастады. Бөген мен Шілік өзенінің түйіскен жеріне өзінің астанасы Бұрындық деген қала салуға кірісті. Екі жағында екі өзен, түйіскен жерінің алдыңғы жағынан қамал жүргізді. Бірақ бұл қаланы салып бітіре алмады. Самарқандқа қашқанында әдейі кісілер жіберіп өртеп кетті. Бұл арада осы күнге дейін жұрт Бұзық деп атап кеткен қорғанды қала орны әлі тұр. Бұрындық хан болған дәл осы күндері Ташкент, Яссы, Отырар шаһарларын билеп отырған моғол хакімдері мен Темірлан әмірлерінің жинап берген әскерлерін басқарып Мұхамед-Шайбанидің інісі Махмуд-Сұлтан Созаққа аттанды. Бұл жолы да қырғын ұрыс болды. Қан судай ақты. Тағы да Әбілқайыр балалары жеңіліп кейін шегінді. Бірақ Махмуд-Сұлтан Созақ билеушісі, Жәнібектің ортаншы ұлы Махмұт-Сұлтанмен жекпе-жекке шығып, найзамен үстіңгі ерні мен мұрынын алып түсті. «Шайбани-намеде» айтқандай, «тағдыр басындағы бар ақылын мұрнынан қан етіп ағызды». Бірақ аттан құлап түскен Махмұт сұлтанды қазақ жауынгерлері жау қолына қалдырмай бірден ат қойып аман құтқарды.

Бір халықты өзбек, қазақ деген екі елге бөліп алған хандар тартысы шиеленісе түсті. «Бұл тартыстың аяғы немен тынбақ?» — Өзгеден гөрі Қасым сұлтан көбірек ойланды. Күрестің алғашқы кезеңі аяқталған тәрізді. Анасының анты орындалып, өзін Қасым үшін құрбан етті. Ал әкесі Жәнібек, он жыл бұрын айтқанындай, Мұхамед-Шайбанидың өзінен болмаса да, оның жауынгер батырынан қаза тапты, туған ағасы Мұхамед-Шайбанидың інісі Махмуд-Сұлтанның бет-аузы адам қарағысыз боп жараланды... Бәрі осыдан он жыл бұрын анасына ант берген күніндегі әңгімедей болып шықты. Осындай тартыс қанды кекке айналып бара жатқан жағдайда, енді өзі сондағы анасына берген антын орындай алар ма?

Қасым ауыр күрсінді. «Жоқ, жоқ қайткен күнде де антты орындауы керек. Анаға берген сөзін бұзса қарғыс атады...»

әрине Бұрындық ханның әскери басшысы болып жүргенде бұл антын бұзбайды, ал егер ертең алтын тақ-айдаһардың үстіне отыруға тура келсе қайтеді? Апалы-сіңлілінің балалары түгіл, бір анадан, бір әкеден туған егізді айыратын, бірін-бірі бауыздататын қанқұмар алтын тақ-айдаһар Қасым сұлтанды бүгінгідей өз еркіне қояр ма?

әй, қоймас. Алтын таққа отыру — өз басыңның айдаһарға айналуымен тең емес пе? Тең, сөз жоқ тең.

Биылғы жыл Қасым сұлтанға ауыр тиді. Бұрындықтың орынсыз жұмсауымен дайындықсыз тиісіп бір-екі рет Мұхамед-Шайбаниден жеңіліп қалды. Оның үстіне хан тұқымын қанаушы санаған «Жалғыз көз» батыр, әлділерден опық жеген малшы-жалшыларды жинап, Қасымның да екі қос жылқысын айдап әкетті. Сыр бойының төменгі

жағындағы балықшы ауылдарға апарып үлестіріпті деген сыбыс та құлағына жеткен. Бірақ Қасым жылқысын іздеп ол ауылдарға аттанбады. Өйткені, дәл осы кезде ең жақсы көрер әйелі Ханық-Сұлтан Ханша ұл тапты. Атын Қасымның өзі Хақназар қойды.

Көп қатын алатын хан тұқымы балаға зар болмайды. Бірақ Қасым осы Хақназарға өте қуанды. Өзінің ізін басар қазақтың әйгілі ханының бірі боларын білді ме, күндік жерден ат шаптырып ұлан-асыр той істеді. Орақ барымталап алған көп жылқысын енді ол сонау балықшы кедей ауылдарға ұлым үшін берген садақам деді.

IV

«Екі көз бірін-бірі шұқымасқа аллатағала ортасына мұрынды жаратқан» деп қазақ босқа айтпаған. Бұрындық таққа отырып, Қасым сұлтан әскербасы, яғни әмір-эль-умера болғаннан кейін, көп кешікпей-ақ араларында қайшылықтар туа бастады. Негізгі ала ауыздық Бұрындық пен Қасымның қазақ хандығының келешек саясатының қандай болуы керек, деген мәселедегі екеуінің көзқарасынан туған. Оның үстіне Әбілқайыр Ордасын қайта тұрғызуды көздеген Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтан жайындағы араларындағы алаулығы қосылды.

Аңғал батыр, қысқа томыратын морт мінезді Бұрындық қазақ хандығының келешегі тек соғыста деп ойлаған. Жасынан жауынгершілікті мұрат еткен, тоң мойын, өз дегенін дүниенің тетігі көретін қайсар хан қазақ хандығының күшею жолы тек көрші елдерді шабуға деп ұққан. Сондықтан ол өзі де үнемі ат үстінде болып, өзгеден де соны тілеген. Ал Қасым бөтен пікірдің адамы. Оның ойынша қалың қол, соғыс тек жаудан өз жерінді қайтарып алу үшін ғана керек. Қазақ хандығының күшею жолы үнемі соғысуда емес, алдымен өзіңе ешкімнің тісі бата алмайтын айбарлы, қой үстінде боз торғай жұмыртқалататын бейбітшілікті арман еткен ел болуда деп түсінген. Осындай ойдағы Қасым үнемі жорық, үнемі шапқыншылық халықты жүдетеді десе, Бұрындық «жоқ, олай емес, жаудың жер, суын тартып алып, дүниесін тонау ер жүректі қазақ жігіттерін байытады, ал жорық, ұрыс тек халықты шынықтырады, сақылдаған аяз бен бұрқыраған боранда өскен көкжал қасқырдай қайтпас қайсар етеді. Бұндай елге ешкім де беттей алмайды. Ал жауы қорыққан елдің хандығы да берік, айбынды келеді. Сол себепті қазақ елінің ең мықты саясаты соғыс болу керек» деп тұжырған. Хан билігіне бағынбауға қақы жоқ әскербасы Қасым лажсыз Бұрындықтың бұйрығын орындап, жұмсаған жорықтарына баруға мәжбүр болған. Осындай орынсыз жорықтардың кейбіреулерінде жауына күші жетпей жеңіліп те қалатын. Әрине, Бұрындықтың мұндай қылықтары Қасымның көңілінде оған деген наразылық тудырды. Ал Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанға келгенде, Бұрындық екеуін тезірек құртуды тілесе, Қасым қос бөрінің бетін Түркістан өлкесінен қайтарып, Ақсақ Темір хандығына қарсы жұмсауды көздеді. Әбілқайырдың көптеген әмір, сұлтан, мырзалары Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанды жақтайтынын түсінетін Қасым, қазақ елінің айбынды жауы Ақсақ Темір Ордасын құлату үшін, іріткіні жау тобының өзінде шығарсақ деген тілекті құптады. Мауреннахрдағы Моғол, Жағатай тархан, мырза, әмірлерін күшейтуден көрі, Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанды өз жағына шығарып, аналарға қарсы пайдалануды дұрыс көрген.

Бұл мәселеде хан мен оның әскер басының арасында оңай өте алмас тұңғыық пайда болды. Егер бұлар тіл тауып, бір шешімге келмесе, бұл тұңғыық екеуін бірдей батырып кететіні сөзсіз еді. Өйткені қас жауыңа достық көзбен қарау — еліңді сатумен тең қылмыс. Бұрындық ойынша Қасым сол қылмысқа таяу жүр. Әрине, мұндай жағдайда арасындағы ала ауыздық екеуіне бірдей қатер.

өйткенмен бұл түйінді қос бөрінің өздері шешті.

Мұхамед-Шайбани Ташкент билеушісі жағатайлық Сұлтан-Махмуд хан мен Самарқант әміршісі әбусейіт ханның арқасында Сығанақ, Ақрұқ, Үзгентті алғаннан кейін, бұл жеңістеріне қанағат тұтпай Хорезмге аттанды. Жолай Тырсақ бекінісін шауып, өзінің ағруғын¹ осы арада қалдырып, Хорезмді қоршады. Хорезмді әне аламын, міне аламын деп тұрғанында, кенет қалаға Қорасан әміршісі жағатайлық Сұлтан-Хұсайын мырза жіберген жиырма мың әскер көмекке келді. Мұхамед-Шайбани амалсыз кейін қайтты. Дәл осы кезде Ташкент билеушісі Сұлтан-Махмуд хан кеп Отырар уәлиетін басып алды. Ол үлкен той

¹ Ағру — көне түркі тілі, әскер соңындағы көш. Азық-түлік артқан керуен, кейде жорыққа бірге ала жүретін гарем, хан қызметкерлері.

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Кобышпенділер – I) © «И. Есенберлин атындағы кӊор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

жасап, мәңгілік одақтас боламыз деп достасып, Отырарды Мұхамед-Шайбаниға басыбайлы беріп, өзі әскерімен Ташкентке қайтып кетті.

Түркістанның Сығанақ, Отырар, Ақрұқ, Үзгент секілді негізгі қалаларын қолына оңай түсірген Мұхамед-Шайбани, енді әскер жинап Сауранды басып алмақ болды. Бұны естіген Яссы мен Отырардың әкімі Мұхамед-Мазит тарханның баласы Құлмұхамед-тархан қарсы тұруға күшінің жетпейтінін біліп, үй ішін, нөкерлерін, өзіне берілген адамдарын алып Яссыға қашты. Қала бос қалды. Сауранның ақсақал, бек, саудагер бас адамдары жиналып қаланы енді Мұхамед-Шайбанидың інісі Махмуд-Сұлтанға бермек болды. Олар «Шайбани намеде» айтқандай: «Келіңіз, бұл үйде ешкім жоқ» деп хат жазып, кісі жіберді. Махмуд-Сұлтан бос жатқан қала билігін өз қолына алды. Мұны естіген Мұхамед-Шайбани Отырардан інісін құттықтауға Сауранға келді. Бірнеше күнін той-думанда өткізіп, Отырарға қайтпақ болды. Бірақ інісі Махмудқа: «Саған қаланың басты адамдары Сауранды лажсыз берді. Егер бұл шаһарға шын қожа болғың келсе, қаладан оларды тезірек қу» деп ақыл берді. Махмуд-Сұлтан ағасының дұрыс ақылына көнбегенінің сазайын тек артынан тартты.

Мұхамед-Шайбанидың бағы күннен-күнге көтеріле түсті. Шайх-Хайдар қаза тауып, Әбілқайыр Ордасы құлаған кезде әрқайсы өз ұлыстарына, шаһарларына, уәлиеттеріне тарап кеткен баһадурлар, әмірлер, бек, мырза, сұлтандар қайтадан Мұхамед-Шайбани маңына жинала бастады. Мұны көрген Яссы қаласының хакімі Мұхамед-Мазит-тарханның зәресі енді шын ұшты. Айбақ хан мен Ахмед ханнан қорқып, сонау Астраханьнан қашып келген Мұхамед-Шайбаниға құшағын жайып құрмет көрсеткенінде, ол қойнына қандай шұбар жыланды салып алғанын енді түсінді. Мұхамед-Мазит-тархан қойнына өзі салған осы жылан қанша кішкентай, әлсіз болғанмен де, өзінің қан құмарлығын істеді. Он-он бес жылдың ішінде қауырт өсіп, кәдімгі он кез қара шұбар айдаһарға айналды. Енді Мұхамед-Мазит-тарханның қойнына сыймақ түгіл, өзін жұтуға ыңғайланған жайы бар. Айдаһардың алғашқы ысқырынуынан зәре-құты қалмаған тархан жанымды қайтсем сақтап қаламын деп, жедел шара қолдана бастады. Егер дер кезінде Мұхамед-Шайбаниды тоқтатпаса, бір күні, әбден күшейіп алғаннан кейін, Яссыны да тартып алатынына шек келтірмеді. Ол ең алдыменен жанындай жақсы көретін он төрт жасар кенже қызы Ғибадат-Бегімді, қасына бірнеше батыр нөкерлерін қосып, баласы Құлмұхамед-тарханмен бірге, Самарқантқа жүргізеді. Бұл көшпен бірге бар қымбатты дүние-мүлкін де жіберді. Түркістан уәлиеті бұрынғы дәстүрі бойынша әлі де Темір Ордасына бағынды. Ал Самарқант болса, бұл Орданың астанасы. Тархан Самарқантты күшті санайтын. Қызы мен баласы, дүние-мүлкі Самарқантта тұрса, Мұхамед-Шайбанидың қолы жетпейді деген пікірге келген. Сол себепті де көшті тезірек жүргізуге асыққан. Бірақ бұл көштің шыққанын Мұхамед-Шайбани жағының адамы Маңғыт Орыс бек естіп қалады. Жиырма батыр, екі жүз сыпаймен келіп шабуыл жасайды. Құлмұхамед-тархан қасындағы серіктерімен жан аямай жауымен ұрысады. Бірнеше адамды найзалап өлтіреді. Бірақ ақырында жеңіліп, өзі қашып құтылады.

Орыс бек Мұхамед-Мазит-тарханның қызы мен дүние-мүлкін Мұхамед-Шайбаниға әкеп тапсырады. Жауының дүние-мүлкін хан бұл ұрысқа қатынасқан Орыс бектің жігіттеріне бөліп береді. Ал Мұхамед-Мазит-тарханның бар мал-мүлкінен қымбатты, ең асыл қазынасы әлі құрық көрмеген құлындай асау қызын, түкті кеудесінің астына салып, бесінші қатыны етеді.

Бұл қорлыққа шыдай алмаған Мұхамед-Мазит-тархан Бұрындық хан мен Жәнібектің балаларына бірігіп Мұхамед-Шайбаниды шабайық деп кісі салды. Бұрындық пен Қасым бұл тілекті қабыл алды. Мұхамед-Мазит-тархан үшеуі кеуделеріне құран басып, күшейіп келе жатқан Мұхамед-Шайбаниға қарсы тұрып, Түркістан уәлиетінен қумақ боп ант берісті. Содан кейін олар қалың қолмен келіп Сауранды қоршады. Жақында ғана бұл қалаға әмірші болған Махмуд-Сұлтан қала бекінісін жедел күшейтуге кірісті. Бірақ бұл кезде Қасым сұлтанның ақылы бойынша Мұхамед-Мазит-тархан кешегі өзінің баласы Құлмұхамед-тархан билеген Сауранның қала басшылары — ақсақал, бек, рабат ұстайтын белгілі адамдарына, қаланы бүлдірмей, қан төгіспей берсе, көп жақсылық істейтінін айтып хат жазды. Ақсақалдар жасырын жиналып, Сауран бұрын қазақ хандарының еді ғой. Бұрындық ханға берейік деп шешеді. Бұндай құпия сырдаң хабары жоқ Махмуд-Сұлтан қамал басында шаруа істетіп жүргенінде, ақсақалдар бірнеше сыпайлармен келіп, тал түсте оны тұтқын етеді де, қала қақпасының кілтімен бірге Сауранды шапқалы келген Қасым сұлтанның қолына тапсырады. Бұрындық хан мен Қасым сұлтанның арасындағы қырғи қабақтық міне осы Махмуд-Сұлтанның қолға түсуінен бастап бұрынғысынан да шиеленісе түседі.

Қасым сұлтан мен Мұхамед-Мазит-тархан Сауранға кіргеннен кейін, Ақ Орданың бір кездегі екінші астанасын қайтып алғандарына шаттанып, жеңіс тойын тойламақ болды. Бұл тойға Бұрындық хан да келді. Қырмызы кілемге бөленген Махмуд-Сұлтанның диван сарайына орналасып, ақ мамық жастықты шынтақтай, күміс тай кесемен кестамды¹ сіміріп отырып, өзінің өр мінезіне салып, ол нөкерлеріне лепіре:

— Махмуд-Сұлтанды алып келіңдер, — деп бұйырды.

Махмуд-Сұлтанның орнына әмір-эль-умера Қасымның өзі келді.

— Махмуд-Сұлтанды неге әкел дедіңіз, тақсыр хан? — деді Қасым, ханға диван дәстүрімен тәжім етіп болғаннан кейін.

— Тыныш жатқан қазақ елін шапқан да Махмуд-Сұлтан батыр ғой, — деді Бұрындық Қасымға жауар бұлттай түйіле қарап. — Батырлық әлде қатындық мінез көрсетер ме екен, көз алдымда оның басын алдыртайын деп едім.

Қасым даусын көтермей салмақты үнмен жауап берді.

— Басыбайлы сатып алған құл, не болмаса құнсыз кетер қан майданда кездескен ұл емес қой Махмуд-Сұлтан... Ол Әбілқайыр ханның немересі, Махмуд-Шайбанидың жалғыз інісі. Оның басын алу үшін Тағанақ кеңесі жиналмаса да, Тұрымтай кеңесі жиналуы керек.

Құлаған тезек қаптай боп, дөңкиіп ақ мамық жастықты шынтақтай жатқан төртбақ Бұрындық, кенет тез қимылдап шарт жүгініп отыра қалды. Қалың қабағы түксиіп, қанды көзі шатынап:

— Махмуд-Сұлтан үшін Тағанақ кеңесі де, Тұрымтай кеңесі де мына мен өзіммін, — деді ол.

Қасым әлі де болса ашуын баса, өзін-өзі тежей сөйледі.

— Олай болса, марқабатты тақсыр хан, менің де әмір-эль-умера екенімді есіңізге алсаңыз деймін. Махмуд-Сұлтан менің олжам және менің шешем Жағанның апасы Аққозы-Бегімнен туған бөлем. Білгіңіз келсе, менің екі туып бір қалғаным...

«Иә, солай екен ғой» дегендей Бұрындық төмен қарады. Енді оның даусы сәл сылбырлау шықты.

— Сонда не қыл дейсің? Мойнында қазақ батырларының талай қаны бар Махмуд-Сұлтанды босатып жібер демексің бе!

— Босатып жібер деп отырғам жоқ. Бірақ Махмуд-Сұлтанның тағдырын шешу үшін Хан Кеңесі керек демекпін. Ал қазір Хан Кеңесін шақыратын мезгіл емес! Менің ертөлелерім әкелген хабарлар бойынша, Мұхамед-Шайбани қазір Яссы шаһарын қоршап алған көрінеді. Мұхамед-Мазит-тархан дер кезінде қаласына қайтқан. Яссы шаһары мықты бекініс. Мұхамед-Шайбани оны оңай ала алмайды. Хан о жақта әуре боп жатқанда, біз қан төкпей Отырарды басып қалуымыз керек. Ертең аттанғанымыз жөн.

Қасымның оп-оңай тағы бір мединаны аламыз дегені Бұрындыққа ұнады. Бірақ өзінің қайсар мінезіне салып:

— Жақсы, Отырарға аттануға дабыл қақ, — деді. — Демек есінде болсын, Махмуд-Сұлтан мойнына түскелі тұрған қыл шылбырдан бәрібір құтыла алмайды.

— Оны дер кезінде көрерміз.

Қасым сұлтан басын иіп ханға құрмет көрсетті де шығып кетті. Бұрындық өз дегені болмаса, бөтеннің айтқанына көне бермейтін. Ал Қасымның сөзіне тіпті көнгісі келмеді. Енді бір ыңғайы түскенде ол әскер басы етіп өзінің екі ағасы мен бір інісінің біреуін қоюды ойлай қалды. Түбі Қасыммен тату-тәтті бола алмайтынын да білетін. Қазір Бұрындық «Қасымнан қалай тез құтылам» деп бір тұңғыық қайғыға бата берді.

— Қасым өз сарайына келгеннен кейін батыр Саянды шақырып алды. Жәнібек өлгеннен бері батыр Саян сұлтанның ең сенер досы, жақын адамы болып алған. Қауіпті, құпиялы іске Қасым тек батыр Саянды ғана жұмсайтын. Қандай қиын тапсырма болса да, анау оны бұлжытпай орындап келген.

— Жиен аға, — деді сұлтан өзінің дәрежесіне қарамай, ананың төрт-бес жас үлкендігін есіне ұстап, — тағы бір қауіпті істі тапсырғалы тұрмын.

— Туғалы қауіпсіз бір күнім өтіп көрген жоқ, тапсыра бер.

— Тапсырсам... — Қасым сәл күмілжи сөйледі, — бұл ара Махмуд-Сұлтанға қатерлі... Оны Созаққа апарып, біз Отырардан қайтып келгенше тұтқын етіп ұстау керек...

Енді батыр Саян күмілжи сөйледі.

¹ К е с т а м — көне түркі елі дайындаған ішімдік.

— Қиын іс екен... Махмуд-Сұлтанды Созаққа апару — ажалына апарумен тең ғой. Созақ ағаңыз Махмұт-Сұлтанның қолында ғой. О кісі бетін Махмуд-Сұлтанның қалай жаралағанын ұмыта қойды ма екен?

— Жекпе-жекте болған іс кекке айналмауы керек.

— Ет жарасы біткенмен, ер жарасы оңай біте ме?..

Егер Махмуд-Сұлтанды сақтай алмай қалсам қайтем?

— Сақтау керек. Нағашы апам Аққозыдан туған Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтанға өздері маған бірінші боп ажал ойлағанша, менен жамандық болмайды деп анама берген антым бар.

— Жақсы. Антыңды адал сақтауға қолымнан келгенімді аямаспын. Бірақ шеше жағынан сендерге жиен болғанмен, әке жағынан Рабиу-Сұлтан-Бегімнің інісі екенімді білмейсің бе?

— Білемін. Оны неге сұрадың?

— Рабиу-Сұлтан-Бегімнен Сүйіншік сұлтан туған жоқ па?

— Иә, туған.

— Сүйіншік сұлтан Мұхамед-Шайбани жағында екенін ұмыттың ба?

— Ұмытқам жоқ. Иә, сосын?

— Сосын дейсің бе? Сосыны қиын боп тұр ғой. Егер алда-жалда Махмуд-Сұлтан қашып кетсе, мен сендердің қас жағыңның адамы болып шықпаймын ба?

— Сен Махмуд-Сұлтанды қашыр-қашырма, Мұхамед-Шайбанидан адал екеніңді білемін. Сол адалдығыңа кір келтірмес үшін, бар қолыңнан келеріңді аямайтыныңа да сенемін. Соны білгендіктен осы қиын істі әдейі өзіңе тапсырып отырмын.

— Менің ерлігімді, адалдығымды бөтен іспен сына... Әлі де болса бұны басқа адамға тапсыр.

— Басқа адамның ыңғайы жоқ. Ең сенерім өзіңсің. Сенің жақын адам екенің тұтқынға аян. Кесірлік істемейді, айтқаныңа көнеді. Көнбесе көндірі. Түбі біз оны ажалдан алып қалып, еліне қайтаруымыз керек.

— Онда неге қашырып жібермеймін?

— Қашыруға болмайды. Бұрындық оны менен көреді. Махмуд-Сұлтанның тағдырын Хан Кеңесі шешсін, Хан Кеңесі ажалға қимас...

— әрине, мұндай жағдайда күні бұрын Махмуд-Сұлтанға да сыр бермеуім керек болар... Хан Кеңесінің аты Хан Кеңесі, сен құтқарғың келгенмен, ол қалай шешеді. Бұрындықтың да айтқаны өтіп кетуі ғажап емес қой!

— Иә, ал өзіңнің бар борышың — біз Отырардан қайтқанша Махмуд-Сұлтанды аман сақтау.

Саян жымиып күлді.

— Оңай борыш екен! Жақсы, қолдан келгенін аямаспын. Қашан жүрейін.

— Бүгін. Сақтықта қорлық жоқ, Махмуд-Сұлтанды кісендеулі ұстарсың.

— Жақсы.

Сол күні түнде қол-аяғы кісендеулі Махмуд-Сұлтанды Созаққа жүргізіп жіберді де, ертеңіне Бұрындық пен Қасым қалың әскерін соңдарынан ертіп Отырарға аттанды. Бұдан екі тәулік бұрын Мұхамед-Шайбани тыңшылары арқылы Бұрындық ханның Отырарға аттанғалы жатқанын естіген. «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыпты» дегендей, Яссыны аламын деп жүргенде өз бекінісімен айырылып қалармын деп, жедел жүріп Отырарға жетіп үлгірген. Отырардың бекінісі Ясыдан да берік соғылған. Қаланы қоршаған биік қамал, етегінде терең қазылған жалпақ ор. Қамал шеттері, жоғарыдан садақ атуға ыңғайланып істелген үзеңгі тесік. Төмендегі жау садақ оғын қанша атса да ар жағындағы адамға тигізе алмайды. Үзеңгі тесікке дәл тиген күнде де, жуан қиғаш қабырғаның не төменгі, не жоғарғы жағына барып қадалады. Ал қамалды бұзу тіпті мүмкін емес. Биіктігі қырық, жуандығы жиырма құлаш, қаттылығы тастан кем емес сұр балшық шымнан құйылған... Бір жыл қаладан ешкімді шығармасаң да ішіндегі азық-түлігі жұртқа жетеді. Отын-суы да мол. Үй ара қазылған шыңырау құдық. Қамал тұрғындарына қарағанда сырттағы жаулап алуға келген Бұрындық пен Қасым әскерінің халі анағұрлым нашар. Қылтаңы жоқ құба жон. Көктен күйдірген күн, көріктей үрген ыстық жел. Дариядан бұрылған су да лайлы, ішсең таңдайыңа топырақ дәмі тұрып қалады. Шай қайнатсаң ғана сусынға жарайды. Оның үстіне осыншама әскерді ұстау үшін қаншама азық-түлік керек. Бір ай өткесін-ақ жұрттың елдеріне қайтқысы келе бастады. Бірақ бір беткей Бұрындық көнбеді. Қала ішіндегі жасырын адамдары арқылы Мұхамед-Шайбанидың әскерінің аз екенін

бұрыннан да білетін. Ол енді қамалдың астын қазып, қалаға кіретін үңгір-жол жасатуға кіріскен. Бүгін-ертең бітіп те қалар. Ал қалаға бір кірсе болды, Мұхамед-Шайбаниды қолға түсті дей бер. Махмуд-Сұлтан тұтқында, енді Мұхамед-Шайбаниға қолы бір жетсе болғаны, қос бөрінің ыстық қанын бірден ішіп, жауынан кегін алмақ. Оларды өлтірсе жері кеңімек. Бірақ Бұрындықтың бұл ойы болмай қалды. Қазақ әскері жер астын үңгірлеп, өзімен өзі әлек болып жатқанда, Отырарға жәрдемге Ташкенттің әміршісі Сұлтан-Махмұд хан жіберген үш мың әскер келді. Бұл әскердің таң ата қаланың солтүстік қақпасынан кіріп кеткенін Бұрындық пен Қасым ертеңіне бір-ақ білді. Енді қамал астын қазудың бос әуре екенін екеуі де түсінді. Жер астымен кірген әскерді мына үш мың қол үңгір алдында тұрып алып шыдатпайды, қанды босқа төгуден бөтен қазақ жауынгерлерінің табар пайдасы жоқ.

Бұрындық бес мың қолмен сол күні Созаққа қайтып кетті. Бір жетіден кейін бар әскерін жинап Қасым да қозғалды. Созаққа таяғанда алдарынан шапқыншы көрінді. Бөрік астынан бөрі шыққан дүрбелең заман, «тағы не болып қалды?» деп, әскер басында келе жатқан Қасым мен серіктері құйындата шапқан салт аттыға қобалжи қарады. Сөйткенше болған жоқ, астындағы құлады бестісін терге сабылта шапқыншы да келіп жетті. Қасымның кіші інісі Жәдік екен.

— Ассалаумағаликом, — деп ендігі сәлемдесті ол, астындағы атын тыпыршыта ойнатып.

— Уағаликумассалам, — Қасым сәлем алды, — жарқыным, шабысың тым суыт екен, ауыл-аймағың аман ба?

— Бәрі де аман... Тек бір болмашы жаман хабар жеткізгелі келіп тұрмын.

— Қандай хабар?

— Тас үйшіктен Махмуд-Сұлтан қашып кетті. Қасында бір күзетші серігі бар.

— Батыр Саян қайда еді?

— Жандарында ұйықтап кеткен батыр Саянды бауыздап қашқан.

Жәдіктің айтуынша оқиға былай болып шықты. Тас үйге қамалған қол-аяғы кісендеулі Махмуд-Сұлтанды Саян көзінің қарашығындай сақтайды. Сырттағы күзетті былай қойғанда, біреу-міреу сұлтанды жазым етіп жүрмесін деп өзі үнемі, бір Маңғыт жігітімен бірге, тас үйдің ішінде қонып жүреді. Махмуд-Сұлтан батыр Саян жоқ кезде, сірә «сені жетістірем» деп Маңғыт жігітімен тіл тапқан болуы керек, бір күні түнде батыр Саян ұйықтап кеткен кезінде, қатар жатқан Маңғыт жігіті ананың тамағынан қанжарымен орып жіберіп өлтіреді. Сөйтет те тас үйдің іргесін кісі сыятындай тесік етіп қазып, Махмуд-Сұлтан екеуі қашады. Сыртқы күзетшілер үй іргесінің үңірейіп жатқанын тек таң ат-

қасын көреді. Жан-жаққа ат шаптырып, іздеу салады, бірақ қашқындар жер астына кіріп кеткендей, үшті-күйлі табылмайды.

Қасым бала жасынан, ерлігі аңызға айналған батыр Саянды өте жақсы көретін-ді. Бұл сұмдық хабарды естігенде, ол теңселіп ат үстінде әзер отырды. Жерге түсіп, бүкіл әскер боп батыр Саянға арнап құран оқығанда да, ол біреу шекесінен сойылмен ұрып кеткендей есеңгірей әзер шыдады. «Ақкөз ер, бір сұмдықтың боларын сезгендей-ақ барғысы келмеп еді. Бекер жіберген екем!» деп өкініп, жүрегі күйіп, не істерін білмеді.

— Есіл ер... — деді кенет ол қабағын қарс түйіп, — құныңды он есе етіп қайтарармын, — ол енді ернін сәл қимылдатып күбірлей сөйледі, — қымбатты ана... саған берген сертімді орындаймын деп, халқым хан көтерген туған әкемнен айырылдым, анам бір болмаса да, әкем бір, қадірлі ағам Махмұт-Сұлтанды жұрт көзіне түсе алмастай кемтар еткіздім. Енді міне, ең жақын серігімді қан етіп тұрмын. Кеш, қымбатты анам саған берген сертімді қайтып алдым... Кезім келсе әкемнің де, серігімнің де құнын қайтарармын қанішер қос бөріден!

Қасымның бұлай сөйлейтін реті де бар еді. Ол өзін әкесінің өліміне айыпты санайтын. Сонау қан судай аққан айқаста Мұхамед-Шайбанимен кездеспеймін деп, таңдаулы жиырма мың әскерін майданның сол қанатына алып кеткен. Егер анасына серт бермегенде, бұл әскер Жәнібектің қасында болатын еді. Жуып көрсінші сонда оның жанына қара атты жауынгер! әттең, әттең! От жүрек, алғыр ойлы, көреген әке, ел басын толық қоса алмай кетті. Енді міне, топас ойлы Бұрындықтың қол шоқпары болып жүргені. Оның үстіне, міне, тағы бір аяулы ердің ажалы мойнында. Қызу сезім үстінде анаға берген бір ауыз сөздің салдарынан екі қымбатты адам бірдей қаза тапты! Бүйте берсем, әлі де ажал табар кісі аз болмас. «Жоқ, жоқ, өйтуге болмайды. Кешір, анам, антымды қайтып алдым. Өлгенге берген сөз үшін, тірінің өмірін құрбан ету күнә».

Қасымның анасына берген сертін қайтып алуына тағы да бір сылтауы бар еді. Қолына түскен Махмуд-Сұлтанға оны өлімге бермейтінін, әлі-ақ босатып еліне қайтаратынын сездірген. Және тым қапа болмай, сабырлылық көрсетуін өтінген. Соған қарамай Махмуд-Сұлтан шыдамсыздық етті. Қасымның адал ойын қылмысқа айналдырды. Бұл Жәнібек баласының ұғымы бойынша кешірімес айып. Ондай адамға жақсылық етуге болмайды.

— Осы кезде Жәдіктің сөзі Қасымның ойын тағы бөліп кетті.

— Он шақты күн болды, Созаққа Темір би келген.

— Төсек тартқан ауру деуші еді ғой жұрт.

— Ауру... Бірақ атқа өзі мініп, өзі түседі.

— Ә... Ә...

— Махмуд-Сұлтанның қашып кеткенін, Бұрындық көкем батыр Саяннан көреді...

— Ау, өзі ажал тапқан адамды қалай кінәлауға болады?

— Бәрібір, өзін де қорғай алмаған, Махмуд-Сұлтанды да қашырып алған батыр Саян кінәлы дейді.

— Естімеген сұмдық елде көп. Иә, сосын?

— Сосын... Гүлбаһрам-Сұлтан-Бегімді зар жылатып, балаларынан айырып, Темір биге беріп жібермек боп жатыр. Әкең Әбілқайыр мен байың батыр Саянның жазығы үшін дейді.

— Ау, Темір би өзі ауру. Өзі пайғамбар жасына таяп қалған көрі емес пе еді? әлі уытынан қайтпаған Гүлбаһрам-Патшайым сұлуды қайтеді?

— Келгенде Темір би ат үстінен әзер түскен қаусаған шал көрінген, Гүлбаһрам-Патшайымды береміз дегеннен бері жасарып кеткендей аяғын алшаң-алшаң басады... Атасы Қазы биді Әбілқайыр өлтірген, енді қызын алып, кегін қайырмақ деседі жұрт... Алғашқы кезде жұрттан қаймығып, бас тартқандай еді. Ашуға мінген хан көкем «жесір сенікі» деп қоймаған соң әбден малданып алғандай. Батыр Саянның тұңғышы, ер жетіп қалған Аян шешесін еріксіз Темір биге береді дегенді естігенде, «мен оны жарып өлтірейін» деп қолына қанжарын ала ұмтылып еді, хан бұйрығымен бес күннен бері зынданға жатқызып қойды. Қалың Алшынның ардагері Темір биге қол көтердің деп, кеше хан-көкем оны дарға асып өлтіруге үкім шығарды. Жаңа мен кеткенде дарға дайындап жатқан... Сіздерге соны хабарлайын деп шаптым... Хан-көкем тірі жанның тілін алар емес.

Қасым ар жағын тыңдаған жоқ. Астындағы Ақсаңдағын тебініп қап, Созаққа қарай шаба жөнелді. Қабағы қарс жабылып кеткен. Шабуға келе жатқан қара бура тәрізді. Тек екі көзі қанталай Созаққа қарай ұмтыла түседі. Қалың қол соңынан созыла шұбырып шауып келеді. Ат тұяғы көк шөпті шытырлата үзіп, етрақ даланың шаңын аспанға бір-ақ шығарды. Қасым сұлтан Созақтың қақпасына таянғанда ғана атының басын тежеп қатты аяңға салды. Қақпадан өтісімен сәл тоқтап, қасына Найман руынан Қаптағай батырды, Керейден Қарақожаны, Алшын руынан шыққан Оңай батырды, Жалайыр Бөрібай батырды, Қаңлы-Ыстыдан қосылған атақты мерген Сыпырасадақты бөліп алды да, соңынан тағы екі жүз сыпай ертіп, Хан Ордасына қарай бұрылды. Өзге қолына қала шетіндегі әскерге арнап салынған рабаттарға барып орналаса беруді бұйырды. Бұлар хан сарайының жанына келгенде бүкіл алаң иін тірескен халық екен. Топ сыпаймен келе жатқан Қасымды көріп, жұрт:

— Жолдан былай тұр! — десіп, қақ жарылып арасын аша берді.

Қасым аттан түспей, серіктерімен хан сарайының дәл есігінің алдына келіп тоқтады. Енді ғана ол жан-жағына көз тастады. Есік алдында жартастай боп бір топ нөкерлерінің қоршауында Бұрындық тұр. Анандай жерде жолға шыққалы ыңғайланған салт аттылар. Ең алдында көрі тарлан атқа мінген, сәл бүкірейген, кереге көз темір далбағай киген әлі сұсты Темір би. Көштің ең соңында бір жас жігіттің атының артына теріс қарап отырғызылған Гүлбаһрам-Патшайым сұлу... Екі қолын алдына байлаған. Даусын жұрт естімесін деп аузын ақ жібек орамалмен тұмшалаған. Аттан секіріп түсем деп әрекет істемес үшін, көмірдей қара, жұп-жуан ұзын қос бұрымын ат үстіндегі жігіттің тақымының астынан өткізіп, аттың омыраулығынан мықтап ілмешектеп қойған. Бұл — жауласқан елінің қыз-келіншегіне істейтін қалмақтан қалған үлгі... Аяушылықты білмейтін заманның айуандық дәстүрі! Бұрындықтың бұнысы Әбілқайыр қызы Гүлбаһрам-Патшайымның інілері Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтан үшін кек қайтарған болмысы. Қасым енді көзін оңға қарай бұрып еді, жүз мың санды жауынан қорқып көрмеген жүрегі дір ете қалды.

Хан сарайының дәл алдына әкеп орнатылған дарының астында мойынына қыл арқанның ілмешек ұшы салынған, батыр Саянның аузынан түскендей айнымаған, ер жетіп қалған баласы Аян тұр. Қыл арқанның бір жақ ұшын ұстап, екі білегін сыбанған, еңгезердей

хан әмірін орындаушы — жан алғыш. Қанды көз Темір биге күндікке берілген Гүлбаһрам-Патшайымның көзінше Аянды дарға асуды Бұрындық әдейі бұйырған. Бұл орынсыз қиянатты істерінде, түбі Аян өсіп ат үстіне мінер болса, Бұрындықтың анасына істеген қиянатын кешпейтінін есіне алған. «Маған қосар болсаңыз, жалғыз баласын көзінше қан етіп не қыласыз, істемеңіз бұл қылмысты» деп өтінген Темір биге Бұрындық: «Көзбен көрген қайғы тез ұмытылады. Бала керек болса Алшынның ақ иығынан тағы табар» деп жауап берген. Ат жалын тартып мінгелі өмір бойы ажал мен қиянаттың ортасында өскен Темір би, бұдан әрі өтініп қиналмаған. Ескі кектің салдарынан өш көңілдің арманы болған Гүлбаһрам-Патшайымға қолын жеткізген Бұрындыққа енді қарсы келмеген.

Қасымның Аянға көзі түскенін әдейі күтіп тұрғандай, жан алғыш арқанның бір ұшын өзіне қарай тарта берді. Дәл осы сәтте Қасым ақырып:

— Босат! — деді.

Ерлігі елге аңыз бола бастаған айбарлы әскер басының бұйрығын естіп, сұмырай жан алғыш кенет сасып қалды. Арқанның ұшын босатса да қоя бермеді.

— Хан әмірі! — деді ол есін жиып, даусы жауар күндей күркіреп.

— Босат! — деді Қасым бұрынғысынан да даусы ызғарлы шығып. Мойынындағы садағын қолына ала бастады. Жан алғыш енді арқанды жерге лақтырып жіберді. Бұрындық та жартастай боп кілт бұрылды да, жанындағы дәйекшісінің алдаспанын алды. Нөкерінің бірі анандай жерде ұстап тұрған жал-құйрығы жерге төгілген теңбіл көгін алдына тарта берді. Хан аяғын аттай түсті де, кілт тоқтай қалды. Оның көзі кілең тоқпақ жал, құшақ құйрық желаяқ тұлпар мінген, үсті-бастары күн сәулесі шағылысқан көк темір сауыт, қолдарына сойыл, шоқпар ұстаған Қасым сұлтанның жанында тұрған Дәшті Қыпшақтың атақты батырларына ауды. Атына қарай ұмтылғанда, солардың ішінен кенет қолындағы қозыбас қара шойын шоқпарын ыңғайлай түсіп, оқыс қимылдаған Бөрібай батырды көзі шалып қалды. Оның ызғарлы түрі енді аяғыңды атыңа қарай аттасаң, мына шоқпар көк желкеңнен тиеді дегенді сездірді. Өзге батырлардың да аяйтын түрі жоқ. Көп қорқытады, терең батырады, қанша алып күшті, жау жүрек болғанмен Бұрындық Қасым сұлтанның қасында тұрған кілең ұзын мұрт, түксиген қабақ батырларға жалғыз өзі қарсы шығуға бата алмады.

— Гүлбаһрам-Патшайым жесірді аттан түсіріп, алып келіндер, — деді Қасым сұлтан, жанында тұрған батырларға қарап. Бұл тұрғандардың ең кішісі Оңай батыр атынан секіріп түсіп, Гүлбаһрам-Патшайымның қасына барды. Ұзын шашының ұшын ат омыраулығынан шешіп алды да, қайғыдан талықсып отырған жесірді көтеріп жерге түсірді. Қолындағы қыл шылбырды наркескенімен кесіп жіберіп, аузындағы орамалын жұлып тастады. Гүлбаһрам-Патшайым солқылдап жылап қоя берді.

— Жылама, ару, — деді Оңай батыр сыбырлай зекіп, — жауың көзінше өзіңді жасытпа.

Гүлбаһрам-Патшайымды бір қолымен, екінші қолымен дар қасында тұрған Аянды жетектеп Оңай батыр Қасым сұлтанның қасына алып келді.

— Бұйрығыңыз орындалды, Қасым сұлтан, — деді ол.

— Осы екі байғұстың жау қастығынан аман болуы, өзіңе тапсырылады, Оңай батыр, — деді Қасым сұлтан.

— Құп, — деп Оңай батыр басын иді.

Дәл осы кезде Темір би де атын тебініп қап Қасымның қарсы алдына келді. Қарлыққан көрі даусыменен ызадан тұтыға:

— Ақ иық қыран қартайса, қызыл шақа жас жағалтайдан таяқ жейді деген осы екен! әттең жиырма бес жасым қайта оралса, ат көтіне бір салар едім! — деді. — әкең Жәнібек бізді бағындыра алмай кетіп еді, соның кегін сен алдың, Қасым сұлтан! Өлген жерім осы болды. — Ол кенет атының басын бұрып алып, өз тобын соңынан шұбырта, жұрттан сытылып шыға берді, — қош бол, Бұрындық хан. Сақтанатын жауың Мұхамед-Шайбани емес, Қасым сұлтан екен. Соны ұмытпа!

Өмір қызығынан әлі үміті бар ауру Темір би осы сапарында, Ақтөбе жерінен өтіп бара жатып, жүрегі қабынып кенет қайтыс болатынын білген жоқ. Арманына жете алмаған әйгілі бидің бұл ақырғы өкініші еді.

Ал Қасым тобы да атының басын кейін бұрды. Жұрт арасынан өте беріп сұлтан әлдекімдердің:

— Көп жаса, Қасым батыр! — деген алғыс сөздерін естіді.

Бұл түні Бұрындық ханның да, Қасым сұлтанның да көздері ілінбей шықты.

Бар қасиеті батырлық болған Бұрындық, қанша шабан ойласа да бүгінгі оқиғаның қайда апарып соққанын жаңа ұқты. Сонау қазақтың әйгілі батырларының Қасыммен үзеңгілесе

қатар тұра қалуынан, Гүлбаһрам мен Аянды құтқарған сұлтанға жиналған жұрттың «көп жаса, Қасым батыр» деген үнінен қазақ руларының Жәнібек баласына ауа бастағанын аңғарды. Мұндайда өз қатесін өзі көріп, «Елімді қайтсем қайтадан өзіме тартам» деп қынжылатын, ақылға салатын Бұрындық жоқ. Басына келе жатқан қиындықтан жол іздеудің орнына, ол өзінің қайсар мінезіне салып, ерегісе түсті. «Бәлем, Қаптағай, оңбаған Қарақожа, шірік Оңай, тұра тұр!» деп кіжіне тісін қайрады. Бүгінгі оқиғаға өзін емес Қасымды күнәкар көрді. Қайтсем одан өшімді алам деп түнімен басы қатты. Көзі ілігіп бара жатса Темір бидің: «Сенің жауың Мұхамед-Шайбани емес, Қасым сұлтан екен! Соны ұмытпа!» деген даусы әлсін-әлсін құлағына келіп, көзге тығылған ұйқысын шайдай аша берді. Ежелден келе жатқан ескі салт бар: «Жаңа жауынды құртам десең, етің үйренген ескі жауыңмен достас» деген. Бұрындық халқының, елінің алдында жоғалғалы тұрған абыройын қорғаудың орнына, Қасымды жою жолын іздеп ойға шомды. Бұл тілегін орындау үшін ескі жауы Мұхамед-Шайбани, Махмуд-Сұлтандармен достасса, теріс болмас еді деген тұжырымға келді. Сөйтіп таң ата әзер дегенде қор ете қалды. Ал Қасым тіпті бөтен ойда еді. Бүгінгі оқиға оны қатты ренжітті. Жәнібек пен Керей кезіндегі Қазақ Ордасындағы ауыз бірліктің енді Бұрындық пен Қасым кезінде қатты шытынай бастағанына көзі жетті. Себебі неде? Себебі Бұрындықтың тайыз саясатында. «Ел бірлігін ақылмен сақтап халықтың мұң-мұқтажын, шаруа жайын ойлай отырып, күреске шақырудың орнына, ол жұртты қаһарымен соңынан ергізбек. Егер әділетті болсаң ғана, соңыңнан жұртты ертесің. Ал орынсыз қаттылық — зор қылмыс. Бұрындықтың бүгінгі істегені — тек жұртты өзінен шошыттыру. Егер бұл бүйте берсе, Керей мен Жәнібектің өлдім-талдым деп құрған қазақ хандығының абыройын да, өзінің абыройын да бір күні айрандай төгеді. Қазақ хандығының абыройы төгілмегені керек-ақ! Ал ел бірлігін сақтау үшін Бұрындықтың абыройлы болғаны керек пе? Халқымыз үшін, ел бірлігін сақтап қалу үшін қажет. Қазіргі жағдайда ханның мықты көрінуі өте орынды саясат. Мұхамед-Шайбани болса анау, бүкіл Түркістан уәлиетін басып қалуға таяу... Енді ол Ташкент әміршісі Сұлтан-Мұхамед хан мен Яссы хакімі Мұхамед-Мазит-тарханның ала ауыздығын пайдаланып Яссыны жаулап алады. Содан соң Ташкентті қолына түсіргеннен кейін, бар күшін Самарқанд, Бұқар, Андижан қалаларына — яғни Ақсақ Темір хандығына жұмсайды. Сөз жоқ, ол бұл қалаларды да алады, өйткені бұл мединелерде қазір Мұхамед-Шайбаниға қарсы тұрар күш, ауыз бірлік жоқ. Түркістан өлкесі мен Ақсақ Темір хандығын бауырына басып әбден күшейіп болғаннан кейін, ол бетін Хорезм мен Қорасанға бұра ма, әлде Дәшті Қыпшаққа бұра ма белгісіз. Әрине қай хандықта ауыз бірлік жоқ, әлсіз деп тапса, соған шабуыл жасайды. Өлді елдермен ай-

қасып мүйізін сындырғанша, әлсіз елдерді өзіне бағындырып әлдене түсу — қай жаһанкер патшаның болса да негізгі тәсілі. Ақылды, айлакер Мұхамед-Шайбани да соны қолданады. Егер қазақ жеріне шабуылға шықса, ол әрине ең алдымен Созақ пен Ұлытауды шабуға тырысады. Дәшті Қыпшақ сандық болса, бұл екеуі соның кілті. Торғай, Ақ Жайық, Еділ, Есіл, Тобылдарыңның бойы сол сандықтың түбінде жатқан қазына. Аузы ашылған сандықтың ішіндегі мүлікті біртіндеп ала беру кімнің болса да қолынан келеді. Сондықтан бізге қайткен күнде де Созақ пен Ұлытауды сақтап қалуымыз шарт. Бұл бекіністерді күшейтудің орнына, Бұрындық екеуміз қырқысып жатсақ не болғанымыз? Онда Мұхамед-Шайбани шабақты жұтқан алабұғадай екі бірдей майбалықты қылқыта салады. Оған жібермеу керек, тамағынан тікенек боп қадалу жөн-ақ. Әрине соғысқұмар Бұрындық, бос жатқандай, Мұхамед-Шайбанидың бір шаһарын басып қалайық деп ойлайды. Ертең-ақ жорыққа шығындар деп бұйрық береді. Шықпасаң — тағы ала ауыздық туады. Шықсаң — құр босқа әбігерленесің. Қазір біздің әскердің саны бар да, сапасы жоқ. Бекінісі мықты шаһарды алуға жарамайды. Ең алдыменен әскерді күшейту керек. Бұрындықтың айтқанына қарсы келмей-ақ, әр жорықты, әр шабуылды әскердің соғысу әдісін, тәртібін жоғарылатуға пайдаланған ақыл.

Қасымның ойы дәл шықты. Ертеңіне таңғы шайын ішіп отырғанда Бұрындықтың шабарманы келді.

— Хан сізді шақырып жатыр, — деді ол.

Қасым шайын шала-пұла ішіп орнынан түрегелді. Киініп жатып сәл кідіріп қалды. «Қолда билік барда ақылдың керегі жоқ. Ханның неге шақырғанын кім білсін...» Қасым жайшылықта пешпентінің сыртында жүретін көк құрыш сүңгі наркескенін шешіп, пешпентінің ішінен тақты. Сырт адамға білініп тұрмай ма екен дегендей, қабырғадағы жылтыр қара тас күзгіге бойын түзеп бір қарады да үйден шығып кетті.

Қасым келгеннен кейін Бұрындық тағы да Мұхамед-Шайбаниға қарсы жорыққа шығудың қажет екенін білдірді.

— Ер шекіспей бекіспейді, — деді Бұрындық сөзінің аяғында. — Не біз Мұхамед-Шайбаниды жеңуіміз керек, не онымен бітімге келіп достасуымыз керек...

Қасым ақырын езу тартты.

— Мұхамед-Мазит-тархан шекіспей-ақ Мұхамед-Шайбанимен достасқан. Бірақ одан не тапты?

— Мұхамед-Мазит — Мұхамед-Мазит те, Бұрындық — Бұрындық қой.

Қасым тағы езу тартты. «әркім өз лағын текешік қояды, қорқақ ит үреген келеді. Жұрт айтпай, өзіңді өзгеден жоғарымын деу — адамның тек осалдығын көрсетеді». Бұрындықтың «ер шекіспей — бекіспейді. Мұхамед-Шайбаниді жеңуіміз керек, не достасуымыз керек» деген сөзіне Қасым қайтарып ештеңе деген жоқ. Бұл сөз өзіне қарсы, «байқа, Қасым, егер сен кешегідей қарсы келе берсең, жауыңменен достасып кетуім ғажап емес» деген мағынада айтылғанын түсініп тұрса да, үндемеді.

Бірақ Бұрындық:

— Махмуд-Сұлтанды әнеүкүнгі қорғауыңа қарағанда, Қасымжан, Әбілқайыр балаларымен татуласуға сен де қарсы емессің-ау деймін, — деді, «Мұхамед-Шайбанимен достасам» деген сөзіне екеуіміздің ойымыз бір жерден шығып жатыр ғой деген мағына берген болып, рабайсыз кекете күліп.

— Жеңіп тұрып «достасайық» деу мен жеңіліп қалып «достасайық» деу бір емес, хан ием. Қайткен күнде де жеңілмеу жағымызды ойлауымыз керек, — деді Қасым сабырлы үнмен, сөйтті де ханға кенет түйіле қарады. — Жорыққа аттануға мен дайынмын. Қашан, қай шаһарға шығамыз?

— Оны ойлану керек.

— Тез ойланған жөн.

— Неге?

— Біз бұ жақта жүргенде Мұхамед-Шайбанидың Яссыға қайтадан шабуыл салуы даусыз. Егер бір қаласына барып тиіссек, әнеүкүнгі Отырарға барғанымыздай, Мұхамед-Шайбаниға Яссыны алуға бөгет етеміз. Амалы жоқ, біз барған қаланы қорғаймын деп Мұхамед-Шайбани Яссыдан қайтып келеді. Бұнымыз Мұхамед-Мазит-тарханға өте пайдалы. Моғол мен Жағатайдың өзге хакім тархандарымен тіл тауып бірігіп, Мұхамед-Шайбаниға қарсы тұруына мүмкіндік береміз.

— Бұл ойланатын жай екен...

Қасымның болжауы дұрыс еді.

Бұрындық Отырардан шегінерде Мұхамед-Шайбанимен бітімге келген. Сол бітімнің бір шарты Бұрындық хан Отырарды алуға бірге келген Мұхамед-Мазитты ұстап бермек болған. Қасым бұл шартқа көнбеген. Сол күні күндіз, хан араларында болған оқиғаны құпия жолмен Мұхамед-Мазитке жеткізген. Мұхамед-Мазит ымырт үйіріле бар әскерін ертіп Яссыға қашқан.

Бұрындық пен Қасым Отырардан кеткеннен кейін Мұхамед-Шайбани көп сыйлық беріп, Жақия бек басқарып келген Сұлтан-Махмұд ханның үш мың әскерін Ташкентке қайтарып жіберді. Өзі Яссыға шабуылға шықпақ болады. Осы кезде оған Созақтан қашып шығып, Хантағы тауында тығылып жатқан Махмуд-Сұлтанның хабар жеткен. Мұхамед-Шайбани қолындағы бар әскерімен Хантағыдағы Махмуд-Сұлтанға барып, екеуі құшақтаса табысқан. Содан кейін екеуі қосылып Сауранды шапқан. Қаланы алған соң Қасым сұлтанға Махмуд-Сұлтанды ұстап берген адамдарды қатты жазалаған. Біразын дарға асып өлтірген. Қалғандарын дүние-мүліктерін тартып алып, өздерін дүрелеп, қатын-балаларын құлдыққа сатқан.

Осыдан кейін барып ағайынды екеуі Яссыны шапты. Қаланы алып, Мұхамед-Мазит-тарханды қолға түсірді. Мұхамед-Шайбани оның қызы Ғибадат-Бегімге үйленіп отырғандықтан, қайын атасын өлім жазасына үкім етуден бас тартып, қол-аяғын кісендеп Отырарға алып келген. Мұхамед-Шайбанидың жеңісін естіген Ташкенттің әміршісі Сұлтан-Махмұт хан, Мұхамед-Шайбаниды құттықтамақ боп Отырарға жеткен. Өзінің көптен бері Мұхамед-Мазит-тарханның інісі Сұлтан-Ахмет ханның қызы Айпатша-Бегімге құштар екенін, Сұлтан-Ахмет ханның көнбей жүргенін Мұхамед-Шайбаниға айтып, сол қызды маған бермей, Мұхамед-Мазит-тарханды тұтқыннан босатпа деп өтінді. Бұған Мұхамед-Шайбани көнді. Ақырында Мұхамед-Мазит-тархан інісінің қызы Айпатша-Бегімді Сұлтан-Махмұт ханға бергіздіріп, өзі тұтқыннан босанды.

Алдын ойламайтын адамның ақылы өкінішімен бір жүреді. Мұхамед-Шайбани ханның қандай адам екенін, жолбарысты темір тордан шығарып алғанын Мұхамед-Мазит-тархан кеш түсінді. Ал жолбарысты қайтадан темір торға кіргізу үшін қаншама күш керек, айла керек! Мұхамед-Шайбани Яссыны алғаннан кейін ендігі кезек Ташкенттікі екенін Сұлтан-Махмұт хан да жаңа сезді. Ол жанталасып моғол әмірлерін жинауға кірісті. «Бұл қалпымен Мұхамед-Шайбани бәрімізді де бағындырады, әлі күш алып кетпей тұрғанында құртайық» деп жан-жағына ат шаптырды. Әмірлер ақылға салып «бұл іске қазақ сұлтандарын көмекке шақыру керек, оларсыз Мұхамед-Шайбаниға біздің күшіміз жетпейді» деді.

«Бәріміз бірігіп Мұхамед-Шайбаниға қарсы шығайық» деп Бұрындық пен Жәнібек балаларына Сұлтан-Махмұт хат жазып кісі жіберді. Бұрындық бұл хабарға қуанып қалды. Біз моғолдармен біріміз деп қолына түкіріп шыға келді. Құран көтеріп, төс ұрысып уәделесіп Мұхамед-Шайбаниға көше бастаған Түркістан уәлиетін шаппақ болды. Ең алдымен Яссыны алсақ десе де, онда Мұхамед-Шайбанидың өзі отырғандықтан беттерін Отырарға бұрды. Бірақ бұлардың қолына Отырар да оңай түсе қоймайды. Осы кездегі қаланың билеушісі, Әбілқайыр ханның кіші баласы Мұхамед-Темір сұлтан өзгелерден жас болғанмен, соғыс тәсіліне ешкімнен кем соқпады. Ұялы қасқырдың бөлтірігі — өнерді ұяластарынан үйренеді. Жауынгер ордада өскенін білдірді, Бұрындық пен Сұлтан-Махмұтқа алдырмады. Олар енді әскерлерін Ташкент уәлиетіне жататын Сайрам қаласына көшіріп, күндіз-түні Түркістан уәлиетінің қышлақтарын, егінші, малшы, кіші-гірім дихтарын шаба бастады. Бұны көрген Мұхамед-Шайбани хан «сендер үйтсеңдер, мен бүйтем» деп қалың әскерін Дәшті Қыпшаққа жіберіп, қазақ ауылдарын қырғынға ұшыратты. Екі жақтан да халықтың көз жасы қан боп ақты. Өрт алған қалалар, малдарынан айрылып құр жер шұқып қалған ауылдар, құлдыққа — күндікке айдалған қыршын жастар. Ел басына шын тозақ енді орнады. Мұндай күйге ұшыраған қазақ ауылдары жаппай атқа мінді. Бір кезде жауға дес бермеген кәрі шалдар, қайтадан қолына найза ұстады. Бұрын тек ән-күйді ғана паш еткен қазақтың жас арулары аға орнына садақ тартып жауға шықты. Бүкіл қазақ намысына шауып, ең аяғы алыстағы Алшын руларынан да топ-топ жігіттер келді. Осы кезде соңғы уақытта ұмытыла бастаған «Жалғыз көз» батырдың аты жерді жара қайтадан даланы тітіретті. Халық көтерілісінің басында енді Бұрындық та, Қасым да емес, осы халық ұлы «Жалғыз көз» батыр болды. Өзі жұрт көзіне көрінбесе де, оның құрған жасақтары жау шебіне қырғидай тиді. Халық жаралы жолбарыстай ақырып осылай жауына қарсы шыққан кезде, тағы бір суық хабар жетті. «Мұхамед-Шайбани хан мен Бұрындық хан ауыз жаласып бітімге келіпті. Соғысты тоқтатып қыз алысып, қыз берісетін болыпты» деген лақап бүкіл Дәшті Қыпшақ жерін алып кетті.

Бұл рас хабар еді.

Мұхамед-Шайбанидың Бұрындықпен бітімге келуі тәсіл еді. Түркістан мен Мауреннахрды әбден өзіне бағындырып алғанша қазақтармен жауласу Мұхамед-Шайбаниға тиімді емес-ті. Бір моғолдардың жаулығының өзі оған жететін. Ал Түркістан мен Мауреннахрды билеу — Мұхамед-Шайбанидың бер жағындағы ғана арманы. Айлакер ханның түпкі тілегі тіпті әрменде жатқан. Алдымен Түркістан мен Мауреннахрды алса, сосын Дәшті Қыпшақ пен Қорасанға қол созбақ. Бұларды бітіргеннен кейін Моғолстан, айдаһардың аузына өзі түскен көжектей, өзінен өзі келеді. Бүкіл шығысты билегенмен, атасы Әбілқайырдың Көк Ордасын қайта тұрғызу — оның шын көкейкесті мақсаты. Ал бұл арманға жетудің жалғыз ғана жолы бар — жауыңның басын қостырмай, біріне бірін айдап салып, шетінен біртіндеп бағындыру. Міне осы себептен қазір Түркістан мен Мауреннахрды бауырына әбден басып алғанша Дәшті Қыпшақпен жауласпау керек. Асықпаса оның да кезегі келеді. Шарттың қаншалық құны бар екенін Бұрындық хан сонда көрсін! әзірге тұлыпқа мәңгіреген сиырдай, «Мұхамед-Шайбанимен татуластым, ол маған тимейді» деп жүре берсін. Мұхамед-Шайбани сыры осы. Ал Бұрындық болса, басқаша ойлайды. Қазір бұл арада күшті екі хан бар, бірі Бұрындықтың өзі, екіншісі — Мұхамед-Шайбани. Біз екеуіміз тату-тәтті тұрсақ, өзге хандар қарамыздан қорқатын болады. Оның үстіне Мұхамед-Шайбани тәрізді арыстан іспеттес ханмен жақындассам, қазақтың батырларының көмейіне құм құйылады. Өнеугідей Қасым жағына шықпайды. Қазақ рулары тек қорыққанын сыйлайды. Мұхамед-Шайбани секілді одақтасы бар ханнан қорықпай көрсінші! Керек десе, осы Мұхамед-Шайбанимен төс соғыстырған құда боламын. Сонда не істер екен Қасым мен оның серіктері! Осындай далбаса ойға келген Бұрындыққа шынында Мұхамед-Шайбани құда түсті.

Ол әлі ешкімге айттырылмаған екі қызының бірін — қара көз Күлбаршын-Сұлтан-Бикені Махмуд-Сұлтанға, Жауһар-Сұлтан-Бикені Мұхамед-Шайбанидың шешесі бөлек кіші інісі

Мұхамед-Темір сұлтанға берді. Отыз күн ойынын, қырық күн тойын өткізіп, қалың көшпен бір қызын, Мұхамед-Шайбани өзінен тартып алған Сауранға, екіншісін Отырарға ұзатты. Бірақ бұл қуаныш кейін Бұрындыққа қайғыға айналды.

Екі елді осыншама қан-жоса етіп бүлікке салып, мал-мүлкін талан-тараж етіп, ұл-қызын құлдық пен күндікке айдатып, кеше қан майдан ашып ұрысқан екі ханның, бүгін елдің төгілген қанына, жерге тапталған ар-намысына қарамай оп-оңай ауыз жаласып кеткені халыққа қорлау сынды көрінді. Әсіресе қазақ рулары бұлқан-талқан боп ашуланды. Жұрт көрі-жасы қалмай жерін, суын, малын қорғап атқа мінгенінде, Бұрындық хан оларды алдап кеткендей болды. Сонау талан-таражға түскен дүние-мүлік, төгілген көз жасы, — бәрі бірдей тек Бұрындықтың қыздарын Әбілқайыр ханның ұрпақтарына қатынға беру үшін істелгендей тәрізденді. Өздерінің көкейкесті тілегін, ата жауына сатып кеткені үшін халық Бұрындыққа түйіле қарады. Оның қаһарынан қорықпай, бізге бұндай адам хан болуға тиісті емес деп өктем-өктем сөйледі. Лепірген, қорланған, намыстанған жұрт, ақырында өзінің сүйікті батырлары Найман Қаптағай мен Алшын Оңайды Қасымға жіберді. «Не Бұрындықты елімізді шапқан, ұл-қызымызды құлдыққа, күндікке тартып әкеткен қас-жауымызбен ауыз жаласуын тоқтатсын. Не хандығын тастатып өз жайына кеткізсін» деді. Халық ашуы қарғыстан да жаман... Дәшті Қыпшақ Ордасына түйілген бүліншіліктің тағы да бір қара бұлты шоғырлана түсті.

Қазақтың көп аулын шауып, мал-мүлкін талап, бүкіл Дәшті Қыпшақ елін өзіне қарсы қойған Мұхамед-Шайбанимен дәл бүгін құда бола қалудың қауіпті екенін айтып Бұрындықты көндіре алмаған Қасым, келген батырларды тік тұрып қарсы алды.

— Ел-жұртымызды шауып, мал-мүлкімізді талап, бүкіл Дәшті Қыпшақ елін қорлаған Мұхамед-Шайбанимен Бұрындық ханның құда түскені бізді қорлағаны. Хан не қыздарын бермесін, не бізден кетсін, — деді халықтың сөзін сөйлеп қарт Қаптағай батыр.

— Сонда сіздер ханның қыздарын бергеніне қарсысыздар ма, әлде бітім жасағанына қарсысыздар ма?

— Екеуіне де қарсымыз. Хан халықтың көзі. Олай болса хан қыздарын ежелгі жауымызға бере алмаса керек-ті. Ал бітім жасайтын болса, Мұхамед-Шайбани хан талаған мал-мүлкімізді, құлдыққа, күндікке әкеткен ұл-қызымызды қайтарсын. Хан лашкарларының сойыл-шоқпарынан күнәсізден күнәсіз қаза тапқан мейірбан ерлеріміздің құнын төлесін. Сонда бітімге отырамыз. Ал қыздарын Мұхамед-Шайбанидың інілеріне қосып, бітімге келдім деп бізді қорламасын. Бұндай бітім бізге керек емес. Егер біз тілеген бітімге Мұхамед-Шайбаниды көндіре алмаса ерікті өзімізге берсін. Ақ найзаның ұшымен, қас батырдың күшімен ол кәззапты өзіміз көндіреміз.

— Сонда тағы соғыспақсыңдар ма?

Жаратылғалы соғысып келе жатқан жоқпыз ба? Бұрын ханға еріп соғыссақ, енді халық болып соғысамыз. Жеріміз, суымыз, намысымыз үшін бүкіл қазақ болып көтерілуге бармыз.

— Хан бұл тілектеріңді қабылдамайды.

— Онда ханды біз де қабылдамаймыз. Көшсін бұл арадан.

— Қайда көшеді?

— Құдасы Мұхамед-Шайбани жеріне.

Ел абыройына нұқсан келтіріп қайтесіңдер. Хан адасса да халық адаспау керек. Қыздарыңды бердің деп Бұрындықты елден қусаңдар, Мұхамед-Шайбанимен жасасқан бітім-шартын бұзған боламыз. Айып Мұхамед-Шайбанидың өзінен болсын. Шартты өзі бұзғанша шыдауымыз керек. Ал шартты Әбілқайыр бөлтіріктері алдымен бұзатынына дау жоқ. Оларға бұл шарт Түркістан мен Мауреннахрды алғанша ғана керек. Содан кейін қанды аузын бізге салмақ. Аталары Әбілқайыр билеген Дәшті Қыпшақты қайтарып алмай көңілдері көншімейтіні хақ.

— Біз де солай ойлаймыз. Мұхамед-Шайбанимен арамыз тым алшақ жатыр. Бір мықтап қан төгіспей екі жақтың дауының бітуі мүмкін емес. Хан бұны неге түсінбейді?

— Хан бұл арада шолақ ойлап отыр. Ал біздің борышымыз сонау келешек айқасқа осы бастан дайындалу. Қапы қалмауымыз керек.

— Сонда Бұрындықты қайтеміз?

— Екі бірдей қызын беріп отырған құдасымен алысуға Бұрындық қазір бара алмайды. Ол бұл тартыстан шығуы абзал. Майданға өзіміз дайындаламыз. Ал Бұрындық өз қатесін өзі түсініп, халқымен бір болғысы келсе, хан абыройын сақтап Арқа жеріне, не Сарайшыққа көшеді.

— Дұрыс айтасың. Ал Бұрындық көшпеймін десе?

— Көп қорқытады. Егер өзіне пайдалы шешімнен бас тартса, өз обалы өзіне!

Ертеңіне Қасым сұлтан басқарған бір топ ру бастықтары хан аулына келді. Бұрындыққа хан абыройын сақтап қалу үшін өздерінің шартын айтты.

Бұрындық хан шу дегенде бұлқан-талқан боп ашуланды. Бұл бүлікті шығарып жүрген сенсің деп Қасым аулын шауып алмақ та болды. Әйтсе де әрі тулап, бері тулап, қазақ батырларының темір тегеурініне шыдай алмай, Сарайшыққа көшпек боп пәтуға келді.

Міне, осы кезде Бұрындық ханның қылығына ызаланған «Жалғыз көз» батыр бір топ серіктерімен ханның қалың жылқысын қуып әкетті. Кілең көк аланы айдап апарып ол, Мұхамед-Шайбани жасақтарынан жер шұқып қалған кедей ауылдарға бөліп берді. «Жалғыз көз» батырдың бұл қылығына сүйсінген қалың бұқара қайтадан дүрлікті. Бірақ ол бір түнде жоғалып кетті. Басшыларынан айырылған кілең жыртық тымақ, жаман шекпен кедейлер ру батырларының айтқанынан шыға алмай тартыс іркіліп қалды, тұтаса жауыққан жұрт қатары жүдеп, халық қозғалысы енді лажсыз кібіртіктей бастады.

Екі апта өткеннен кейін Бұрындық хан жеті қатыны жеті ауыл болып, ырғалып-жырғалып Сарайшыққа көшті. Бірақ ол бос көшпеді. Малың шапқан «Жалғыз көз» батырды хан алтынына сатылған екі арамза серігі Бұрындыққа ұстап берген. Жұртқа таралып кеткен малын қайтара алмайтынын білетін хан «малымның өшін өзіңнен алармын» деп сырт көзден тасалап «Жалғыз көз» батырды қол-аяғын шынжырлап, тулаққа орап өзімен бірге ала көшті.

Бұрындықтан іргесін алыс сала бастаған Жәнібек балалары хан Ордасынан алыс отырайын деп Шу бойында қалды. Күз әкелерінің ескі қонысы Қараталға көшіп келді. Қыстауына жеткен күннен бастап Қасым сұлтан бұл арадағы қазақ руларының басын қосып, сонау болашақ айқасқа қамдану әрекетіне кірісті...

Қасым сұлтанның болжағаны дұрысқа шықты. Мұхамед-Шайбани хан аз жылдың ішінде дегеніне жетті. Самарқанд, Бұқар, Андижанды билеп отырған әбусейіт ұрпақтары мен Ташкент, Сайрам уәлиеттерін билеп келген моғол Сұлтан-Махмұт ханның араларындағы наразылықты пайдаланып, Сұлтан-Махмұт хан берген бес мың әскерді өз әскерімен қосып, ең алдыменен Самарқанд, Бұқар, Андижанды алды. Содан кейін барып, Жағатай әскерін өз әскеріне қосып күшейтіп, Ташкент уәлиетіне ауыз салды. Ташкент, Түркістан, Самарқанд, Бұқар, Андижан уәлиеттерін әбден өзіне бағындырғаннан кейін, Дәшті Қыпшақ жерімен шекаралас Хорезмді шапты. Сөйтіп Мауреннахр, Түркістан өлкесін тегіс жеңіп болып, енді Дәшті Қыпшақты жаулауды ойлана бастады.

Мұхамед-Шайбанидың жиһанкерлік әрекеті мінекей осылай, Қасым сұлтан ойлағандай боп шықты. Мұхамед-Шайбани хан елу мың атты әскерімен Созақ пен Ұлытауға аттануға дайындалып жатқанын естіп, Қасым сұлтан Қаратаудан қайтадан Шу бойына көшіп келді. Бұл кезде Бұрындық хан Сарайшықта болатын, абыройын айрандай төгіп алған ханның құр «хан» деген аты ғана қалған, бүкіл билік әскер басы Қасымға көшкен.

Қасым Шу бойына көшіп келісімен, «бәлем, сені ме!» — деп Мұхамед-Шайбаниға әбден өшігіп алған қазақ халқына дабыл қақты. Мұхамед-Шайбанидың достық шартын бұзып Ұлытау мен Созақты шапқалы жатқанын хабарлады. Егер Созақ пен Ұлытаудан айрылса Дәшті Қыпшақтың басқа жерлерін қорғап отыра алмайтындарын түсіндірді. Мұхамед-Шайбани хан Мауреннахр мен Түркістан өлкесіне аттанып, Моғол, Жағатай, Ақсақ Темір әмірлерімен қан-жоса болып қырылысып жатқанда, ешкіммен жөнді соғыспай әжептәуір тынығып қалған Дәшті Қыпшақ жауынгерлері қайтадан атқа қонды. Ұран салып топтанып, ру-ру боп өздерінің батырларының жанына жинала бастады. Дәл осы кезде Мұхамед-Шайбани елу мың атты әскермен Қорасанға аттанды. Ташкент уәлиетін билеп тұрған Сүйіншік сұлтанды жиырма бес мың адаммен Ұлытауға жүргізді. Рабиу-Бегімнің екінші баласы, Түркістан уәлиетінің осы кездегі әміршісі Күшкінші сұлтанды отыз мың әскермен Созақты алуға жіберді. Мұхамед-Шайбани бұл уақытта әбден күшейіп алған. Ол енді бұрынғыдай қалаларды біртіндеп алу саясатынан бас тартқан. Өз күшіне өзі сенген әміршінің ғұрпыменен оңтүстігі мен солтүстігіндегі екі елді бірден жаулап алуға кіріскен. Бірақ Мұхамед-Шайбани хан Қорасанда жеңіске жеткенмен, Созақ пен Ұлытауда сәтсіздікке ұшырады.

Ұлытау мен Созаққа келген Қасым мен Қамбар сұлтанның қалың әскері Сүйіншік пен Күшкінші сұлтанның лашкарларының быт-шытын шығарды. Елу мың әскердің тең жартысына таяуын қырып, қалғанын сонау Дәшті Қыпшақтың шекарасында жатқан құмай, тақыр құмды далалармен Түркістан мен Ташкентке дейін қуды. Бұл жеңіліс бүкіл Орта Азияны өзіне бағындырып, енді Дәшті Қыпшақ пен Иранға ауыз сала бастаған,

айбындарымен талай елді тітіреткен Әбілқайыр бөлтіріктерінің көптен бергі елеулі жеңілісі еді. Ал Дәшті Қыпшақ халқының рухын көтеріп тастады. Енді қазақ рулары Қасым төңірегіне жинала бастады. Дәл осы кезде Сарайшықтан Бұрындық хан бар балаларының аулымен көшіп келді. Құр ғана көшіп келген жоқ, өзімен бірге бір тайпа елге бақытсыздық ала келеді. Өткен қыс өте қатты болған. Әсіресе Тянь-Шань тауының теріскей жағында отырған көптеген қырғыз, қазақ ұлыстары жұттан бар малын қырып алған. Қатты күйзеліске ұшыраған. Сол себепті Дулат руының біраз ауылы өзінің жылдағы әдеті бойынша Шудың Жуанарықтан жоғарғы жағына жайлауға шыға алмай, Жаңғы қаласына таяу жердегі Талас өзенінің жағасындағы көкорай шалғынды жайылымға жылжып көше салған. Елдің ат жалын тартып мінер бар жігіті Қасым мен Қамбар батырға еріп, Ұлытау мен Созақты жаудан арашалауға кеткен. Міне, осы кезде тыныш жатқан Дулат аулына кенет жау тиді. Ел жаңа түнгі асын ішіп жатқан кез еді. «Бұрындық!», «Бұрындық!», «Керей!», «Керей!» деп салған ұраннан, шапқан ат, айқайлаған дауыстан ауыл үсті азан-қазан болды да қалды. Кәп мынадан шықты. Дулат руының осы қонған Талас өзенінің көгал шөпті, қамысты жағасы, Бұрындық ханның қыс ерте шыққан жылғы Дәшті Қыпшақ даласына көшкенше тұрақтайтын көктемгі жайылымы екен. Бұрындық Сарайшық жағында көшіп жүріп бұл жайылымға көптен бері соқпай қойған. Бұл ара биыл бос жатқан соң, қыстан күйзеліп шыққан Дулат ауылдары хан келе қоймас деген үмітпен осы жерге қонған. Бірақ Жайық жағасы да биыл қысы қарсыз, көктемі жаңбырсыздау боп Бұрындық бері қарай көшкен. Талас өзеніне таянған кезде көп жылдан бері көктемде қоныс ететін Дулат ауылдары отырғанын білген. Соңғы кезде ел қонбай, даласы да жайылымының оты басылмай тұрған шығар деп келе жатқан Бұрындық жерінің бос емес екенін естігенде, ашудан ат үстінде отыра алмаған. Соңғы жылдары қазақ рулары Қасым сұлтанға ауып кеткен. Сыныққа сылтау, соған іштей әбден ызаланып жүрген Бұрындық «бұл қай қорлаулары!» деп бұлқан-талқан болған да қалған. «Көрсетейін мен бұларға басынуды!» деп қолына темір табанды сойылын алған. Қарамағындағы бес жүз сарбазын ертіп, асқа дайындалып жатқан ауылдың, қойға шапқан қасқырдай, бір шетінен тиген. Шоқпарымен ұрып сан үйдің шаңырағын ортасына түсірген. Ауылдың заматта әлек-шәлегін шығарған. «Хан тақсыр, бос жатқан соң қонып едік», «Қарамағыңыздағы қазағыңыз ғой, дәкпірімізді алмай, таң атқанша шыдаңыз, өзіміз де көшейік» деп жалынған ауыл ақсақалдарын долы мінезді Бұрындық ештеңеге қарамай «көш деген соң көш! Қарсыласайын деген екенсің!» деп табанда сойылға жыққан. Ойбайлаған қатын, жылаған бала, үрген ит, маңыраған қой-ешкі, ауыл үсті азан-қазан болған. Көптен бері алысатын жау шықпай, жынын алған бақсыдай, әбден қансырап қалған Бұрындық, жоқ жерден сойыл соғар қос тауып, баурын бір жазды. Ат ойнатып, ақырып рақаттанды да қалды. Хан өз елін жауынан қатты шапты. Таң атқанша Талас өзенінің осы арадағы бес-алты кедей ауылын бала-шағасын шұбыртып, өліктерін арқалатып құмға айдап салды. Бұл оқиғаны жорықтан қайтқан ел азаматтары естіп, қандары қызды, қаһарларына мінді, хан аулын күлін көкке шығарып тал түсте шаппақ болды. Жұрт дүрлігіп қол жиналды. Тек Дулат елінің ағасы, Бөрібай батырдың баласы Қасқалдақ би жұртқа ақыл айтып, аз уақытқа халық ашуын саябырлатты.

— Ел деген атымыз бар, хан ақымақтық істеді деп біз ақымақ болмайық. Бұрындық ханның бұл қылығын Қасым сұлтанға жеткізелік, аға да, хан да өзінікі ғой, әділетін өзі шешсін, — деді.

Жұрт осы сөзге тоқтады.

Бұл хикаяны естісімен қасына бір топ батырларын ертіп Қасым Бұрындық хан Ордасына аттанды. Хан бұлардың келетінін күні бұрын естігендей ауыл сыртында қарсы алды. Астында аты шулы, сүліктей жараған, жалқұйрығы жерге төгілген мұндайда жауға мінер қара айғыры, үстінде оба тастай боп дөңкиіп өзі отыр. Арт жағында оба тасының жанындағы балбалалардай төрт баласы. Бөрінің де мінгені осы қара айғырдың тұқымы, кілең тоқпақ жал нардай дүлдүлдер. Үстерінде кеуде тұсы тұтасқан қалқан темір, келте сауыт, жеңдері мен шалбарлары ғана шынжырдан тоқыған... Бөрінің қолдарында шойын шоқпар, ер басына іле салған темір табанды қайың сойыл. Жақындап келе жатқан батырларды олар сол түнерген қалыптарында, мызғымай күтіп тұр. Жайшылықта түсі суық, долы Бұрындық ашуланғанда, қаһары бетіне жан қаратпайтын аяздай тіпті ызбарлана қалатын. Бұ жолы да бет-әлпеті сондай еді. Екі бетінің түгі шығып, қара күреңденіп, ісініп, көзі қанталап кеткен.

Бұрындықтың осынау ызбарлы сұсы жеңді ме, батырлар тақа таямай сойыл жетпес жерге келіп тоқтады.

— Ассалаумағаликом, Бұрындық хан, — деді олар жамыраса амандасып.

Балалары «аликомассалам» деп еріндерін жыбырлатты. Бұрындық сәлемді алған жоқ.

— Бері тая, Қасым, — деді ол оң қолына ұстап тұрған шоқпарын сәл оңтайлап, — айтатын құпиям бар.

Тұр-келбеті — Қасым таяса, қара шойын шоқпарымен салып қалатындай. Егер бұзау бас қара шоқпарды Бұрындық секілді алып күш ұрса, адамның несі қалады. Темір балғамен тақтайға шегені соққандай біржолата жерге кіргізіп жіберері хақ. Ал Бұрындықтан мұндай қылықты күтуге болады. Ол ашу үстінде қандай қылмыстан болса да бас тартпайды. Ойындағысы орындалса бітті, өліп кетуге бар. Бұ жағынан Бұрындық ашу үстінде өзін-өзі шағып өлтіретін бүйі тәрізді, алды-артына қарамайды. Ханның мұндай мінезіне қанық қазақ батырлары аттарын тебініп қап, Қасымды қорғай алға шыға берді. Бұны көрген Бұрындық ақырып жіберді.

— Қайт кейін, кілең қарашы! Хандар арасында қара қазақ тұрмас! Тая бері, Қасым, сөйлесетін сөзім бар!

Бұрындықтың даусы тым қаһарлы шықты, батырлар іркіліп қалды. Қасым оларға:

— Кейін шегініңдер, — деді. — Өзім сөйлесейін.

Қасым өзгелерден суырылып шығып, Бұрындықтың қасына барды. Ананың түрі түтігіп кеткен екен. Екі көзінен қара күреңденген бетін жуа, бармақтай-бармақтай жас тамшылап тұр. Ызаланған бураның көзінен жас шығатынын Қасым бұрын көргені бар. Денесі мұздап кетті. Шіркін, жан деген тәтті ғой, амалсыз ханның қолындағы қара шоқпарға қарады. Бұрындық бұған көңіл бөлген жоқ. Және көзімнен жас шығып тұр-ау деп қымсынбады. Сорғалаған жасын да сұртпей Қасымға алар бүркіттей түксие сестеніп, сәл қарлыққан даусын көтере сөйлеп кетті.

— Қарамағыңдағы елің теріс қарап кетсе, хан деген ит қорлық екен. Оны мен Әбілқайыр ұрпағына қыздарымды бергелі білдім. Қонысымды жайладың деп қамсыз жатқан елді шапсам, сынықтан сылтау іздегенім. Айып менен. Бірақ айыптымын деп қарашыға бас иер жайым жоқ. Оны жақсы білесің, Қасым. Жазылмас кеселдің емі — өлім. Ал менің кеселімнің жазасы өлімнен де ауыр. Бұл жазаны өзіме өзім таңдап алдым. Жазам сол! Ертең күйеу балам Мұхамед-Темір сұлтанның қолына, Самарқантқа көшемін. Сен жеңген жоқсың, мен жеңілгем жоқпын. Жұртымды басқара алмаған өз күнәмды өзім осылай жумақпын. Дәшті Қыпшақты билеген Бұрындық Мұхамед-Темір сұлтанды күшік күйеу етіп өз ордасына кіргізудің орнына, ата жауы Әбілқайырдың ордасына өзі күшік ата болып кірмек. Бұдан артық жаза, бұдан артық өлім бар ма? Сөз осымен бітсін, ана қабыландарыңды ертіп енді кейін қайт. Ақыл айтамын деп, хан болуға жеткізген сонау ақылды басыңа мына қара шоқпарымды жұмсатып алып жүрме!

Бұрындық осылай деді де, атының басын бұрып, аулына қарай жүре берді. Қасым оған тоқта демеді. Өйткені мұндай жағдайда Бұрындық шешімі бірден-бір дұрыс шешім еді. Халқын басқара алмаса да қайғысын жасыра білді.

Екі апта өтпей бүкіл Дәшті Қыпшақ әулетіне Бұрындық хан Самарқанттағы кіші қызы Жауһар-Бикенің қолына көшіп кетпек екен деген хабары тағы естілді. Біреу ер екен деді, біреу ез екен деді. Тегі ешкім бәлендей өкінбеді. Бірақ Бұрындық көшерінде тағы бір үлкен жамандық істеді. Қара түнде жүз жігітін жіберіп бір кезде өзі салдырған Бұрындық қаласын «өзіме де жоқ, бөтенге де қалмасын» деп күл-талқан етіп өртетті.

Сөйтіп ол уақытында көше алмай қалды. Ал көшем дегенінде халық оны көшірмеді. Қасым сұлтанға енді ру басшылары, би, батырлар емес, кеше найза ұстап, жауына қарсы шыққан, жаман далбағайлы, көн шалбарлы қара қазақ келді. Бірақ бұлардың келісі ел жақсыларының келісіндей емес, ашулы келіс еді. Аспанды қап-қара боп жауып алған қара бұлт тәрізді, түрлерінен адам шошынарлық, түнеріп кеткен. Қолдарындағы алдаспандарын, жай оғындай жарқ-жұрқ ойнатып, Қасым сұлтанға күндей күркіреп тілектерін айтты.

— Жоғалып кеткен «Жалғыз көз» батыр табылды! Бұрындықтың үйінде екен! Сары ала төбетімен бірге шынжырлап, бір итаяқтан ас береді екен! Аяулы батырымызды қазір босатып бер! Босатып бермейді екенсің, бізге өкпелеме! — деді.

Халықтың мұндай ашуланған түрін бұрын көрмеген Қасым сұлтан шошып кетті. Ашынған халықтың өкілі етіп Қаптағай батырды ертті де, ол көшкелі жатқан Бұрындық аулына өзі келді.

— Анау сойылды жұртты көріп тұрсың ба, Бұрындық хан? — деді Қасым ауылды қоршаған қалың жұртты көрсетіп.

— Көріп тұрмын. Талағалы жиналған сабалақ иттер тәрізді.

— Егер таламасын десең, қазір Орақ батырды босат!

— Босатпасам ше?

Қасым найзалы жұртты көрсетті.

— Қазір бүкіл аулыңның күл-талқанын шығарады.

— әттең, әттең! — деп барып Бұрындық әлі жығылмаған қараша үйдің есігін ашты.

Ашылған есіктен Қаптағай бүкіл Дәшті Қыпшаққа әйгілі, Бұрындықтың жолбарыс алар сары ала төбетімен қатар, шынжырлаулы отырған, бет-аузында адам кейпі жоқ кісіні көрді. Орақ екенін танып, Қаптағай ызалана қалды. Беліндегі қанжарына қолының қалай барғанын білмей қалды.

— Сабырлық, сабырлық! — деді қасындағы Қасым, шыдамдық көрсетіп.

әлсіреп қалған Орақты атқа отырғызып жатып, Қаптағай:

— Егер мына жұрт күліңді көкке ұшырмасын десек, қазір көш! — деді Бұрындыққа, сөйтті де өзі бұрылып жүре берді.

Бір ай өтпей осы Талас, Шу маңындағы қазақ руларының басшылары жиналып, Бұрындықтың орнына боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ кигізге көтеріп, Қасымды хан сайлады.

Келесі көктемде Қасым хан жайлауға Ұлытау маңына көшпек боп тұрғанда, Сайрам хакімі Қаттыбектің бір топ арбабы ¹ мен ресми уәкілі келді. Бұлар Қаттыбектің Сайрамды басқарсын деген сәлемін әкелді. Қасым хан көп қолменен Сайрамға беттеді. Қаттыбек қаланың кілтін беріп, өзі Қасым ханның қарамағында қызметте қалды. Бір аптадан кейін Қаттыбектің ақылымен бұлар Сүйіншік сұлтан басқарып отырған Ташкентті шабу дайындығына кірісті.

Осы кезеңнен қазақ халқының ежелгі қонысының бірі — Түркістан өлкесін өзінің қарамағына қайтарып алуы үшін жаңа күрес дәуірі басталды. Бұл дәуір ұзаққа созылды. Бірақ жеңісті болып аяқталды. Оған себеп Қасымның сол дәуірдегі ел билеу саясаты ғана емес, халықтың асқан ерлігі, өз жерін, өз елдігін қорғауға деген сүйіспеншілігі, қажырлылығы, табандылығы еді.

Қасым хан Мұхамед-Шайбани Ордасынан Түркістан өлкесін қайтарып алу үшін, Дәшті Қыпшақпен шекаралас бөтен хандармен тату-тәтті саясат ұстауды ойлады. Өзге жұртпенен араз бола тұрып, Мұхамед-Шайбанимен күресудің қиынға түсетініне шек келтірмеді. Әсіресе Қасым хан Дәшті Қыпшақтың жерімен шекаралас Моғолстанмен, әкесі Жәнібектің өсиетін орындап, үнемі бірге тізе қосып отыруды есінен шығармады. Әбусейіт мырзаның баласы Омар-Шайх көгаршын ұшырам деп мұнарадан құлап өлгеннен кейін, Жұныс ханның қызы баяғы Нигер-Сұлтан-Бегім Андижанда жесір қалған. Жәнібек осы Нигер-Сұлтан-Бегімді өзінің ортаншы баласы әдікке алып берген. Әкесі Омар-Шайх қайтыс болғаннан кейін Андижан дийары ² Омар-Шайхтың үлкен баласы Бабур мырзаға қалған. Бұл кезде Самарқант, Бұқар уәлиеттерін әбусейіттің үлкен баласы Сұлтан-Ахмет мырза басқаратын. Әдік сұлтан осы Сұлтан-Ахмет мырзаның сенімді адамының бірі болып Самарқантта мұзалимдық қызмет ететін. Сұлтан-Ахмет мырза өлгеннен кейін, артынан оның кіші баласы жас Байсұңқар мырза билік құрған. Одан Самарқант, Бұқар, Андижан уәлиеттерін тартып аламын деп Сұлтан-Махмұт хан соғыс ашты. Бірақ жеңіліп қалып, амалсыз Дәшті Қыпшақ жеріне қашты. Онымен Дәшті Қыпшақ жеріне Сұлтан-Махмұт ханмен тілектес болған әдік сұлтан да бірге кеткен. Бірақ қазақ жеріне жеткен кезінде қайтыс болды. Соңынан қуып келген Нигер-Сұлтан-Бегім қайтадан Мұхамед-Шайбанидің жеріндегі өгей балаларының қолына барғысы келмеді. Көңілі ескі дос Қасым ханға ауды. Әрине бұл күндерде Нигер-Сұлтан-ханым бұдан он бес жыл өткен соң, Қасым хан өліп, Қашқардың ханы — ағасы Сұлтан-Сейіттің қолына барып, өзі бір кезде иттің етінен жек көрген әбдірашид сұлтанның гареміне жалғыз қызын беретінін білген жоқ. Ал қазір қарақат көз, оймақ ауыз сұлу Нигер-Сұлтан ханым өмір бойы арман еткен, ең бірінші бетін ашқан Қасым ханға қосылғанына өте-мөте қуанышты еді. Ағасы өлсе жесірі ініге мұра — көне қазақ дәстүрі, Қасым хан алтыншы қатыны етіп Нигер-Сұлтан ханымды алды. Сайрамның қақпасын ашқанда, өзінің ақрұғында осы Нигер-Сұлтан ханым да болды. Жастағы арманы орындалғанына Қасым бұрынғысынан да қатты рухтанып, енді хандық іске алаңсыз кірісті...

Хандық іс — ол кезде әскер ісі, кім де кімнің әскері күшті болса, сол — хан және күшті хан. Қасымның жас кезінен ұстаған жалғыз сара жолы бар. Ол жол — бейбітшілік жолы — өз жеріңді ешкімге берме, өзгенің жерін тартып алма. Өзгенің жерін тартып алмау оңайға

¹ А р б а б — қаланың белгілі адамдары деген мағынада.

² Д и й а р — облыс (Парсы тілінде).

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Көшпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кӊор», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

түскенмен, күштілер жеңген опасыз сұрқия заманда, өз жерінді бермеу оңай іс емес еді. Бұны жақсы түсінген Қасым Сайрамға келісіменен тек өз ықпалын Сарысу, Шу, Талас бойындағы қазақ еліне ғана жүргізуді ойламай, бүкіл Дәшті Қыпшақ жеріне құлаш ұрды. Әкесі Жәнібектей бұл да қазақтың бар руына «бірігіп ел болайық» деп кісі жіберді. Өзі әзірге бір өлкенің ғана ханы бола тұрып, енді бүкіл қазақты билейтін ұлы хандық құруды ойлады. Кімді хан етеді? Оны халық өзі шешсін деп, өз атын атаудан бас тартты. «Хан ақылы қырық кісілік, халық ақылы қырық мың кісілік: көппен кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деп бұл мәселені халықтың шешіміне қалдырды. Әкесі Жәнібектің диван¹ заңы етіп кеткен «Тағанақ кеңесі» мен «Тұрымтай кеңесін» қайтадан күшіне енгізді. Хан болдым деп бірден шабуылға кіріспей, алдымен өзін басқа біреу шауып алмас үшін, Созақ, Ұлытау, Сайрам, Сарайшық бекіністерін жөндеп, мықты әскер құруды арман етті.

Осы кезде тағы бір ұлы уақиға болды. Бүкіл Түркістан, Самарқанд, Бұқар, Андижан, Шахия, Хизар, Хорезм, Құндыз, Бадахшанды жаулап алған Мұхамед-Шайбани хан енді Қорасанға аттанды. Адамның тасы өрге домалап тұрған кезде, қандай қиын істің болса да қиюы келе қалады. Мұхамед-Шайбани да қисынын тауып, Қорасанды жаулап алды. Адам баққа, атаққа тойған ба, Мұхамед-Шайбани бұған да қанағаттанбады. Өлер бала бейітке жүгіреді, ол енді сонау қарлы Памирды жайлаған Хазар еліне аттанды. Бірақ хазарлар жықпыл-жықпыл Гиндықұштың арасына тығылып алып, оған таптырмады. Амал жоқ, кейін қайтуға тура келді Ауған жеріндегі Тілман өзенінің жағасымен төмен түсті. Бірақ бұл өзен бірімен бірі жалғасып жатқан ұшы-қиыры жоқ шың құз тастардың арасымен өтеді. Сонау бұлт сүйген биіктегі жіңішке қоба жолмен қайтып келе жатқан көп әскерге құлама құздардан, пышақ кескендей жылтыр жартастардан төмен түсіп су алу, не аттарын суару ғажайып михнатқа айналды. Су жетпей біраз адамдары қырылды, аттары зорығып өлді. Осындай қиындықпен келе жатқандарында құз түсті. Кенет ақ жауын басталды. Енді бұрынғыдан да қиын жағдай туды. Күндіз-түні тынбай жауған ақ жауын тау арасындағы тас жолды жуып кетті. Аяқ басса тайғанап, адам, мал тұңғыық шыңырауларға қарай домалай жөнелді... Қаншама әскер апатқа ұшырады. Өстіп, өлдім-талдым дегенде әйтеуір қыс түсе, Мұхамед-Шайбани қалған әскерімен Қорасанға жетті. Азып-тозған, әбден жүдеген әскеріне енді ол елдеріне қайтуға рұқсат етті. Аштықтан көздері үңірейген, үстеріндегі киімдерінің жұлма-жұлмасы шыққан бір кездегі мұздай боп қару-жарақтанған айбарлы әскер, енді кенет қайыршы секілденіп, сонау Иран мен Ирактың шекарасынан Түркістан өлкесіне дейін шұбатыла басты.

Бұл бір ғажайып көрініс еді. Мұхамед-Шайбани лашкері келе жатыр десе, бұрын жылаған бала уанатын қаһарлы, айбарлы әскер енді қатын ұрып алатындай тобырға айналды. Олар өз елдеріне жеткенше күн көру үшін, топ-топқа бөлініп, жолдағы бейбіт жатқан дихтарды тонай жүрді. Көптеген жұрт енді өз әскерінен өзі қашты. Халықты үрей биледі.

Дәл осы кезде өзге хандардың демеуімен Иранның әміршісі Шах-Ысмайыл Қорасанға жорық салды. Бұл кездегі өзінің астанасы Гератқа әскерсіз жеткен Мұхамед-Шайбани, енді бұл арада қалуы — құр үйде отырып өлуі екенін сезіп, «жауынгерлер Мервке жиналсын» деп жан-жағына хабаршыларды шаптырды. Бірақ әбден азған-тозған, шаршаған әскер жинала қоймады. Өзі Мервке келген шақта, соңынан Шах-Ысмайыл да қуып жетті. Амал жоқ, жиналған бар әмір, баһадур, сұлтандарымен ұрысқа шығуға тура келді. «Тарихи Рашидида»: «Кім де кім өзгеге ажал азабының шербетін қанша ішкізсе, өзі де сол удан соншалық ішеді» деп айтқандай, оның да өлім ыдысы лықылдап толған еді. Осы айқаста атасы Әбілқайырдың жасына жетпеген, бүкіл Орта Азияны жаулап алған, атақты Мұхамед-Шайбани хан жекпе-жекте жас жолбарыс Шах-Ысмайылдың қолынан қаза тапты. Соңғы он жылдың ішінде елінің шетіне сан келіп, талай рет тыныш жатқан жұртты қан қақсатқан ұлы жиһангер батыр ханның бас сүйегінен Шах-Ысмайыл шарап ішетін ыдыс істетті.

Бұл уақытта Қасым хан ордасы әбден күшейіп алған-ды. Бүкіл Дәшті Қыпшақтың көп рулары ер жүрек әміршісін ту етіп көтеріп, маңына жинала түскен.

Қасым хан бұның алдында Мұхамед-Шайбанимен бірнеше рет майданда кездескен. Әбден кемеліне жеткен әккі әскер бірін-бірі жеңе алмай ит жығыс келе берген. Ал Қасым хан қаншалық бейбітшілік өмірді сүйгенменен, енді Әбілқайыр ұрпақтарымен алыспасқа мүмкіндігі қалмаған. Осыдан екі ай бұрын Мұхамед-Шайбани Түркістан жерінде қазақ саудагерлері сауда-саттық жүргізбесін деп жарлық берген. Бұнысы бүкіл Дәшті Қыпшаққа

¹ Д и в а н (фарсыша) — бұл арада хан кеңесі деген мағынада.

Ильяс Есенберлин. «Алмас Къылыш» (Къышпенділер – I) © «І. Есенберлин атындағы кър», 2004 www.kazakhstanets.narod.ru

зорлық еді. Халыққа қаладан керек затыңды алма деу әрине, зор қиянат. Осындай жағдайда жүргенде Қасым хан Мұхамед-Шайбанидың өлгенін есітті. Бұл күндерде Қасым хан Түркістан өлкесін біржолата жаулап алуға дайын еді. Қазір оның қарамағында үш жүз мыңдай боп қаруланған атты әскер бар. Осы бір кез бытырап жүрген қазақ руларының басын қосып алтын тұғырына қонып, шын мемлекет бола бастаған кез еді. Қасым ханның да абыройы әбден көтеріліп болған. Оның Дәшті Қыпшақтың елдік, жауынгерлік даңқын «Тарихи Рашиди» айтқандай, Жошы ханнан кейін бүкіл Шығысқа жайған әлуетті шағы еді.

Күн айнадай ашық. Күзгі салқын жел сарғайып кеткен ен даланы айналай сүйіп ақырын еседі. Бір топ батырларымен Қасым хан Созақтағы хан сарайының алдында тұр. Осы арадан қазақ жерін қайта шапқалы келе жатқан Қытай, Ойрат, Ақсақ Темір ұрпақтарының қалың әскеріне қарсы ұлы айқас басталмақ. Қолдарындағы темір найзаларының сүйір ұштары мен арқаларына таңып алған болат қалқандары күн көзімен шағылысып, хан сарайының алдынан майданға бара жатқан кілең жүйрік мінген қалың әскер лек-лек боп өтіп жатыр. Ұшы-қиыры жоқ, бүкіл даланы алып жарқ-жұрқ етеді.

Кенет Қасымның көзі әскерінің алдыңғы қатарында кетіп бара жатқан, бетін қара далбағайымен жапқан көк сауытты батырды шалып қалды. Бұл Орақ еді. Хан ақырын езу тартып күлімсіреді. «Халық қамын ойлаған батыр хан қолына келіп қосылса, бұл жақсы ырым. Хан саясатының онда халық көкейіне қонғаны».

Қасымның көзі енді дәл қасынан ақбоз сәйгүлігін ойнатып өтіп бара жатқан, ақ берен сауыт киген жас батырға түсті. Атының сымбаттылығына, жас батырдың отырысына сүйсінген хан көзін одан көпке дейін алмады. Бұл өзінің баласы — Хақназар еді. Ұрысқа алғашқы аттануы.

Қасым үндемеді, тек баласы ұзап кеткенше оның ту сыртынан қарай берді...

ЭПИЛОГ

Қазақ хандары Түркістан өлкесі үшін сексен жылдай соғысты. Ақырында, осы Хақназар хан болған кезінде ғана тегіс өз жерін өзіне қайтарып алды. Хан астанасын Яссыға көшірді. Содан кейін барып оны Түркістан деп атап кетті. Және осы Хақназар хан кезінде үш жүз жылдан көп әңгіме болып келген жай — бүкіл қазақтың Үш жүзге бөлінуі аяқталды. Қасым хан осы баласын көргенде өзінің алғашқы жорыққа аттанғаны есіне түсіп, ішінен баласына «бақытты бол!» деп күбірледі. Иә, Сар даласында, сонау ұзақ тарихында қазақ халқы не көрмеді. Суға да батты, отқа да жанды, бірақ тірі қалды, құрып кетпеді. Осының бәріне айғақ халықтың ерлігі, тағдыры үшін күреседі.

Бағанадан бері әскерінен көзін алмай тұрған Қасым хан осыншама жауынгер ұл берген халқына риза болып кетті.

— Мына сұрапыл күшке қарап тұрып бір ойға келдім, — деді ол қайтадан жақында ғана майсары болған Оңай батырға, — қазақ елі нағыз бір алмас қылыш қой, қарашы, алмас қылыштан айни ма? Ол — жарқ-жұрқ етіп, байтақ даланы дүбірлеткен қалың әскерді көрсетті.

— Көп осы алмас қылыш кімнің қолында болады, сонда ғой, — деді Оңай батыр ханға сәл бұрылып, — кім оны қалай ұстайды, қандай арман үшін жауына салады.

— Жөн айтасың, — деді Қасым, — бабын таппасаң қыран құс қасқыр ала алмайды, — сөйтті де ол қалың қол аттанып бара жатқан күншығыс пен оңтүстікке қобалжи қарады. — Ел шетіне жау келді, алмас қылыш тағы қынабынан суырылды... Арты немен тынбақ?

Kitapkhana.ucoz.com